

СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ УНИВЕРСИТЕТИ

Күдеринова Құралай Бимолдақызы

**ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХЫ
МЕН ТЕОРИЯСЫ**

Оқу құрал

*(қазақ тілі мен әдебиеті, филолог мамандығы
студенттеріне арналған)*

«Елтаным баспасы»

Алматы

2013

УДК
ББК

Оқу құралы баспаға ҚР БҒМ Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Білім» тобы мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік секциясының грифімен (Хаттама №3, 28.05.2013.) және Сулейман Демирель атындағы университеттің Ғылыми кеңесімен ұсынылған (Хаттама №11, 28.03.2013.).

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор Уәли Н.
филология ғылымдарының докторы, профессор Ахметжанова З.
филология ғылымдарының докторы, профессор Сүйерқұл Б.

К Күдеринава Қ.Б. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы.
Оқу құралы. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2013. 242 б.

ISBN

Оқу құралда қазақ мәдени өмірінде қолданылған әліпби түрлері, емле ерекшеліктері жазу теориясына қатысты білімдермен түсіндіріледі. Дәріс мәтіндері әртүрлі дереккөздерін сөйлете отырып, түсінікті тілмен баяндалады, семинарға қажетті материалдармен қамтамасыз етіледі. Студенттер мен магистранттарға арналған.

УДК
ББК

ISBN

© Күдеринава Қ.Б., 2014

М А З М Ұ Н Ы

Алғысөз.....	5
Кіріспе.....	
I ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1-дәріс. Жазудың маңызы мен қызметі.....	8
1-семинар. Жазудың жалпы даму тарихы.....	
2-дәріс Жазу мен ойлау.....	
2-семинар. Жазу дербес жүйе ме, әлде ойдың бір формасы ма?	
3-дәріс. Жазба тіл және оның ауызша тілден ерекшеліктері....	
3-семинар. Ауызша тілді жазба тілге кодтау процесі..	
4-дәріс. Жазу теориясындағы фонема ұғымы.....	
4-семинар. Жазу теориясындағы графема ұғымы.....	
5 дәріс. Жазудың негізгі категориялары.....	
5-семинар. Әліпбидегі әріп пен тілдегі фонема қатынасы..	57
6-дәріс. Үндесім заңы және қазақ жазуы.....	
6-семинар. Ерін үндестігінің таңбаланбау уәждері.....	97
II ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХЫ: ӘЛІПБИ ТҮРЛЕРІ МЕН ЕМЛЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
7-дәріс. Көне түркі жазуы: әліпбиі мен графикасы	
7-семинар. Көне түркі жазуы бойынша семинар сұрақтары мен тапсырмалар	
8-дәріс. Араб графикасына негізделген қазақ жазуы: қадим жүйесі	
8-семинар. Араб графикасына негізделген қазақ жазуы: жәдид жүйесі	
9-дәріс. Орыс графикасына негізделген қазақ әліпбилері (19ғ.)	
.....	
9-семинар. Ұлттық әліпби жасаудың алғышарттары мен маңызы	
10-дәріс. Төте жазудың (Байтұрсынұлы әліпбиінің) әліпби құрамы мен графикалық ерекшеліктері	
10-семинар. Төте жазудың (А.Байтұрсын әліпбиінің) емле ерекшеліктері	
11-дәріс. Қазақ жазуындағы емле ұстанымын таңдау қағидаты (Байтұрсын принципі)	
11-семинар. Қытай қазақтары тіліндегі төте жазу ерекшеліктері	
12-дәріс. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі.....	
12-семинар. 1929 жылғы Қызылордада өткен ғылыми орфографиялық конференция материалдары	

13-дәріс. 1938 жылы емлеге енген өзгерістер.....	102
13-семинар. Қ.Жұбановтың әліпби, емле туралы тұжырымдамалары.....	
14-дәріс. Орыс графикасына негізделген қазақ жазуы.....	155
14-семинар. Қазақ тілі емле ережелеріне қатысты ұсыныстар.	165
15-дәріс. Қазіргі қазақ жазуын латын графикасына ауыстыру мәселесі: ұсыныстар	
15-семинар. Жаңа қазақ-латын әліпбиінің жобасы мен графика мәселесі	
Ұсынылатын әдебиеттер	258
Глоссарий	269
Студенттердің өздік жұмыс тақырыптары	272
Қосымшалар	

АЛҒЫ СӨЗ

Жазу мәдениетінің жетіліп, жазба нормалардың қалыптануы, қазақ тілінің ресми іс қағаздарында жаппай қолданылып келе жатқан қазіргі кезең болашақ тіл маманына жазуымыздың тарихынан, қолданыстағы емле нормаларының уәжділігінен білімі болуды міндеттейді. Егемендік жылдарынан бастап қазақ тілі, әдебиеті, тарихы, мәдениетімен қоса қазақ жазуына да жаңа көзқарас, тарихына жаңаша бағам пайда бола бастады.

Қазақ орфографиясының ғылыми негіздерін 60 ж. бастап академик **Рабиға Сыздық** зерттесе, қазақ әліпбиінің фонологиялық негіздерін 90 ж. профессор **Нұрғелді Уәли** іздеп, түсіндірмелі емле, уәждемесі бар сөздік жариялады. Осы еңбектердің нәтижесінде ҚР-ның ЖОО-нда «Қазақ жазуының тарихы», «Қазақ тілі орфографиясы мен орфоэпиясы» атты пәндер жүргізіліп жатыр.

Сулейман Демирель атындағы университеттің қазақ тілі мен әдебиеті бакалавр мамандығына да 2008 ж. бері «Қазақ жазуының тарихы мен теориясы», магистранттарға «Қазақ орфографиясының мәселелері» атты таңдау пәндері жүреді. Бірақ аталған пәндердің қай-қайсынан да республика көлемінде таралған оқу құралдары жоқ. Сондықтан қолдарыңыздағы осы оқу құрал дәрістер мен практикалық сабақ материалдары және 2010 ж. жарық көрген «Қазақ жазуының теориялық негіздері» монографиямыздың (Қ.Күдерінова) негізінде қорытылып, жүйеленіп жазылып отыр.

Оқу құралдың басты ерекшелігі ретінде білім алушыларға алғаш рет жазу теориясы, әліпби теориясы, фонема, графема ұғымы, қазақ орфографиясының негізгі принципі, әліпбидің фонологиялық негіздері, қазақ мәдениеті қолданған әліпбилердің фонема-графема қатынасы, әліпби таңдау принциптері ұғымдарының түсіндіріліп, лабораториялық тапсырмалармен бекітетіндігін атар едік. Әр тақырыптың аясында хрестоматиялық мәтіндер мен шығармашылық тапсырмалардың беріліп, тест алынуы білім алушының әр көздерден іздеп, уақытын кетірмеуіне және есте сақтауына көмектеседі.

Оқу құралы студенттерге қазақ мәдени өмірінде қолданылған фонемографиялық жазу типі түрлерінің онтогенездік дамуы, қазіргі қазақ графикасы мен орфографиясының теориялық негіздері, емле ережелерінің уәжі, сөйтіп, қазіргі қазақ жазуының

мәртебесі мен орны турасында толыққанды білім береді деуге болады.

Оқу құралын жазуда ұстазым, зерттеу жұмыстарымның ғылыми жетекшісі, қазақ жазу теориясын алғашқы болып зерттеген профессор **Нұрғелді Мақажанұлы Уәлидің** терең теориялық кеңестері басшылыққа алынды.

КІРІСПЕ

Жазу – адамзаттың ұлы мәдени құндылықтарының қатарына жататын, өркениет дамуының құрамдас бөлігі. Адамзат мәдениетінің өркениетке аяқ басуы дыбыстық жазу Типінің пайда болуынан басталса, өркениеттің әлемиеетке ұласуы жазба коммуникацияның, жазба тілдің жоғары даму сатысына жеткенінен хабар береді. Бүгінде жазу кеңістігі ұлғайғаны соншалық оны **жазу және мәдениет, жазу - өркениет, жазу - қоғам, жазу мен ойлау, жазу мен тіл, жазу және коммуникация** сияқты іргелі ұғымдар оппозициясында қарауға болады.

Жазудың доминанттық сипаты сөз институттары – мектеп, университет, кеңсе, баспа, бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) – мәдени құндылықтарының маңыздануынан және осыдан келіп бүкіл оқыту (мектеп, университет), басқару (кеңсе), ойды эксплицитті түрде сыртқа шығару (баспа өкілдері), хабарлау (БАҚ) жүйесінің жазуға негізделуінен шығады. Аудиалды (радио, аудиотаспа), видео-аудиалды (теледидар, бейнетаспа), БАҚ-ның өзінде ақпараттық хабарлар, көркем әдеби бағдарламалар алдымен жазуда жүйеленіп, сөйленеді.

Бір қарағанда ұялы телефон, бейнетелефон, әліпбидегі әріптерді пайдаланып ауызша сөйлеу формасымен интернет арқылы, яғни таңбаланған ауызша сөз арқылы сол мезетте хабар алысу, телефон сияқты әлеуметтік құралдармен жаппай коммуникацияланып, мәтіндерді (көркем әдеби, публицистикалық) оқығаннан гөрі, көру-есту мүмкіндігі мол фильм, телебағдарламаларды тамашалаудың артықшылығы, уақыт үнемділігі білініп отырған ғасыр жазудың пәрменділігін төмендетуі де мүмкін сияқты. Ғылыми-техникалық өркениеттің дамуы, сөйтіп, өзінің шығу негізі – жазудың - кеңістік пен уақыт шегіне қарай коммуникация құралы болу мүмкіндігін қысқартып, қосалқы дәрежелілікке тықсырып отырғандай. Алайда, жоғарыда айтқандай, мемлекеттік құрылыстың дамуы, бұқаралық коммуникацияның қарқындауы және ақпараттар тасқынының күшеюі жазудың қосалқы қызметтерін жоғары деңгейге көтереді.

Саяси құрылысты басқару жүйесінің күрделілігіне байланысты жазудың *факт, аргумент, дәлел* болу қызметі бар. Бүгінде ресми құжаттар (мемлекеттік, заңи, құқықтық, нотариалдық) мен ресми ісқағаздар “тірі адамның өзі” ретінде жүретін болды. Біз айтып тұрған ауызбен емес, қолындағы қағазымен

сөйлесетін кезге келдік. Бұл, бір жағынан, бүгінгі қоғамның “қағазбастылық”, “формалдылық” сияқты жағымсыз сипатына да айналып барады.

Жазу – адамның жазба есі, жады болу қызметін атқарады. Бұл оқу-ағарту (мектеп) саласында ауызша үйретумен қатар жаздырып, түсіндіруден көрінсе, кейін жоғары оқу орнында (ЖОО) тек жаздыру арқылы (лекция) түсіндіру немесе ауызша түсіндірілгенді студент, аспиранттың өзі қағазға “түртіп” отыруынан байқалады. Жазудың жадылық қызметі қоғамның бұдан басқа да салаларында кеңінен қолданылады.

Жалпы **жазу** термині қазіргі тіл білімінде мынадай мағыналарда жұмсалады:

- а) ойды, айтылған сөзді қағазға түсіру, таңбалау процесі;
- ә) осы процесс арқылы жазба мәтін құрау (хат жазу, арыз жазу, ойды жазу арқылы сыртқа шығару);
- б) белгілі бір тілдің жазба тілінде қызмет ететін графикалық жүйе (мысалы, араб жазуы);
- в) әліпби; орфография; жазба тілжүйесі (қоғамдық таңба, тілді реализациялайтын жүйе);
- г) жазылған дүниенің сыртқы формасы, қолтаңба (менің жазуым жаман деген мағынада);
- ғ) шығармашылықты жүзеге асыру (әңгіме жазу, өлең жазу, диссертациялық еңбек жазу);
- д) музыкалық туындыны таңбалау (балет, опера жазу).

Бүгінде қазақ тіл білімінде жазу термині әліпби, графика, орфография, жазба тілұғындарын түгел қамтитын кең мағынада жұмсалады.

Қазақ жазуының бүгінгі келбеті мен болашағы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне байланысты. Осыған орай ресми ісқағаздардың, БАҚ-ның қазақ жазба тілде жазылуы, ұлттық ойлаудың жазба тілде жарыққа шыға алуы және оның болашақтағы ғылыми-техника прогресіне төтеп бере алуы “жазу”, “қазақ жазуы”, “жазба тілдің қалыптасуы”, “орфография” сияқты түсініктерді студенттерге тереңдеп түсіндіруді қажет етеді.

Қазіргі қазақ тіл білімінде жазуды сөздің қағазға түскен көшірмесі деп тану басым, яғни акад. Л.С.Выготский айтқандай, мектеп оқушыларын жазбаша сөйлеуге емес, сөзді жазуға үйретеді, сондықтан белгілі бір дәрежеде жазбаша сөйлеуге үйрету таза, көркем жазу деңгейінен әлі көтеріле қойған жоқ.

Осыған орай қазақ тілінің фонетикалық, морфемдік, лексикалық, синтаксистік жүйесі ретінде жазба тіларқылы нормаланған, әдеби тіл нормасы танылады. Ал ауызша сөйлеу тілі тіл білімі зерттеу нысанынан тыс қалады. Бірақ жазу – сөздің әріп арқылы түскен көшірмесі – ауызекі тілдің өзі емес, өзіндік деңгейлері бар, жүйелі құрылым екені ескерілмейді.

Оқу құралы негізінен, қазақ жазуының пәнін анықтау, қазақ жазба тілінің деңгейлерін ауызша тіл деңгейлерімен салыстыру, қазақ жазуының тарихи кезеңдерін саралау, жазба тілөз алдына жүйесі мен құрылымы бар тілдік таңба екенін студенттерге өздігінен зерделетуге арналады.

1. ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1-дәріс. Жазудың маңызы мен қызметі

Жазу – адамдардың қашықтықта тұрып, қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ету. Өйткені жазу қоғамдық қажеттіліктен туындады. Адамдар арасындағы күрделі қоғамдық қатынастың дамып жетілуін ауызша сөйлеу тілі қанағаттандыра алмады. Сондықтан жазудың шығуы ең алдымен қарым-қатынастың маңызды бір құралына деген қоғамдық мұқтаждыққа қарыздар.

Ауызша сөйлеудің екі кемшілігі болды: таралу кеңістігінің шектеулілігі және уақыт жағынан шектеулілігі. Адамдардың қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік қатынасында жоғарыдағы олқылықтарды толтыру үшін пайда болған жазудың миссиясы, бүгінде қарап отырсақ, тереңде екен.

Тілдің даму тарихы тұрғысынан келсек, тіл адам санасындағы ойды жарыққа шығарып, жазу ауызша айтылған ойды оптикалық құралдар арқылы визуалды дүниеге айналдырады. Сонда жазу тек қосалқы қызмет атқаратын құрал болып табылады. Алдымен аса маңызды қатынас құралы болған – тіл ауызша түрде өмір сүрді. Талай жүз жылдықтар бойы басқа қатынастың түрін іздемеді. Сөйтіп, ойды жарыққа шығарудың және айналысына қатынас жасаудың жалғыз түрі ауызша сөйлеу ғана болды. Жазу енді тілдің осы екі қызметінің көшірме түрі ретінде, қосалқы қызмет атқаруға келгендей. Оны сызба ретінде былай нобайлауға болады:

Тілдік сана \Rightarrow тіл \Rightarrow ауызша сөйлеу



жазу

Үшінші мыңжылдықтағы жаңа технологиялар тасқыны, ғылыми-техникалық прогресс, ақпарат таратудағы жаңа көздер, қашықтық пен уақыт барьерін жеңетін жаңа техника түрлерін ойлап табудың жоғары деңгейінде келеді. Осымен байланысты ауызша коммуникацияның жетілген технологиялы бүгінгі кезеңінде жазудың адамзат өркениеті үшін атқарар қызметін парықтаудың қажеттілігі бар. А.Байтұрсынұлы *“Біздің заман – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман”* деген.

Жазусыз өркениет болмасы анық. Тас дәуірінен атом

дәуіріне дейінгі адамзат мәдениетінің жетістіктерінің бәрі жазу арқасында.


Біздіңше, өркениеттің дамуын сипаттауда жазудың маңызынан бастап айту оның әлдеқайда жүйелі, күрделі, дербес құрылым болып қалыптасқанын, жазудың адамзат өркениетіндегі болашақта атқарар қызметін танытпақ. Мысалы, шумер елінде жазудың пайда болуы ең алдымен мемлекеттік құрылыстың дамуы мен жетілуіне, сауданың өркендеуіне байланысты болғаны белгілі. Жазудың сол антикалық дәуірдегі қызметі бүгінгі әлемиет дәуірінде қайта күшейіп, жазу мемлекеттілікке, заңнама, құжатнамаға қызмет етеді. Бүгінде ресми ісқағаздар адамдардың сөйлесуінсіз-ақ түсінісетін, құжаттар өзара “сөйлесетін” жүйе құрайды. Ресми ісқағаздар – айқындылықтың, дәлелдіктің, аргумент, фактінің құжаты болды. Ендеше, жазудың бүгінгі күн тұрғысынан басты маңызы мен қызметі белгілі кеңістік шегіндегі әлем үнқосуларын бекітетін, растайтын деңгейге жетіп отыр. Яғни мемлекеттің күшеюімен байланысты, жазудың дерек болу (визуалдылық арқылы) сипаты артып отыр.

Жазу – тілді жаңғыртудың, бекітудің құралы. Жүйесі мен құрылымы бар тілдік таңба жазуға түсіп, денотаттық тұрпатқа ие болғаннан кейін мәңгілік құндылыққа айналды. Өйткені жазу ауызша сөзді таңбалап қана қоймайды, адамның тіл туралы түсінігін кеңейтеді, тереңдетеді. Тілдің инвариантты, абстрактті, күрделі құрылымдық деңгейге жетуіне әсер етеді. Соған сәйкес тілдегі синтаксистік құрылымдар, күрделі фразалық тұтастықтар жазудың негізінде пайда болды. Тілдің (әдеби тілдің) стильдік тармақтары сараланды, стиль нормаларының қалыптасуына әсер етті. Сөйтіп, жазу сөйлеуде елене бермейтін тілдің барлық қалтарыстарын нақтылаудың негізінде тілдің сұрыпталып, нормаланған, електен өткен құрылымын ғана таңбалап, жазу нормасына сай сөйлемдер мен мәтіндерді тілдік жүйеге жатқызды. Сондықтан ауызша сөйлеудегі еркіндікті тілдік қалыпқа салу, яғни жазуға түсіру кез келген сауатты адамның қолынан келмейді. Адам күнделікті қарым-қатынас тілімен біреуге хат жазу мүмкіндігіне ие болғанмен, өзінің ойын жүйелі, толыққанды, мазмұнды етіп жазбаша жеткізуде қиындыққа тап болады. Сонымен, жазудың екінші қызметі тілдің жүйелі құрылымға айналуына әсер етуі болып табылады. Тілдің барлық потенциалды мүмкіндіктерін ашып, пайдалануға әсерін тигізеді. Сондықтан да бүгінде жазылған дүниені сол

тілдің жүйесі мен құрылымы ретінде тануға, қабылдауға, тілдің “өзі” деп түсіндіруге, түсінуге күмән қалмайды.

Үшіншіден, жазу – адам ойының материалданып, жарыққа шығуының, дәлірек айтқанда творчестволық әрекетінің құралы. “Көңілдегі көрікті ойдың сыртқа шыққанда өңі қашатын” болса, жазудың арқасында қағазға түскен шашыраңқы ойды жүйелеуге болады. Жазудағы стандарттық құрылымдар, сөйлем мүшелерінің нормативті орын тәртібі ақыр соңында сыртқа шыққан адам ойын өзгеше сипат алдырады. Оның үстіне жазылған мәтінді қайталап оқып, толықтыруға, қысқартуға, нақтылауға, қайта құруға мүмкіндік бар. Мәтінді араға уақыт салып қайта қарап, жетілдіруге болады. Ой үстіне ой жалғауға болады. Сөйтіп, жазу түптің түбінде адамның өз сөзінің бөгделенуі болып шығады. Жазудың арқасында сөз екінші өмірге, дербес өмірге ие болады. Демек, жазу қарым-қатынас құралы емес, тілдік жағдаят болмаса да адам өз ойын монологті түрде жарыққа шығаратын сананың материалдану құралы болады. Оқу процесі тыңдауға қарағанда аз уақыт алады, қармап оқу, таңдап оқу, қайталап оқу мүмкіндіктерін береді. Жазу, сөйтіп, мәтін мазмұнын тез түсінуге, бірден қабылдауға, оңай меңгеруге ауызша тілге қарағанда қолайлы. Бүгінде сөздің графикалық бейнелері фонетикалық бейне сияқты адам санасында дайын тұратын болды.

Осы айтылғандарды түйіндей келе жоғарыдағы сызбаны былай жетілдіруге болады:



Төртіншіден, жазу адам санасындағы ойдың жетілуіне, жасалуына, жүйеленуіне, реттелуіне, нақтылануына қызмет етеді. Бұл бір қарағанда жазудың алдыңғы қызметімен бірдей болып көрінуі мүмкін. Алайда соңғысы ойдың өзіндегі жетілу туралы. Алдыңғысы сыртқа шыққан ой мен мәтінді оқыған оқырманның арасындағы түсіністіктің орнауы туралы болса, мұнда адам ойын қағазға түсіре отырып, жетілдіреді, жазу арқылы ойланады, сөйтіп, жазу енді ойдың өзіне түрткі болады. Әрине, ауызша сөйлеу де адам ойының нақтылануына, жүйеленуіне әсер

етеді. Алайда жазу тілдік санадағы барлық қалтарыстарды қағаз бетіне түсіруге уақыт жағынан да мүмкіндік береді. Сондықтан жазудың ойжасамдық қызметі ауызша тілдің ойжасамдық қызметіне қарағанда қорытынды, түйінді аяққы болады.

Ал жазудың коммуникативтік негізгі қызметін бүгінгі таңда ауызша коммуникацияның техникалық құралдары (телефон түрлері, интернет жүйесі) екінші қатарға ығыстырып отыр. Интернет жүйесін де ауызша коммуникация түріне жатқызып отырғанымыз, мұнда жазу графикасы мен таңбалары пайдаланғанымен, жазба тілжүйесі сақталмайды. Ақпарат ауызша тіл жүйесінде құрылып, тіпті өздік коммуникация (аудиалды-визуалды) жүйесін жасауға айналды. Сонда жазудың коммуникация қызметі бүгінде екі формада көрініп отыр: 1) хабарласудың ресми, іскерлік сипатында (ресми іс-қағаз); 2) интернет жүйесі арқылы хат жазысу аясында.

Алтыншыдан, жазу – адам жадының бір түрі. Біз есте сақтауға тиіс ақпаратты жазып жадылайтын болдық. Информация мазмұны мәтінге көз жүгірткеннен кейін еске түсіруге, “түртіліп” алынған ойды ауызша таратып айтуға, керісінше ауызша айтылған ойды қысқартып, “түртіп” отыруға болады. Қазіргі оқу орындарындағы оқу-оқыту процесі осы әдіске құрылған.

Жетіншіден, жазудың тіл тарихын сақтаушы, уәжін көрсетуші қызметі бар. Бұны жазудың тілтанымдық қызметі деп атаймыз. Ауызша тіл үнемі өзгерісте болады, жаңарып, жаңғырып, үнемделіп отырады. Академик Л.В.Щерба ең бірінші өзгертін сөйлеу тілі және зерттелмей жатқан сала да – сөйлеу тілі деген. Сондай-ақ жазу тіл бірліктерінің шығу тегін, уәжін, әсіресе түбір тұрпатын өзіне бейнелеп, тіл тарихы үшін аса құнды тарихи дерек жинап отырады. Сөйлеуде жаңаша дыбыстағанмен немесе сөйлегенмен, ол бірліктердің инвариантты тұлғасын жазу ғана сақтай алады. Енді жазудың келесі қызметін осы айтылғаннан шығара отырып, тілді нормалаушылық деп атаймыз. Ауызша тіл бір нәрсеге табан тіреуді керек етеді. Сонда ол “тіреу” көп өзгеруді “ұната” қоймайтын консервативті жүйе – жазу болып табылады. Адамзат тілі өзінің даму барысында реалдануға, үнемделуге, адресат пен адресанттың ішкі сөйлеуінде құрылымы бар конструкцияларды ауызша сөзге айналдырмай-ақ түсінісуге, тіл бірліктерінен гөрі просодикалық бірліктерді көп қолдануға, арго, жаргондарды жиі пайдалануға, тілді мамандануға барынша ұмтылады екен. Сонда жалпыхалықтық тілдің нормасын сақтап,

узуалды, оккозианалды қолданыстарды, тілдің дыбыстық, морфемдік, лексикалық, синтаксистік бірліктерін нормалап отыратын жүйе жазба тілболып шығады. Адам жады жазылған сөзді норма деп, белгіленбеген, көрсетілмеген сөзді норма емес деп тануды дәстүрге айналдырады. Сонымен, жазудың бұл қызметі ауызша сөйлеуді нормалап отырады дегенге саяды.

Сондай-ақ кез келген қашықтықта тұрып айтылған ой, жаңалық, нәтиже кітап болып басылса, бүкіл адамзаттың құндылығына айналады. Адамзат санасы ұрпақтан-ұрпаққа жазу арқылы жетеді, жазу арқылы сол дәуірдің бейнесін көреміз. Жазуы бар тілдердің тіл тарихын айқындауға мүмкіндік бар. Жазба тілескертікшітері бар тілдің мәртебесі жоғары саналады. Сонымен, бүгінгі күн тұрғысынан жазудың мынадай қызметтері бар деп білеміз:

- 1) аргументтік қызмет (әлеуметтік қызмет);
- 2) тілжүйелеушілік қызмет;
- 3) ойжасамдық қызмет;
- 4) ойды жарыққа шығару қызметі;
- 5) жады қызметі;
- 6) тілтанымдық қызмет;
- 7) тілді нормалаушылық қызмет;
- 8) кумулятивтік қызмет (мәдениетті сақтайтын, жеткізетін қызмет);
- 9) коммуникативтік қызмет.

Сонымен, жазу уақыт пен кеңістік шектеулігіне тәуелсіз, адамдар арасындағы қатынас құралы ретінде пайда болды деп түсіндірілгенмен, негізінен оның маңызы мемлекеттік құрылыс пен сауданың, мемлекетаралық саясаттың дамуына тіреледі екен, сонымен бірге оның маңызы тілді жетілдіретін, жүйелейтін, нормалайтын, ойжасайтын, бекітетін, сақтайтын қызметтерімен өлшенеді екен.

Пысықтау сұрақтары:

1. Жазудың қандай қызметтері бар?
2. Жазудың тілді нормалаушылық қызметін қалай түсінесіз?
3. Жазу – тілді жаңғыртудың, бекітудің құралы дегенге көзқарасыңыз қандай?

1-семинар. Жазудың жалпы даму тарихы

Семинар сұрақтары:

1. Жазудың типтері мен түрлерін атаңыз?
2. Жазудың пайда болуына әсер еткен факторлар қандай?
3. Алғашқы суретжазулар табылған өлкелер қайсы?
4. Алғашқы ойжазулар табылған өлкелер қайсы?
5. Қазақстанның қай жерлерінде суретжазулар мен ойжазу үлгілері табылған? Картаны пайдаланыңыз.
6. Алғашқы буынжазуды қай халық ойлап тапты?
7. Ең алғашқы дыбыстық жазуды ойлап тапқан қай халық, қай ғасырда?
8. Алғашқы консонатты жазу қандай?
9. Дауыстыларды белгілеген алғашқы вокалды жазуды ойлап тапқан халық кім?
10. Адамзат өркениетіне түрткі болған жеті жазу түрін атаңыз?
11. Жазу типтері мен түрлеріне қатысты терминдерді атап, түсіндіріңіз.
12. Финикий жазуынан тараған алфавит түрлері қандай?

Жазу тарихына қатысты кеңестік, шетелдік тіл білімінде біраз еңбектер бар, атап айтқанда, В.А Истриннің “Возникновение и развитие письма” (М., 1965); “Развитие письма” (М., 1961); Д.Дирингердің “Алфавит” (М., 1963), И.Фридрихтің “История письма” (М.,1979); И.Е.Гельбтің “Опыт изучения письма” (М.,1982) т.б.

Адамның қоғамдағы мәні өз ойын сыртқа білдіру қабілеті және өзгелермен қатынас жасай алу қасиеті арқылы өлшенеді. Мұның біріншісі – жеке-дара қасиет болса, екіншісі – әлеуметтік қасиет. Адам өз сезімін күлу, айқайлау, жылау, бақыру, өлең айту сияқты табиғи жолмен білдіре алады. Сондай-ақ, өлең шығару, сурет салу, әуендету, мүсін жасау сияқты қоғамдық ортақ шартты құбылыстар арқылы да шығарады. Тарих доңғалағы айналған сайын адам қоғамсыз өмір сүре алмағандықтан ортақ, қоғам болып бірлесіп қабылдаған бейнелер арқылы өз ойын сыртқа шығарудың жолдары көбейді.

Суретжазу. Сурет өнерінен бөлініп шыққан жазу да қоғамдық ортақ келісімнен шыққан жасанды қарым-қатынас құралы болды. Адам өзінің көрген-білгенін, басынан кешкен оқиғаларын немесе сезіміне әсер еткен заттар мен құбылыстарды, сондай-

ақ шаруашылық есеп, мал, адам санағын тау, тас, ағаш, еңбек, тұрмыс құралдарына қашап, кертіп салды (*to write* – “жазу”, көнескандинавиялық *rita* – “керту”, “тырнау” деген мағынаны береді).

Алғашында адам айналасындағыларды ескермей, тек өз басындағы ой, сезімді табиғат құралдарына белгілеп, сыртқа шығарып, қанағат тапты. Бара-бара оның “туындыларын” өзгелер де қарап, бірді-екілі оқиға, құбылыстарды түсінетін болды. Әрине, жазудың канондық сипаты сол дәуірлерде-ақ айқындалған болатын. Себебі қолынан сурет салу келетін қасиеті бар және өз ойын сыртқа көркемдеп жеткізе білетін адамдар бірді-екілі болды да, ол “жоғарыдан түскен”, “кұдай жіберген” адамдай көрінді.

Бұл жазу тарихын зерттеушілердің көбі жазу түріне жатқызбайтын пиктографиялық, *суретжазу* еді. Ғалымдар оны көбіне өнер, магия тарихына апарды.

Д.Дирингер полеолит дәуіріндегі суреттер біреуге бірдеме хабарлау мақсатынан тумаған сияқты, олар тек өз сезімдерін сыртқа шығару үшін ғана керек болды деген.

Жазу типтері адамзат сөйлеуінің сатыларына сәйкес пайда болып отырады. Ең алғашқы жазулардың сурет, идеограмма, логограмма болған себебі – тілдің сөйлем мүшелеріне бөлінбей, синкретті түрде қолданылуынан. *Дыбысжазу, буынжазу* сөздің дыбыстық элементтерге бөлінгенінен бастап шықты.

Жазу кезеңдерінің ғұмыры адамзат өркениетінің ғұмырымен өлшенеді. Сондықтан жазу типтері мен түрлерінің пайда болуы өндірістің, экономиканың дамуы мен қоғамдық, экономикалық қатынастардың жетілу дәрежесіне қатысты. Осыған орай *дыбысжазудың* шығуы, біріншіден, адамзат санасының жетілген кезеңіне сәйкес болса, екіншіден, жазудың қоғамдық мұқтаждықтарды өтей алу деңгейінің жоғарылауына байланысты болды. Сонда сөздің буынға, буынның дауысты және дауыссыз дыбыстарға бөлінетінін байқау өте жоғары сананы қажет еткені белгілі.

Ғалымдар арасында жазу типтері мен түрлері туралы пікірлер әртүрлі: И.Е.Гельб, Л.В.Зиндер *суретжазуды* жазу емес деп нақтылайды да, семасиография, яғни *ойжазуды* жазудың алдындағы саты деп көрсетеді. Бұған тарихқа дейінгі Египет пен ертедегі Грецияда жазу мен сурет ұғымдарының бір болуы (грекше *graphein* “жазу-сурет салу” дегенді білдіреді),

шумер логограммаларына қарағанда египет логограммаларында бейнелі-символикалық таңбалардың көп болуы, түрлі-түсті бояудың пайдаланылуы да себеп болды.

И.Е.Гельб “жазу” ұғымына *дыбысжазу* ғана сәйкесетінін айтқан. Автордың таптастыруынша, *дыбысжазуға* сөз-буын жазулар (шумер, египет, хэтт, қытай), *буынжазулар* (финикий, жапон) және *дыбысжазулар* (грек, арамей, латын) қамтиды.

В.А.Истрин фразограммамен берген пиктографиялық жазуды алғашқы жазу типіне жатқызып, логограмма, морфемограмма, силлабограмма, фонограмма бірліктері кейінгі ұғымжазу, сөзжазу, буынжазу, дыбысжазу түрлеріне сәйкес келеді дейді. Ғалымның бұл пікірі кеңес дәуірінің ЖОО-ға арналған оқулықтар мен бағдарламаларында кеңінен көрініс тапты.

Алғашқы суретжазу түрлері Америка үндістері мен Қиыр солтүстік халықтарында, ертедегі Египет, Месопотамия, Финикия, Крит, Испания, Оңтүстік Франция, Шумер, Қытай жерлерінде, Ацтек, Гватемалла, Пасха аралдарында пайда болды.

Қазақстан жерінен Алматы облысы Таңбалы сай (б.э.д. VI ғ.), Талдықорған облысы, Ақсу, Қапал жерінен, Дауылбай тауы, Теректі сайы, Алакөл, Талас ойпатынан, Қарағанды облысы, Қаратаудан, Семей, Дегерес, Балқаш, Ұлытаудан табылды.

Ұғымжазу. Ұғымжазу үлгілеріне ежелгі қытай, ежелгі шумер, ежелгі египет, крит-миной жазулары жатады. Дүние жүзі тілдерінің ішінде ұғымжазудың дамуына қолайлы тілдер ретінде, әдетте, түбір тілдер (мәселен, қытай, ацтек, америкалық үнді т.б.) аталынады. Өйткені түбір тілдерде сөз грамматикалық жақтан өзгеріске көп түсе бермейді. Ұғымжазу деген (логограмма) сөз не морфеманы таңбалайтын жазу. Логограммалар кейде идеограмма не иероглиф деп те аталады. Идеограмма ойжазуға сәйкес.

Ұғымжазуды әртүрлі тілде сөйлейтін халықтар түсіне беретіні, таңбасы не мағына беретінін оңай білдіріп тұратыны оның артықшылығы. Бірақ еш қай мәдениет таза ұғымжазу қолдана алмаған. Ребус принципімен жазу араласқан.

Ұғымжазуды ең алғаш қолданған шумерлер (б.э.д. IV-III мыңж.) болды, кейін ежелгі египет, ежелгі үнді жазуларында дамыды.

Қазір Солтүстік Америка мен Оңтүстік Америка тайпалары жерінен, Австралия, Полинезия, солтүстік-шығыс Сібір юкагирлерінен, Пасха аралынан табылып отыр.

Көптеген ғалымдардың (Ф.Гоммель, Х.Йенсен, Дж.Болли,

И.Гельб) айтуынша, барлық басқа жазу түрлері шумер жазуынан бастау алды.

Логограммалардың пайда болуына:

- а) сол елдердегі қаланың өркендеуі,
- ә) мемлекетті жазу арқылы жүйелеу қажеттілігі;
- б) жеке тілдердің сөз ағынына оңай бөлінуі,
- в) грамматикалық жағынан тұрақтылық себеп болды.

Қытай тілінің түбір, шумер тілінің жалғамалы сипаты логограммалардың жасалуын жеңілдетті.

Шумерлер логограммаларды бірінші болып ойлап тапқанмен, оны жетілдіру жағынан Египет пен Қытайдан кейін тұрды. Оның себебі мемлекеттік құрылыстың баяу дамуы болды.

Ойжазу типі бүгінде қытай иероглифімен сақталып отыр. Оған:

- а) қытай тілінің түбір сипаты,
- ә) сөздердің бір буыннан тұруы,
- б) жаңа сөздердің түбір қосындыларынан тұруы,
- в) ұқсас морфемалардың көп болуы,
- г) диалектінің көптігі,
- д) бір таңбаның әртүрлі оқылуы себеп.

Иероглиф жазу иератикалық жазуға (тез, курсив жазу), одан демотикалық жазуға (халықтық) көшті.

Қазір сандар, математикалық символдар, сондай-ақ ағылшын тіліндегі **&** таңбасы, **%** (пайыз), **\$** (*доллар*), **€** (*евро*) ұғымжазу элементтер болып табылады.

Буынжазу. Логограммалар шумер тілінің жалғамалы сипатына дәлірек келгенмен, кісі есімдерін, жауланған жер, халық атауларын жазуда қиындық тудырды. Сөйтіп, шумер халқы тағы да алғашқы болып, буынжазу жасады (б.э.д. III мыңж.).

Оған:

- а) тілдегі ортақ аффиксті бір буынмен беру жеңілдігі,
- ә) бір буыннан тұратын омоним сөздің көптігі әсер етті.

Егер IV мыңжылдықта шумер логограммасы 1500-ден артылса, III мыңж.-та 600-ге дейін қысқарды. Шумер буынжазуында дауыссыз дыбыс таңбасы мүлде болмады. Логограммаларда деректі таңбалардың қосындысы көп болды. Буын жазу Ассирия, Финикий, Кипр, Жапонияда дамыды.

Сонымен, ең алғашқы буынжазу Тигр мен Ефрат өзендерінің аралығындағы Месопотомия өлкесінде, шумер елінде б.э.д. 3100 ж. пайда болды.

Дыбысжазу. Вавилондықтар шумер мен аккад мәдениетін

пайдаланып гүлденді. Бірақ шумердің буынжазуы вавилондықтардың:

- а) консонантты жүйесіне,
- ә) ішкі флексия сипатына,
- б) қос дауыссыздың қатар келуіне,
- в) сөз аяғында ұяң, қатаң дыбыстарды айыру сипатына сай келмеді.

Жазу түрлерінің даму сатылары бойынша, буын жазудан кейін тарих аренасына келген жазу бір дыбысқа бір таңба сәйкескен **дыбысжазу** деп аталды. Оны кейде әріп-дыбысжазу деп те атайды.

Дыбысжазудың екі түрі белгілі: консонантты, вокалды. Консонантты жазу таза консонантты (египет, батыс семит жазуы) және жартылай консонантты (жол үсті, асты дауысты дыбыс белгілері бар) болып бөлінеді.

Консонантты жазу б.э.д. II мыңж. жатса, вокалды жазу б.э.д. I мыңж. жатады.

Дауыстыларды белгілеуіне қарай алфавит үшке бөлінді: I тип – грек, латын алфавиті (дауыстылар арнайы таңбамен белгіленді). II тип – арамей, еврей, араб әліпбиі (дауыстылар диакритикалық таңбамен беріледі). III тип – үнді әліпбиі (дауыстылар диакритикалық белгілермен немесе таңбалардың ішкі модификацияларымен берілді).

Консонантты жазу ең алғаш египет жазуында пайда болды. Оның себебі, В.А.Истриннің айтуынша, ежелгі египет тілінің семит тілдерімен (ассиро-вавилон, финикий, арамей) ортақ белгілері болуында, яғни дауыссыз дыбыс ерекше грамматикалық мағынаға ие болды да, дауысты дыбыс көмекші функцияда жұмсалды.

Египет тіліндегі 3300 түбірдің 2200-і үш дауыссыздан, 600-і алты дауыссыздан, 400-і екі дауыссыздан тұрған. Египет жазуының 26 әрпінің 4-еуі (**a**, **e**, **j**, **w**) кейде ғана дауыстының таңбасын берген.

И.Гельб пен Дьяконовтың пайымдауынша, кез келген консонантты жазу дауыссыз бен қандай да бір дауыстының тіркесін береді. И.Фридрих та бір дауыссыз дыбыс әрпі дауысты мен дауыссыз дыбыс тіркесін берді деп, *Минерва* сөзінің *MNRVA* деп жазылғанын мысалға келтіреді.

Этрус жазуларында **l**, **m**, **n**, **s**, **f** әріптері силлабема ретінде қаралды: **c**-ке, **k**-ка, **q**-ку деп аталды. Сондықтан екі дыбысқа бір

таңба арналды, егер дауысты дыбыс таңбасы болса, ол тек туынды сөздің грамматикалық формаларын берді дейді. Мысалы, *kti* – “өлтіру”, *KeToL*- тұйық егістік, *KoTeL* – “жан алғыш”, *KaTuh* – “өлген” д.с.

Египет консонантты жазуында кейде логограммалар, морфемограммалар да кездесіп отырды. \

Финикий жазуы. Таза дыбысжазу жүйесін финикий және батыс семит халықтары (б.э.д. II мыңж.) жасады. Финикийлер – б.э.д. III мыңж.-б.э. дейін Жерорта теңізінің шығыс жағалауын мекендеген, ірі сауда қалалары болған халық.

Финикий жазуындағы 22 әріптің бәрі (алеф, бет, гимел, далет, хе, вав, зайн, хет, тет, йод, каф, ламед, мем, нун, самех, айин, пе, цаде, коф, реш, шин, тов) дауыссызды, жартылай дауыстыны таңбалады. Әріп атауы реалий атауының алғашқы дыбысымен сәйкесті.

Жазудың прогрестік жағына:

- а) әліпби ретінің болуы,
- ә) әріп атауы сөздің алғашқы дыбысына сәйкес келуі,
- б) таңба сөздің денотатына ұқсас болуы,
- в) жазу процесінің оңнан солға көлбеу бағытта жүруі жатады.

Батыс-семит халықтары жазуының маңызы туралы И.Фридрих былай деген: “Егер біз қателеспесек, дауыссыздарды таңбалаған әлемде жалғыз жазу болды, ол кейін гректің толық жазуына айналған батыс-семит халқының жазуы”.

Финикий әліпбиінің консонанттылығы туралы ғалымдар әртүрлі болжам айтады. Мысалы, Морис Дюнан әліпбидің тез таралуы үшін семит халқы саналы түрде дауыстыларды белгілемеді деді. Сондықтан финикий әліпбиіндегі дауыстылардың болмауын әліпби жетілмегендігінен емес, әліпбидің ұтымды жағы деп бағалаған жөн дейді Д.Дирингер.

Енді бір ғалымдар әр әріп бір буынды таңбалады деді. “Дауысты дыбыс таңбасының бүгінде (әсіресе ағылшын жазуында) көпмәнді болып кеткені соншалық алғашында ол таңбаға қандай мән жүктелгені белгісіз болып қалды”.

Белгілі бір ұғымды ғана беріп келген сурет, ойжазу қалай ғана дыбысжазуға айналды; бір ерекше күштің араласуы болмады ма деген сауал жазу тарихына барғандардың қайсысын болса да ойлантты. Суретжазу мен дыбысжазу аралығында сөзжазу, ребус жазуы болғанын, ал сөзжазу жалпы ұғымнан гөрі, ауыз-

ша айтылғанды сөзбе-сөз түсіріп отырғанын білсек, оның бер жағында дыбыстық ребустың да өмір сүргенін аңдасақ, алфавиттік жазуға эволюциялық кезеңдерді бастан өткеріп барып жеткенін танимыз.

Сонымен, тарих сахнасындағы мынадай жеті жазу жүйесі адамзат мәдениетінің өркендеуіне түрткі болды:

- шумер жазуы (Месопотомияда, Тигр, Ефрат өзендері аралығында б.э.д. 3100 ж.– б.э. 75 ж.);
- ежелгі элам жазуы (Эламда б.э.д. 3000 ж. – б.э.);
- ежелгі үнді жазуы (Үндістанда, б.э.д. 2200 ж.);
- қытай жазуы (Қытайда б.э.д. 1300 ж.);
- египет жазуы (Египетте б.э.д. 3000 ж.);
- крит жазуы (Крит, Греция жерінде б.э.д. 2000–1200 жж.);
- хетт жазуы (Анатол, Сирияда б.э.д. 1500–1700 жж.).

Жалпы әліпбидің жетілуі сөзжазу жүйесінен батыс семиттің буынжазуына және грек алфавитіне қарай жүреді.

Дыбысжазу қалай пайда болды деген сауалға көптеген болжамдар мен көзқарастар бар. Олардың ішіндегі ортақ пікір логографиялық жазудағы абстракті таңбалар деректі зат суреттерінен шықты дегенге саяды. Бұған жазу тарихына қатысты еңбектерде келтірілген түрлі деректер айғақ бола алады. Дегенмен бүгінгі эпиграфикада суреттен графикалық бірліктерге қарай даму сатысын көрсететін бірде-бір еңбек жоқ екені өкінішті.

Ғалымдарды **дыбысжазу** неге ең алғаш батыс семит халықтарында пайда болды; жазудың арғы негізі қайсы – ассирия-вавилон ба, әлде египет, әлде крит-микен бе деген сауалдар ойландырады. Егер бұл жазуға ассирия-вавилон, не шумер жазуы түпнегіз десек, ол жазу – буынжазу, яғни дауысты таңбалары логограммалармен берілген жазу. Және тарихта буынжазудан консонантты жазуға өту жүйесі болмаған.

Финикий жазуын египет жазуына байланыстыратын көзқарастар олардың

- а) таңба ұқсастығын,
- ә) әріп атауына сөз денотатының сәйкесуін,
- б) египеттіктермен мәдени қатынасты алға тартады.

Енді бір басым гипотеза финикий жазуының өздігінен шығу мүмкіндігін болжайды. Бірақ әріп аттары финикий халқының экономикасынан хабар бермейтіні ойлантқан В.Истрин оны египет жазуынан шығарады: египет – ежелгі ханаан – финикий – оңтүстік семит – арамей.

Бір ғалымдар (Ленорман де Руже) бұны египет жазуынан бөлінген дауыссыз дыбыстардың таңбасы десе, енді біреулері (В.В.Струве) әр графема финикий тіліндегі сөздің басқы дыбысын белгілейді деді.

Болгар ғалымы Б.Георгиев финикий жазуы криттің буынжазуынан шыққан деген. И.Гельб финикий жазуы нағыз әліпби жазуға қарағанда буынжазудың жетілген түрі деді.

Олар әліпби жазу египет тілінде жасалып, арада бірнеше ғасыр өткен соң қайтадан египеттіктердің жетілдіруіне тап болды дегенді айтады: “Грек әріптерінің атауы арамей тіліне тірелді деген болжам жалпы жазудың арамей тілінен шыққанына нақты дәлел бола алмайды” деген Д.Дирингер.

Финикий жазуынан тараған алфавит түрлері мынадай:

- арамей жазуы және архаикалық грек әліпбиі.

Арамей жазуынан араб, парсы, ауған; соғды, ұйғыр, моңғол; еврей жазуы тарайды.

- Архаикалық грек бұтағынан шығыс грек пен батыс грек жазуы шығады. Шығыс грек жазуынан гот, армян; византия-славян жазуы (кирилше мен глаголша); грузин жазуы пайда болған. Батыс грек бұтағынан итальян; этрусс – латын әліпбиі дамиды.

Қазіргі батыс Еуропа халықтарының жазуына негіз болған латын графикасы грек әліпбиінен шығады. Гректер әліпби ойлап таппаса да, бар әліпбиді жетілдіру жағынан алда болды. Грек алфавитінің тек **b, g, d, z, k, l, m, n, p, v, t** әріптері ғана семит дыбыстарымен бірдей. Қалған әріптер шыққан жазуынан өзгеше сипат алды.

Гректер әліпби жетілдіруде мынадай өзгерістер жасаған:

а) семит тілдеріндегі кейбір дауыссыздар таңбасымен дауыстыларды беріп, әліпбиге дауыстыларды енгізді;

ә) семит тілдерінің кейбір дыбыс әріптерін басқаша қолданды;

б) **ph, ps, kh, x** сияқты әріп тіркесін қосты.

Грек әліпбилерінде *алеф, хе, вав, иад, айин* әріптері дауыстыларды беруде қолданылған.

Алайда грек әліпбиінің және соның негізінде пайда болған латын алфавитінің кемшілігі әріптердің аздығы болды, яғни латын әліпбиі мен батыс Еуропа халықтарының тілінде сәйкестік болмады. Француз тіліндегі 18 дауысты, 17 дауыссыз, ағылшын тіліндегі 13 дауысты, 24 дауыссыз, неміс тіліндегі 15 дауысты, 18 дауыссыз латын алфавитінің 26 таңбасына сәйкес келмеді.

Сондықтан неміс, француз тілдерінде диакритикалық таңбалар қолданылды. Француз әліпбиінде <a>, <o>, <e> 143 графикалық тәсілмен, ал ағылшын жазуында 658 тәсілмен беріледі.

Латын графикасын қабылдауда мынадай кемшіліктер орын алды: әртүрлі дыбыстарды бір графемамен беру, мысалы, француз тіліндегі *c* таңбасы <к> мен <с> фонемасын берді, неміс тіліндегі *s* әрпі <з> және <с> дыбыстарын береді. Әріптер (диграмма, триграмма) тіркесі пайда болды. Мысалы, *ui* дыбысы француз тілінде *ch*, ағылшын тілінде *sh*, итальян *sc*, неміс тілінде *sch* графтары арқылы беріледі.

Латын графикасының 26 әрпін пайдаланған тек ағылшын жазуы, ал неміс, француз, голланд, швед, итальян, испан, португал, румын, чех, венгер, поляк тілдері диакритикалық таңбаларды қолданды, итальян, фин, поляк жазуында латын әліпбиінің барлық әрпі жоқ. Бұдан графика ережелері қиындады. Сөйтіп, латын әліпбиі қабылдаған бірде-бір жазуда бір әріп-бір фонема қағидасы ұсталынбады. Оны В.А.Истриннің еңбегіндегі мына кестеден көруге болады (1-кесте):

1-кесте – Латын жазуына негізделген әліпбилерді салыстыру

алфавит	латын әріптері	диакритті әріптер	екі әріп тіркесі	барлық әріп	пайдаланылмайтын	диакритика бар	екі, одан да көп әріп тіркесі
ағылшын	26	-	-	26	-	қолданылмайды	өте жиі
неміс	26	-	-	26	-	қолданылады	Жиі
голланд	26	3	-	29	-	жиі	қолд.
швед	26	3	-	29	-	қолданылады	
норвег	26	2	1	29			
дат	26	2	1	29	-		
француз	26	-	-	26	-	өте жиі	өте жиі

итальян	21	-	-	21	к, w,x,e,j	қолд.	қолд.
испан	26	1	2	29	-		
португал	26	12	-	38	-	өте жиі	
румын	26	5	-	31	-	қолд.	
поляк	23	9	-	32	Q,v,x	жиі	жиі
чех	26	14	1	41	-	өте жиі	қолд.
фин	20	2	-	22	в,с,ғ,қ,х,з	қолд.	
венгер	24	8	7	39	к,w	жиі	жиі

2-дәріс. Жазу мен ойлау қатынасы

Бүгінгі күн тұрғысынан жазу белгілі бір тілде жазылатын-оқылатын әріптік таңбалардың жиынтығы арқылы ойды жарыққа шығарудың, ақпарат алмасудың жүйесі болып табылады. Жазу – ауызша тілден кейін пайда болған адамзат ойлауының саналы жемісі болса да, бүгінде ауызша тілге қарағанда басымдық сипат алған мемлекеттік құрылыстың күшеюімен байланысты қоғамдық функциясы артқан, коммуникация, ақпарат алмасу, ойжасам, эмоцияналдық, индикаторлық қызметтерінен бөтен дәлел, аргумент болатын “бекітушілік”, “растаушылық” сипаты маңызданған, ойды жарыққа шығарудың жүйесі. Сондықтан тілдің санаға, ойлауға қатынасын көрсеткендей, жазу мен ойлау, жазу мен сана қатынасын көрсетудің мәні бар.

Қазір адамдар бір уақыт пен кеңістік шегінде өмір сүріп жатса да, бір-бірімен пікір алмасуына, бірінің ойын бірі толық білуіне (тыңдау арқылы ойын білуге) мүмкіндігі (уақыты) жоқ. Осыған орай адамдар тілді екі бағытта қолдануға қалыптанған сынайлы. Бірі қауым болып өмір сүруіне қызмет етуші тілдің коммуникациялығы, екіншісі саналы ойын жарыққа шығару, ойын жүйелеу, бекітуге қызмет етуші тілдің ойжасамдық бағытында. Екінші бағыттың ерекшелігі саналы ойдың “қағазға түсіп” реалдануында жатыр. Тілдің ойжасамдық қызметі жазу арқылы орындалатыны бірден бола қойған жоқ. Көркем сөз (көркем әдебиет), шешендік сөз (публицистика), даналық сөз (ғылым) түрлері арқылы әсіресе монологтік, сосын диалогтік сипатта адам ойы ауызша түрде жүйеленіп, бекітіле берді. Бірақ жазу пайда болғалы тілдің ойды жасау қызметін жазу атқаратын болды. Айтылатын ой немесе айтылған ой қағазға түсіріліп

жүйеленбесе, ол “жел сөз” болып қалатынды шығарды. Бұл әсіресе үлкен аудиторияға ақпарат таратуда (радио, теледидар хабарлары, шаршы топ алдындағы сөз, дәрістерде) жақсы көрінеді.

А.Р.Лурияның “Жазу ауызша тілге қарағанда ойлаудың жаңа, жетілген, күшті құралына айналды” дегеніндей, жазу дербестігі күшейгенде *ой-тіл-жазу* қатынасы *ой-жазу* қатынасына көшеді.

Ой мен сөйлеу. Санадағы ойдың сөзге айналу процесі ең алғаш Л.С.Выготский зерттеулерінен басталып, Ф.де Соссюр, Б.де Куртенэ, Блумфилд еңбектерінде жалғасып, Н.Хомский, А.А.Леонтьев зерттеулерінде толықтырылды.

XXғ. алғашқы онжылдығында Л.С.Выготскийдің ой сөйлеу арқылы аяқталады деген сөзі ой мен тіл процесінің әмбебап формуласына айналды. Ғалым ойды ықшамдалған, тұйықталған әрекет деп таныды. Ойдың тіл арқылы сыртқа шығарылуы “мотив ↔ ой ↔ ішкі сөйлеу ↔ іштен шыққан мазмұнның сыртқы аршылған, айқындалған (развернутое) мағыналар жүйесіне айналуы ↔ сыртқы сөйлеу” сатылары арқылы жүзеге асатынын көрсетті.

Ал естілген сөзді ұғу синтаксистік құрылым мен лексикалық мағынаға анализ жасау ↔ оны ішкі сөйлеуге жинап, орап алу ↔ мотив пен мәнін түсіну сатылары арқылы жүреді деді. Бұл теорияны нейролингвистикалық бағытта дамытқан А.Р.Лурия ойда адамның айтайын деген тақырыбы белгіленеді, сол тақырып туралы не айту, қалай айту керек деген предикатты мазмұн – ішкі сөйлеуде жүзеге асырылады, ол қысқа, фрагментарлы, аморфты сипатта болады. Бұл тұрғыда ішкі сөйлеу ішкі субъективтік мәнді сыртқы аршылған мағыналар жүйесіне айналдыратын механизм болып табылады деді.

Ғалым бір ойды түрліше жеткізуге болатыны сыртқы сөйлеу мен ішкі сөйлеудің айырмашылығын көрсетеді, сондықтан ішкі сөйлеу – инвариант, сыртқы сөйлеу – вариант болады деп көрсетті. Астыңғы грамматикалық құрылым мен ішкі сөйлеу, үстінгі грамматикалық құрылым мен сыртқы сөйлеу сәйкеседі, астыңғы грамматикалық құрылым адам санасына жақын болғандықтан оны құрастырудың ережесі аз, сондықтан кішкентай бала бұны тез меңгереді деді. Естілген сөзді ұғынуда 1-саты сөз мағынасын айыру, яғни көпмағыналылықтан нақты мағынаны айыру болып табылады деді; 2) сөйлем жүйесін білу (егер сөз мағынасын ша-

малап түсініп, ал сөйлем құрылымын білмесе, күңгірт түсінік түрінде қалады); 3) бүкіл хабарды түсіну керек деді. Мұндағы 1, 2 саты тілдік ережелер аясында жүрсе, соңғысы тілдік ойлау психологиясына барады деді.

Сана мен тіл. Жалпы психология санада пайда болған ұғым алдымен адам миына келіп түскен сигналдарды қабылдау арқылы түйсіктен басталып, елес, түсінік, ой, ұғымға ұласатынын көрсетеді. Сонда мұндағы ой адам санасы мен тіліне қарағанда кең ауқымды қамтитынын білдіреді. Ойлау сезімдік, абстрактілік формаға көбірек бейім болса, сана оның мазмұндық жағын алады. Бұл тұрғыда ойлау сөйлеуге, сана тілге жақын. Сана тіл арқылы жасалып, тілді қолдана отырып дамиды. Ойлау мен сөйлеу жеке, сана мен тіл жалпы болатыны сондықтан. Әркім өзінше ойлап, өзінше сөйлеуі мүмкін, бірақ мұның бәрі жалпы тіл (ұлт тілі) мен жалпы сананы (ұлттық сана) құрайды. Сана – инвариант, ойлау – вариант болатыны сияқты, тіл – инвариант, сөйлеу – вариант болады. Сана – бүкіл этностың, әлеуметтің ғасырлар бойы жасаған ой еңбегінің нәтижесі. Сол сананы жеке адам ойына көшіру тіл (сөйленім) арқылы жүзеге асады.

Ой мен жазу. Сонымен, тіл мен сана, сөйлеу мен ойлау арасындағы осындай пайымдауларды қорыта келіп, біз енді жазу жүйесінің доминаттылығымен байланысты адам ойы ауызша тілді делдалдамай-ақ, бірден жазба тілге айнала алатынына көз жеткізе бастаймыз. Әрине, мотив арқылы туған ойдың ішкі сөйлеуде предикаттық қатынасқа ұйымдасуы, одан әрі айтылымның логикалық құрылымының түзілуі және сыртқы тілдің синтаксистік құрылымына айналуында ауызша тілдің қызметі жоқ емес. Өйткені жазба мәтін алдымен ауызша айтылып, сосын қағазға түсіру әдісі көбірек қолданылады. Немесе бірнеше рет қайталанып, айтылып жүрген ой ғана өзінің ақиқаттығына жеткенде жазуға түсуі мүмкін. Мысалы, ауызша түсіндіріліп келген оқымыстының дәрісі соңында барып, дәрістер жинағына, не оқу құралына айналатын кезі сирек емес. Бірақ Б.де Куртенэ айтқандай, сауаты жоқ адамның басында айтуесту елесі болса, сауатты адамның басында бұл елеспен қатар сөздердің графикалық кескіні мен оптикалық бейнесі қатар орналасып, соңғысы күштірек болады. Қазіргі адамның санасы сөз мағынасын оның қалай естілетініне қарамастан, графикалық портретін елестетіп барып түсінеді. Өйткені ондай әлеуметтің көбі тыңдағанға қарағанда көбірек оқиды, сөйлегеннен гөрі көбірек

жазады. Әрине, бұл өз ойын жазба жүйе арқылы шығаратын тіл тұтынушылар туралы екені белгілі.


В.А.Истриннің жазба мәтін графикалық құрылымы негізінде ауызша тілге қарағанда өзге мағыналық реңк алып кетеді дегені де, біздің ойымызша, осымен байланысты. Ғалым жазба мәтінді оқу жазу-сана байланысын көрсетеді. Іштей оқуда, оқырманның сөздік қоры сөз мағынасы мен оның графикалық бейнесін ассоциациялауға жеткілікті жағдайда жазу-ой түрінде болады, жазу мен ойдың тура байланысы жазудың жетілген, жоғарғы сатысында пайда болады деген. В.А.Истрин цифрлар әр тілде әртүрлі аталады, бірақ мағына біреу, сонда бұл таңба сөзбен емес, ұғыммен яғни ойлаумен тікелей байланысты болды. Мысалы, адам санасындағы ұғым дыбысталмай-ақ, жазуға айналатын кездер болады. Айталық, ғылыми техникалық таңбалар, формулалар, сөздің фонетикалық, кинесикалық бейнелері болмайтын кейбір оқылуларының болуы “ұғым-термин-жазу таңбасы” сатыларының жиі қайталана келіп, “ұғым-жазу таңбасына” айналуынан шығады” дейді. Ой-жазу процесін түсіндіру қиындығы бұл кезеңдердің санасыз, автоматты түрде өтуіне, әрі ойдың таңбалық сипаты жоқтығына байланысты.

Ой – жазу процесін жазу – ой қатынасында көрсетуге болады. Өйткені жазу – таңба, оның тұрпаты бар. Сонымен, көз жазба мәтінді көріп, ол тілдік санадағы графемамен, графикалық портреттермен ассоциация жасайды. Сөздің адам санасында бейнеленген графикалық портреттері, синтаксистік, пунктуациялық белгілер арқылы үстіңгі синтаксистік құрылымға көшіріп алынады және астыңғы синтаксистік құрылымға көшіріліп, сөйлем мәні екшеледі. Өйткені жазба мәтіннің жөнделу, редакциялану мүмкіндігі тілдің ауызша сөйлеу жүйесінен басқа үстіңгі мәтіндік құрылым жасайды. Сөйтіп, мұнда негізгі мән белгісіз, жасырын қалады. Сондықтан үстіңгі құрылымды астыңғы құрылымға көшірудің мәні бар.

Жазу-ой процесін мәтіннің графикалық “өмірінен” бастап көрсетуге болады. Өйткені көз қармап көру үшін графикалық кеңістіктің үйреншікті болуы, стандарттылығы маңызды. Көз мәтінді көргенде ондағы графикалық морфемаларды графикалық мәнмәтінде (контексте) алып оқиды. Сөздің графикалық кеңістіктегі орны (азатжол, парақ басы, соңы), мазмұны (бас әріп, кіші әріп), дыбыстық мағынасы (әріп түрлері), мәні (қарайтылған, асты сызылған, жазба әріптер, үзілмелі жазылған), тыныс бел-

гілер арқылы мәтін мазмұны сол графикалық портретімен қоса адам санасына қабылданады. Ішкі сөйлеу жазба тілдегі синтаксистік құрылымды ауызша тілдің синтаксистік құрылымына айналдыруды қажетсінбей-ақ, санасында орналасқан сауатты адамның елесіне сәйкес, жайылма сөйлемді, ықшамдап, екшеп, предикатты қатынасқа түсіреді. Сөйтіп, жазылған сөйлемнің мазмұнын ойға көшіреді. Белгілі мотивтен пайда болған ой (ойлау) сыртқа шығатын мақсаты айқындалғанда (ішкі сөйлеу) және ол жазу арқылы таңбаға айналатынында (сыртқы сөйлеу), алдымен, әрине, ауызша тілдің грамматикалық құрылымына көшіріледі. Жазба тілаудиториясының көмескілігі, вербалды емес коммуникативтік құралдардың жоқтығы жазба мәтіннің грамматикалық құрылымын жаңа сатыға көтереді. Бұл кейде ішкі сөйлеу мазмұнына дәл шықса, кейде тереңдеп, мотивті айқындайды.

Сонымен, жазу-ой қатынасын былай көрсетуге болады (1-сурет):



1 сурет – Жазу-ой қатынасы

Сонда, біздің ойымызша, пиктографиялық жазу мен қазіргі дыбыстық жазу түрлерінің негізінде жетілген жазба тілдерде әріпті фонема арқылы дыбысқа айналдыратын сипат болмайды.

Суретжазуда салынған таңбаларды оқу үшін белгілі тілді білу шарт болмады. Салынған таңбаны генетикалық жағынан байланысы жоқ тілдер оқи алмаса да, мәдени, экономикалық, әлеуметтік жағдайы ортақ халықтар, туыс тілді ұлыстар бір-

бірінің тілін түсінбесе де оқитын болды деп ойлаймыз. Өйткені суретжазуда **ой-жазу, жазу-ой** қатынасы болды. Ал буынжазу, дыбысжазуда белгілі тілдің дыбыстық сегменттерін таңбалап, әр тілдің өз жазуын жасады. Дыбыстық тілдің қалыптану кезеңдерінде ой – ауызша тіл – жазу қатынасы болады.

Ал ендігі сауаттану деңгейі жоғарылаған, оқудың автоматтанған дәуірінде ой – жазу, жазу – ой қатынасында болатын сияқты. Сонда ойлау (бейне, схема, ұғым, түсінік, мотив) < ішкі сөйлеу (предикаттық қатынастағы аморфты тіркестер, айтылатын ойдың негізгі тақырыбы, қалай айтатыны, сөздің грамматикалық құрылымы) < сыртқы тіл (логикалық синтаксистің грамматикалық синтаксиске айналуы, сөйлеу бірліктерін екшеуі, фонемалық код) < дыбыстық тіл (фонеманың дыбысқа айналуы, ауызша тіл жүйесі) < графикалық тіл (фонеманың әріпке айналуы, жазба тілжүйесі, орфография, шрифт, мәтін) сатылары арқылы жазба тілге айналады.

Сыртқы тіл мен дыбыстық актісінің арасындағы сәл кідіріс ойдың жүйелі шығуына көмектеседі. Сондықтан санада жетілген ойдың материалдану жолдары да қиын болмайды. Бұл ауызша тіл мен жазба тіларасына да байланысты. Үнемі ауызша тілде реалданып жүрген ой бір мезгілде жазба тілмәтініне айналады.

Зерттеушілер арасында жазуды ауызша тілге қатыссыз ойды бірден жарыққа шығаратын құрал ретінде танитындар бар (А.С.Чикобава).

Бүгінгі әдебиетте жазу арқылы ойлану басым. Морфологиялық синтаксистің билігі күшті болған жазба тілде қазір логикалық синтаксис басым, сөйлем құрауда ассоциацияның билігі бар, тура мағынадан гөрі астыртын мағынадағы сөздерді көп қолданатын психологиялық синтаксис күшейіп келеді. Автор индивидуалды кодификация жасайды, оның кодын әр оқушы өзінше ашады, өзінше түсінеді. Сондықтан қазіргі ақын-жазушылар шығармаларының тілі XVIIIғ. ақын-жазушыларының тіліне ұқсамайды, сондай-ақ өткен ғасыр оқырмандарына да түсініксіз болар еді.

Жазба тілдегі мұндай процеске ақпарат тарату жағынан поштаға қарағанда 700 есе жылдам (300 есе арзан) гипермедиа – интернет жүйесінің жылдамдығы да әсер етпей отырған жоқ. Өйткені бүгінде интернет тілі әдеби, ауызекі, жазба тілге конкурент болып келеді.

Ғалымдар XXғ. аяғы стильаралық айырмашылықтардың

азаюымен, әдеби тілде қарапайым, ауызекі тіл элементтерінің көбеюімен ерекшеленеді дейді. Бұның бәрі іштен шыққан ойдың ішкі тілдік сүзекіден өтпей, яғни астыңғы құрылымның үстіңгі құрылымға көшірілмей (немесе керісінше), жазба мәтінге айналуынан шығады. Бұдан бүгінгі жазба тілареалдарында жазудың екі түрлі бағытта қолданыс тауып отырғанын байқаймыз: 1) жазба тілді өз нормасы мен жүйесінде жұмсау (ғылыми стиль, ресми іс қағаздар стилі, көркем әдебиет, публицистикалық стиль), 2) жазба тілмен ауызша тіл аражігін жымдастыра жұмсау, шегін айырмау, жазба-ауызекі тіл жасау (интернет тілі, қолхат, кейбір көркем әдебиеттер), яғни жазба тілде ауызекі тіл элементтерін жиі қолдану.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе бүгінгі күн адамдарының санасында жазу-ойлау қатынасы және ойлау-жазу қатынасы бар деген ойға келеміз.

Пысықтау сұрақтары:

1. Адам ойы жазуға қалай түседі?
2. Ішкі ой мен тілдің және ауызша тілдің арақатысы қандай?
3. Ойлау мен жазудың арасында қандай процестер бар?

2-семинар. Жазу – дербес жүйе ме, әлде ойдың бір формасы ма?

Семинар сұрақтары:

1. Жазуды ойды жарыққа шығарудың бір формасы ғана деген ғалымдар кімдер және қандай негізге сүйенді?
2. Жазуды ауызша тілден бөлек дербес жүйе деп танудың себептері қандай?
3. Жазудың дербес жүйелілігі дегенді қалай түсіндіріңіз?

Жазу теориясының пәнін анықтау үшін алдымен жазу дегеніміз не, оның тілге қатысы қандай, жазу ауызша сөйлеу тілінің көшірмесі ме, әлде одан өзгеше, дербес жүйе ме, жазба тілмен тілдің, жазу мен ойлаудың арасында қандай байланыс бар деген мәселелерге арнайы тоқталу керек. Өйткені жазу – тілдің жазба жүйесі немесе тіл өмір сүруінің бір формасы деген қазірде қалыптасып қалған екі түсінік және екі бағыт – жазудың бүгінгі мен болашағын айқындайтын, жазу монополиясының сипатын саралайтын бағыттар болып табылады.

XXғ. бастап халықтың сауаттану деңгейінің артуы, соған сай жазудың демократиялануы, жазуы бар тілдің ғана тіл қатарына саналып, зерттеу нысанына айналуы, жазу арқылы ойлау мүмкіндігі жазу мәселесіне көңіл бөлдіре бастады. Әсіресе Фердинанд де Соссюрдің “Тіл және сөз”, дихотомиясынан кейін, әлемдік тілдер жазуы бар тіл мен жазуы жоқ тілдерге ажыратыла бастағанынан кейін, жазуы бар тілдердің әлемдік деңгейде көбеюінен жазу тілдің екінші формасы немесе құрылымы деген ұғымдар пайда бола бастады. Жазуы сақталған өлі тілдердің болуы немесе жазуы жоқ тілдердің өмір сүруі және жазба тілдердің көбеюі жазу – тіл өмір сүруінің бір формасы ма, әлде өз алдына дербес тілдік жүйе ме деген сауалдарға жауап іздеуді қажет етті.

Осы орайда мәселенің қазақ тіл білімінде алғаш қойылып отыруына және ауызша тіл мәселесіне қатысты лингвистикада біржақты пікірдің қалыптаса қоймауына байланысты шетелдік және кеңестік ғалымдар мен тілшілердің еңбектеріне шолу жасап, көзқарастарына көңіл бөлеміз. Бұл жазба тілмен ауызша тіл ұғымдары қатынасының күрделілігіне және белгілі бір тұжырым алдымен ірі теоретиктердің пікірлеріне негізделіп барып айтылу қажеттілігінен туындайды.

Фердинанд де Соссюр жазудың ауызша тілді көшіре беру сипатынан өзге бағыт алатынын аңдады. Ірі теоретиктің тіл мен сөз дихотомиясы жазу мен тілдің, жазу мен ауызша тілдің арасын жаңа қырынан саралайтын үрдістердің басталуына түрткі болды. Тілдік жүйеге енетін бірліктер алдымен сөйленісте пайда болып, қызметі сараланып, тұрақты нормаға айналғанша өмір сүреді, ал тіл осы бірліктерді бекітеді.

Тіл (*lingua*) – индивид санасында сақталған ғажайыптардың қоры, көпшіліктің, тілдік ұжымның санасында орналасқан пассив грамматикалық жүйе, сөз – (*langage*) жеке индивидтердің қолдануындағы белсенді (актив) жүйе; сөйленістен екшелген, сөйлеушілердің жанында қалатын тілдік әрекеттің бөлігі ғана тіл болып табылады деді ғалым.

Ф. де Соссюрдің сөйленіс, сөзге (*речь*) қарағанда тіл табиғатын барынша танытатын анықтауларынан кейін, тіл ғылымының негізгі зерттеу нысаны жазба мәтін деректері болып келгеннен кейін жазу мен тіл бірдеңгейде танылды.

Лингвистер (ауызша тілді нысанға алушылар) мен филологтер (жазба тілді нысан етушілер) саналы, санасыз түрде де

жазба тілдеңгейлерін, олардың бірліктеріне (графема, аллограф, графонология, графикалық морфема, лексикология, синтаксис) тіл деңгейлерінің бірлігі, құрылымы ретінде қарады.

И.А.Бодуэн де Куртенэнің жазу теориясына қатысты еңбектеріне (Об отношении русского письма к русскому языку” (1912), “Знаки препинания” (1913), “К теории” “слова как такового” и “Буквы как таковой” (1914)) көз жүгірте отырып, ғалымның жазуды психологиялық негізге табан тіреп, зерттеу қажеттілігін айтқанын көреміз. Себебі, ғалымның ойынша, жазу мен тіл екі басқа дүние, бір-біріне сәйкеспейтін жүйелер: жазу оптика немесе геометрияның пәні болса, дыбыс – жалпы акустиканың пәні. Екі құрылымды осылай байланысыз алсақ, олардың арасында ешқандай қиысатын сәйкестіктер болмайды. Сонда ауызша тіл мен жазудың байланысы адам психикасында жүзеге асады.

Тек адам санасы арқылы ауызша тіл жазу жүйесіне, жазба тілауызша тілге айнала алады. Бодуэн де Куртене *жазба тілдің дербестігін* алғаш айтқан ғалымның бірі болады. Алайда ғалым жазба тілдің ойлаумен тікелей байланысатынына күмәнмен қарады: “Айтылатын-естілетін тіл жазылатын-оқылатын тілден мүлде дербес күйде пайда болса, жазылатын-оқылатын тіл алдыңғымен байланыста ғана мағыналы болады» деген. Ғалым әріп пен дыбысты, жазба тілмен ауызша тілді терминологиясы бойынша қатаң айыруды талап еткен. Тілдік ойлаудың бір түрі мен екіншісін, терминдерін араластырып қолдануға қарсы болды.

Автор үнемі ауызша тіл элементтерінің жазба тілбірліктеріне айналғандағы көріністерін, сәйкестік, сәйкессіздіктерін сөз етіп отырған. Мысалы, ауызша тілдің морфологиялық бөлінуі жазба тілде былай көрініс табады дейді: азатжол, нүкте, қос нүкте, нүктелі үтір, үтір, бас әріп – сөйлемдер мен фразалар; сөздер арасындағы босаралықтар, сызықша, дефис – сөйлем іші; морфема, түбір, қосымша – сөздің морфологиялық принциппен жазылуы. И.А.Бодуэн де Куртенэ мектеп грамматикаларындағы фонетиканы оқытудың әдістерін сынға алған (қысқа, ұзын әріп; тіл ескерткіштері деген сияқты «терминдерді»).

Л.В.Щерба Бодуэн де Куртенэ тіл ескерткіштерінен тірі адамның тілін зерттеуге шақырғанын, бұл оның ғылымдағы ең басты, негізгі еңбегі екенін айтқан. “Бодуэн де Куртенэ жазу теориясына бірнеше рет қайта оралған: ол көп лингвистерден

өзгеше ауызша тілді зерттейтін әдіс-тәсілдерді механикалық түрде жазуды зерттеуге қолдана салудан қашқан. Жазудың өзіне тән заңдылықтарын табуға тырысқан» дейді ғалым ұстазы туралы.

Сөйтіп, ғалымның жазу саласына қатысты пікірлеріне зер сала отырып, жазу мен ауызша тілдің шегарасын айыру, екеуінің даралығы туралы көзқарас Б. де Куртенэ тұжырымдарынан басталғанына көз жеткіземіз.

Л.В.Щерба ұстазы Б.Куртенэнің ізімен тіл білімінің негізгі нысаны жазба тілемес, ауызша тіл болу керек деп, әу бастан жазба тілден ауызша тілді айырып алу керектігін ескертті. Өйткені жазу консервативті дүние, ол ауызша тілге икемделмей сол күйі қалып отырады да, екеуінің арасында сәйкессіздік пайда болады. Ол сәйкессіздік грамматика саласында көрінеді. Дұрыс жазуды меңгеру үшін, жазба тілдің грамматикасын білу керек болып шығады деді ғалым. Сондықтан жазба тілдегі морфологиялық формаларды ауызша тіл формалары етіп түсіндірудің қателігін көрсетті. Егер ауызша тілді сол қалпында жазуға түсірсек біз, фонетика, морфология, синтаксис құрылымдарынан қанша қате жібергенімізді көрер едік, сөзінің жазба нұсқасын оқыған адам “қалай ғана қате жібергенмін” деп таңғалар еді дейді ғалым. «Бұл факт барлық қателердің әлеуметтік негізі бар екенін, ауызша тілдің жүйесінде бар екенін көрсетеді» деген. “Егер қандай да бір грамматиканы грамматика үшін зерттеймін десек, онда тек ауызша сөйленген сөздің грамматикасын зертеу керек... Жазба тіл қандай да бір деңгейде өлі тіл болып табылады. Оны бізге мектепте зорлықпен үйретеді» деп, оқулықтардағы тілдік материал деп түсіндіретініміз жасанды тіл деді.

Сонымен, жазудың ауызша тілден ерекшелігін айқындаған ғалымдардың көш басында Ф.де Соссюр, Б.де Куртенэ, В.В.Щерба тұрды.

Жазу пәнін анықтаудағы келесі кезең ғалымдарының пікірлеріне құлақ ассақ, мына жағдайды байқаймыз: зерттеушілер жазуды ауызша тілге көмекші құрал ретінде анықтаған сайын, оның дербестігі туралы айтады. Мысалы, **Л.В.Зиндер** алғашында жазудың дербес жүйе бола алмайтынын айтты, жазу тілдің бір формасы деді. *Дыбысжазудан* басқа *ұғымжазу*, бәлкім, автономды жүйе бола алар, ал дыбысжазудың әдетте дербестігі төмен деді. Алайда ғалым еңбегінде көрсетілген сызбада тілдік жүйе екі түрлі тілден – дыбыстық және жазба тілден

тұрады. Дыбыстық тіл айту, тыңдау арқылы ауызша сөзде өмір сүрсе, жазба тіл жазу мен оқу арқылы жазба сөзде өмір сүреді. Сонда жазу ауызша сөзді жазба сөзге айналдыратын код болып табылады, өздігінен жүйе құрай алмайды.

Сөйтіп, Л.В.Зиндер ауызша тілдегі морфонологиялық құбылыс тәрізді жазу да графонологиялық құбылыс болатынын, септік қосымшалары ауызша тіл мен жазба тілде екі түрлі көрінетінін айтады. Сөйтіп, жазуды да жүйе мен қолданысқа бөлетін уақыт келгенін айтады.

И.Е.Гельбтің ойынша, жазудың о бастағы болмысы тілден өзгеше еді. Адамзат өз ойын жазба түрде берудің алдыңғыларға қарағанда жетілген түрін ойлап тапқанда ғана, сол кезеңде жазу өзінің дербес жүйелік сипатынан айрылып, ауызша тілдің жазба орынбасары болып қалды. Сондықтан “жазуды ауызша тілдің эквиваленті деп, көрінетін таңбалар арқылы сөйлеуді түсіретін тәсіл деп танитын лингвистер жазудың тарихи дамуын дұрыс бағаламай отыр, олар бұл анықтамаларының жазудың алғашқы сатысына сәйкес емес екенін біле алмайды. Ол кездегі жазу тілдің ауызша формасын берген жоқ” дейді. Ғалым жазу алғашында сөйленген сөзбен әлсіз байланысты дейді.

Бір суретті әркім әртүрлі оқыды, ауызша тіл формаларына сәйкеспеді, жазу фонетикалана бастағанда ғана ауызша формасымен сәйкесе бастады. Бұл көзқарасқа қатысты тағы мынадай пікір барын білеміз: жазу адамзат тілінің даму сатысымен сәйкес жетіліп отырды; **суретжазу** (пиктография), **ұғымжазу** (логография) адамзат тілінің дыбыстық бірліктерге ажырамай, тұтас сөйлемдердің бір морфемамен синкретті бірлігі кезінде пайда болса, **дыбысжазу** (фонография) тілдің дыбыстық бірліктерге бөлінген дәуіріне сәйкес келеді: “Кең мағынасында алғандағы жазу өзінің даму сатыларында ауызша тілмен бірдей бола алмайды, ал жазуды зерттеушінің лингвист болуы шарт емес” деген И.Е.Гельб, сондықтан ойжазу мен дыбысжазу арасындағы алшақтыққа назар аудару керек екенін айтады.

И.Е.Гельб оқығанда ғана түсінікті болатын визуалды морфемалардың болатыны жазудың ауызша тілден бөлек коммуникация құралы екендігін дәлелдейді дейді.

В.А.Истрин сөйлеу тілді жарыққа шығаратын құрал болса, жазу сөйлеуді таңбалайтын, есте қалдыратын көмекші құрал болады деді. Қазіргі ғылым мен техника жетістіктері ауызша тілдің қашықтық пен уақыт жағынан шектеулігін, деректі аргу-

мент бола алмайтын, есте сақталынбайтын кемістіктерінің орнын толтырып келе жатқанын айтады.

Сонымен, жазудың ауызша тілге қарағанда екіншілігі туралы пікір Л.В.Зиндер, И.Е. Гельб, В.А.Истрин еңбектерінде айтылғанмен, ғалымдардың пайымдауларынан жазуды дербес жүйе ретінде танығандарын аңғара аламыз.

Жазу пәніне қатысты тіл білімі тарихында жазудың алғашқылығы туралы пікірлер бар. Мысалы, Н.Я.Март мен И.И.Мещанинов жазу ауызша тілмен бір мезгілде, тіпті одан бұрын шыққан, оның себебі жазудың магиялылығынан, жазудың қол қимылы, кинесикалық амал-тәсілдер арқылы пайда болғанынан деді. Яғни жазуды адамзаттың тіл арқылы емес, ым-ишарат арқылы қарым-қатынас жасаған дәуіріне апарарды. Мұндай көзқарасты Ч.Лоукотка, Чжан Чжэн мин, Ван Гиннекан жақтайды.

Жазу пәнін анықтаудағы келесі бағыт – жазуды өз алдына дербес жүйе деп, маңызын дәріптеп, мәртебесін жоғарылатқан көзқарас – әсіресе XIX ғасырдың ішінде жазба ескерткіштердің табылып, оқылуы кезеңінде көтерілді.

Жазба ескерткіштердегі әріп таңбалар сол тілдің дыбыстық құрамын нақты бейнелейді деп қабылданды. Сондықтан ондағы графикалық элементтер абстракті әріп-фонема ретінде ұғынылды.

XIX ғ. аяғына дейін тіл біліміне қатысты зерттеулердің барлығы жазба дүниені негізге алып жүргізді. Жазу ауызша тілдің дәл өзі, бейнесі, дәлме-дәл көшірмесі болып қаралды. Младограмматиктер тіпті жазба ескерткіш арқылы сол ұлттың ертедегі дыбыстық құрамын анықтауға болады деген түсініктен ажырамады. Якоб Гримм “Неміс грамматикасы” (1819) кітабының бірінші тарауын “әріптер” туралы (Von den Buchstaben) деп атаған.

Сондықтан ауызша тіл мен жазудың арақатынасы туралы мәселе кеш көтерілді деуге болады. Тіл біліміне қатысты алғашқы еңбектерде тіл мен жазу оппозициясы болмады.

Жазуды дербес тіл ретінде қарастыру А.Макинтош, Дж.Маклохлина, Ф.Хаусхальдер сияқты ағылшын лингвистерінің (40-60 ж. бермен қарай) еңбектерінде басталды. Олар ауызша тіл ауызекі стиль, жазба тіл – әдеби стиль, белгілі бір тілдің жазуы басқа әліпбимен жазылса, екі мәтінді бір тілдің материалы деуге болмайды, ауызша тіл мен жазба тілдің өзіне тән мазмұн

және тұрпат межесі болатын болып шығады деді. Ф.Хаусхальдер әрбір әдеби тілдің дамуына жазба тіл негіз болады, көптеген сөз жазылған қалпында айтылады, кейбір сөздер мәтін арқылы танылады, жазба тіл алғашқы, ол ауызша тілге әсер ететін “ата-жазба” тіл деді.

Осындай көзқарастардың негізінде ХХғ. 30-40жж. жазу зерттеу нысанына айнала бастайды. Дыбысжазу туралы ғылым *графикалық лингвистика* деп аталды. **А.А.Волков** жалпы жазуды *грамматология* зерттейді деді. *Грамматология* терминін алғаш қолданған Дж.Гельб грамматологияның үш бөлімін көрсетті: *субграфемика, графемика, параграфемика*. Автор грамматология жазудың барлық типін зерттейтінін айтты. Оның ізімен А.М.Кондратьев грамматология ғылымы жазу тарихын, жазу теориясын, жазу психологиясын, қолтаңбатану, жазу патологиясын, палеография, эпиграфиканы қарастырады деді.

Жазба тілге байланысты кеңестік тіл білімінде А.А.Волковтың “Грамматология” (1982) және Т.А.Амированың мақалалары мен “К истории и теории графемики” (1977), “Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка” (1985) деген еңбектері бар.

Жазудың автономдығы туралы ғылыми көзқарасты қалыптастырған Прага лингвистикалық мектебінің өкілі **Й.Вахек** болды. Автор Ф.де Соссюрдің тіл мен сөз тұжырымына сәйкес, жазба тілмен *жазба сөз* болады. Жазба сөзде пайда болған бірліктер мен құрылымдар қайталана келе жазба тілдің нормасына айналады деді. Графиканы ауызша сөзді қағазға түсіруге қажетті жазба таңбалардың инвентарі (*terminustehnicus*) десе, орфографияны жазба тіл мен ауызша тіл аралығындағы көпір, екі жүйе элементтерінің сәйкестік жиынтығы деді.

Жазба тіл деп белгілі бір ұжым ішінде норма саналған графикалық тәсілдер жүйесін түсінеміз. Ал жазба сөз деп осы норманың жекелеген нақты реализациясын айтамыз, күнделікті өмірде біз жазба сөзді кездестіреміз деді. Тілді әмбебап тілдік норма деп атады да, оның ауызша және жазба нормасы бар деп бөлді. Егер бір нормадан екінші нормаға ауысу оңай болса, онда екі норма бір-біріне жақын, ондайда тілдің әмбебап нормасын да жақсы байқауға болады деді.

Жазу ауызша тілге табан тірегенмен, дербестікке ұмтылумен келеді, ол таңбалардың таңбасы емес, заттың таңбасы. Й.Вахек әр адамның сөйлеу мәнері, сазы, тембрі болатыны сияқты әр

адамның жазуы да әр басқа, ал баспа тілі бұл жағынан бейтарап, анық, толыққанды, онда ой ең соңғы нүктесіне дейін толымды беріледі деп, жазба тілмен баспа тілінің арасын айырды және жазба тілдің құрылымдық ерекшеліктерін көрсетті. Жазба тілде ойды беру үшін қосалқы тәсілдер қолданылады деп, оларға *жайлап, дауысын бәсеңдетіп айтты; дауысын көтеріп* деген суреттеулерді мысалға келтірді. Бұл жазба тәсілдің жетілмегендігін емес, дербестігін көрсетеді, ол ауызша нормада абзац табиғатының беріле алмауымен бірдей деді. Қос нүкте орнына ауызша нормада “ол былай болады”, “ол мынау ғой” деген сияқты сөздер керек. Сондықтан жазуы жоқ тілде акустикалық субстанция көзге еленбейді, көлеңкеде қалады, ол жоқ сияқты болады, егер сол тілде жазу пайда болса, осыған дейін білінбеген тілдік субстанция белгілі дәрежеде байқала бастайды деді.

Ч.Лоукотка француз бен ағылшын тілдерінде жазу ауызша тіл жүйесінің сызба нобайын ғана береді, екі тіл бір-біріне әсер ете алмай келе жатыр деген.

Умберто Эко жазба тілдерді ауызша тілден бөлек, бейтаныс азбукалармен, астыртын хабарлармен біріктіріп, бөлек қарау керек дейді.

Жазудың дербес жүйелілігін айқындаған кеңестік ғалымдар ішінен **Т.А.Амированы** атай аламыз. Ғалым жазу туралы ғылымды *графикалық лингвистика* деп атауды жөн санайды, графикалық лингвистиканың табан тірейтін тұғыры жазба тілдің дербестігін, жазу дыбыстық тілдің көшірмесі еместігін мойындау дейді.

Ғалым жазудың нысандары ретінде жазу, жазба мәтін, жазба тілді атады. Әліпби – жазба тілді жүзеге асыратын графикалық таңбаның жиынтығы, жазу – жазба сөйлеуді, қарым-қатынасты әліпбиді пайдалана отырып жүзеге асыратын таңба түрі, жазба тіл– жазба қарым-қатынас, ауызша тілдің табан тірейтін жүйесі, жазба сөз (жазба мәтін) – жазба тілдің жүзеге асырылуы, жазба мәдениет – қағазға түскен мәтіндердің жиынтығы, жазба дәстүр – жазудағы тұрақтылық деді.

Фонологияда фонеманың фоны, аллофондары болатыны сияқты дыбысжазу – графемика, оның кіші бірлігі – графема, графеманың омографтары, графы болады деді.

Графемалар арқылы *графикалық морфема, графикалық сөз, графикалық формалар* құрылатынын айтады. Т.А.Амирова жазба француз тілінде ауызша тілге карағанда зат есім, сын

есім, егістік категорияларының морфологиялық көрсеткіштері мейлінше жетілген, сондықтан органикалық жағынан әртүрлі болып табылатын жазба тілмен ауызша тіл бірінен екіншісіне аударылатын тіл болып саналады дейді.

Және жазба тілөзіне қатысты да, өзге таңба жүйесіне қатысты да метатіл болатынын, өркениет тарихында жазба тілқоғамның мәдени нормасы мен білім қорын сақтайтын, жинайтын, жеткізетін теңдесі жоқ тәсіл болып табылатынын айтады.

Т.Амирова жазу жазба тілме, әлде тілдің жазба формасы бола ма деген сауалға тұрпат меженің 1) ауыспалы немесе 2) тұрақты болуына қарай жауап беруге болады дейді. Яғни 1) мазмұн меженің дамуына қарай жазу (кең мағынасында) өзгеріп, ауызша тілдің көшірмесіне айналады, ауызша тіл мен жазба тілбір тілдің екі формасы болып шығады. 2) тұрпат меже тұрақты болады: екі жүйеге айналады.

Бұл топтастыруға сайсақ, ағылшын, орыс тілдері өз ішінде жазба тілмен ауызша тілге ажырайды. (Грамматология тек ағылшын жазулы тілдерде қалыптасып, жетіле алады деген пікір бар). Ал ауызша тілмен көп айырмасы бола бермейтін немесе айырмашылығы жеткілікті түрде көрсетілмей жүрген тілдер үшін жазу – тілдің өмір сүруінің бір формасы ғана.

Т.А.Амирова ағылшын жазуының қазіргі графикасы мен көне графикасын нысанға ала отырып, жазу жүйесінің өзіне тән бірқатар құрылымдық элементтері болатынын айтады. Ағылшын жазуындағы диграф, триграфтардың санын, графемалық өріс ұғымын сипаттады. Жазудың қандай ерекшелігі өзінің белгісі, ал қайсысы дыбыстық тілдің көшірмесі ретіндегі белгісі болып табылады соны білу керек деді автор.

Т.А.Амированың жазуды жеке семиотикалық код деп алғаны соншалық зерттеулерінде жазу теориясын зерттеуде қалыптасқан әдіс-тәсілдер, ұғым-түсініктер пайдаланылмайды. Мысалы, Б. де Куртенэ, Л.В.Щерба негізін салған графиканың фонологиялық негізін іздеу бағыттары жоқ: жазу ойды тікелей жарыққа шығару тәсілі ретінде қаралған, тілмен теңестірілген.

Ғалымның осындай пайымдауларынан кейін орыс тіл білімінде графемаларды дыбыстық қорға байланыстырмай, өз ішінде сипаттайтын зерттеулер шыға бастады.

Жазуды қысқарту, аз таңбаға көп мағына сыйдыру, жазуға уақытты аз кетіру деген сияқты мәселелер, жазу биомеханикасы, әріп деформациясы, стенографиялық жазу, буын арқылы жазу мәселелері көтерілді.

Жазу тарихына баратын еңбектерінде О.Сүлейменов те тіл тарихына барған сайын, алғашында таңба болғанын сосын оның ауызша түрі – сөз болғанына көзім жете түсті дейді: “И мне было дано, наконец услышать и увидеть, как письменна собранные со всех уголков старого и нового света, начинают говорить друг с другом на понятном им языке образов”.

Ғалымдар жазудың ауызша тілдің көшірмесі емес, сондай-ақ тіл өмір сүруінің бір формасы да емес, өз алдына дербес тілдік жүйе екенін айқындап, ғылыми айналымда жазба тілұғым-терминін қалыптастырды. Олар: А.А.Волков, А.В.Волков, Т.М.Николаева, Т.А.Амирова, И.Вахлк, Ф.Хаусхальдер, Макинтош, Б.де Куртенэ, Н.Н.Соколов, З.Волоцкая, Т.Молошная, Жак Деррида, В.Мотш, Умберто Эко, А.Н.Морозова, И.Е.Гельб, А.Артимович, Ж.Ж.Руссо, Л.Ельмслев, А.Мартине, А.Кашеварова, Л.Заводовский, В.Хаас, А.М.Кондратьев, О.Сүлейменов т.б.

Оқуға арналған материалдар

Төмендегі ғалымдардың ауызша тіл, жазба тіл ұғымдарына қатысты айтқан пікірлерін түсініп оқып, таратып айтып көріңіздер.

“Письменная речь – есть алгебра речи. Она вводит в самый высокий абстрактный план речи, перестраивая тем самым и прежде сложившуюся психическую систему устной речи” (Л.С.Выготский).

“Санадағы ой сөйлеу арқылы жүзеге асады, ол сөздегі талдау (анализ) жазу арқылы жүзеге асады, сөз шартты таңбалар арқылы ойды сыртқа шығарады, ал жазу сөзді көрсетеді” (Жан-Жак Руссо).

“Его наиболее общим значением является то, что оно фиксирует речь и этим делает возможным совсем иное размышление о ней, чем отзвучавшее слово, которое только находит место в памяти” (В.Гумбольд).

“Что касается звуковой речи, то при разграничение ее с языком оно должна пониматься как использование средств данного языка для той или иной конкретной цели общения. Соответственно и письмо по отношению к звуковой речи должно пониматься как использование данной системы” (В.А.Истрин).

“Письменный язык – это весьма плодотворное понятие,

развитие которого дает возможность представить в новом свете целый ряд общетеоретических языковедческих проблем” (И.Вахек).

“Итак, в тот, что обычно недифференцированно называют письмом или письменным языком открыто три родственных, но разных явления: письменная форма речи, или письменная речь, т.е. акт писания и чтения, письменный язык как некая система, письменность которая является продуктом первых двух. Эти три понятия являются параллелью к триаде Л.В.Щерба, различавшего языковую систему, речевую деятельность (процес говорения и понимания) и языковой материал. Письменный язык соответствует языковой системе, письменная речь – речевой деятельности, письменность – языковому материалу” (Л.В.Зиндер).

“Жазудың жаңа мүмкіндіктері мен құрылымы бар семиотикалық жүйенің пайда болуы өмірге тілдік емес жаңа графикалық таңбалардың жасалуына әкелді (музыканың ноталық жазу жүйесі, математикалық символика, графикалық модел, кескіндер)” (Т. Амирова).

“Рассмотрение плана выражения письменного языка как системы объясняет, почему довольно легко может быть осуществление переход с одной системы графики на другие при их значительном типологическом различии, и почему столь труден и практически невыполним переход с одной графической системы на другую при типологической близости письменных языков. Во II случае, особенно в случае преобразования внутри одного и того же письменного языка, возникает ситуация ломки и нарушения освященных традицией закономерностей и норм и опасность затруднения коммуникации. Письменный язык есть исторически новая, генетически дополненная, функционально достаточно автономная, вполне цельнооформленная и в этом смысле относительно самовладеющая знаковая система. Это по существу, только начало исследования внутренних проблем письменной речи, таких, как композиция графического текста, графическая стилистика, семантика письменной речи, характерная только для нее и вытекающая из таких явлений, как вертикальный контекст, возможность повторного обращения к одному и тому же высказыванию или отдельному слову в тексте, типология операций над письменной речью, синтаксис собственно письменной речи, морфемика письменной речи, и наконец, семиотика письменной речи, рассматривается как соотношения

письменного языка, с одной стороны, с устно-звуковой речью и с другой – с иными семиотическими системами (Т. Амирова).

“Типичная социологическая особенность письма это механизация, благодаря которой сохраняется устойчивость письменной речи которая вместе с тем оказывает влияние на устную речь, являясь основным фактором культурной эволюций речи” (Ч.Лоукотка).

Тапсырма. Төмендегі Фердинанд де Соссюрдің пікірін пайдалана отырып, «Жазу тілді өзгерте ме?» атты пікірсайысқа дайындалыңыздар.

“Сөйлеу мен жазу – бұлар екі түрлі таңбалар жүйесі: соңғысы тек сөйлеуді бейнелеу мақсатында өмір сүреді.... Лингвистиканың пәні жазба сөз бен ауызша сөздің қосындысы емес, ауызша сөз ғана лингвистиканың пәні болмақ...Біз тіл тарихына барсақ та, тілдің қазіргі күйін зерттесек те, тілдің қағазға түскен жазба формасына қол созамыз, түптеп келгенде жазуға ерекше мән береміз... “Жазу ауызша тілді нашар бейнелеген сайын оның ауызша тілге табан тіреуі де күшейе түседі...письмо скрывает язык от взоров, оно его не одевает, а рядит”. “Для Соссюра письмо-это одеяние извращенности и порока личные разложения и притворства, маска, из которой хорошая речь должна изгнать злых духов”.

Жазбаша бақылау сұрақтары

1. XX ғ. аяғы стильаралық айырмашылықтардың азаюымен, әдеби тілде қарапайым, ауызекі тіл элементтерінің көбеюімен ерекшеленді деген пікір рас па?

2. Жазу – тіл өмір сүруінің бір формасы ма, әлде өз алдына дербес тілдік жүйе ме деген сауалдар кімнің зерттеулерінен кейін пайда болды?

3. «Тіл (lingua) – индивид санасында сақталған ғажайыптардың қоры, көпшіліктің, тілдік ұжымның санасында орналасқан пассив грамматикалық жүйе, сөз – (langage) жеке индивидтердің қолдануындағы белсенді (актив) жүйе; сөйленістен екшелген, сөйлеушілердің жанында қалатын тілдік әрекеттің бөлігі ғана тіл болып табылады» деген пікірдің авторы?

4. Тек адам санасы арқылы ауызша тіл жазу жүйесіне, жазба тілауызша тілге айнала алады деген пікірдің авторы?

5. Жазба тілдің дербестігін алғаш айтқан ғалым?
6. Әріп пен дыбысты, жазба тілмен ауызша тілді терминологиясы бойынша қатаң айыруды талап еткен ғалым?
7. Тіл білімінің негізгі нысаны жазба тілемес, ауызша тіл болу керек деген кім?
8. Жазудың ауызша тілден ерекшелігін айқындаған ғалымдар?
9. И.Е.Гельб «жазудың о бастағы болмысы тілден өзгеше еді. Адамзат өз ойын жазба түрде берудің алдыңғыларға қарағанда жетілген түрін ойлап тапқанда ғана, сол кезеңде жазу өзінің дербес жүйелік сипатынан айрылып, ауызша тілдің жазба орынбасары болып қалды» деген пікірін қалай түсінесіз?
10. В.А.Истрин жазуды дербес жүйе деді ме, әлде есте қалдыратын көмекші құрал деді ме?
11. Жазуды өз алдына дербес жүйе деп, маңызын дәріптеп, мәртебесін жоғарылатқан көзқарас не себептен пайда болды?
12. Графикалық лингвистика дегеніміз не?
13. А.А.Волков жалпы жазуды зерттейтін ғылымды қалай атады?
14. *Грамматология* терминін алғаш қолданған ғалым?
15. Прага лингвистикалық мектебінің өкілі Й.Вахектің жазу теориясындағы қызмет қалай бағалайсыз?
16. Жазба тілмен *жазба сөз* болады деген ойды алғаш айтқан ғалым?
17. Т.А.Амированың жазу теориясына қатысты көзқарасын айтыңыз.
18. *Графикалық лингвистика* деген терминді ұсынған ғалым?
19. О.Сүлейменовтің «тіл тарихына барған сайын, алғашында таңба болғанын сосын оның ауызша түрі – сөз болғанына көзім жете түсті» дегенін қалай түсінесіз?

3-дәріс. Жазба тіл және оның ауызша тілден ерекшеліктері

Біз жалпы тілді ауызша тіл және жазба тіл оппозициясында таптастырамыз. Оның мынадай себебі бар: 1) қазіргі адам санасында ойдың сыртқы тілге кодталуының екі түрі болады: графема арқылы сөздің графикалық портреті және фонема арқылы сөздің негізгі дыбыстық реңкі, 2) адам санасында тіл екі түрлі болып сақталады: ауызша және жазбаша, жазу монополиясының күшеюі тілдік санада екі түрлі ойлау жүйесін қалыптастырып отыр.

Кез келген сөзді естіген сауатты адамның санасында сөздің фонетикалық бейнесімен қатар, *графикалық портреті* елес береді. Бұл – әдеби стиль түрін меңгермеген кез келген сауаты бар адам санасында болатын код түрі.

Б.Куртенэ тек сөйлей ғана білетін адам мен сөйлей де жаза да білетін адамның санасында айырмашылық барын айтқан. Стиль түрлерінің ешқайсысымен машықтанбаған, сауатты адамның санасында, сонымен, екі түрлі елес өмір сүреді. Бұның біріншісін – ауызша тілді адам кішкентай кезінен отбасы, үй ішінде, ауыл, аула айналасы, қоғамдық орындарда (көлік, дүкен, асхана т.б.) меңгеріп, ал теледидар, радио, мәдени орындардағы сөйленістерден бейтарап әдеби сөйлеуді естіп өседі. Ал мектепке барып, сауатын ашқаннан жазба тілді алдымен ауызша тілдің деңгейінде (сөз тіркесін, сөйлем түрлерін құрап) қабылдайды. Жазуды пайдаланып, біреуге білдіретін ойын хат, қолхат арқылы шығарады. Немесе іштегі ойын сөйлем, мәтін (шығарма, әңгіме) құрау арқылы білдіреді. 2-сыныптан басталатын жазба тілдің жүйесін меңгерудің осындай сатылары адам санасында, жоғарыда айтылғандай, жазба тілдің елесін қалыптастырады.

7-8 сыныпқа келгенге дейінгі бала белгілі авторлардың көркем шығармаларын оқып, мазмұндап, ойды көркемдеп жеткізетін құралдарды қалай пайдалануды зердесіне тоқып, санасына елес түрінде сіңіргеннен кейін енді өзі осы елесті пайдаланып, белгілі бір мотиві бар ойын сыртқа көркемдеп жеткізу дәрежесіне жетеді (шығарма түрінде). Сондықтан 6-7-8 сыныпта еркін тақырыптағы шығармашылықтың жоғары деңгейі көрінеді. Оқушылар сезіміне әсер еткен кез келген құбылысты көркемдеп, әсірелеп жеткізуге төселе бастайды (көркем әдебиет стилі). Жас кезеңінде балалардың көркемдік сезімін ояту негізгі мақсат саналады. 9-11 сынып бағдарламасы шығарманың авторы, кейіпкері, оқиғасының өту дәуіріне талдау жасауға ауысады. Бала енді сезіміне әсер еткен мотивті әсірелеп жеткізуді емес, оның себебін іздеуге шығады. Сөйтіп, шығармасында салқынқандылық, саналы ой көріне бастайды (публицистикалық стиль). Бала мектепті осы үрдісте аяқтайды да, кейін ЖОО-нда дәріс, семинар есебінен өз мамандығының терминологиясымен танысып, жеке салаға маманданады (ғылыми стиль). Ал жұмысқа орналасқанда қызмет бабындағы ресми сөйлеу, ресми ісқағаздар стилін меңгереді.

Бұл айтылғандардан, біздіңше, тілді таптастырудың мына-

дай жүйесін табуға болады: тіл ауызша және жазба тіл арқылы көрінеді. Ауызша тіл **ауызекі сөйлеу тілі** (отбасы, аула т.б.), **бейтарап әдеби тіл** (БАҚ тілі, шешендік сөз, дәріс, жиналыс), **ресми тіліне** (мектеп бағдарламасы, ғылыми конференция, жиналыс сөзі т.б.) бөлінеді. Жазба тіл **жазба ауызекі тіл** (хат, қолхат, интернет тілі) және **жазба әдеби тілге** (көркем әдебиет, публицистикалық, ғылыми, ресми ісқағаздар стилі) ажырайды.

Сонда кез келген сауаты бар адам алғашқы үш сатыны меңгереді, санасында айту-есту, жазу-көру елесі тұрақты болады. Тілдің шығуының өзі бір нәрседен әсер алу және оны сыртқа шығару мотивінен пайда болғандықтан, кез келген адам табиғатына көркем әдебиет мәтіні жақын тиеді. Сондықтан сауаты бар адам көркем әдебиет стилінде өзі жаза алмаса да, сол стильде жазылған мәтінді қабылдап, түсіне алады, яғни оның көркемдеп жеткізу және ойлау елесі толық болады. Публицистикалық стиль туралы да осыны айтамыз.

Ал ғылыми мен ресми ісқағаз стилін кез келген адам түсіне де, пайдалана да алмауы мүмкін. Өйткені ол ұғым, түсінік пайымдау мен (ғылыми стиль), әлеуметтік, қоғамдық, саяси жағдаятпен (ресми ісқағаздары) байланысты.

Сонымен, тілді меңгеру деген ауызекі сөйлеу тілінен жазба әдеби тілге қарай (әсіресе ғылыми, ресми ісқағаздары) қиындай түседі. Ол, ең алдымен, жазу жүйесінің күрделілігінен шығады. Ауызша тіл мен жазба тіл арасында бейтарап әдеби тілдің болуы алдыңғысынан соңғысына көшуді жеңілдетеді, яғни ауызша сөйлеу тілі мен әдеби тілді жазу арқылы қағазға түсіріп үйренген адам, бірте-бірте жазу жүйесіне де ене бастайды.

Ауызша тілдің өзіне тән ерекшеліктері. Жазу жүйесінің күрделілігі неден басталады, ауызша тіл мен жазба тіл арасы қандай деген сауалдар төңірегінде ойлану үшін алдымен ауызша тілдің өзіне тән ерекшелігін саралау керек. Ауызша тілдің өзіне тән ерекшелігі айқындалса, жазба тілдің белгілері екшеледі. Сөйлеу тілін зерттеу тілдік жүйені жүзеге асыру мүмкіндіктері мен перспективасын білуге қызықты деректер бере алады, ол арқылы тіл мен сөйлеу арасын анықтауға болады.

Ауызша тіл дегеніміз ішкі сөйлеуді дыбыстау мүшелері арқылы дыбыс толқындарымен сыртқа шығаратын, белгілі бір тілдік таңбаға кодталған, естілетін және айтылатын тілдік жүйе немесе ойдың дыбысталуы, ойдың дыбыстық кодқа айналуы.

Ауызша тіл – уақыт пен кеңістік жағынан мобильді, айты-

латын сөзді сол мезетте сол қалпында қайталау мүмкіндігі жоқ тіл.

Ауызша тілде ең алдымен, сөз экономиясы болады. Ол: коммуниканттардың паралингвистикалық, экстралингвистикалық, суперсегментті тәсілдер қорына: интонация, жест, тон, темп, мимика, затты көрсете алу, имплицитті семантика, фонға ие болуынан;

- конситуация коммуникацияның толық мүшесі болуынан, қоғамдық-әлеуметтік контекстің болуынан;

- осыған байланысты сөздердің семантикалық байланысының күштілігі, морфологиялық формасыз, шылауларсыз байланыса беруінен;

- аналитизм, инверсияның күштілігінен;

- коммуниканттардың санасында вербалданбайтын жасырын мазмұнның болуынан шығады.

Мысалы, үй іші жағдайындағы екі әйелдің әңгімесінен “*Бір айдай жатып, жұмысқа бармай, қашып, барса, бәрін осыған жауып, оңбағандар, содан мойнына бәрін ілген, алғанын да, алмағанын да, содан қойшы әйтеуір, мен білем, таза екенін, бір құдайдың өзі біледі, маған айтты бәрін жыр қылып, сол құртып кетті, баланы күйдіріп ап, қайта құдай сақтап, бұны шақыртып, жақсы болған жерден шақыртып, бір уақытта Тукаш келді, айтып берді Данияр. Әлі күнге дұрыс тұра алмайды ешқайда*” деген мәтін жазылып алынды. Бұл сөйлемдердің мағынасын адресат (екінші әйел) түсініп, қоштап, бірге айтысып отырады, өйткені екі коммуникант арасында білім аясы ортақ. Диалог қысқа, жүйесіз, тілдік элементтерге тапшы болса да, II-коммуникант сөйленіс мазмұнын түсініп, имплицитті ойларды эксплициттеп қабылдап отырады. Бұл қысқа құрылымда мынадай ой болған: *Баланы күйдіріп ап, қайта құдай сақтап, жақсы болған жерден шақыртып* дегенде “Әйелі кішкентай баласын күйдіріп алып, басқа жерде жұмыс істеп жүрген (жап-жақсы болған жерден) күйеуін шақыртып алады. Құдай сақтап, баласы тез жазылып кетеді. Жұмыстан рұқсатпен, заңды түрде кетпей, мойнындағы жауапкершілікті сезінбей, Д. сол кеткеннен жұмысқа бармай қояды. Бір айдан кейін іздеу салған соң, жұмыс орнына барса, Д.-ның жауапсыз кеткенін пайдаланып, олар барлық шығынды Д.-ның мойнына жазып қойған. Д. болған оқиғаны шешесіне айтып береді. Сөзінің шын екенін шешесі мен бір құдайдың өзінен басқа ешкім білмейді. Міне, сол келеңсіз оқиғадан бері Д.-ны еш қай жер жұмысқа алмай келеді”.

Егер жоғарыдағы сөйленіс элементтері соңғы – толымды баяндау тәсілімен ауыстырылса, ауызекі коммуникация мақсатына жетпес еді. Адресатқа алдыңғы мәтіндегідей әсер етпес еді. Екі коммуниканттың білім аясының ортақтығы вербалды тәсілдің үнемделуіне әкелген, сөйленістің жүйесіз, семантикалық байланысы ауызша коммуникацияны мақсатына жеткізген деп ойлаймыз.

Сондай-ақ “*талай қазы-қарта... тәтті еді*”. “*Мұғалім емеспін... қалай мен*” деген ауызекі тілден таспаға жазылып алынған сөйлемдерде “*талай қазы-қарта (жеп едік), (керемет) тәтті еді*”. “*Мұғалім емеспін, қалай мен (тәрбие беруім керек?)*” деген толымды сөйлем үнемделген.

Сонымен бірге 75-тен асқан қарт адамның мына монологтік сипаттағы сөзі таспаға жазылып алынып еді: “*Санияздың ішінде қыпшақ боламыз. Е-е-е, қыпшақ енді сол, қыпшақтан тараған, Мәуітбай, Құрымбай, Келесбай, е-е-е, одан кейінгі атамыз біздің, Күдері, Күдеріден тарайд, Күдеріден, міне, Әміре деген туады, Әміреден кейін Молдабай туады, Молдабайдан кейін Дәулетжан, Дәулетжаннан кейін Қайнолда, Баймолда деген бес ұл, бір қыз болған, Уәзипа деген. Осының бәрі Күдеріден туады. А-а-а-а, Күдеріден кейін, міне, Күдеріден ана Әміре туады. Әміреден Дәулетжан, Қайнолда, Баймолда, Молдабай, ә-ә-ә, Уәзипа қыз Күдеріден туады ғой. Енді Әміреден, міне, Мәкей туады, Бимолда туады, Марфуға туады. Мен Молдабайдан туам, Молдабайдың баласымын. Менің баладарым, міне, Қиқар, Күзай, Бақытгүл деген қыз, оның баладары бар. Баладарым, келінім бар, Алтынай деген, Жеңісқан деген. Ол кезде жоқшылық уақыт, кедейшілік уақыт, Мәкей де барған, Марфуға да барған. Бимолда да барған ана жаққа. Ол жақта мен оқуда болдым, оқу жасында жүрдім. Көбінеки егінде болдық.*

Біздің мына, Қаражал деген мына, Маңырақтың арғы жағында Ырғайлы бар ғой, Ырғайлының ар жағында Қаражал деген қыстау болған. Талдыбастау деген жер екен. Сол қыстауымыз болған. Сол кезде көп... жоқ, аздап-аздап нан, сонан кейін мал бағамыз. Ол кезде олар қайда-а-а-а, Бақалыда болды ғой деймін. Малменен жақсы болған”.

Мәтіндегі аналитизм, сөз қайталау, хезитация (ол кезде жоқшылық уақыт, кедейшілік уақыт; Мәкей де барған, Марфуға да барған. Бимолда да барған. Қыпшақ енді сол, қыпшақтан тараған. Одан кейінгі атамыз біздің, Күдері, Күдеріден та-

райд, Күдеріден, міне, Әміре деген туады), мәтін құрау үстінде табылған қолданыстар (*малменен жақсы болу, оқу жасы, кедейшілік уақыт*), затты көрсете алу сипаты (*біздің мына, Қаражал деген мына, Маңырақтың арғы жағында Ырғайлы бар ғой, Ырғайлының ар жағында Қаражал деген қыстау болған. Күдеріден, міне, Әміре деген туады*), сөзді редукциялау (*сол кезде көп... жоқ, аздап-аздап нан...*) ауызша тіл ерекшеліктеріне жатады.

Ауызша тілдің көбіне екі жақты болатыны, яғни коммуниканттардың бір-бірін көріп отыруы, мобильділік, қайта реакция жасау мүмкіндігі оның құрылымына әсер етеді. Сондықтан бір сарынды баяндау болмайды, сөз тіркестері қарапайым, коммуникантқа әсер етуші функциясы динамикалық түрде ашық болады, автокомментатор, сөз қайталау, хезитация жиі пайдаланылады. Бір сөйлемде бірнеше рет қайталанған бір сөз интонациясы, тембрі әртүрлі болатындықтан оны тыңдаушы әртүрлі семантикалық бірлік ретінде қабылдайды. Мысалға, жазба тіл мен ауызша тілді бірдей меңгерген тіл маманының радиодан жазылып алынған мына диалогіне назар аударайық: “*Жарнама деген жаңа айтпақшы, өтегүрмәуігөп мәселе боп отыр. – Сонұмембірге мынау тақтайшалар бар, маңдайшалар бар, дүкөндердің жанындағы атаулар бар, осындайда да біз мемлекеттік тілдің нормасым бұзұб жатқан жағдайлар өтөгөп гездесет. Мен өзім де бірнеше рет осындай гателіктер гездескен гезде сол мекемеге турагіріп барып айтқангездерім де болт. А, мынау, Темирязов кешесінің бойында бір дүкөнге жазып ғойған екен “Шужиктар” деп жазып қойыпты. Ы...ы гөрдүңіз ба?, ондай да гездесет.– Ос’ сияқты тағы “Фото кужат” деп жазыпқойған жерлер болдұ. Соларға тікелей гіріп айтсам “Сеңгімсің?” дейт. Ия.....(2) Сонда гараңыз? меніңше ойлайм, осы мына әрбір ғзақтың азаматы осындай гателіктерді, шын мәнінде өзі гөріп тұрған гателіктер болса барып, меніңше айтүгерек сияқты.*

Тілшінің диалогі өз аудиториясына түсінікті өтті. Мәтін ішіндегі жүйесіздікті интонациялық қор, адресанттың білім аясы, қыстырынды құрылымдар жымдастырып отырды. Диалогтегі сонымембірге, осындайда біз, өзім де, жазып қойыпты, жазып қойған екен, меніңше ойлайм, осы мына әрбір, шын мәнінде өзі, содаңгейін сол, осы тіл, осы гөшеде, осы қазақ тілі, ол егер мысал үшін, сіздерге, сізге, осы мынау, мына, осы, осы

кісілер, емін-еркін сияқты т.б. қыстырынды конструкциялар мәтін құрылымымен логикалық, грамматикалық жағынан байланыспаса да, ойдың ауызша тіл аудиториясына акцент жасалып жетуіне көмектесіп тұр.

Қыстырынды конструкциялар ауызша сөздің барлығында қолданыла береді. Оны бейтарап түрде таспаға түсірілген ауызша тіл мәтіндерінен кездестіруге болады: *жаңағы, несімен, себебі, оның себебі бар дейтініміз, кәдімгі мына, тастайт та, табат, немене әлгі, коллективке, мен ойлап отырмын, әлгі екі баланы, неменелеріне, бірдеңке қылып, сонда ойлаймын, ойлап отырмыз, бір мұғалым, өлді зой деймін жарықтық, әлгі не деуші еді.* Олар әңгімені қарапайымдандыру үшін синтаксистік тұрғыда жүйесіз, көбіне морфологиялық формаларсыз, семантикалық жағынан ғана байланысатын сөйленісті түсінікті ету үшін, оқиғаға субъективті көзқарасын араластыру үшін қолданылады. Ал жазба тілде қыстырынды конструкциялар сөйлемнің бойына сыйдырылып кетеді, болмаса редуцияланады. Хат, қолхат формаларында болмаса, бейресми жазу түрлерінде қолданылмайды, немесе сөйлем соңына беріледі.

Екінші, ауызша тіл ойлауға қарағанда баяу болғанымен, жазба тілге қарағанда тез. Сондықтан ішкі сөйлеу кодына келген ой сол қалпында сыртқа шығады. Сыртқы тіл ойды өзіне кодтап үлгере алмайтындықтан ауызша тіл синтаксистік құрылымға қарағанда логикалық құрылымға көбірек бағынады, себебі ауызша тілде коммуниканттың өз еркілігі, өз меншігіндегі сөйлеу мәнері, коммуникативтік актке дайындықсыз кірісіп кетуі бар.

Ауызша тілде жаңа сөздер, грамматикалық формалардың жаңа жұмсалымы көп болады.

Біз жазба тілдің өзіндік белгілерін көрсету үшін ауызша тілдің ерекшеліктерін санамаладық. Себебі қазақ тіл білімі деңгейлеріндегі зерттеуге алынған нысандар жазба тіл материалы болып келді. Мысалы, фонетика бірліктері ретінде әріп, тасымал, ілгерінді, кейінді ықпал сияқты жазуда белгіленген морфонологиялық құбылыстар (мысалы: *ақ-ағар, жарық-жарығы*), үндесім заңының бұзылуына *кітап, мұғалім* сияқты жазу дәстүріне енген кірме сөздер алынды. Сол сияқты қазақ тіліндегі көптік жалғаудың алты түрін (**-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер**) көрсетсек (қазіргі оқулықтардың бәрінде осылай), жазба тілтұрғысынан ғана сөз етіп отырғанымыз. Ал сөйленісте **-лөр, -дөр, -төр** (*үйлөр, көлдөр, шөптөр*) варианты ескерілмей-

ді. Болмаса септік жалғауларының **-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің, -ға, -ге, -қа, -ке, -на, -не, -а, -е** варианты – жазудағы формалар. Осы сияқты барлық грамматикалық формаларды айыруға болады. Бұған сай түбір морфемалардың да ауызша варианттары шығатыны белгілі. Ауызша сөйлеудің үздіксіздігі, іргелес морфемалардың позициялық өзгерісі сөйлеудегі бір деңгейдегі айтылымын әртүрлі етеді.

Ал жазба форма дискретті. Тіл деңгейлерінің осы екі саласы, фонетика мен морфология арқылы, жазуды тіл өмір сүруінің бір формасы деп тануға болады. Осыған орай қазіргі көркем әдебиет стилінде классик ақын-жазушылардың сөз саптауына, мәтін құрауына сәйкес келетін сөйлемдерді кездестіру қиын екенін көреміз. Бұл, әсіресе, орыс, ағылшын тілдеріндегі детектив, вестерн, бестселлерде көп кездеседі.

Жазба тілдің өзіндік ерекшеліктері. Жазу термині а) жазу процесі, ә) сол процестің нәтижесі, б) нәтиже негізінде пайда болған тілдік таңбалар жүйесі ретінде қолданылады дедік. Сонда жазба тіл дегеніміз ішкі сөйлеуге (белгілі бір тілге, мысалы, қазақ тілі) кодталған ойдың фонемалық сүзекіден өтіп жазу, көруге бағытталған графикалық кодқа айналған жүйесі. Жалпы алғанда, жазу – адамның ой-пікірін, сөзін белгілі бір тілде жазу таңбалары арқылы қағаз бетіне түсіру; адамның ой-пікірін, сөзін қашықтыққа және ұзақ замандарға жеткізетін материалдық сызба таңбалар жүйесі.

Жазба тілдің *жалпы графикалық ерекшелік, графикалық және графемдік ерекшеліктері* бар.

Жалпы графикалық ерекшелікке мәтіннің парақ бетіне орналасуы, азатжол, көз тынысы, (үлкен ашық жол), қаріп түрлері (майлы, ашық, көлбеу әріп), үздікті жазу, асты сызылған жазу, қаріп түсі жатады.

Графикалық ерекшелікке сол жазба тілдің қолданып отырған графикасы, әріп саны, әріп тіркесі, әріп диакритикасы, тыныс белгілер жатады.

Графемдік ерекшелікке әліпбидегі әріп мәндері, графеманың мазмұн межесі мен тұрпат межесі, тілдің фонологиялық құрылымының графемаларға сәйкес келуі, бір әріптің бір/бірнеше фонеманы, бір/бірнеше фонеманың бір графемаға сәйкес жазба тілдің оқылу және жазылу жүйесі жатады.

Жазба тіл көбінесе екі жақты емес, біржақты акт болатындықтан, ол тілдің ойқұраушы, ойды жарыққа шығарушы

қызметіне сай келеді. Сондықтан жазба тіл мәтінінде ойлауда пайда болатын барлық мәтін көрініс табуға тырысады. Бұл жазба тілдің белгілі бір қатаң құрылымы болуын талап етеді. Әрі сөйлем мүшелерінің синтагмалық сипаты негізгі айтылайын деген ойды екінші дәрежелі етуі мүмкін. Сөйтіп коммуникацияның әсер етуші функциясы жасырын, потенциалды түрде қалады. Жазарман өзінің алдына өз ойын түсінетін аудиторияның көмескі сұлбесін ғана көріп отырады да, ойын адресатқа дәл, өзі ойлағандай болып барған/бармағанын білмейді.

Жазба тілдің қосымша коммуникация құралдары (жест, мимика, интонация) болмағандықтан екі түрлі түсінік тудыру қаупі болмас үшін сөйлем жайылма, құрмалас түрлерімен беріледі.

Жазба тіл уақыт пен кеңістік жағынан шектеусіз қызмет ететіндіктен оның лексикалық қоры қарапайым сөйлеу, жергілікті, кәсіби, жаргондық элементтерді алмауға тырысады. Яғни белгілі бір географиялық, этникалық кеңістікке ортақ әдеби тілдің лексикасы мен морфологиялық құрылысын пайдаланады. Сондықтан да кейде жазба тіл мен әдеби тіл бір болып түсіндіріледі, жазба тілді меңгерген адам әдеби тілде сөйлей алатын болып есептеледі.

Жазба тіл ауызша тілдің мазмұн байлығын қаріп түрлерімен (курсив, бояулы, ашық), тыныс белгілермен, азатжол, көп нүкте, лепті, сұраулы белгілермен, ситуацияны баяндау, сөйлеушінің бет әлпетін суреттеумен береді. Жазба тіл санадағы түсінік, пайымдаулардың толыққанды ашылып берілуін қамтамасыз етеді. Ол ауызша сөйлеудің кем-кетігін толтырып, әлсіз жерлерін байытады. Ауызша сөйленген сөздің стенограммасын жасағанда, мәтінде босаралықтар қалатынын, логикалық желіні бұзбай сөйледі дегеннің өзінде, сөз ішінде едәуір жүйесіздіктер, бөтен элементтер жүретінін білеміз. Ондай мәтінді оқып, жалпы ұғымын да парықтай алмай қалуға болады. Ал осы босаралықтарды жазба тіл бірліктерімен толтырып, әңгімені ой логикасына сай жүйелесек, бүтін, толымды, мәтін аламыз. Өйткені біз жазған кезде сөздерді бүкіл мағынасымен өзіндік семаларымен бірге белгілейміз, ал оны айтқан кезде интонация, дауыс тембрі арқылы нақты мағыналық реңкін бере аламыз. “Егер тілді сөйлегенге қарағанда жазғанда жақсырақ түсінсек, онда ол тілмен көбірек жазады деген сөз» дейді Жак Деррида.

Жазба тілдің өзіне ғана тән, ауызша тілге кодталмайтын немесе онда беріле алмайтын ерекшеліктері болады. Ол ерек-

шеліктерді мәтінді қабылдаудағы *графикалық белгілер* және *мәтін мазмұнын түсінуге қызмет ететін белгілер* деп бөлуге болады.

Мұның біріншісіне:

- бір абзацтағы ой келесі абзацтағы оймен жалғасты болса да, көздің тыныс алуы үшін азатжолдан бастап жазу дағдысы;

- “жазылатын мәлімет жоқ” деген, не коммуникация аяқталды дегенді білдіретін *Z* белгісі;

- кітап тарауының үлкен ашық жол салынып, **көз тынысымен** басталуы;

- тарау аттарының үлкен, майлы бояулы әріптермен терілуі;

- нүктелі үтір белгісінің нақты бір тынысты немесе сөйлемнің бас-аяғынан хабар бермей, белгілі бір ұғым-ойды санамалау үшін, айтылған ой бір-біріне жалғас та емес, бір-бірінен алыс та емес дегенді білдіруі жатады.

Екінші типтегі белгілерге мәтін ішіндегі сөздің тырнақшаға уәжсіз алынуы кіреді. Мысалы, белгілі бір шығарма, т.б. атауы болмаса да, окказионал қолданысты уақытша осы мағынада қолданамыз дегенді білдіру үшін сөздің тырнақшаға алынып берілуін ауызша тілге кодтай алмаймыз. Сондай-ақ бұл қатарға жақша ішінде берілетін сөз, сөз тіркесі, ұғым, ой жатады. Жақшаға алынған сөзді сөйлеуде не редукция жасай кетеді, не басқаша түсіндіреді. Ауызша тілге кодталынбайтын қатарға, сондай-ақ, сөйлем ішіндегі нысанға алынған объектінің басқа қаріппен берілуі де жатады. Мәтіндегі сызықшаның кейбір функциясы ауызша тіл құрылымына сәйкеспейді. Мысалы, *Ол – адам мен адам арасындағы ізгілікке байланысты* деген сөйлемдегі сызықша *ол* сөзінің сілтеу есімдігі емес екенін білдіріп тұр.

Сондай-ақ мәтіннің синтаксистік босаралығынан бастап, морфемалық босаралығына дейін ауызша тіл үшін маңызы жоқ, яғни сөздердің бірге/бөлек/дефис арқылы жазылуы тек жазба тіл категориясы. Және сөйлемнің, жалқы есімнің бас әріппен бастап жазылуын да ауызша тілде білдіре алмаймыз. Мәтінде сонымен қатар *жоғарыда айтылып өткендей, жоғарыдағыны қайталасақ, төменде тағы айтармыз, олар төмендегідей; алдыңғысы соңғысына қарағанда қиындау, біріншісі екіншісінен басқаша* деген таза графикалық мәтін кеңістігін меңзеп тұратын қыстырынды конструкциялар болады.

Жазба тіл табиғатынан монологтік сипатта болды. Алғашқы суретжазудың өзі адамның ойын, сезімін, эмоциясын, пайым-

дауын, тұжырымын бөгде біреудің қатысынсыз-ақ бейтарап түрде сыртқа шығарудан туды. Ойдың көзге көрінетін денотат-таңбаларға айналуы, оны жөндеуге, жазылған сөйлемге қайта оралуға, ойды басқаша жазуға мүмкіндік берді. Сөйтіп, адам өз ойын жазу арқылы көркемдеп, жүйелеп, нақтылап, жеткізудің тәсілін тапты. Жазу арқылы адам өз ойына өзі билік жүргізе алатын болды. Сондықтан жазу көбіне монологтік сипатта болады. Монологтің бүгінгі таңда түрлері көп. Олар ауызша сөйлеу түрінде көрінсе де, негізі мәтін арқылы құрастырылады. Бірнеше стильдік өңдеуден өтеді, стандарт құрылымдарға салынады.

Сонда әдеби тілдің негізінде жазба тіл жататын болып шығады. Әрине, барлық жазба тіл әдеби тіл болады, алайда барлық әдеби тіл жазба тіл бола бермейді. Кез келген адамның қолынан монолог құру, ойын жүйелі, әсерлі етіп баяндау келе бермейді. Өйткені ол жазу арқылы ойын сыртқа шығару қабілетінің жоқтығына тіреледі. Жазба тіл әлеуметтік жағынан әртүрлі, психологиялық жағынан өзара сәйкеспейтін бөтен тілдік ортаға бағытталады. Сондықтан жазба тіл барынша дәстүрлі сөйлеу нормаларына, бәріне түсінікті әдеби тілге құрылады.

Біз бүгінгі таң тұрғысынан әдеби тіл деп жазба тілдің негізінде пайда болған, осыған орай жазба тілді де, ауызша тілді де меңгерген адамның санасында болатын жүйелі, ұйымдасқан, стандарт тілдік құрылымды атаймыз.

Жазбатіл–саналыәрекеткенегізделгенкүрделіпсихологиялық процесс. Сауат ашудың алғашқы сатысында бала сөздерді буынға бөліп үйренеді. Буын аяғындағы дыбыстардың созылмалы немесе шұғыл екеніне қарап және олардың айтылуы мен естілуін салыстырып, жеке дыбысталуын шығарып алады. Сосын графикалық таңбалардың қарапайымынан күрделісіне қарай жазып, қолын жаттықтырады, кескіндемелерге көзін үйретеді. Ақырында әр дыбыстың таңбасын салып, әріп таниды. Сөйтіп, сөйлеу мүшелерінен шыққан формасы жоқ дыбыстардың барлығы бір-бір таңба – әріпке ие болып, санадағы дыбыс фонемалар деноттанады. Санамызда әр фонеманың бейнесі, образы орналастырылады, графема пайда болады. Сонымен, бастауыш сыныптағы бала дыбыстың графикалық кескінімен “әуре болып”, басқа мәселелерге көңіл бөлмейді (мысалы, сөз мағынасы, орфография мәселелері). Жазудың адам жадына программаланып қойылуы, былайша айтқанда, жазудың автоматтануы оқушылардың жасөспірім шағына келгенде жүзеге асады.

Бұл айтылғандар, негізінен, жазудың фонетикалық деңгейді таңбалаған графикалық, орфографиялық жүйесіне қатысты. Ал жазудың өзге деңгейлерін (морфология, лексика, синтаксис) меңгеруі бірінші деңгейді жетік меңгерген соң (былайша айтқанда, тілі шыққан соң) барып жүреді.


Бізде жазба тіл мен ауызша тілді бір жүйе деп ұғыну бертінге дейін қалмағандықтан, әрі тіл тарихын тек жазба деректер негізінде жүргізгендіктен әдеби тілдің морфологиялық көрсеткіштері немесе жазуда белгіленген формалар ғана сол тілдің морфемдік түбір, аффиксі болып табылады. Одан ауытқыған формалар нормаға қайшы, әдеби тіл нормасына келмейтін болып есептеледі. Белгілі бір форманың басқа грамматикалық мағынаны беріп кетуі де бейнормалық деп танылады.

Ауызша тіл мен жазудың морфологиялық деңгейін бір деп түсініп алуымызға, негізінен, түбірді морфологиялық, қосымшаны фонетикалық принциппен жазған XX ғ. аяғындағы жазу принципіміз себеп болды. Әйтпегенде орта түркі әдеби тілінде көптіктің бір түрі, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктің т.б. жалғаулардың бір-бір инварианты таңбаланып, варианттары ауызша тілдің морфологиялық деңгейін көрсетер еді. Ол түркі халықтарының ортақ графикамен тіл табысып, әрқайсысы өз тілінде оқып алу мүмкіндігін кеңейткен еді. Ал түркі халықтарының жеке жазу графикасы жасалғанда морфологиялық формалардың дені таңбаланатын болды да, сөйтіп, жалпы мағынадағы морфемалардың ортақтығы екі тіл туралы ұғымды жоққа шығара бастады.

Жазба тілде мәтінге қайта оралып, жөндеу мүмкіндігі бар. Ол сөз қайталауды ойдың екі түрлі түсінік алып кету қаупін болдырмайды, ойды оның ішкі сөйлеудегі мазмұнындай етіп береді. Жазба тілде логикалық құрылым ауызша тілден өзгеше синтаксистік құрылым арқылы жаңа жүйе құрайды.

Жазба тілдегі ой ауызша тілге қарағанда соңғы, айқын, нақты, шешуші болуы мүмкін. Бұнымен ол ойлауға жақындайды. Сөйлеу ойлауға қарағанда баяуырақ, жазу сөйлеуге қарағанда баяуырақ. Бірақ осы кідіріс неғұрлым үлкен болса, оның дұрыстығы да соғұрлым жоғары екен. Мысалы, біз ойымызға келген пікірді кідіртпестен бірден шығара қойсақ, оның қате болу ықтималдығы жоғары. Сол сияқты осы процесті жазуға түсіріп, оны оқып, қайта қабылдап, пайымдап, қорыту арқылы сыртқа шығарсақ, ол пікірдің ақиқат, айқын болу мүмкіндігі

жоғары. Өйткені жазу процесінде адресат – жазарманның өзі болса, адресант – қағазға түскен мәтін болады да, алдымен жазарман мен мәтін арасында коммуникация орнайды. Осы екі “коммуникант” арасындағы түсіністік мәтіннің дұрыс, жазба тіл нормасына сай құрылуына бастайды. Сонда мына процесс жүзеге асады (2-сурет):



2 сурет – Жазарман-оқырман қатынасы

Осыған орай, жазу жүйесінің ерекшелігін көрсететін оқу және жазу процесін түсіндірудің маңызы бар.

Оқу дегеніміз жазылған не басылған мәтінді, графикалық таңбалар жүйесін дыбыстық тілге кодтау арқылы немесе бірден ішкі сөйлеуге кодтау арқылы мазмұнын ойға жеткізетін жазба тілдің бір актісі. Оқу сатысы әріптерді дыбыстап, бір-біріне тіркестіре айтудан, ежіктеп оқудан басталатыны белгілі. Адам санасында әріптер тіркесі емес, сөз, сөз тіркестерінің **графикалық портреті** орналасқанша, осындай ежіктеп оқу сатысы жүреді. Бір бейнені немесе типтік бейнені қайталап көре берген көз сол образды “суретке түсіріп”, санаға елес ретінде салып қояды. Келесі оқығанда санадағы типтік елес – портрет пен мәтіндегі бейне ассоциацияланып, екі бейне беттесіп, адам ежіктеп оқудан құтылады. Сөйтіп, автоматты оқу кезеңі келеді, бұл іштей көзбен қармап оқуға жеткізеді. Көзбен оқуда оқу темпі ауызша сөйлеу темпімен бірдей болады. **Оқу өрісі** 4-6 сөзден бірнеше жолдарға дейін көре алады. **Қосымша оқу өрісі** сөйлем аяғын, азатжолдың басталуы мен аяқталуын, келесі азатжолдың басталуын көреді. Оқу сатысының едәуір жетілген түрі **динамикалық оқу** деп аталады. Бұл аялық білім арқылы мәтінді тұтас қармап көру негізінде ойды табу үшін негізгі еместерін тастап оқу, мәтінді бұрынғы оқылған мәтіндермен байланыстыра отырып, бір көз жүгірткеннен түсіну, сөйтіп, мәтіннің бүкіл мазмұн әлемін елестетіп оқу болып табылады. Оқу процесі санадағы **графикалық**

ойлау жүйесін қалыптастырады. Қазіргі заманның адамы тыңдауға қарағанда оқуға көп уақытын арнайды. Бұл жазба тіл арқылы ойын сыртқа шығару жүйесінің жетілуіне көмектеседі. Сондықтан көп оқыған адамның **жазу машығы** да тез жетілетіні белгілі. Біз жазба тілді пайдаланғанда оқу процесі нәтижесінде қалыптасқан графикалық ойлау жүйесін қолданамыз.

Оқу процесі графикалық таңбаларды қабылдаудан; оны ішкі тілге аударудан; оны ойдағы таңба эталондар арқылы ойлау жүйесіне апарудан тұрады. Оқығанды түсіну ойлау кодын, бейнелер мен ұғымдар кодын туғызады. Ғалымдар жазба тілдің алдында ауызша тіл емес, ішкі ойлау тілі жүреді дейді.

Жазу дегеніміз ойдағы мазмұнды дыбыстық (фонемалық) код арқылы (бұл жазар алдында ауызша айтып алумен немесе іштей, дауыстамай сөйлеуден көрінеді) графикалық кодқа түсіру болып табылады. **Дыбыстық кодтың графикалық кодқа** айналуын фонема атқарады.

Жазу процесі жазатын ойды іштей жүйелеп алу; ішкі сөйлеуден дыбыстық тілге ауысу, дыбыстық тілден графикалық тілге ауысу; белгілі бір графикамен, керекті каллиграфиямен, графикалық және орфографиялық нормаларды сақтай отырып жазу сатыларынан тұрады.

Жазба тілде ойды білдіру ауызша тілге қарағанда 10 есе жай жүреді деп айттық. Ол ойды эксплицитті түрде дәл, әрі нақты берудің жолын іздеуден шығады. Жоғарыда жазу процесі құрылған сөйлемді оқырман ретінде оқып, қайта жазу, не түзету, артық элементтерді алып тастау сияқты сатылардан тұратынын көрсеттік. Ойдың жазба тіл элементтері арқылы белгілі мәтінге ұйымдасуының сыртында мәтіннің парақ бетіндегі, компьютер экранындағы орналасуы, әріп бейнесі, тарау, бөлім аттарының берілуі сияқты жалпы графика ережесі, әріп таңбалары, фонеманың негізгі реңкін табу, сөздердің бөлек, бірге, дефис арқылы жазылуын, бас әріп, кіші әріп сияқты графика, орфография ережелері және тасымал, пунктуация сияқты тыныс белгілері ережелері бар.

Сонымен, жазуды өз алдына дербес жүйе деп тану, біріншіден, жазба тілде ойды жарыққа шығарудың өзіндік категориялары мен бірліктері, тәсілдері болу керек. Екіншіден, жазба тіл өз кеңістігінде, өз аудиториясы болу керек. Мәтін сол қалпында ауызша тіл аудиториясына жетпеуі, түсініксіз қалуына орай өз аудиториясының болуын, қалыптасуын қалайды. Жазба тілді ау-

диторияда түсіну үшін алдымен ауызша тілге кодтау қажеттілігі шығады. Сонда екі жүйенің өзара кодталу процесінен кейін ғана түсінікті болуы жазба тілдің дербес жүйелілігін танытады. Жазу мен ауызша тілдің екі басқалығын “мойындатпай” отырған тілдің лексикалық деңгейі. Алайда бұл заңды да. Өйткені лексикалық деңгей тілдің мазмұнын көрсетеді, ал осы мазмұн бірліктерін тілді түрлі бағытта, мақсатта қолдануда өзіндік тәсіл, жүйе арқылы жұмсау дербес тілдік таңбалар жүйесін жасайды. Бұл денотаты біреу, бірақ әртүрлі атайтын ұлттық тілдер сипатындай. Ал тіл білімінің зерттеу нысанына қай жүйенің бірлігі алыну керек? Жазба тіл графемасы ма, әлде ауызша тілдің дыбыстық қоры ма? Жазба тілдің морфологиялық көрсеткіштері ғана ма, әлде ауызша тілдің морфологиялық түрленімдері де ме? Лексикология мен синтаксис деңгейлерінің қай жүйедегі элементтері зерттеу нысаны бола алады? Әрине, бұл зерттеу нысанының шегарасын айқындап алуға бастайды. Мұның бәрі жазу заманы, жазудың билігі келген заман болғанын хабарлайды.

Бүгінгі атом дәуірінде, техникалық прогрестің шарықтау шегінде жазба тіл өз функциясын заман талабына сай өтеу үшін, ең алдымен, тұрақтылығын сақтауы қажет. Жазба дәстүрі жоқ жазу коммуникация құралы болудан қалады. Адамның есте сақтау қабілеті естуге (құлаққа) қарағанда көруге (көзге) көбірек табан тірейді. Ал формасы тұрақты жазуды “бір көріп алған көз” автоматты түрде таңбалай береді және санада формасы бар сөзді оңай таниды. Коммуникация тәсілдері автоматтанса, қарым-қатынас жасау жеңілдейді. Осыдан келіп, жазудың болашақтағы бейнесін тануға болады.

3-семинар. Ауызша тілді жазба тілге кодтау процесі

Қазақ тіл білімінде жазба тіл мен ауызша тілдің шегарасы ажыратылмағандықтан, лингвистиканың зерттеу нысаны ретінде жазба тілдің әліпбиі, графикасы, морфологиясы, лексикасы мен синтаксисі танылып келеді. Қазақ тілінің дыбыс құрамы болып әріптер, грамматикалық формалары болып жазба тұлғалар, синтаксистік құрылымы ретінде көркем әдебиет стиліндегі үлгілі мәтіндердің (белгілі ақын-жазушылардың) синтаксисі, әдеби стильдегі лексикалық қор негізге алынып жүр. Осыдан барып сөйлегенде дәл қағаздағы тұрпатындай дыбыстау, жазба

тілдің синтаксистік құрылысын қолдану дегенді қатеге (нормаға) санауға қақымыз болмайды.

Бүгінгі дәуірде әр тілде сөйлейтін адамның санасында нақты бір айтылым және естілім базасы қалыптасып келеді. Егер сөз сол базаға сәйкес келмесе, коммуникация мақсатына жетпейді. Мысалы, орыстілді адамның естілімі сөз ішіндегі бір буынның ерекше айтылуына, қазақтілді адамның естілімі сөз ішіндегі дыбыстардың үндесімділігіне, қытай, кәрістілділердің естілімі сөз тонына бағышталады. Осы естілім базасына сай келмеген сөзқолданыстар санадағы дыбыстық елеске ассоциация бермейді, сөз танылмайды: адам сөз мағынасын түсінбейді. Сол сияқты әр жазба тілдің графикалық, орфографиялық ерекшеліктеріне сай сол тілде жазатын, оқитын адамның санасында **көзшалым базасы** болады. Егер жазба мәтін сол базаға сәйкес келмесе, коммуникацияға кедергі келеді. Мысалы, **азғылынжазулы** адамның көзшалымы сөзді сурет ретінде көруге, **қытайжазулы** адамның көзшалымы сөзді идеограмма ретінде көруге, ал орыс, **қазақжазулы** адамның көзшалымы сөзді әріп тіркесі ретінде көруге бағышталған. Егер көзшалым санадағы графикалық кодты тітіркендіретін реакцияны байқамаса, ассоциация туғызатын форманы жазбаса, не көрмесе, жазба коммуникация жүзеге аспайды. **Естілім мен көзшалым, айтылым мен жазылым** – екі басқа жүйенің процестері, ауызша тіл мен жазба тілдің категориялары.

Біз аузымыздан шыққан сөзді сол қалпы қағаз бетіне түсіре алмаймыз және жазылған сөзді сол қалпы ауызша түрде баяндап бере алмаймыз. Екі тілді өз адресаттарына жеткізетін коммуникация тәсілдері бар. Әр жүйе өз әдіс-тәсілін пайдаланып қана қарым-қатынасын жүргізе алады.

Қазақ жазуында түбір морфологиялық, қосымшалардың және кейбір мағынасы көмескі *қой/гой, гөрі/көрі* шылауларының және мағынасы күңгірт деп танылатын түбір сөздердің фонетикалық принциппен жазылуы ауызша тіл мен жазба тіл арасын айыруға қиындық келтірді. Мектепте тілдің дыбыстық құрамы деп әріп таңбалары, тілдің грамматикалық құрылысы деп жазуда таңбаланатын қосымшалар түсіндірілді. Орфоэпия жазба тілдің фонетикасы толық оқытылғаннан кейін ғана 1-2 сағат көлеміне сыйдырылып түсіндірілді. Одан кейінгі уақыттың бәрінде қазақтілді адам санасында жазба тіл мен ауызша тіл арасы айқындалмай, жазба тіл бірліктері басым сипат алды.

Сондықтан қалай жазылса, солай оқитын, қалай естісе, солай жазатындар көбейді.

Жазудың кодтық сипаты. Біз ауызша тіл мен жазудың екі басқа код екенін, сондықтан әр кодтың өз таңбалары мен тәсілдері болатынын мойындағанда ғана екі коммуникацияны өз мәнінде толық пайдалана аламыз. Ауызша тіл мен жазба тілдің екі басқа “дүние” екенін көрсету мақсатында **кодталу, қайта кодталу, кодталу мүмкіндігі** деген мәселелерді қарастырудың қажеттілігі бар.

Біз проф. Ә.Жүнісбектің **айтылым және естілім құрағы** деген ұғымдарына сай **жазылым мен оқылым құрағы** терминдерін ұсына отырып, екі тілдің құрақтарын алмастыру арқылы ғана коммуникация жасау мүмкіндігі болатынын көрсеткіміз келеді.

Жалпы, код, кодталу ұғымы әдебиеттерде “әртүрлі информация беруге, өңдеуге, әрі сақтауға арналған шартты белгілер жүйесі”, “кейбір объектілерді конструктивті жүйе объектілеріне айналдыру”, өзара келісілген белгілі бір шартты таңбаларға қандай да бір мағынаны сыйдыру деп түсіндіріледі. Сондықтан кодтау алғашында криптографияда (жасырын хабарлар жіберу теориясы) қолданылды, кейін ақпарат теориясына ауысты. Қоғамдық өмірде де әртүрлі кодтар жүйесі пайда бола бастады. Мысалы, 1872 жылы ең алғаш Ұлыбританияда пайда болған телеграф коды аз таңбаға ұзақ сөйлемдерді сыйдырып, қарым-қатынасты жеңілдетті. Код қандай жағдайда болсын таным процесіне араласатындықтан түсінік, ой, ішкі ой, кодталу туралы ғылыми әдебиетте айтылады. Мысалы, Н.И.Жинкин адам ойы ішкі сөйлеуге ауысқанда “заттық-бейнелік” код пайда болады, ал ол сыртқы сөйлеуге (экспрессивті сөйлеу) ауысқанда ауыз қимылының коды болады. Сонда экспрессивті сөйлеу – бірінші, ал тілдік, әріптік код – екінші деді. Сөйтіп, жазу мен тіл бір деңгейдегі код түрі ретінде қарастырылды. А.А.Залевская жазылған сөзді дыбыстап немесе іштей оқып, мағынасын қабылдағанға дейін бірнеше код ауыстырылады, мағынаға түсіну әр адамның ұлттық тілі арқылы жүрмейді, саналы адамның өзі жасайтын ерекше бір тілде жүреді деді.

Сонымен, жазу тарихындағы идеограммалар мен логограммалар, силлабограммаларды, әріптерді кең мағынада алғанда код жүйесі, қоғамдық ортақ шарттылық нәтижесі деуге тұрады.

Жазуды ауызша сөйленген сөзді кодтаушы, ал әліпбиді код-

ашқыш, әріптерді код символдары деп алу, жазудың өз алдына дербес таңбалық жүйе, жеке тіл екенін білдіреді. Жазуды код түрі етіп алу ең бірінші, бейтаныс графикамен жазылған мәтінді оқу, бейтаныс алфавитті меңгеру барысында әріп таңбалардың мазмұндық мәнін көрсету үшін керек. Және, ең бастысы, адам санасындағы қарапайым түсініктен бастап, ұғымға дейінгі, ұғымнан сана, ішкі ойлау (тіл) сыртқы ойлау, сөйлеу, тілдік жүйеге дейінгі аралықтардың параллель жүйелер екенін білдіру үшін қажет.

А.А.Реформатский жазба тілдегі азатжол, босаралық, босаралықсыз, көп нүкте, қос нүкте, әріптің астын сызып, не курсивпен беру, тырнақша ауызша тілге кодтауға келмейді және керісінше ауызша тілдегі интонацияның жазба тілдегі таңбасы жоқ, себебі мұнда өзара беттеспейтін, параллель жатқан екі жүйе бар деген.

Ал жүйе дегеніміз – айналасындағы басқа бірліктер арқылы жеке бірлік анықталатын бірліктер жиынтығы. Жүйе – бір-бірімен байланыстағы, қатынастағы элементтердің жиналып келіп, белгілі бір бүтінді, бірлікті құрауы. Жүйе болу үшін таңба жиынтығы болу керек. Таңба болу үшін белгіленуші, белгілеуші және оның арасында шартты байланыс болу керек. Тіл – таңба. Таңба басқа бір белгілі заттың, ерекшеліктің қатынастық өкілі ретінде көрінетін, сақтауға, қайта жасауға, хабар беруге, қол жеткізуге арналған материалды құбылыс.

Осы таңбалардың жүйесі бір-біріне аударыла алатын болса, ол кодталу дегенді білдіреді. Сонда адам ойы таңба бола алмайды, өйткені оның екі жағы жоқ, тіл санадағы ойды өзіне кодтап, таңба бола алады. Ішкі тіл сыртқа ойын шығарғанда, ол сыртқы тілдің (белгілі бір тілдің біреуімен, мысалы, ағылшын тілі, қазақ тілі т.б.) таңбалар жүйесіне кодталады. Ол процестің күрделілігі сондай кейде ішкі, табиғи тілдің (тілдік сананың) таңбасын сыртқы тіл көбінесе дәл кодтай алмай жатады. Ал сыртқы тіл ауызша сөйлеуге кодталғанда ішкі тілді дәл бере алмай жатса, жазба тіл сөйлеуді толық кодтамай өзге таңбалар жүйесін құрайды. Сондықтан И.Жинкин “Ойды білдіру құралдарының бірін алып тастау не қосу жаңа тіл жасайды” дейді.

Екі тілдің кодталу процесі. Сонымен, ауызша тіл мен жазба тіл ойды сыртқа шығарудың екі түрлі код жүйесі болып табылады. Жалпы тіл білімінде жазу мен ауызша тілдің параллель жатқан екі код жүйесі екенін А.Макинтош, В.Хаас, Л.Ельмслев,

А.Мартине, А.Е.Кашеварова, Л.Заводовский сынды зерттеушілер айтты. А.Макинтош жазба тіл мен ауызша тіл бір-біріне қиыспайтын параллель жатқан жүйе және тіпті біреуінде бар дүние екіншісінде қайталанбайтын ерекшелігі бар параллель деді. В.Хаас жазу мен сөйлеу арасын екі түрлі тіл арасы іспеттес қарау керек. Біреуінен екіншісіне аударма жасағанда барлық уақытта сәйкес түсе бермейді және кейде аударылмайды деді. Л.Ельмслев тілді семиотика деп, басқа семиотика сияқты ол да аударылады деді. А.Мартине, А.Е.Кашеварова, Л.Заводовский жазу код, ол шартты, конвенционалды жүйе оның қасында басқа код жоқ, тек тіл бар деді. Ф.В. Хаусхальдер жазба тілді ауызша тілге айналдыру керісінше айналдыруға қарағанда оңай және ережелері аз болып шығатынын айтты (Мәліметтер Т.А.Амированың “К истории и теории графемики” атты кітабынан алынды).

Л.В.Зиндер: “Жазу акустикалық сигналды оптикалық сигналға айналдыратын код түрі ” деген. Ғалымдар егер жазу мен ауызша тіл бір десек, олар пайда болу мерзімі мен физиологиялық базасы жағынан өзгешеленеді, егер жазуды сөйлегенді сол қалпында қағазға түсіру құралы десек, жазу сөйлеудің барлық қалтарыстарын қайталай алмайтыны және қайталауға көнбейтіні белгілі деді. Былайша айтқанда, адам санасында туған ұғым, түсінік, ой, пайымдаулар – барлығы бір мезгілде сол санадағы бейнесіндей сыртқа шығып, сөзге айнала алмайды, сөзге айналатындары сана мен тіл арасындағы “өткізгіш-сүзекіден” өткен, дәлірек айтқанда, өте алған, сөзге аударыла алған бейнелер болады.

Сол сияқты ауызша тілден жазуға сатыланғанда сүзекі жоғарыдан тарыла бастайды. Ішкі сөйлеудегі жүйесіз құрылым қалыпқа түсіп, стандартталуы жазба тілде мықтап жүзеге асатыны сондықтан. Бір қарағанда ауызша сөйлеуді біраз меңгерген бала мектеп табалдырығын аттап, сауат ашқанда жазба тілді оңайлықпен игере қоймайды. Әріптерді дыбысқа айналдырып, буын құрай алмай, буынды сөзге “айналдыра алмай”, едәуір қиналады. Ал естіген сөзді әріптер арқылы құрастырып, таңбалауды сауатты түрде меңгеру ұзақ уақытқа созады. Сөзді буынға жіктеп, тұтас оқу қиындығы белгілі. Былайша айтқанда, өз тілінен басқа екінші тілді үйренудің қиындығы сияқты. Кезінде Х.Досмұхамедұлы “нағыз орыс көбіне жасында үй ішінде үйренген тілімен сөйлейді, оқыған түріктер орыстың әр

дыбысын ішкөлде үйренген қалпымен айтады. Сондықтан орыс ішкөлде қатар оқыған орыс, қазақ балалары диктобке жазғанда қазақтар хатасыз жазады, орыстар хатамен жазады” деген болатын. Бұл ауызша тілді жасынан меңгерген бала сол тілдің жазуын меңгергенше екінші тілді үйренгендей болады, ол тілдің жазба формасын меңгеруге де көп уақыт керек болады дегені. Сондықтан да шет тілін тілдік ортасыз, кітап оқу және жазу арқылы үйреніп алдым деуге болады, бірақ тілдік ортаға түскенде жазу мен ауызша сөйлеу арасында сәйкеспейтін параллелдердің көптігіне көзің жетеді.

Жазуды меңгеру сауатты жазумен ғана шектелмейді. Онымен қоса ауызша сөйлеу мәнерін де жазба мәтінге лайық сөйлеу нормасына “айналдырып” үйрену керектігі шығады. Ауызекі тілде толымсыз, жақсыз, жалаң сөйлемдер, қарабайыр сөздермен, экспрессивті сөздермен, кинесикалық амал-тәсілдермен ойын жеткізіп, үйреніп қалған бала жазба мәтін арқылы ойын қалай берерін білмей қиналады. Жазба дәстүрді игеруге уақыт көп кетеді. Ауызша құрған ой жазба мәтінге “аударылып”, мәтін сөзге аударылып қана түсінікті болады. Бұның ең қарапайым мысалы ретінде бастауыш сыныпта оқитын баланың оқулықтардағы мәтінді қабылдай алмай үлкендерге түсіндіріп беруін сұрайтынын айтсақ та жеткілікті. Л.В.Щерба: “Кез келген мәтінді түсіну үшін алдымен оны сөйлеу тіліне аудару керек ” деген.

Қазақ тіл білімінде әр тілдің өз нормасы мен жүйесі болатынын, сондықтан оларды бір-біріне айналдырып алып қолдану керектігін ең алғаш айтқан ғалым – профессор Р.Сыздық болады. Ғалым жазба тіл мәтінін сол қалпы қайталамай, сөйлеу тезіне салып оқуды қадағалайды.

Жалпы, жазба тілді ауызша тілдің тезіне салу, жазба тілді сөйлеуге кодтау дегеннің негізінде не жатыр? Кодталу мүмкіндігі немесе кодталынбау деген ұғымдар нені білдіреді? Біздіңше, бұл процестің теориялық та, практикалық та қажеттілігі болады. Теориялық маңызына екі тілдің форма не норма емес, екі түрлі семиотикалық жүйе екенін, әрқайсысының коммуникация жасауда өз әдіс-тәсілдері бар екенін пайымдау жатады. Ал практикалық маңызына мәтінді жазба тілдің тезіне салып оқу немесе жазба тілдің тезіне салып құру, сөзді ауызша тілдің тезіне салып айту және сөйлеудің тезінде қабылдау (есту) (нормасыздық деп танымау) жатады.

Ауызша тілдің жазба тілге кодталу сатылары. Сонымен,

ауызша айтылған белгілі бір ақпарат (ол не хабар, не ой болуы мүмкін) жазба тілге қалай кодталады? Процесті түсіндіруді оңайлату үшін дыбысталған мәтінді жазба мәтінге кодтау сатысын көрсетейік. Мұнда ауызша әңгімеленген оқиғаны тыңдап алып, қағазға түсіру процесі негізге алынады.

I кезекте ауызша айтылған ойдың жалпы мазмұны, оқиға не ақпараттың мәні екшеледі, яғни мәтіннің тілдік, грамматикалық ерекшеліктері, ақпарат жеткізудегі тілдік тәсілдері назардан тыс қалып, алдымен оқиғаның мазмұны туралы түсінік қалыптасады. II кезекте ауызша тілдің синтаксистік жүйесін жазба тілдің синтаксистік жүйесіне айналдыру тұрады. Адам миына келіп түскен ақпараттың оннан бірі ғана санаға қабылдануы мүмкін. Бірақ ол тілге кодталғанда ақпарат көлемі ұлғайып кетеді екен. Себебі оған ұғымдық жүйедегі ақпараттар қосылады, сондықтан адам ол информация туралы анығырақ біледі. Ауызша тілдегі осы ұлғайып баяндалған оқиға жазба тілге кодталғанда өзгеше синтаксистік құрылымға ие болады: вербалды емес құралдар вербалданады, сөйленімдегі жасырын мазмұн тілдік тәсіл арқылы эксплициттенеді, сөйлем құрылысы негізгі мағынаны нақтылауға ұйымдасады. Айтылымда сөйлеуші тура байланыстағы тыңдаушының қабылдау психикасы мен тезаурусына, перцепциялық қабілетіне сүйеніп, алдыңғы орынға маңызды информацияны алып, сөздің қалған бөлігін соған қызмет еткізсе, жазуда бұл сөйлем соңында жүреді. Просодикалық құралдардың күрделі жүйесі пайдаланылған ауызша тілдің мазмұны жазба тілде тілдік тәсілдерге көшуіне тура келеді. Мысалы, *[ол гезде гайда-а-а]* *Сіздің бұл пікіріңізбен / мен қосұла алма-а-айм, себебі бұл баяғы гезден, қазіргігез өзгеше, баяғы көшеге шығып, көрінген тастың үстіне шығып айғайлап, немесе жаңағы байбалам салатын уақыттан өттік. Қазіргі гезде заң талаптарын, заңды түрде талап етіп, заңымыздың жүрмей жатқан жерлерін зерттей отырып / мына жер жүрмей отыр, мынадай жаңағы құқықтық базасы жетілмеген деген сияқты нақты мысалдар арқылы, нақты ұсұнұстар арқылы ғана қолымыз жетет. Бұрұңғыдай бос айғай бізге қазір ешқандай табыс әкеле қоймайды деп ойлайм.* (Қазақ радиосы. Сұқбат.) деген сөйленімде *қосыла алма-а-айм, гайда-а-а-а, баяғы гезден, заң талаптарын, заңды түрде, заңымыздың жүрмей жатқан жерлерін, нақты мысалдар, нақты ұсұнұстар* деген сөздер жоғары тонмен, басыңқы дикциямен айтылған, бұл сөйленімдегі негізгі айтайын

деген ойдың акценттілігін танытқан. Алайда жазба тілде сөздің бұл прагматикасын беру мүмкіндігі болмайды.

Жалпы, қазақ тіл білімінің басқа деңгейлеріне қарғанда сөйлеу синтаксисі ғалымдар назарына көбірек ілінді. Ол көркем әдебиет тілін зерделеу, шығарма кейіпкерлерінің сомдалуын баяндау, диалог сипатын анықтау сияқты әртүрлі мақсатта қарастырылды. Және әдеби тілге оппозиция құрайтын сөйлеу тілі ретінде зерттелді. Бұл бағытта профессор Р.Әміровтың “Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшелігі”, және “Қазақ әдеби тілінің мәселелері” атты авторлар ұжымының еңбектері бар. Алдыңғы еңбекте зерттеу материалы ретінде диалог мол ұшырасатын Б.Майлин шығармалары көбірек пайдаланылса, соңғы еңбекте жазба тілге тән үйірлі мүшелердің, қыстырма сөздердің, оңашаланған айқындауыштардың сипаты әңгіме болды. Біз құрмалас сөйлемдердің шоғыры тек жазба тілде көп екенін білеміз. Алайда жазылған мәтінге табан тірмей сөйленген шешендік сөздерде де құрмалас сөйлемдер кездесетінін көруге болады.

Сонымен, жазба тілдің бір ерекшелігі және қиындығы ойды сыртқа шығаруда, ақпарат беруде тілдік бірліктерді көп қолдану, содан барып, мәтіннің үлкен, сөйлемдердің ұзақ болып кетуі болып отыр. Бұл берілген ой немесе ақпараттың тез ұғынылуын қиындатады. Және уақытты алады. Сондықтан жазба тілдің осы кемшілігін жоятын амал-тәсілдер пайда болуы мүмкін бе? Соңғы уақытта графикалық кодты жетілдіру мақсатында жазуды қысқарту, аз таңбаға көп мағына сыйдыру, жазу уақытын үнемдеу, жазу биомеханикасы, буын арқылы жазу, стенографиялық жазу туралы мәселелер көтеріліп жүр. Сондай-ақ, интернет кеңістігінде хат жазысудың узуалды түрлері пайда бола бастады. Қалыпты нормадан ауытқыған жазу нормасы, жазудың телефон қызметінде жұмсалуды, ауызша тілге жақындауы, әсіресе ағылшын, француз жазуымен берілген ақпарат алмасуларында көп екен. Мысалы, француз тілінде 80%, ағылшын тілінде 70%, орыс тілінде 50%, кездеседі екен.

Қалай сөйлесе солай жазылған мәтіндер, былайша айтқанда, телефонның функциясын атқарады. Адам сөйлесіп отырған адамын көрмесе де, дауысын естімесе де, оның қалай сөйлесе, солай жазған мәтініне қарап дауысын естігендей болады. Сөйтіп, жаңа қатынас жүйесінде ауызша тіл мен жазу өзара беттескендей болады. Интернет арқылы коммуникация жасаушылар үшін

ой мен оның жазба көрінісі синхронды. Бүгінде мәтіннің жалпы сипаты да өзгеру үстінде. Оған тағы ғылым мен техника прогресі, әсіресе интернет кеңістігі себепкер болып отыр.

Сөйтіп, ауызша тіл синтаксистік құрылымын, жазба тілдің синтаксистік құрылымына көшіруде грамматикалық тәсілдердің жүйеленуі; сөйлем мүшелері байланысының жүйеленуі; басы артық, ақпарат бермейтін бірліктерді қысқарту процестері орын алады.

II кезекте сөйлемді таңбалау үшін дыбысты әріпке айналдыру процесі жүреді. Ол үшін: I. 1) Дыбыстық құрақты әріп құрағына айналдыру, айтылған дыбыс түрленімінің негізгі реңкін тану – дыбысты фонемаға айналдыру, 2) фонеманың тілдік санадағы графикалық ассоциациясын – графемасын табу, 3) графеманың жазу контексіне сай әріп түрін жазу (баспа, жазба әріп, бас әріп, кіші әріп, идеографиялық сипат), 4) сөйлемнің прагматикалық сипатына сай әріптің майлы, ашық, курсив, бояулы түрін табу. III кезекте ауызша тілдің лексикалық жүйесін жазба тілдің лексикалық жүйесіне кодтау. Проф. Т.Әміров ауызекі сөйлеу тілінің лексикасында өзгешелік барын айтқан. Ауызша тілдің мағыналық құрылымын түсінуге жағдай, тілдік орта, тілдесушілердің аялық білімі, танымы, ым-ишара, мимика, интонациясы мүмкіндік жасап, диалог ішіндегі әрбір лексема сөйлеушінің ұсынып отырған мағынасында (кейбір тілді дұрыс білмейтіндердің арасында болатын ерекше жағдайларда болмаса) ұғынылады, тыңдаушыға сол мағынасында жетеді. Сондықтан ауызша тілде сөздер тура мағынасында қосымша анықтауыштарсыз қолданылады. Ал жазба тілде әрбір жазылған сөз көбінесе өз бойындағы бүкіл мағыналық белгілерімен қоса ұғынылып отырады да, жазба тіл жайылма сөйлем, сабақтас құрмалас, аралас құрмалас сөйлемдерге ұласып кетеді. Ауызша тілдің сөздік қоры үнемі мағыналық жылжуда болады. Әр тілдік жағдаятта белгілі бір лексеманың бойына жаңа мағыналық реңк жамалуы мүмкін. Оны тілді тұтынушы да, сөйлеуші де байқамай қалуы ғажап емес. Және оның тілдік жүйеге айналуына да ұзақ мерзім керек болады. Бірақ бұл тұрғыдан жазба тілдегі лексикалық бірліктердің мағынасы тілдік бірліктің өзімен сәйкеседі де, екеуі бір бүтін болып, ауызша сөйлеу тіліне оппозиция болады.

Ауызша тілді жазба тілге айналдырудың лексикалық деңгейінде 1) денотат, сигнификаттардың жазба тілдегі атаулық нор-

маларын екшеу; 2) жаргондық сөзқолданыстарды әдеби сөз вариантына айналдыру; 3) жергілікті, қарапайым, ауызекі сөйлеу элементтерін әдеби тілдегі баламасына көшіру; 4) ауызша тілдегі қысқа аталымдарды жазба тілдің тіркесті толымды аталымына айналдыру (*біздің гимн – ҚР гимні*) процестері жүреді.

Ауызша тілде кенеттен пайда болатын формалар, жаңа сөздер мен қолданыстар жазба тілде редуциялануы немесе лексикалық нормаға сай берілуі мүмкін. Академик Л.В.Щерба стандарт құрылымнан, әдеби сөздерден ауытқыған сөздер мен құрылымдарды тыңдау керек, зерттеу керек, өйткені ол тілдің даму бағытын көрсетеді деген. Күнделікті өмірдегі ауызша сөйленістерден көптеген бейнормалықты көруге болады. Ол нормасыздық деп тауып отырғанымыздың көбі кейде жазба тіл үшін ғана болып шығады, ал ауызша тілдің сөйлеу нормасына сәйкес келеді. Оны тыңдаушы да, сөйлеуші де қате деп таппайды. Ондай жағдайлар, негізінен, ойды тезірек, асығыс сыртқа шығаруға ұмтылудан туындап жатады. Ауызша тіл спонтанды құбылыс, онда қарым-қатынасты қарапайымдандыру, жеңіл, оңай ету жағы көбірек қарастырылады. Н.Хомский өлі тілдің ғана жазуынан құрылым табуға болады, ал тірі тіл жанды сөз, сондықтан тіл құрылымын табу қиын деген.

Не себептен жазба тіл әдеби норма элементтеріне сай болу керек. Өйткені жазба тіл ауызша тілдің элементтерімен сөйлесе, мәтіннің коммуникация жасау күші әлсірейді. Оны графикалық ассоциацияда қабылдайтын сана жазба тіл ретінде танымайды.

IV кезекте ауызша тілдің морфологиялық жүйесін жазба тілдің морфологиялық жүйесіне кодтау процесі жүреді.

1) ауызша тілде сөздер бір-бірімен семантикалық жағынан күшті байланыста болады. Вербалды емес коммуникация тәсілдері (мимика, жест, интонация, пауза, ситуация т.б.) сөздердің грамматикалық формасыз байланысуына түрткі болады. Сондықтан ауызша тіл вербалды емес тәсілмен берілген мазмұнды тілдік элементтермен бергенде сөздердің логикалық, семантикалық, жасырын байланысы жазба тілде вербалданады. Ол грамматикалық формалардың кеңінен қолданылуына, синекдохалық метонимиялық қолданыстардың грамматикалануына бастайды (*Алматыда – Алматы қаласында, бізде – біздің елімізде, оларда – Қырғызстан жерінде*). Ауызша тілде әсіресе етіс формаларының, ілік септік пен табыс септік жалғауларының жалған қолдануын байқауға болады. Бірақ сөйленім сонда

да коммуникантқа түсінікті болады. Алайда оны жазба тілге грамматикалық формаларсыз немесе жалған нормамен қолдану арқылы кодтау жазба тілдің мәтініне кедергі келтіретін сөзсіз.

Сондай-ақ ауызша тіл жүйесінде жиі көрінетін формалардың дыбыстық варианттары (мысалы, көптіктің **-лар, -дар, -тар**, септіктің **-нұң, -нүн, -дүн, -түн**), қысқарған формалар [*барам*], [*бересаи*], [*кетчей*] жазба тілде инвариант формаларға айналады. Проф. Р.Әміров жазба тілге қарағанда ауызша тілде септік жалғауы көп қолданылады деген тұжырым жасаған: *берілгендіктен – бергеннен соң, айтылғанмен – айтылса да*. Сондай-ақ М.Исаев *аналарым* деген қалыпты норманың орнына *анамдар, акеңдер, жездемдер* деген сөйлеу тілінің элементтері шыға бастады деген. Ал II жақ жалғауының бүгінде әдеби тіл нормасы саналып жүрген **-сын, -сің** варианты сөйлеу тілінен енген формалар болып шыққан.

Сонымен, ауызша тілдің барлық деңгейлері жазба тілге кодталғаннан кейін, жазарман енді өзі құрған мәтінін оқып, қайта өзіне қабылдау сатысына келеді. Өйткені қайта оқу жазарманның мәтінді жазба тілдің тезіне салып қабылдауына, графикалық мәтіннің орналасуынан бастап, азатжол, тыныс белгі, қаріп түрлері, әріп таңбаларына дейін, енді оқырман “рөлінде” жазба тілдің жүйесімен қабылдауына мүмкіндік береді. Бұл – жазба жүйеде ақпараттың дәл жетуін қалайтын жазарман позициясын ескеруден шығатын соңғы акт. Ол стильдік өңдеу, редакторлау, толықтыру, жөндеу жұмыстары дегенге саяды. Стильге салу жазылған ойдың оқырманға тез, дәл, нақты жету жолдарын қарастыру.

Сонымен, бұл ауызекі сөз \Rightarrow ауызша тіл \Rightarrow жазба сөз \Rightarrow жазба тіл бағытындағы кодталу сатылары болып табылады. Көрсетілген процесті сауатты адамның барлығы жақсы меңгере бермейді. Мұнда жазба тілдің нормасын меңгерген жазу шеберлігі қажет. Бұл деңгейдегілердің санасында ауызша тілге қарағанда жазба тіл жүйесі басым орналасады.

Енді **жазба тілдің ауызша тілге кодталу сатыларын** көрсетейік.

I. Мәтінді оқу. Ол екі түрлі болуы мүмкін: 1) Көзбен қармап көру арқылы графикалық контексте түсіну, яғни іштей оқу. 2) Дауыстап оқу. Мұнда әріп санадағы графема-фонема жүйесімен ассоциацияланып, сыртқа дыбыс реңктері болып шығады. Әріп дыбысқа айналады.

II кезекте жазба тіл жүйесінде берілген ойдың мазмұндық жағы екшеледі. Оқырман санасында ақпараттың негізгі мәні түсінік ретінде қалыптасады. Түсінік ойлау және пайымдау арқылы тілдік санаға елес болып түседі.

III кезекте осы ой мен пайымдау көрінісін сыртқа ауызша тіл жүйесі мен тәсілдері, бірліктері арқылы шығару тұрады. Яғни жазба тілдің графемдік жүйесі ауызша тілдің дыбыстық жүйесіне, жазба тілдің синтаксистік, морфемдік, лексикалық деңгейі ауызша тілдің өзіндік деңгейлері тәсілдеріне кодталады. Мәтіндегі мазмұн ауызша сөзге әсерлі, дәл, нақты болып кодталу прагматикасы қарастырылады.

IV кезекте ауызша тіл жүйесімен дыбыстық тілге кодтау орын алады. Ол екі түрлі болуы мүмкін: еркін және жазба тіл құрсауында баяндау. Біріншісінде ауызекі сөйлеу элементтері көп, синтаксистік құрылым нормаға сай емес, тосын құрылымдар болады, бірақ сөйленім аудиториясына түсінікті келеді. Екіншісінде, жазба тіл жүйесі сақталады. Жазба тілдің синтаксистік құрылымында баяндау лексикалық, морфемдік деңгейін ауызша тілге кодтамау жаттанды әсер қалдырады: ақпарат әсер етпейді. Өйткені, әріп фонема арқылы танылып, дыбыс қорына айналғанмен, яғни ауызша тілдің орфоэпиялық нормасы сақталғанмен, жазба тілдің басқа деңгейлері ауызша тілдің тезіне салынған жоқ.

Сондықтан, әр тілдің өз жүйесі мен бірліктерінде, нормасы мен заңдылықтарында берілмеген ой адресатына жетпейді. Ауызша тілде – дыбыс, дыбыс тіркесі үндесім, үйлесім заңы, тон, екпін, интонация, мимика, кідіріс, логикалық екпін; жазба тілде – әріп, бас әріп, кіші әріп, азатжол, босаралықсыз, босаралық, қосаралық, тыныс белгілер графикалық, орфографиялық, орфоэпиялық ережелер әр жүйенің өзіндік коммуникация тәсілдері мен бірліктерін көрсетеді.

Пысықтау сұрақтары:

1. Тілді ауызша тіл мен жазба тілге бөлудің себебі неде?
2. Тілді таптастырудың жазба тілге қатысты жүйесін көрсетіңіз.
3. Жазба тілді меңгеру сатыларын көрсетіңіз.
4. Ауызша тіл мен жазба тіл арасында қандай аралық тіл бар?
5. Не себептен ауызша тілдің өзіне тән ерекшелігі айқындалса, жазба тілдің белгілері екшеледі?
6. Ауызша тілде сөз экономиясы не себептен болады?

7. Жазба тілдің өзіндік белгілерін көрсету үшін ауызша тілдің ерекшеліктерін табудың себебі неде?
8. Жазба тілдің өзіне тән ерекшеліктері қандай?
9. Ауызша тілдің өзіне тән ерекшеліктері қандай?
10. Жалпы графикалық ерекшелік, графикалық және графемдік ерекшеліктерге не жатады?

Оқуға арналған материал

Жазудың тілдік жүйегі әсері

Біз жоғарыда тілдің жүйесі мен құрылымы ретінде жазба тілдің деңгейлері нысанға алынып келгенін айттық. Жазба тілдің нормасы болып табылатын бірліктер мен конструкциялар жалпы тілдік жүйенің нормасы болып есептеледі дедік. Жазудың ойжасам қызметі, жазу арқылы ойлау, жазба тілдің айқын жүйесі жалпы тілдің жүйесі мен құрылымына әсер еткені сөзсіз. Сондықтан бүгінгі күн тұрғысынан жазба тілді меңгерген/меңгермеген коммуниканттардың ауызша тілдегі жүйелілік дәрежесін анықтаудың қажеттігі бар.

Бодуэн де Куртенэ тілтұтынушыларды үш сатыға бөлген. I сатыға сөйлеуді енді үйрене бастағандар, мысалы балалар тілін немесе бөтен тілдік ортаға түскен адамдар тобын жатқызады. Ол топ сөйлеуге белсенді араласа алмайды, яғни “т.е. пока в их головах не будут насажены живые представления данного языкового мышления, сопровождаемые автоматизмом обнаруживания этих представлений в случае общения с другими индивидами”.

II сатыға айту, есту мүшелері мен түсініктері арқилы белсенді сөйлесе алатындарды шығарады.

III сатыға әрі сөйлей, әрі жаза алатын, оқу-жазу түсініктері бар сауатты адамдарды топтастырады. Алғашқы топ басқаны түсіне алғанмен, өздері сөйлей алмайды, ортаңғы топ оқи алғанмен, жаза алмайды, соңғы топ оқи да, жаза да алады. Ғалым осылай топтастыра отырып, әр топтың өзіне тән ерекше психикасы, тілді қолдану, тілді түсіну жағынан айырмашылығы болады дейді. Сөйлей алатын адамның жады тек айту-есту түсініктеріне табан тірейді дейді. Жазу мен тіл арақатынасы тек сауатты адамның психикасына, яғни жазу-көру, айту-есту түсініктері бар адамның психикасына қатысты дейді.

Осы таптастыруға сай, біз үш түрлі дәрежеде сөйленген мәтіндерді аламыз. Мұның біріншісі (I-мәтін) – 5 кластық білімі

бар, жазылғанды ежіктеп оқи алатын, ата буын өкілі, 70 жастағы қарияның сөзі, екіншісі (II, III, IV-мәтіндер)– 11 сыныпты бітіріп келген, көркем әдебиет, публицистикалық жазу стильдерін шамалап меңгерген, санасында ауызша тіл жүйесінен гөрі жазба тіл жүйесі басым, көпшілік ортада әдеби стильде сөйлеуді басты мақсат еткен ЖОО-ның I курс студенттерінің сөзі. Үшіншісі (V-мәтін) – жазба тілде ойын білдіруге төселген, жазуға машықтанған жазба тіл “шешендерінің” сөзі.

I мәтін: *1940 жылы наурызда Қытайда тудым, кедей шаруада, 5 кластық орыс класын бітірдім, шешеміз сол жақта қалды, әкеміз үлкен сол. Елдің бәрі жапа-тармағай аштық. Аш болды, сотталуын соттап, жұмыс жоқ. Сонда шешем жарықтық, қашипақшы болыптыз. Ақыры 1955 жылы... Одан Павлодарға келдік. Оларда баяғы сол жұмыс. Өз шешеміз сол жақта қайтыс болған. Сол Зайсанда тұрдық көбінде. Сонда еркек балдар құсап, бригадир етіп қойған. Жұлысады екем сонда. Пысық болдым. Екі жылдай көрмеген азап көрдім ауылда, ағам айтады сөйтіп жүрдім деп. Сыырды қосып келем, 5-те тұрып ап. Жылап келеді, жесір әйелдер. Бір-ақ рет көмектесті, сонша жыл жақсылық істегенде.*

II мәтін: *Студенттік шақ деген ол өзі бір өзгеше болып келеді. Мен алғаш рет осы университетке 1 сентябрь күні келдім. Бізде сол күні семинар болады/ собрани болад деп айтты. II ол кезде мен келгенде дайындалып шыққанның өзінде өзгеше әсер, сезім пайда болады адамда. Алғашқы оқушылық кездерде біз ақ кофта, қара юбка киіп, қолымызға гүлімізді алып, барлығын танимыз. Сол күнделікті, ылғи жыл сайын барып жүрген мектепке сол қалыптасқан әдет бойынша баратынбыз. Және де өзім көптен бері көрмеген сыныптастарымызды кездестіріп барлығымыз қуанып, мәре-сәре болатынбыз. Ал бұл жолы келгенде әркім өзбетінше жан-жақтан келген. Барлықтарында өзіне деген бір жауапкершілікпен, сенімділікпен келеді. II мұның, бұл оқушылық сәттен өте жоғары тұрады. Себебі, қаншама, мысалы, біздің өзіміздің группаны көптен алатын болсақ, көптеген 80 проценті әр қаладан келген, олардың өздері де бірінші рет, мысалы, ата-анасының қасында болып үйренген, бірінші рет сыртқа шығып тұр. Оның өзі адамға өзгеше әсер береді.*

III-мәтін: *Бұл кісі (Ә.Сәрсенбаев туралы) о баста ата-анасынан алған тәрбиесінен өзгерген адам емес, ол соғысты көрдім деп, қатыгездік те әкелген жоқ. Кісі өлімін көргенін де басқаға*

көрсеткен жоқ (А.Бақтыгереева (ақын), *Қазақтан-1 телеарнасы*. 26.02.06.).

IV-мәтін: Мынау басында тақырыбы тары деп бекіткенде, ұсынғанда ойлап едік, бір тарыдан не шығады, оның ар жағында не болуы мүмкін деп. Бұл э-э-э, диссертацияның да, авторефераттың да кіріспесінен байқалып отырғандай, бұл үлкен ғылыми, әлеуметтік маңызы бар тақырып болып шығып отыр. Әсіресе мынау заманда қазақ тілінің ары-бері болып тұрған кезі, аяғынан әлі қаз тұра алмай тұрған кезі, қазақ халқының аяғынан қаз тұрып, ілініп кете алмай тұрған кезінде зәруліктен, содан туындап отырған тақырып екен деп ұқтым мен (профессор Ә.Жүнісбек).

V-мәтін: Жалпы, қандай ауру болса, алдын алып, асқындырмай, мүмкіндігінше ерте, соның диагнозын қойып, емдеген дұрыс. Ол қандай ауру болса да, мысалы, хирургиялық немесе соматикалық ауру болса да. Ал енді жұқпалы ауруларға келетін болсақ, оны ерте қараудың, ерте емдеудің маңызы бар. Себебі, бұлар жаңағы өзінің атына сәйкес жұқпалы аурулар. Демек, егер осы ауру пайда болса, ол екінші адамға, сау адамға, әсіресе мынау, бір жанұяда, бала-шағаға тағы да басқа қарым- қатынаста болған сау адамдарға жұғады. Сондықтан жұқпалы ауруларды неғұрлым ерте анықтап, ерте дәрігерге қаралып, ерте ем қолданса, бұл ең дұрыс жол. Бұл жұқпалы ауруларға мемлекет тәрпынан үлкен көңіл бөлінеді. Сондықтан жұпалы ауруларды емдеу ақысыз. Сондықтан неғұрлым ерте қаралып, ерте тексерілсе, ол жақсы болар еді (Радиодан тыңдалған хабар).

Мұндағы негізгі акцент – ойын жазба тілде білдірмейтін қарияның сөзі, жазба тілді дұрыс меңгермеген студенттің сөзі және жазба тілді толық меңгерген, жазба коммуникацияны өз иелігінде жұмсай алатын (ақын, журналист, ғалым, маман) субъектілердің сөйлеу мәтініндегі айырмашылықтарды көрсете отырып, тілдің синтаксистік, морфологиялық, лексикалық, фонетикалық деңгейін коммуникация барысында немесе ойын жарыққа шығару үстінде қаншалықты жүйелі, орынды қолдана біледі, соны аңғару. Бұл арқылы жазба тілді **төмен, орта, жоғары дәрежеде** меңгерген субъектілердің қайсысында мәтін жүйелі құрылды, ол жүйелілік неден шықты – осы сауалдарға жауап іздеу мақсаты көзделеді.

Мәтінде, яғни жазба тілдің морфологиялық, лексикалық, синтаксистік жүйесіне машықтанып көрмеген, бірақ көпті көрген,

ойын пайымдауға құруға тиісті қарияның сөзінде ауызша тілге тән элементтер басым.

Сөйлем құрылысы маңызды ақпаратты алдыңғы орында айтып, мәнсіз информацияны соңына қалдыратын ауызша тілге тән: *кедей шаруада, әкеміз үлкен сол, 5-те тұрып ап, сонша жыл істегенде*. Шылау, көмекші сөздерді қолданбағандықтан екі сөйлем арасын байланыстыратын мәнсіз элементтерді пайдалану да ауызша тіл құрылымына тән еді. Мысалы, *әкеміз үлкен сол, сол Зайсанда тұрдық, сол жұмыс*. Мәтінде ауызша тілге тән редукция да жиі. Мысалы, *елдің бәрі (аи), сотталуын соттап (абақтыға айдады), сонда шешем жарықтық(тың бастамасы бойынша, елге қарай) қашпақшы болыптыз. Ақыры 1955 жылы (шекара ашылып, заңды түрде елге қарай өттік)*.

Мәтіннің логикалық құрылымы синтаксистік құрылымға сай емес, ой бар мазмұнымен толық ашыла алмайды. Мәтінді сол қалпында қағазға түсіру мүмкін емес. Осы қалпында түскен мәтінді оқыған адам мәтін мазмұнынан толық хабардар бола алмайды. Алайда мәтін қарияның ауызша баяндау стилінде өз аудиториясына түсінікті еді. Оған ешкім “бұл не деп отыр, қалай-қалай сөйлеп кетті?” деген жоқ, қайта қоштап, мақұлдасып отырған еді. Енді жазба тілге келгенде, мәтін құрылысын жазба тілдің жүйесіне кодтау керек болады. Өйткені жазба тілдің жүйесінде баяндалмаған сөз коммуникация мақсатына жетпейді. Сондықтан мәтіннің синтаксистік құрылымын жүйелеп, лексикалық элементтерін екшеп, морфологиялық формаларын орынды қолданып немесе сөздердің семантикалық байланысын формалап мәтін жасау керек. Ол шамамен былай шығуы ықтимал:

Мен 1940 жылдың наурыз айында, Қытай жерінде, кедей шаруа отбасында дүниеге келдім. 5 жылдық орыс мектебін бітіргенде жапа-тармағай аштық басталды. Елдің бәрі аш-жалаңаш, жұмыс жоқ, сотталғандар сотталып, абақтыға жабылғандар айдалып жатты. Сонда шешем жарықтық, бізді алып, қашуға бел буыпты. Бірақ әкеміз үлкен кісі еді де, шешеміз соған қарайлап жолға шыға алмапты. Ақыры, сөйтіп жүргенде 1955 жылы шегара ашылып, елге оралдық. Алдымен Павлодар қаласына келдік. Кейін Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданына көшіп келіп, сонда тұрақтадық. Жұмысқа тұрдым. Мені пысықтығыма қарап, бригадир етіп қойды. Еркек балалар сияқты ренжіткен адаммен жұлыса кететін көрінемін. Оны

ағам айтады. Азапты да көп көрдім. Таңертең 5-те тұрып алып сиырды қосып, кешке дейін жұмыста тұрамын. Талай (жесір) әйелдердің жағдайын әкімшілікке айтып, көмек алып бердім.

Міне, жазба тіл жүйесіне кодталған ауызша тіл құрылымы үлкен өзгеріске ұшырағанын көріп отырмыз. Мәтін ұлғайып, редуцияланған элементтер қалпына келтірілді. Мәтін мазмұнына бәлендей мән үстемесе де, *Қытайда – Қытай жерінде, кедей шаруада – кедей шаруа отбасында, Павлодарға – Павлодар қаласына, 5 кластық – 5 жылдық* деген имплицитті тұлғалар жазба тілдің нормасына салынды. Мәтін көзбен көру-оқу процесіне бағышталғандықтан, ауызша тілдегі интонация дауыс тоны, конситуация жазба тілде осындай “басы артық” элементтермен компенсацияланады. Мәтін жазба тіл жүйесінен үлкен алшақтықта жатыр. Сөйленімді жазба тілге толықтай кодтау мүмкіндігі аз, дегенмен кодтауға болады.

Сөйтіп, жазба тілді төмен дәрежеде білетін адамның сөзінде тілдік тәсілдер қоры аз, сөйленімі жүйесіз болады, жазба тілді орта дәрежеде меңгерген адамның сөзінде уәжсіз түрде жазба тілдің жүйесі де, ауызша тілдің элементтері де қолданылады. Сөйлемдер қысқа емес, толымды келгенмен синтаксистік байланыс сөйлем аяғына дейін жетпейді. Ал жазба тілдің елесі мен ауызша тіл елесімен қатар, тіпті алдыңғысы басым орналасқан саналы адамның сөзінде жүйе болады. Басы артық сөйленістер болмайды. Логикалық жүйе мен синтаксистік жүйе сәйкес келеді деген қорытындыға келеміз. Қазіргі БАҚ-тың барлық бағдарламаларының мәтіндері жазба тілде құрылады. Сұқбат түріндегі бағдарламаның жүргізушісі де өз сөзін алдымен жазба тілде құрып алады. Қазір сөйлеуді қабылдайтын аудиторияның перцепциясы да жазба тіл жүйесін түсінуге бет бұрды. Әйтпегенде қазақтілді бағдарламалардың егемендік алған 1993-1997 жж. алғашқы түрлері қазақ аудиториясы үшін ауыр қабылданатын еді.

Сонымен, бүгінгі күн тұрғысынан, біздің ойымызша, тілдік жүйе мен норма жазба тіл жүйесі мен нормасына сай келеді.

Қ.Күдеринаның «Қазақ жазуының теориялық негіздері» (2010 ж.) монографиясынан алынды.

1-тапсырма.

Ауызша мәтінге талдау жасаңыз (фонетикалық, морфологиялық, лексикалық және синтаксистік деңгейлер бойынша)

I-мәтін: *Студенттік шақ дегеніміз ол адамның ең қызықты шағы. Осы жастық кезінің ең қызықты шағы болып есептеледі зой. Мектепте, біздер оқып жүргенде әлі бала едік. Мектептен қоштасудегеніміз-балалықшағмызбенқоштасуболад. Алқазір енді біздер үшін өмірге қадам басып кел атырық. Студенттік өмір деген адамның өзін-өзі ұстауын, бәрін үйретеді. Қазір мен өзім жатақханада тұрып атырмын. Общежитияда көп нәрсені үйреніп кел атырмын. Бұрын істемеген, бұрын көрмеген нәрсемді өзім арқылы, өзіме сеніп қана, өз ісімді аяқтай аламын. Және қазір өзім оқып атқан группам өзіме қатты ұнайды. Таңдаған мамандығым болған соң, соған сай талпынуым керек. Және де сабақтың сапасы мен үшін жақсы деп ойлаймын мектепке қарағанда. Көп нәрсені үйренуге болады, кітапханаға барсаң да өзің үшін оқисың. Одан тапсаң, өзің үшін пайдалы. Факультеттің сапасы жақсы деп ойлаймын, бірақ асып бара жатқандай, ішқандай жаман емес деп ойлаймын. Сапасы жаман емес, жақсы. Артық ештеме қоса алмаймын. Бәрін үйреніп шықса да, көп нәрсені үйренуге болады.*

II-мәтін: *Қазіргі XXI ғ. басты проблемасы бұл – терроризм. Терроризм бұл дүние жүзіндегі адамдардың ниетін, таза өмірге деген көзқарасын бұзады. Және терроризм негізгі сайын дүниеде бейбітшілік азаяды. Тағы да одан кейін қазіргі терроризм өте қатты түрде дамып жатыр. Көптеген террорлық нелер, қозғалыстар болып жатыр. Онда қазір мысал келтіре берсек көп.*

III-мәтін: *Алқабилердің жалпы жұмысы әлі бізге тосын жаңалық болғаннан кейін көпшілік түсінбей жатқанын сұрақтардан көруге болады. Сондықтан алқабилердің құқықтары мен міндеттері қандай деген сұраққа жауап беріп өтсеңіз (Қазақ радиосы, 26.02.06.)*

2-тапсырма.

Төмендегі сұқбаттан қандай ой түйіндеуге болады?

Атақты спикерге:

-Жақсы сөз сөйлеу үшін жақсы дайындалу керектегінің

маңыздылығын айтқан болатынбыз. Өзіңіз 5 минуттық сөз сөйлеу үшін қанша уақыт бұрын дайындаласыз?

-Екі ай.

-Хм-м... ал, 10 минуттық сөз сөйлеуге ше?

-Бір ай. Қаншалықты ұзақ сөйлеу қажет болса, оған соншалықты аз дайындалуым керек.

-Сонда екі сағаттық сөз сөйлеуіңізге қанша уақыт дайындаласыз?

-Дайындықсыз, қазір-ақ шығып сөйлей беремін. (К.Мырзагелді, Қ.Темірбаева «Өнеге»).

3-тапсырма.

Тыныс белгілерін дұрыс қойыңыз. Графикалық ерекшеліктің мәтіндегі ойды білдіруінің маңызы қандай?

Ертеректе ел ішінде Әйтiмбет деген сөзге шешен кiсi болыпты. Бiр отырыста Әйтiмбет шешенге замандастары достық нешеу деп сұрақ қояды. Сонда Әйтiмбет тұрып

Достықтың екі түрі болады. Бірі адал достық, екіншісі амал достық.

Дұрыс ақ. Енді оларды қалай ажырата аламыз дегендерге Адал достық-өмірлік нұсқа, амал достықтың өрісі қысқа болады деп жауап берген екен Әйтiмбет (К.Мырзагелді, Қ.Темірбаева «Өнеге»).

Тест сұрақтары:

1) Ауызша тілдің қанша түрі бар?

- a) Ауызекі, бейтарап әдеби тіл
- b) Ресми және бейресми тіл
- c) БАҚ тілі және шешендік сөз
- d) Ауызекі, бейтарап әдеби тіл, ресми тіл

2) Жазба тілдің сипаты қандай?

- a) Жалпы графикалық және графикалық ерекшелік;
- b) Графикалық және графемдік ерекшелік;
- c) Графемдік және фонемалық ерекшелік;
- d) Жалпы графикалық, графикалық және графемдік ерекшелік.

3) Ауызша тіл сипатта, ал жазба тіл ... сипатта болады.

- a) Диалогтік, диалогтік;

b) Монологтік,монологтік;

c) Диалогтік, монологтік;

d) Біржақты, екіжақты.

4) Қай тілде семантикалық байланыс күшті болады?

a) Жазбаша тіл

b) Ауызекі тіл

c) Жазбаша және ауызша тіл

d) Ауызша тіл

5) Ауызша тілге тән:

a) Әріп, бас әріп, кіші әріп, азат жол

b) Тыныс белгілер

c) Дыбыс, тон, екпін, интонация, мимика, логикалық екпін, кідіріс

d) Орфографиялық және орфоэпиялық ережелер

4-дәріс. Жазу теориясындағы фонема ұғымы

Кез келген **дыбысжазудың** (дыбыстық жазу) деңгейін парықтау үшін, жалпы жазу теориясы үшін тілдің фонологиялық негіздері ізделеді. Кезінде акад. Л.В.Щерба жазу теориясы үшін мына жайларды анықтап алуды ұсынған: 1) сол тілдің дыбыстық қорын түгендеу және оның жазуда таңбаланғандарын анықтау; 2) жазу таңбасына ие болған мағыналық элементтерді анықтау және 3) жазу элементтерін: а) дыбыстық мағынасы бар элементтер, яғни әріптерге; ә) таза иероглифтік мағынасы бар немесе аралас, жартылай дыбыстық, жартылай иероглифтік мағынасы бар элементтерге бөліп алу.

Дыбысжазу ашық әліпби түрін икемдеп, жетілдіріп алу арқылы дамыды. Сонда таңба көбіне ортақ, ал оның мәні неше жүз тілде неше жүз түрлі болып шықты. Сондықтан жазу билігінің басталған заманы – ХХғ. басында әліпбидегі әріп пен дыбыс қатынасы деген мәселе көтерілді. Жазуы жоқ тілдердің әліпби қабылдауы, емле ережелерін түзету, құру, жазуы бар тілдердің графика мен емлені жетілдіруі күшейді.

Әліпби шартты таңбалар тізбегі емес, сол тілдің дыбыстық құрамын танытанын белгілер жүйесі болып анықталды. Әріптің негізгі, әліпбилік атауынан басқа, кейде оған сәйкес келмейтін мазмұны болатыны белгілі болды. Ауыздан шыққан және

құлаққа шалынатын дыбыс реңктерінің (түрленімдерінің) ішінен негізгі дыбыс реңкіне таңба арнау қиын болды: дыбыс көп, әріп аз. Ал қанша дыбыс реңкі болса, сонша әріп алу мүмкін бола бермеді. Өзара ортақ белгілері бар дыбыс қатарын бір әріпке теліп қою қандай шартты болса, оның сондай шеберлікті керек еткені, керек ететіні ашылды. “өздігінен ешқандай мағына бермейтін осыншама кішкентай элементтің қатысуымен сөз жасауды қалай ғана біздің арғы ата-бабамыздың ойлап тапқаны әлі күнге дейін жұмбақ (Панов Е.Н. 1983:231).

Бірақ дыбыстан әріпке барар жол алыс еді. Ол жолда “өткел” болды, ол өткел ауыздан шыққан дыбыс тізбегін сүзіп, танып, таңдап отыратыны білінді. Сөйтіп, дыбыс түрлері көп болғанмен **дыбыстың асылы** (Е.Омаров термині) ғана әріп-таңбаға ие болатыны белгілі болды. Сонда сөйлеуді жазуға, жазуды сөзге айналдыратын код және оның кілті – әліпби сол тілдің фонологиялық құрамына тірелді. Сөйтіп, әліпби мен графиканың, орфографияның негіздерін іздеу жолында **фонема ұғымы** пайда болды.

Фонема ұғымының түсіндірілуі. Фонема терминін алғаш **Бодуэн де Куртенэ** ұсынды. Ғалым ауызша тіл мен жазу – екі басқа, бір-біріне сәйкеспейтін дүниелер. Жазу оптика немесе геометрияның пәні болса, дыбыс – жалпы акустиканың пәні. Бұл екеуін осылай өзара байланыссыз алып қарасақ, әрине, олардың арасында ешқандай сәйкестіктер болмайды: “Тек оларды адам санасымен, психикамен байланыста алсақ қана арақатынасын түсінеміз” (Истрин 1961: 210) деді.

Бодуэн де Куртенэ мектебі тұңғыш рет тілтұтынушының санасында бүкіл дыбыс түрленімдері емес, шектеулі бір түрі ғана өмір сүретінін айқындады. Оны “психофонетикалық альтернант” (орынбасар), “фонема”, “морфеманың құбылмалы (подвижной) компоненті” (1881), “психикалық эквивалент” (балама) (1894), “санадағы өзгермейтін елес”, “сөйлеушінің санасында өмір бойы тұратын өзгермейтін құбылыс (Истрин 1961: 63.), дыбыстың морфологиялануы, семантикалануы деп атады. Сөйтіп, дыбыс – реалды, фонема – адам санасында өмір сүретін психикалық элемент ретінде танылды. Сонда жазу мен тіл арасы адам психикасы арқылы байланысатын болып шықты. Фонема жазу-көру, айту-есту елестері бар адам психикасына қатысты категория болып табылды (Истрин 1961: 212).

Бодуэн де Куртенэнің фонема ұғымын тауып, оны ғылыми айналымға енгізуі тіл білімі деңгейлеріне жаңалық әкелді. Әсіресе

жазу теориясының көтеріліп, іргелі зерттеулердің тууына жол ашты. Орфография принциптерін айқындауда, басты принциптерді тануда жаңа көзқарастарды тудырды. Бәрінен бұрын ауызша тіл мен жазудың арасында алшақтық болатынын, жазба мәтін тілдің толық сипатын таныта алмайтынын, ауызша тілдің хатқа түсірілмейтін сан алуан реңктері болатынын ашты. Сонымен, фонема ұғымының саралануы жазу теориясының табан тірейтін тұғырына айналды. С.М.Кузьминаның жазу теориясының пайда болуын 1) фонологияға дейінгі; 2) фонологиялық кезең деп екіге бөлетіні сондықтан (Кузьмина 1981: 2).

Л.В.Щерба фонема (дыбыс типі) адам санасында елес (представление) түрінде өмір сүреді деді. Мысалы, орыстілді адам *брат, о брате* дегенде [а]-ның екі түрлі айтылып отырғанын білсе де, неге оны бір <а> деп танитынын оның психикасында бір ғана <а>-ның елесі барлығынан деп жауап береді (Щерба 1983: 16). Сондықтан да осы елес-түсінік арқылы адам сөз дыбыстарын таниды. Мысалы, тілі жаңа шығып жүрген бала “далаға баламын” деген сөзді [р] дыбысымен айттым деп ойлайды. Егер оған *далаға баласың ба?* деп сұрасан, ызаланып, “жоқ, далаға баламын” деп қайталар еді. Себебі баланың санасында [р] фонемасы бар.

Сондықтан Б.Куртенэ семантикаланған дыбыстың ғана тілдік мәні болатынына тоқтады. (Топоров В.Н. 1960: 35). Яғни ауыздан шыққан дыбыс түрі көп, бірақ ол дыбыстың мағына ажыратушылық сипаты ғана тілдің дыбыстық деңгейін құрайды деді. Л.В.Щерба да семантикалануға басты мән берді (Щерба Л.В. 1983:17). Ғалым сөйлеу кезіндегі дыбыстық түрленімдерге назар аудара отырып, ол айырмашылықтардың жай құлаққа байқалмайтынына: “Бұның жауабы қарапайым: себебі бұл айырмашылықтар мүлде мағына ажыратпайды (Щерба Л.В. 1983: 18) дейді.

Сөйтіп, тілтұтынушы санасында сол тілдің мағына ажыратушылық, сөзтанымдық қызметі бар шағын ғана дыбыстық қоры өмір сүретіні белгілі болды.

Сондықтан ғалымдардың мынадай анықтамалары пайда бола түсті:

а) “Қарапайым қатардағы тұтынушы аңғара бермейтін тілдегі құлаққа шалынатын дыбыстардың түптегінде дыбыстардың ішкі, идеалды жүйесі тұрады. Олар психологиялық құрылғының дайын үлгісі ретінде жұмыс істейді (Сапир).

ә) “Фонема-дыбыс” жай дыбысқа сәйкес емес, жай дыбыс

фонеманың бір ғана белгісін алып тұрады, фонема-дыбыс, ол барлық дыбыстық белгілердің жиынтығы”(Реформатский А.А. 1970: 245);

б) “Фонеманың сөзайырымдық қызметі өзара айырымдары арқылы жоғары тілдік бірлік – морфеманы ажыратуынан көрінеді” (Реформатский А.А., 1970).

в) “Сөйтіп, тіл-тілде көптеген артикуляциялы-акустикалық дыбыс түрленімдері болады және сол түрленімдер жинақталған белгілі бір мөлшердегі дыбыстар болады” (Ветвицкий В.Г., Иванова В.М., Моисеев А.И. 1974: 21).

г) “Фонема – бұл идеалды дүние, сол дыбыс жиынтығы белгі бір фонетикалық жағдайда жеке дыбыс ретінде көрінеді». “фонемалар – бұлар тілдегі әлеуметтік жағынан айқындалған дыбыстар және мұндай дыбыстар әр тілде әртүрлі, бірақ белгілі бір сандық шегі бар” (Реформатский А.А. 1970: 129).

Ал фонеманың сөз мағынасын ажырататын дыбыс екенін алғаш айтқан кавказ тілдерін зерттеуші П.К.Услар болды (Яковлев Н.Ф. 1970: 129). Р.И.Аванесов, В.Н.Сидоров фонеманы сөздің әлеуметтік мәні бар дифференциалды элементі деді (Аванесов Р.И. Сидоров В.Н. 1970). Бұл тұжырымдарға Қ.Жұбановтың фонема бір сөз бен екінші сөзді айыруға жарайды дегені (Жұбанов Қ. 1999: 501) сәйкес.

Сөйтіп, фонема абстракті единица ретінде адам санасында өмір сүретін бір жақты құбылыс болды. Фонема – ауызша тіл мен жазба тілдің арасын байланыстыратын аралық категория.

Фонема – сөз жасайтын (конститутивті), сөз айыратын (дистинктивті) (Яковлев Н.Ф. 1970) және жеке тұрып мағына беретін фонологияның кіші бірлігі. Фонема сөздің дыбыс құрамын екшеп, сөздің естілімін туралайды, форма айыратын, мағына айыратын шектеулі дыбыс құрамы арқылы сөз мағынасын ажыратады.

Фонеманың дыбыс қоры. Сонда фонеманың атқаратын функциясы сөзді ажыратушы, сөзді танытушы, сөз жасаушы болады. Ол инвариант (негізгі түрленім) ретінде психикада өмір сүреді. Дыбыс қоры болады. Жазба тілдің тұрпат межесінде әріп қоры болады. Мысалы, <к> -ның [к], [к^с], [к^і] [к^{оі}], [х^о], [х^{оі}], [х^і], [х], [г], [г^с], [г^{оі}], [г^і] сияқты дыбыс қоры, Қ қ, К к, һ, Х х, Қ қ, К к, һ, Х х сияқты әріп қоры бар.

Ал жеке тұрып мағына бере алмайтын дыбыс сөйлеу ағынында қалай ажыратылады, бірнеше түрленіммен айтылған дыбыстың негізгі реңкі қалай екшеледі, тілдегі фонема саны

қалай анықталады деген сауалдарға Л.В.Щерба фонеманың семантикалануы тұрғысынан жауап берді.

Егер тілдік біліміміз болмаса, онда осы шақ деп отырған дыбыстарды мүлде басқаша түсінер едік (Зиндер Л.Р., Маслов Ю.С. Л.В.Щерба 1982: 38). Дыбыстарды біз ұғымдық ұқсату болмаса, тани алмас едік. Физиология тұрғысынан біздің сөйлеуіміздің бөлінуі басқаша. Тек ұғымдық ассоциация бізге осындай бөлуді беріп отыр деді [13, 396.]. Сондықтан әр тілде дыбыстар әртүрлі бөлінеді. Мысалы, бір тілдерде **sa, ka, fa, sa** деген фонемалар бар дейді ғалым (Зиндер Л.Р., Маслов Ю.С. Л.В.Щерба 1982:39), яғни сөйлеу ағыны физиологиялық, акустикалық тұрғыда үздіксіз, сонда дыбыстардың бөлінуі лингвистикалық тұрғыда ғана екен.

Сондай-ақ, белгілі бір дыбыс арқылы буын жігі басталып, аяқталуы арқылы да фонема ажыратылады. Мысалы, *ай-дын, дала* деген сөздерде буын мен сөз басынан <д> фонемасы танылады. Ең бастысы сөз мағынасына әсері бар дыбыс түрленімі ғана фонема ұғымына жатады. Мысалы, қазақ әліпбиін түзуде күрделі фонографикалық проблема <у>, <ү>, <ұ>, <ы>, <і>, <и>, <э>, <е> дыбыстарының фонемалық мәртебесін анықтау болды дейді проф. М.Жүсіпов. Ол 1) сөз ішінде **ы, і** қысандарын жазу// жазбау; 2) **ү, ұ, у** дыбыстарының дифференциалды белгілері; 3) **-ый, -ій** дыбыс тіркесімін таңбалау деген проблемаларға ажыраған (Джусупов М. 1995).

Мұның бәрі ауызша тілдің үздіксіздігінен, сөз ішіндегі дыбыстардың өзара әсерінен шығады. Бұл құбылыстарды Мәскеу фонологиялық мектебі (МФМ) **инвариант (негізгі реңк), вариант (өздік реңк), вариация (бөгде реңк)** ұғымдары арқылы түсіндірді (жақша ішіндегі қазақша баламаларын профессор Н.Уәли ұсынған).

МФМ ілімі бойынша, инвариант фонема – дыбыстың күшті жағдайындағы қалпы. Ол әліпбидегі әріп мәніне сәйкес. Қанша инвариант фонема болса, сонша әліпби таңбасы болуы керек деген осы ұғымнан пайда болды.

Сөз мағынасын ажырататын фонема сөз ішінде іргелес келген дыбыстармен әсерлесіп, өзінің негізгі реңкінен өзгеріп түрленеді. Сонда инвариант фонемалардың іргелес келген дыбыстық қоршаудағы уақытша көрінуі оның **дыбыс қорын** құрайды. Дыбыстық қор екі түрлі: **өздік реңк, бөгде реңк** түрінде көрінеді.

Өздік реңк дегеніміз фонеманың әлсіз позициядағы түрле-

німінің әлді позициядағы басқа бір фонемамен сәйкес келуі. Ал жалпы осы әлсіз позициядағы дыбыс түрленімдерінің қоры – фонема модификациясы болып табылады. Мысалы, *ақ үй, көк үй, ұзын, түнгі* сөздеріндегі <к>, <к>, <ы>, <н> фонемалары айтылым актісінде іргелес дыбыстардың әсерінен өзгеріп, парадигмалық осьтегі <ғ>, <г>, <ү>, <н> фонемаларына ұқсап, соларға сәйкес айтылады: [ағүй], [ұзұн], [түңгу]. Мұндай процесті фонеманың бейтараптануы деп те атайды. **ғ, г, ү, н** – дыбыстары фонеманың өзі емес, <к>, <к>, <ы>, <н> фонемаларының дыбыстық түрленімі, яғни варианты екеніне, бұларды басқа неғұрлым тәуелсіз позицияға қойып, көз жеткізуге болады: [ақ], [көк], [түн], [түндө], [ұзұндұқ].

Бөгде реңк – фонеманың фонологиялық қорда жоқ, басқа бір дыбыс түрленіміне айналуы. “Вариация – бұл фонеманың негізгі реңкінің, уақытша, тілдегі ешқандай негізгі дыбысқа ұқсамай, мүлде таныс емес дыбысқа ұқсап айтылуы. Мысалы, Н.Уәли қазақ тіліндегі жуысыңқы <ш>, <с> алдынан келген <к>, <к> өзінің қатаң тоғысыңқы реңкінен ауытқып, босаң тоғысыңқы [х] дыбысына ұқсап айтылады дейді. Мұнда тілшікпен айтылатын [х] емес, жасалымы одан ілгері дыбыс реңкі шығады. Яғни бұл парадигмалық осьте жоқ <к>-ның реңкі. Мысалы: *ақша, бақша, шұқши, көкше, кексе* т.б. Сол сияқты <ш>-ның (*атишы, сатишы*), <с>-ның (*атсыз, етсіз*) вариациялары туралы да айтуға болады. Сондай-ақ *күнәларың, ләззаттандым* деген сияқты бейүндес буынды сөздерді айтқанда [күнәла’рың], [ләзәтта’ңғаммен] деп, <а> мен <ә>-нің ортасындағы [а’] вариациясы пайда болады.

А.А.Реформатский әлсіз позицияның нәтижелері әртүрлі болады, кейде әлсіз перцептивті позицияның нәтижесі вариация, сигнификативті әлсіз позицияның нәтижесі вариант болады (Реформатский А.А. 1970: 116), Л.В.Щерба фонема мен оның варианттарын айырудағы қиындық жай құлаққа шалынбайтын айырмашылықтарды байқауда ғана емес, сол тілдің дыбыс құрамы үшін қай ерекшелік мәнді, қай ерекшелік мәнсіз соны аңғару (Фердинанд де Соссюр. 2000: 125б) деген. Өйткені вариация делініп жазуда еленбей жүрген дыбыс түрленімі біртіндеп тілдің фонемалық жүйесіне енуі мүмкін. Мысалы, қазақ тіліндегі <ә> фонемасы *күнә, кінә* сияқты сөздерде, біздің ойымызша, позициялық түрленімге түсіп тұрғанмен (алдыңғы буынның жіңішкелігінен), тілтұтынушы санасында <ә> жеке фонема ретінде танылады. “Егер сөзде фонема ауысса онда сөз мағынасы да ауысты деген сөз, егер сөз мағынасы өзгеріссіз бол-

са, фонеманың өзгеруінің не қажеті бар” (Реформатский А.А. 1970: 56).

Фонеманың сөз мағынасын ажыратушы сипаты қалай қалыптасады? Алдымен сөздің фонетикалық құрамы адам санасына есту каналы арқылы келеді, сондықтан сөз естілген қалпында санада қабылданады. Мысалы, Л.В.Щерба кішкентай бала *грит* деген сөздің фонетикалық құрамы *говорит* екенін түсіндірмесе, осы қалпы айта беретінін айтқан (Щерба Л.В. 1983: 21). Яғни дыбыстық құрамын дұрыс, морфологиялық құрамын қате қабылдау сөзді тануға кесірін тигізбейді екен. Бала санасына орналасқан бірнеше дыбыстық түрленім коммуникация барысында екшеліп, мағына ажырататын санаулы фонема шегіне сыяды. Таңбасы бар фонемалардың өз дыбыстау реңкінен ауытқуын есту жай құлаққа да шалынымды. “Тілдің дыбыстық жағымен айналысамын десеңіз жай құлаққа шалынатын дыбыстық өзгерістерден басқаға назар аударудың қажеті жоқ, өйткені қалыпты тілдік қатынас осындай дыбыстық түрленімдер арқылы ғана түсініледі (Ахманова О.С., Девятникова Г.И. 1961: 248).

Ал білетін тілде сөйленген сөздің біз бірден, дыбыстық жағына емес, мағынасына назар аударамыз. Керісінше, білмейтін тілдегі сөзді естігенде мағынасын түсінбегендіктен дыбысталуын естиміз. Бірақ ол дыбыстар мағынасыз құлаққа шалынған артикуляция-акустикалық салдырлар болып табылады. Сондықтан адам әлеуметтік мәнді дыбыстық ерекшеліктерді ғана естиді, сол арқылы сөз мағынасын парықтайды. “Фонема тұрпат жеке бола отырып, бірдей жағдайда өз-өзімен қала алады. Сондықтан естір құлаққа тез танылады” (Селезнева Л.Б. 1981: 7).

Осы түсініктегі фонема жазу теориясының негізін қалайды. Сөйтіп, фонологиялық зерттеулердің нәтижесі әліпбиге, емле мәселелерін шешуге қолданылды. Фонологияда пайда болған жаңалықтар емле проблемаларының бар екенін көрсетті. Дыбыс теориялық жағынан фонеманы, практикалық жағынан (жазарман үшін) гиперфонеманы білдіретін болып шықты (Кузьмина С.М. 1981: 60). Л.В.Зиндер фонема таңба деңгейіндегі дыбыс деді (Зиндер Л.Р. 1979).

МФМ өкілдерінің орфографиядағы реформа туралы бүкілодақтық съездегі тұжырымы фонема ұғымының қалыптасуына қарқын берді. Себебі фонологиядағы қандай да бір зерттеліп отырған құбылыс графика мен орфографияда нақтыланып, айқындалып отырады.

Жазу теориясы үшін фонема ауызша тілді жазба тілге және керісінше айналдыратын фонологиялық елек (Н.Уәлиұлының термині) қызметін атқарады. Жазудан ауызша тілге кодтағанда әріп таңба болады да, фонема оның мағынасы болады. Ал керісінше ауызша тілден жазуға көшкенде фонема – таңба болады да, әріп оның мағынасы болады. Фонема таңба деп алынса, яғни сөйлеу тілінің компоненті болса, онда екінші тіл жазба тілдің бар екендігі шығып, фонема сол тілдің компонентіне сәйкес келеді деген М.Янакиев (Янакиев М. 1964: 62). Және жазуға қатысты фонема – таңба болады, табиғи тілге қатысты фонема – таңба болмайды дейді (Янакиев М. 1964: 61).

Біз қазақ тілі дыбыстық жүйесінің кіші бірлігі фонема деп танимыз. Фонеманың қазақ сөзі мағынасын ажырататын сипатына проф. З.Базарбаева ашық-қысаң дауыстылардың алмасуын келтіреді: *тас-тес, қаз-қыз, саз-сыз*. Ал *пыс-піс, тыс-тіс, ал-әл* дегендегі сөз мағынасы буын үндесімі арқылы ажыратылып тұр дейді (Базарбаева З. 2004: 20-27). Бұл Фердинанд де Соссюрдің фонеманы анықтауда жасалымнан гөрі айтылымға табан тіреген жөн, дыбыстан гөрі дыбыстар тізбегін зерттеу маңызды, себебі алғашында жеке фонема емес, дыбыстар тізбегі мағына ажыратты дегеніне сәйкес (Соссюр Фердинанд де 1977: 75-86).

Қазақ тілінде бір фонема бір буын құрай алады, мысалы: *ө-те, о-та, а-дал, е-діл*. Бір фонема грамматикалық мағынаны жасай алады: **ы** тәуелдіктің үшінші жағын, **а, е, й** көсемшені, **-р, -с** есімшені, **-а, -е** барыс септігін береді. Қазақ тілінде бір дыбыстан тұратын лексикалық мағыналы элементтер бар. Мысалы, **а** – “түсіндім”, **ә** – “бұным қалай”, **о** – “таң қалуды”, **й** – “жиіркенуді”, **е** – “есіме түсті” дегенді білдіреді. Бұл буын ішіндегі дауысты дыбыстардың жетекшілігін арттырған. Сонда бір буындағы дауыстының жуан/жіңішкелігі буынның жуан/жіңішкілігін айқындаған. Ал бас буынның тембрі кейінгі буынның тембрін анықтаған. Сөйтіп, бір сөз бойының бірыңғай жіңішке, бірыңғай жуан айтылуы I буынның ыңғайына қарай пайда болған.

Қазіргі қазақ тілін тұтынушылар санасында 9 дауыстының (<а>, <ә>, <ы>, <і>, <ү>, <у>, <о>, <ө>, <е>), 19 дауыссыздың (<п>, <б>, <м>, <т>, <д>, <н>, <ш>, <ж>, <з>, <с>, <қ>, <к>, <г>, <ғ>, <й>, <у>, <ң>, <р>, <л>) бейнесі (Жұбаева О. 2002) бар. Сондай-ақ, <һ>, <ф> дыбыстары тек одағайларда кездескенмен, тілдің осы лексикалық қабатының мағынасын ажыратуға септігін тидіруіне байланысты жеке дыбыс – фонема ретінде та-

нылуы тиіс деп ойлаймыз. Әрі *аһ, уһ, оһ, оһолады, уһлеу, сүф, тіфә* сөздеріндегі [һ], [ф] дыбыстары позициялық өзгерістен шығып отырған жоқ. [уһ] пен [уқ], [аһ] пен [ақ], [суф] пен [суп] сөздері арасындағы айырмашылық [һ]-[қ], [ф]-[п] дыбыстарына байланысты. Мұндайда Л.В.Зиндердің фонеманың мағына ажыратушылық сипаты әртүрлі дыбысталудан ғана көрінеді дегені (Зиндер Л.Р. 1979: 56) еске түседі.

Ал проф. З.Базарбаева “Қазақ тілі фонемаларының вариациялары фонемаға айналу процесіне сәйкес өзінің негізгі фонемаларымен қарама-қарсы топ құрса, сонда ғана олар дербес фонемаға айналады” деп (Базарбаева З. 2004: 20-27), орыс тілінде де бұрын <в>:<ф>, <ц>:<ш>, <с>:<ц> фонемаларының оппозициясы болмаған, қазірдің өзінде орыс тілінің кейбір жергілікті сөйленістері <ц>, <ч>, <ф> фонемаларын айта алмайды дейді. Сондықтан ғалым тілдің дыбыстық құрамындағы өзгерістерді прогресті деп таниды. Л.В.Зиндер фонема дербестігі кірме сөздерді сол тілдің заңдылықтарына сай игеруге мүмкіндік береді дейді (Зиндер Л.Р. 1979:57).

Дыбыс – фонема – әріп процесі. Сөйлеудегі дыбыс түрленімдері есту каналы арқылы санаға барады. Бірақ сана барлық естілімдерді қабылдамайды. Оның сөз мағынасын танытатын негізгі естілімін екшеп, санадағы фонема қорымен сәйкеседі. Сөйтіп, естілген сөз мағынасын ажырататын фонема сүзіліп, ақпарат санаға қабылданады. Сонда фонема дыбыс реңктерінің ішінен мағына ажыратуға көмегі бар негізгі реңкті екшеп алатын елек қызметін атқарады. Осы “еленген” дыбыс жазба тілдің бірлігі **графемаға** сәйкес келеді. Графема – белгілі бір жазу түрін пайдаланатын тілтұтынушы санасындағы абстракті бірлік. Сонда жазба тілдің мағына ажыратушылық қызметін графема атқарады. Графема әріп ретінде жазылады және оқылады.

Мысалы, *мұғалім* деген сөзді көргенде (іштей оқығанда) көз бірден санаға әріп тұрпаттарынан сигнал тастайды. Сигнал жазу-көруге бағышталып тұратын жазба тілдегі графема жүйесімен ассоциацияланса, графема өз көрінісін таниды, яғни оқылады: сөз фонологиялық електен өтеді: *мұғалім* – <мұғалым>. Енді мұны ауызша дыбыстағанда фонема дыбыс құндағына (Н.Уәлиұлы термині) бөленіп, дыбыс реңктерімен айтылады: [мұғәлім].

Бұл процестің жазу-сызу үшін пайдасы дыбысталған сөзді жазарман қалай әріп таңбаларына айналдырады деген мәселені камтитынында. Мысалы, [үшкүндүгжолдұң//соңғұ гүнүнде//

шәкіртпала барынсалды///] деген сөйленімді алайық. Хабар естілгеннен (айтылғаннан) кейін сана ақпаратты семантикалық сегменттерге бөледі: *үш, күн, жол, күн, шәкірт, барынсалды*. Семантикалық сегмент әртүрлі айтылымдағы дыбыстардың мағына жасаушы реңктерін тануға көмектеседі. Сөйтіп, ауызша тілдіңдыбыс құндағында айтылған сөз дыбыстары фонологиялық електен өтіп, фонемаға айналады: *<үшкүндүгжолдұң соңғұ гүнүнде шәкіртпала барынсалды>*. Фонема жазудағы әріп таңбаларына сәйкес келетіндіктен позициялық өзгерістер – дыбыстық. Сондықтан кейде қалай айтылса, солай жазайық деген пікір айтылып қалады.

Ал жазу енді өз нормасы мен жүйесін алға тартады. Яғни жазуда көрші дыбыстардың әсері жоқ әлді позициядағы дыбыс таңбалаанады. Көрші дыбыстардың әсері бар әлсіз позициядағы дыбыс таңбаланбайды. Енді орфография ережесі көмекке келеді. Мысалы, *<үшкүндүгжолдұң>* дегенде:

а) босаралықтармен бөліну: *<үш күндүг жолдұң>*,

ә) еріндіктердің қосымшада жазылмайтыны *<үш күндіг жолдың >*,

б) *<г>* фонемасынан сөз аяқталмайтыны *<үш күндік жолдың>* (тексеру үшін сөзді әлді позицияға апарып көреміз).

Бірақ қазақ жазуында қосымшалардың фонетикалық принциппен жазылуы дауыссыз дыбыстардың негізгі реңкін анықтауға кесірін тигізеді. Мысалы, емледе *қаспыз, аразбыз* дегенде ассимиляция таңбаланған деп қорытады проф. М.Жүсіпов (Джусупов М. 1995:72).

Сол сияқты келесі синтагманы естігенде фонологиялық елек позициялық өзгерістен басқасын екшеп, сүзіп қояды: *<соңғұгүнүнде>*. Фонема тізбегі жазба тілге көшу үшін фонема графемаға айналуы керек. Яғни жазба тілжүйесіндегі санаулы әріп таңбаларына көшу әдістері қарастырылады. Бірақ жазба тілнормасы графемаларды тәртіпке салады. Емле ережесі бойынша, семантикалық бірліктер мәтінде бөлек жазылады: *<соңғұ гүнүнде>*. Мұның позициялық өзгеріс екенін білу үшін әлді позицияға апарып тексереміз: *<соңғылары>*. Алайда қазақ тілінде II-буындағы еріндік дауыстылар үшін әлді позиция дүдәмал: *<соңғұ>*, *<өзөн>*. Ғалымдардың айтуынша, “Шындығында дауыстыларда фонологиялық мән аз” (Леонтьев А.А. 1963). “Дауыссыздың қасындағы дауысты сөз мағынасын айыратын қызметінен гөрі дауыссызбен бірігіп, сөз жасайтын

қызметте келген» (Трубецкой Н.С. 1960: 107). Сөздің этимологиясын тану үшін дауыстыларын алып тастау керек (Жұбанов Қ. 1999: 55).

Дегенмен қосымша жалғау тәсілі арқылы [соңғұ]+[лары] соңғы буында езулік дауысты тұрғанын байқаймыз. Сөйтіп, синтагманың қалған бөлігін осылай талдай отырып, */үш күндік жолдың соңғы күнінде шәкірт бала барын салды/* деген тұрпат аламыз.

Қазақ тіліндегі гиперфонемалар. Аталған фонемалардың ішінде жазарман үшін гиперфонемалар бар. **Гиперфонема** дегеніміз әлсіз позициядағы фонеманың дүдәмал инварианты. Қазақ тілінде *<а-ә>*, *<б-п>*, *<н-ң>*, *<ы-0>*, *<і-0>* гиперфонемалары бар.

<а-ә> гиперфонемасы басқы буыны жіңішке болып келетін *күмән, күнә, ләззат, іңқар* т.б. сөздерінде туады.

Ғалымдар арасында дауыстылардың **а-ә** оппозициясынан гөрі **а-е** оппозициясы жиі әңгіме болады, яғни *<ә>* фонемасының статусына күмән келтіретін көзқарастар бар. Мысалы, Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі **а** дауыстысының жіңішке варианты **е** фонемасы болады дейді (Жұбанов Қ. 1999: 209). В.В.Радлов **ә** дыбысын қазақ тіліне тән емес деген (Хусаинов К.Ш. В.В.Радлов. 1984: 74). Алайда қазіргі қазақ тілінде *<ә>* дыбысы 516 сөзде инициал позицияда фонемалық мәнде жұмсалады. Ал төмендегі дауыссыздардан басталатын бірінші буында сөз мағынасын ажыратады: **б** (87) сөзде **г** (1), **д** (74), **ж** (56), **з** (39), **и** (1), **к** (78), **л** (17), **м** (116), **н** (64), **п** (53), **р** (8), **с** (118), **т** (191), **у** (19), **ф** (1), **ш** (48).

Біздің ойымызша, жіңішке буыннан кейін келген *<а>* фонемасы позициялық түрленімге түсіп, [ә] вариантына айналады. Сонда II буындағы *<а-ә>* гиперфонемасы фонология теориясы бойынша *<а>* фонемасына сәйкес келеді. Яғни қазіргі қазақ жазуындағы II буындағы **ә** әрпі *<а>* фонемасының позициялық түрленімі (өздік реңк) болып табылады.

Қазақ фонологиясында *<й>*, *<у>* үнді дауыссыздарының гиперфонема құрап жүргені әріпті дыбыс деп қабылдайтын қате түсініктен туады. Қазіргі әліпбиде *<ж>* фонемасының екі әрпі бар (**й**, **и**). Мұндағы **и** әрпі қосар дыбысты таңбалайды. Е.Омаров **и** әрпінің құрамында *<ы>* фонемасы бар екенін былай түсіндірген. Мысалға “*bin-biit* деген сөзді *bin-bit* деп айта алмаймыз ғой” (Омаров Е. 2012: 3). Ғалымдарды *<и>*-дың дауысты үндесіміне бейтарап болғаны таң қалдырған (Исаева

Ж. 2003). <j> фонемасының екі түрлі таңбаға ие болуы орыс графикасының ықпалынан. Өйткені <j> фонемасының орыс жазуында да нақты әрпі жоқ, бір позицияда **я, ю, е**, бір позицияда **и** әрпімен беріледі.

Қазақ жазуында <w> фонемасының таңбалануында қайшылық бар: бірінші *тау, сау* деген сөздерде <w> дауыссызын береді, екінші *су, ту* дегенде [ʏ], [y] дыбыс тіркесін береді. Сонда ашық езуліктерден кейін келгенде бір дыбысты, қысаң еріндіктерден кейін келгенде қосар дыбысты таңбалайды. Ол <ʏ>, <y>, <u> фонемаларының еріндік сипатынан шығады. Және алдыңғы дауыстының жуан-жіңішкелігіне сәйкес [y], [y'] ретінде оқылады. Кезінде Григорьев Илминскийге жазған хатында: “й, у әріптерінің қосар әріппен жазу мүлде дұрыс емес, орыс та, қырғыз да Сіздің ай, ей, йй, оу, уу тіркестеріңізді бір дыбыс етіп емес, екі дыбыс қылып оқиды, содан кейін қазақ тілінің айтылымы бұзылады” (Григорьев А.А. 1993:169) деп, бір әріппен қосар дыбысты таңбалағанды жөн санаған.

Біздіңше, соңғы функциядағы **у** әрпінен қазақ жазуы қиындық көрген жоқ. Тек жазуды тілдің өзі деп оқытқан үрдіс қазақ тілі фонемаларының санын, дауысты, дауыссыз фонемаларының арасын айыру проблемасын тудырды.

Қазақ жазуында <**п-б**> гиперфонемасының пайда болуы араб жазуынан басталды. Араб жазуында <п> фонемасы үшін әріп болмады да, оны <п> жіңішке фонеманы беретін парсы әліпбиінен алды. Сөйтіп, **п** әрпі жазуда <п> фонемасының функциясында толық жұмсала алмады. Сондықтан бүгінде **п/б** дыбыстық вариант қатарларында мағыналық айырмашылық жоқ (*бәле/пәле, пейіл/бейіл, паранар/барабар, палуан/балуан, пайымдау/байымдау, шүберек/шүперек*). Қазақ тілінде сөз аяғындағы <п> дыбысы дауыстыдан басталатын жалғау жалғанғанда <б> дыбысына айналғанмен, сөз мағынасы өзгермейді.

Біздіңше, осы позицияда – сөз аяғында <б-п> гиперфонемасы бар. Мұнда позициялық түрленім таңбаланған сияқты. Көне түркі тілінде сөз басында айтылмаған <б> фонемасы бүгінгі қазақ тілінде сөз басында қолданылу жиілігі жағынан үшінші орында (Мырзабеков С. 2003: 59). Ендеше аяққы позицияда да қолданылу мүмкіндігі бар. Кезінде Х.Досмұхамбетұлы сөз аяғындағы **б** әрпін **п** әрпімен жазуға наразы болған (Досмұхамедұлы Х. 1998: 163). Студенттердің фонетикалық транскрипция жасаған

мәтіндерінде сөз аяғында [б] дыбысы естілетіні көрсетіледі.

Келесі гиперфонема қатарына <**н-ң**> жатады. Дыбыстардың дүдәмалдығы әсіресе түбір ішінде кездеседі. Оған 1929ж. емле принциптерінің “Сөздер жеке күйінде естілгенше жазылады. Көне жұрнақ ықпалы мен түбірдегі дыбыстың өзгергені сол күйінде жазылады (*күңгей, жоңқа*)” (Стенографиялық есеп, 1930) дегені де себеп болды. Қазіргі қазақ емлесінде **ң** әрпімен *шеңгел, қысылтаяң, моңғол, бастаңғы, дүңген, жөпшоңкі, жәрмеңке, әмеңгер, аңқау, аңқаю, аңқию, аңсау, аңсар, қаңғу, қаңқ, қыңсылау, қаңтар, қаңырау, тең, теңбіл, теңге, теңдеу, теңқию, маңдай, қаңғалақтау, қаңбақ, лаңса, лаң, өң, өңгеру, өңез, өңшең, міңгір, маңдай, маңыз, маңай, маңғаз, маңқа, маң, мұңаю, мұң, саңғу, саңдақ, саңқ, саңылау, саңырау, оң, оңай, оңаша, оңаза, оңалу, оңбаған, оңзақ, оңғару, оңдалу, оңдау, оңдыру, оңқа, оңқай, оңтай, оңу, шәңгірлеу, шәңгіш, шеңбер, шеңгел, іңгә, іңкәр, іңір* т.б. сөздері жазылады. Мұнда <к>, <ғ>, <г>, <к> фонемаларымен іргелес айтылған **ң/н** дыбысының дүдәмалдығы басым. Мұнда позиция түрленімі таңбаланып кеткен деген күмән бар. **Н** әрпін қазір *оңай, теңеу, лаң, шеңбер, жаңбыр* сияқты позициядан табамыз.

Сондай-ақ қазақ тілінде **ы, і** қысаң езуліктердің нөлмен оппозиция құрайтын тұсы бар. Кез келген тілде белгілі бір дауысты тірек сипат алады, оның дыбыстық реңкі де күшті болады, әрі түсірілу мүмкіндігі де басым болады. Мысалы, орыс тілінде **о, а, е** ашық фонемалары редукцияға жиі ұшыраса, қазақ тілінде **ы, і, ұ, ү** дыбыстары жиі ұшырайды. Орыс тілінде **а, о** фонемаларының құлаққа шалынымды 7 реңкі, **е** фонемасының 6 реңкі болса, қазақ тілінде **ы, і** фонемаларының 4 реңкі бар.

Фонема ұғымының пайда болуы жазу теориясының қалыптасуына әсер етті. Біз қазіргі қазақ графикасы мен орфографиясының теориялық негіздерін ашу үшін, алдымен жазуды дербес құрылымдық жүйе деп танымыз. Ол құрылымның негізгі деңгейі – графикалық деңгейді түсіндіру үшін графика, орфография, әліпби категорияларын анықтауда ауызша тілді жазба тілге көшіретін фонологиялық сүзекі (тетік) – фонеманы – жазба тілдің шығу нүктесі ретінде пайдаландық. Графема – жазба тілдің ең кіші абстракті бірлігі – ауызша тілдің ең кіші абстракті бірлігі – фонемаға сәйкестендіріліп кодталуына байланысты ауызша тіл жазба тілге, жазба тілауызша тілге айнала алады.

Тақырып бойынша оқуға болатын әдебиеттер:

1. Аванесов Р.И. Сидоров В.Н. Реформа орфографии в связи с проблемой письменного языка // Из истории отечественной фонологии. М.:Наука, 1970. – 575 с.
2. Аванесов Р.И., Сидоров В.Н. Система фонем русского языка // Из истории отечественной фонологии, М.Наука, 1970. – 575 с.
3. Ахманова О.С., Девятникова Г.И. Чем же en fin de compte определяется восприятие речи // Исследование языка и речи. М., 1961 т.60
4. Базарбаева З. Фонема теориясы туралы бірер сөз // ҚР ҰҒА-ның Хабаршысы. Тіл, әдебиет сер. 2004. №3.
5. Ветвицкий В.Г., Иванова В.М., Моисеев А.И. Современное русское письмо. М., 1974.– 144 с.
6. Григорьев А.А. О передаче звуков киргизского языка буквами русской азбуки // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы, 1993, 232 б.
7. Джусупов М. Фонемография А.Байтурсынова и фонология сингарманизма, Ташкент, 1995.–176 с.
8. Досмұхамедұлы Х. Қазақ кыргыз тілініңдегі сингармонизм заңы. Таңдамалы. Алматы:Ана тілі, 1998.-384 б.
9. Жұбаева О. Қ.Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары: фил.ғыл.канд.дисс. Алматы, 2002-171 б.
10. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
11. Зиндер Л.Р. Обшая фонетика. М.: Высшая школа, 1979. – 312 с.
12. Зиндер Л.Р., Маслов Ю.С. Л.В.Щерба – лингвист, теоретик и педагог. Л.: Наука, 1982. – 103 с.
13. Исаева Ж. Ауызша әдеби тілдегі стиль, норма мәселелері // Көркем әдебиет тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 2003. – 283 б.
14. Истрин В.А. Развитие письма. М.: АН СССР, 1961. – 394 с.
15. Кузьмина С.М. Теория русской орфографии. М.: Наука, 1981. – 264 с.
16. Леонтьев А.А. Возникновение и первоначальное развитие языка. М., 1963. – 136 с.
17. Маслов Ю.С. Введение в языкознание, М., 1987. – 272 с.
18. Мырзабеков С. Қазақ тіліндегі ұяң дауыссыздар тіркесімі // Сөзтаным. 2003. №3.
19. Омаров Е. Қазақша жазу жайы // Тілтаным. 2002. №3. 103-111 бб.

20. Панов Е.Н. Знаки.Символы. Знаки. М., 1983. – 248 с.
21. Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии. М.: Наука, 1970. – 575 с.
22. Реформатский А.А. Проблемы фонемы в американской лингвистике // Из истории отечественной фонологии. М.:Наука, 1970. – 575 с.
23. Селезнева Л.Б. Современное русское письмо. Томск, 1981.- 211 с.
24. Соссюр Фердинанд де. Труды по языкознанию. М.:Прогресс, 1977-693 с.
25. Стенографический отчет научно-орфографической комиссии созванной 2-4.06. 1929 г. научно-методическим советом НКП и ЦКИКА. Кзылорда, 1930. – 482с.
26. Топоров В.Н. И.А.Бодуэн де Куртенэ и развитие фонологии // И.А.Бодуэн де Куртенэ (1845-1929). М.:Изд.АН СССР, 1960. – 118 с.
27. Трубецкой Н.С. Основы фонологии. М.: Иност. Лит., 1960. – 372 с.
28. Фердинанд де Соссюр. Заметки по общей лингвистики. М.: Прогресс, 2000. – 280 с.
29. Хусаинов К.Ш. В.В.Радлов и казахский язык. Алматы: Наука, 1984. – 171 с.
30. Щерба Л.В. Теория русского письма. Л.: Наука, 1983. –134 с.
31. Яковлев Н.Ф. Математическая формула построения алфавита // Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии, М.:Наука, 1970. – 575 с.
32. Янакиев М. Теория орфографии и речь // Вопросы языкознания. 1964. № 1.

Пысықтау сұрақтары:

1. Дыбыс пен фонеманың айырмашылығы қандай?
2. Қазақ тіліндегі фонема мен дыбыс саны қалай анықталады?
3. Фонеманың дыбыс қоры, инвариант фонема, фонема варианты, фонеманың вариациясы деген ұғымдарды мысалмен түсіндіріңіз.
4. Графема мен әріптің қандай айырмашылығы бар?
5. Гиперфонема дегеніміз не? Қазақ тілінде қандай гиперфонема бар?

1-тапсырма. Фонема теориясына қатысты пікірлерді түсініп оқып, өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер.

“За чисто объективной системой звуков, свойственной дан-

ному языку и обнаруживаемой лишь в результате усердного фонетического анализа, существует более ограниченная “внутренняя” или “идеальная”, система, которая хотя, вероятно, столь же мало осознается как система наивным носителем языка, все же может быть более отчетливо представлена его сознанию в качестве готовой модели, в качестве действующего психологического механизма” (Сапир).

“Фонема-звук” не равна просто звуку, т.к. это не все признаки данного звука, а лишь известная совокупность признаков, соответствующих данному языку”; “Различительная способность фонем заключается в том, чтобы различаясь, различать тем самым высшие языковые единицы (морфемы)”. “Фонема – это идеальное создание, то “общее”, которое под влиянием актуальных фонетических факторов реализуется в различных звуковых комбинаторных вариантах в отдельной”, “фонемы – это социально выделяемые в языке звуки и таких звуков в каждом языке существует различное, но всегда строго ограниченного количества”... “Если происходит смена фонем, то это сигнализирует и смену смысла, а если смены смысла нет и не должно быть, – зачем же нужна смена фонем”(А.А.Реформатский).

“Т.о. в языке существует неопределенная множество артикуляционно-акустический разных звуков и некоторое достаточно определенное количество их объединений, построенных на основе функционального отождествление материально разных звуков” (В.Г.Ветвицкий).

“До сих пор остается загадкой, каким образом нашим далеким предкам удалось создать этот удивительный инструмент коммуникации, в котором каждый минимальный элемент значения отличается от других такого же рода элементов хотя бы одним, самым по себе ничего не значащим кирпичиком: *стол, столб, лен, клен*”(Э.Н.Панов).

“Определяющая роль уровней, высших, чем фонетический, заставила Б.Куртенэ позднее заявить, что в языке имеет смысл лишь то, что морфологизовано или семасиологизовано” (В.Н.Топоров).

“В частности, лишен фонологической значимости гласный звук” (А.А.Леонтьев). “Моновокалический язык без скопления согласных с фонологической точки зрения явился бы языком без гласных, ибо гласный, обязательно следующей после каждого согласного, очевидно, нужно было бы рассматривать только как

составной элемент реализации согласного, не имеющий смысловозначительной функции” (Н.С.Трубецкой).

“Будучи элементом кода – знаком, буква, в отличие от фонемы не являющейся знаком, имеет две стороны: означаемое и означающее. Означающее – это начертание, оптический образ буквы означаемое – языковая функция и в первую очередь передача на письме фонемы или сочетания фонем” (Бодуэн де Куртене.)

4-семинар. Жазу теориясындағы графема ұғымы

Жазба тіл мен ауызша тіл, тілдің ауызша формасы мен жазба формасы сияқты таптастырулардың шығуы және жазу мәртебесінің анықталуы бұл саланың өзіндік дербес, ең кіші бірлігін іздестіруді талап етті. Ең кіші бірлік әліпбиді құрайтын әріптер болып көрінді де. Алайда әр адамның өзіне тән жазуы болатынынан бастап, әріптердің өзі жазба, баспа болып, бірімнді, көпмәнді болып бөлінуіне дейінгінің арасында әріптердің тұрпаты өзгергенмен мазмұндық жағы өзгермейтіні белгілі болды. Осы жағдай Бодуэн де Куртенэнің **графема** ұғымын жасауына әкелді. Бодуэн де Куртенэ “Это постоянно в нашей психике существующее представление звука, т.е. одновременного сложного комплекса проносительных работ и получаемых от этого впечатлений, мы будем называть фонемою” дей отырып, егер әріппен бір нәрсені таңбалауға болса, ол графема, яғни әріптің психикалық елесі, графема жазу-көру елесі, ол фонемамен ассоциацияланып тұрады, “графема – бұл жазудың ары қарай бөлшектенбейтін ең қарапайым елесі” деді.

Фонеманың абстракті ұғым болғаны сияқты, жазба тілдің де мағына ажы-ратқыш ең кіші, абстракті ұғымы – графема – сөйтіп, XX ғ. басында ғылыми айналымға келді. Бүгінгі лингвистика графеманы екі түрлі түсіндіреді: 1) жазба форманың ең кіші бірлігі, яғни ауызша тілдегі фонема қызметінде; 2) жазба мәтіннің сегменті, яғни әріп ретінде. Бұл графеманың ауызша тілде фонеманы, жазба тілде әріпті білдіреді деген сипатын айқындайды. Қазіргі әдебиеттерге қарасақ, графеманы әріп қатынасында былай сипаттайды: графема мен әріп ұғымы бір (Л.В.Щерба, Б.И.Осипов), графеманың баспа екі түрі, жазба екі варианты бар (Т.Николаева, В.Ф.Иванова), графема фонеманы беретін жазудағы ең кіші бірлік, ол бірнеше әріптен де тұруы мүмкін

(Л.Р.Зиндер), барлық графикалық таңбалар графема болып табылады (Ю.С.Маслов), графема – инвариант, әріп – вариант, графема таңбалаушы мен таңбаланушының бірлігі (В.М.Солнцев); графема графикалық жүйенің инвентарін құрушы, фонеманың репрезентациясы, фонемамен корреляциялық қатынаста тұратын бірлік.

Сонымен, ХХғ. аяғындағы жазу теориясы жазу бірліктерін абстракті графема мен нақты әріпке ажыратып, жазба жүйе бірліктерін жасады.

Егер біз тілді таңба деп алсақ, таңбаның таңбалаушы-таңбаланушылық сипаты тілдің екі жақты меже сипатына сәйкес келетін болса, онда ауызша тіл формасының өз мазмұн межесі мен тұрпат межесі, жазба тілдің өзіндік мазмұн және тұрпат межесі болады. Ауызша тілдің мазмұн межесі – дыбыс, тұрпат межесі – фонема болып табылады да, жазба тілдің мазмұн межесі – графема, тұрпат межесі – әріп болып шықпақ.

Б.Куртенэ айтуы бойынша, графема ауызша тілдің а) фонемасын, ә) фонемалар жиынтығын, б) жартылай фонеманы, в) бір фонема мен басқа бір фонема элементінің тіркесін бейнелейді. Жазба мәтінде графема а) әріп, ә) әріп тіркесі, б) басқа да графикалық амалдар арқылы көрінеді.

Ғалым әріптер әртүрлі болып таңбаланғанмен оларды ортақ графемасы арқылы танып аламыз. Сондықтан бір графеманың әртүрлі формаларын бірінің орнына бірін ауыстыра береміз, мысалы, каллиграфиялық және типографиялық әріптерді немесе каллиграфиялық әріптің өзінің 2-3 түрлі формасын алсақ та болады дейді.

ауызша тіл	инвариант	фонема
	вариант	дыбыс
жазба тіл	инвариант	графема
	вариант	әріп

2 сурет – Ауызша тіл мен жазба тіл бірліктері

Мұндағы фонема мен графема – көзге көрініп, құлаққа естілмейтін абстракті единицалар (2-сурет). Олар тек дыбыс пен әріп арқылы ғана реализацияланады. Т.А.Амирова: “Фонологиялық жүйенің инварианты – фонема, графикалық жүйенің инвариан-

ты – графема. Әліпбиді алғаш жасаушылар құлаққа естілетін барлық дыбыстарға таңба бере бермеді, олар абстрактілеп, жалпыландыру жағын көп ойластырған” дейді. Т.А.Амирова фонема мен графема арасындағы негізгі айырмашылықты адамның психикалық қабылдау тұрғысынан түсіндіру керектігін айтады. Бодуэн де Куртенэ жазу мен тілдің арасындағы нақты байланыс бірден-бір психикалық болуы мүмкін деген. Бір қарағанда фонема мен графема бір сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ жазу сауаты жоқ адамның санасында графема арқылы ойлау жүйесі болмайды. Графема – графикалық ойлау жүйесінің бірлігі. Естілген сөзді қағазға таңбалау дыбыс реңктерін фонемаға айналдырып, фонеманы сол жазудың графемасына кодтау арқылы жүреді. Сонда графема белгілі бір жазу түріне негізделеді. Біз белгілі бір сөзді айтқанда, не естігенде графема тұрпатымен қоса елестетіп отырамыз. Ол әріп тұрпатына, қаріп түріне каллиграфияға қатысты емес. Сонда ауызша тіл жазба тілге дыбыстық ортақ, негізгі реңкі – фонеманың сол тілдің әліпбиінде бар әріптің мазмұны болып табылатын графеманың сәйкестігі арқылы аударылатын болып шығады. Дыбыс пен әріп саны көп, фонема мен графема – белгілі бір шегі бар бірліктер. Фонема мен графеманың үнемі сәйкес, бірдей түсе беретін кезі болмайды. Графемаға қойылатын ең негізгі және нақты талап қосалқы варианттардың болмауы.

Графеманы үш түрлі тұрғыда талдауға болады дейді зерттеушілер: синтагмалық (фонемамен линейлі сәйкестігі), парадигмалық (графеманы графикалық жүйенің құрылымдық элементі ретінде қарау, мұнда графема адам санасында орналасқан болады), семиотикалық (таңба ретінде белгілеуші де белгіленуші де бола ала алуы).

Т.А.Амирова қазіргі тілші қауым арасында әріп пен графеманы бір деп ашық айтып отырған ғалымдар азайды дегенмен еңбектерге көз жүгірте отырып, олардың көбі бұрынғыша ойлайтынына көз жеткізуге болады дейді. Әріпті алфавит элементі етіп, графеманы тілдің графикалық жүйесі етіп түсіндіру осы екі ұғымның саралануына жол ашты деген Т.А.Амирова: “Әріптер әртүрлі жұмсалым кезінде графемамен сәйкес келеді, бірақ барлық жағдайда оны таңбаламайды” деген.

Сөйтіп, жазу саласының қомақты зерттеулерінің өзінде графеманы – әріп, графиканы – графема деп шатастыру бар. Мысалы, жалпы жазу теориясына арналған оқулықтардың өзінде графема әріп болып, әріптің әсіресе 3-4 позициядағы түрлері

аллограф ретінде, ал әріптің баспа, жазба түрі, кіші, бас әріп, оның аллографы болып қарастырылады. С.М.Кузьмина: “Бас, кіші әріп дегендердің фонемаграфикалық жағынан ешқандай айырмашылығы жоқ. Оларды тек идеографикалық идея жасаған. Бас әріп жалқы есімдерді, неміс тілінде зат есімдерді, сөйлем басын, мәтін тарауларын, бөлімдердің аттарын белгілегенде керек. Және қысқартуларда қолайлы” дейді.

Біздің зерттеулерімізде: әріп – графеманың реализациясы, жазудың тұрпат межесі. Бодуэн де Куртенэнің әріптер әртүрлі болғанмен, мазмұны біреу болып, өзгермеуін графема ұғымына теліген. Ал әріп – код таңбасы. Яғни ғалым әріпті таңба деп оның мазмұн межесі фонема, тұрпат межесі әріп бейнесі дейді. Таңба сол таңбаның тұрпаты болып шығады. Біздің ойымызша, әріп таңба емес, әріп – таңбаның бір жағы ғана, сонда графема – жазба тілдің кіші бірлігі екі жақты сипаты бар, мазмұн межесі фонема, тұрпат межесі әріп болып табылады.

Ғалымдар әріптің инвентарын анықтау үшін оның дифференциалды белгілерін шығаруға тырысады (Волоцкая, Молошная, Николаева). Мысалы, тік сызықты әріптер, көлбеу сызықты әріптер, дөңгелек тұрпатты әріптер т.б. Одан гөрі *төл әріп*, *кірме әріп*, *қосақ әріп* деген таптастырулардың графика мен әліпби сапасын анықтауда пайдасы бар.

Т.А.Амирова әріп – графеманың нақты реализациясы, фонема ауызша тілдің, графема жазба тілдің – тұрпат межесі дей отырып, графема әліпбидегі әріп санына қарағанда көп дейді. Автор ағылшын тілінде 26 әріп 104 графемалық символды құрайды, оның ішінде төрт элементке дейін графикалық символдар кездеседі дейді, оларға: **a, ar, aa, air, aiqh, sch, ssi, sc, ph, th, qh, ae, ai, ea, ei, eo** т.б. жатқызады. Бірде графема – инвариант, әріп – вариант десе, бірде графема – фонеманың әріптік бейнесі дейді. Сондықтан барлық уақытта графема әріпке сәйкес түсе бермейді, өйткені дыбыстық емес әріптер бар дейді. В.Фрэнсис қазіргі ағылшын тілінде 45 фонема – 41 графема, Вийк 46 фонема – 104 графема бар деген. Мәтінде графема әріп, әріптер тіркесі немесе графикалық тәсілдер мен комбинациялар арқылы көрінуі мүмкін дейді.

Әліпбидегі әріптердің фонеманы берудегі ұйымдасуы графика екені біраз ғалымдар тарапынан айтылды. Біздіңше, Т.А.Амированың жоғарыда айтып отырғаны да графика. Осы ізбен С.М.Кузьмина да графема бір әріптен де, 2-3 әріптен де

құралады, мысалы, /sch/-<ш>, /ть/-<т>, /я/-<иа>, барлық позицияда бір ғана фонеманы білдіретін **f=ph, t=th, u=i, a:=as, o:=os** деген графемалар барын айтады. В.И.Баллинская графемаларды қарапайым, күрделі және факультативті графемаларға бөледі. Қарапайым графемаларға бірмәнді (**a, в, с**), күрделі графемаларға әріптер тіркесінен тұратын графемаларды жатқызады. Сөйте тұрып, “фонема – ауызша тілдің мағына ажыратқыш ең кіші бірлігі болса, графема – жазба тілдің мағына ажырататын ең кіші бірлігі” деген анықтама береді. Енді бірде графема – әліпбидің абстрактілі бірлігі, ол бас әріп, кіші әріп, жазба бас әріп, жазба кіші әріп түрінде өмір сүреді дейді. Бас әріп пен кіші әріп, біреуі кісі есімін, біреуі жалпы есім екенін білдіреді. Бас әріп пен кіші әріп бірдей дыбысталса да, олардың функционалдық мәні әртүрлі, сондықтан бұлар әртүрлі графема болып қарастырылуы керек деді.

Н.Уәлиұлы графема тілдің ары қарай бөлшектеуге келмейтін кіші тұлғасы фонема мен жазба тілдің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші тұлғасы әріптің арасындағы қатынастың жиынтығы болып табылады, фонема мен графема – инвариант, дыбыс пен әріп вариант дейді. Сонымен, графема қазақ тілі жазба жүйесінің ең кіші абстракті бірлігі болып табылады. Ол әріп түрлері арқылы таңбаланады. Ал фонеманы әріп тіркесі арқылы беруді графема деп танитын жоғарыдағы ағылшынтілді зерттеулер әріптің графикалық тіркесуі туралы айтып отыр деп ойлаймыз.

Тапсырма. Қазақ жазуындағы қ-к, г-г дыбыстарын жеке таңбалаудың себептері айтылған төмендегі пікірді негізге ала отырып, өз ойларыңызды ортаға салыңыздар.

Қазақ тілі дауыссыздарының ішінде фонемалық статусы дау туғызып келген **қ-ғ, к-г** дыбыстары болды. Осыған орай бұларға екі әріп арналу керек пе, әлде төрт әріп арналу керек пе деген мәселе А.Байтұрсынұлы әліпбиінен де бұрынғы жазу кезеңдерінде шықты.

Көне түркі жазуы дауыстылардың жуан-жіңішкелігін дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішке таңбаларымен көрсетті. Дауысты дыбыс әріптерінің көбейіп, дауыссыздар саны азайған кейінгі жазу кезеңдерінде дауыссыздың екі жұбы қатар сақталған **қ-г, г-к** әріптері болды.

Түркі халықтарының ішінде төрт таңбаны да әліпби құрамында қалдырған қазақ графикасы болып табылады. Ал түрік, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, татар жазуларында бұл дыбыстарға әліпбиде екі таңба арналған: фонемалардың жуан, жіңішкелігі іргелес келген дауыстының әуеніне байланысты ажыратылады.

Қазақ әліпбиінде *қ-г, к-г* таңбаларының сақталуы А.Байтұрсынұлының төте жазуынан басталады. Ғалым “қ, к, ғ, г дыбыстары ауыздан шығу орны бір-бірінен алыстап кеткен, бұларды бір-бірінің жіңішке түрі деу қисынсыз”, сондықтан төрт дыбысқа төрт түрлі әріп арналсын деген. Ал Қ.Кемеңгерұлы аталған фонемалардың өзіндік жуан-жіңішке варианттары қалыптасып келе жатқанын айтқан.

Қырғыз тілінің әліпбиін түзген К. Юдахин: “к-қ, ғ-г дыбыстарының айырмашылығы басқа дауыссыздардың айырмашылығынан ерекше емес. Егер бұларға жеке таңба берсек, басқа дауыссыздарға да жеке таңба беруіміз керек” деп, 4 дыбысты 2 таңбамен беруге болатын тілдерге қазақ, қырғыз, ноғай, қарашай, балқар тілдерін жатқызады да, өзбек, әзірбайжан, ұйғыр әліпбиінде 4 таңба арналу керек. Өйткені соңғы тілдер тобында сингармонизм заңы бұзылған дейді. Бірақ іс жүзінде керісінше болды: өзбек, қырғыз, әзірбайжан, татар, түрік тілдері әліпбиінде екі таңба (*к, г*) алынды да, қазақ графикасында төрт әріп төрт дыбыс-фонемаға арналды.

Дыбыс-фонема инварианты немесе варианты екенін анықтауда сол тілдің вокализм жүйесімен тіркестіріп көру әдісі қолданылады. Бұл тәсілді ең алғаш ұсынған К.Юдахин мен А.Сухотин қа, қо, қы, құ, ға, ғо, ғы, ғұ тіркесімі ғана бар, бірақ ке, кө, кі, кү, ғе, ғө, ғі, ғү тіркесімі болмайтын және керісінше болмайтын барлық тілдерден қ және ғ әріптерін алып тастау керек, бұл дыбыстар фонемалық тұрғыда үндесім заңы бұзылған тілдерде және қ, ғ жіңішке дауыстылармен, к, г жуан дауыстылармен (*қәбір, лұғәт, қәйри, катіб*) тіркесе алатын тілдерде таңбалана алады деген.

І.Кеңесбаев “[к] мен [к] бір фонеманың екі түрлі айтылуы (немесе жуанды, жіңішкелі варианты) деп қарау дұрыс емес: жуан дауыстылардың [к] мен жапсарласып, жіңішке дауыстылардың [к] мен жапсарласып келуі де, жасалу (артикуляциялық) орны жағынан бұл екеуі әр қилы болып келуі де ([к] тіл арты арқылы жасалады да, [к] тіл ортасы арқылы жасалады) бұлардың екі

түрлі фонема екенін дәлелдейді; [ғ], [г]-нің де бір-біріне қарым-қатынасы осы тәрізді. Қазақ тіліндегі дауыссыздардың жуанды-жіңішкелі болып келудің фонематикалық мағынамен байланысуы тек [к] – [к], [ғ] – [г] тобында бар деп түсінуіміз керек; [к] – [ғ]-ның жасалу орны бір бөлек, [к] – [г]-нің жасалу орны екінші бөлек болып келуі тәрізді қасиет өзге дауыссыздарда тіпті байқалмайды. Өзге дауыссыздардың (мәселен, [т], [з], [р] т.б.) әрқайсысының жуан-жіңішкелі болып келуінің фонематикалық мағынаға әсері жоқ; *от, оз, ар* дегендегі *т, з, р* жуан айтылады да, *өт, өз, өр* дегенде бұл дауыссыздар жіңішке айтылады. Солай бола тұрса да, бұл жуан-жіңішкелік өздігінен тұрып сөзге мағыналық ұйытқы бола алмайды. Арнаулы бір өзге дауыссыздың жуан-жіңішкелігінің бір-бірінен *қ-к, г-г* тәрізді артикуляциялық үлкен айырма болмайды” деп анықтайды. Сөйтіп, ғалымның пікірі А.Байтұрсынұлының пікірімен үндес келеді.

Ал проф. Ә.Жүнісбек: “екі жұптың айырмасы тілдің қалпы мен ерін конфигурациясында ғана, әйтпесе [к] мен [к] фонемаларының реңктерін (9 түрлі) біріктіретін болсақ, онда дауыссыз фонема реңктерінің толық қатарын көре аламыз” дейді. Ары қарай [г], [ғ] туралы: “Что касается фонем [g] и [g], то мы сомневаемся что они исконно казахские, скорее всего они были позиционно-комбинаторными (в зависимости от фонетической ситуации то смычными, то щелевыми) оттенками глухой смычной средноязычно-увулярной фонемы [к] [к]. Однако интенсивное вторжение арабо-персидских слов с их гортанными звуками и русские заимствования с их самостоятельной фонемой [g] послужили причиной появления этих фонем на непривычных для них местах” деп қорытады.

Сондықтан ғалым: қазақ тілінде 17 дауыссыз, 19 дауыссыз дыбыс әрпі бар дейді. Сонымен, қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың фонемалық статусын анықтауда дыбыстың тоғыз түрлі сингармовариантта айтылуын ескердік. Сонда қазақ тілінің төл фонемалары тоғыз дауыстымен тіркес құрап, морфема құрамында кездесе береді. Ол тіркесім, байқап отырсақ, жазуда да көрініс табатын позициялар болып табылады. Алайда дыбыстар сөйлеу тіліндегі үздіксіз (линейный) құбылыс болғандықтан, олардың түбір ішінде, буын, сөз, сөз тіркесі жігіндегі тіркесімі шарт емес. Сондықтан <қ>, <к>, <ғ>, <г> фонемаларының жеке-жеке тоғыз түрлі сингармоварианттары сөз тіркесі шенінде кездесетінін оңай тауып алуға болады. Мысалы: /екі ай/ – [екай],

/екі орын/ – [ек^о орұн], /екі өлең/ – [ек^{о¹} өлөн], /қырық өтірік/ – [қырығ^{о¹}өтүрүк], /екі ұры/ – [ек^о ұрұ], /екі лак/ – [ек ылак], /қырық ән/ – [қырығән], /қырық екі/ – [қырығекі], /қырық үш/ – [қарағұш], /қырық ішік/ – [қырығішік], /көк ала/ – [көгала], /көк орай/ – [көгорай], /көк ұрсын/ – [көг^оұрсұн], /көк лак/ – [көгылак].

Ендеше <қ>, <к>, <ғ>, <г> фонемаларының әрқайсысы дыбыс парадигмасындағы басқа дауыссыз сияқты жуан-жіңішке, еріндік-езулік варианттармен түрлене алады екен. Осыған орай Н.Уәлиұлы “тіл үндестігіне ілікпей жүрген” “шәлкес тіркестер” (*құрмет, құдірет, қошемет, мәслихат, рақмет, қабілет, қасірет, қауесет, қиямет, қажет, қолет, қауырт, қазір, камшат, қабір, қауіп, қате, қанден, іждағат, қадім, қасиет, қапер, қатер, қорек, құзырет*) сөйлеуде жіңішке әуезде айтылатынын оңай байқауға болады дейді. Мысалы: [қ¹о¹ұрмәт], [қ^{о¹}үдүрет], [қ^{о¹}өшемет], [мәслих¹әт], [рах¹імет], [қәб¹ілет], [қәсірет], [қәуөсет], [қийәмет], [қәжет], [қөлет], [қәдір], [қәзір], [камшат/кәмиәт], [қәбір], [қәууіп], [қәте], [қәнден], [іждағат], [қәдім], [қәсііет], [қәпер], [қәрек], [қүзірет].

Ендеше А.Байтұрсынұлы әліпбиінде негізделген, қазіргі қазақ жазуында жалғасын тапқан <қ>, <к>, <ғ>, <г> фонемаларының бір-бір таңбаға ие болуы “бір фонемаға бір әріп” деген қазақ графикасының қағидасына сәйкес. Әріпке ие болатын дыбыс өзінің дыбыс қоры болуымен ерекшелену керек десек, аталған фонемалардың дыбыстық қоры мынадай:

<қ> [к] [ак] ақ, [қылт] қылт, [к^оол^о] қол, [қ^оұш^о] құш, [к¹] [к¹әзір] қазір, [тығішіңе] тық ішіңе, [к^{о¹}өлет] қол ет, [к^{о¹}үдірет] құдірет.

<ғ> [ғ] [ғасыр] ғасыр, [шығын] шығын, [ғ^оой] ғой, [ғ^оұн] ғұн, [ғ¹] [жоғ¹ән] жоқ ән, [қырығ¹ішік] қырық ішік, [ағ^{о¹}өлән] ақ өлең, [жоғ^{о¹}ұн] жоқ ұн.

<г> [г] [көгала] көк ала, [көг^оұрсұн] көк ұрсын, [тег^{о¹}от¹рұу] тек отыру, [г¹] [гәп] гәп, [јегіз] егіз, [јегде] егде, [бүг^{о¹}ұн] бүгін, [г^{о¹}өрү] гәрі, [г^{о¹}үр] гүр.

Тілдің даму жүйесінде қатаң дыбыстан ұяң дыбысқа қарай дауыстың жұмсару процесі белең алатын сияқты. Мысалы, XVIII-XIXғғ. араб жазулы ескерткіштер тіліндегі *чықармасаңыз, йоқарыда, жолукұсұб, достылықым, йарлықым, йаманлықына, тынычлықын, қылғанлығы* деген сөздер бүгінде ғ дыбысымен айтылып, жазылады. Сондай-ақ қазіргі қазақ тілі айтылу норма-

сында <т> фонемасы [д] вариантында жұмсалатын сияқты: тат басу – [тадбасұу] (Әдетте үйлестік қатаң дыбыстың ұяңды өзіне айналдырып алуымен сипатталатын еді: тат басу – [тат пасұу]). Кезінде Т.Шонанов: “Шамасы, түбінде біздің сөз басындағы к дыбысымыз айтылымда г дыбысына айналатын сияқты. Ал түрікмен, осман және тағы басқа оңтүстік тілдер қазірдің өзінде г-ге айналдырып алды” деген екен.

Сонда тіларалық қатынастың, өзге тіл дыбыстық құрамының, жазба тілдің әсерінен ұяңдану, салдырдан үннің басымдық алуы жүріп отыратын сияктанады.

Сонымен, қазақ әліпби құрамында <к>, <қ>, <ғ>, <г> фонемаларының таңбалары болуы жазба тіл мен ауызша тілді бір деп түсінген қазақ тілі үшін ұтымды шыққан деп ойлаймыз. Екі таңбамен төрт вариантты берген түрік, өзбек, қырғыз, әзірбайжан тілдері бүгінде ауызша тілдің айтылу нормасынан ауытқып отыр.

Қ.Күдерина «Қазақ жазуының теориялық негіздері» Алматы, 2010.

5-дәріс. Жазудың негізгі категориялары

Л.В.Щерба жазу теориясы *дыбыстық таңбалар мен грамматикалық таңбаларға және ұғымдық таңбаларға* ажырайды деген. Мұндағы дыбыстық таңбалар әріптер болса, грамматикалық таңбалар пунктуациялық белгілерге, ұғымдық таңбалар сөздердің бөлек, бірге, дефис арқылы берілуі, бас әріп, кіші әріп сияқты элементтерге саяды. Осы негізде жазудың негізгі категориялары шығады. Ол – **алфавит, графика, орфография және пунктуация**. Алфавит арқылы белгілі бір жазба мәтінде әріптерді фонемаларға таңып, мәтін мазмұнын оқимыз. Графика жазу түрлерін, қаріп түрлерін пайдалану деген сияқты жазба мәтіннің бүкіл тұрпатын ұйымдастырады. Ал кейбір жазуларда алфавиттегі әріп таңбалары жетпеген фонемаларды белгілеуді ұйымдастырады. Орфография жазба мәтіннің белгілі бір стандарт құрылыммен ұйымдасуына, ортақ жазу тәртібін құруға, сөздерді дифференциялауға көмектеседі (сөздерді бірге/бөлек/дефис арқылы жазу, кіші/бас әріп). Пунктуация бүкіл мәтіннің, мәнмәтіннің оқырманға дәл, анық жетуін қарастырады.

Жазу категорияларын ең алғаш қарастырған Бодуэн де Куртенэ графиканы көру-жазу элементі мен айту-есту элементі арасындағы байланыс деп түсінді. Ол байланыс үшін морфологиялық, семасиологиялық жайлардың қатысы болмады. Яғни сөз қалай дыбысталса, алфавитте бар сәйкес әріппен солай белгіленеді деді. Ал орфографияны ғалым жазу-көру элементі айту-есту элементіне де және морфологиялық, семасиологиялық элементтерге де қатысты деп түсіндірді. Бодуэн де Куртенэ *кот* және *год* сөздерінің жазылуында графика да, орфография да қатар көрініс табады деді. ЛФМ графика мен орфография арасына бірде шек қойса, бірде екеуін біреу етіп түсіндіреді. Ал Л. В.Щерба *кот* сөзі графиканың, *год* сөзі орфографияның ережелеріне бағынып жазылады деген. Сөйтіп, графика ережелері деген ұғым бола қалса, ол қалай естілсе, солай жазылады дегенді білдіреді, ал орфография қалай естілсе, солай жазылмаған кезден бастап қана шықты дейді ғалым.

Л.В.Щерба, А.Н.Гвоздев бірде орфография графика мүмкіндіктерінен аса алмайды десе, бірде орфографияның графика ережелеріне қайшы келетін тұстары көп дейді. Жазу ережелерінің графика мен орфографияға бөлінуі жазудың екі кезеңнен тұратынын белгілейді деді.

Ал МФМ өкілдері тіліміздегі сөзформалардың жартысынан астамы алғашқы кезеңде-ақ (графикада) дұрыс жазылады да, орфографияның үлесіне тек күрделі түрі қалады деді. Орфография мен графика тек әріпті таңдағандағы екі түрлі жағдай деп түсіну керек. Былайша айтқанда, бұлар фонологиялық және морфологиялық жағдайлар: егер әріпті жазарда біз морфемаға қатыссыз тек басқа фонемаларға, екпін, сөз басы, соңына қатысты алып отырсақ, бұл фонологиялық болады; ал әріпті морфема аясында қарасақ, онда морфологиялық болады деді.

Алфавит пен графика арасында нендей айырмашылық бар дегенге әлі біржақты жауап жоқ. Л.В.Щерба графика мен алфавитті бір деп қараса, Б. де Куртенэ графика мен орфографияның арасын ажырата қоймады. Л.В.Щерба мәселені екіге бөліп қарастыруды жөн көрді (орыс графикасы немесе орыс әліпбиінің теориясы және орыс орфографиясы). Мәселені шешуде Л.В.Зиндер: “Бұл жерде әңгіме әріп (графема), дыбыс (фонема) арасындағы қатынас жайлы болып отыр, тек әр тұғырдан қараудан келіп шығады. Егер, мысалы, әріпті алып, ол қандай фонеманы белгілейді де-

сек, алфавитті, ал егер фонема немесе басқа да дыбыстық бірліктерді, мысалға буындарды алып, олар қандай графемалардың, болмаса олардың тіркесі арқылы берілді десек, бұл – графика” деп анықтады. Бірақ, Л.В.Зиндер айтқандай, графика иероглифтік жазуға да тән болса, онда жеке бірліктердің дыбыстық екенін анықтаудың қажеті жоқ. Сөйтіп, алфавит графиканың нәтижесі, соңғы қорытындысы ретінде пайда болған код таңбалары сияқты. Алғашында графика, соңынан алфавит шыққандай болады. Оқулық, оқу құралдарын айтпағанның өзінде жазуға қатысты теориялық еңбектерде графика мен орфография немесе әліпби мен графика арасы айқындала қоймайды. Оның өзі жоғарыдағы жазу теориясының ірі өкілдері Бодуэн де Куртенэ, Л.В.Щерба, Л.В.Зиндер зерттеулерінен басы ашыла қоймағанға байланысты. Л.В.Зиндер алдыңғы екі ғалымға қарағанда графика мен орфографияның өзара айырмашылықтарын саралап бергенмен, түбінде жазуды графика мен орфографияға бөлуге қарсы болды. Бірақ орфографиялық ережелердің фонемадан әріпке дейінгі толық жинағын беру үшін жазу теориясында графика мен орфография арақатынасын ашу керек болды. Міне, графика, емле ұғымдарының пайда болу уәжі негізінен осында. Дұрыс жазу екі категориялы – графикалық және орфографиялық – ережелер арқылы жүзеге асуы тиіс.

С.М.Кузьмина жазуды графика мен орфографияға бөлудің қажеті жоқ деді. Себебі жазу процесінің өзі бір-ақ этаптан тұрады. Жазғанда біз алдымен графикалық, соңынан орфографиялық жазумен жазып, екі рет жұмыс істемейміз және графикалық жазуды жүзеге асыратын жалған әріптер жазарманның санасында болмайды деді.

Жалпы, графика бір фонеманы екі, не үш әріп тіркесі арқылы таңбалайтын ағылшын, неміс, орыс сияқты жазулардың сипатына байланысты шықты. Мысалы, француз тілінде <e>-нің ашық, жабық, жартылай ашық түрлерін беретін әріп алфавитте жоқ, бірақ графикасында бар. Сол сияқты <a>-ны беретін графикалық таңбалар жиі қолданылады. Неміс тілінде **ch**, **sch** деген диграмма, триграммалар бар. Орыс тілінде жіңішке дауыссыздарды беру үшін **я**, **ю**, **ь**, **ъ** әріптері қоса таңбаланады. Ал қазақ тілінде графика жаңа әліпбиді қабылдағанда, жазудың алғашқы тәжірибелерінде, алғаш сауат ашу ісінде көрінеді. Сонда графика дегеніміз әліпбидегі әріптердің белгілі бір фонемаларды таңбалауын ұйымдастыру болып шығады. Л.В.Щерба,

Л.В.Зиндер де орфографияны тек жазудың дыбыстық жағына қатыстырған. Л.В.Щерба, мысалы, сөздердің бөлек, бірге, дефис арқылы жазылуын пунктуация аясында қарастыруды жөн деп санаған. Ал Л.В.Зиндер *по видимому* деген сөзді бірге, бөлек, дефис арқылының қайсысымен жазсақ та, орфография жағынан біркелкі, себебі олардың барлығында да бір ғана фонемалар тізбегі айтылады. Ал егер *павидимому, повидимому* т.б. варианттарының қайсысымен жазамыз деген мәселе қойылса, бұл орфографияның шаруасы деді. Бүгінде жағдай басқаша. Орфография ережелері бас әріп, кіші әріпті де, бірге, бөлек, дефис арқылы жазылуды да қамтиды. Ал графика – әліпби мен оның теориясына тікелей қатысы бар, әліпбидің жасалуы, өзгерістері, қайта жетілдірілуі, сондай-ақ эстетикалық, оптикалық, экономикалық жағынан сапасын анықтауға көмектесетін сала. Графика сондай-ақ жазу таңбасы деген ұғымда да қолданылады. Графика жазу ұғымының бір мағынасына сәйкес. Қазақ тіл білімінде “араб жазуын өзгертті”, “латын жазуын қабылдау”, “орыс жазуына көшу” деген сияқты тіркестер бар. Өйткені алдымен сол жазудың графикасы қабылданады, сосын барып оған ыңғайластырып, сол графика (жазу) негізінде әліпби түзіледі. Жалпы тіл білімінде графика әліпбидегі әріп тіркесі арқылы таңба белгілеу, таңбалар тіркесіне әріп қызметін үстеу дегенді білдіреді.

Графикаға лигатуралар, диакритикалық таңбалар (дәйекші, екпін, созылыңқылықты білдіретін белгі) кіреді.

Дұрыс жазу мен орфография – синонимдес сөздер. “Орфография 1) дұрыс жазу нормасы; 2) әріптік таңбалардың емлесі; 3) белгілі бір тілдегі нақты бір сөздердің жазылу ережелерін қамтитын тілдегі фонемалардың қалай жазылатынын емес, сөздердің қалай жазылатынына жауап беретін сала” мағынасында жұмсалады.

Жазба тіл екі жақты межеде өмір сүреді. Оның дыбыстық деңгейдегі мазмұн межесі графема, тұрпат межесі – әріп, бас әріп, кіші әріп, әріптің кіші баспа түрі, үлкен баспа түрі, жазба түрі болады. Ауызша тілдің ең кіші мағыналық бірлігі – фонема – абстракті, санада ғана өмір сүретін единица болса, жазба тілдің кіші единицасы абстракті бірлік – графема санада өмір сүріп, әріптің түрлі формалары арқылы таңбаланады. Сөйтіп, графеманың реализацияланған әріп тұрпаттары белгілі бір тәртіппен орналасқан, белгілі саны бар жиынтық ретінде жазба

тілдің код жүйесі – әліпбиге ұйымдасады. Ол жазба тілді оқудың немесе керісінше ауызша тілді жазуға айналдыратын кодашқыш (Н.Уәлиұлы термині) болып табылады. Коммуникация теориясы тұрғысынан әліпбидегі әріптер санының аздығы жазудың код болуына жарайды.

Жазу факторларының ішінде әліпби көбіне әлеуметтік, экономикалық, саяси тұрғыдан белгілі бір кезеңде ғана практикалық ізденістің нысанына айналады да, әліпби ауыстыру, өзгерту науқаны аяқталған соң дыбыстардың қасаң таңбалар жиынтығы болып қалады. Жазу қабылданарда алдымен графика (әріп таңбаларының тұрпаты, жазу тұрпаты деген мағынада) түрі таңдала ма, әлде әліпби түрі таңдалына ма деген сауалға жауап іздеп, жазу тарихына көз жіберсек, экстралингвистикалық себептерге байланысты екі түрлі жолдың да таңдалғанын, ал жазба тіліне саналы түрде қарай бастаған кезеңде қай әліпби сол тілдің дыбыстық құрамын дәл берсе//жуықтаса сол әліпби түрін қабылдағанына куә боламыз.

Жазу кеңістігінде әліпби түрі санаулы болғанмен, жазу түрлері едәуір. Яғни жазба тілі жетілген ұлт тілдерінің кейбіреуінде (армян, грузин т.б.) ғана болмаса, көбінде жазу кеңістігіне белгілі ашық әліпби түрлері өзгертіліп, жетілдіріліп қолданылып келеді. Бұл неше мың тілде сөйлейтін халықтардың белгілі әліпби түрімен коммуникация жасауын жеңілдетті. Мысалы, біз жүйесі бөлек герман тілдерін қытай тіліне қарағанда тез әрі оңай меңгереміз. Өйткені алдыңғысы ашық әліпби түрі – латынмен, соңғысы жабық әліпби – қытай иероглифін пайдаланады. Қазіргі әлемдік коммуникация жазба тілдің әліпби, графика факторларымен өлшенеді. Әліпби белгілі графика мен әліпбиге негізделген тілдегі фонемалардың жазба тілдегі реализациясы әріптердің реттік жиынтығы болып табылады. Әліпби сол тілдің дыбыстық құрамына сәйкеседі/мүмкіндігінше сәйкеседі. Әліпби белгілі бір тілде жазылған таңбаларды оқудың кілті болып табылады. Әліпбиде әріп саны; реті; кескіні; әріп атауы айқындалады. Әліпби тәртібі экстралингвистикалық жағдайларда қызмет атқарады: цифр қызметін атқаруы, сөздік, анықтағыш, энциклопедияларда сөздің орналасуын жүйелеуі, қысқартылған сөздерді атауы т.с.с.

Жалпы, әліпби жасау, өзгерту – әлеуметтік, саяси мәселе. Сондықтан оған қойылатын фонологиялық талаптан бөтен психологиялық талап (жазу-оқу ісінде әріптерді қабылдау ра-

ционалды болу керек дегенді білдіреді), педагогикалық талап (сауат ашуда уақыт пен еңбекті үнемдеу дегенге саяды), типографиялық талап (сол кездің экономикасы мен өндірістік жағдайларына сәйкес келуді құрайды) түрлері болады. Әліпби жасау проблемасы тілдік те, тілдік емес те факторларды қамтиды. Сөйтіп, қандай да бір графиканы қабылдайтыны саяси, экономикалық, әлеуметтік жағынан орайластырып шешілген соң, сол тілдің фонемалар жүйесіне қарай әліпби құрамы белгіленеді. Жазу өзгерту, жазу қабылдау деген ұғым белгілі бір әліпби түрін таңдау дегенге саяды. Әліпби таңдау алынған алфавитті өзгертпей қолдану//тілдің дыбыстық құрамына сәйкес өзгертіп қолдану деген проблеманы тудырады. Сонда соңғысы әліпбидің өзін емес, графикасын ғана пайдаланды дегенді білдіреді. Әліпби теориясында әліпбидегі әріп саны тілдегі фонеманың санына тең болуы керек, не аз болуы керек делінеді. Бірақ әлем жазуларында мұндай сипат аз. Өйткені ашық әліпби түрлері генетикалық жағынан туыс емес тілдерді де, дыбыстық құрамы әліпбидегі әріптерге сәйкес келмейтін тілдерді де ортақ жазба коммуникацияға таңып қояды.

Зерттеушілер әліпбидегі әріп саны тілдегі фонема санымен қандай қатынаста болуы керек; әріп саны фонемамен тең әліпби жетілген бе, әлде әріп саны фонема санынан аз әліпби жетілген бе деген сауал айналасында пікір таласып келеді. Бұл жазуды ауызша тілдің дәл көшірмесі, тіл өмір сүруінің бір формасы деп немесе жазуды өз алдына дербес жүйе деп қарау тұрғысынан екіге айырылады. Әліпбидегі әріп саны фонема санынан аз болып келетін ағылшын, француз, неміс әліпбилері жазуды дербес жүйе бағытында айқындайтын сияқты. Ал фонема мен әріп саны тепе-тең дәрежедегі жазу жазба тілді ауызша тілдің көшірмесі дейтін бағытқа тіреледі. Жазу мен емле принципі бір арнаға сайып кететін фонетикалық жазу мен фонематикалық жазу деген категориялар да осы тұста шыққан. Фонетикалық жазуда 1 фонема: 1 әріп үстіне фонема реңкіне де әріп арналады. Фонематикалық жазуда әріп тек тілдегі фонеманы белгілейді.

Осы арада алғашқы әріптік жазу фонетикалық болды ма, әлде фонематикалық болды ма деген заңды сауал туады. Яғни әліпбиді ойлап табушылар жазуға жоғарыдағы көзқарастың қайсысымен қарады? Бұл сұраққа орфография, жазу тарихы мәселелерімен шұғылданушы ғалымдар көбінесе алғашқы жазу фонематикалық болды деп жауап береді. Әліпби құрастырушылар интуитив-

ті түрде фонемалардың санын анықтап, әрбіреуін бір әріппен белгіледі. Ендеше, әріптік, вокалды жазуды ойлап тапқан б.э.д. I мыңжылдықтағы финикиялықтар мен гректер өз тілінің фонемалық құрамына ғана әріп арнады. Практикалық жазудың жүйесі тілде бар фонемаларды ғана белгіледі. Сондықтан латын, араб жазуын қабылдаған барлық жазу түрлері фонема мен әріп қатынасындағы алшақтыққа тап болды.

Жазудың жетілуі әліпбидегі әріп санының қысқарып, әріптің дыбыс түрленімдерін емес, фонеманы белгілеуімен өлшенеді. Ашық әліпби түрін қабылдау қашан да таңбаларын толық қабылдау/қабылдамау, әріптердің мәнін сақтау/сақтамау деген проблемаларға тіреледі. Жалпы, стандарт әліпбиді өзгертіп қабылдаудың да, сол қалпы қабылдаудың да жағымсыз әсері бар екенін жазу тарихы көрсетіп келеді. Жазуды тілдің табиғатына бағындырамын деген бағыттағы әліпби түрлері мен стандарт алфавит айырмашылығы үлкен. Ал жазуды дыбыстық тілдің дәл көшірмесі емес деген тілдерде стандарт әліпби құрылымынан ауытқу, мәнін ауыстырып пайдалану сирек.

Әлемге кең тараған әріптік жазу түрлеріне латын, араб, кириллица әліпбилері жатады. Бірақ мұнда әліпби деп, жазу түрі, не графика деп айтудың қайсысы қонымды екенін аңғару қиын. Өйткені аталған алфавиттерді қабылдаған тіл оны өзгертпестен ала алмайды. Бірақ ағылшын, француз, неміс тілдері сияқты халықаралық тілдердің алфавитіндегі бір ерекшелік латын әліпбиінің 26 әрпінің толық қолданылуында. Тек ағылшын жазуында артық таңбалар пайдаланылмайды (бірақ фонема саны 46). Неміс, француз, итальян жазуларында қосымша диакритикалық таңбалар алынады. 26 әрпі бар стандарт әліпбиді қолданатын ағылшын жазуы ғылыми-техникалық прогресс нәтижесін, жазба коммуникация құралдарын шығынсыз пайдаланып отырған ашық кеңістіктегі ең жиі жазу түрі болып саналады. Алайда жазба тіл мен ауызша тілдің арасында әріптік-дыбыстық айырмашылығы үлкен, жазба тілін меңгеру қиындық тудыратын, идеографиялық жазуға айналып бара жатқан жазу қатарына осы аталған жазу түрлері жатады. Әріп-фонема жүйесіндегі айырма алдымен ағылшын жазуында, сосын француз жазба тілінде үлкен. Мысалы, француз жазуында әліпби тілдегі 36 фонеманы таңбалау үшін 26 латын әрпінің үстіне **est, et, ai, ei, eu, au, oeu, am, on, em, en, in, aux, eou, ain, aim, ein, ien, oi, gn, ss, ph, ch, ill, il**, т.б. әріптер тіркесін және **v, k, i, й, ы, ф, з, o, n** диакритикалық таңбалы қосымша әріптерді пайдаланады.

Сол сияқты неміс тілінде фонема саны 39, әріп – 26. Сондықтан әліпбиде жоқ, бірақ жазба тілінде пайдаланатын **ß** <с>, **д** <э>, **ц** <ө>, **ь** <ү> таңбалары және **sch** <ш>, **ch** <х>, **ng** <ң>, **ck** <к> әріп тіркестері, **ch** <х>, **ei** [ай], **eu** [ой], **eh** [ей], **ig** [их], **gu** [кв], **ie** [й] маркерлі әріп таңбалары **tsch** <ч>, **tz** <ц>, **ph** <ф>, **sh** <ж> сияқты шеттілдік сөздерді жазатын таңбалары бар.

Сонымен, латын жазуын пайдаланатын ағылшын, француз, неміс сияқты тілдердің жазуы әліпби құрамының үстіне қосымша таңба алған және әріп тіркесін жасаған, жазу экономиясы төмен жазба тілдер болып табылады. Мұндағы жазу үнемсіздігі, бір жағынан, жазба дәстүрі күшті сақталған тіл болуынан да шығады. Екінші, шеттілдік сөздер мен ономастикалық атауларды таңбалау әдісіне де байланысты.

Біздің ойымызша, кең тараған жазу түрлерін қабылдаған кез келген жазба тілде әріп саны мен фонема санында алшақтық орын алады. Өйткені ашық әліпби жүйесі техникалық құралдардың білігіне бағынышты келеді.

Ашық жазу жүйесінің бірі – араб әліпбиін қабылдаған парсы жазуында (IV-V ғ.) 32 әріп бар. Мұның 29-ы консонанттарды, 3-і вокалдар жүйесін таңбалайды.

Парсы әліпбиі араб әліпбиінің үстіне тілдің өзіне тән 4 фонемасын (хойе, иэ, вав, гэф) беретін әріп таңбасын енгізіп, **а, у, и** дауыстысынан басқа **е, ә, ө** фонемалары қарақаттар арқылы берілетін, әріп саны фонема санына жуық әліпби: 32 әріп – 35 фонема.

Жабық жазу түрлерінің ішінде корей алфавитінің ерекшелігі бар. Корей әліпбиінде (1443 ж.) 41 әріп бар. 41 әріптің 10-ы (**а, я, о (еріндік), е (еріндік), о, е (езулік), у, ю, ы, и**) дауысты фонеманы, 12-сі дифтонгоид дауыстыны (**э, е, ие, ие, оа, уе, уе, ои, уо, уе, уи, ьи**), 11-і дауыссыз фонеманы (**к, н, т, р, м, п, с, ң, ж, ч, х**), 8-і дауыссыз дифтонгоидты (**кхы, тхы, пхы, кк, тт, пп, сс, джж**) таңбалайды. Бір әріп екі фонеманы (мысалы, бір әріппен **к-г, т-д, л-р, п-б** дыбыстары таңбаланады) беретін фонемографиялық жазу әдісі де орын алады. Корей жазуы XV ғ. дейін қытай иероглифін пайдаланғандықтан көне әдеби тілдегі сөздерді иероглифпен жазатын аралас жазу типіне жатады.

Сөйтіп, корей жазуы тілдегі фонема саны әріп санына жуық (41:45), жазба тіл парадигмасының ұзақтығы жазба сөз синтагмасының үнемділігін жасайтын жазу болып табылады.

Сол сияқты әріп саны көп, бірақ жазу процесі үнемді әліпби

қатарына жапон алфавиті жатады. Жапон жазуы б.э.д. VI ғ. қытай иероглифтерінің негізінде жасалды. Жазба тілінде екі әліпби түрі бар: хирагана, катакана. Мұндағы катакана алфавиті тек шеттілдік сөздер мен шеттілдік адам, жер-су аттарын жазу үшін пайдаланылады. Жапон жазуы буын жазуы мен иероглиф жазуы бірге қолданылатын аралас жазу типіне жатады. Әліпбиде 5 дауысты (**а, и, у, э, о**) фонема дауыссыз фонемамен (**к, с, т, н, б, һ, м, й, р, в, н, п**) буын құраған 51 әріп бар, мысалы, **ка, ки, ку, кэ, ко, са, ши, су, сэ, со** т.б. буындарының жеке-жеке таңбалары болады. Сонда төрт буыннан, 8 фонемадан тұратын *хирагана* сөзін 4 таңбамен береді.

Сөйтіп, ашық, жабық әліпби түрлерін салыстыра келе, ашық жазу түрі әріп саны фонема санынан әлдеқайда кем, жазу-оқу процесі біршама қиындық тудыратын, жазу экономиясы нашар әліпби жасайды деген ойға тоқталамыз. Ал жабық жазу түрлері тілдің дыбыстық негізінен шығатын, ауызша тіл жүйесіне жақын, әліпбидегі әріп саны тілдегі фонема санына сәйкес келетін немесе алдыңғысы сәл кем болатын жазу болып табылады дейміз.

Қазақ жазуының тарихына көз жіберсек, А.Байтұрсынұлы түзген тұңғыш қазақ әліпбиі тілдегі фонема санынан әріп саны екі есе аз фонематикалық жазу болды. Әліпбидегі әріп санының аз болуы, тілдегі сингармонизм заңының тұрақтылығынан шықты. Бұл әліпбидегі әріп санын қысқартуға көмегін тигізді. Көне түркі жазуында дауыссыз әріп таңбасы дауыссыз фонема санынан артық болды, дауыссыз вариациялары арқылы дауысты дыбыс реңкі белгіленді. Ғалымдар бұдан әліпбидегі әріп үнемділігі тілде өзара бір белгімен айырылатын жұптас дауыссыздардың және ол дауыссыздармен тіркесетін шағын дауыстылардың болуына байланысты деген теориялық тұжырымдар шығарды. Латын жазуында дауысты фонемаға бір әріп, дауыссыз фонемаға бір әріп телінді. Сөйтіп, әліпбиде 1 фонема: 1 әріп қатынасы болу керек деген түсінікті қалыптастырды. Алайда қолданыстағы жазу тұрғысынан сөз етсек, мысалы, қазақ әліпбиіндегі әріп фонеманы да белгілейді, әріп дыбыс реңкін де белгілейді. Мысалы, **и** – [ый], [ій], [үй], [үй]; **у** – [ұу], [үү]; **я** – [йа], [иә], [а], [ә]; **ю** – [йуу], [йүү] дыбыс, дыбыс тіркесін де береді.

Жалпы, әліпбидегі әріп таңбасын қысқартудың мынадай жолдары болды: 1) дәйекше арқылы дауысты дыбысты таңбалауды үнемдеу; 2) дауысты таңбасын көбейтіп, дауыссыз таңбасын

азайту; 3) дауыстыны таңбалауды азайтып, дауыссыздар таңбасын екі есе көбейту. Соңғы тәсіл орхон жазуында, біріншісі А.Байтұрсынұлының төте жазуында қолданылды.

Сонымен, қазақ әліпбиі саясаттың және басқа себептерден сингарможазудан (төте жазу) → акцентті-фонологиялық жазуға (латын, орыс графикасы) көшіп, орыс әліпбиінің 33 әрпін қабылдап, 9 жеке фонемасының таңбасымен бірге 42 әрпі бар әліпбиге айналып отыр.

Әліпбидегі **я, ю, ё** әріптері орыс әліпбиіндегі сөзді жіңішкертетін белгісінен айрылып, қазақ сөздері үшін тек **й+а, й+ү+у, й+ү+у, й+о** дыбыс тіркесін беретін болды. **э** – әрпі тек кірме сөздерде, ал **у, и** таңбалары **ый, ій, үу, үу** – дыбыс тіркестерін белгіледі. **Щ** әрпі қос ш-ны таңбалады.

Сөйтіп, қазақ әліпбиінде бес әрпі қосар дыбыс таңбасын береді. Олар: /я/ – [йа], [йә]; /ю/ – [йүу], [йүү], /у/ – [үү], [үү], [у]; /и/ – [ый], [ій]; /ш/ – [ш+ш].

Сонымен, қазіргі әліпбиіміздегі әріптер 1 әріп: 1 фонема, дыбыс тіркесі: 1 әріп қатынасына құрылған дейміз. Және соңғы қатынасты көре отырып, әріп саны фонема санынан артық шыққан әліпби қолданып отырғанымызды көреміз: 9 дауысты фонема: 9 әріп, 17 дауыссыз фонема: 21 әріп, 3 дыбыс тіркесі: 3 әріп, сонда 26 фонема: 33 әріп (Мұнда цитаталық принцип үшін алынған орыс жазуының әріптері есепке алынған жоқ).

Бүгінде, қазақ жазуының латын графикасын қабылдау қарсаңында алдымен әліпбидегі әріп саны мен тілдегі фонема қатынасы ғалымдар назарын аударып отыр. Өйткені қолданыстағы әліпбиде 42 әріп, латын әліпбиінде 26 әріп бар. Жалпы жазу теориясында әріп саны фонема санынан кем әліпби – жетілген, әріп саны фонема санына тең әліпби – жетілдіруге болатын, әріп саны фонема санынан көп әліпби – жетілмеген, жетілдірілуі тиіс алфавит болып саналады. Біздіңше, бұл – жазу дәстүрі қалыптанған, жазу графикасы тұрақты ағылшын, француз, неміс жазулары тарапынан шығарылған теория. Сондықтан жазу үнемділігін жасаған қазіргі әліпбидегі таңбалар туралы ойлану керек. Мысалы, **и, у, ю** (**и** әрпінен басқа тіркесімде), **я** (**и** әрпінен басқа тіркесімде) таңбалары қазақ графикасына жазу үнемділігін әкелді. Тек **й, ы, і** әріптері бола тұрып, осы дыбыстардың тіркесін беретін **и** әрпінің алынуы, **у** әрпінің [үү], [үү] тіркесінде, [у] дауыссыз фонемасын беруіне сәйкес емес. Яғни **и**-мен [й], [ый], [ій], **у**-мен [у], [үү], [үү] дыбыстарын

таңбалау орынды болар еді. Сөйтіп, әліпбиден бір әріп қысқарар еді.

Ал **h** дыбысы, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов негіздеуі бойынша, төл сөздерде болмаса да, одағайларда кездесетін дыбыс. Н.Уәлиұлының айтуы бойынша, **h** әрпі – кірме сөздердегі бейүндес буынның жігін жымдастыру қызметінде жұмсалатын маркерлі әріп. Мысалы, *Ахмет, жиһаз* т.б. сөздерде буындардың жіңішке/жуан айтылуына сілтеп тұрады. **X** әрпі сөз тұлғаларының мағынасын графикалық тұрғыда ажыратуға көмектеседі, кірме сөздерде жазылады. Проф. З.Базарбаева тілдің фонологиялық құрамының кеңеюі, дыбыс вариацияларының фонемаға айналу процесі, өзге тілдердің әсері барлық тілге тән универсалды құбылыс деген. Біздіңше, әліпби сол тілдің фонологиялық құрамын дәл, нақты көрсетіп тұруы керек. Мысалы, 55 әріптен тұратын кабардин жазуы өзгелердің сол тілді үйренуін тездеткені тарихтан белгілі. Әлде И.Бальдауф айтқандай, “Әліпби тиімді болған сайын оның жетілдіретін тұстары көріне бере ме?”.

Пысықтау сұрақтары:

1. Графика мен орфография ұғымдарының шығу себебі неде?
2. Әліпби мен графика ұғымдарының арасында қандай айырмашылық бар?
3. Әліпбиге қойылатын қандай талаптар бар?
4. Әріп саны фонема санынан аз әліпби жетілген деген пікірге жауабыңыз қандай болады?
5. Қазақ жазуы 1 әріп: 1 фонема қатынасында әліпби құрған ба? Салдары нендей болды? Болашақта қандай қатынастағы әліпби құруға мүмкіндік бар?

Жазу категориялары туралы айтылған төмендегі пікірлерді талдап көріңіздер

“Графика – это совокупность оптических средств и правил их применения для передачи сообщения в целом или же отдельных его единиц и их сочетаний”... “Орфография – это правила оптической передачи средствами графики данного языка его значимых единиц с учётом не только плана выражения но и плана содержания” (Л.В.Зиндер).

“Орфография имеет дело с внешней стороной знака означающим слова. Орфография облик слова устанавливает соответс-

твие между элементарными составными частями означающего и буквами. Означающее же находится в соответствии не только с семантическим компонентом знака, с означаемым, но и с прагматическим компонентом, в том числе в внутренней формой знака” (Кузьмина С.М.)

Тест сұрақтары

1. Жазу таңбалары

- a) дыбыстық, ұғымдық, логикалық
- b) ұғымдық, логикалық, грамматикалық
- c) дыбыстық, ұғымдық, грамматикалық
- d) логикалық, дыбыстық, грамматикалық

2. Әліпби талаптары

- a) экономикалық, саяси, фонологиялық
- b) фонологиялық, педагогикалық, экономикалық
- c) психологиялық, педагогикалық, фонологиялық
- d) саяси, психологиялық, педагогикалық

3. Фонетикалық принциппен жазылған сөз:

- a) Ботагөз
- b) хикая
- c) қаһарман
- d) басшы

4. Ең алғаш вокалды жазуды ойлап тапқан ел

- a) гректер
- b) финикиялықтар
- c) шумерлер
- d) қытай

5. Қазақ жазуында әріп саны фонема санынан кем қанша әліпби болды?

- a) бір
- b) үш
- c) төрт
- d) екі

6. Байтұрсын әліпбиі әріп санын қысқартудың қандай тәсілін қолданды?

- a) дәйекше арқылы

- b) дауыстыны үнемдеу
- b) дауыссызды үнемдеу
- b) төл дыбыстарды ғана таңбалау

5-семинар. Әліпбидегі әріп пен тілдегі фонема қатынасы.

Семинар сұрақтары:

1. Қазақ әліпбиіндегі ең көп дыбысты таңбалайтын әріптер қайсы?
2. Қазақ әліпбиінде қанша төл фонеманы таңбалайтын әріп, қанша кірме әріп және қанша дыбыс тіркесін таңбалайтын әріп бар?
3. Дыбыс-фонема-графема-әріп қатынасын нақты әріпті мысалға ала отырып, қалай көрсете аласыз?

Қазіргі қазақ графикасындағы әріптерді дыбысталған сөз – фонема – графема қатынасында алғаш рет талдап көрсеткен ғалым Н.Уәлиұлы болды. Зерттеуші дыбысталған сөзді жазу да, жазылған сөзді оқу да фонема арқылы жүзеге асатынын анықтай отырып, қазақ жазуы теориясының негізін айқындады.

Н.Уәлиұлының сөз болған еңбегінен басқа қазақ тіл білімінде графикадағы әріп-дыбыс қатынасын көрсететін зерттеу жоқ екенін ескере отырып, біз қазіргі жазуымыздағы әріптерді графема-фонема-дыбыс қатынасында саралауды мақсат етеміз.

Қазақ тілі фонемаларының дыбыс қорын түгендеген проф. Ә.Жүнісбек пен М.Жүсіповтің, Н.Уәлиұлының, зерттеуші З.Бадамбекқызының зерттеулерінен ауызша тіл бірлігі – дыбыс пен жазба тіл бірлігі әріп күрделі қатынаста екеніне көз жеткіземіз. Ол күрделілік әліпбиде бір фонеманың реңктерін білдіретін әріп немесе басқа бір белгі болуы мүмкін бе, бір әріппен әртүрлі фонеманы таңбалауға бола ма, бір фонеманы әртүрлі әріппен таңбалауға бола ма, фонема тіркесін бір әріппен белгілеуге бола ма, бір фонеманы екі немесе одан да көп әріппен таңбалауға бола ма деген мәселелерден тұрады.

Негізінен осы мәселелерді назарға алу, қазақ жазба тіл мен ауызша тілдегі әріп-фонема-дыбыс қатынасы қазіргі қазақ жазуының мәртебесін, емле қиындықтарын, әліпби кемшілігін, орфографияны жетілдіру қажеттілігін саралауға көмегін тигізеді.

Талдау әріп (графема)-фонема-дыбыс қатынасында жүреді. Өйткені жазу теориясы тұрғысынан әріп – фонеманы таңба-

лаушы, графеманың тұрпат межесі болып табылады. Қазақ графикасында 312 әріп қоры (164 кіші баспа және жазу, 148 бас баспа және жазу) бар. Оның **h, ц, ь, ъ** әріптерінің бас әрпі жоқ. **ә, б, в, г, з, д, е, е, ж, з, и** әріптерінің бас әрпі мен кіші әрпі өзара сәйкес келеді, ал **а, б** әрпінің баспа бас әрпі мен кіші әрпі екі түрлі. **А, б, в, г, з, д, h, p, т** әріптерінің бас әрпі мен кіші әрпі жазба түрінде ұқсамайды. Қазақ тілінің өзіне тән фонемаларын белгілейтін – /ə/-/e/-нің төңкерілген түрі, /ə/, /к/, /ң/, /ғ/ орыс графикасындағы **о, к, н, г** – әріптеріне қосымша белгі салынған түрі, ал /ү/, /ұ/ у әрпінің өзгертілген түрі.

Біз зерттеу нысанына әріп қорын түгел алмай, ортақ абстрактті бірлік – графема – арқылы әліпбидегі әріптердің мазмұн межесін және фонеманың дыбыс қорын көрсетеміз (7-кесте). Қазақ жазба тілінде 9 әріп дауысты фонеманы, 19 әріп дауыссыз фонеманы таңбалайды. **э, ь, ъ, в, ц, ч** әріптері тек кірме сөздерде жазылғандықтан талдау нысанына алынбайды. Немесе бұл әріптердің орыс тіліндегі дыбыс қорын бір бөлек және қазақ тілінің ауызша әдеби тілі мен қарапайым сөйлеу тіліндегі (игерілгендегі) дыбыс қорын бір бөлек беру керек.

Сонымен, 9 дауысты фонемаға қазақ әліпбиінде 9 әріп арналған. Олардың ішінде көпмәнді әріпке **е** (10), **ы** (7), **і** (7), **а** (6), **о** (3) жатады. **ө** (2), **ә** (і) графемалары бір және екі мәнді. Мұндағы [Ш] белгісі графема сөйлеуде нөлмен алмасады дегенді, ал [үШ], [ұШ] белгілері – графема [ұ] [ү] реңкінде редукцияға ұшырайды дегенді білдіреді. [ʏə] [ʏo] [ʕe] таңбалары дифтонгтік сипатты және алдынан қосылған дауыссыз әнтек естіледі дегенді білдіреді. Келесі бір таңбалар жүйесі жуан-жіңішке, ерін-езулік варианттың аралығында өтпелі дыбыс реңкі бар дегенді білдіруге арналған. Мысалы, [a] мен [ə] варианттарының арасында [a], не [ə] емес, екі дыбыс аралығындағы [д] вариациясы бар. Сол сияқты үш буынға дейін еріндік буын езулік буынға өзгеше реңкпен алмасады. Сондықтан ерін дауыстылар мен езу дауыстылар аралығында еріндік реңкін де езулік реңкін де алып отыратын вариациялар ([eə], [o], [ы]) бар. Кестеде қазақ орфографиясы үшін қиындық тудырып отырған **а, е, ы, і** әріптерінің гиперфонеманы беретін позициялары да көрсетілген.

Енді қазақ әліпбиіндегі **б, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, һ, ш** (21) дауыссыз дыбыс әріптерінің және **я, ю, и, у, щ** таңбаларының фонема-дыбыс қатынасын көрсетейік (8-кесте).

7 кесте – Дауысты дыбыс әрпі – фонема – дыбыс қатынасы

әріп фонема	дыбыс	фонологиялық жағдай	морфологиялық жағдай	мысалдар
/a/	⇨ [a]	сөздің барлық шенінде	күрама сөз сынарлары жігінде	б[а]л[а]
	⇨ [ə]	қатар келген екі дауыстының біріншісі болғанда	ж, ш, й аралығында	қар[]ырғай, қар[]ағаш, арманд[]өту
	⇨ [д]	ж, ш, й аралығында	бір буынды; жіңішке сынарлы құрама сөзде	ш[ə]й, м[ə]йсоқ, бид[ə]й, б[ə]йгөбет, [ə]бүйір
	⇨ [ə]	ж, ш, й аралығында	кірме сөздерде	әмәнд[д], дүбар[д], ләззатт[д]нғ[д]ммен, дудам[д]л
	⇨ [ə]	ж, ш, й аралығында	кірме сөздерде	длд[ə], тілм[ə]р, тілм[ə]ш, днд[ə]р, мүб[ə]р[ə]к, дімк[ə]с, мін[ə]ж[ə]т
	⇨ [a]	сөз басында, бірінші буында және сирек екінші буында	кес[а]пат	
/ə/	⇨ [ə]	сөз басында, бірінші буында және сирек екінші буында	көбіне кірме сөздерде	[ə]же, [ə]л, с[ə]н, [ə]з[ə]зіл
/o/	⇨ [o]	дауыссыздан кейін, бірінші буында	қ[о]р, жалақ[о]р	
	⇨ [ʏo]	сөз басында		[ʏo]рман, [ʏo]тан

		⇒ [ə]	жінішке буыннан соң	Сәңк[ə]й
/ə/	⇒ <ə>	⇒ [ə]	дауыссыздан кейін, бірінші буында	к[ə]не, т[ə]бе
		⇒ [ʁə]	сөз басында	[ʁə]т, [ʁə]лең
/e/	⇒ <e>	⇒ [ə]	жуан сынарлы құрама сөзде, с, ш, ж дыбыстарынан кейін	[ə]рлан, [ə]лнұр, ес[ə]к, ш[ə]п, с[ə]п, ж[ə]у
		⇒ [e]	сөз ортасында, аяғында	к[e]л, т[e]с
		⇒ [ʔe]	сөз басында	[ʔe]т, [ʔe]л
		⇒ [ə]		ауызекі тілде
		⇒ [i]	Ш -ның алдында	[ə]д[ə]биет, көг[ə]ршін
		⇒ [и]		[и]ншалла, [и]штеме, [и]штеңке
		⇒ Ш	Дауыстымен қатар келгенде, сөз тіркесі жігінде	[и]ншалла Кел[и]алмады, кел[и]ліністі, екп[и]ағаш
		⇒ [ə]	Еріндік буыннан кейін	түй[ə], бөл[ə], күй[ə]
		⇒ [e°]	Ерін үндестігінің 3-4-буынында	Дөңгел[e°]к, құрм[e°]т, сур[e°]т, сурмел[e°]у, өзенг[e°]
	⇒ <e>-<a>	⇒ [ə]	Бейүндес буын аралығында	кар[ə]кет, кош[ə]мәт
/ы/	⇒ <ы>	⇒ [үШ]	Бітеу буын аралығында, ерін үндесімінде	Құб ^ж ық, құр ^ж ыс, құб ^ж ыс
		⇒ [ы]	Сөз басында, I буыннан басқа буында	Т[ы]н[ы]ш, с[ы]зба

		⇒ [Ш]	Бітеу буын, екі дауысты аралығында, бірінші буын ішінде	Тағ[и]лым, алт[и]ағар, сар[и]май, бағ[и]лан, қ[и]рау, п[и]шак
		⇒ [ү]	Еріндік буыннан соң	түзд[ү], бор[ү]ш, күзг[ү]н
		⇒ [ы°]	Ерін үндесімінің 3-4-буынында	Борышш[ы°]з, куш[ы°]кеш, қорытынд[ы°], қорқынышш[ы°]з
		⇒ [i]	Жінішке буынды сынармен келгенде	кайс[и]бір
	⇒ <ы>-<i>	⇒ [i]	Бейүндес буын аралығында	Қағ[и]гез, тауқ[и]мет, ақ[и]рет, лағ[и]нет, тақ[и]лет
/i/	⇒ <i>	⇒ [ү]	Еріндік буыннан соң	түлк[ү], күн[ү]м, сүйк[ү]мд[ү]
		⇒ [үШ]	Бітеу буын аралығында, ерін үндесімінде	Сүй ^н іш, күй ^н іс
		⇒ [i]	Сөз соңында, бір буынды сөзде, I буыннан басқа буында	к[и]м, т[и]с, [и]с, келд[и], к[и]лт
		⇒ [Ш]	дауыстымен қатар келгенде, сөз аяғында, тәуелдік жалғауы қосылғанда, I буында	өл[и]ара, кел[и]сап, ер[и]кі, мұр[и]ны қ[и]лем, м[и]немін
		⇒ [ы]	жуан дауыстымен іргелес келгенде	қау[ы]п, қаб[ы]р
		⇒ [i°]	ерін үндесімінің 3-4-буынында	сүйіншес[и°]з, көтеріл[и°]с, күзетшіл[и°]к

	⇒ <і>-<ы>	⇒ [ы]	бейүндес буын аралығында алғашқы екі буында	күл[ы]рет
/ү/	⇒ <ү>	⇒ [ү]	бітеу буын аралығында, ерін үндесімінде	[ү]л, б[ү]л, мазм[ү]н, мағл[ү]м мақ[ү]лүк, мақ[ү]лүкша
/ү/	⇒ <ү>	⇒ [ү]	алғашқы екі буында	[ү]й, к[ү]л, мәжб[ү]р
	⇒ [ш]	⇒ [ш]	бітеу буын	мәк[ү]рук

8 кесте – Дауыссыз дыбыс әрпі – фонема – дыбыс қатынасы

әріп фонема	дыбыс	фонологиялық жағдай	морфологиялық жағдай	мысалдар
/б/	⇒ <б>	⇒ [б°]	Жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде	[б°]өрі, [б°]үр
		⇒ [б°]	Жуан еріндіктермен іргелес келгенде	[б°]ор, [б°]ұр
		⇒ [б]	Жуан езуліктермен іргелес келгенде	[б]ала, [б]ас
		⇒ [б°]	Жіңішке езуліктермен іргелес келгенде	[б°]ес, [б°]өлкім
		⇒ [б°]	Дауыстыаралық позицияда	а[б°]ай, е[б°]дейсіз, ө[б°]ектеу, о[б°]ал
		⇒ [п]	Қатаңнан кейін	ақ[п]ас, жеңіс[п]ек, көк [п]өрі, тас [п]ол
		⇒ [п]	Сөз аяғында	Ара[п]
		⇒ [п°]	Ш, с -ның алдында	Ара[п°]сын ба

	⇒ <б>-<п>	⇒ [п]	Қатаңнан кейін	кақ[п]ас, бет[п]ак, ақ[п]ар, төр[п]ак
	⇒ <п>-<б>	⇒ [б]	Ұяң, үнділен кейін	Көң[б]іс, дег[б]ір, ет[б]егінен
	⇒ <б>	⇒ [б°]	Дауыстыаралық позицияда	Маха[б°]ат
	⇒ <б>+<б>	⇒ [б] +[б]		Лә[б][б]ай, жа[б][б]ар
/ғ/	⇒ <ғ>	⇒ [ғ]	Жуан езуліктермен буын құрағанда	[ғ]ауһар
		⇒ [к]	Қатаңнан кейін	ақ[к]үл, айт[к]үл
		⇒ [ғ°]	Жіңішке езуліктермен буын құрағанда	[ғ°]әп, көре[ғ°]е
		⇒ [ғ°°]	Жіңішке еріндіктермен буын құрағанда	[ғ°°]үл, [ғ°°]үріл
	⇒ <ғ>-<к>	⇒ [ғ]	Сынар мағынасы көмескі біріккен сөздерде	ала[ғ]өбе, ала[ғ]еуім, ала[ғ]үлік, сай[ғ]үлік, ала- [ғ]үле, алын-[ғ]үдің
	⇒ <к>	⇒ [ғ]	Дыбыстық контоминацияға түскен біріккен сөзде	Кө[ғ]ал, кө[ғ]ауыз, кө[ғ]еру, кө[ғ]орай, кө[ғ]ет, кө[ғ]ілдір

/f/	⇒<f>	⇒ [f]	Сөз басы мен ортасында, жуан езуліктермен іргелесте		[f]арыш, ал[f]ыс
		⇒ [f°]	Жуан		[f°]үн, бұ[f°]ы, [f°]ұмыр
		⇒ [f']	Жіңішке езуліктермен іргелес келгенде		[f']аклия, [f']азиз, қа[f']ілез
		⇒ [k]	Қатаңнан кейін		ширек [к]асыр, жас [к]ұмыр
/d/	⇒<d>	⇒ [d]	Жуан езуліктермен іргелес келгенде		[d]ала, қарбыз[d]ың
		⇒ [d']	Жіңішке езуліктермен іргелес келгенде		[d']әл, кез[d']ер
		⇒ [d°]	Жуан еріндіктермен іргелес келгенде		[d°]орба, [d°]ұрыс
		⇒ [d°']	Жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде		[d°']үние, [d°']өңгелек
		⇒ [t]	Қатаңнан кейін, жуан езулікпен іргелес келгенде		жат[t]ауыс,
		⇒ [t°]	Қатаңнан кейін, жуан еріндікпен іргелес келгенде		ат [t°]орба
		⇒ [r°]	Қатаңнан кейін, жіңішке езулікпен іргелес келгенде		Үш [r°]әптер, бес [r°]әргер
		⇒ [r°']	Қатаңнан кейін, жіңішке еріндікпен іргелес келгенде		Үш [r°']өңгелек

	⇒<d>	⇒ [dd]		Кірме сөздерде	Мү[dd]е, ә[dd]і, құ[dd]ы
	⇒<d><l>	⇒ [l]		Жергілікті тілде	түн[л]ік, маң[л]ай, саң[л]ак, таң[л]ай
/ж/	⇒<ж>	⇒ [ж]	Сөз басында, ортасында, жуан езуліктермен іргелес келгенде		[ж]аз, а[ж]ал
		⇒ [ж']	Сөз басында, ортасында, жіңішке езуліктермен және й, һ фонемасымен іргелес, не бір сингармотембрде келгенде		[ж']е, [ж']ә, [ж']ай, [ж']иһаз, [ж']иһангер, [ж']айлау, [ж']айылым
		⇒ [ж°']	Сөз басында, ортасында, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде		[ж°']үз, [ж°']өтел, [ж°']үгіріс
		⇒ [ж°]	Сөз басында, ортасында, жуан еріндіктермен іргелес келгенде		[ж°]орға, [ж°]ұрт
		⇒ [ш]	Қатаң дауысыздан кейін, жуандармен іргелес жағдайда		бес[ш]асар
		⇒ [ш']	Қатаң дауысыздан кейін, жіңішкелермен іргелес жағдайда		үш[ш']ер

		⇒ [ш']	[Т] дыбысымен іргелес позицияда		жағ[ш']ер
		⇒ [ш']	Қатаң дауыссыздан кейін, жуан еріндіктермен іргелес жағдайда		тас[ш']ол, бас [ш']ұлу
		⇒ [ш'']	Қатаң дауыссыздан кейін, жіңішке еріндіктермен іргелес жағдайда		үш[ш'']үз
/з/	⇒ <з>	⇒ [з]	Сөз басында, аяғында ашық буыннан кейін, жуан езуліктермен іргелес жағдайда		[з]алым, қа[з]ақ
		⇒ [з']	Сөз басында, аяғында ашық буыннан кейін, жіңішке езуліктермен іргелес жағдайда		ке[з'], [з']әр, ке[з']ек
		⇒ [з']	Сөз басында, аяғында ашық буыннан кейін, жуан еріндіктермен іргелес жағдайда		[з']ор, құ[з']ыр
		⇒ [з'']	Сөз басында, аяғында ашық буыннан кейін, жіңішке еріндіктермен іргелес жағдайда		ке[з'']уіл, жү[з'']ік
		⇒ [ж]	[Ж] дыбысымен, жуан езуліктермен іргелес келгенде		қа[ж]жуа

		⇒ [ж']	[Ж] дыбысымен, жіңішке езуліктермен іргелес келгенде		те[ж']жет
		⇒ [ж']	[Ж] дыбысымен, жуан еріндіктермен іргелес келгенде		бо[ж']жорға
		⇒ [ж'']	[Ж] дыбысымен, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде		Кө[ж'']жасы
		⇒ [ш]	[Ш] дыбысымен және жуан езуліктермен іргелес келгенде		жа[ш]шықты
		⇒ [ш']	[Ш] дыбысымен және жіңішке езуліктермен іргелес келгенде		те[ш']шықты
		⇒ [ш']	[Ш] дыбысымен және жуан еріндіктермен іргелес келгенде		бо[ш']шалу
		⇒ [ш'']	[Ш] дыбысымен және жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде		Кө[ш'']шалу, сө[ш'']шен
		⇒ [с]	[С] дыбысымен және жуан езуліктермен іргелес келгенде		жа[с]са, та[с]ыну
		⇒ [с']	[С] дыбысымен және жуан езуліктермен іргелес келгенде		те[с']сің, бі[с']сіз, сі[с']сіз

		⇒ [с°]	[С] дыбысымен және жуан еріндіктермен іргелес келгенде		тү[с°]сыз, мү[с°]сынбау
		⇒ [с°]	[С] дыбысымен және жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде		Кө[с°]сіз
	⇒<зз>	⇒ [зз°]	Дауысты дыбыстан кейін, жуан езуліктермен іргелес келгенде	Кірме сөздерде	Лә[зз°]ат, кө[зз°]ап
/й/	⇒<ј>	⇒ [ј°]	Дауысты дыбыстан кейін, жіңішке езуліктермен іргелес келгенде		ма[ј], та[ј]
		⇒ [ј°]	Дауысты дыбыстан кейін, жуан еріндіктермен іргелес келгенде		Мә[ј°]жек, се[ј°]сенбі
		⇒ [ј°]	Дауысты дыбыстан кейін, жуан еріндіктермен іргелес келгенде		мо[ј°]ын, кұ[ј°]ын
		⇒ [ј°]	Дауысты дыбыстан кейін, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде		тү[ј°]ін, сү[ј°]ін
/к/	⇒<к>	⇒ [к°]	Сөздің барлық позициясында жіңішке езуліктермен іргелес келгенде		[к°]ғал, те[к°], те[к°]е, те[к°]ашар
		⇒ [к°]	Сөздің барлық позициясында жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде		[к°]өз, [к°]үз, тү[к°]ір

	⇒<к>-<г>	⇒ [г°]		Біріккен сынар мағынасы дербес қолданыла алмаса	ара[г°]дік
		⇒ [г°]	Дауыстыаралық, жіңішке езуліктермен іргелес позицияда		те[г°] жүріс, ке[г°] алу
		⇒ [г°]	Дауыстыаралық, жіңішке еріндіктермен іргелес позицияда		тү[г°] жоқ, мү[г°] жинау
		⇒ [г°]	Дауыстыаралық, жуан езуліктермен, іргелес позицияда		Кө[г°] алма, кө[г°]ал, кө[г°]орай
	⇒<г>	⇒ [г°]		Түбір мен қосымша жігінде	Кө[г°]і, те[г°]інде
	⇒<кк>	⇒ [кк°]		Кірме сөздерде	Гә[кк°]у, ә[кк°]і
/к/	⇒<к>	⇒ [к°]	Сөздің барлық позициясында, жуан езуліктермен іргелес келгенде		[к°]аза[к], та[к°]ыр
		⇒ [к°]	Сөздің барлық позициясында, жуан еріндіктермен іргелес келгенде		[к°]ор, [к°]ұры[к°], о[к°]ыс

		⇒ [к']	Сөздің барлық позициясында жіңішке дауыстылармен және жіңішке сингармотембрлі сөз деңгейінде		[к']асиет, [к']адір, [к']азір
	⇒ <к> <ф>	⇒ [ф]	Дауысты, ұяң, үндіаралық позицияда		ай[ф]ай, қым-[ф]уыт, қыз-[ф]ыркын,
	<к>	⇒ [ф]	Дауыстыаралық, ұяң, үндімен іргелес позицияда		то[ф] жүру, айгабак, а[ф°]ала, а[ф°]мандай
		⇒ [к']	[С], [ш]-мен іргелес келгенде		та[к']сан, а[к']ша
		⇒ [х]	Буын үндесімі өзгерер алдында, [р] дыбысымен іргелес келгенде		ра[х]мет, а[х]мет, бар[х]ан, дастар[х]ан, дар[х]ан
		⇒ [х°]	[Й]-мен, дауыстымен іргелес позицияда		су[х°]ит, дүние[х°]ор, шай[х°]ор
	⇒ <ф>	⇒ [ф]		Түбір мен қосымша жігінде	ба[ф]ы, та[ф]ы
		⇒ [кк]		Кірме сөзде	ло[кк]ы
/л/	⇒ <л>	⇒ [л]	Сөз ортасында, аяғында, жуан езуліктермен іргелес келгенде		қа[л], са[л]ақ

		⇒ [л']	Сөз ортасында, аяғында, жіңішке езуліктермен іргелес келгенде		ке[л'], мә[л']ім
		⇒ [л']	Сөз ортасында, аяғында, жуан еріндіктермен іргелес келгенде		қо[л'], бо[л']ыс
		⇒ [л°]	Сөз ортасында, аяғында, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде		Тө[л°], бө[л°]е
		⇒ [л']	Сөз басында, жуан езуліктермен іргелес келгенде		[л']ақ, [л']ас
		⇒ [л]	Сөз басында, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде		[л]ек, [л]еп
		⇒ [л']	Сөз басында, жуан еріндіктермен іргелес келгенде		[л']оқылдау, [л']облу
		⇒ [л]	Сөз басында, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде		[л]үпілдеу, [л]өкет,
/м/	⇒ <лл>	⇒ [лл]		Кірме сөздерде	кү[лл]і, а[лл]а
	⇒ <м>	⇒ [м]	Барлық позицияда, жуан езуліктермен іргелес келгенде		[м]ысық, қа[м]ыс

		⇒ [m']	Барлық позицияда, жіңішке езуліктермен іргелес келгенде		ке[m']е, [m']ән
		⇒ [m°]	Барлық позицияда, жуан еріндіктермен іргелес келгенде		[m°]ұз, құ[m°]ыра
		⇒ [m°']	Барлық позицияда, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде		[m°']үйіз, кү[m°']іс, кө[m°']ір
	⇒<m>-<n>	⇒ [m]			жа[m]бас, ша[m]ба, сә[m]бі
	⇒<n>	⇒ [m]		Кісі, жер-су аттары, кірме сөзде	Жексе[m]бай, Се[m]бай, дүйсе[m]бі, сейсе[m]бі
	⇒<m>	⇒ [m]		Кірме сөздерде	Мүкә[m]ал
/н/	⇒<n>	⇒ [н]	Барлық позицияда, жуан езуліктермен іргелес келгенде		[н]ан, бағы[н]
		⇒ [н']	Барлық позицияда, жіңішке езуліктермен іргелес келгенде		се[н'], жә[н']е
		⇒ [н°]	Барлық позицияда, жуан еріндіктермен іргелес келгенде		жо[н°], тұ[н°], то[н°]

		⇒ [н°']	Барлық позицияда, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде		тү[н°']де, [н°']өкер
		⇒ [н]	[К], [Ғ]-мен іргелес келгенде		жа[н]қалта, на[н]ғысыз,
		⇒ [н']	[К], [Г]-мен іргелес келгенде		се[н'] кел, ме[н'] кетемін
		⇒ [н°]	[К], [Ғ]-мен, жуан еріндіктермен іргелес келгенде		құ[н°]ға, қойы[н°]ға
		⇒ [н°']	[К], [Г]-мен, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде		тү[н°']гі, кү[н°']ге, кү[н°']көріс
		⇒ [м]	[Б], [м], [п]-мен және жуан езуліктермен іргелес келгенде		қа[м] майдан
		⇒ [м']	[Б], [м], [п]-мен және жіңішке езуліктермен іргелес келгенде		се[м'] бар ғой
		⇒ [м°]	[Б], [м], [п]-мен және жуан еріндіктермен іргелес келгенде		сауы[м°] мал
		⇒ [м°']	[Б], [м], [п]-мен және жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде		өнге[м°']мен, бөлге[м°']мен

	$\Rightarrow \langle n \rangle \rightarrow \langle n \rangle$	$\Rightarrow [n]$	[К], [г], [к], [ғ]-лармен іргелес келгенде			ма[n]ғол, дү[n]ген, жауы[n]гер, етже[n]ді, асты[n]ғы, үсті[n]гі, ты[n]ғылықты, тү[n]ғыық, тебі[n]гі
	$\Rightarrow \langle n \rangle \rightarrow \langle n \rangle$	$\Rightarrow [nn]$			Кірме сөздерде	жа[nn]ат
/н/	$\Rightarrow \langle n \rangle$	$\Rightarrow [n]$	Сөз ортасы мен аяғында жуан езуліктермен іргелес келгенде			а[n], ы[n]қыту
	$\Rightarrow \langle n \rangle$	$\Rightarrow [n']$	Сөз ортасы мен аяғында жіңішке езуліктермен іргелес келгенде			е[n'], ә[n']гіме
	$\Rightarrow \langle n \rangle$	$\Rightarrow [n'']$	Сөз ортасы мен аяғында жуан еріндіктермен іргелес келгенде			о[n''], шү[n'']қыр
	$\Rightarrow \langle n \rangle$	$\Rightarrow [n''']$	Сөз ортасы мен аяғында жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде			ө[n'''], тө[n''']керу
	$\Rightarrow \langle n \rangle \rightarrow \langle n \rangle$	$\Rightarrow [n]$			Тексеретін түбірлері жоқ жағдайда	қара[n] қалу, і[n]ген, ше[n]гел, әме[n]гер, жы[n]ғыл, баста[n]ғы, же[n]ге, жәрме[n]ке
/п/	$\Rightarrow \langle p \rangle$	$\Rightarrow [p]$	Барлық позицияда, жуан езуліктермен іргелес келгенде			[п]айда, [п]айыз, а[п]а

	$\Rightarrow [p']$		Барлық позицияда, жіңішке езуліктермен іргелес келгенде			[п']әк, ә[п']енде, гә[п']
	$\Rightarrow [p'']$		Барлық позицияда, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде			Нө[п'']ір, тө[п'']елеу
	$\Rightarrow [p''']$		Барлық позицияда, жуан еріндіктермен іргелес келгенде			[п''']ора-[п''']ора, со[п''']ак
	$\Rightarrow [p''']$		[С], [ш] дыбыстарының алдында, жуан езуліктермен келгенде			қа[п''']шық, та[п''']са
	$\Rightarrow [p''']$		[С], [ш] дыбыстарының алдында, жіңішке езуліктермен келгенде			ші[п''']-шікі, се[п''']се
	$\Rightarrow [p''']$		[С], [ш] дыбыстарының алдында, жуан еріндіктермен келгенде			то[п''']са, бо[п''']са
	$\Rightarrow [p''']$		[С], [ш] дыбыстарының алдында, жіңішке еріндіктермен келгенде			сү[п''']-сүйкімді
	$\Rightarrow [b']$		Дауыстыаралық, жуан езуліктермен іргелес келгенде			алы[b'] ал, кара[b'] жатыр

		⇒ [б̣°]	Дауыстыаралық, жіңішке езуліктермен іргелес келгенде		әле[б̣°] ету, әрп[б̣°]і көп
		⇒ [б̣°]	Дауыстыаралық, жуан еріндіктермен іргелес келгенде		жоры[б̣°] отыр, бұры[б̣°] жіберді
		⇒ [б̣°°]	Дауыстыаралық, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде		Шө[б̣°°] өсті, кө[б̣°°] өлді
		⇒ [п]		Кірме сөзде	ара[п]
		⇒ [б]	Ұяң, үндімен іргелесте		та[б]жылмау
		⇒ [пп]			о[пп]а
		⇒ [б̣]	Сөз аяғында, жуан езуліктермен іргелесте		аза[б̣]ы, ба[б̣]ы
		⇒ [б̣°]	Сөз аяғында, жіңішке езуліктермен іргелесте		Кәсі[б̣°]і,
		⇒ [б̣°°]	Сөз аяғында, жуан еріндіктермен іргелесте		до[б̣°°]ы
		⇒ [б̣°°°]	Сөз аяғында, жіңішке еріндіктермен іргелесте		Шө[б̣°°°]і
/р/		⇒ [р]	Сөз ортасы мен аяғында, жуан езуліктер арасында		а[р]а, қа[р]ық
		⇒ [р°]	Сөз ортасы мен аяғында, жуан еріндіктер арасында		о[р°], кұ[р°]ық

		⇒ [ʙᵣ]	Сөз басы, жуан езуліктер алдында		[ʙᵣ]ас, [ʙᵣ]иза
		⇒ [ᵣ]	Сөз басы, жіңішке езуліктер алдында		[ᵣ]ет, [ᵣ]әсуа
		⇒ [ʔᵣ]	Сөз басы, жуан еріндіктер алдында		[ʔᵣ]у
		⇒ [ʔᵣ]	Сөз басы, жіңішке еріндіктер алдында		[ʔᵣ]өл, [ʔᵣ]өмке
/и/		⇒ [ый]	Сөздің барлық шенінде, жуан үндесімде		с[ый]рак, қ[ый], [ый]ық
		⇒ [ий]	Сөздің барлық шенінде, жіңішке үндесімде		[ий]э, қ[ий], б[ий]лік
		⇒ [ы]	Я, ю әрпі алдында келгенде		қ[ы]ю, қ[ы]я
		⇒ [і]	Жіңішке үндесімде, я, ю әрпі алдында келгенде		әл[і]я, қ[і]ю
		⇒ [ұ]	Я, ю әрпі алдында келгенде, жуан еріндік үндесімде		бұрт[ұ]я, қорт[ұ]я
		⇒ [ү]	Я, ю әрпі алдында келгенде, жіңішке еріндік үндесімде		дүр[ү]я
/у/		⇒ [ұу]	Дауыссыздан кейін, жуан үндесімде		с[ұу], т[ұу]лақ, [ұу]лы

	$\Rightarrow <y> + <u>$	$\Rightarrow [y]$	Дауыссыздан кейін, жіңішке үндесімде				с[y]рет, көр[y]
	$\Rightarrow <u>$	$\Rightarrow [w]$	Жуан езуліктен кейін				та[w]
		$\Rightarrow [w^?]$	Жіңішке езуліктен кейін				же[w [°]]
		$\Rightarrow [w^{°?}]$	Жіңішке еріндіктен кейін				суретте[w ^{°?}]
		$\Rightarrow [y]$	Сөз басында, екі бігеу буын аралығында, өзінен кейін жуан езулік тұрғанда				[y]ак, [y]ыс, шар[y]а
		$\Rightarrow [y]$	Сөз басында, екі бігеу буын аралығында, өзінен кейін жіңішке езулік тұрғанда				[y]әде, көр[y]ен

Сонымен, жоғарыда қазіргі қазақ әліпбиіндегі 9 дауысты таңбасы мен қазақ тілі сөздерінің дыбыстық құрамында кездесетін, әліпбиде бар 21 дауыссыз таңбасын және қосар дыбыстарды беретін **и, я, ю, у, ш** әріптері қандай фонема варианттары мен вариацияларын таңбалайтыны көрсетілді. Сонда **ф, х, һ** әріптерінің <ф>, <х>, <һ> фонемаларын емес, негізінен <п>, <к>, фонемалары мен олардың дыбыс қорын таңбалап келгенін байқаймыз. <ф>, <х> фонема ретінде тек одағай сөздерде кездеседі. Сондай-ақ **и** әрпінің таңбалайтын дыбыстық құрамы күрделі. Осыған орай қазіргі қазақ жазуында **и/ы, и/і, и/ый** орфограммасы бар. Сонда **ф, һ** әрпі одағайлар мен кірме кісі есімдерінде, **х** әрпі кірме сөздердің бас позициясында, [ій]-мен, [к]-мен іргелес позицияда, жіңішке үндесімде <ф>, <х> фонемасын таңбалайды. Ал **һ** әрпінің одағайларда, бейүндес буын жігінде, жуан, ашық дауыстыаралығындағы орфограммасы уәжді деп білеміз.

1-тапсырма. Жоғарыдағы үлгілер бойынша кесте ішіне я, ю әріптерінің дыбыстық мазмұнын толтырыңыз

Әріп	Фонема	Дыбыс	Фонологиялық жағдай	Морфологиялық жағдай	Мысалдар
/ю/			Жуан дауыстыдан кейін		
			Жіңішке дауыстыдан кейін; и әрпінен кейін		

2-тапсырма. Жоғарыдағы үлгілер бойынша кесте ішіне с, т, ф, х, һ, ш, щ әріптерінің дыбыстық мазмұнын толтырыңыз

Әріп	Фонема	Дыбыс	Фонологиялық жағдай	Морфологиялық жағдай	Мысалдар
/с/			Барлық позицияда, жуан езулік үндесімде		

Әріп	Фо- нема	Ды- быс	Фонология- лық жағдай	Морфология- лық жағдай	Мысалдар
			Барлық позицияда, жіңішке езулік үндесімде		
			Барлық позицияда, жуан еріндік үндесімде		
			Барлық позицияда, жіңішке еріндік үндесімде		
			[Т] дыбысымен іргелес, ерін, езу үндесімде		
				Кірме, көне сөздерде	

6-дәріс. Үндесім заңы және қазақ жазуы

Үндесім заңының 30-80 жж. түсіндірілуі. Қазақ тіліндегі үндесім құбылысының әліпби, жазу үнемділігі үшін мүмкіндігі бар екендігін А.Байтұрсынұлы әліпбиі, осы әліпбиді жоғары бағалаған Яковлевтің, Е.Д.Поливановтың мақалалары, Н.Уәлиевтің диссертациялық зерттеуі, Ә.Жүнісбектің, М.Жүсіповтың зерттеулері дәлелдеді. Үндесім заңдылығы арқылы әліпбидегі әріп санын қысқартуға, орфографиядағы қиындықтарды болдырмауға, жазу экономиясын жасауға болады.

Үндесім заңдылығына А.Байтұрсынұлы әліпбиі негізделді, 1929ж. жазу емлесі сүйенді. 1929ж. 2-4 маусымы аралығында өткен емле конференциясында Т.Шонанов емленің негізі-

не ең бірінші дыбыстардың ілгерінді, кейінді ықпалы, тіл дыбыстарының диссимилиациясы және соңында дауысты дыбыстардың үндесімін алдық деген. Яғни төте жазудан латын графикасына ауысу үндесім заңдылығынан тартынуға, аталған құбылысқа басқа қырынан қарауға болды-болмасын итермеледі. Дегенмен 1934ж. жаңа жазуға өзгерту енгізу керектігі көтерілгенде, бірінші болып, проф. Қ.Жұбанов өзінің әліпби мен емле жобасын ұсынғанда ондағы ерекше өзгеріс дәйекше қызметін пайдалануы еді. Ғалым 34 әріпті дәйекшенің көмегімен 25 әріпке қысқартып, А.Байтұрсынұлының әліпбиін жаңғыртады. Бірақ аталған жоба қабылданбады. Оған, бір жағынан, Қ.Жұбановтың өзіндік ұстанымдары да себеп болған сияқты. Мысалы, ғалым С. Аманжоловтың мақаласына жазған сынында сингармонизм заңы “вполне реальный и вовсе не отживший, а реально действующий, следовательно, он несколько не реакционен в том виде, в каком имеет силу в современном казахском языке” десе, енді бірде “сингармонизм қазақ тілінде әбден тұрақты категория емес” дейді. Себебі Қ.Жұбанов сингармонизмді В.В.Радлов, Бодуэн де Куртенэ, Бетлинг, Штейндаль айтқан пікірде, түбір мен аффиксті қосып, қатырып ұстайтын қызметінде ғана түсінемін; бұл заңға қарсы шыққандар орал-алтай тілінің жалғамалық құрылысына қарсы шыққанмен бірдей, ол латын, орыс тілдеріндегі кейінді ықпалмен тең деді. Автор қазақ тілі буыншыл тіл дегенді көбірек айтқан. Осы арқылы жуан-жіңішкелік бүтін сөзге емес, бір буынға тарайды деген пікірі басым.

Ғалым А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлы айтқан түбір сингармонизмі бұзылды, өткенде қалды, мысалы, *қайтемін, бірақ, әнербақан* сөздерін қараңыз деді. Сонда қазақ тіліндегі үндесім заңының бұзылуына сөздердің бірігу тәсілі негіз болған, ал кейбіреулер (К.Юдахин) оны кірме сөздердің әсері дейді деген.

Автор қазақ тіліндегі түбірлердің дені бір буынды, бәлкім, осы ерекшелік дыбыс үндесімін көрсеткендей шығар дейді, бірақ сөз ішіндегі буындардың бірі жуан, бірі жіңішке бола беруі мүмкін дейді: *көгал, қорен*.

Жалпы ғалымның мұндай көзқарасқа келуіне, өзінің халықаралық терминдерді қазақ тілінің фонетикалық принципіне салып, “бұзып” жазуға қарсылығынан туындаса керек. Сингармонизм заңын бетке ұстап, кірме атауларды игеріп

жазудың қажеті жоқ, халықаралық терминдердің жазылуы бұл заңды бұза алады деген ойын автор ашық айтқан. Сонда автордың пікірінше, кірме сөздің түбіріне жалғанатын қосымша ғана үндесімге бағыну керек болып шығады. Автор зерттеулерінен үндесім құбылысын түсіндіргенде түбірдің соңғы буыны қандай болса, қосымша да соған үндес жалғанады деген ой қайталанып отырады. Сөйтіп, ғалым сингармонизм заңына мынадай анықтама береді: “сөз мүшелерін мағастырып ұстайтын арқанның ең күштісі түбір мен қосымша мүшелерінің үндесуі”.

Енді ғалым үндесім құбылысы тек бір буын шегіне ғана тарайды деп түсіндірген соң, сонда сөзді бір бүтін етіп тұрған просодика қызметін не нәрсе атқарады деген сауалға жауап іздеген. Сөйтіп, тізбекті мәтін ішіндегі сөздің жігін екпін айырады деп тоқтайды. Мысалы: [жас ат], [сен жасат]. “Сөз-сөздің жігіне дауыс тоқтай бермейді. Бір сөздің буындары бір-ақ екпінге қарайды, мысалы: *суалмаған, су алмаған, су ал, маған* дегенде соңғысында ғана дауыс үзіледі дейді” ғалым. “Сөздің әр буыны жуан да жіңішке де бола алатыны сияқты, күшті де, әлсіз де болып айтылады, мысалы, *мектеп, мектептер, мектептері*”. “Дәйек қосалқылардың бәрінде де бір-бір екпін болады да, дәйек қосалқысы бар түбір сөз бен қосымшалы сөздің екпіні азайып, көбіне мүлде жоғалып кетеді: *тым жақсы, қып-қызыл*. Аяқ қосалқыларда екпін болмайды: *жазғанмен. Жаза ғой, сияқты, секілді*-лерге қосымша қосылса, екпін пайда болады (*сияқтылар*). Қайсыбір қосымшалар екпінді өзіне жолатпайды да, сонан екпін аяққа бара алмай тоқтап қалады (мын, сың)”.

Бұдан жаңа латын жазуымен бірге акцентті-фонологиялық бағыттың жазуда бір фонема бір әріппен таңбалаынады, сөз екпін арқылы айырылады деген фонематикалық принциптің қазақ жазуындағы іргетасын Қ.Жұбанов қалағанын аңғарамыз.

Ірі теоретиктердің көзқарастары кейінгі буын зерттеушілердің пікірлеріне әсерін тигізбей қойған жоқ. Мысалы, 1940ж. М.Балақаев: “Түркі системасындағы басқа тілдердің, қазақ тілінің фактілеріне қарағанда дауысты дыбыстардың үндесуі біртіндеп құрып барады. Сөйтіп, үндестік заңын тежеген боламыз” деп, орыс тілінен енген сөздерді өзгертпей жазайық, орыс орфографиясына жақындатып **я, ю** әріптерін алайық, **э** дыбысын соңғы буынға жазбайық дейді. Кейін 1951ж. “Қазақ тілі сингармонизм заңы құрып барады деген пікірлер көбейді” дейді.

Сонымен, Қ.Жұбанов зерттеулерінен бастап, қазақ тілін-

дегі үндесім заңы негізінен тек бір буынға тарайтын, ал дені түбір мен қосымша арасын бір бүтін етіп ұстап тұратын құрсау мағынасында игерілді. 1929ж. латын жазуы емлесі ережесінде де, 1940ж. орыс графикасына негізделген қазақ жазуының емлесінде де түбір сөздің басқы буыны жуан болса, сөз бүтіндей жуан, ... деп емес, түбірдің соңғы буыны жуан болса, қосымша да жуан, жіңішке болса, қосымша да жіңішке болады деп кодификацияланды. Тек бұл заңға бағынбайтын **нікі, қой, кер, паз** және көмектес септігі жалғаулары болып саналды.

Үндесім заңы туралы қазіргі көзқарастар. Қазақ тілінің дыбыстық қоры акцентті-фонологиялық (Қ.Жұбанов) теория мен сингармонологиялық (А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы) теория негізінде жарыса анықталғанмен, А.Байтұрсынұлының үндесім заңына табан тіреген төте жазуынан фонемаға (дыбысқа) негізделген латын, одан кейін орыс графикасына көшуіміз тіліміздің басты заңын – үндесім заңын екінші дәрежелі қосалқы құбылыс қатарына тастады. Қазақ тіліндегі екпін құбылысының күмәнділігі проф. Ә.Жүнісбектің бұл құбылысқа басқа қырынан қарауына әкелді.

Профессор Ә.Жүнісбектің үндесім заңын славян, роман, герман тілдеріндегі екпін қызметі мен вьетнам, корей, жапон, қытай тілдеріндегі тон қызметімен деңгейлес келетін сөздің дыбыстық негізін құраушы, бір бүтін етуші құбылыс деп статусын анықтағаннан бері қазақ тіліндегі сөз екпініне сақтықпен қаралатын болды. Өйткені екпіннің барлық қызметін сингармонизм заңы атқарады. Ал тілдегі ең кіші дыбыстық бірлік фонема емес, сингармема болып табылады. Сөйтіп, фонеманың конститутивті, яғни сөзтанымдық қызметін сингармема атқарады. Сөзді бір бүтін етіп “цементтеп” отырған екпін емес, сингармонизм құбылысы болды. Ол – сөздегі дауыстылар мен дауыссыздардың тең дәрежеде өзара үндесіп, үйлесіп келуі. Сөйтіп, Ә.Жүнісбек Қ.Кемеңгерұлының сингармонизмді дауыстылар мен дауыссыздар үндесімі деген пікірін қалыпқа келтіріп, ғылыми түрде негіздеді.

Проф. Ә.Жүнісбек еңбектерінде үндесім заңы былай анықталады. “...Қазақ тіліндегі үндесім құбылысы дауысты дыбыстарды да, дауыссыз дыбыстарды бірдей қамтитын болғандықтан қай сингармониялық варианттың негізгі екенін айту қиын”. “Сингармонизм дауыстылардың тембрін өзгертпейді, қайта сақтап отырады, сөзде қанша дауысты болса да, ауытқу

болмайды”. “Қазақ сөзі дыбыс құрамымен ғана емес, үндесім типімен де ажыратылады”. Сондықтан қазақ тілінде екпін жоқ, оның қызметін үндесім заңы атқарады, тілде тек ырғақтық екпін бар деді зерттеуші. Қазақ тіліндегі сингармониялық талдау тілдің буын тіл екенін көрсетті, ал буын сегменттері төрт түрлі тембрді құрайды дейді.

Ғалым қазақ тілінде жуан, жіңішке болатын жеке дыбыс емес, буын деп, Қ.Жұбановтың қазақ тілі буыншыл тіл деген пікірін жаңғыртты. Бірақ буын үндесімі сөз үндесімін құрайды деді.

Сонымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіндегі ең кіші бірлік, фонема емес, сингармема, яғни сингармоварианттар болды. Сөздегі дыбыстар дауысты, дауыссызына қарамай бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке, не бірыңғай жуан еріндік, не бірыңғай жіңішке еріндік екені анықталды. Бұл тұжырым өзге ғалымдардың еңбегінде қолдау таба бастады. Бірақ М.Жүсіпұлының өз ойымен айтқанда қазақ тілінің дыбыстық қорын анықтаудың үшінші кезеңі сингармофонологиялық бағыт (өкілдері А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұханбедұлы, М.Жүсіпұлы) болды да, олар екпіннің қызметін мүлде жоққа шығармады, тек оны сингармонизмге қарағанда әлсіз сипатта екенін анықтады. Жуан дауыссыздар дыбыстық құрамның негізін құрайды, өйткені олар жеке тұрып дыбысталады деді. Ал үндесім құбылысын дауысты дыбыс таңбалары арқылы белгілеудің мәні бар. М.Жүсіпов қазақ сөзінің кіші бірлігін *сингармодыбыстип* деп атады.

Ғалымның зерттеуі бойынша, қазақ сөздерінің жуан сингармотембрін 42%, жіңішке тембрін 29%, бейүндес буындарды 5%, бейүндес буынды кірме сөздерді 1,4 %, кірме лексиканы 16,1 % құрайды.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілі дыбыстарының негізгі үндесім заңын тіл үндесімі деп таныды. Ғалым зерттеуінде ерін үндестігі қосалқы, жанама құбылыс қатарында. Проф.Ә.Жүнісбек сингармонизмді *үндесім заңы*, ассимиляцияны *үйлесім заңы* деп атай отырып, қазақ тілі үшін тіл үндестігінде ерін үндестігі де жетекші рөл атқарады деді. Проф. М.Жүсіпов лабиалды үндесімді дербес құбылыс емес, тек сингармонизм екі аспектісінің біреуі, қазақ тілі консонантизм жүйесінің бір сингармотипінде төрттен көп сингармодыбыс болады. Тек күшті позицияда ғана төрт түрі міндетті деп анықтады. Сингармонизмнің өзі сөзайырымдық қызмет атқармайды деді.

Жалпы тіл біліміндегі үндесім заңының түсіндірілуі.

Мысалы, Бодуэн де Куртэне үндесімді сөздегі буындарды құрайтын цемент десе, Қ.Жұбанов, В.А.Богородицкий, С.Кеңесбаев түбір мен қосымшаның бірлігін қамтамасыз ететін құбылыс деді. І.Кеңесбаев сөз бен сөздің, бір сөз тобы мен екінші сөз тобының шегін бөліп, жігін ажыратып тұрады деді, В.Н.Зиновьев сөзді фонетикалық бірлікте ұстайды десе, В.Гренбек, Х.Петерсен түркі тілдерінде ертеде екпін бас буында болған деседі, Ф.Е.Корш осы ілімді жалғастырып, бірінші буынға түскен екпіннен дауысты дыбыс гармониясы жасалды дейді. В.А.Виноградов пен А.А.Реформатский *тіл сингармонизмге бағынса, онда жалғамалы болғаны, орал-алтай тілдеріндегі екпін сөз бірлігін синтагмалық тұрғыда белгілейді, сөздің парадигмалық тұрғыдағы ұйымдастырушысы үндестік заңы болады*. Үндіеуропа тілдеріндегі екпін қызметін орал-алтай тілдеріндегі сингармонизм мен екпін бөлісіп тұрады деді. В.В.Радлов сингармонизм қызметін делимитативтік, яғни сөздің мағыналық бүтіндігін фонетикалық жағынан сипаттайды деп көрсетті. Және бұл заңдылықтың шығу төркінін сөз басындағы дауыстының екпініне байланыстырды. Ғалым қазақ тілінде екпіннің де рөлі бар екенін айтты.

Н.А.Баскаков сингармонизмді түркі сөзінің бүтіндей ерекшелігі, А.Жүнісбек негізгі просодикалық, артикуляция-акустикалық доминант, түркі сөздерінің негізі деп анықтады.

Трубецкой мен Яковлев сөйлемдегі сөздердің шегарасын айқындайды деп шешті.

Сонымен, сингармонизм парадигмадағы бүтіндікті, екпін синтагмадағы бүтіндікті белгілейді, сөз мағынасын фонема анықтайды, ал сөздің сөйлем ішіндегі дербестігі үндесім мен екпін арқылы анықталады.

Екпін мен үндесім. Егер қазақ тіліндегі басты суперсегментті бірлік екпін емес, үндесім заңы болса, онда үндесім заңы екпіннің сөзайырымдық қызметін атқара ала ма? Сөздің бірыңғай сингармотембрмен дыбысталуы синтагмадағы өзге бірліктерден айыра алмайтын сияқты. Мысалы: [жасылжәйлау түктүгілем көккілем, көккілемде көбойнаймын көпкүләм маңдайымнан сыйпабөткөн самалды қазағымның алақаны деббілем] немесе [сеңгеше ғайдаболдұн], [елордасы астанадан сөйлөптұрмыз] деген сөздегі жуан немесе жіңішке үндесімдегі қатар келген екі сөздің жігін ажырататын және бейүндес буынды сөздерді жеке фонетикалық сөз ететін үндесім заңы болып

тұр ма? [сеңгеше] сөзіндегі үндес лексемалардың аражігін ажыратып тұрған – әрқайсысының өз екпіні. Сонда қазақ тілі просодикасындағы негізгі сипат – сингармонизмде болса, ол проф. Ә.Жүнісбек айтқан сөз мағынасын танытатын, сөз жасайтын, бір бүтін етіп ұстап тұратын қатырғы болса, олардың сөйленістегі аражігін айқындап тұратын екпін болады. Сонда екпін сингармонизмге қосалқы болады. Эксперименттік талдаулар қазақ тіліндегі екі буынды сөздің II-буынындағы дауысты ұзақ болатынын, II-буында дауысты ашық болса, I-буындағы дауысты қысқа болатынын көрсеткен. Ендеше аяққы буындағы дауыс созылыңқылығы екпінді хабарлайды.

Жалпы үндесім заңының дыбыстарды буын не сөзге біріктіретін құрсау қызметін атқаруы, сөзді бір бүтін етіп тұратын сипаты туралы қағида Ә.Жүнісбек есімімен бүгінде қазақ тіл білімінде орнықты. Үндесім заңының алфавиттегі әріп санын азайтуға, жазуда үнемділік заңын күшейтуге көмегі болатынын А.Байтұрсынұлы, Ә.Жүнісбек әліпбилері дәлелдеді. Төте жазу қазақ графикасы тарихында бірден-бір фонематикалық жазу болды. “Графиканың жетілгенін аз әріппен тілдегі дыбыстарды қаншалықты дәл, жеткілікті бере алды – сол арқылы анықтайды”.

Үндесім заңдылығы қазіргі қазақ жазуында: 1) дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке түрлеріне әріп арналумен; 2) <қ> <к> <к> <г> фонемаларына таңба берілумен; 3) түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай қосымшалардың жалғануымен; 4) бейүндес буын жігінде **h**, **x** әріптерінің маркерлігімен (*жиһаз* [жйһ’а’з], *Ахмет* [ах’м’ет’]) көрініс тапты.

Ал бүкіл қазақ сөзінің 5% құрайтын (М.Жүсіпов) бейүндес буынды сөздердің (олар не кірме сөз, не біріккен сөз, не кірме жұрнақты сөз болуы мүмкін) дені ашық буын мен бітеу буынның (бітеу буын мен бітеу буынның) қосындысынан және екінші буында қысаң дауыстылардың болуымен ерекшеленеді: *құрмет*, *құдірет*, *қабілет*, *қасірет*, *қажет*, *қауесет*, *қадір*, *қазір*, *қаріп*, *қабір*, *қауіп*, *қанден*, *қадім*, *қапер*, *қатер*, *қорек*, *лағынет*, *қастерле*, *қатыгез*, *кәмшат* т.б. Мұнда бітеу буын жігінде екі дауыссыз арасына қысаң, сына, жіңішке дауысты дәнекерленіп, өтпелі буын жасайды. Сөз үндесім заңдылығына қайшы жазылса да, үндес айтылады. *Құрмет* [к’үр’м’ет’], *қабілет* [к’әб’л’ет’] т.с.с. Ал *қазір*, *қаріп*, *қауіп*, *қадір* сөздерінде жіңішке қысаң, езуліктің таңбалануы дәстүрлі жазу принципінен шыққан.

Мұндағы **i** әрпі – <ы> фонемасы да, <i> фонемасы да емес, сөз аяғындағы екпінмен байланысты таңбаланған сына дыбыс.

Пысықтау сұрақтары:

1. Қазақ тіліндегі үндесім заңының атқаратын қызмет қандай?
2. Үндесім заңының жазу үнемділігін жасаудағы қызметі неде?
3. Қазақ жазуында үндесімнің қай түрі таңбаланады?
4. Қазақ, шетел ғалымдары үндесім заңының қызметін қалай анықтайды?

...Қазақ тілі ауызша жүйесінің үлкен құрсауы **үндесім заңы** (сингармонизм заңы). Ол – тілдегі дауысты дыбыстардың бір-бірімен үйлесіп, үндесіп, ыңғайласып айтылуы. **Үндесім заңының** екі жағы бар. Оның біріншісі және негізгісі – бір сөз бойындағы дауысты дыбыстардың бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылатын тіл үндесімі. Сөз түбірі мен оған қосылған жұрнақ, жалғанған жалғау, не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып отырады. Қазақ тілінің бұл дыбыстық заңдылығы жазуда да көрініс тапқан. Сондықтан бүкіл түркі халықтарының мақтанышына айналған А.Байтұрсынұлының әліпбиі қазақ тілінің басты үндестік заңын айғақтайтын бірден-бір алфавит болғаны белгілі.

Қазіргі қазақ графикасында да үндестіктің осы түрі бейнеленеді. Бірақ тілдің ауызша және жазба жүйесінде бұл қағидадан ауытқитын мынадай тұстар бар:

Ол ең алдымен **ә** дыбысына байланысты. Қазақ тілінде **ә** дыбысы сөздің барлық буынында, әсіресе соңғы буындарда айтыла бермейді. Сондықтан жазуда екінші буыннан ары **а** әрпімен таңбаланады. Мысалы, *күнәһар*, *тәкаппар*, *рәсуа*, *Жәмила*, *Рәбига* т.б. **Ә** дыбысының қазақ сөзінің аяқтамайтынын сөз соңындағы жалғаулардан да көруге болады: *жайлауда* – *жәйләуда*, *қуәландыру* – *күуәләндіру*, *тәкаппарланғанмен* – *тәкәппәрләңгаммен*, *Жәмилаға* – *Жәмйілға*.

Сөйтіп, жіңішке буыннан басталған сөз жуандап барып аяқталып, тіл үндестігі бұзылғандай болып көрінеді. Бұл арада тілдің ауызша түрін таңбалап көрсетудің қиындығын ескеру керек. Өйткені орфоэпиялық сөздікте *күнәға* деген сөздің айтылуын *күнәға* деп беруден басқа амал таппай, екінші буындағы **ә**-ні жіңішке, үшінші буындағы **а**-ны жуан етіп, анық оқып, сөз бойындағы бейүндестікті «баттитып» көрсетеміз.

Сондықтан сөз бірден жуандап кетпей, алдыңғы дауыстының реңкін ала жүріп, бірте-бірте өзгеретінін әрқашан біліп отыру керек. Мысалы, *кінәламау – кінәләмау, күмәнданғандықтан – күмәндәңғандықтан, рәсуаланғанмен – рәс'уәләңғанмен* деген сияқты екінші буында **ә** келетін сөздер үшінші буында **а**-ға жуықтап, **ә**-нің реңкін сақтап, яғни **а** мен **ә**-нің ортасында айтылып, сөз аяғында жуан дыбыстауға көшеді. Сонда бейүндес жазылатын сөздерді жіңішкеден жуанға, бірте-бірте, буын жігін ажыратпай өткізіп айтатын болсақ, сөз табиғи қалпын сақтап, үндесімді шығатын болады. Оны былай көрсетуге болады: **ә – б – а**

Мына сөздердің айтылу нормасын сақтап, жаттығып көріңіздер:

пәруана – пәр'үәнб
 пәруардігер – пәр'уәрдігер
 пәруайсыздану – пәр'уәйсіденуу
 пәруайсыз – пәр'уәйсіз
 пәтуа – пәт'уә
 пәтуаласу – пәт'уәлбсұу
 пәтуаластыру – пәт'уәлбстырұу
 рәсуа – рәс'уә
 рәсуаланғанмен – рәс'уәлбңғбммен

Сондай-ақ **ш, ж** мен **й**-дің аралығында жазылатын **а** дыбысы айтуда жіңішкеріп, **ә**-ге ұқсап кетеді: *шай – шәй, жай – жәй*. Бұл позициядағы **ә**-нің жіңішкеруі өзінен кейінгі буынды да қамтиды. Бірақ сөз соңында, әсіресе қосымша қосылғанда сөз бірте-бірте жуандай береді. Сонда **ә** әрпі мен **а** дыбысының аралығында тағы да 2-3 саты аралық реңктер айтылады, яғни **ә** дыбысы екінші буыннан ары жуандап, соңында мүлдем жуан дыбысқа айналып кетеді. Кейде ауызекі тілде сөз жіңішке үндесуін бұзбаған қалпы соңындағы **а** дыбысының орнына **ә** айтылады. Мысалы, *жайылымдағы – жәйілімдегі*. Бірақ бұл орфоэпиялық норма бола алмайды.

Мына сөздердің орфоэпиялық нормасын сақтап айтып, жаттығыңыздар:

шайға – шәйғә
 шайларың – шәйләрың
 шайларыңды – шәйләрыңді
 жайлау – жәйләу
 жайлауда – жәйләудб

жайлаудағылар – жәйләудбғылар
 шашбау – шәшпбу
 шашына – шәшінб
 шашындағы – шәшіндбғы
 жайылым – жәйілім

Екіншіден, қазақ тілінің үндесім құбылысына бағынбайтын түбірдің жуан, жіңішкелігіне үйлеспейтін мынадай жұрнақтар бар: *-қор, -паз, -кер, -кеш, -қой, -кент, -пен, -мен, -нікі, -күнем, -хан, -хана, -тал, -паң*. Мысалы: *шайқор – шәйқор, өнерпаз – өнөрпаз, әсемпаз – әсемпаз, арбакеш – арбакеш, қушыкеш – құушұкеш, қаламгер – қаламгер, жауапкер – жауапкер, айыпкер – айыпкер, саудагер – саудагер, ананікі – ананікі, Мараттікі – мараттікі, тарақпен – тарақпен, отпен – отпен, сумен – сұумен, пайдакүнем – пайдагүнем, ақылгөй – ақылгөй, данагөй – данагөй, есепқой – есепқой, сәнқой – сәнқой, әзілқой – әзілқой, Шымкент – шымгент, Құмкент – құмгент, емхана – емхана, дәріхана – дәр'хана, кітапхана – кітапқана.*

Мұнда көріп отырғанымыздай, буын жігіндегі дауыссыз дыбыстар ғана көрші дыбыстың әсерінен өзгеріп, үйлесіп айтылады да (*ақылгөй, құмгент, пайдагүнем*), тіл үндестігі сақталмайды. Бұлардың *қор, паз, кеш, гөй, кент, хана, хан* түрлері араб, парсы тілдерінен енген және сол тілдік нұсқасын біршама сақтап игерілгендіктен, өзгермей айтылады да, *-нікі, -күнем, -пен, -мен, -бен* жұрнақтары түбір сөзден туған төл жұрнақтар болғандықтан, үйлесім заңдылығына бағынып айтылады.

Үшіншіден, бір сыңары жуан, бір сыңары жіңішке біріккен қос, күрделі сөздер жазылуы бойынша аралас айтылады: *желбау – желбау, қара ет – қар ет, Сәрсенғали – сәрсенғәліі, кесеаяқ – кес аяқ, кесеқап – кесеқап, Зеңгібаба – зеңгібаба, итарқа – итарқа, итала – итала, итжуа – итшұуа, ит-құс – ит-құс*.

Тіл үндестігінің тағы бір бұзылар тұсы **и** әрпі немесе **ий, ій** дыбыс тіркесі мен **х** дыбысы айтылатын сөздер шенінде. Мысалы, *тарихи, рухани, жиһаз, жиһангер, ислам, иллахи, илхам, табиғи* сөздері қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық нормасында *тарыйхый, ыйлхам, табыйгый* деп, бірыңғай жуан немесе *тәрийхий, рүүхәний, жийхәз, жийхәңгер, ийсләм, ийләхий, ийлхәм, тәбийгый* деп, бірыңғай жіңішке айтылмайды. Сондықтан бұл сөздер **х** дыбысының әсерінен және *ий*-дің табиғатымен аралас буын болып айтылады: *тарийхий, рүүханый, жийхаз, жийхәңгер*,

ийслам, ийллахий, ийлхам, табиғий. Бірақ аралас буын дегенді дұрыс түсіну керек. Мұндағы бір буынды жуан етіп тұрған – а дыбысы, шындығында **а** әріп таңбасы. әйтпесе бұл жердегі **а** таңбасы **а** мен **ә** дыбысының аралығындағы реңкпен (б) айтылуы тиіс.

Төмендегі сөздердің айтылу нормасын сақтап, жаттығып көріңіздер:

табиғат – табйғат
Ахмет – Ах¹мет
рахмет – “рах¹мет
балиғат – балйғат

Құралай Күдеринаның «Орфоэпиялық анықтағыш»
(Алматы, 2005.) жинағындағы мақаласынан алынды.

6-семинар. Ерін үндестігінің таңбаланбау уәждері

Семинар сұрақтары:

1. Қазақ тіліндегі үндесім заңы мен екпіннің қызметі қандай?
2. Үндесім заңының 30-80ж. түсіндірілуі мен қазіргі түсіндірілуінің арасында қандай айырма бар?
3. Жалпы тіл білімінде үндесім заңы қалай танылады?
4. Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасында ерін үндестігі нешінші буынға дейін айтылады?
5. Қазақ жазуында ерін үндестігін таңбаламау қай жазудан басталды?
6. Қазақ жазуында ерін үндестігін таңбаламаудың қандай себептері бар?

Қазақ тіліндегі үндестік заңының жазуда көрініс тапқан түрі – сөз дыбыстарының басын құрап, құрсау болып ұстап тұратын сингармонизмнің негізгі қасиеті – негізінен тіл үндестігіне қатысты айтылады. Бір сөз дыбыстарының үнемі жуан немесе жіңішке болып келуі және қосымшаның түбір немесе түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғануы қазіргі қазақ жазуының негізін құрайды. Кирилшеге негізделген қазақ графикасының қабылдануымен тіліміздің осы ерекшелігін толық танытатын дауысты дыбыс әріптері жеткілікті түрде алынды: әр жуан дауысты мен әр жіңішке дауысты дыбыстың әріп

таңбалары бар. Графикамыздағы бұл ерекшелік жалпы қазіргі қазақ жазуының жетістігі болып, басқа түркі халықтарына үлгі етілгені рас.

Проф. Ә.Жүнісбектің қазақ тілінде тіл үндестігімен қатар ерін үндестігі де жетекші қызметте деп анықтауына байланысты ерін үндестігінің де таңбалануы керек дейтін пікірлер айтылып келе жатыр (Ә.Жүнісбек, С.Мырзабеков, С.Омарбеков). Проф. С.Мырзабеков ата-бабамыздың тілінде ерін үндестігінің екінші, үшінші буынға дейін, тіпті сөз соңына дейін әлсіремей бірқалыпты сақталғанына дәлел болатын мысалдар Н.Ильминский, В.В.Радлов, Алекторов, П.Мелиоранский т.б зерттеушілердің еңбегінен табылатынын айтады. Мысалы, *бүгәлек, бүлдүргән, түгөндө, үрүптөс, бүлдүрүк, күңкүлдө, жауұн, дауұл* және т.б. Сондай-ақ *қара бұйдаи* сөзін де кездестіреді. Алайда автор бұларда берік жүйе жоқ, *бөпе, бөрі, бөле, өрле, өркеш, бөтен, өзен, өзек, өкпе* деген сөздерде ерін дауыстылар бас буыннан ары бармағынын мойындайды, зерттеушілердің тіл үндестігіне мән беріп, ерін үндестігі кейін пайда болған деп мәнін төмендеткенін айтады.

Сөйтіп, ерін үндестігі қосалқы қызметте қалып, Х.Досмұхамбетұлының сингармонизмді тек таңдайлық әуезді заң деп анықтауына әкеледі. Себебі “дыбыстарды жуандатып, жіңішкертуде таңдай еңбек сіңіреді... бұрын сөзімізде еріндік дыбыстардың үндестігі күшті болған... соңғы кезде бұл еріндік үндесті заң өзінің айтылысынан өзгеріп, айни бастайды”.

XXғ. басында лабиал сингармонизмнің осы сипатта анықталуы жазу жүйесінде тек тіл үндестігінің таңбалануына апарды. Бұл кодификацияның өзіндік уәждері жоқ емес.

Біріншіден, қазақ орфографиясының алғашқы кезеңі (XXғ. басы) – фонетикалық принципті басшылыққа алды (Бұл жағдай көптеген тілдердің өтпелі дәуіріне тән). Ультрафонетик (Қ.Жұбановтың термині) бағытта болмаса да, сөз айтылуына барынша жуықтатылып жазылды. Ескі қазақ жазба тілінде түбірдің естілуінше, қосымшаның морфологиялық принциппен жазылуы, ұлттық жазу дәстүрін жасауда түбірдің морфологиялық, қосымшаның фонетикалық принциппен жазылуы төл сөздеріміздің фонематикалық принциппен таңбалануын заңдастырды.

1929 ж. емле конференциясында ерін үндестігінің мәртебесін анықтау қиындық тудырды. Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы ерін

үндестігі өткен дәуірдегі сапасынан әлсіреді, оны таңбалаудың қажеті жоқ деп санады.

Ал орыс миссионерлері еңбектеріндегі мысалдарда бірде еріндік дыбыстардың сөз соңына дейін таңбалануы, бірде таңбаланбауы ерін үндестігінің екінші, үшінші буыннан кейін әлсірей бастағанының фактісі деуге болады. Мысалы, В.В.Радлов еңбектерінде көп буынды сөздердің үшінші буынына дейін ғана ерін дауыстылары таңбаланған. Себебі, зерттеушінің ойынша, түркі тілдерінде ерін үндестігі кеш пайда болған, дамымаған, сондықтан ауытқу жиі.

Сөйтіп, XXғ. басындағы төл жазуымыз – А.Байтұрсынұлы жазуында сингармонизмнің тек лингвалды түрі ғана кодификацияланды. Тіпті у дыбысының алдынан ұ, ү емес, ы, і әріптерін жазу керек деген: “*Барып* демей, *барұп*, *келіп* демей, *келүб* деп жазатын болсақ, *алұу*, *барұу*, *келуу* деп жазуға болады” дейді.

Осы арқылы (тіл үндестігі арқылы) А.Байтұрсынұлы қазақ тілі сингармонизмін қырғыз тілінің еріндік сингармонизмінен, татар тілінің жіңішке езулік (ә) сингармонизмінен айырып көрсеткенге ұқсайды дейді белгілі ғалым Н.Уәлиұлы.

Сонымен, бірінші уәж жалпы қазақ жазуының ұстанымының теориялық негіздерінен шықса, келесі уәждер тіл фактілері мен тіл тарихынан ізделеді. Қазақ тіліндегі ерін үндестігінің әлсіздігін морфемалардың кірігу процесінде тек жуан-жіңішке езулік айналасына топталатыннан да көруге болады. Бұл процеске байланысты Қ.Жұбановтың мына дерегі қызық: *ыштан* сөзі *иш* және *тон* сөздерінен бірігіп жасалған; сілтеу есімдігі **о** дыбысынан **ы** дыбысына айныған: *ол+сол=>о+со=>о+сы;о=>ы*. “Еріншіл дауыстылардың аяқ буынында сақталып тұра алмауына көне түркілік *йағмұр* сөзінің қазақ тілінде *жаңбыр* болып айтылатындығы да дәлел (ұ>и) бола алады” дейді ғалым.

Сондай-ақ *бұл жыл=>биыл*, *иш+құр=>ышқыр*, *тұғын=>тын*, *барған соң=>барғасын*, *аздан соң=>аздасын* болып қалыптануы да тіл үндесімінің жетекшілігін дәлелдейтін сияқты. Тіл тарихынан бірінші буындағы еріндіктің езулікке ауысқан фактілерін кездестіреміз: *ұт-ат*, *ұда-атқа*.

Үшіншіден, әліпбидегі дауыссыз әріп аттары жеке айтылғанда, бір дауысты не аяғынан, не алдынан қосылып айтылады. Ол ашық езулік те, қысаң еріндік те емес, қысаң езулік- <ы> фонемасы (**бы**, **қы**, **ыл**, **ыр**, **жы**) т.б. Проф. Ә.Жүнісбек тірек дауыссыздар жуан езулік үндесім вариантында қолданылады дейді. Және үш

дауыстыға негізделген сингармонизмде қысаңдардың тірек фонемасы ретінде **ы-ны** алады.

Төртіншіден, қазіргі қазақ тілінде жуан еріндік пен жуан езулік, жіңішке еріндік пен жіңішке езулік қатар келе алады: *қора*, *жора*, *сора*, *мола*, *молда*, *күрек*, *түрен*, *қола*, *сұрақ* т.б. Проф. С.Мырзабеков бұл құбылысты “**а-ның** езулік күші **ы**, **і** фонемаларына қарағанда әлсіз, сондықтан да ол жуан еріндіктерден кейін айтыла береді” деп анықтайды. *Орақ*, *құрақ*, *ұзақ*, *отан*, *ора* сөздерін айтқанда екінші буындағы езулік дауыстының айтылым құрағы еріндікке еріп, жуықтап айтылуы мүмкін. С.Мырзабеков **а** дыбысының АТ-да кейде [о] болып айтылатын кезі де болатынын айтады: *ойбой*, *ойхой*. Яғни ерін, езу дауыстылары бір сөз шенінде я жіңішке үндесімде, я жуан үндесімде қатар жұмсала алады, ал бейүндесімде жұмсала алмайды.

Бесіншіден, ерін дауыстыларының бірінші буыннан артпайтын сипатын кірме лексиканың игерілуінен байқауға болады. Мысалы, **о**, **у** дыбысына екпін түскен сөздер қазақ тіліне *очередь=>өшірет=>шірет*, *стол=>үстел*, *утюг=>үтік*, *русь=>орыс*, *хамут=>қамыт*, *чугун=>шөген*, *пуховый=>бөкебай*, *плюш=>пүліш*, *самовар=>самауыр*, *мұнанай=>меновой* болып игерілген.

Ал араб-парсы тілдерінен енген *ораза* (*руза*), *орамал* (*румал*) сөздерінде екінші буындағы еріндік фонема басқы позицияға ауысқан.

Сөйлегенде [үт^оүк^о], [орус] т.с.с. болып дыбысталатын сөздерді мұндай орфограммада заңдастыру 1929ж. емле конференциясында қабылданған еді. Себебі мұнда I-буындағы еріндік әсерінен келесі буындағы дауыстының еріндікке айналатын фонетикалық алмасу тұрғанын ғалымдар байқады. Өйткені *мазмұн*, *мақұл*, *марқұм*, *мәжнүн*, *мәжбүр* сияқты екінші канал арқылы енген сөздердегі еріндіктің таңбалануында I-буынның әсері жоқ, фонеманың негізгі реңкі берілген.

Алтыншыдан, еріндік сипат алдымен <ү>, <о> фонемаларына қарағанда <ө>, <ү> фонемаларында күшті екенін орфоэпиялық норма көрсетіп отыр. XIX ғ. В.В.Радлов <ө> дыбысы өзінен кейін келген қысаң дауыстыға <ө> дыбысындай әсер етпейді деген. Сонда жіңішке дауыстылар жуан дауыстылардан кейін пайда болған екіншілік дифференциация десек, алдыңғылардың дауыстыны өзіне үндестіруі позициялық болып табылады дейміз. Сондай-ақ, ескі қыпшақ тілдерінде ерін дауыстыларына

карағанда езу дауыстылардың жиі қолданылғанын тіл фактілері көрсетіп отыр.

Сөйтіп, қазақ жазуында ерін үндесімінің таңбаланбау сипаты уәжсіз емес. Тіліміздің сингармонизмге негізделген қасиеті, оның екі бірдей түрін негізгі жетекші етіп ала алмауға тиіс: біреуі басты, екіншісі қосалқы болуға керекті. Сондықтан тіл үндестігінің жазуда бейнеленіп, ерін үндестігінің ауызша тіл категориясы болып табылуы жөн.

Қазақ жазуы фонематикалық екенін естен шығармаса, сауат ашу ісінде әріппен қатар оның дыбыстық мәндерін үйретсе, Л.В.Щерба ескерткендей, балаға алғашқы бір жыл ауызша тілді, дыбыстарды меңгертсе, сосын оның жазудағы бейнесін үйретсе, қысқасы, қазақ тілінің оқыту әдістемесінде тіл үндестігінің орны дұрыс көрсетілсе ерін үндестігінің жоғалуы мүмкін емес.

Оқуға арналған материал

...Сингармонизм заңының екінші жағы – **ерін үндесімі**. Бұл – бірінші буындағы ерін дауыстылардың әсерінен (**о, ө, ұ, ү**) екінші-үшінші буындағы езуліктердің (**ы, і, е**) еріндікке айналып, ұқсап, жуықтап айтылуы. Қазақ тіліндегі ерін үндестігі қырғыз, алтай, тува тілдеріндегідей жаппай қамтитын құбылыс емес екені белгілі. Сондықтан ерін үндестігі жазба тілде көрініс таппаған. Қазақ тіліндегі ерін үндестігі – 2-3 буынға дейін сақталатын, ары қарай сөз неше буыннан тұрса да соңында езулікпен айтылатын құбылыс. Ерін үндестігінің 2-3 буынға дейін анық естілетін, айтылатын тұсы ашық буын жағдайында. Мысалы: *көбелек – көбөлөк, құбылыс – құб^улұс, сүйініш – сүй^ннүш, бөдене – бөдөнө, бұрылыс – бұр^улұс, бүлініс – бүл^ннүс, көпене – көпөнө, күйініш – күй^ннүш, құйылыс – құй^улұс.*

Жалпы, ерін дауыстыларын еріндік реңкінің күштісінен әлсізіне қарай орналастырсақ, былай болады: **ө, о, ұ, ү**. Сондықтан **ө** дыбысы үшінші бітеу буында сирек айтылады да, ашық буынды жоғарыдағы түбір сөздерден басқа жағдайда, мысалы, түбір мен жалғау жағдайында үшінші буын **е** болып дыбысталады. Болмаса өзінен еріндігі әлсіз **ү** болып айтылады. Мысалы: *көркемдік – көркөмдүк, өзенге – өзөңге, көркемдеу – көркөмдеу.*

Тіліміздегі ерін үндестігінің жаппай қамтитын құбылыс емес екенін жалғаулар арқылы білуге болады. Жалғаулар қатарында **ө**-мен келетін еріндік варианттар жоқтың қасы. Сондықтан сөз

ашық буынды болса да, үшінші буындағы жалғау езулікпен айтылады. Мысалы: *төбеле – төбөле, төпеле – төпөле.*

Мына сөздерді айтылу нормасына сай жаттығып көріңіздер:

төбеден – төбеден
төбелес – төбөлес
төлдеме – төлдөме
төменде – төмөнде
төпелеу – төпөлеу
төрөдей – төрөдей

Жалпы, **ұ, ү** ерін дауыстылары алғашқы үш буында естіліп, айтылады да, ары қарай солғындайды. Мысалы: *сүйініш – сүй^ннүш, сүйінішсіз – сүй^ннүшісіз, түскіліктің – түскүлүктің, тұзды – тұздү, тұщылық – тұшішүлүк, борышсыз – борұшішүз, құйыну – құй^ннүу, құйырышық – құй^уршүк, құйрықты – құй^урқүтү, құзғындық – құзғүндүк, құбылу – құб^улұу, құбыжық – құб^ужүк, құбылыс – құб^улұс.* Ал **ө** дыбысымен айтылған екінші буыннан кейінгі **і** әрпі **ү** дыбысына ұқсап, айтылып барып, ерін үндестігі солғындайды. Мысалы: *төбесінің – төбөсүнің, көгершін – көгөрішүн.* Сондай-ақ *көбөлөк, дөңгөлөк* сияқты үш буынға дейін **ө**-мен айтылатын сөздерде ерін үндестігі төрт буынға да барады: *көбелектің – көбөлөктүң, дөңгелекті – дөңгөлөктү, бірақ көбелекке – көбөлөкке, дөңгелекке – дөңгөлөкке.*

Бұл құбылысқа байланысты мына бір ерекшелікті көрсете кетуге болады. Әліпбидегі **у** таңбасы **ұу** және **үу** дыбыс тіркестерін, не үнді дауыссыз дыбысын беретіні белгілі. Мысалы: *су – сұу, суық – сұуқ, бу – бұу, сурет – сұурөт, тулақ – тұулақ, қуаныш – құуаныш, қуат – құуат.* Бірінші буындағы **ұ, ү** дауыстыларының әсерінен екінші-үшінші буында жазылатын езулік дыбыстар еріндікке айналады. Мысалы: *қуғын – құуғүн, құқыл – құуқұл, құжыңдау – құужыңдау, құлық – құулұқ, шулы – шұулұ, тумыс – тұумұс, туылу – тұуұлұ, туырлық – тұуірлұқ, туыс – тұуұс, тумыш – тұумұш.*

Сондай-ақ **у** дауыссыз дыбысынан басталған буын құрамындағы езуліктер де еріндік болып айтылады. Мысалы: *тауық – тауұқ, сауық – сауұқ, бауыр – бауұр, сауыр – сауұр, туыс – тұуұс, туылу – тұуұлұ, сауу – сауұу, сауылу – сауұлұ, туу – тұуұу, суу – сұуұу, серуен – сер^ууөн, серуендеу – сер^ууөндеу, керуен – кер^ууөн, керуенбасы – кер^ууөмбасы.*

Соңғы мысалдардағы буын санын ықшамдау үшін және ашық буыннан қашу мақсатында екі бітеу буын аралығындағы **ұ, ү**

дыбыстары жартылай немесе толық түсіріліп (редукцияланып) айтылады. Осы қатарға *шаруа – шар^уа, меруерт – мер^уерт* сөздері де жатады.

Мына сөздердің айтылу сазын сақтап жаттығыңыздар:

рәсуа – рәс^уә
қонағуар – қонағ^ууар
керуен – кер^уөн
серуен – сер^уөн
сәруар – сәр^уәр
меруерт – мер^уөрт
пәруана – пәр^уәна
пәтуа – пәт^уа
шаруа – шар^уа
қалуа – қал^уа
белуар – бел^ууар
сөзуар – сөз^ууар

Ал екі бітеу буындағы еріндіктердің көрші буынға әсері алдыңғыларға қарағанда әлсіздеу болатынын білген жөн. Оның үстіне, екінші буындағы **ы, і** дыбыстарына қарағанда, **е** езулігін өзгерту тіпті қиын. Сондықтан мұндайда екінші буындағы дыбыс таза **е** де, таза **ө** де емес болып айтылады. Қараңыз: *құрмет – құрмөт, құрметте – құрмөтте, сүрме – сүрмө, сүрмелеу – сүрмөлеу, сурет – сүурөт*. **Е** мен **ө**-нің арасындағы аралық реңкті **й** деп көрсетуге болады (*құрмет – құрмйт, сурет – сүурйт*).

Ал біріккен сөз, кіріккен сөз, бір деммен айтылатын ырғақты топ сыңарларының алдыңғысындағы еріндік соңғысына әсер ете алмайды. Мысалы: *сол кез – солгез (солгөз емес), соқыр сенім – соқұр€ сенім (соқұр€сөнүм емес), сутегі – сұутегі (сұутөгү емес), сусімір – сұусімір (сұусүмүр емес), суығыстырым – сұу€ығыстырым, (сұу€үзүстырым емес), супияз – сұупыйаз, (сұупұйаз емес), сужылан – сұужылан (сұужұлан емес), сужегі – сұужегі (сұужөгү емес), су етті – сұу€етті (сұу€өттү емес) т.с.с.* Ереже ескертусіз болмайтыны сияқты үшінші буыннан артапайтын ерін үндестігі кейде 4-5 буындарға өтіп кетеді. Үш буын ерін үндесімімен айтылып, төртінші, тіпті бесінші буын езулік, ал келесі буында **үу, үу** тіркесі келетін болса, онда сөз бастан-аяқ ерін үндестігімен айтылады. Мысалы: *сүйкімдену – сүйкүмдөнүу (сүйкүмденүу емес), бірақ сүйкімденбеу – сүйкүмденбеу*.

Төмендегі сөздердің айтылу нормасын сақтап, жаттығып көріңіздер:

түлкілену – түлкүленуу
түркілену – түркүленуу
түнделету – түндөлөтуу
түрткілену – түрткүленуу
түртпектелу түртпөктөлүү
түрпілену – түрпүленуу

Дауыстылардың үндесімін сөз еткенде үнемі мына бір нәрсені есте ұстаған жөн. Дауыссыздарға қарағанда дауыстылардың айтылу реңкі өте құбылмалы, тұрақсыз болып келеді. Оның үстіне жалпы көпшілікке ұсынатын әдебиеттерде (орфографиялық сөздік, айтылу нормасының анықтағыштары) дауыстыларды белгілейтін әріп таңбасы да әліпбидегі дауысты таңбасынан аспайды және сонымен бірдей болады. Сондықтан әрпіне қарап, дыбысын да солай оқып, аздап қайшылық туады. Сол себепті тіл үндестігінде де, ерін үндестігінде де, яки жіңішке буыннан жуан буынға (**ә→а**) және еріндік дауыстыдан езулік дауыстыға бірте-бірте ауысарда, үнемі дауыстыға қатысты «анық айтылу», «солғындау», «көмескілену», «**ә** мен **а**-ның», немесе «**ө** мен **е**-нің», «**ү** мен **і**-нің ортасында айтылу», «жартылай **ө**», «жартылай **е**» болып дыбысталу деген түсініктерді есте ұстап отыру керек. Сонда ғана сөз құрамындағы, тіркес құрамындағы бейүндестіктен құтылуға болады. Дауысты дыбыс негізгі реңкінен бірден айрылмайды, өз реңкін сақтай отырып, келесі буын үндесуіне бірте-бірте өтеді.

Ерін үндестігін сақтап, жаттығып көріңіздер:

құрылыс – құр^улұс
бұйығысу – бұйұғұсұу
бөдененің – бөдөнөнүң
көпенені – көпөнөнү
дөңгелекті – дөңгөлөктү
тауық – тауұқ
сауықтыру – сауұқтұруу

Құралай Күдеринованың «Орфоэпиялық анықтағыш» (Алматы, 2005.) жинағындағы мақаласынан алынды.

II. ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХЫ: ӘЛІПБИ ТҮРЛЕРІ МЕН ЕМЛЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Біз қазақ халқының қолданған жазу типтерін семасиографиялық және фонемаграфиялық деп бөле отырып, зерттеуге фонемаграфиялық жазу түрлерін нысан етеміз. Өйткені пиктографиялық жазу мен ДЖ жазудың екі басқа типіне жатады. Екіншіден, ғалымдар арасында сурет жазуды жазу түріне санамайтын көзқарастар басым, үшіншіден, пиктографиялық жазу өз алдына кең масштабтағы зерттеуге нысан бола алады. Және қазіргі қазақ жазуының бейнесін, болашақ “кескінін” тану үшін қазақ жазуы тарихындағы ДЖ түрлерінің сипатын, әліпбиі мен емлесін анықтау қажеттігі бар.

Қазақ халқының пайдаланған ДЖ түріне көне түркі жазуы (КТЖ), ұйғыр, араб жазуы және А.Байтұрсынұлының төте жазу (ТЖ) үлгісі, латын графикасына негізделген қазақ жазуы (ЛГнҚЖ), орыс графикасына негізделген қазақ жазуы (ОГнҚЖ) жатады. Аталған әліпби түрлері жекелей зерттеу объектісі болатындықтан бүгінге дейін аталған жазу түрлері зерттеу нысанына алынбағандықтан, жұмысымызда жоғарыдағы әліпби түрлерінің белгілі бір ерекшелігі мен әліпби құрамы, ондағы әріп пен фонема сәйкестігі, ішінара емле ережелері туралы сөз болады.

7-дәріс. Көне түркі жазуы: әліпбиі мен графикасы

Талас, Енисей, Орхон жазуларының табылуы, оқылуы, этногенезі, түркі халықтарының тарихына, әдебиетіне, мәдениетіне қатысы, графикасы мен грамматикасы, лексикасы, қазіргі түркі тілдерімен сабақтастығы туралы еңбектер аз емес. Көне замандағы ауызша сөйлеу жүйесі беймәлім жазу таңбаларын қазіргі тіл дамуының тұтынушысы бола отырып, аршу, дүдәмал дыбыстық тілге кодтау, код таңбаларының мәнін көрсету, кодтың (әліпбидің) кілтін түзу қаншалықты қиын екенін ескерсек, көне түркі жазуына “барған” ғалымдардың еңбегі өлшеусіз екенін көреміз. Сондықтан көне түркі жазуы туралы қазақ тіл білімінде бірыңғай пікір қалыптастырған Ғ.Айдаров, А.Аманжолов, Ә.Қайдар, Ғ.Мұсабаев, Ә.Құрышжанов сынды ғалымдардың зерттеулерін жоғары бағалай келе, зерттеушілердің көне түркі

жазуының әліпбиін құрастырып, ондағы әріп таңбаларының мәнін, берілу тәсілдерін, дыбыстық заңдылықтары туралы жазған еңбектерін пайдалана отырып, көне түркі жазуындағы дауысты дыбыстардың таңбалану жүйесі мен ішінара дауыссыз дыбыстардың емлесі туралы сөз қозғағымыз келеді.

Көне түркі жазулы ескерткіштердің табылу аймағы үлкен: Хакасия, Алтай, Тува, Саян-Алтай, Енисей, Талас, Дмитриевск, Алта-Бай сайы, Орхон, Қарақорым, Тараз, Павлодар, Есік, Шемонайха, Ертіс, Қырғызстан Қошқар өңірі. Бұл әр аймақтың графикасы өзіндік дыбыстық ерекшелігімен көрінеді дегенді білдіреді. Дегенмен жоғарыдағы ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, көне түркі жазуына ортақ графика-орфографиялық ерекшеліктерді тануға мүмкіндік бар деп ойлаймыз.

Жалпы Орхон-Енисей жазбаларында қолданылған 35 графеманың 4-і ғана дауысты фонеманы, ал 31-і дауыссыз фонеманы және үнді қатаң тіркесін бергені бүгінде айқындалған жайт. Сонда көне түркі жазуы дауысты фонеманың 4 инвариантымен тілдегі 9 вариантын (**а-е-ә, ы-і, о-ұ, ө-ү**), дауыссыздардың 20-дан аса жуан-жіңішке вариантымен 10 инвариант фонеманы (**б, д, ғ, й, к, л, н, р, с, т**) берген түркі тілдеріндегі үндесім құбылысын дауыссыздар санын көбейтумен шешкен графика болып табылады.

Осыған байланысты графикасында **а-е** (**э~ә**) фонемасын белгілейтін таңба неге сөз ішінде және сөз басында берілмеді, керісінше, **<о-ө>** фонемасы неліктен сөз басында және ортасында таңбаланды деген сауал төңірегінде ойланып көрелік.

а графемасы басқа **<ы>**, **<о>**, **<ө>** инварианттарының таңбаларына қарағанда жиі түсіріліп отырған. Мысалы, *да* (*адағ*), *дғр* (*адғыр*), *йғучы* (*айғучы*), *нығ* (*анығ*). Ал сөз соңында жүйелі таңбаланады: *бунча*, *йзқа* (*йазықа*), *кче* (*кече*). Сонда таңбаланған дыбыс ашық езулік (**а, е, ә**) әрпіне қалай кодталған және рунист ғалымдар қалай топшылаған?

Ол, біріншіден, біздің ойымызша, өзге үш дауысты фонеманың ескерткіштерде белгілену маркерлігімен өлшенеді. Өйткені

$\langle \frac{a}{e} \rangle$ дауыстысынан басқа $\langle \frac{o}{y} \rangle$, $\langle \frac{o}{Y} \rangle$, $\langle \frac{bl}{i} \rangle$ гиперфонемалары инициал позицияда да, І-буында да жүйелі таңбаланып отырса, (*ыдқ* (*ыдук*), *өлгі* (*өлгелі*), *үчн* (*үчүн*)), $\langle y \rangle$, $\langle y \rangle$ фонемалары барлық позицияда беріледі. Сонда $\frac{o}{y}$, $\frac{o}{Y}$, $\frac{bl}{i}$ графема-

лары таңбаланғанда, бұлардың фонемасы және дыбыс реңктері оқылады, ал бұл әріптер болмаған жағдайда $\langle \frac{a}{e(\text{э})} \rangle$ фонемасы дауыссыз дыбыс таңбасының жуан-жіңішкелігіне қарай не [a], не [e], [ə], [ɛ] болып оқылады. Проф. А.Аманжолов көне түркі тілінде а графемасымен <a>, <e> фонемасы ғана белгіленді десе, Ғ.Айдаров, С.Хасановалар <ə> фонемасы да таңбаланды дейді.

Проф. Б.Сағындықұлы көне түркі тілдеріндегі алғашқы дауысты фонема ретінде а-ны атайды). Сонда жиі дыбыстала-тын фонеманың таңбасын үнемдеу арқылы жазу экономиясы жасалған дейміз. Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздің алды-нан түсірілген дауыстыны қателесіп қалпына келтіреміз дейтін қауіптің болмайтын себебі түркі тілінің дыбыстық ерекшелігін, лексикасын білуге байланысты. Айталық, *брзун (барзун) – бар-сын, мңа (маңа) – маған, мн (мен) – мен* сөздері “түсірілген” а, е әріптерінен басталмайтынын тілді тұтынушы да, жазуды дыбыстық тілге кодтаушы да білуі тиіс.

Енді $\langle \frac{bl}{i} \rangle$ гиперфонемасының инициал және меди-ал позицияда таңбаланып, сөз ішінде ескерілмеуі жайлы.

Гиперфонеманың сөз басында көрсетілуін жоғарыда $\langle \frac{a}{e(\text{э})} \rangle$ фонемасының тұрмағанын білдіру үшін берілді дедік. В.Томсен

$\langle \frac{bl}{i} \rangle$ таңбасы салынса, <i> болып оқылады, болмаса <d>-ден өзге [л] [і] ортасындағы [л] болып оқылады деген. Бұған қоса В.В.Радлов та бір буындыларында э (д) – дауыстысы ғана болғанын айтқан. Сонда бір буынды сөздердің ішіндегі дауыстының өзгеруін таңба салып ескертіп отырған. Жалпы,

біраз ғалымдар (Ғ.Айдаров, А.Аманжолов, С.Хасанова) $\langle \frac{u-i}{ы} \rangle$

гиперфонемасының таңбасы болды деп топшыласа, С.Е.Малов, А.М.Щербак, М.Томанов, В.В.Радлов, М.Рясянен, А.Шеберг, И.Н.Кобешавидзе көне түркі жазуы мен тілдерінде <ы>, <и-и> оппозициясы күмәнді, мұндай жіктелісті дәлелдейтін факті жоқ екенін, әсіресе тәуелдік жалғауының сөз үндесіміне қарамай,

жіңішке дауыссыз таңбасымен (н') берілгенін айтады: *кәні, қә'н, қз'н*. Тіл үндестігінің бұзылуын і-ның і-ге өтуімен байланыс-тырады. $\langle \frac{u-i}{ы} \rangle$ дүдәмалдығының бір себебін түркі тілдері

дамуының белгілі бір кезеңінде 1-буыннан басқа буындағы дауыстылардың дербес фонологиялық жүйе құрай алмағанынан, сингармониялық параллельдердің болуынан (*алтан-алтун-ал-тын, балта-балто-балту-балты*), себебі көп буынды сөздердің екінші буынынан былай қарай дауыстылардың ерекше жүйесі (подсистема) болатынынан, ол жүйеде ашық-қысаңдығымен ай-рылатын бар-жоғы екі ғана фонема болып, олар аллофондарының көптігі арқылы қолданыс табатынынан іздеу керек. Негізінен әліпбидегі дауыссыздардың жуан-жіңішке таңбаларын шартты

деп және осыған сай тіл үндесіміне күмәнмен қарау $\langle \frac{i-u}{ы} \rangle$

фонемасына қатысты шыққан. Бұл жазудың емле ерекшеліктері туралы арнайы мақала жазған Г.Левин Орхон жазуында [s], [j] дыбыстармен [i] іргелестігінде [s²], [j²] q жіңішке таңбалары жазылғанын айтады: ... [j²ɯlgɯ], ... [s²ɯpɯt] Енисей, Шығыс Түркістан ескерткіштерінде керісінше [j] мен [i] дыбыс тір-

кесімі таңбаланған. Сонда әсіресе сөз соңына қарай $\langle \frac{i-u}{ы} \rangle$ -

жіңішкеруін қалай түсіндіруге болады? Көне түркі жазуындағы дауыстылардың графемасына (инвариантына) телінген фонема-лар өзара (негізінен) ашық-қысаңдығымен айрылады (**о-у, ө-ү, а-э, е, э**). Ал қазіргі фонологиядағы **а-е(э), о-ө, ұ-ү, ы-і** жұптары жуан-жіңішке оппозициясын құрайды. Сонда бірыңғай жіңішке, қысаң, еріндікке (**ө-ү**) бір графема, жуан еріндік, қысаңға (**о-у**) бір графема берілген жүйеде немесе керісінше мына жүйеде – жуан-жіңішке езулік, ашық (**а-э, е, э**) және жуан-жіңішке езулік қысаң (**ы-і**) – ауытқу бар.

Проф. А.Аманжолов дауыстылар жүйесінің сақтала берме-гені жергілікті фонетиканы білдіре ме, әлде емле тұрақсыздығын бере ме деп, *dl/il, jati/jiti* параллельдерін көрсеткен. Сонда, біздің ойымызша, **ы-и (і)** сына дауыстысының ашық езуліктен (**а-э, е, э**) толық ажырай қоймағанын, кейде онымен жұп құрайтынын көреміз. Оған қазіргі түркі тілдері тұрғысынан алсақ, түбірдегі жуан, жіңішке, ашық езулікке қосымша жалғағанда қысаң езулік-тер сәйкесетіні дәлел. М.Томанов ұйғыр тіліндегі **э** дыбысы бар

сөзге аффикс жалғанғанда **ә-е**, көпбуынды сөздердің соңғы буынында **и-ге** айналатынын (*бәл-белким, кәлимиң*), **е** дауыстысы көне түркілік **а** дауыстысының көрінісі екенін, **а** фонемасы **ә, е, и**-ға сәйкескенін айтады.

Енді көне түркі жазуындағы еріндік графемалардың (**о-у, ө-ү**) таңбалануын және ерін үндестігінің берілуі туралы.

Ескерткіштерде $\langle \frac{o}{y} \rangle$ гиперфонемасы бір таңбамен, $\langle \frac{o}{y} \rangle$ бір таңбамен бірілген. Еріндік дауыстылардың графемасы жуан-жіңішкелікпен айрылған. Сонда *өд (уақыт), үч (үш), күн* сөздерін [y], [ø] дыбысы арқылы да оқуға болады. Зерттеулерде бұл графема қандай белгіге сүйеніп **<ө>** не **<ү>** болып оқылатыны айтылмайды. Дегенмен, мынадай ерекшелікті байқауға болады. Ескерткіштерде **ө-ү, о-у** графемасы **<о>**, **<ө>** фонемасының орнына жұмсалған да сөз басында және I буында ғана жазылған, ал **<у>**, **<ү>** фонемаларын бергенде сөздің барлық позициясында кездескен. Мысалы, *чөлг (шөлдік, күнтүз (күндіз), ілгерү (ілгерү), йағру*.

Сонда I буындағы **<ө>**, **<о>** фонемаларының кейінгі буында еріндікке айналдыра алмауының, ал **<ү>**, **<у>** фонемаларынан кейінгі буында да **<ү>**, **<у>** сәйкесетінін қалай түсіндіруге болады? Жалпы, зерттеушілердің барлығы жазбаларда тіл үндестігі жаппай сақталатынын, тіпті жуан езулік пен жуан еріндік қатар келе беретінін (*алтун, азуқы*), ал ерін үндестігінің ауытқуы көп екенін мақұлдайды (*көңүл-көңл, отүз-отз* т.б.). Еріндік күші де қазіргі еріндік фонемаларының сапасына тең. Мысалы, Ғ.Айдаров көне түркі жазуында **<о>** кейінгі буында **<а>** **<у>**-ға сәйкессе, **<ө>** – **<ү>** – **ге**, **<е>**-ге сәйкесетінін көрсеткен, яғни еріндік сапасының күштілігі **ө→ү→о→у** қатынасында. В.Томсен: “это буквенная письменность, в которой те или иные знаки для одного звука чередуются в зависимости от того, какой знак за ним следует или стоит впереди” деген. И.Н.Кобешавидзе: “Рунический алфавит замечателен тем, что он в большой мере отражает систему дифференциальных признаков фонем, нежели самых фонетических единиц” дей отырып, морфологиялық негізге құрылған деп анықтайды. Сонда **<о>**-дан басқа еріндіктердің өзінен кейінгі дауыстыларды да өзіне ұқсатып алатынын жүйелі түрде таңбаламағанына қарап, көне түркі жазуы диалектілік ерекшеліктерді де, фонетикалық

алмасуды да таңбалап отырған фонетикалық жазу болды ма деген ойға қаламыз.

90-жылдардың ортасында В.Г.Гузев В.Томсеннің екіойлы болғанына қарап, көне түркі жазуын буын жазуы деген шешімге келген. Себебі графика түркілердің төл жаңалығы болса, олар дауыстылар үндестігін беру керек еді, ал басқа елдің графикасынан алынды десек, **<й>**-дің жуан-жіңішке варианты (комбинаторлық түрі) таңбаланып тұр дей отырып, дауыссыз таңбасы дауысты-дауыссыз тіркесін береді. Оған себеп **к** фонемасының [ак], [эк/ек], [ок/ук], [өк/үк], [ук] деген буындарды таңбалайтыны дейді. Және қосар әріптердің *ант, алт, арт* сөздерін беретінін айтты. Ғалымдар көне түркі жазуы әріп, не буын арқылы оқуға келмейтінін, сөзді тұтас “көре отырып”, мазмұны арқылы түркі үндесіміне салып оқу керектігін айтады. Және көп жағдайда дауыстыларды белгілеу хабарды таңбалаушы мен оны дыбыстық тілге кодтаушы екі жақтың аялық білімі бір деңгейде, ситуация туралы екі жақ та хабардар болуына байланысты болған. Әрі адресат түркі диалектісінің көптігінен дауыстылардың жергілікті ерекшелікке байланысты түрленімін осы тәсілмен шешкен дейміз. Осы орайда академик Ә.Қайдардың мына сөзі еске түседі: “Сол кездегі мемлекет құрамында болған тайпалардың (түркі, қарлұқ, түргеш, қырғыз, оғұз, тардұш, татабы, шұп, кенгерес, соғды, тоғұз-оғұз, оноқ) тілі өзгермей, бір орында тұрмауы, әр кезде ру-тайпа аймағында жазылған бұл ескерткіштер тілін жалпы, алып қарасақ, ол әлі бір тұтас болып, қалыптаса қоймаған түркі ұлыстары мен тайпа бірлестіктерінің өзара айырмашылығы бар тіл еді, жергілікті ерекшеліктер сақталған тіл еді, аударған ғалымның өз тұсынан қосып алғандары да аз емес еді”.

Сөйтіп, көне түркі жазуы көне түркі тілдерінің фонетикалық және фонологиялық белгілерін анықтап алуға мүмкіндік береді.

Орхон Енисей, Талас ескерткіштері дауысты таңбаларының **<а, е (э), ә>** графемасында ғана әріп варианты көп болған, ал **ы, о, ө** графемалары бір таңбалы болып келеді. Бұдан негізгі инвариант дауыстының (**а**) вариант, вариациялары (**э, е, ә, әе, і**) басқа дауыстыларға қарағанда артық болғанын графика арқылы да көруге болады деп ойлаймыз. Көне түркі жазуы әсіресе **к, к** фонемаларының жуан-жіңішке, еріндік-езулік реңктерін таңбалаған: [к], [к°], [к], [к°]. Бұндай графика әсіресе Енисей, Талас ескерткіштеріне тән болып келеді.

Сонымен, көне түркі жазуы тіл үндестігіне табан тіреген,

тарихи қалыптасуы жағынан кеш пайда болған ерін үндестігін таңбалауды мақсат тұтпаған графика болып табылады. Үндесім заңы дауыссыздардың тембрлік әуеніне негізделген (Крамски, М.Маллова, В.Томсен, А.М.Щербак), ал дауыстылар үндесімі – осы арқылы шыққан екіншілік заң дейміз. Алғашқы әліпби түзушілер санасында дауыссыз дыбыс қазіргі түсініктен өзгеше, ерін, езу, тіл мүшелеріне сай тембрлік әуен қоса ассоциацияланып отырған дыбыс типі болғанын айтқымыз келеді. Тілдің даму барысында жуан-жіңішке, езулік-еріндік әуен қысқа айтылатын сына дыбыс тыңдаушы санасына қабылдана бастайды. Сына дауысты таңбасы әсіресе дауыссыз бен үнділер арасына салынған. Қыстырынды дауыстылардың бүкіл руникалық жазбаларға тән екенін айтады Э.А.Макаев. Алғашында дауыссыздың тембріне ғана үйлескен, фонемалық жүктемесі жоқ дыбыс кейін дифференциацияланған. Оған Енисей, Талас жазуларында сирек таңбаланған дауыстылардың Орхон жазуында тұрақты бейнеленуі дәлел. Дауыстылардың графикалық бейнесі арқылы түркі тілдеріндегі инвариант дауыстыны да, сына дауысты және одан өрбіген дауыстылардың вариант, вариацияларын жобалауға болады.

Енді консонанттар жүйесінің графемалары және графикасы туралы қысқаша тоқталып өтеміз. Жазуда <б>, <ғ>, <д>, <й>, <қ>, <л>, <н>, <р>, <с>, <т> 10 дауыссызы 20-дан астам әріппен 20 сингармофонеманы таңбалайды. Оның ішінде 3-тен артық әрпі бар дыбыстар <б'>, <ғ'>, <д'>, <қ'>, <к'> фонемалары болып табылады. <қ'> мен <к'>-нің жуан еріндік және жіңішке еріндік таңбасы бар, **б, д** графемалары кейде [t'], [n'] дыбыстарын да таңбалайды. Ал <з>, <м>, <ң>, <п>, <ч>, <ш> дыбыстарының бірімәнді таңбамен берілуін ғалымдар олардың кеш пайда болған туынды дыбыс болуымен байланыстырады. Құрамында осы дыбыстар бар сөздердің жуан-жіңішкелігі айырылуы мүмкін емес, мысалы, *мңа* деген [маңа], [меңе] болып оқыла алады. Ал кей сөздерде іргелес дыбыс таңбасы арқылы ажыратып алуға болады, мысалы $\left[m \frac{e(\text{э}, \text{э})}{a} n \right]$, $\left[m \frac{y}{o} \right]$. Жалпы бірімәнді деген [м], [ш] дыбыстарының 6-ға дейін әріп-вариациясы болған. Дыбыстың төл, туынды, кірме екенін оның сөз шенінде кездесу, жуан-жіңішке дауыстымен тіркесе алу қабілеті арқылы анықтасақ, **ч, ш** графемаларының да бірімәнді болуы

ойландырады. Олай болса, сөз болып отырған дыбыстар неге сингармографемалық жұп құрамаған деген сауалдың басын ашық қалдырамыз. Консонанттарға қатысты тағы бір айта кететін нәрсе – <с>, <ш>, <н> инварианттарының жіңішке таңбалары үндесім заңдылығынан уәжсіз ауытқитыны. Мысалы, [с'бығ] – *сәбығ*, [с'мды] – *сімады*, [улус'] – *улис*, [тыс'ы] – *атысі*, [шс'ыз] – *ашсіз*, [йорс'ар] – *иорысәр*, [сбын'] – *сабін*, [ғын'] – *агін* т.б. Бұл <с>, <ш> фонемаларының инварианты тіл алды болып айтылатынына хабар берсе керек. Қазіргі дыбыстық жүйемізде де <ш>, <ж> фонемаларының орыс тіліндегі <ш>, <ж> фонемасынан айырмасы – өзінен кейінгі дауыстыны жіңішкертетіні.

Бүгінгі қазақ тілінде сөз аяғында айтылмайтын [б], [д], [ғ] дыбыстары көне түркі жазуында таңбаланған. Жалпы, көне түркі жазуы <р>, <в>, <м>, <т>, <д>, <č>, <š>, <с>, <з>, <н>, <л>, <ј>, <г>, <к>, <г>, <п>, <қ>, <қ> 18 фонемасының <č>(ч)-дан басқасы қазіргі қазақ тілінің фонетикалық жүйесінде бар және бір-бір графемаға сәйкес келеді. [ни] дыбысын беретін жіңішке мұрын жолды әріп қазіргі түркі тілдерінде жоқ. Ал *нт, нч, лт* дыбыс тіркесін беретін графемалар тілдің көне дәуіріндегі ерекшелікті, яғни еліктеуіштер соңында жиі кездесетін дыбыс тіркесін бір таңбамен берген дейміз.

Жалпы, вокализмдер жүйесінің таңбалану ерекшелігі жазудың о бастағы мнемоникалық тәсілге иек сүйейтінінен шыққан. Ұғымды таңбалауды жетілдіру редуция арқылы жүреді, ал редуция таңбаның ішкі мазмұны мен сыртқы тұрпатын құрайды. Сонда алғаш суреті салынған үлкен мәтін (сурет жазу) артық ақпараттарды түсіріп, керекті заттың аты мен санын еске сақтау үшін шартты бір таңбаларды қалдырады (идеографиялық жазу), кейін ребустық жазу шығады (логограмма). Жазудың белгілі бір адресантқа ғана бағытталғаны ондағы көмекші сөздер мен сөйлемдердің таңбаланбауына әкеледі. Сөйтіп, жазу бағытталған адресанттың аялық біліміне, оқиғамен хабардарлығына сүйеніп, мнемоникалық тәсілді қолданады. Онда грамматикалық формалар ғана редуцияланбай, әріп болмаса да, дыбысты қалпына келтіріп оқитын әдіс қолданылады. Тілді жақсы білетін адресант ондағы фонемаларды “реконструкциялап” дыбыс варианттарына кодтайды. Жазба тілдің абстракті таңбасы – графема мазмұн межесін инвариант, вариант немесе \emptyset – нөлдік әріп арқылы таңбалай алатынын, ал оны ауызша тілдің абстракті бейнесі фонеманың мазмұн межесі (дыбыс) мен тұрпат межесі (графе-

ма) арқылы қалпына келтіреді. Сонда көне түркі жазуындағы ашық, қысаң езуліктердің таңбаланбауын жазу экономиясын жетік білген, таңба теориясын меңгерген, жазу прагматикасын ойлаған халықтың мәдени құндылығы деп танымыз. Болашақта зерттеуді күтетін мынадай проблемалар мен сұрақтар бар екенін көрсете кетеміз.

1. Орхон-Енисей, Талас ескерткіштерінің жеке-жеке графикалық ерекшеліктерін, ондағы графемалардың мәнін және мәтін емлесін айқындау;

2. **к, ғ, к, г** графемаларының жуан еріндік, жіңішке еріндік таңбаларының жүйесін іздеу;

3. Орхон ескерткіштеріндегі дауыстылардың Енисей, Шығыс Түркістан жазбаларына қарағанда редуцияланбайтын себебін іздеу;

4. $\langle \frac{u-i}{ы} \rangle$ гиперфонемасы жіңішкеруінің фонологиялық, морфонологиялық негіздерін айқындау;

5. $\langle \frac{e(э)э}{а} \rangle$ гиперфонемасы әріптерінің басқа дауыстыларға қарағанда көптігі себебін анықтау;

6. Көне түркі жазуының қысқа мерзімде оқылуының алғышарттарын анықтау.

Оқуға арналған материалдар

Орхон әліпбиі

Орхон жазу үлгісін құрайтын жазулар Орхон, Тул, Сэлэнге дарияларының маңында сақталған. Олар ұстынға ойып жазылған үлкен ескерткіштер мен майда жазулар. Үлкен ескерткіштер:

1. Күлтегін мәтіні (б.з. 732 ж.)
2. Біліге қаған мәтіні (б.з. 735 ж.)
3. Түй-ұқұқ мәтіні (б.з. 738 ж.)
4. Күллі-чор мәтіні (б.з. 740 ж.)
5. Орда-балық мәтіні (б.з. 832 ж.)
6. Тэс (Тез) мәтіні (б.з. 751 ж.)
7. Теркін мәтіні (б.з. 753 ж.)
8. Моғойн шинэ-ус мәтіні (б.з. 760 ж.)
9. Сүжі мәтіні (VIII ғасыр соңы)
10. Онгин мәтіні (б.з. 716 ж.)

Майда жазулар:

11. Тайхар-чулу жазуы I-XXXIV (б.з. VI-X ғ.ғ.)
12. Их – Асхат (VIII ғасырдың басы) жазуы
13. Ғурвалжин – Ула (Гурвалжин – Уул) жазуы (VIII ғасыр)
14. Ар – Ханан (Бұлған аймағы) жазуы (VII ғасыр)
15. Хангидай – ход жазуы (VIII ғасыр)
16. Жарғалант хан жазуы (Кентай аймағы)
17. Зүрдийн-овоо (Завхан аймағы) (VIII ғасыр)
18. Их бичигт жазуы (VIII ғасыр)
19. Ғурван-мандал (Үш күмбез) жазуы (VI-VIII ғ.ғ.)
20. Түй-ұқұқ кешен сылағының жазуы I-II (738 ж.)
21. Баға-Ғазар (Кіші жер) жазуы (VIII ғасыр)
22. Их Ханұ-нур жазуы (VIII ғасыр)
23. Идер жазуы (VII ғасыр)
24. Чойрэн жазуы (VIII ғасырдың басы).

Үлкен ескерткіштердің барлығы да ұстынға ойып жазылған. Ойып, қашап жазу үшін ең алдымен тас таңдалады. Одан соң таңдап алған тасты формаға келтіріп бетін тегістейді. Одан соң тушь немесе сия бояумен ұстын бетіне суреттер мен мәтінді сызып, жазып шығады. Келесі кезекте жазылған мәтіннің әрбір әріп кескіндерінің үстінен қылауышпен (киста) ерітінді жүргізеді. Бұл ерітіндіні арнайы қоспалар қосып күкірттен дайындайтын болған. Әріп кескіндерінің үстінен жүргізілген ерітінді гранит тасқа тиген жерін құмдақ етіп босатып, ары қарай қашауға мүмкіндік туғызады. Қылауыш (қыл қалам=киста) арқылы ерітінді жүргізілмесе гранит тастағы минералдардың орналасқан жігі қашауға ырық бермей жан-жаққа ұшып кетеді. Осыдан барып ұстынға сызылған сурет, оймалар, әріп кескіндері дұрыс қашалмайды. Осылайша 5-6 сатылы әрекеттің нәтижесінде ескерткіш ұстын дайындалып отырған.

Қ. Сартқожаұлы «Байырғы түрік жазуы: алфавит жүйесі және фонологиясы» докторлық дисс. қолж., 2008.

Байырғы түрік фонологиясының жүйесі және түркілік дүниетаным

Байырғы түркі бітіг жазуын жасаушылар осы алфавитті түркі тілінің табиғатына соншама дәл үйлестіріп, фонемдер мен аллофондардың айырымдарын дөп басып тауып, шығармашылықпен орындағанына түркітанушылардың біразы таңданумен болса, енді бір тобы жоққа шығарумен келді.



Байырғы түркі графикасы түркілік дүниетанымды тұғыр еткен түркілік мәдениет қазанында пісіп жетілген түрік тілінің фонетикалық жүйесіне негізделген. Оның арғы жағында немесе қайнар көзінде түркілердің Тәңірлік діні, Тәңірлік дүниетанымды жатыр. Осы философиялық-дүниетаным жүйесі арқылы байырғы түркі тілінің фонетикасының табиғи заңдылығын ашып, әліпбиінің лингвистикалық графикасын жасаған.


Түркілер IX ғасырда өздерінің дүниетанымды “*iki jylyz*” (“екі негіз”) деп атапты.

Кіндік Азиядан Америка континентіне үндістердің алғашқы тобы 30-40 мың жыл бұрын, соңғы тобы 12000 жыл бұрын қоныс аударғаны ғылымда анықталған жәйт. Сол үндістер күні бүгінге дейін тәңірлік діннің “екі негіз” ілімін ұстанатынын зерттеушілер дәлелдеп отыр.

“Екі негіз” ұғымы байырғы түркілердің әлемді түсіну философиясы. Көне түркілер пайымында әлем – аталық пен аналықтан тұрады. Аталықтың көктегі нышаны (символы) – күн, аналықтікі – ай, жердегі аталықтың нышаны – тау, аналықтың нышаны – су. Бұлардың үстінде “Тәңір”. Жаратушы күш біреу ғана, ол ұлы Тәңір деп түсінген.

Аталықтың рәмізі жаратушы Тәңірдің жіберген елшісі –

“серке” , аналықтың таңбасы – “көк өгіз”  және “айдаһар”

. Бұндай дүниетанымды зерттеушілер “аңыз” (миф) ретінде

қабылдап келді. Бұл жүйе қытай нұсқаларында ашина, ашидэ деп белгіленген. Онымен қатар байырғы қытай философиясындағы “Инь” мен “Янь” ұғымына ұқсас. Еуропа түсінігінде дуализмге келеді. Еуропа философиясы бойынша болмыс немесе құбылыс, қарама-қайшы бір-біріне бағынбайтын тең құқықты екі нәрседен тұрады. Олар өзара бәсекелестікте, бірін-бірі жоққа шығару арқылы дамуды алға жылжытады. Ал шығыс халықтарында, соның ішінде байырғы түріктер дүниетанымды жоғарыдағы екі ұғым бір-біріне сүйене, демеу болып, бірін-бірі толықтыра, қамастыра дамуды алға сүйрейді.

Түркілер “екі негіздік” дүниетанымды ұстана отырып, түркі әлемінің барлық болмыс-бітімін осы жұптық жүйеге бейімдейді. Түркілердің мемлекет жүйесіндегі төлес пен тардуш (сол және оң қанат); басқару жүйесіндегі явғу мен шад; қоғамдағы иерархия, моралдық нормадағы бод пен ұмай; музыкадағы қос ішек;

әдебиеттегі (поэзиядағы) қос ұйқас (ежелгі түркі өлеңі қос жолдан құрылған); сурет өнеріндегі аталық және аналық символдар; ауыз екі сөйлеу және графика жүйесіндегі дыбыстың вокализмі мен консонантизмі, т.с.с. өмір мен өлім арасындағы болмыс пен құбылысты “екі негізге” оның *амал* мен *білік* жүйесіне негізделгенін көрсетеді. Қысқаша тұжырымдай айтсақ, қажеттіліктен туған табиғи ырғақты жүйеге айналдырады. Қоршаған орта мен табиғи құбылысты жіті бақылаудың нәтижесінде философиялық (дүниетанымдық) жүйе қалыптастырады.

Осы ерекшеліктерді назарда мықтап ұстай отырып, біз байырғы түркі графикасының шартты мәнін (латин графикасымен) ...еуропалық дәстүрмен емес, сол замандағы түрік графикасын жасаушылардың дүниетанымдымен бердік. Бұл байырғы түрік жүйесі. Бұл жүйе олардың графиканы жасаудағы ерекшелігінің құпиясын ашуға да көмектесетін болады.

Мәтінде: “*Kül-tegin qoj jylqa jiti jigirmike uçdy*” (КТ.ІІІ₁₄)= Күлтегін қой жылы [тоғызыншы айдың] 17 жегісі [күні ұшты] десе, Біліге-қаған мәтінде “...*qanym qağan ythyl (734 ж.) onynč aj alty otuzqa [uča] bardy*” (БК.ІІ.11) ...Қаған әкем (Біліге қаған) ит жылы (734 ж.) оныншы айдың 26-ында ұшты” дейді. Мұндай деректерді молдап келтіруге болады. Бұл айғақтар байырғы түріктер түсінігінде адамның тәні Жер – Аңада қалып, *жаны* ұшып кетеді дегеннің дәлеліне саяды.

Осы *жан* БТА-да дүниенің төрт бұрышының-әлемнің (*tyrt buluq*= КТ.І.2.) шығыс, оңтүстік, батыс, солтүстік тұсын меңзеп, төрт (А; о; U; і) таңбамен белгілейді. Әлемнің төрт беті сегіз тарапқа бөлініп сегіз дауыстыны таңбалайды. *Жан* әлемнің төрт бұрышында, сегіз тарабында қонақтайды. Жан Тәңірден жіберіледі. Ерлік адамды о дүниеге әкеткенде, жан ұшып кетеді. *Тән* жерде (көміліп) қалады-мыс. Бұл шығыс халықтарына тән дуалистік дүниетанымның қағидасы. Осы дүниетанымды негізге ала отырап, біз төрт таңбаны сегіз дауысты дыбысты *жан* деп танимыз. Ал дауыссыз дыбыстар – Тән. Тәнге жан – дауысты дыбыстар қан беріп тірілтеді. Бұл түсінікті біз “жандандыру” деп атадық.

Кестеде көрсетілгендей ежелгі дүниетаным бойынша, әлемнің құрылымы, қоғамның дамуы, адамның ара қатынасы бәрі – бәрі “екі негіздік” *амал* мен *біліктен* тұрады-мыс. Немесе *аталық* пен *аналықтан*. Осы жүйе бойынша жуан дауыстымен үндесетін дауыссыздар таңбасын *амалға* (*аталық*), жіңішке да-

уыстылармен үндесетін дауыссыздарды *білік (аналық)* топқа жатқызыдық.

Қ. Сартқожаұлы «Байырғы түрік жазуы: алфавит жүйесі және фонологиясы» докторлық дисс. қолж., 2008.

7-семинар. Көне түркі жазуы бойынша семинар сұрақтары мен тапсырмалар

Жедел сұрақтар:

1. Көне түркі жазуы неше топқа бөлінеді?
2. Көне түркі жазуы туралы ең алғаш хабар бергендер кімдер?
3. Көне түркі жазуының оқылу кілтін тапқан ғалым кім? Қай жылы?
4. Көне түркі мәтіндеріне алғаш транскрипция жасаған ғалымдар?
5. Ескерткіштердің қай тобы соңғы және қай топтағы жазуға реформа жасалған?
6. Әліпбиде неше әріп бар?
7. Әліпбиде дауысты фонеманың неше таңбасы бар?
8. Әліпбиде дауыссыз фонеманың неше таңбасы бар?
9. Көп таңбасы бар фонемалар қайсы?
10. Дауыстылардың графикалық ерекшеліктері қандай болған?
11. Графикада ерін үндестігі мен тіл үндестігінің қайсысы басым?

Пайымдау үшін берілген сұрақтар:

1. **а-ә -е** фонемасын беретін таңбаның сөз басында, сөз ішінде келмеуі және басқа инварианттардың таңбаларына қарағанда жиі түсіріліп отыруы неге байланысты?
2. Сөз соңына қарай **ы-и-і** фонемасының жіңішкеруінің себебі неде?
3. **ө, о** фонемаларының кейінгі буынды еріндікке айналдыра алмауының, ал **ұ, ү** фонемаларынан кейінгі буындарда да **ұ, ү** сәйкесетінін қалай түсіндіруге болады?
4. **Нт, лт, нч** дыбыс тіркесі неліктен бір таңбамен берілген?
5. Көне түркі жазуында **б, ғ, д, й, қ, л, н, р, с, т** 10 дауыссыз фонемаға 20 әріп алынса, неге **з, м, п, ч, ш, ң** 6 дауыссыз фонемаға 6 әріп сәйкес келеді?
6. Көне түркі жазуында **<о>, <ү>** неге бірінші буында ғана таңбаланған?

7. Көне түркі жазуында **<қ>, <к>** фонемаларының таңбасы неге үш-үштен?

8. Көне түркі жазуының шығу тегі туралы қандай пікірлер бар?

1-тапсырма.

Көне түркі әліпбиін пайдаланып, төмендегі сөздерді жазып шығыңыз: *бал-бел, ай-ей, тал-тел, қой-гөй, бас-бес, оқ-ақ, мас-мес, малта- белде, лас-лес, аң-өң, бол-бөл, май-пай, зой-гөй, тар-тер, сой-сүй, сал-сел, раң-рең, пара-қара, ол-ел, алаң-елең.*

2-тапсырма.

Көп нүктенің орнына сол позицияда келуге тиіс фонеманы табыңыз:

Б...рзун, м...на, м...н, үч...н, к...че, ...нығ, белк...м, кәлим...ң, алт...н-алт...н-алт...н, балт...-балт...-балт...-балт...

3-тапсырма.

Көне түркі әліпбиіндегі дара дауыссыздар таңбасын пайдаланып, төмендегі сөздерді жазып шығыңыз: *Заң, заңгерлік, зере, Зеренікі, Зорға зорлықкөрсетушілік, малышы, малшаруашылық, шана, шанамен, жаңа, жаңашылдық, жай, жайлылық.*

4-тапсырма.

Көне түркі әліпбиіндегі дауыссыз үштіктердің таңбасын пайдаланып, төмендегі сөздерді жазып шығыңыз: *Ақ- оқ, кіші- күші, қол- құл, екінді-өкінді, қыз-қаз, өкірді- секірді, ұқ-ық, өкше – екие, оқы- ақы, теке – неке.*

5-тапсырма.

Көне түркі әліпбиіндегі дыбыс тіркесінің таңбасын пайдаланып, төмендегі сөздерді жазып шығыңыз: *келте – кенде, бірінш(ч)і – екінш(ч)і, рубасы – елбасы, мыңбасы – жүзбасы.*

Тест сұрақтары

1. Табылған жазудың түркі халықтарына тиесілі екені анықталған уақыт?

- a) 1893ж, 15 желтоқсан
- b) 1887ж, 26 наурыз

- c) 1730ж, 19 желтоқсан
- d) 1793ж, 30 қараша

2. Мәтінді аударған ғалымдардың қатарын көрсетіңіз?

- a) В.Томсен, В.Виноградов
- b) Ф.Ганиев, А.Габен
- c) Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов
- d) Радлов, Мелиоранский

3. Көне түркі жазуын зерттеген қазақ ғалымдары кімдер?

- a) Б.Кенжебаев, Н.Келімбетов
- b) Х.Сүйіншәлиев, Ғ.Айдаров, Ә.Марғұлан
- c) Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, Ғ.Мұсабаев
- d) Н.Келімбетов, Ә.Марғұлан, Ә.Құрышжанов

4. Ескерткіштердің көнелігі бойынша орналасқан ретінің дұрысын табыңыз?

- a) Орхон, Талас, Енисей
- b) Енисей, Талас, Орхон
- c) Талас, Енисей, Орхон
- d) Орхон, Енисей, Талас

5. А-ә-е фонемасының таңбалану позициясы қандай?

- a) тек сөз басында
- b) сөз ішінде
- c) сөз соңында
- d) барлық позицияда таңбаланады

6. Тек сөз басында және бірінші буында аңбаланған фонема?

- a) а-ә-е
- b) ұ, ү
- c) ы, і
- d) о, ө

7. З, м, п, ч, ш, ң дауыссыз фонемаларының бір таңбамен берілуі неге байланысты?

- a) кірме дыбыстар
- b) жиі қолданылмайтын дыбыстар

- c) кеш пайда болған туынды дыбыстар
- d) тек соңғы позицияда келетін дыбыстар

8. Нт, лт, нч дыбыс тіркесін бір таңбамен берген. Себебі...

- a) еліктеуіштер соңында жиі кездесетін дыбыс тіркестері
- b) үнді-қатаң дыбыс тіркестері
- c) бұл дыбыстарды таңбалаудағы қиындыққа байланысты
- d) идеографиялық жазудың қалдығы

9. Көне түркі жазуындағы үндестік түрі?

- a) ерін үндестігі
- b) тіл үндестігі
- c) ерін және тіл үндестігі
- d) үндестік заңына бағынбайды.

7-дәріс. Араб графикасына негізделген қазақ жазуы: қадим жүйесі¹

Араб графикасына негізделген жазуды қазақ мәдениеті 8ғ. бастап, ұйғыр жазуынан кейін 20ғ. басына дейін қолданды. Бұл жазудың қазақ даласында екі түрі пайдаланылды: қадим және жәдид.

Қадим жүйесінде 35 таңба болды. Бұл классикалық араб әліпбиі негізінде емес, жалпытүркілік әліпби болды. Оның 28-і араб әліпбиіне сәйкес, 4-і парсы (ج (же), گ (ге), چ (че) پ (пе) әліпбиінен, 2-і түркі (ق (не), و (ве), 1-і ауған жазуынан (س (на-мәжһул, е) алынды.

Ал араб тілінің өзінде 34 дыбыс (28 дауыссыз, 6 дауысты) 28 әріппен таңбаланады. Әріптердің 22-сі төрт көріністе (сөз басы, сөз ортасы, сөз аяғы және жекеше түрде), 6-ы екі көріністе жазылады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар жүйесі араб жазуында 3 таңбамен берілді. Ол фонемалардың ашық, қысаң, дифтонг белгілеріне қарап топтастырылды: фатхамен <а>, <ә>, (е), кесрамен <ы>, <і>, <е>; даммамен <о>, <ө>, <ұ>, <ү>.

Бірақ қадим жүйесінің басты ерекшелігіне дауысты

¹ Бұл дәріс мәтіні ф.ғ.к. Г.Мамырбекованың «XVIII-XIX ғғ. араб жазулы қазақ жазбаларының графикалық-орфографиялық ерекшеліктері» атты фил. ғыл. канд.дисс. негізінде (Алматы, 2006) жазылды.

дыбыстардың таңбаланбауы жатады. Мысалы: нече – نچه (нче), йане – يانه (йне), мұнда – مندا (мнда), қырғыз – قرغز (қргз). Бұл араб жазуындағы харакаттардың (қысқа дауыстылардың) жазуда белгіленбеуінен шыққан. Харакаттар дауыссыз дыбыстың астына не үстіне қосымша белгі болып қойылады.

Араб графикасындағы <e> фонемасының ашық-қысандығы айырылмағандықтан екі әріппен де берілді. Сонда <a>, <ə>, <e> фонемалары бір графемаға ұйымдасқанмен төрт түрлі позициялық әріп-вариантта қолданылды.

Г.Мамырбекованың зерттеуі бойынша, дауыстылардың өзіндік таңбаланатын жүйесі болған. Сөз басында <e> фонемасы міндетті түрде /ia/-мен берілген, ал сөз ортасы мен аяғында <a>, <ə>-лермен бірге /ha/арқылы таңбаланған. Біздің ойымызша, мұндағы сөз басындағы <e>-нің дифтонг реңкі жазуда ескерілген. Ал сөз ортасы мен аяғында ашық езуліктердің позициялық реңкі нейтрализацияланып берілген дейміз. Дауысты дыбыстардың бір инвариант таңбасының (харакат) қойылмай кету ерекшелігі жазудың кодтық қасиетін білдірді.

Қазақ жазуында дыбыстық мәні бар әріпке мадда белгісін қойып, дыбыстық мәні жоқ әріпке мадда белгісінің қойылмауы қысқа дауыстылардың харакаттармен, созылыңқы дауыстылардың мадда белгісімен белгілену тәртібіне сәйкес келді.

Араб жазуында мәтін әріп не буын арқылы емес, сөзді тұтас көре отырып, мағынасына қарай дауыстыларды қалпына келтіріп оқитын логикалық әдіске негізделді. Сондықтан алғашқы буындағы дауыстылардың редуциялануы, әсіресе қысқа езуліктердің фонемалық мәнге ие болмағанда таңбаланбауы тұрақты нормаға айналды.

Сөйтіп, дауыстылар жүйесінің графема-фонема қатынасы: 3:9 болып шықты. Жазу бір буынды сөздердің мағынасын ажыратуда қиындық тудырды. Мысалы, *ор, өр, ұр, үр* сияқты түбірлер бірдей жазылды.

Жалпы, араб графикалы жазуда араб жазуының дәстүрін, сипатын сақтаған, яғни араб тілінің графикасы түпнұсқа қалпында жүйесі бөлек қазақ тілінің жазба тілінде пайдаланылды. Сонда бұл жазу өзіндік жүйесі мен деңгейі болған, ауызша тілден өзгеше, оған параллель жатқан жүйе болды.

Н.Уәли айтқандай, халықтық тілден едәуір айырмашылығы бар кітаби тілдің тұрпат межесін белгілеген графикалық жүйе болды.

Ал дауыссыздар жүйесін белгілейтін әріп таңбалары – 20. Мұндағы 3 әріп шеттен енген сөздерді таңбалады: **х, ф, ч**: *хазірет, хабар, хош*.

Г.Мамырбекованың зерттеуі бойынша, <п> фонемасының сөз басында парсылық /пе/-мен, сөз аяғында арабша /ба/-мен сөз ортасында бірде /ба/, бірде /пе/-мен берілу жүйесі қатан. Бұдан сөз аяғы қатаң [п]-мен аяқталмайды дегенді білуге болады. Сондай-ақ <б> фонемасының сөз ортасында /ба/-мен, бірге /ве/-мен де берілуін интервокал позициядағы босаң <б> вариациясын білдіруі деп түсінуге болады.

Жалпы, араб әліпбиінің түпнұсқасында болмаған <п> дыбысының әрпі өзге әліпбиден (парсы) алынса да, толық өз функциясында жұмсала алмаған дейміз.

Араб әліпбиінде <г> фонемасының да таңбасы болмағандықтан кейде орнына **ғ** әрпі пайдаланылған. Сол себепті басқа тілден енген сөздердегі <г>-**к** әрпімен таңбаланып отырған дейді проф. Б.Әбілқасымов: *акроном, дәркеп, емке, крек*.

Ч әрпі өзге графикадан алынғандықтан **ш** графемасынан дифференциацияланбай, екі әріп таңбалары бірінің орнына бірі қолданыла берген, **ч** әрпі қатаңмен іргелес келгенде де, дауысты, үндімен іргелес келгенде де таңбаланған кездері аз емес: *айтчы, елчі*.

Орыс тіліндегі <в> фонемасы 3 түрлі дыбысталуына сай, біресе **у**, біресе **б** таңбасымен (*чинобник, бистафка*), біресе **ф** әрпімен берілді (*Жапанов, Ибанов*).

Араб жазуының емлесіндегі бір ерекшелік ерін үндесімінің басым берілуі, тіпті қосымшаларда да таңбалануы болды: *болұс, мүйіз, тұрғұн, ұзұнлұқ, үстүнен*. Яғни, ерін үндесімі позициялық өзгерісті бейнелеген фонетикалық принциптен де шықты, сонымен бірге оғыз-қарлұқ архаикалық элементінің де дәстүрін сақтады, мысалы: *оқұб, бірақ барұб, келұб*.

Проф. Р.Сыздық Қ. Жалайырдың еңбегінде лабиалды үндесім тұрақты таңбаланбайтынын, ал қосымшалардың еріндік варианты мүлде кездеспейтінін айтады. Бұл тенденцияны орта түркі шағатай тілінің орфографиялық нормасынан қазақ тілінің өз емле нормасы бөлініп шыға бастағаны деп түсіндіруге болады.

Қосымшалардың түбірге үйлесімсіз бірыңғай ұяң вариантпен жазылуын Г.Мамырбекова инвариант-вариант принципі бойынша ұяң нұсқасы инвариант болып табылған да, ауызша тілде үйлесім варианттарымен дыбысталғаны деп көрсетеді.

Жалпы, мұнда қосымшалардың мазмұн межесі (мысалы, көптік жалғауының қазақ сөйлеу тілінде 9 варианты бар) бір тұрпат межесіне сай келген қосымшаның таңбалық сипатын көруге болады: 9 <лар, лер, лөр, дар, дер, дөр, тар, тер, төр> / 1<лар>.

Сөз болып отырған жазу емлесі морфологиялық ұстанымға негізделді. Дегенмен, ерін үндестігінің позициялық түрленімінің таңбалануы, *орнына, халқыңыз, көңлүме* сияқты сөздерде қысаң езуліктердің айтылуы бойынша түсіріліп жазылуы, интервокал позициядағы <к> фонемасының /х/ әрпімен (*йахшы, йарылханыб, ахыры, ахшар*) берілуі, /к/, /ғ/ әріптерінің жуан дауыстылармен іргелес жазылуы араб жазу дәстүрінен қазақ тілінің өзіне тән жазу жүйесі түзіліп келе жатқанынан хабар берді.

Бұл кездегі емле дәстүрі, негізінен, мыналар дейді Г. Мамырбекова:

1. Араб, парсы тілдерінен енген сөздер сол тілдердегі негізгі тұлғаларын сақтап қолданылған.

2. **ж** әрпі орнына **и** таңбасы, **с** әрпі орнына **ш** таңбасы жазылып кеткен.

3. Түбірдің соңы қандай дыбыс болса да қосымша ұяңнан не үндіден басталған.

4. Дауысты дыбыстардың алдынан үнсіз алиф пен дыбыстық мәні бар мадалы алиф жүйелі түрде жазылған.

VIII-XIX ғғ. қадим жүйесімен жазылған қазақ қолжазбалары²

1) 1732 жылғы Әбілхайыр ханның патша атына Таукелев арқылы жазған хаты;

2) Әбілхайыр ханның Ресей патшасы Елизаветаға 1742 жылы жолдаған хабарламасы;

3) Абылай сұлтанның Сібір губернаторы Сухаревқа 1745 жылы жазған хаты;

4) 1748 жылғы кіші және орта жүз старшиналарының патша атына Нұралыны хан қылып бекіту жайында жазған өтініші;

5) Тіленші Бөкенбай ұлының 1783 жылы Шерғазы сұлтанға жолдаған хаты;

² Бұл мәліметтер Г.Мамырбекованың жоғарыда аталған зерттеу еңбегінде көрсетілген.

6) Кіші жүз старшиналары мен ақсақалдарының 1785 жылы II Екатеринаға жазған хаты;

7) Нұралы ханның 1785 жылы Игельстромға жазған хаты;

8) 1785 жылғы кіші жүз ақсақалдарының Әбілхайыр балаларын хандықтан аластауын сұрап II Екатеринаға жазған хаты;

9) Ералы сұлтанның Нұралы хан мен Айшуақ сұлтанды тұтқыннан босатуын сұрап полковник Д.А.Гранкинге 1787 жылғы 4 тамызда жазған өтініші;

10) Қара Көбек би мен Шұбар бидің Орал казак әскерінің атаманы Д.Дансков пен Сібір және Уфа өлкесінің губернаторы А.А.Пеутлинді орнынан алуын сұрап А.А.Безбородкоға 1790 жылы жазған хаты;

11) Сырым Датовтың 1790 жылы II Екатеринаға жолдаған хаты;

12) Тіленші Бөкенбайұлының Айшуақ сұлтанның Орал казак әскерімен бірігіп қазақтарды тонағаны туралы Шерғазы сұлтан Қайыпұлына 1793 жылы жазған хабарламасы;

13) Кіші жүз сұлтандарының 1794 жылы II Екатеринаға жазған өтініші;

14) Айшуақ сұлтанның ішкі істер министрі В.П.Кочубейге 1803 жылы жазған хаты;

15) Кіші жүз сұлтандары мен старшиналарының 1803 жылы қабылдаған антты;

16) 1808 жылғы Қаратай ханның Орынбор шекара комиссиясына жолдаған хаты;

17) Айшуақ ханның император I Александрға Жантөре ханның өлгенін мәлімдеп Шерғазы Айшуақұлын хан тағайындауын өтініп 1809 жылы қарашада жазған хаты;

18) Бөкей ордасы сұлтандарының Шөке сұлтанға Бөкей ханның өз ұлы Жәңгір сұлтанды тақ мұрагері деп өсиет еткендігін мәлімдеген 1815 жылғы 25 маусымда жазған хаты.

19) Шерғазы ханның К.В.Нессельродке Бөкей Ордасы сұлтандарының Орал маңындағы далаға көшуіне рұқсат сұрап 1821 жылы 5 тамызда жазған хаты;

20) Орта және кіші жүз сұлтандарының Шерғазы ханның орнына Арынғазы сұлтанды хан қоюын сұрап губернатор П.К.Эссенге 1817 жылғы 6 тамызда жазған өтініші;

21) Шерғазы ханның сыртқы істер министрлігіне губернатор П.К.Эссен мен шекара комиссиясының төрағасы Г.М.Веселицконың үстінен жазған 1819 жылғы қыркүйектегі арыз-шағымы;

22) Шерғазы ханның император I Александрға Арынғазы сұлтанның өзіне жасаған шабуылы туралы 1820 жылы қаңтарда жазған хабарламасы;

23) Арынғазы сұлтанды Ордаға жіберуін өтініп билер мен сұлтандардың 1822 жылы I Александрға жазған өтініші;

24) Шерғазы сұлтанның К.В.Нессельродке Арынғазы сұлтан мен Қара Жігіт молданы Петербордағы қамаудан шығаруын сұрап жазған 1822 жылғы қазандағы өтініші;

25) Байұлы руының атаман Д.М.Бородинге қазақ арасындағы дау-дамайдың Арынғазы сұлтанның Ресейде тұтқындалуынан кейін бірден өршіп кеткенін жазған 1822 жылғы мәлімдемесі;

26) 1822 жылғы 24 желтоқсанда жазылған Жоламан Тіленші және би, старшина, батырлардың Орынбор әскери губернаторы П.К.Эссенге Арынғазы сұлтанды босатуын және Елек пен Орал өзені аралығындағы жерді қазақтарға қайтаруын сұрап жазған өтініші;

27) Кіші жүз сұлтандарының губернатор П.К.Эссенге Орал бойындағы қазақтарға Жәңгірді хан сайлуын сұрап 1824 жылғы 3 қаңтарда жазған өтініші;

28) Қаратай ханның губернатор П.К.Эссенге 1825 жылғы 22 қазандағы мәлімдемесі;

29) Әбілхайыр ханның патша атына 1832 жылы Таукелев арқылы жолдаған хаты;

30) Қарабай ұлының 1835 жылы генерал Минске жолдаған арызы;

31) Махамбет Өтемісұлының 1839 жылы Хиуадан жолдаған хаты;

32) Сұлтан Т.Саматовтың 1845 жылы Н.И.Ильминскийге жазған хаты;

33) 1852 жылғы Орынбор шекара комиссиясының жергілікті әкімшілік орындарына жолдаған нұсқауы;

34) Тілмаш Ш.Көшербаевтың 1859 жылғы Н.И.Ильминскийге жазған хаты;

35) Н.И.Ильминскийдің 1859 жылы Самрекеге жазған хаты;

36) Шыңғыс Уалихановтың 1860 жылы Шоқанға жазған хаты;

37) Шоқанның 1860 жылы әкесіне жазған хаты;

38) Ы.Алтынсариннің 1883 жылы Б.Кейкинге жолдаған хаты;

39) Абайдың қатысуымен 1885 жылы Қарамолада жасалған ережелер;

40) Генерал Таубенің 1890 жылғы бұйрығы.

Пысықтау сұрақтары:

1) Араб графикасына негізделген қазақ жазуында дауыстылар қандай таңбамен белгіленген?

2) Дауыстылар қандай белгілері бойынша топтастырылған?

3) Әліпби құрамы қандай болды?

4) Қадим жазуының басты ерекшелігі неде?

1-тапсырма.

Төмендегі қадим жазуымен жазылған сөздерді қазіргі жазуға түсіріңіз.

يکى, يسيك, ديكان, كيروان, بزداركه, ديوليتندان, نيرسه, كونالى, بارى, آرتورلى,
. تويهكه, جنه, كورپه, يکين

2-тапсырма.

Төмендегі араб жазуымен басылған мәтіннің графика-орфографиялық ерекшеліктерін көрсетіңіз.

قراباى صارباى مين اننگا چقان
ايكاوننگ داورى دانگقه چقان
ايكى باى قوسلغان صونك كيله ياتسه
الدوندان بوواز مارال ثورا قاچقان
Қарабай Сарыбай мен аңға шыққан
Екеуінің дәуірі даңқа шыққан
Екі бай қосылған соң келе йатса
Алдұндан бұуаз марал тұра қачқан.

8-семинар. Араб графикасына негізделген қазақ жазуы: жәдид жүйесі³

Араб жазуының қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес келе бастаған, демократияланған түрі – **жәдид** деп аталады. Бұл жазу реформасы Нобель сыйлығының иегері, Қырым татары И.Гаспыралының жаңа әдісті мектебі – усул жадидпен байланысты.

Жадид жазу үлгісінің басты ерекшелігіне

- дауысты дыбыстардың қаракаттар арқылы емес, таңба арқылы беріліп, жазуда хатқа түсіп отыруын,

- араб және парсы сөздерінің тілімізге икемделіп өзгеріске ұшыраған түрінің таңбалануын,

- **ң** дыбысының қадим жазуындағыдай сегіз түрлі таңбалар арқылы емес, екі түрлі таңбамен берілуін,

- араб әліпбиіндегі басы артық таңбалардың қолданылмауын айтуға болады, мысалы, қазақ сөздерін таңбалауда араб әліпби жүйесіндегі мына таңбалар қолданылмаған деуге болады: ظ, ث, ض, ذ. Осы айталғандардан қадим жазуының біртіндеп жүйелене түсіп жадид кезеңіне өткенін көруге болады.

«Түркістан уалаяты» газетінде дауыстылардың қаракат арқылы беріліп, жазуда таңбаланбауы сирек ұшырасады. Бұл үрдіс «Дала уалаяты» газетінде біртіндеп жүйелене түседі де, араб жазуымен басылып шыққан кітаптарда дауысты дыбыстар жүйелі түрде жазуда таңбаланып отырады.

«Түркістан уалаяты» газетінде қаракаттар белгіленбеген, бірақ жазылмаса да олар дауысты дыбыстың мәнін береді. Дегенмен қаракаттары қойылған сөздерді аз да болса кездестіруге болады: дамма арқылы берілген сөздер: құл және күң – كُنْكَ (1874, №6), күтүб – كُتُوب , құшақтасыб – فُشَاقْتَاَسَب , құрметтеб – قُورْمَتْتِيَب (1874, №10), тұхым – نُحْم , құдай – حُدَا (1874, №16), құл – قُل (1977, №30). Фатха арқылы белгіленген сөздер: бағасы – بَاغَاَسِي (1875, №1), ақраб – اَقْرَب (1874, №24).

Кесра, яғни қысқа **и** арқылы беріліп, жазуда таңбаланған сөздер кездеспейді. Ал даммалы алиф арқылы беріліп қаракаты таңбаланған үйнуң – اِيْنُونْكَ (1874, №16) деген сөзді кездестірдік. Сөз басында келетін **ы, і** дауысты дыбыстары жүйелі түрде кездеспейді.

3 Семинарға оқу үшін берілген бұл мәтін Г.Мамырбекованың «XVIII-XIX ғғ. араб жазулы қазақ жазбаларының графикалық-орфографиялық ерекшеліктері» атты зерттеуінен (Алматы, 2006) алынды.

сралы алиф арқылы таңбаланған, яғни иа таңбасы арқылы жазу кездеспейді.

Сөз ішінде бір дауыссыз дыбыс қосарланып келсе, біреуі ғана жазылып үстіне «ташдид» белгісі қойылады. «Ташдид» белгісі қойылған сөздер өте сирек ұшырасады. Ташдид арқылы берілген сөздердің көбі араб тілінен енген сөздер: *амма* – اَمَّا (1876, №1; 1879, №14), *ауал* – اَوَّل (1876, №9; 1879, №8), *маддат* – مَدَدَات (1879, №27), *алла* – اَللَّه (1882, №1), *руссия* – رُوْسِيَه , *қазақия* – قَزَايِي (1876, №2).

Араб тілінде екі алиф қатар келсе біреуі ғана жазылып үстіне мадда белгісі қойылады. Ал газетте дыбыстық мәні бар алифтің үстіне ғана мадда белгісі қойылып отырған. Маддалы алифпен сөз басындағы **а, ә** дауыстылары таңбаланған: *алыб* – اَلْب , *әкел* – اَكِيَل . Дыбыстық мәні жоқ алифке мадда белгісін қою газеттерде мүлде кездеспейді. Бұл ерекшеліктің қадим жазу жүйесінде толықтай сақталғанын ескерсек, жадид жазу кезеңінде де жалғасын тапқанын көреміз.

Қаракаттар дауысты дыбыстарды беруде сирек ұшырасады. **О, ө** дыбыстары қаракатпен емес, тек таңба арқылы жазуда қойылып отырғанын байқаймыз. Бұл жадид жазуының негізгі ерекшеліктерінің бірі, яғни бір дыбысқа бір таңба. Бұл үрдіс араб жазуымен басылып шыққан кітаптарда жүйелене түсіп, басым сипат ала бастайды.

... Газеттерде *өнер, баға, ауа* сөздерінің парсылық тұлғасын бұзбай таңбалау басым болып келеді. Мысалы, *өнер/һөнер, баға/баһа ауа/хауа*.

Газеттердің ең басты ерекшелігі қысаң дауыстылар ы мен і-нің жазуда таңбаланбауы. Сонда газеттерде еріндік дауыстылар о, ұ, ұ, ү дыбыстары жүйелі түрде жазуда белгіленіп отырса, ал ы, і қысандары таңбаланбаған. *Баслұб, бітүбді* деген аздаған сөздердің еріндікпен таңбаланғаны болмаса, басым көпшілігінің жазуда белгіленбегенін көреміз. Мысалы, *барб (барын), келб (келін), қарздары (қарыздары), қлб (қылып)*. Ал жазбаларда сөздің соңғы буынындағы ы, і қысандары еріндік ұ, ү әріптерімен көп жағдайда таңбаланып отырған.

... Жадид жазуымен басылып шыққан кітаптардың таңбалану ерекшеліктері:

1. Дауысты дыбыстар қаракаттар арқылы емес, таңба арқылы беріліп, жазуда хатқа түсіп отырған, араб әліпбиіндегі 28 әріп таңбаларының барлығы дерлік (бір мәтін ішінде) қазақ сөздерін

таңбалауда қолданылмаған, жуан **сад** (ص) және жуан **та** (ط) әріптері тек жуан дауысты сөздерде ғана таңбаланған.

2. Әр баспаның өзіне тән жазу жүйесі болған. Мысалы, бір баспада көбінесе **че** (چ) қолданылса, екіншісінде керісінше, **шин** (ش) таңбаланады. Кей баспада қысаңдар еріндікпен таңбаланса, кейбірінде керісінше жүйелі түрде жазуда таңбаланбай отырған (соңғысы жиі кездеседі).

3. Қадим жазу дәстүрі бойынша дауысты дыбыстардың алдынан қойылатын үнсіз алиф пен дыбыстық мәні бар маддалы алиф жүйелі түрде сақталып отырады. Бұл араб жазуымен шыққан барлық кітаптарға тән белгі.

4. Араб-парсы сөздері жазуда түп тұлғасын сақтаумен қатар қазақ тілінде икемделген фонетикалық нұсқасы арқылы да беріле бастаған.

5. г және ң дыбыстарының таңбасы араб әліпбиінде жоқ болғандықтан да болар, көбінесе ң дыбысы жүйелі түрде түркілік **ңе** арқылы, г дыбысы жүйелі түрде парсының **ге** таңбалары арқылы беріліп отырған

6. Түркілік **ве** таңбасы жүйелі түрде у дыбысын таңбалаған.

1-тапсырма

Төмендегі сөздерді қадим және жәдид жазу үлгісімен таңбалаңыз: *дәрігер, хазірет, мүйіз, болыс, халық, көңіл, барып.*

2-тапсырма

Төмендегі әріптердің, сөздің басында, ортасында, соңында жазылуын көрсетіңіз: «нун», «һә», «бә», «тә», «шин», «фә», «тә».

3-тапсырма

Берілген мәтінді қазіргі жазуға кодтаңыз:

كەلشەس ۋكى مەتەننىڭ كەزىنىدە دىنى زىياندى شىعارمالار دەپ تانىلعان سۆلەيمەن باقىرعانى مۇرالارین اۆدارقۇ ماسەلەسىنە

قازاقستان رەسپۇبلىكاسى تالۋەلسىزدىگىن العان 90 – جىلداردان باستاپ كۆڭل بۆلۈنە باستادى.

4-тапсырма

Араб тілінен игеріліп жазылудың фонетикалық себептерін көрсетіңіз:

(таби'ат)табиғат, (та'ам) тағам, (ашиқ) ашық, (ақил) ақыл, (алим) алым, (ибрат) гибрат, (ажә'иб) ажайып, (ажәб) ажап, (арш) арыш, (урф) ұрпы, (далал) залал, (талаб) талап, (азаб) азап, (ғайрат) қайрат, (фасиқ) пасық, (фа'л) бал, (фатуа) пәтуа, (фида) пидә, (фирасат) парасат, (фуқара) бұқара, (қанд) қант,

(заһир) зайыр, (мактаб) мектеп, (мактуб) мәктүп, (иатим) жетім, (иасир) жесір,

Тест сұрақтары:

1) Араб графикасына негізделген қазақ жазуының қадим жүйесінде қанша таңба болды?

- a) 28
- b) 34
- c) 42
- d) 33

2) Қадим жүйесінде араб әліпбиіне сәйкес қанша таңба бар?

- a) 34
- b) 15
- c) 28
- d) 42

3) Араб жазуының емлесінде қандай үндесім басым?

- a) Ерін үндесімі
- b) Тіл үндесімі
- c) Лабиалды үндесім
- d) интервокал

4) «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» тәрізді алғашқы қазақ газеттерінде қолданылған жазу үлгісі қандай?

- a) Қадим
- b) Мысыр диалекті
- c) Латын
- d) Жәдид

5) XVIII-XIX ғ.ғ. араб жазу ескерткіштердің әліпбиі мен орфографиясына арнайы зерттеу жүргізіп, диссертация жазған зерттеуші?

- a) Қ. Күдерина
- b) Р. Сыздық
- c) Г. Мамырбекова
- d) Қ. Жалайыр

6) Араб графикасына негізделген қазақ жазуының дауыстылар жүйесінің графема-фонема қатынасы қандай болған?

- a) 3:9
- b) 4:8
- c) 2:4
- d) 5:5

7) Қадим жазуында дауысты дыбыстар қалай берілді?

- a) Таңба арқылы
- b) Харакаттар арқылы
- c) Сукундар арқылы
- d) Ташдиттер арқылы

8) Сөз басында «е» фонемасы міндетті түрде қандай таңба арқылы берілген?

- a) /yaу/
- b) /he/
- c) /ии/
- d) /иа/

9) Интервокал позициядағы «к» фонемасы қандай әріппен берілген?

- a) «h»
- b) «к»
- c) «x»
- d) «ф»

10) Араб жазуын оқу қандай әдіске негізделген?

- a) Логикалық
- b) Синтетикалық
- c) Лексикологиялық
- d) Грамматикалық

9-дәріс. Орыс графикасына негізделген қазақ әліпбилері

Араб графикасының қазақ тілінің дыбыстық жүйесін берудегі қолайсыздығы, омографтардың көбейіп кетуінен мәтін мағынасын түсіну кейде қиын болды. 19 ғ. аяғында Ресей үкіметі саясатының есебінен орыс жазуына көшу бағыты шыға бастады. 1876 жылы қазақ жазуын орыс графикасына көшіру туралы мәселе ресми түрде қолға алынды. Алғашқы әліпбилер жасала бастады.

Орыс графикасына негізделген ең алғашқы қазақ әліпбиі жобасын **Н.И.Ильминский** жасады. Н.И. Ильминский әліпбиіндегі қазақ тілінің өзіне тән дыбыс дауыстылардың таңбалары мынадай болды: **ә – <э>, ө – <ө>, у – <ү>, і – <і>, ы – <ы>, н – <ң>, к – <қ>, г – <ғ>**. Орыс әліпбиіндегі **е, в, и, ф, ц, х, ч, щ, ь, ь, э, ю, я** таңбаларын (қазақ тілі дыбыстық құрамына тән емес дыбыс таңбаларын) қолданбады. Н.И.Ильминскийдің бұл жазуына кезінде В.В.Григорьев тарапынан арнайы сын айтылған еді. Онда В.В.Григорьев араб жазуы сіз ойлағандай қазақ жазуына келмейді емес дейді: “Но справедливость прежде всего, даже и в отношении к арабской азбуке: зачем обижать ее, а вы, я нахожу, обидели ее, унизив паче меры”. Ғалым басқа әліпбиді алған соң оны не өзгеріссіз қабылдау керек, не сол әліпби таңбаларының шегінде ғана пайдалану керек деген.

В.В.Григорьев қазақ тілінің консонантизм жүйесіне араб графикасының 19 әрпі жеткен еді, ал сөз болып отырған әліпбиде 3 әріпті (**к, ғ, н**) қолдан жасайды, 2 әріпті (**w, j**) латыннан алады дейді. “Находите вы еще в киргизском языке особое тонкое **а** которое изображаете через **ә**. Я полагаю что ваше **а** по тождественности своей с тонким глухим **е**, может быть безо всякого неудобство изображаемо буквою **э**” деп пікір түйеді. Автор **к** әрпімен **<қ>, <к>** фонемаларын, **г** әрпімен **<ғ>, <h>, <г>** фонемаларын белгілеу керек, себебі бұлармен іргелес келген дауысты таңбасы жуан-жіңішке оқылуын айырып тұрады, *жуген, кереге, қаймақ, қол* сөздерін басқаша оқу мүмкін емес деді. **ң** фонемасын **нг** немесе **н** деп бергенді дұрыс көреді және **й** әрпі тұрғанда латыннан **j** таңбасын алып қажеті жоқ екенін, сондай-ақ **[иа]** тіркесін **я, [йе]-е, [иы]-йы, [йі] (ий), [йо]-йо** деп беруді, сөйтіп **я, ю, ь** әріптерін орыс сөздерін оқығанда оңай болу үшін, және әріп үнемдеу үшін қалдыруды ұсынады. Автор **<е>** дыбысын негізгі реңкі **[je]** деп табады.

Оқымысты тарапынан осындай сынға ұшырағанмен Н.Ильминскийдің орыс графикасымен берген қазақ әліпбиінің қазақ тілі дыбыстар жүйесін белгілеуде бірнеше артықшылығы бар. Ғалым түзген графикада **е** графемасы сөз басындағы дифтонг реңкін [je], жіңішке [й] дыбысын және жуан [e]-ні таңбалайды. Және I-буындағы еріндіктен кейін [ө]-ні білдіреді: [түсүр]. Н.Ильминский ә әрпі (д) тек араб, парсы және *Бәке, әтеке* сияқты төл сөздерде қолданылатынын айта келіп, тілде жіңішкеру бағытының күшейгенін ескертеді. Ғалым <a>, <o>, <ү>- дан кейін <ә>, <е>, <і> келсе, алдыңғылары веллярланады дейді: [сүжерде], [сүідеіді], [бүйтіді]. Сондай-ақ <й> дыбысының да сөзді жіңішкеретін қасиетін көрсетеді: *бәјум, біідаі, бәйда, оілddy, баілік*.

Сонда автор әліпбиіндегі дауыстылардың әріп-дыбыс қатынасы төмендегідей:

а [a] [ә],
е [э] *бер*, [й] *неге*, [ө] *төсек*, [je] *егер*;
о [o], [yo], [ө] *сойдеді*;
ы [ы], [і];
у [ү], [ү];
а[ә],
і[і],
ө[ө].

Ал дауыссыздар таңбасы мынадай болды: **п, б, м, w (у), т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, j (й), қ (қ), г (г), к, г, нь (ң)**. Н.И. Ильминский <қ>, <ғ> дауыссызы басқа дауыссыздарға қарағанда ерекшеленетіндіктен жеке-жеке әріп арнадық дейді, сондай-ақ <ж>, <ш> фонемалары жіңішке тілалды ғана болып айтылатынын ескертеді.

Сонымен бірге ғалым жазба тілде мынадай морфонологиялық алмасулардың таңбаланатынын көрсетеді: <б>-<у> (*табыб-тауыб*), <м>-<н> (*Махамбет, Үмбет*), <н>-<д> (*кімді*), <д>-<н> және 0 (*кімнен; мен(д)ен-менен*). Ал сөз басындағы **л, р** әріптерінің алдына әнтек естілсе де **ы, і** қысаңдарын жазу дұрыстығын оларға күшейткіш буын *лап-лас, рап-рас* деп емес, *ып-рас, ып-лас* болып жалғанатынына негіздейді.

В.В.Радлов та өзінің 1870ж. жарық көрген “Образцы народной литературы тюркских племен Южной Сибири и Джунгарии” деген хрестоматиялық материалдарын орыс графикасымен жазғаны мәлім. Мұнда байқалатын өзгешелік **[и]** дыбысы бірде

і, бірде **j** белгісімен, <ғ>-**ны қ** таңбасымен, [дж] дыбыс тіркесін – **п** әрпімен және <л> фонемасын латын графикасындағы **I**-мен берілуі болып табылады.

Б.Әбілқасымов архив деректері Н.И.Ильминский мен В.В.Радловтың қазақ тіліне икемдеп жасаған әліпбилері Ресей университеті оқымыстылары тарапынан қолдау көрмегенін, орыс алфавиті өзгертусіз қолдануы керек деген ұсыныстар басым болғанын көрсетті дейді. Оған мына дәлелдер келтірілген дейді автор: 1) тілдің барлық оттенкісін бере алатын дүние жүзінде бір де бір жетілген алфавит жоқ, бірақ одан тілге келген қиындық байқалмайды; 2) араб әліппесі түркі халықтарының дыбыстық құрылысына үйлеспесе де, осы алфавитпен олар осы кезге дейін пайдаланып келді; 3) еуропа тілдері үшін пайдалануға толық икемді орыс әліппесі араб алфавитіне қарағанда, осы күйінде де қазақ тіліне әбден жарайды.

Бірақ В.В.Радловтың Қазан университеті жанындағы археология, тарих этнография қоғамының мәжілісінде жасаған баяндамасынан кейін орыс алфавитін сол қалпында түркі жұртының жазуына қолдануға болмайды деген пікір қалыптасқанын көреміз.

Ы.Алтынсаринның “Қырғыз хрестоматиясының” 2-басылымында орыс алфавитінің және латын графикасының мынадай таңбалары пайдаланылған: **д <ә>, я <ү>, п <ө>, н <н>, к <к>, у <ү>, и <і> және (й), й <й>, г <ғ>, і <і>, у <үү>, уу <үү>**. Мұндағы **г-<ғ>, <г>, к-<к>, <к>** таңбалары төрт дыбысты берсе, керісінше <і> фонемасы **і** және **и** екі графемасымен де белгіленді (*кййиз, тййме, адилдик*), кейде **и** <е>ні де берді. **У әрпі** [үү] қосарын таңбаласа да (*тоқу, саусқан, шоқу*), **уу** тіркесі де пайдаланылды (*ашуума*). Сондай-ақ [e]-мен қатар келген [w] **я** –мен <ү> белгіленді (*бесеям, бірея*). Сонда Ы.Алтынсарин әліпбиінде <і>-<й>, <у>-<ү> фонемалары жеткілікті дифференциацияланып, графикалана алмағанын көреміз. Хрестоматияда ерін үндестігі жүйелі таңбаланып отырады: *болду, оку, окуулук, тоқу, кяннцн-кянцн, дянийц, қцңялгц, цңцр, бәйрцгямц, яйдцгүмц*. I-буындағы екі ашық езулік буын арасында қысаң езуліктер жүйелі түсіріліп отырады: *тлек, кобланды, данишпан, ыклас, мнау, домбра, пскенде, брак, бреу, киі, кі; сөз аяғында б* қолданылады: *талаб, көб*.

Соңғы орфографиялық ерекшеліктерге қатысты ДУГ-нде қысаңдарды түсірмеу, **үү, йй** орнына бір таңба жазу ұсынылады (ДУГ. 1899. №22, 23). Сөзді жіңішкерту үшін кей жерде **ь** таңбасы да жазылған (*ел-эль*).

“Б.Алтынсариннің шәкірті А.Балғымбаевтың естеліктеріне карағанда, ресми түрде орыстан өзге халықтар жазуын орыс графикасына көшіру туралы заң (положения) 1906 жылы 31 мартта шыққан тәрізді. Соның өзінде оған қарсы шығушылардың пікірінен қорыққан орыс әкімшілік орындары осы мәселеге арнап, 1910 жылы июньде Петербургта әдейі кеңес шақырады. Жергілікті халықтан уәкілдер қатысқан бұл кеңесте жоғарыдағы Положенияның көп жеріне өзгерістер енгізіліп, орыс жазуы тек ресми документтер мен оқулық кітаптарға ғана қолданылатын болсын деген шешімге келеді” дейді проф. Б.Әбілқасымов. Революцияға дейін жарық көрген қазақ тілі сөздіктерінің графикасы мен емлесін зерттеген проф.М.Малбақов 1912ж. “Орысша-қазақша сөздік”, 1917ж. Т.Бокиннің “Қазақша-орысша сөздігі”, Клапорт сөздігінде, Е.Бокиннің “Орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігінде” орыс графикасының әліпбиі мен емлесі сақталып жазылғанын айтады.

Пысықтау сұрақтары:

1. Орыс графикасы бойынша әліпби жасаудың қандай қажеттіліктері болды?
2. Орыс әліпбиі негізінде алғашқы әліпби жобаларының авторлары кім?
3. Әліпбилердің өзара айырмашылықтары қандай болды және уәжді жоба деп қайсысын ұсынуға болады?

9-семинар. Ұлттық әліпби жасаудың алғышарттары мен маңызы

Жәдид жүйесінен басталған реформа одан ары жалғаса берді. А.Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап араб жазуын қазақ тіліне ыңғайластырып, жақындатуды қолға алды. А.Байтұрсынұлы: «Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолмен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын» деді. Сол кездегі оқыту процесін: «әуелі әліфті тегіс жатқа оқытады және де оқытқанда әрбір харіфтің өз үнімен оқытпай, әліфбиде қалай аталса, сол атымен әліп, би, ти, си, мим, ха, дал дегізіп оқытады. Соны оқып болған соң астын, үстін, үтірін оқытады. Мұны оқытқанда да харіфтің өз дауысын оқытпай ... бисын ба, тисын та, сисын са дегізген соң харфтің анық дауысы қалай екенін білмей баланың басы қатады» деп сынады.

Сондықтан ел арасына тарай бастаған жаңа оқу жәдид жүйесін одан ары жетілдіруді ойлады: «Усул жәдид, яғни төте оқу жолы бар екенін білеміз, бірақ сол жол қазақ арасына аз тараған соң, біздің мақсатымыз да сол оқуды қазақ арасына көбірек жаю. Усул жадит жолын сіз 28 әріп оқыту мағынасында ұқсаңыз, оныңыз қате – усул жадид – жаңа жол. Бір екі белгі алып қосқаннан усул жадит жолынан шықпаспыз» деді.

Сөйтіп, 1912 жылдардан бастап А.Байтұрсынұлы оқулықтары, «Қазақ» газеті (1913-1919жж.) осы әліпбимен жазылып, ел арасына тез тарай бастады. Тек әліпби ресми түрде 1924 жылы ғана қабылданды.

А.Байтұрсынұлы әліпбиінің тез, әрі жылы қабылданғанының бір себебі араб графикасының тегі сақталуы, тіл үндесімін дәйекше арқылы көрсетуі болды.

А.Байтұрсынұлының әліпби жасаудағы еңбегі мен оның маңызын орыс ғалымдары мен түркітанушылар және әрине қазақ оқыған зиялылары жоғары бағалады. Мысалы, **Е.Д.Поливанов** «Новая казак-киргизская (Байтурсиновская) орфография» деген мақаласында былай дейді: «Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика в 1924 году я во всяком случае считаю уже не нуждающейся в поправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным могут гордиться киргизские деятели просвещение-создатели реформы, как крупным культурным завоеваниям» деген.

Т.Шонанов Байтұрсын әліпбиінің маңызын былай сипаттады: «Болашақ ұрпақты молдалардың дүмше дым білместігінен, миссионерлердің жаңашылдығынан құтқару үшін Ахаң жалғыз күресті. Оның жаңа қазақ алфавитін жасауы іс жүзіндегі ішкі және сыртқы жаулармен күресінің көрінісі болатын, біздің тіліміздегі барлық дыбыстарды сақтай отырып, дыбыс үндестігінің заңдылықтары бойынша жаңа әріптер белгілеп, ана тілінің синтаксисі мен этимологиясын жасап шықты. Ол қазақ тілінде қолданылмайтын мүлдем қажетсіз 12 араб әрпін әліппеден алып тастады. Бұл жазу емлесіндегі көптеген қиыншылықтарды жойды. Сондықтан да Ахметтің жаңа алфавиті мен жаңа әліппесі біздің мәдени өркендеуімізге зор пайдасын тигізетін құбылыс еді. Жаңа алфавит тілдің таза сақталуына мүмкіндік туғызды. Жаңа алфавит әлемді мәдениетпен арласа түсу жолын жеңілдетте түсті».

М.Дулатов: «Араб әріптерінің өзгеріп отырғаны рас. Бірақ қалай өзгертілген әңгіме сонда болу керек қой. Араб әріптерінің 14 ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа жат болу керек қой. Ойдан шығарылған әріптерді жұртқа үйретіп, оқытып жату керек еді ғой. Ондай нәрсе болды ма? Болған жоқ, ендеше бұны өзгертушінің шеберлігі деп біліңдер. Бұларды өзгерткенде әр әріптің бұрынғы тұлғасын жоймай, өзгерткенін сездірмей, хат танитын адам бөгелместен оқып кетерлік қылып өзгерткен... .. Бұл емлені тосырқап түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ емлесін» мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ» нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық қана қызмет, иншалла мұнан кейін артпаса кемімес деген үміт зор» деді.

Қ.Жұбанов: «... Бұл жүйе қазақ тілінің ерекшелігіне әбден лайықты (тегінде жалғыз қазаққа ғана тән деп қарауға болмайды), қазіргі алған жаңа әліпбиімізге де өте қолайлы, өйткені араб жазуын таңбалау табиғатына мұның еш қатысы жоқ және дәл сондай-ақ алфавит біткенге бірдей үйлесімді» деген болатын.

Ал проф. А.Байтұрсынұлы әліпбиінің басқа да ғалымдардың еңбегіне арқау болғанын алғаш дәлелдеген ғалым **М.Жүсіпұлы:** «А.Байтұрсынұлы жасаған сингарфмоалфавит пен сингармоорфографияның принциптерін 30-40 жылдан соң АҚШ-тың ғұлама ғалымы Р.О.Якобсон ұсынған орфография принциптерімен салыстырып, А.А.Реформатскийдің қазақ жазуының жобасының ұтымды екендігін сүйіспеншілікпен айтқанын келтіреді: «Жазуда әріптердің жуан я жіңішке екендігін таңбалайтын Р.О.Якобсон ұсынған графикалық әдіс, ғылыми маңызы биік қазақ орфографиясының талантты жобасына өте ұқсайды. Қазақ тілінің орфографиясының жобасында сөздің жуан, жіңішкелігін белгілейтін таңба (дәйекші) сөздің құрамындағы әріптермен бірге емес, сөздің «сыртында» тұрады. Р.О.Якобсон жасаған ұсыныс та дәл осы әдістің өзі. Бірақ бұл жағдайда қосымша таңба сөздің «сыртында» емес, сөздің «ішінде» дауыссыз әріптермен бірге жазылып, сөздің жуан я жіңішке екендігін білдіріп тұрады». Және Н.Ф.Яковлевтің әліпби жасаудағы математикалық формуласына негіз болған басты принциптер тікелей А.Байтұрсынұлының ғылыми еңбегімен байланысты екенін, А.Байтұрсынұлының 1912 жылы қазақ тілінде жарияланған еңбектері мен Н.Ф.Яковлевтің 1926 жылы жазы-

лып, 1928 жылы жарияланған мақаласында ұқсайтын пікірлер, ғылыми тұжырымдардың кездесетінін былай қатар сөйлете отырып, дәлелдейді:

1) **А.Байтұрсынұлы:** «... дауысты дыбыстар жуан айтылса олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылмақшы, дауысты дыбыстар жіңішке айтылса дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмақшы».

Н.Ф.Яковлев: «... твердость гласных в этих примерах всегда сопровождается твердостью приведенных согласных и мягкость гласных звуков – мягкостью согласных».

2) **А.Байтұрсынұлы:** «... сөз екі түрлі бір түрі жуан, екінші түрі жіңішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрі жуан болады, жіңішке сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрі жіңішке болады. Жалғыз түрлі айтылатын дыбыстар екі түрлі сөздің бір ақ түріне кіреді».

Н.Ф.Яковлев: «... как гласные, так и парно различаемые по признаку твердости, мягкости согласные звуки в границах одного и того же слова могут быть в языке этого типа или только твердыми, или только мягкими, и наоборот, в пределах одного и того же слова не может быть одновременно и твердых, и мягких как гласных, так и согласных, для которых существует в языке парное различение по твердости – мягкости».

«Н.Ф.Яковлевтің бұл сөздері де» дейді М.Жүсіпұлы, «А.Байтұрсынұлының ойын қаз қалпында сақтаған. Егер біз бұл цитатаны қазақ тіліне сөзбе-сөз аударсақ, сол ой – сол ой болып қалады, яғни мағыналық өзгерістер сезілмейді, бірақ Н.Ф.Яковлевтің осы ойды жазғанында көп сөзділікке ұрынып кеткендігі айқын байқалады. Н.Ф.Яковлев еңбегінде математикалық формулаға бөліп, ұсынған алфавит жасау принциптері (ғылыми тұжырымдары) А.Байтұрсынұлының алфавит жасау принциптерінен (ғылыми тұжырымдарынан) айнымайды. Барайырмашылығы тек жазу (дәлелдеу) дағдысында: А.Байтұрсынұлы өзінің алфавит жасау принциптерін, ойларын математикалық формулаларының таңбаларымен белгілемесе де, математикалық дәлдікпен берген, сондықтан ғылыми ізденістерінің қорытындылары көпшілікке түсінікті, ұтымды шыққан. Н.Ф.Яковлев сол принциптерді, ойларды математикалық формулалардың таңбаларын пайдаланып жасаған. Ал, әріп санының айырмашылығының себебі мынада: А.Байтұрсынұлы **қ-ғ, к-г** дауыссыз дыбыстарын жеке фонемалар деп жариялаған, себебі олар акустика жағынан да,

артикуляциялық жағынан да дифференциалдық қасиеттерге ие, сондықтан сөздердің мағынасын өзгертеді, ал солай болғаннан соң олар жеке әріптермен таңбалаынады. Н.Ф.Яковлев бұл дауыссыз дыбыстарды бір фонеманың түрлері (вариациялары) деп түсінген, сол себептен оларға жеке әріптер арнамаған.

Проф. **Н.Уәли:** “Таңба теориясы тұрғысынан алғанда бұл жазу жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан жалпы халықтық тілдің бір формасы болып табылатын ауызша әдеби тілдің дыбыс бірліктерін, ал мазмұн межесі тұрғысынан тілдің мағыналық бірліктерін белгіледі” деп бағалайды.

Оқуға арналған материал

Ұлттық сана және «әліпби» концептісі

Мәселенің мән-жайы түсінікті болуы үшін сана деген іргелі ұғымды еске түсіруімізге тура келеді. Бұл аталған күрделі ұғымның арғы жақтағы қатпарларына бармай-ақ, қысқа қайырсақ, сана дегеніміз адамдардың ақиқат дүниедегі зат, құбылыс, уақиға т.б. түйсінуі, қабылдауы және оларды ой елегінен өткізу барысында пайда болған, қалыптасқан түсінігі мен көзқарасы дегенге саяды.

Түсінік, көзқарас, әрине, алдымен адам санасында, тілдік ұжымның санасында ақиқат дүниеден қабылданған әртүрлі ақпараттардың жинақтала, қорытыла келе білімге айналады. Ондай білімдердің біралуаны ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан «д а с т ү р л і білімдер» болса, бір алуаны тілдік ұжым мүшелерінің әрқилы ақпараттарды салыстыру, ойлау нәтижесінде пайда болған «т а б иғ и б і л і м» жүйесі болып табылады. Білімнің тағы бір түрі арнайы бағдарлама бойынша оқыту барысында мектепте, жоғары оқу орындарында, арнаулы курстарда алынған ү й р е т і н д і б і л і м д е р жүйесіне жатады.

Мысалы, «әліпби» деген концептіде (когнитивтік бірлікте) әртүрлі білімдер жүйесіне жататын ақпараттар тілдік таңбалар арқылы кодқа салынған. «Әліпби» – ақиқат дүниенің үзігі. Ол жөнінде тілдік ұжымның, оның мүшелерінің санасында ақпараттар жинақтала екшеле келіп, «концепт» деп айтылатын когнитивтік құрылым арқылы білімге айналады.

Кирилл, латын, араб, Орхон әліпбилері туралы тілдік ұжымның когнитивтік санасында кодқа салынған ақпараттар

жинақтала келіп, білімге айналады. Ал білімнің өзі тұрмыстық деңгейдегі, энциклопедиялық деңгейдегі білім деп бөлінеді. Тілдік ұжымның санасында білім түрінде жинақталған ақпараттарды жүйелеп көрсету арқылы еліміздегі әліпби саясатына «жұртшылықтың қалай қарайтынын» байқауға, бағамдауға азды-көпті мүмкіндік береді. Өйткені мұндай білімдер жүйесі саяси, мәдени–әлеуметтік, тілдік, психологиялық, экономикалық факторлардың қалыптасуына әсерін тигізеді.

Әліпби әріптер арқылы белгілі бір тілдің мағыналық бірліктерінің дыбыстық тұрпатын белгілейді. Бұл тұрғыдан қарағанда, әліпби – таза лингвистикалық ұғым. Сонымен бірге әліпбиді белгілі бір тілдік қоғамдастықтағы таза лингвистикалық мәнділік қана емес, мәдени–тарихи ақпараттар (информация) кодқа салынған концепт (кең ұғым) деуге болады. Егер әліпбиді тілдік ұжымның когнитивтік санасындағы мәдени–тарихи, лингвистикалық ақпараттар кодқа салынған концепт деп қарасақ, ондағы кодты шамамен былайша ашуға болады:

Мысалы, Орхон әліпбиі V – VIII ғғ. түркі қағанаты қолданған әліпбидің жазуы; Түркі қағанатында жазба коммуникация болған және ол бұқаралық сипатта болғанға ұқсайды, өйткені тек бір ғана әлеуметтік жіктің қаған мен бектердің ғана емес, өзге де әлеуметтік төмен жікті қамтығанға ұқсайды; Қазіргі түркі халықтары (чуваштардан басқалары), оның ішінде қазақ тілі де Орхон–Енесей әдеби тілінің мұрагері. Тілдің барлық деңгейіндегі дыбыстар, грамматикалық бірліктер, лексика–фразеологиялық жүйесі де қазақ тілімен ортақтықтары бар, сондай-ақ қазақ тілінің жүйесінен (қыпшақтық жүйелері) өзгеше, басқа туыстас тілдерде кездесетін құрылымдар бар.

Орхон әліпбиінің вокализм жүйесі 8 дауыстыдан, консонантизм жүйесі 16 дауыссыз дыбыстан тұратыны белгілі: *a, a; o, õ; u (y), ú (y)* бұл жерде назар аударатын қиындық *a (ə)* дыбысын белгілейтін таңба [e]-ні де, [i]-ні де белгілеген. 16 дауыссыз *v, ç, d, g/y, k/q, j, l, m, n, n', ñ, p, r, s, ş, t, z* дыбыс 32 әріппен таңбаланған. Өйткені жуан дауыстылармен келген сөздерде дауыссыз бір таңбамен, жіңішке дауыссыздармен келген сөзде басқа таңбамен белгіленген. Мысалы, Орхон әліпбиіне көшетін болсақ, *тон* дегендегі *t* дауыссызын бір таңбамен, *төн* дегендегі [n']-ді басқа бір таңбамен белгілеуге тура келеді. Сөйтіп, Орхон әліпбиіне көшсек, 9 дауыстыны 5 әріппен, 16 дауыссызды 32 әріппен таңбалар едік, ал әліпбидегі әріптің саны 31 әріп болар еді.

Түркі қағанатында (V–VIII ғғ.) оның шығысы мен батысында солтүстігі пен оңтүстік аймақтарында Орхоннан басқа сирия жазуы, санскрит жазуы, брахми, ескі ұйғыр жазулары қолданылды. Бұлардың бәрі діни фактормен (будда, христиан дінімен) байланысты болды. Тек Орхон жазуы ғана, кезінде қағанатқа кеңінен тараған. Салыстырмалы түрде айтқанда, әскери демократиялық қоғамның азаматтық сипаттағы жазуы болып, «маңдайы» жарқырап тұрды. Алайда діни фактор болмағандықтан, діни сенімге негізделмегендіктен бұл жазу қолданыс майданынан шығып қалды.

«Әліпби» концептісімен байланысты кодқа салынған мұндай ақпараттар тек филолог, тарихшы, шығыстанушы, қоғамтанушы және делитанттардың тілдік санасында білім алу жолымен жүйеленген. Ал өзге жұртшылықтың когнитивтік санасында білім түрінде орныққан ақпараттар жеткілікті болмағандықтан, Орхон әліпбиінің мұрагері ретінде қайта жаңғыртып, қазақ әліпбиі ретінде алу ұсынысы қалың жұртшылықта қолдау табатыны күмәнді болып қалды. Ұсынылған жобалар жоқтың қасы, ғылыми-лингвистикалық тұрғыдан негіздеу, мықты дейтіндей факторларды ашып көрсету жағы олқы түсіп жатты.

Мәдени-тілдік ұжымның санасындағы «араб әліпбиі» концептісінде әртүрлі мәдени-тарихи ақпарат кодқа салынған. Сол ақпарат жүйесін қысқаша таратып айтар болсақ, «араб тілі пайғамбарлардың тілі»; қасиетті Құранның сүрелері көкпен араб тілінде түскен; қазақтар исламды қабылдап, өзінің дәстүрлі діні деп таныды. Араб мәдениеті, жазуы арқылы қазақ даласына білімнің ұшқыны тарай бастады; қазақ қоғамдастығында жазба тілдің үлгілері жасалып, нормалары айқындалып, қазақ мемлекетінің хан жарлықтары, іс-қағаздары, дипломатиялық жазбалары, заң жобалары араб әрпімен қағазға түсті. Қазақтың оқып, сауат ашқан ақын-жыраулары көркем дүниелерін араб әліпбиімен қағазға түсірді. Қазан төңкерісіне дейін, шамамен мыңға тарта кітап жүздеген таралыммен ауыл-ауылға таралған екен. Ертеректегі қазақ қоғамында тек зиялы қауым игілігіне қызмет еткен ескі жазбаны А.Байтұрсынұлы реформалап, барша жұртшылықтың игілігіне айналдырды, «төте жазу» жүйесін жасап, жазу-сызуды демократияландырды.

Алайда советтік/кеңестік дәуірде қазақ әліпбиін латынға, одан кирилшеге көшірумен байланысты тілдік ұжым төте жазудан қол үзіп қалды да дәстүр сабақтастығы бұзылды. Тек Қытайдағы

қазақ диаспорасы осы төте жазуды қолданып отыр. Міне, араб әліпбиі туралы осы тәрізді ақпараттар тілдік тұлғаның (жеке адамның, тілдік ұжымның) санасында жинақтала келе мәдени құндылық түрінде орнықты. Осымен байланысты кейбір тілдік тұлғалардың әліпби ауыстырулар болып жатқан бұл заманда төте жазуға неге оралмаймыз, мәдени-ұлттық құндылығымызды неге қайта жаңғыртпаймыз деген сұраудың күдікшілдер тарапынан қойылуын орынсыз деп айта алмаймыз. Оның үстіне А.Байтұрсын әліпбиін кезінде әлем лингвистикасының көрнекті өкілдерінің бірі Д.Е.Поливанов аса жоғары бағалаған. Н.Ф.Яковлев математикалық тәсілмен бұл әліпбидің ең тиімді екенін көрсеткен. Алайда А.Байтұрсын әліпбиіне көшуді қолдаушылар төте жазу шеттілдік сөздердің қалай жазылатыны, шеттілдік сөздердің «басқыншылығы» көктемгі қарғындай күшейіп келе жатқан қазіргі заманда бейүндес сөздердің қалай орфографиялануы тәрізді қиын мәселелермен байланысты сындарлы ұсыныс жасай қойған жоқ.

Егер таза лингвистикалық факторға сүйенсек, ең дұрысы төте жазу болар еді. Бұл жерде мәдени-әлеуметтік фактор басым түсіп жатыр. Әрине, қоғам тек өткен кезеңді еске алып, оның сабақтарынан тағылым алумен бірге болашақты болжамдайды. Көптеген ел, әліпби ауыстырғаны да, ауыстырам деп, ауыстыра алмай қалғаны да басқаны емес, неге латын әліпбиін таңдайды? Әйткені әлем Батысты бағдарға алып, оның озық технологиясын, ғылым-білімдегі табыстарын игеріп, жанартпалар жасауды көздеп отыр. Экономикадағы мемлекетаралық сан-салалы қатынастың ең болмағанда бір тегершігін өз қолында ұстағысы келеді, одан айырылып қалмауға тырысады. Бұл ұлттық сананың әлеуметтік-экономикалық жағдайымен байланысты қыры. Кез келген реформа ұлттық санамен байланысты. Егер ұлттық сана қай әліпбиді қолдаса, реформаны жүзеге асыру да ойдағыдай болмақ. Қалың жұртшылықтың ықыласы латын әліпбиіне қарай ауып тұрғаны жобалардың көптігінен де аңғаруға болады.

Тілдік ұжымның когнитивтік санасында латын әліпбиі жөнінде орныққан ақпараттар жүйесін энциклопедиялық сипаттағы жинақталған білім және тұрмыстық мазмұндағы білімдер жүйесі деуге болады. Қазіргі ғылым мен білімнің терминологиясы негізінен латын сөздері болып табылады; латын әліпбиін қолданып отырған тілдер саны жағынан өзге тілдерден басым; алыс шетелдердің университеттерінде қандай мамандық

болмасын, латын тілі оқытылады; латын әліпбиі компьютерде қолдануға икемді. Бір кездерде қазақ тілі латын әліпбиін қолданды, оқулықтар мен көркем әдебиеттер латын әрпімен басылып шықты; латын әліпбиі іс-қағаздарында қолданылды т.б. тілдік ұжымның санасындағы энциклопедиялық білімдер жүйесін байқататын үзіктер.

Латын әліпбиінің батыс елдерде қолданылатыны, батыс елдері шығарған тауарлардың жапсырмаларындағы, тауар төлқұжатындағы латын әліпбиімен жазылған жазулар сатып алушыға тауар сапасына кепілдік беріп тұрғандай көрінеді. Әзінің тауарлары мен көрсететін қызметі батыстағыдай сенімді, сапалы дегенді аңғарту үшін орталық қалалардағы фирма, кәсіпорын, сауда орталықтары, банк бөлімшелері т.б. өз аттарын латын әрпімен жазып қою дағдылы жайтқа айналып бара жатқаны байқалады. Мұны латын әліпбиімен байланысты жұртшылықтың тұрмыстық санасында жинақталған ақпараттардың көрінісі дегенге болады. Мұндай жайттар да латын әліпбиіне көшуге деген жұртшылықтың ыңғайын танытып, олардың «кет әрі емес»-тігін байқатады.

Сонымен, «қазақ жазуын реформалау қажет пе, жоқ па? Қажет болса, латынға көшпей-ақ кирелшенің өзін де реформалауға болмай ма?»; «Әліпби ауыстырсақ, бұрынғы рухани құндылықтарымыздың бірі – Орхон әліпбиіне көшейік»; «Төте жазуға қайта оралайық» деген ұсыныстардың төңірегіндегі пікірталасты қайта өрбіткеннен гөрі сабақталған жіптің ұшын түйетін кез келді. Елбасы айтқандай, латынға көшуді қарастыратын уақыт болды. Таңдау, талғау кезеңінен өткен сияқтымыз. Ендігі кезекте латын әліпби жөнінде жасалатын оған көшудің түрткіжаттайраны саралап, қоғамдық пікір мен отыз-қырыққа жуық жобаны ғылыми талдаудан өткізу, сондай-ақ болжалды түрдегі әліпби реформасының Қазақстан үшін тиімді моделі мен мемлекеттік бағдарламасын жасау міндеті тұр.

Н.Уәли «Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы» (Алматы, 2007.) жинағына жариялаған мақаласынан.

10-дәріс. Төте жазудың (Байтұрсынұлы әліпбиінің) әліпби құрамы мен емлесі

А.Байтұрсынұлы: «Біздің заманымыз – жазу заманы, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды, жазумен дүнианың бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі одан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде Һәм сондай басқалық болады. Һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды». «Араб әліппесі қазақ арасына дінмен бірге жайылған. Дінмен байланысқан әліппені тастап, қазаққа басқа әліппе алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң, араб хариіптерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек» деді.

А.Байтұрсынұлы әліпбиінде 24 әріп, 1 дәйекше болды. Ал дыбыстың саны, ғалымның өзі айтқандай – 43. Графеманың бесеуі (а, о, ұ, ы, е) дауыстының, 17-і (б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, н, л, м, н) дауыссыздың, 2-і (у, й) жарты дауыстының таңбасы. Ал фонеманың 9-ы (а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е) дауысты, 34-і (б, б', д, д', п, п', т, т', ж, ж', ш, ш', р, р', з, з', с, с', ғ, қ, к, г, н, н', л, л', м, м', н, н', у, у', й, й') дауыссыз. Сөйтіп, ғалым тіл дыбыстарын бір жарым есе аз әріп таңбаға сыйдырып, өз кезеңінде ең үнемді әліпби түрін жасады. Әліпби теориясында әріп саны фонема санынан аз әліпби жетілген жазу сипатын көрсетеді деген қағиданы қалыптастырған А.Байтұрсынұлының төте жазуы деп атауға болады.

Сонда **А.Байтұрсынұлының әліпбиі:**

Дауысты дыбыстар: а (А), о (О), ұ (У), ы (Ы), е (Е)

Дауыссыз дыбыстар: б (Б), п (П), т (Т), ж (Ж), ш (Ш), д (Д), р (Р), з (З), с (С), ғ (Ғ), қ (Қ), к (К), г (Г), н (Н), л (Л), м (М), н (Н)

Жарты дауысты дыбыстар: у (У), й (Й)

«А.Байтұрсынұлы ұсынған әліпбидегі әріптердің 18-і араб таңбалары, 3-еуі парсы таңбасы (پ, چ, گ), екеуі түркі таңбасы

ك (не), و (ве), 1-і өзгертілген әріп (ﻯ)» болды. Ал әліпби қатарынан шығарылғаны мына таңбалар: ش, ه, ز, ث, ش, ظ, ط, ع, ف, ه, ز, ث, ش, خ, ح, ذ, ض, ص.

«А.Байтұрсынұлы дауыстылардан қадим жазуынан қолданылып келе жатқан 4 әріпті қалдырып, ұ дыбысы үшін **уау** (ﻭ) таңбасына өзгеріс енгізген:

алиф (ا) <a>, **һа** (ه) <e>, **иа** (ي) <ы>, **уау** (و) <o>, **уау** (و) <ү>.

Ал қадим жазуының басты ерекшелігі болып табылатын қаракаттардың қолданылуы А.Байтұрсынұлы жүйесінде тек **ы**, **і** дауыстыларында берілген, оның өзінде сөздің мағынасына нұқсан келмейтін болса ғана» дейді Г.Мамырбекова.

Жазу дәстүрі төте жазуда да көбірек ескерілген. Оған мысал: а) **п** орнына **б** әрпінің жазылуын; ә) еріндіктердің екінші буында жазылуын; б) сөз басында келетін **ы**, **і** дауыстысының алиф арқылы берілуін; в) сөз ортасы мен аяғындағы мадда белгісі жоқ алифтің дыбыстық мәні болуын айтуға болады.

Сүйеніш таяқ туралы А.Байтұрсынұлы: «Меніңше сөз басында дауысты дыбыстар келсе, ол сөзді жазарға басына сүйеніш таяқ қоямыз. Оны керек қылғаным, халық әуелі жатсынбас үшін еді, екінші басқа түріктерден тым оқшау кетпес үшін еді. Онан басқа керегі бар деп өзім де айтпаймын» деген. Г.Мамырбекованың зерттеуінше, А.Байтұрсынұлының 1914 жылы Орынбордан жарық көрген «Қазақша әлифба» оқу құралында «сүйеу таяқ» сақталған, мысалы, *ожау* – اوجاو, *ұқбақ* – اوقباق, *үш* – اوش, *өзгені* – اوزگينى, ал 1924 жылы жарық көрген «Сауат ашқыш» оқу құралында үнсіз алиф қолданылмаған, мысалы: *үш* – اوش, *үйрету* – اويرهتو, *үшін* – اوشين, *үлкен* – اولكمن, *етіб* – اتيب.

Осы әліпбиде <ү>, <у>, <у> дыбыстарының фонемалық мәртебесін анықтау қиынға соқты. Бұған араб графикасындағы **ұ**, **ү**, **у**, **о**, **ө** дыбыстарына бір таңба арналуы себеп еді. Дыбыстардың еріндік, қысаң интегралауыш белгілерінен бөтен, өзара жуан-жіңішкелік (**ү-ү**, **о-ө**) дифференциалды белгісі және еріндік реңкі күшті, әлсіз, орта, орталау белгілері бар. Сондықтан олар сөзайырымдық, сөзтанымдық қасиетке ие фонема деңгейінде қарала алатынын айқындаған А.Байтұрсынұлы бұл бес фонемаға үш таңба арнайды. Олар жуан-жіңішке белгісі арқылы ажырайды:

$\begin{matrix} & <\text{ү}> \\ /y/ & \left\langle \right. \\ & <\text{ү}> \end{matrix}$ және $\begin{matrix} & <\text{ө}> \\ /o/ & \left\langle \right. \\ & <\text{ө}> \end{matrix}$ және /y/ графемасы.

Ғалым: “**о** мен **ү** екеуіне зор ілтипат керек. Бұлардың жазылуы ұқсас болғанмен, айтылуы ұқсас емес. *Қой (мал)* деген сөзбен *құй (шай құй)* деген сөздердің мағыналары қандай басқа болса, айтылуы һәм сондай басқа. **Ү** көмескі айтылса да, қалдырмай жазу керек. **Ү** *тұр*, *жұрт*, *құм* деген сөздерде **т**-ның **ж**-ның **қ**-ның соңынан қандай дыбыс естіледі, сол дыбыстың белгісі. Бұл дыбыстың қарпін **о**-дан айыру үшін, үстіне () қоямыз. **Ү**-ны оқығанда һәм оқытқанда сол естілген қалыпта айтарға тиіс” деген.

Бірақ сонда да <ү> мен <у>-дың арасын айыру қиындығы болғанға ұқсайды: “**у** – *азу*, *қару*, *жабу* деген сөздерде **з**-ның **р**-дың, **б**-ның соңында естілетін дыбыстың белгісі. **У**-сөздің бас буынында қысқа һәм көмескі естіледі. *Құрау*, *құлақ*, *құрғақ* деген сөздер ішіндегідей. Сөздің басқа жерінде ұзын, һәм анық айтылады. **У**-дан **ү**-ны айыру керек. Қысқасы сөздің басқы буынында **у** ұзын һәм анық естілсе, екі әріппен жазарға *тұра*, *тұмас*, *буұн*, *бууаз* дегендей. (у)-ды (ү) дан айыру үшін үстіне () қоямыз. Себебі, (у) менен (ү)-ның жазылуы ұқсас болғанмен, айтылуы ұқсас емес” деді.

Бірақ бұған қарсы пікірлер бірден айтылады. Мысалы, Ш.Жияшев «Ол **у** дыбысын орысша **у** деп қарайды. Жоқ мырза, **у** еш уақытта **у** болмас. Белгі әр заман **в** орнына тұрып, *волыс*, *вагон* сықылды сөздерде жазылашақ» десе, А.Жанталин: «**и**, **у** (**ве**) харіптерін жарты дауысты дыбыстар деп көрсетуі маған онша ұнап жетпей тұрады. Неге десеңіз бұрыннан бізде жазылып келе жатқан **у** (**ве**) дыбысы орысшаның **в** харпіне тура келеді» дейді.

“Ал сөз ортасында, **я** басында анық һәм ұзын естілетін жерлерде екі /y/ жазуға тиіс. Мысалы, *тура*, *туыс* деген сөздерде. Басқа түркі тілінде екінші **ү** орнына **ғ** келеді. Мысалы, *туғра*, *туғыш*” деп **үу**, **үу** тіркесін **үү**, **үү** арқылы беру керек деп топшылайды. Сөз басында айтылса, екі таңба сөз аяғында қалай естілсе де, жалғыз /y/ әрпімен беруді ұсынады. Мысалы, *ашу*, *ашулану*, *тату*, *татулық*, *татуласу*. Бұдан А.Байтұрсынұлының объектіні бір деңгейде, объективті түрде сипаттайтынын көреміз. Мысалы, *ашулану* деген сөздегі бірінші /y/ әрпі ортаңғы буын болғанмен, ол *ашу* сөзінде соңғы буында **тұр** деген сияқты.

Байтұрсын әліпбиін көпшілік талқылау барысында мынадай пікір бар: “*Бикеш, бауыр* деген сөздердегі **и, у** хәрпін Ильминский бір түрлі жазса керек дейді екі харіпменен. Біздің фаһамымызша, айтылған **и, у**-дың орнына екі хәріп жазу дұрыс емес”.

Ал <ы>, <і> фонемаларының орфограммасы туралы ғалымның өз сөзін тыңдағанымыз жөн: “*ы-жаны, малы, тары* деген сөздерде **н**-ның, **л**-дың, **р**-дың соңынан естілетін дыбыстың белгісі. Сөздің басында, ортасында **ы**-ны қысқа һәм көмескі естіп, бар-жоғы еленбейтін орындарда жазбаймыз. Мысалы *қн, қр, қрн, жлм, жлтр* деген сөздердің ішінде <ы>-ның барлығы аз сезіледі, хатта сезілмейді деп те айтуға болады. Бұл сөздерді /ы/-ны жазғанда да жазбағанда да осылай оқимыз. Жазбағанда оқылуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажет жоқ. *Қаны, жаны, малы* деген сөздерді **ы**-ны жазбай, солай оқи алмаймыз, сондықтан сөздің аяғында **ы** жазу қажет. Сөз басында **ы**-ның өзі жазылмаса да, сүйеніш харіпі алиф жазылды. Мысалы: *ықтың, ынтық, ыргак*”.

Талқығасалынған мақалаларда, мысалы, Ғ.Мусин: “Әпенденің **ы** харпін сөздің аяғына ғана жазып, басқа жерде жазбаймыз деуі де қызық емес пе? /Ы/ аяғында керегі болған сияқты басқа жерлерінде де керегі болса керек” деп, қарсы пікір білдірген.

Бірақ ғалым фонемалық мәні болғанмен, жазылған сөзді оқуға зияны тимесе, үнемдеп жазу принципін осы дауысты таңбасына қатысты алған деп білеміз.

Жалпы, ғалым дауыстылар жүйесінің таңбалануын былай бөлген:

1) <ы> дыбысына қатысты жазу үнемділігін жасаған.

2) <е> дыбысының таңбасын үнемі бейнелеп отыру керек, өйткені сөз мағынасына әсер етеді. <о>, <ө> қысаң еріндіктер сөз аяғында *е*-мен таңбалану.

3) **и** дыбысына екі таңба алу.

А.Байтұрсынұлы әліпбиінде <қ>, <ғ>, <к>, <г> фонемаларының арнайы таңбалары бар. Ғалым әріптердің жазылуы туралы: “**қ, ғ** әрдайым жуан айтылады, жіңішке айтуға көнбейді. <к> һәм <г> дәйім жіңішке айтылады, жуан айтуға келмейді. **қ** мен **ғ** жазылған сөздердің алдында дәйекші қойылмайды, оны қойғанмен бұл хәріптер жіңішке айтылмайды. **к** мен **г** алдында дәйекші қойылмайды, оны қоймаса да айтылатын болған соң” деп нақтылаған.

Төте жазу орфографиясының бір өзгешелігі <ш> орнына **ч** әрпінің қолданылуы. Оның себебін А.Байтұрсынұлы былай ашты: “<ш> дыбысы <с>дан гөрі <ж>-ға жақын, олай болғанда **ш** әріпінің түрі де (ж-ға) жақын болғаны ұнамдырақ көрінеді. Осы айтылған оймен қазақ тілінде /ш/ хәрпі алынбай /ч/ харпі алынды. Мұны алғаннан кемшілік аз, ұнамы көп. Мысалы, *екінші, үшінші, бесінші* һәм басқа сондай /ш/ келетін сөздерді *екінші, үшінші, бесінші* деп жазсақ, бастапқылары ұнамдырақ көрінеді. Себебі, менің ойымша, мынау боларға: **ш** араб тілінде **с**-ға жақын дыбыс боларға керек, сондықтан басқа түркі тілінде біздің **с** орнына жұмсалады. Мысалы, *бас-баши, тас-таши, қас-қаши* деген сөздерде”. Сонда ғалымның ойынша, араб тілі мен қазақ тіліндегі **ш**~**с** сәйкестігінен, <ш> дыбысын **ч** әрпімен таңбалап айыруға болады. “Әлбетте, харіп тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса, харіпі жоқ деп, тілдегі дыбысты жоғалту емес, ол дыбысқа жоқ харіпті іздеп табарға керек. Ол жалғыз бізде емес, өзге жұртта да болған, харіпке бола тілді бұзбайды, тілге бола харіпті бұзып өзгертеді”. Бұл **һ** дыбысы одағайларда ғана естілетін дыбыс болса да, әріп арналу керек деген пікіріне келеді.

XXғ. басында қазақ тіл дыбыстарының инвентарін анықтау қиындығы А.Байтұрсынұлының фонема-әріп теориясы арқылы шешімін тақпаны ақиқат. Өзге графиканың (араб графикасы) әліпбиін (араб әліпбиін) өз тілінің дыбыстарына арнау керісінше әрекеттің, төл дыбыстарды өзге тіл әліпбиінің құрсауына байлап беру қаупін төндіретін еді. Бірақ А.Байтұрсынұлы араб әліпбиі қазақ тілі үшін шығарылған жоқ, араб тіліне арналған әліппе сондықтан араб графикасына негізделген әліпби қазақ тілі фонемаларын ғана беруі керек деп топшылады. Кейбір оқымыстылардың <о>, <а>, <ұ> фонемаларын жарты дауысты, ал <ы> фонемасын мүлде жоқ деген көзқарастарына пайымды қарсылығын білдірді.

А.Байтұрсынұлының әліпби қатарынан шығарып тастаған таңбалары мыналар: **ش, ث, ڤ, ه, ز, ع, ط, ظ, ص, ذ, ض, ح, خ**. Бұл өзгеріске қатысты құнды пікір айтқандардың бірі М.Дулатов болды: «Араб әріптерінің өзгеріп отырғаны рас. Бірақ қалай өзгертілген әңгіме сонда болу керек қой. Араб әріптерінің 14 ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа жат болу керек қой. Ойдан шығарылған әріптерді жұртқа үйретіп, оқытып жату керек еді ғой. Ондай нәрсе болды ма? Болған жоқ,

ендеше бұны өзгертушінің шеберлігі деп білiндер. Бұларды өзгерткенде әр әрiптiң бұрынғы тұлғасын жоймай, өзгерткенiн сездiрмей, хат танитын адам бөгелместен оқып кетерлiк қылып өзгерткен».


А.Байтұрсынұлының әлiпбиi туралы терең талдау жасаған ғалым **Н.Уәлидiң** сөзiне құлақ түргенiңiз дұрыс: «...фонеманың күрделi қасиеттерiн фонологияда «инвариант-вариант» теориясы тереңiрек аша түседi. Фонема – инвариант, ал дыбыстар олардың сөздегi варианттары. Әр вариант инварианттағы мәндi белгiлердi сақтай отырып түрленедi, әр вариантта инвариантқа тән қасиет сақталады. Қазақ тiлiнiң дауыстылар жүйесiнде бес инвариант фонема бар. Осы инвариант фонемалардың нақты қолданыста әрқайсысының, **е** дыбысынан басқасының, жуан, жiңiшке әуезбен түрленiп отыратын екi варианттары бар:

- | | |
|-------------------------|----------------|
| | вариант [а] ақ |
| 1. инвариант-фонема <а> | вариант [ә] әк |
| | вариант [о] оқ |
| 2. инвариант-фонема <о> | вариант [ө] өк |
| | вариант [ұ] ұқ |
| 3. инвариант-фонема <ұ> | вариант [ү] үк |
| | вариант [ы] ық |
| 4. инвариант-фонема <ы> | вариант [i] iк |
| 5. инвариант-фонема <е> | _____ [е] ек |

Әдетте **[а]** мен **[ә]** варианттарын бiр инвариант-фонема деп тану үшiн олардың өзара ортақ белгiлерi болуы шарт. Ол екi варианттың да ашық, езулiк, қысаң, ерiндiк болулары. Мысалы:

а мен **ә** варианттарын бiр инвариант фонема деп тану үшiн екеуi де ашық, екеуi де езулiк болуы керек. Сондай-ақ бұл екi дыбысты екi түрлi вариант деп тану үшiн олардың ортақ белгiсiнен басқа айырмасы да болуы керек. Ол бiрiнiң жуан (**а**), екiншiсiнiң жiңiшке (**ә**) әуезде айтылуы, қалған дауыстылар жөнiнен де осыны айтуға болады. Бұл – бiр. Екiншiсi варианттар парадигмалық қатынаста болады, яғни «екiнiң бiрi» принципi бойынша сөзде не **[а]** не **[ә]** варианты қолданылуы шарт. Ал инварианттар синтагмалық қатынаста болады, ал бұл қатынас «және ... және» принципi бойынша жүзеге асады.

Бұл айтылған дауыстылар жүйесiнiң парадигма (варианттар) мен синтагмалық (инварианттар) қатынасын былайша көрсетуге болады:



Синтагмалық қатынас бойынша бiр сөздiң шенiнде **[а]**, **[о]**, **[ұ]**, **[ы]** дауыстылары қолданыла бередi: *ақын, отан, ұлы, қызы; [ә], [ө], [ү], [i], [е]* дауыстылары да осы тәрiздi: *әнi, өнерi, үнi, елi* т.б. Бұдан байқайтынымыз: бiр инварианттың варианттары синтагмалық қатынасқа түспейдi немесе олар бiр сөздiң шенiнде ұшырамауға тиiс. Қысқасы, А.Байтұрсынұлының «бес дауысты» жүйесiн, бiздiңше, осылай түсiнуге болады. «Бес дауысты» жүйесiмен әлiпби түзе келiп, осы бес инвариант-фонеманың әрқайсысын бiр-бiр әрiппен белгiлейдi. Ал инварианттардың варианттары үшiн бас-басына әрiп алмай-ақ, дәйекшi арқылы жуан немесе жiңiшке әуезде оқылатындай жазу жүйесiн жасайды. Сонымен А.Байтұрсынұлы әлiпби жүйесiнiң, түптеп келгенде, қазiргiден өзгешелiгi әрiптердiң фонемалық мәндi бере отырып, дыбыстық мәндi де (жуан-жiңiшке әуезiн) бiлдiрiп, бiте қайнасып тұрған iшкi құрылымдық ерекшелiгiнде. «Бiте қайнасқан» бұл ерекшелiк қазақ тiлiнiң сингармонизм жүйесiмен ерекше үйлесiм табады».

Ал Байтұрсынұлы өз реформасы жайында 1912ж. былай түсiнiктеме берген: «Қазаққа керек оқу екi түрлi: бiрi-мұсылманша оқу, бiрi – русша оқу. Осы күнгi жазуымызда дыбыс басына арналған белгiмiз жоқ, бiр белгiменен әлде неше түрлi дыбыстарды жазамыз. Мысалы: **ә** менен жазамыз бес түрлi

А. Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы

Сан ғасырлық тарихы бар, өркениетті әлемге кеңінен тараған араб, латын, кирилл т.б. әліпбилер әрқашанда ондаған тілдің жазба түрде қызмет етуіне негіз болып, жалпы адамзат мәдениетінің дамуына, қоғамдық ілгерілеуіне ерекше ықпал етті. Олардың біреуі «жақсы», «керемет», екіншісі «түкке тұрғысыз», «нашар», деп үзілді-кесілді «үкім» шығаруға болмайды. Мұндай үкім әліпби туралы айтыс-таласта бұрын да көп айтылған, қазіргі кезде де аз айтылып жүрген жоқ. Әрине, белгілі бір тілдің дыбыстық құрылымына негізделген әліпби жүйесін екінші бір тілге механикалық тұрғыдан көшіре салу оң нәтиже бермейді: ондай графикалық жүйені игеру үшін мыңдаған адам, мейлі араб, мейлі латын, мейлі кирилл әліпбилері болсын, артық уақыт, артық күш-жігер жұмсайды. Сондықтан мәселе белгілі бір әліпбиді нақты бір тілдің дыбыстық жүйесіне лайықтап беруде болып отыр.

Әсіресе, XIX ғасырдың аяғы мен XX басында ағартушылар, белгілі түркітанушы ғалымдар жазу-сызуды реформалау қажеттілігіне айрықша назар аударып, демократиялық бағытқа қарай бетбұрыс жасауды көздеді.

Жазу-сызуды демократияландырудың негізгі мәні жазуды барынша халық тіліне жақындату еді. Жазу жүйесіндегі таңбалар ауызша тілдің дыбыстық жүйесіндегі бірліктерді бейнелеуге тиіс болды. Ал бұрынғы араб әліпбиіне негізделген түркі жазуының графикалық жүйесінде ауызша қолданыста жоқ архаикалық элементтер мен орфографиялық шарттылықтар, еқұшты оқуға болатын графемалар жиі кездесіп отырады. Міне, мұндай «олқылықтар» араб әліпбиінің түркі тілдерінің дыбыс жүйесіне жарамсыз деген пікірлердің жиірек айтылуына себеп болды. Бұл жерде араб әліпбиін «жарамсыз» деуден бұрын, алдымен араб әліпбиіне негізделген түркі жазуы қайсы тілдің дыбыстық жүйесінің графикалық репрезентанты деген мәселенің басы ашылмаған болатын. Шындығында, ол кездегі түркі жазба тілі белгілі бір халықтық тілдің («тірі»тілдің) лексикалық, грамматикалық, дыбыстық жүйесінің дәлме-дәл графикалық манифестациясы емес, халықтық тілден едәуір айырмасы бар кітаби тілдің тұрпат межесін (план выражения) белгілейтін графикалық жүйе

дыбысты, **ى** мен жазамыз үш түрлі дыбысты. Сондықтан әуелі жазуымыздың тәртібін түзетіп жөнге салсақ. ... бұл дыбыстардың ішінде **қ** һәм **ғ** дәйім жуан айтылады. Өзге 19 дыбыстардың һәр қайсысы екі түрлі айтылады, бірде жуан айтылса, бірде жіңішке. Егер де бұл 19 дыбыстың жуан айтылғанына бір харіф, жіңішке айтылғанына бір харіф керек десек, мысалы: **ط, ت, س, ص** сықылды, онда 19 дыбысқа 38 харіф керек болар еді. Бұған дәйім жуан айтылатұғын **қ** менен **ғ**- ларды, дәйім жіңішке айтылатұғын **к,** **г** һәм **е** – лерді қосқанда, һәммәсінә 43 әріп керек болар еді. ... Дауыссыз дыбыстар үшін біз мынау әріптерді алып тұрмыз: **ب, پ, ت, ج, چ, د, ر, ز, س, غ, ف, گ, ل, م, ن**. Мұнан көрінеді, осы қазақ сөзіне көбінесе жазылып жүрген **ص** менен **ط** – ларды алмағанымыз. Екі түрлі айтылатұғын дыбыстардың әріпін «ء» тұрмаса жуан оқимыз. Бұлай боғанда **ت** – ны «ء» тұрмаса **ط** сықылды жуан оқимыз. Сондықтан **ت** болған соң **ط** – ның, **س** болған соң **ص** – ның һәм **ج** болған соң **ژ** – ның керегі жоқ. ... мұнан басқа араб харіфлері араб, парсы я басқа түркі тілдеріне керек болса да, қазақ сөзін жазу үшін керегі жоқ. **ش** – ны алмай **چ** – ны алғанның мәнісі қазақ тілінде жазылған кітаптарды, журналдарды қарасақ **ش** жазылған қазақ сөздері тіпті аз, жоқ есебінде. Көбінесе **ش** орнына **چ** жазылыпты. **ش** дыбысы қай тілде болсада **ش** – дан гөрі **چ** – ға жақын. Сондықтан **ش** дыбысының белгісіне **چ** – ны алдым. **ق** һәм **غ** жазылатұғын сөздің алдына «ء» қойылмайды. Оны қойғанменен олар жіңішке айтылмайды. **ك** һәм **گ** жазылатұғын сөздердің алдына «ء» қойылмайды, ол қойылмаса да бұлар жіңішке айтылады».

Пысықтау сұрақтары:

1. Төте жазудың алдыңғы екі жазудан басты айырмашылығы неде?
3. Төте жазуда неше әріп неше фонеманы таңбалаған?
4. Төте жазуда дауыстының таңбасы неге аз?
5. Төте жазумен қай еңбектер жазылды?
6. Төте жазу туралы орыс және қазақ зиялыларының пікірлерінен не түйе болады?
7. Төте жазудың қандай олқылықтары болды?

болатын. Сондықтан ол кездегі тілдік жағдаятты **гомогенді диглоссия** деп тануға болады. XIX-XX ғасырларда гомогенді диглоссия жағдаятты ағарту ісін қалың бұқараға қарай бұру ісіне қиындық келтіре бастады. Жазу-сызуды аз ғана топтың емес, жалпы жұршылдық игілігіне айналдыру мақсаты тұрды. Жалпы жұртшылдықтың сөйлейтін тілінен, оқыған сауатты адамдар қолданатын кітаби тіл жүйесінің едәуір айырмасы болды. Осымен байланысты барлық ағартушылар алдында екі түрлі бағыт тұрды. Бірі-бұрынғы кітаби тілдің жазу жүйесін өзгертпей – ақ халықтық тілдің элементтеріне кеңіне жол ашу; екіншісі-жазу-сызуды ауызша тілдің жүйесіне лайықтап жасау, яғни жазу-сызу жүйесін түбегейлі реформалау еді.

Қазақ қоғамындағы араб жазулы рухани дүниенің бәрін «татарша», «тілі шұбарланған», «таза емес», араб, парсы сөздерімен шұбарлаған деп, қазақтың ескі жазба тілі (кітаби тілі) деп аталатын рухани-мәдени феноменді халық тіліне қарсы қойды. Бірін даттап, екіншісін мақтады.

Қазақтың ескі кітаби тілінің құрылым жүйесінде кездесетін а) архаикалық белгілерді, ә) қарлұқ-ұйғыр, б) оғыз-қыпшақ, в) қыпшақ элементтерін, г) орфографиялық шарттылықтардың бәрін «татардікі», «қазақтікі» емес деп уағыздайды. Сол уағызға ерген кейбір қазақ оқығандары қазақтың ескі жазба тілін «татарщина», «арабщина» деп жағымсыз реңмен атады.

Араб әліпбиіндегі әріптер дауыстыларды таңбалауға кедей болса, орыс әліпбиі дауыссыздарды таңбалауға жеткіліксіз болып шықты.

Бірақ сол үлгілердің бәріне ортақ кемшілік-қазақ тілі фонологиялық жүйесінің жыға танылмауымен байланысты еді. Сонымен, қазақ жазуына реформа жасаушылардың алдында негізінен мынадай басты міндеттерді шешу күн тәртібінде тұрды: қазақ жазу-сызу қай тілдің графикалық формасы болуы керек?

Уәли Нұргелдінің «Ұлттық рухтың ұлы тіні» кітабына жарияланған мақаласынан үзінді.

А.Байтұрсынов және қазақ тілінің фонологиясы

...А.Байтұрсынов мүлдем жаңа графика жасау мәселесін көтерген жоқ. Ол араб графикасын қазақ тілі дыбыс жүйесінің статикалық және динамикалық ерекшеліктеріне сәйкес реформаландыру мәселесін көтерді. Яғни, қазақ жазуының графикалық

базасы баяғы – арабша, бірақ бұған жаңа көзқарас ендірілу арқылы әріп пен дыбыстың қарым қатынасы сингармофонемаграфия ұғымына негізделіп, қазақ әліпбиі мен орфографиясы қазақ сөйлесім процесінің барлық қасиеттеріне бейімделеді. Алфавитке (қолданылып жүрген әріптер негізінде) қосымша таңбалар ендіріледі. Олардың қазақ көзімен қабылдануы дәстүрлі (арабша) болуы керек. Қазақ алфавиті мен қазақ орфографиясын жасағанда осындай шарттарды медеу тұту міндеттілігінің себебі – араб жазуының қазақ даласына дінмен (исламмен) бірге келгендігінде. Жазу және дін халықтың сана сезімінде бөлшектенбейтін бір бүтін ұғым, сондықтан қазақ еліне бүгінде басқа графиканы немесе басқа графиканың элементтерін ендіру мүмкін емес. Сол себептен ең объективті, ең ұтымды шешім – араб графикасын қазақ дыбыс қорының қасиеттеріне бейімдеп, қазақ алфавиті мен қазақ орфографиясын жасау. Мұндай жаңашыл, үлкен жобаға негіз болған ғылыми жағдайлар мыналар еді:

1. Қазақ тілінде керекті нақты әріптер санын анықтау үшін қазақ индивидінің ойындағы (басындағы, сана-сезіміндегі, ойлау қабылетіндегі) сингармофонемалардың (И.А.Бодуэн де Куртенэнің пікірі бойынша психофонемалардың) психологиялық бейнелерін (психобейнелерін) және сол сингармофонемалардың сингармопозициялық түрлерін нақты анықтау.

2. Сингармофонема – сингармодыбыстар қоры, сөйлесім (дыбысталам) процесінде сингармопозициялық түрлерінде дыбысталады (реализация-ланады).

3. Сөз құрамында дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстарға тәуелді: егер дауысты дыбыстар сингарможуан болса, онда дауыссыз дыбыстар да сингарможуан болады; егер дауысты дыбыстар сингарможінішке болса, дауыссыз дыбыстар да сингарможінішке болады.

4. Сингарможінішке дыбыстың жіңішкелігін арнайы таңба – дәйекшемен белгілеу. Дәйекше сөздің алдында, бірінші әріптің биіктігінің деңгейінде жайғасады. Дәйекше сөз құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың және сөздің толық жіңішке дыбысталуын білдіреді.

5. Жаңа алфавит құрамына араб графикасынан басқа графикалардың таңбаларын, таңбалау элементтерін ендірмеу.

6. Сингармофонемалық алфавитке араб графикасының негізінде жасалған жаңа әріптерді ендіру және араб жазуына тән

қосымша таңбаларды қолдану: нүкте, нүктелер, үтір; тура, ирек, дөңгелек, т.б. сызықтар. Қосымша таңбалар әріптің негізгі таңбасының үстінен, астынан, сол жағынан немесе оң жағынан орын алады.

7. Араб тілінде артикуляциялық және акустикалық эквиваленттері жоқ қазақ сингармофонемаларын жазуда таңбалау үшін араб графикасының негізінде жасалған жаңа әріптерді қолдану.

8. Қазақ тілінде артикуляциялық және акустикалық эквиваленттері жоқ араб дыбыстарының (фонемаларының) таңбаларын сингармофонемалық алфавитте пайдаланбау.

9. Араб графикасының әрбірі – таңбалар қоры. Сөз құрамындағы позициясына байланысты бір әріптің негізгі көрінісі (сурет бейнесі) өзінің бірнеше варианттарында (графикопозициялық түрлерінде, нұсқаларында) жазылады.

10. Түсініктілік.

11. Жеңілден – қиынға.

12. Белгіліден – белгісізге.

Алфавит пен орфографияны сингармофонологиялық көзқарастың негізінде жасау қазақ тілі әрпі санының үнемделуіне (көп болмауына) себеп болды. Яғни А.Байтұрсынов жасаған қазақ тілі алфавитінің құрамындағы әріптер саны алдымен 24 таңбадан және 1 дәйекшеден құрастырылады. Қазақтың сингармоникалық сөйлесімінің барлық қасиеттерін жазылым процесінде толық қамту үшін осы 24 әріптен және 1 дәйекшеден тұратын алфавитті таңбалар саны жеткілікті болды.

...А.Байтұрсыновтың пікірі бойынша дүниеге келетін қазақтың жаңа графикасы, әліпбиі және орфографиясы қазақ тілі дыбыс қорының сөйлесім процесіндегі сингармониялық қасиеттерін дәл көрсететін болу керек. Бұл ойды іске асыру үшін, біріншіден, қазақ индивидінің басындағы сингармофонемалар психобейнелерінің санын, екіншіден, оларды жазылымда белгілейтін нақты таңбалардың санын анықтау керек еді. А.Байтұрсыновтың бұл көзқарасының негізін іздейтін болсақ, онда әліпбиі авторының алфавит пен орфографияны жасаудың жоспарын түзгенінде-ақ, фонологияның маңызды принципі – әр фонемаға – әріп принципі мен медеу тұтқандығы айқын байқалады. Яғни А.Байтұрсыновтың бұл мәселені шешудегі негізгі ғылыми бағыты – жеке сингармофонемаға – жеке әріп (жеке таңба) түсінігі еді. Осындай биік ғылыми көзқарас

А.Байтұрсыновтың сингармоалфавит пен сингармоорфографияны жасау үшін тілді ұзақ әрі тыңғылықты зерттеп дайындау барысында оның ұтымды жолдарын қарастырумен қатар, қазақ (жалпы түркі) тілі әлемінің өмір сүру дағдысына бейімдей түскендігін дәлелдейді. Сингармофонологиялық көзқарасты негізге алғандықтан тілдегі сингармофонемалар санын, олардың позициялық сингармотүрлерін анықтауға, сингармофонеманы – сингармодыбыстар қоры деп түсінуге, сол дыбыстар қорын (фонеманы) бір әріппен таңбалауға мүмкіндік туды. Бұл жағдай жазылымда бірнеше сингармофонемаларды бір әріппен белгілеуден және бір сингармофонеманы бірнеше әріппен таңбалаудан құтылу мүмкіндігін дүниеге әкелді. Консонантизм құрамында А.Байтұрсынов сингармoeзужан дыбысталатын [ғ], [к]-ларды және сингармoeзужіңішке дыбысталатын [к], [г]-лерді дербес сингармофонемалар ретінде ажыратады. Ал вокализм құрамында сингармoeзужіңішке дыбысталатын [е]-ні дербес сингармофонема ретінде анықтайды. Осы үш сингармофонема А.Байтұрсыновтың классификациясы бойынша сингарможуан- сингарможіңішке корреляциялық жүйеден тыс тұрады. Яғни /ғ/ және /к/ тек сингарможуан ретінде дыбысталады (сингарможіңішке сыңары жоқ), /г/ және /к/ – тек сингарможіңішке дыбысталады (сингарможуан сыңары жоқ); /е/ – тек сингарможіңішке дыбысталады (сингарможуан сыңары жоқ).

Жүсіпұлы М. «А.Байтұрсынов және қазақ тілінің фонологиясы» (Алматы, 1998) еңбегінен.

10-семинар. Төте жазудың (А.Байтұрсын әліпбиінің) графика-емлелік ерекшеліктері

Емлені тұрақтандыру. Қазақ емлесінің осы күнгі орфограммалары А.Байтұрсынұлы жазуында тұрақтанды. Атап айтқанда, ескіқазақ жазба тілінде дәстүр болған қосымшалардың бір инвариант формамен жазылуын алғаш А.Байтұрсынұлы өзгертеді: «Ең әуелі біздің қисық көрінетін емлеміз... үш түрін жазғанша -лар деп бір-ақ түрін жазса болмай ма? деген. [22, 100 б.].

Бұрынғы араб графикасынан қалған жазу емлесі қосымшалардың барлық түркі халықтарына ортақ бір ғана вариантын

(инвариантын) жазып, әр халық өз тілінің ауызша жүйесімен әрқалай оқып жүрсе, ол жергілікті ерекшелігі көп бір тіл ішіндегі әдеби норманың жазылуы сияқты болды. Ендігі жерде әр ұлттың дербес жазу-сызуы болған күнде “туысша” жазу принципін сақтаудың қажеті жоқ екенін сезген А. Байтұрсынұлы: “Түркі халықтары сөз төркінімен емес, халықтың сөйлеу тілімен санасуы керек” деді. Сондықтан “Көптік *лар*-ды қалған варианттарының орнына жазу *қараймын, сөйлеймін* деген соң *бараймын* болмаса, *малдай, малда* деген соң *малындай, малында* деп, болмаса *маллар, нанлар, атлар* деп неге жазбаймыз дегенмен бірдей” деп, тіл қатынастарын бір деңгейде қарастыру керектігін айтады.

Бұған қарсылар да көп еді, мысалы, И.Бейсенұлы: «-мақ, -мек, -бақ, -бек қаріптерін қандай қатты естілсе де -*пақ, -пек* деп жазу жарамас: *қайтпақ, кетпек* деп жазу жарамас. -*Лар, -лер, -дар, -дер* қаріптері қандай қатты естілсе де -*тар, -тер* деп жазу жарамас. *Қалмақдар, қазақдар* деген сөзді *қалмақтар, қазақтар* деп жазу жарамас. -*Дан, -ден, -нан, -нен* адаттарын -*тан, -тен* деп жазу жарамас» [22, 138 б.] деген.

Екінші, А.Байтұрсынұлы дәстүрлі жазба тілде қолданылған туыс жүйелі емледен гөрі “табиғат қалауынша” жазу, яғни *атасыға, атыға, қолыға* орнына *атасына, атына, қолына* деп жазуды дұрыс көрді. “Хасыл кәләм менің ойым: сөз жазылу керек айтылатұғын түрінше, яғни сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әрпін жазу, естілген дыбыстың әріпі жазылмай басқа әріп жазу керек болса, не үшін ол керекті ғылым наху я ғылым сарф жолыменен ыспат етілсін” дейді. Сондықтан ғалым бірінші әліпбиді жөндеу керек, әліпби жөнделмесе емледе алақұлалық басталады. Ал “әліпби деген асылына адам ақылы жетпейтін нәрсе емес. Әліпбиде бірден мәдениет түрінің төбе басына шығарып жіберетін адам білместей айрықша қасиет те, жасырын сыр да болмасқа тиіс” деп санады.

Ал ғалымның “Сауаты ашылған адам жазылған, я басылған сөзді әрпіне қарап оқымайды, бүтін тұрған сүгіретін танып оқиды. Таныс адамды көргенде мынау пәленше, анау түгенше деген сияқты әр сөзді тұрпатына қарап танып айтады” дегенін тілдің таңбалық сипатын жазуға да қолдану керек, ауызша тілдің өзгерістеріне сай жазу емлесін өзгертудің перспективасы жоқ деп түсінуге болады.

Үшінші, ғалым ерін үндесіміне қарағанда қазақ тілінде тіл

үндесімі жетекші қызметте екенін пайымдап, лингвалды сингарманизмге жазуда доминанттық сипат береді. Сөйтіп, өзге түркі тілдері ішіндегі қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін анықтап, орнын айқындайды.

А.Байтұрсынұлы әліпбиінің фонологиялық негіздерін, ондағы “инвариант-вариант” қисыны бойынша “әріптердің фонемалық мәнді бере отырып, дыбыстық мәнді де (жуан-жіңішке әуезін)” білдіріп, біте қайнасып тұрған ішкі құрылымдық ерекшелігін кезінде проф. Н.Уәли өзінің “Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері” атты диссертациялық еңбегінде дәлелдеді. Онда Бодуэн де Куртенэ, Л.В.Щерба салған жалпы жазу теориясының фонологиялық негіздері А.Байтұрсынұлының “бес дауыстыға” құрылған жазуындағы әріптердің белгілі бір фонеманы таңбалай отырып, оның жуан-жіңішке екі тембрін қоса бейнелейтін сингарможазуында көрініс тапқаны алғаш рет айтылған-ды.

А.Байтұрсынұлы сөздің бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылатыны басқа дыбыстық заңдылықтарға қарағанда жаппай қамтитын құбылыс екенін пайымдайды. Және ол жуан-жіңішкелікке “жетекшілікті” дауысты дыбыстарға береді. Осы белгілерді байқай отырып, ғалым 43 дыбысты мүмкіндігінше аз әріпке сыйдыруды қарастырады: “Дауысты дыбыстар сөздің жаны есебінде, дауыссыз дыбыстар һәм жарты дауысты дыбыстар сөздің тәні есебінде. Тәнді жан қандай билесе, дауысты дыбыстар басқа дыбыстарды сондай билейді; яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар да солай айтылады. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, басқа дыбыстар да жіңішке айтылады. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке айтылмағын белгілеп айырсақ, басқа дыбыстардың да жуан-жіңішке айтылатындығы да айрылғаны. Дауысты дыбыстар **а, о, ұ, ы** осы тұрған күйінде жуан айтылады, мысалы: *аз, оз, ұр, сары*. Бұлардың жіңішке айтылатын орнын айыратын белгі аламыз ()-ні дәйекші. Бұл белгі сөздің алдында дәйекшіге тұрып, ол сөздің жіңішке оқылмағын хабарландырады, яғни бұл белгі тұрған соң, сөздің ішіндегі дауысты дыбыстарды жіңішке айтамыз. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, олардың қатарындағы басқа дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар да жіңішке айтылады, мысалы: *арман-әрмен, тор-төр, тұр-түр, жоны-жөні*. Жіңішкелік үшін жалғыз ғана белгі алып, 43 түрлі дыбысты 25 белгімен дұрыстап жазуға болады”.

Мысалы: (қала), 'пале (пәле), 'ыш (иш), 'шайнек (шәйнек), 'ан (ән) т.б.

Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы алғаш рет қазақ жазуындағы әріп-дыбыс қатынасы, <у>, <ү>, <ү>, <ы> фонемаларының орфографиялық ерекшеліктері, қазақ орфографиясының негізгі принциптері айқындалды.

Дегенмен, алғашқы әліппенің олқылықтарын да білген жөн. Олар мыналар: 1) «ы» таңбасы «и» таңбасымен бейнеленді.

2) «ү» дыбысы мен «у» дыбысы бір ғана таңбамен «ү» мен бейнеленді. М: оқұ құралы, тұұады (туады);

3) басы артық «а» таңбасы қыстырылып жүрді: Әұлкен (үлкен), әүчүн үшін;

4) ы, і дыбыстары жазылмай қалып отырды. Жатр (жатыр), бр (бір), жртық (жырттық);

5) қазақ әліппесінен шығарып тасталған араб әріптері шет тілден (араб, парсы) ауысқан сөздерде әлі қолданудан шықпады;

А.Байтұрсынұлы реформалаған қазақ әліпбиінің ережелерімен принциптері. Бұл мәселе алғаш 1924ж. 12-18 маусымында Орынбар қаласында өткен “Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде” көтерілді. Съезге А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханұлы, Е.Омаров, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төреқұлов, Т.Шонанұлы қатынасты. Онда **қазақ орфографиясының негізгі принципі** дыбыс жүйесінше деп анықталды. Бұған сәйкес емес, қап-қабы, доп-добы сөздеріндегі <б-п> дыбысының асылы <п> емес, <б> фонемасы, желт-желті, серп-серпі дегендегі дыбыстың асылы <п> фонемасы, бірақ қазақ емлесі дыбыс жүйесінше **б-п, қ-ғ** өзгерісін таңбалайды делінді.

Емлеге қатысты баяндама жасаған Е.Омаров қару, келу сөздері қару, келу емес, қару, келу, қаруы, келуі деп жазылатынын олардың қа-руу, ке-лі-уі болып буындалатынынан іздеу керек деді. Автор “қазақ тілі түрік тілдерінен жігі ашылып, ү дыбысы ы-мен айтылатын болған. Бұл қазақ тілінде өз еркімен болған өзгеріс” деді.

Съезде мынадай мәселелер сөз болып, шешімін тапқан:

- қысаң езуліктер барлық позицияда жазылсын;

- **қ-к, ғ-г** фонемалары арнайы таңбалармен белгіленсін, өйткені “әрқайсысы ауыздың әр жерінен шығатұн дыбыс” (А.Байтұрсынұлы); “қаныкей, қайткенде, бірақ сықылды үндестік заңына келмейтұн сөздерді бөліп дәйекшемен жазу киын” (Е.Омаров);

- **х, һ, ф, ш** әріптері әліпбиден шығарылсын, **ш** орнына өзге түркі тілдерінен алшақтамас үшін **ч** әрпі қолданылсын (Е.Омаров) деген ұсыныс болғанмен <ш> фонемасы **ш** әрпімен берілді;

- **ә** әрпі сөз аяғында айтылмайтынын білдіру үшін жіңішке түбірге *паз, уар* кірме жұрнақтары жалғанғанда дефиспен жазылсын (*білім-паз, сөз-уар*) (Е.Омаров) деген пікір болғанмен, сөз дефиссіз дәйекшемен жазылып, сөз аяғындағы **а** [ә] болып оқылмайды делінді;

- жалғау мен шылауды айыруда екпін қызметі пайдаланылды, мысалы, *атта жал бар, өгізде мүйіз бар* деген сөйлемде алты екпін бар, ал *ат та көлік, өгіз де көлік* деген сөйлемде *та, де* тұлғаларының жеке екпіні бар, сондықтан соңғысы шылау болып табылады;

- *қарыз, мұрын* сөздерінің түбір тұлғасында да, тәуелдеулі тұлғасында да **ы, і** әріптері таңбалансын, *қарз-қарызы, мұрн-мұрыны* деп жазу сөз жүйесінше де, дыбыс жүйесінше де дұрыс емес;

- **у, и** – дыбыстары үлкен пікір-таластан, жеке комиссия мүшелерінің қарауынан кейін дауыссыз дыбыс деп табылды (Ә.Бөкейхан, Е.Омаров, Қ.Досмұхамедұлы, Н.Шағиұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Жолдыбайұлы), Т.Шонанұлы, Р.Сүгірұлы, Н.Зәліұлы **и, у** дыбыстарын дауысты қатарына жатқызды; Т.Шонанұлы, М.Дулатұлы аталған дыбыстар дауыссыз болғанмен, бір таңбамен беру қолайлы деді, **бірақ съезд қаулысында қосар әріппен таңбалау қабылданды.**

Сөйтіп, араб графикасына негізделген *қазақ жазуының емле ережелері 1924ж. Орынбор съезінде қабылданды.*

Оқуға арналған материал

А. Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы

А. Байтұрсынұлының «бес дауысты» жүйесін, біздіңше, былай түсінуге болады. «Бес дауысты» жүйесімен әліпби түзе келіп, Байтұрсынұлы бес инвариант-фонеманың әрқайсысын бір-бір әріппен белгілейді. Сөйте отырып, әлгі әріптер арқылы жазуда әр фонеманың екі түрлі әуезін (жуан, жіңішке) сол фонеманың таңбасына сыйғызып береді. Сөйтіп, инварианттардың варианттары үшін бас-басынан әріп алмай-ақ, дәйекші арқылы жуан не-

месе жіңішке (дәйекші болмауы – жуан оқуды, дәйекші болуы – жіңішке оқуды) әуезде оқылатындай жазу жүйесін жасайды. Сонымен, А. Байтұрсынұлы әліпби жүйесін, түптеп келгенде, қазіргіден өзгешелігі әріптердің фонемалық мәнді бере отырып, дыбыстық мәнді де (жуан-жіңішке әуезін) білдіріп, біте қайнасып тұрған ішкі құрылымдық ерекшелігінде.

А. Байтұрсынұлы түзген әліпбидегі жүйені қатаң ұстана отырып, тек бірер дауыссызды ықшамдап алатын болсақ (қ, к, ғ, г-лердің орнына к, г-ні ғана алып), бұл әліпбидегі фонемалар мен әріптерді сандық қатынасы 26 (фонема): 22 (әріп) болып шығады. Мұндай қатынас, «әліпбидегі әріптің саны фонеманың санынан аз-кем төмен болуға тиіс» деген жазудың жалпы шар-тымен үйлесіп жатады.

Байтұрсынұлы тек әліпби түзіп қойған жоқ, фонология теориясындағы айырым белгі әдісін қолдану арқылы қазақ тілінің дыбыс жүйесінің түзілімін 9 дауысты, 19 дауыссыз деп тұңғыш рет дәл анықтады. Дауыстылар мен дауыссыздарға берген сипаттамасына қарағанда А. Байтұрсынұлы дауыстыларды функцияналдық басынқы жүйе, ал дауыссыздарды функцияналдық бағыныңқы жүйе деп таниды. Байтұрсын әліпбидегі дәйекші суперсегменттік бірлікті көрсетсе, жеке әріптер сегменттік бірліктерді көрсетеді. Байтұрсын жазуының графемалық жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан сегменттік әрі суперсегменттік бірліктерді (жуан, жіңішкелікті) белгіледі. Сондықтан да бұл жазу жүйесі қазақ тіліндегі сингармонизм табиғатымен барынша үйлесімді болады. Байтұрсын жазу жүйесінің бұрынғы араб әліпбиі негізінде ескі қазақ жазу жүйесіне, орыс әліпбиіне негізделген жазу жүйесінен принципті айырмасы осында еді. Байтұрсынұлына дейін араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуының тұрпат межесі жуан немесе жіңішкелік белгілерді сегменттік бірлік түрінде, дауыссыздардың ырқына бағындырып бейнелейді, яғни дауыстылардың жуан, жіңішкелігі дауыссыздардың жуан немесе жіңішкелік таңбасына қарай оқылады. Ал бұл аталмыш жазудың мазмұн межесі ортағасырлық жазба тілге тән архаикалық белгілерді, оғыз қыпшақтық, қазақтық элементтерді таңбалады. Ал орыс әліпбиіне негізделген жазу, біріншіден, сөздің жуан немесе жіңішкелігіне тән суперсегменттік белгілерді сегменттік бірлік түрінде «бөлшектеп» берді, екіншіден, дауыссыздар жүйесінің дауыстылар жүйесіне бағыныңқылық қатынасы ескерілмеді. Орыс әліпбиіне негізделген жазудың мазмұн межесі халық

тілінің мағыналық бірліктерін, тұрпат межесі халықтық тілдің дыбыстық жүйесін белгілеуге бағытталды.

А. Байтұрсынұлы түзген әліпбиді сол кезеңдегі фонологиялық мектептің аға буын өкілдері, әлемдік лингвистиканың көшбасшылары болған Е. Д. Поливанов, Н. Ф. Яковлев тәрізді көрнекті фонологтар аса жоғары бағалады. Түркітанушы К. К. Юдахин мен А. М. Сухотин латын жазуына көшкенше қырғыз халқының А. Байтұрсын әліпбиін сол күйінде қолданғанын атап айтады. Мұның өзі А. Байтұрсын әліпбиінің ұлтаралық мәртебесін көрсетеді.

Сондай-ақ, А. Байтұрсынұлы түзген әліпби жазу тәжірибесінде жұртшылықты сауаттандыру ісінде өте оңтайлы болғанын М. Дулатовтың мына пікірінен айқын аңғаруға болады: «Қазақ тілін қолдана қалам ұстағаннан бері шылғи қазақша жаза бастаған Байтұрсынов қазақ емлесі[н] шығарды, оқу құралдары[н] жазды. Осы екі жылдың ішінде «Қазақ» газетасының тіл, емле туралы қылған қызметі көзге көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың дана «Қазақ» нөмірі тарады, жаңа сөйлеммен 15-тей кітап шықты, бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрі қазақ арасынан тарап жатыр. Бұл емлені тосырқап түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ» емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ» нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық қана қызмет, иншала, мұнан кейін артпаса, кемімес үміт зор».

А. Байтұрсынұлы бұрын тек бір ғана формада, яғни ауызша түрде қызмет етіп келе жатқан әдеби тілдің графикалық, орфографиялық жүйесін жасап, оның жазбаша түрде қызмет етуінің негізін қалады. Таңба теориясы тұрғысынан алғанда А. Байтұрсынұлының жасаған араб әліпбиі негізіндегі жазу жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан (в плане выражения) жалпы халықтық тілдің бір формасы болып табылатын ауызша әдеби тілдің дыбыс бірліктерін, ал мазмұн межесі тұрғысынан (в плане содержания) аталмыш тілдің мағыналық бірліктерін белгіледі. Қазақ тіл білімі тарихында А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстық сегменттік бірліктері түзілімін дәлме-дәл анықтауы арқылы ұлттық жазудың тұңғыш рет фонемографиялық жүйесін жасады.

XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында қазақ жазу-сызуы демократиялық бағытқа бет түзеді; фонетикалық жазудан

фонемографиялық жазуға қадам басты; ұлттық жазудың негізі қаланды. Қазақ жазуының онтогенездік дамуындағы бұл ерекше кезеңде А. Байтұрсынұлы ақыл-парасаты, қажыр-қайраты, лингвистикалық ой тереңдігі жағынан дара тұрған дәуірдің бір-туар тұлғасы болды.

Нұрғелді Уәлидің «Ұлттық рухтың ұлы тіні» кітабына жарияланған мақаласынан алынған үзінді.

11-дәріс. Қазақ жазуындағы емле ұстанымын таңдау қағидаты (Байтұрсын принципі)

А.Байтұрсынұлының тіл біліміндегі алатын орнын белгілі ғалым Н.Уәли бір сөзбен былай деп түйген еді: “Жалпы тіл білімінде тұңғыш фонолог деп әдетте әліпби түзушілерді атайды (олардың фонологиялық зерттеу жазуы шарт емес). Олай болса қазақ тіл біліміндегі алғаш фонолог – А.Байтұрсынұлы”. А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің өзге салаларындағы еңбегі бір төбе болса, әліпби, жазу теориясы, емле жайындағы еңбегі бір төбе. Оның ішінде қазақ жазуының емле ұстанымын айқындаған алғашқы ғалым.

Емле принципі. Ең бірінші, А.Байтұрсынұлы жазудың негізі екеу (таңба негізді және әріп негізді), ал жүйесі төртеу (таңбаша, дағдыша, туысша, дыбысша) деп көрсеткен. Бұл жалпы жазу теориясындағы жазу типі мен жазу түрлеріне сәйкес келеді. Мысалы, Л.В.Зиндер жазудың тегі семасиографиялық немесе идеографиялық және фонографиялық болып бөлінеді дейді.

**Ал таңба жүйелі емле,
тарих жүйелі емле,
туыс жүйелі емле,**

дыбыс жүйелі емле деп орфографиядағы тарихи принцип, этимологиялық принцип, морфологиялық, фонетикалық принциптерді атағаны.

Бүгінгі ағылшын жазуын дәстүрлі немесе тарихи принциппен жазылады дегеннен гөрі, әр сөздің жазылуын жаттауға тура келетін идеографиялық принципке жақындайды деген пікірлер де ғалымның осы көзқарасын растайды.

Л.В.Щерба этимологиялық принцип деген морфеманы сақтап жазу, яғни морфологиялық принцип, бұл бір жағынан тарихи принципке жақын деген. Сонда таңба жүйелі емле (А.Б.) – тари-

хи принцип (Л.В.Зиндер), тарих жүйелі (А.Б.) – этимологиялық принцип (Л.В.Зиндер), туыс жүйелі (А.Б.) – морфологиялық (Л.В.Зиндер) принцип болып сәйкеседі.

Қазақ жазуының алғашқы кезеңі емле принципін айқындап алу қиындылығымен өлшенді десек, бұл шешуші міндетті ғалым “туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қиналмай өтетін, екеуінің арасынан жол тауып беретін” төмендегі ұсыныстар арқылы шешкен:

“1. Әрбір өз алдына түбірі бар сөз оңаша айтылғандағы естілуінше жазылу.

2. Азған сөз азған күйіндегі естілуінше жазылу.

3. Үйлестікпен дүдәмәл естілетін болған дыбыстар айқын орындардағы естілуінше жазылу.

4. Қосымшалар қосылатын сөздермен бірге жазылу.

5. Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз – бәрі де қосарлық белгімен жазылу.

6. Жалғаулықтар бөлек жазылу орындарынан басқа жағы жалғау ережесінше болады.

7. Үйір айтылатын сын есім мен зат есім бөлек жазылу.

8. Көсемше, көмекші етістіктер бөлек жазылу”.

Бұл пікірді “полагаю, что практически для тюркских народов самое правильное было бы – комбинация фонетического и этимологического принципов, комбинация в каждом отдельном случае своеобразная и разная, ибо правил общих тут никак нельзя дать” деп Л.В.Щерба да қайталады.

Және бүгінгі емлемізді айқындаған фонематикалық принциппен сай келеді. Жалпы, бәрімізге белгілі 70-80жж. фонетика, орфографияға қатысты оқулық, емле сөздіктерінде қазақ орфографиясының негізгі ұстанымы морфологиялық, өйткені сөзді естілуінше емес, түбір тұлғасын сақтап жазамыз деген көзқарас орныққан болатын. Бұл Бодуэн де Куртенэнің фонема туралы ұғымын басқа бағытта қарастырып кеткен беделді ғалымдардың (Л.Л.Щерба, Л.В.Зиндер) еңбегіне де байланысты. Алайда бұл жайында кейінгі зерттеулер мен пайымдаулар арасында қайшылық көріне бастайды. Соңғы уақытта “Фонематический принцип предполагает мотивированность написания звуковым обликом обозначаемого слова или морфемы без учета их словообразовательных связей. Действие фонематического принципа проявляется там, где в разных словоформах одна и та же морфема пишется по разному, если в ней происходит живое позицион-

ное чередование: *игра – розыгрыш, безделье – беспокойстве*” деген және “Фонематический принцип имеет большую объяснительную силу, чем морфологический: понятие фонематический принцип полностью покрывает понятие морфологический принцип и, сверх того, объясняет те факты, которые не могла быть объяснены в терминах морфологического принципа, а именно, неизбежные отступления от единообразной передачи морфем в случае морфологических чередований” деген тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, қазақ орфографиясының негізгі принципі фонематикалық екенін алғаш дәйектеген Н.Уәли қазақ емлесінің негізгі ұстанымын белгілі бір фонеманың дыбыс түрленімдері ішінен фонетикалық ортаға неғұрлым тәуелсіз түрін жазу болып табылады деп анықтады.

Әлді позициядағы дыбыс тіркесімдері жазуға біршама сәйкес екендігі, әлсіз позиция әлді позициядағы тұрпатымен тексеріліп, негізгі реңкі айқындалатыны қазіргі емленің басты әдіс-тәсілдеріне жатады. Бұл әдісті кезінде А.Байтұрсынұлы: “Сөздің ауыздан шығуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда бір түрлі, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады. ...Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді”, – деген екен: “Сондықтан емлемізді туыс жүйесіне қатысқан жүйелеріне қарамай, көпшілігіне қарап, дыбыс жүйелі деп атап келдік. Дыбыстар үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі алмасып айтылатын дыбыстардың тегі тексерілмей, ауыздан шығуынша жазылсын” деген ұсыныстар ба-рын айтады ғалым.

“Туыс жүйені де, дыбыс жүйені де “аралас тұтыну керек деушілер: керегіне қарап, екеуін де тұтыну керек дейді ... сөйтіп сөз басына ереже жасайды ... ондай емле оңай болып табылар ма” дейді А.Байтұрсынұлы.

А.Байтұрсынұлының орфограммасын шешіп алуды алдына мақсат еткен әріп қатары “үйлестікпен дүдәмал естілетін” **б-п, т-д, ж-ш, з-с, ш-з** фонемалары болды.

Бүгінгі емлемізде қосымшалардың түбірдің соңғы дыбысына немесе түбірдегі дауыстыға үйлесіп жазылуы проблема тудырмайды. Аффикстік морфемалар болсын, сөз тудырушы, түрлендіруші жұрнақтар болсын бірнеше (әдетте жазуда алтауға дейін, ауызша тілде 9-ға дейін) нұсқада жүреді.

Ал А.Байтұрсынұлы, мысалы, жедел өткен шақ жалғауын ұяң

вариантымен ғана жазуды дұрыс көрген. “Сондай орындарда күнгейленбейтін айқын жерге келтіріп айтып, сондағы естілуінше жазу. Мәселен: “*Қасекең сау күндегі әнге басты*” дегенде “*басты*” деген жіктік жалғауында “т” естіле ме, “д” естіле ме” – Дүдәмал, ашық емес. Қасындағы “с” дыбысының әсерімен күнгейленіп, анық естілмей тұр. Күнгейленіп тұрған дыбыстан аулақ, басқа жерге қойып айтып көру керек. Мәселен, “*Қас екең сау күндегі әнге салды*” десек, қай дыбыс екені анық естіледі. Сол сияқты септік жалғаулары да көмескі естіліп, дүдәмалдік танытатын жерлерде, аяғында әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керек дейді.

Позициялық әсері болмайтын дыбыстарға **л, р, з** фонемаларын жатқызады. Мысалы: *балдың, қардың, қозда*. Бұл дыбыстардың неге позициялық әсері болмайтынынан бұрын, алдымен ғалымның осы жазу арқылы қазақ тілінің типологиялық сипатын айқындап алғысы келгенін байқайтын сияқтымыз. Яғни тілдің қатаң дыбысталуынан гөрі жұмсақ, үнді болып естілуін қалаған сыңайлы. Осы дәйексөз алған мақаланы жазған жылы А.Байтұрсынұлы *Алма-Ата* қаласының атын *Алматы* етіп жөндеуді ұсынған Т.Шонанов екеуінің хатында “*-ты* вместо современной *-лы, -ды* свойственно тюркским языкам в частности казахскому ... *-ты*, в казахском языке является более древним чем другие формы этого рода” деп, қазақ даласында *Шідерті, Қалдығайты, Бұлдырты, Мойынты* деген жер атаулары ұяндамай сақталып отырғанын айтады.

Бұл арада мәселе ғалымның бір мәселеге екі түрлі көзқарасы болғанын көрсету үшін емес, болмаса жазу нормасын негіздеуде “дүдәмал” жерге иек артқанын қателікке шығару үшін емес, жалпы қазақ жазуында қосымшалардың немесе шылаулардың позицияға тәуелді реңктері таңбаланғандарын, морфонологиялық құбылыстар ғана емес, фонетикалық құбылыстар да таңбалағанын айтқымыз келді.

Ғалымның шартты рай жұрнағы *-са, -се* ме, әлде *-ша, -ше* ме дегенді анықтау үшін неғұрлым тәуелсіз позиция ретінде *қонса, сепсе, келсе, құса, қанса* тұлғаларын таңдап алуы – *кешше* (кешсе), *пішіше* (пішсе) сөздерінде бұлар әлсіз позицияда алдыңғысында әлді позицияда тұрғанын анықтағаны.

Сондай-ақ ғалым *Қорғамбай – Қорғанбай, Арғымбай – Арғынбай, Тасқымбай – Тасқынбай, қоңған – қонған, жоңған – жонған, жаңған – жанған, көңген – көнген, өңген – өнген, сеңген*

– сенген, күңге – күнге тұлғаларының соңғылары дұрыс, өйткені сөздің түбірі “қорғам”, “арғым” “тасқым” емес қорған, арғын, тасқын болады деп анықтайды.

Сондай-ақ [н] дыбысын қ, з, г дыбыстарының әсерінен айырсақ, дүдәмалдық жоғалады, “қоныс”, “қондық”, “жону”, “жондым”, “жанып”, “жанды”, “көніп”, “көнді”, “өніс”, “өнім”, “мініп”, “мініс”, “сеніп”, “сенім”, “күнде”, “күндік” дегенде, “н” емес, “н” екені айқындалады дейді ғалым.

А.Байтұрсынұлының бұл ойлары емлені әлді позицияға қойып тексеру әдістері арқылы негіздейтін бүгінгі орыс жазу нормасында енді айтылып жүр. Ғалымның келесі негіздеген мәселесі – жалғаулықтардың сөздің аяққы дыбысына қарап айналып келуі жайында. Автор мұнда мен, менен, бен, бенен, пен, пенен шылауларының ұяң, үнді варианттарына артықшылық беріп, қатаң вариант позициялық өзгерістің әсері дегенді айтқан. Қайталап айтсақ, ғалымның қазақ сөздерін жұмсартып айту жағын қатты назарға алғанын байқаймыз. Оған дәлел: “Аспан ба?”, “асбан ба?” – дүдәмал екен, жоғарыдағы айтылған жолмен айқынға шығарып алу болмайды екен. Сол сияқты сөздер өте көп болмағанмен, қазақ тілінде ұшырайды: *дұспан – дұсбан, оқпан – оқбан, кетпен – кетбен, шекпен – шекбен* тағысын тағылар. Бұлардың “п” мен “б” дүдәмал болған орындағы ашылуы ылғи “б” жағына болғандықтан, “б”-мен жазу. Түбін қарап тексергенде де, солардың көбі “б”-мен жазылуға тиіс болып шығады. Мәселен: “асбан”, “дұсбан”, “данышбан”, “кетбен” деген сөздер “асман”, “дұшман”, “данышман”, “кетмен” деген сөздерден шыққан: “м” дыбысы “б” дыбысымен алмасып отырады. “Қақбан”, “қақба”, “қақбақ”, “өкбе”, “оқыбан” секілді сөздерде “қақбан”, “қақба”, “қақбақ”, “өкбе”, “оқбан” дегеннен дыбыстары алмасу мен “б” дыбысты сөз екені көрініп тұр” деген жолдар.

Мұнда жазу тарихы, жазудың өзіндік ерекшелігі тұрғысынан келсек, А.Байтұрсынұлының араб жазу дәстүрін үзбеу, жазу дәстүрін сақтау жағына көбірек көңіл бөлгенін байқаймыз.

Қазіргі қазақ жазуының бір проблемасы **ы, і** әріптерінің емлесі болса, бұл жайында А.Байтұрсынұлының мына көзқарасы жазу тарихы үшін маңызды: “Оны қалдырмастан жазамыз сөздің аяғында. Ортасында я басында ашық естілетін орында һәм жазбасақ кемшілік болып жоқтығы еленетін орында. Мысалы: *жаны – жанына*” дейді ғалым. Ал түбір ішінде, сөз басында **ы-**

ны жазса да, жазбаса да солай оқитын орындарда, жазбағанда оқуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажеті жоқ деп табады. Мысалы: *қн* (қын), *қр* (қыр), *жлм* (жылым), *жлтр* (жылтыр), *мсқ* (мысық), бірақ *мсығы*, *қры*, *жлымы*, *жлтры*. Бұл қазақ әліпбиіндегі әріптердің атауы туралы айтқан Н.Уәлиұлының мына пікірлерінде жалғасын тауып жатады: “Қазақ дауыссыздары әдетте жалаң түрде дыбысталмайды..., біздің аңғаруымызша, сол тоғыз түрленудің ішінен фонетикалық жағдайға неғұрлым тәуелсізі *-бы*».

Қазақ тіліндегі әрбір дауыссыз дыбысты жеке дыбыстағанда қасына **ы, і** (**к, г** – әріптерін атағанда) қосып айтамыз. Олай болса, Қ.Жұбанов айтқандай, бұл дауысты дыбыстарды буын, не тасымал үшін жазамыз деген дұрыс емес, “әр ережеге өзінің әдісін шығарып алуға болады”.

Бірақ ғалым **ы** әрпінің бітеу буындардан қалмай жазылатынын ескертеді: *қарт – қарыт, арт – арыт, жұрт – жұрыт*. “Бітеу буынға **ы** жазсақ, бірдей естіледі деген болып шығады”.

Тегінде А.Байтұрсынұлы жазу нормаларын тиянақтағанда халықтық тілге табан тіреп отырған: «Емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек» деген.

Негізгі жол: айтылуы басқа сөздерді (мағынасы басқа болсын, бір болсын) басқа жазу, айтылуы бірдей сөздерді (мағынасы басқа болсын, бір болсын) бірдей жазу деп, ауызша тілмен жазуды мейлінше жақындатуға тырысқан. Ендеше жоғарыдағы сөздердің қазақ тілінің бұрынғы сөз сазында солай айтылуы ғажап емес.

Ерін үндесімін таңбалау туралы. А.Байтұрсынұлы қазақ тілі үндесімі тек екі түрлі: бірі жуан, екінші түрі жіңішке деп, тек лингвалды сингармонизмді қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі екенін айқындағанын көреміз. **Оған төмендегі пікірлерді оқып, өз қорытындыларыңызды айтыңыздар.**

“**о** – дыбысы сөздің бас буынында ғана естіледі. Басқа буындарында һәм дауысты дыбыстардан соң қазақ өзгеше у әрпі **ыу, іу** дыбыстарының тіркесінен тұрады дейді. “бас буыннан басқа орында яки дауысты дыбыстан соң (о) жазылса, (ұ) қылып оқу тиіс”.

«*Алыб* демей, *алуб* десек, келіб демей, *келуб* десек, онда *алуу, баруу* деуге болады. Оның үстіне *алыуды – алыс, барыуды – барыс, келіуді – келіс* деген сөздермен алмастыруға болады.

Ендеше у-дың алдына **ұ, ү** әріптерін салудың еш қисыны жоқ”.

Сонда ғалымның ойынша, дүдәмал естілген **ы** мен **ү** дыбысы **ы** болып таңбалануы тиіс.

Бірақ сөз басында *уақыт* сөзін *ұақыт*, *уақ* сөзін *ұақ* деп айтылатынын ескерткен.

“ы” әрпі жазылу-жазылмауы естілуінше: естілсе жазылады, естілмесе жазылмайды. Мәселен: *лыта, леп, лепес, лап қойды, лаулап жанды, лоқы, лықылдап, Ленін, Лепсі* деген сөздердің алдында келген “л” тап-таза “ы”-сыз естіліп тұр. Оған “ы” жазудың керегі жоқ. “*Ылай, ылайық, ылаж, ылау, ілім, ілік, ылғи*” деген сөздерде “л” алдында “ы” анық естіліп тұр». Ал күмәнданатын жердің тексеру әдісі өлең өлшеуі болады деген.

Ғалым **h** әрпін қазақ тілінде бар дыбыстың таңбасы деген: «Шаршағанда – *yh*, жақтырмағанда *tүh*, өкінгенде – *ah* және *әh*, *үhлеу, үhлеген, аhламақ* дейміз». Қолданылатын реті аз болса да, тілде бар дыбыс болған соң, жоқтығы сезіледі дейді.

Ал **x** дыбысын **қ**-ның реңкі деп табады. Өйткені ғалым **x**-ның мағына айыратын қызметі шамалы дегенге саяды. Мысалы: *халық – қалық, құрметті – хұрметті, хажсы – қажсы* деген сөздердің қайсысын қолдансақ та түсінікті дейді. Автор көрсеткен бұл сөздердің ішінде тек *халық* сөзі ғана бүгінде **x** әрпімен таңбаланады. Ал *құрметті, қажсы* сөздері негізгі реңкке көшкен. Бұл қатарды *дастархан – дастарқан, дихан – диқан, рахмет – рақмет* деген сияқты, екінші сыңары жазуда кодификацияланып кеткен сөздермен толықтыра беруге болады. Ендеше, әліпби құрамын өзгертудің қазіргі қарсаңында **h** әрпін алып тастау туралы ойлану керек.

Сонымен, А.Байтұрсынұлы қазақ грамматикасы мен әліпбиін, емле ұстанымы мен орфограммалау әдістерін саралаған алғашқы лингвистердің бірі.

Негізгі әдебиет: А.Байтұрсынұлы Тіл тағылымы. Алматы: Арыс, 1992.

Пысықтау сұрақтары:

1. А.Байтұрсынұлы емлені неше жүйеге бөлді?
2. Таңба жүйелі емле, тарих жүйелі емле, туыс жүйелі емле, дыбыс жүйелінің әрқайсысына сипаттама беріңіз.
3. А.Байтұрсынұлы жазуда инвариант фонема ғана таңбаланатыны туралы қалай түсіндірді?

4. А.Байтұрсынұлы қысаң езуліктерді түсіріп жазудың қандай фонологиялық себебін атады?

Тапсырмалар.

А.Байтұрсынұлының төмендегі пікірлеріне талдау жасаңыз: «**р, л, у, и** әріптерінің алдында “ы” әрпі жазылу-жазылмауы естілуінше: естілсе жазылады, естілмесе жазылмайды. Мәселен: *лыта, леп, лепес, лап қойды, лаулап жанды, лоқы, лықылдап, Ленін, Лепсі* деген сөздердің алдында келген “л” тап-таза “ы”-сыз естіліп тұр. Оған “ы” жазудың керегі жоқ. “*Ылай, ылайық, ылаж, ылау, ілім, ілік, ылғи*” деген сөздерде “л” алдында “ы” анық естіліп тұр. Ал күмәнданатын жердің тексеру әдісі өлең өлшеуі болады»;

«*Қорғамбай – Қорғанбай, Арғымбай – Арғынбай, Тасқымбай – Тасқынбай, қоңған – қонған, жоңған – жонған, жаңған – жанған, көңген – көнген, өңген – өнген, сеңген – сенген, күңге – күнге* тұлғаларының соңғылары дұрыс, өйткені сөздің түбірі “*қорғам*”, “*арғым*” “*тасқым*” емес *қорған, арғын, тасқын* болады. Сондай-ақ [н] дыбысын *қ, ғ, ғ* дыбыстарының әсерінен айырсақ, дүдәмалдық жоғалады, “*қоныс*”, “*қондық*”, “*жону*”, “*жондым*”, “*жаньп*”, “*жанды*”, “*көніп*”, “*көнді*”, “*өніс*”, “*өнім*”, “*мініп*”, “*мініс*”, “*сеніп*”, “*сенім*”, “*күнде*”, “*күндік*” дегенде, “н” емес, “н” екені айқындалады».

А.Байтұрсынұлының <й> фонемасы туралы мына ойына пайымдау жасаңыз:

“...жарты дауысты тек дауыстылардың жанында ғана айтылады. Қай жерде /й/ тұрса, оның алдында [ы], [і]-нің біреуі болады. ... /й/-дің алды, артынан да **ы** естілсе, алдыңғысы жазылмайды да, соңғысы жазылады, мысалы: *қиын, тиын, киім, киік*».

Оқуға арналған материал

Емле туралы

Емле негізі 4 түрлі: 1) таңба жүйелі (негізі ынтымақ); 2) тарих жүйелі (негізі дағды); 3) туыс жүйелі (негізі тегіне қарай); 4) дыбыс жүйелі (негізі естілуіне қарай).

1. Таңба жүйелі емле арғынға дөңгелек таңба алайық.

Қыпшаққа “жіп” таңба алайық деген сияқты немесе “бірге” мынадай: “1” белгі, “екіге” мынадай “2” белгі алайық деген сияқты, не болмаса пәлен дыбысқа пәлен белгі алайық деп дыбыс басына әріп арнаған сияқты, тіл іліміне тірмей, тек ынтымақпен мына сөзді мынадай, ана сөзді анадай етіп жазайық деумен жасалатын емле жүйесі, емленің бұл жүйесін алу – алмау жағын сөз қылмай өтеміз, үйткені жоғарыда емлеміз қалай жасалса да, негізгі тіл іліміне, тіл жүйесіне тіреліп отырып жасалу тиіс дедік.

2. Тарих жүйелі – емле баяғы бір жасалған түрінде қолданып дағдыланғандықтан, тіл өзгерсе де өзгерместен әдеттенген бойынша қолданатын емле. Ондай емледе бір дыбысқа арналған әріп, тіл дыбыстары өзгеріп кеткендіктен, бірнеше дыбыстың ортасындағы ортақ таңба болуы мүмкін. Бір дыбысты жазуға бірнеше әріп жұмсалуды мүмкін немесе тіпті дыбысы жоғалып кеткен әріптерді әлі күнге жоғалмастан сөз ішінде жазылып жүруі мүмкін. Емлеміз бұл жүйелі болу-болмауын тағы сөз қылмай өтеміз, үйткені-дағдыланған емлеше жазамыз десек, емле мәселесі қозғалмас еді.

3. Туыс жүйелі емле – сөздің ауыздан шыққандай дыбыстарына қарамай, тегіне қарап отырып жазатын емле. Мәселен, ауыздан шыққанда “қорада бір қара ат тұр екен” дегенде “қара” деген “ат” деген сөздерді ауыздан шығуынша “қарат” деп жазбай, “қара ат” деп жазады. Сол секілді ауыздан шыққанда, “солай болсигеді” болып естілсе де, жазғанда “солай болса игі еді” деп, “болса”, “игі”, “еді” деген сөздердің тегіне қарап жазады. Бірақ осы күнгі емлемізше жазу бар болғандықтан, емленің бұл түрі сөз болуға тиіс.

4. Дыбыс жүйелі емле – сөздерді ауыздан шыққан күйінше жазатын емле. Сөздің ауыздан шығуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда ауыздан бір түрлі болып шығады, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады. Оның мысалын айқын түрде “ақ”, “көк” деген сөздердің айтылуынан көруге болады. Осы сөздерді оңаша жеке түрінде айтсақ, ауыздан айнымай шығады. Сол араға “өгіз” деген сөзді жалғас айтсақ, әлгі сөздеріміздің аяғы айнып, екінші түрлі естіледі (*Ақ өгіз – ағ өгіз, көк өгіз – көг өгіз*).

Дыбыс жүйелі емленің сөйлегендегі ауыздан шығуынша жазу түрін тілдік ілім-білім жүзінде қолданбаса, өнер – білім жүзінде еш жұртта қолдану жоқ. Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді. Сондықтан емлемізді

туыс жүйесіне қатысқан жүйелеріне қарамай, көпшілігіне қарап, дыбыс жүйелі деп атап келдік.

Жаңа емлешілер емле үйренуге жеңіл болу үшін дыбыс жүйелі болу тиіс дейді: керек орындарда ғана туыс жүйелі (сөз жүйелі) болсын дейді. Бұрынғы емлеміз дыбыс жүйелі емес бе еді? Туыс жүйесін керексіз орында кірістіруші едік пе? Бұрынғы емлемізде дыбыс жүйелі екендігін, туыс жүйелі қандай керек орындарда кірісетіндігін жоғарыда айтып өттік. Олай болса, жаңа емлешілердің емле жобасының бұрынғыдан басқалығы қай жерінде? Басқалығы мынадай: екі сөз, үш сөз жалғаса айтылғандағы дыбыстарының естілуінше жазу тиіс дейді (бұрынғы емлемізде әр сөз жеке айтылғандағы естілуінше жазылатын). Бұл бір. Екінші, үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі алмасып айтылатын дыбыстардың тегі тексерілмей ауыздан шығуынша жазылсын дейді. Бұрынғы емлемізде ондай дыбыстар ауыздан шығуына қарамай, тегіне қарап жазылатын. Мысал үшін бұрынғы емлеше жазу мен жаңа жобаша жазу арасындағы айырымын бірнеше сөз алып көрсетіп өтейік. Алдыңғысы бұрынғыша, соңғысы жаңаша жазылған сөздер болады: *Тұрғанбай-Тұрғамбай, қонған-қоңған, көнген-көңген, інге-іңге, бара алмайды-баралмайды, келе алмайды-келалмайды, келе алмай тұрмын-келалмай тұрмын, бүрсі күні-бүрсігүні, бұрнағы күні-бұрнағыгүні, жазды күні-жаздыгүні, тұзсыз-тұссыз, басыз, басыы-баишы, ізші-ішші, қазса-қасса* тағы сондайлар.

Мұны мен емле үйренуге оңай бола ма? Көз тануына, қол жүруіне жеңіл бола ма? Басқа түріктерге түсініктірек болып жақындар ма? – Жоқ. Олай болса, бұрынғыдан мұның несі артық деп аламыз? Емлені бұрынғысынан артық болғандай етіп өзгертуге мағана бар; бұрынғысынан төмен болғандай етіп өзгертуге мағана да, мақсат та жоқ. Кілең туыс жүйелі болсын дейтіндер де, кілең дыбыс жүйелі болсын дейтіндер де алдарында неге барып қамалатындарына не көз салмайды-ау деймін.

Кілең туыс жүйелі емле болсын дегенде, “балалы”, “тұзлы”, “атлы”, “баланы”, “тұзны”, “атны” деп жазатын болмақ. Бұлай жазу қолайлы болып табылар ма? Кілең дыбыс жүйелі болсын дегенде, “сөзшең” дегенді “шөшшең” деп, “ізшілер”, “ісішілер” деген сөздердің екеуін де бірдей “ішшілер” деп, “кигізсе” дегенді “кигіссе” деп, “кигізіше” дегенді “кигішіше” деп, “жазса” дегенді “жасса” деп, “қызса” дегенді “қысса” деп, “сезсе” дегенді “сессе” деп жазатын болмақ. Бұлай жазу

қолайлы бола ала ма? Екі жүйені де аралас тұтыну керек деушілер: керегіне қарап, екеуін де тұтыну керек дейді. Солай дейді де, мынау сөзді мынадай, анау сөзді анадай етіп жазайық деп, сөз басына ереже жасайды. Сөз басына ереже жасайтын болсақ, ондай емле қолайлы, оңай емле болып табылар ма?

Онан басқа тағы бір байқалып тұрған нәрсе сөздерді қосып жазуға құмарлық. Ол құмарлықтың ар жағы неге барып килігетініне тағы көз салынбайды-ау деймін. Мәселен: “*бара алмайды*” дегенді “*баралмайды*” деп жазу керек дейтін бар. Бұл қосылып айтылып тұрған сөздердің біреуі көсемше етістік, екіншісі көмекші етістік екен. Бұл екі түрлі етістіктің бірлесіп айтылуы ылғи бір көсемше, бір көмекшіден болып отырмайды.

Онан көбірек болып бірлесетін орындары болады. Менің ойымша, қопа қардай етіп емле жүйесін өзгертеміз демей, бұрынғы емленің кеміс жерлері болса, соларын тексеріп, соларын ғана түзеу. Басқа түріктерге жазу тіліміз түсінікті болу үшін мүмкіндігінше жанастыру жағына қарап икемдеу.

Байтұрсынұлы Ақымет

Емле туралы //“Еңбекші қазақ”. 1929. 27-март.

Мақаланы қазіргі графикаға аударған О.Жұбаева //

«Ұлттың ұлы ұстазы» (Алматы, 2001. 128-137-б.).

11-семинар. Қытай қазақтары тіліндегі төте жазу ерекшеліктері

А.Байтұрсынұлының әліпбиі бүгінде Қытай қазақтары жазба коммуникациясында қолданылады. Бұл туралы проф. С.Жанболаттың сөзін тыңдасақ: «1924 жылы Орынборда өткізілген қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш сиезі ресми қабылдаған Ахмет Байтұрсынұлының қазақ алфавиті Қытайда тұратын қазақтарға оңды да күшті дүмпу жасаған, оны «Жаңа әліп-би», «Жаңа емле», «Байтұрсын емлесі», «А.Байтұрсынов әліппесі» деген аттармен Қытайға тез жетуінен, 1925-1926 жылдарда Құлжа, Шәуешек, Сарысүмбезе (Алтайда), Үрімшіде көзі ашық зиялылардың үйренгенінен байқауға болады, он жыл өткен соң, бұл әліппе айтылған қалаларда жаппай ашылған мұғалімдер курстарында ресми сабақ ретінде оқытылды, тіпті «Әліппе астары» (авторы К.Дүйсенбаев, Алтайда), «Жаңа әліп-би» (Құлжада), «Әліппе» (Шәуешекте) дейтін оқу құралдары

басылып шыққан. Кей басылымдар, мысалы «Таң» дейтін журнал 1938 жылы Үрімшіде осы әліппемен қазақша шығармалар жариялай бастады.

А.Байтұрсынұлының жаңа әліппесі мен жаңа емлесінің Шыңжаңдағы қазақтар арасында талассыз қабылданған ерекшеліктері мыналар болды:

1) Көне араб алфавитіндегі *خ, ع, ن, ث* қатарлы таңбалар мен парсылар қосқан *ج* сияқты әріптерді қазақ тілінде қажетсіз деп шығарып тастау;

2) Қазақ тіліндегі дауысты дыбыс үшін 5 әріп *ا, و, ؤ, ی, ة* қабылдап, тіл алды (жінішке) дауыстыларын дәйекше (*ء*) арқылы (мысалы: *ء, ؤ, ؤ, ؤ, ی* түрінде) тіл арты дауыстыларын парықтау. Сөз басындағы дәйекше былайғы барлық буынды жіңішкерте алады, табиғи жіңішке *ء* мен жіңішке буындарда келетін *ك, گ* әріптері бар сөздерге дәйекшені (*ء*) қажетсіз деп тану;

3) Қазақтағы *у* мен *и* әріптерін дауыссыз дыбыстардың таңбасы ретінде қарау, буын құрағанда қосар әріптермен (*уу, үу, ый, ій* түрінде) жазу, *ء, ؤ* таңбаларына екі міндетті қоса міндеттеу, дауысты болғанда қос нүктені қойма, дауыссыз болғанда қос нүктені қою;

4) Дауысты дыбыстарды жазбай, жазылмаған әріптерді қоса, жазылғанын оқымай кететін немесе бір дауысты бірнеше әріппен жазатын, бір әріпті бірнеше түрлі оқитын көне дағдыларды тастау. Біздіңше, яғни А.Байтұрсынұлының төте жазуына бүкіл әлемде ең соңғы мұрагер болып отырған Қытайда тұратын қазақтарында, А.Байтұрсынұлының «Тіл құралын» араб әліппесі негізіндегі қазіргі қазақ жазуының алғашқы ережесі десек болады.

Қытайда Ахмет Байтұрсынұлының әліппесін алғаш қабылдағаннан қазірге дейін қазақ жазуы мен емлесіне жиыны 7 рет өзгертулер енгізілген. Ал 1954 жылғы әліпбиде дәйекшелі әріптер есептелмейді. Дәйекше «жіңішкелік белгі» деген атпен бір орын алды. Сонда әріп саны дәйекшемен қосқанда – 30. Және *қ, ң, з, ұ, һ* әріптері сынарларының қасында емес, әліпби соңына тізіледі.

Ал 1984 жылғы емле түзетуінде 33 әріп ретімен беріледі.

Біразға дейін талас тудырып келген «у» мен «и» дыбыстары қазір дауыссыз фонема деп танылады. Бұл туралы Мыркамал Жалелқанұлының 2010 жылы жариялаған мақаласынан оқуға болады.

Байтұрсын емлесі Қытай қазақтары арасына, Шыңжаңға тарағаннан кейін шет тілден енген (араб, парсы және еуропа тілдерінен) сөздерді дұрыс жазу үшін **х, һ, ф, ч** әріптерін қазақ алфавитіне қабылдау-қабылдамау туралы дау болған. Бірсыпыра оқымыстылар және баспа орындары өз еңбектерінде осы әріптерді қолданып та жүрді. Ал қазақыландыруды жақтайтын зиялылар қажетсіз деп білді. 1944 ж. саяси репрессиядан кейін қазақ-қырғыз ұйымының бір жиналысында жоғарыдағы 4 әріпті қабылдау мақұлданды.

Оның бір себебі Қазақстан қазақтарының өз тектеріне «ов», «ев»- орыс жұрнағын жалғап жазуына байланысты еді. Фамиялиядағы в әрпін у әрпімен жазу ыңғайсыздық әрі күлкілі жағдай туғызды. Мысалы, *М. Әуезовті М.Әуезоу* деген сияқты. Осыған байланысты Әнуар Көкей 1954 жылғы емлеге в әрпін енгізді.

Сол сияқты Қытай қазақтары емлесінде “ұ” мен «у» дың қосамжарласып жазылуы да таластың басы болған. *Оқуу / оқыу / оқу* нұсқаларының қайсысын таңдау қиын еді. Әнуар Көкей еріндікпен емес, езулікпен жазуды ұсынған: (*оқыу, тоқыу*). Сондықтан ол «Әнуар Көкей» емлесі деп аталған.

Кейін 1954 жылы 27 шілдеде Шыңжаң өлкелік халық үкіметі:

«1) Қазақ әрпіндегі қосар ұу-дың орнына, бір әріп «у» алынсын;

2) Қазақ тіліндегі қосар «ый» әрпінің орнына жеке «и» қолданылсын;

3) Орыс және басқа ұлттардың тілінен енген сөздерде жазылатын жаңа әріп «в» енгізілісін», – деп қаулы шығарды.

Ә.Көкейдің еңбегі туралы жазушы-профессор, дүниежүзілік қазақтар қауымдастығының төралқа мүшесі Солтан Жанболат былай дейді: «... Ахаңның төте жазуына жунгө қазақтары ішінен екінші рет өмір беру, әмбе оның сәтті де өміршен болуы үшін оны тағы да реформалай түсу, бүгінгі өзіміз әлі де қолданып жүрген күйге әкелу қажет болды. Міне, осы іргелі істі тындырып, зор да тарихи үлес қосқан адам Әнуар Көкейұлы ақсақал болатын».

Сөйтіп, 2001ж. соңғы түзетуден бері әліпбиде 34-таңба бар делінеді. Оның соңғысы – дәйекше деген атпен жіңішкелік белгісі. Ал фонема саны – 33, оның 9-ы дауысты, 24-і дауыссыз деп табылады.

Сонымен, А.Байтұрсын әліпбиінің жетілген түрі қазір Қытай қазақтары жазуында қолданыста.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазіргі Қытай қазақтары тіліндегі төте жазудың Байтұрсын әліпбиінен қандай айырмашылығы бар?

2. Әліпби мен емлеге байланысты басты өзгертулер қандай болды?

3. Қазіргі Қытай қазақтары әліпбиінде неше әріп неше дауысты мен дауыссызды бейнелейді?

Оқуға арналған материал

XX ғасырдың басындағы кенестік Қазақстан және түркітілдес республикалардағы әліпби реформасына тарихи талдау

Араб әліпбиінің орнына латын әліпбиін енгізу мәселесін XIX ғасырдың 60-65 жылдары алғаш рет әзербайжан ғалымы, драматург Мырза-Фатали (кей зерттеулерде Мырзахмет Әли) Ахундов мәселе ретінде көтерген болатын. Алайда патша үкіметі бұл мәселенің қалың бұқара арасына кең таралуына жол бермеді. Ол өз жобасын Түркия мен Иранның үкімет басшыларына ұсынғанымен, бұл елдің билеушілері де жазуда қиыншылықтар келтіретінін айтып, Ахундовтың жобасын қолдамайды.

XX ғасырдың бірінші ширегінде Түркия, Иран, Әзербайжан және Орта Азияда араб жазуының ол елдердің тілінің табиғатына сәйкес келмейтіні туралы сөз бола бастады. Түркі халықтары жазуын реформалау мәселесін алғаш тағы әзербайжан ғалымдары сөз етті. Жәдидшілдік, мұсылманшылдық өрлеген кезде Түркияда латын әліппесінің қозғалысы күшейе түсті. 1908 жылы Түрік парламентінде жаңа әліпби мәселесі көтеріліп, комиссия құрылды. Алайда комиссияда ауызбірлік болмағандықтан, бір жылдан кейін тарап кетті.

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Әзербайжанда әліпби өзгерту мәселесі қайта көтеріле бастады. 1919 жылы Бакуде Халық ағарту комиссариаты жанынан әліпбиді өзгерту мәселесі бойынша комиссия құрылып, бір жыл ішінде латын әліпбиін үйрету мәселесін қойды.

XX ғасырдың 20-жылдары кеңес үкіметі әліпбиді алмастыру мәселесін көтерді. Араб әрпінен латын әрпіне көшу шараларын

іске асыруда үкімет тарапынан арнайы дайындық жұмыстары жүргізілді. Якут республикасы 1921 жылы латын әліпбиіне көшті. 1919 жылға дейін арнайы жазуы болмаған Якутияның “Батлинговский” атанған орыс әрпіне негізделген жазуы бар еді. 1919 жылы якут студенті мерзімді басылым бетіне латын жазуы негізінде якут әліпбиінің жобасын жариялап, халық талқысына ұсынды. Ол кең қолдау тауып, барлық мектептер мен жоғарғы оқу орындары осы әліпби негізінде оқыта бастады. 1921 жылы Якут автономиялық республикасы жарияланғаннан кейін Новгородов үлгісіндегі латын әліпбиі мемлекеттік әліпби ретінде қабылданды.

1922 жылы 30 қаңтарда Бакуде Нариман Нариманұлының ұйымдастыруымен араб жазуын латынға алмастыру мәселесін көтерген түрік оқығандарының жиналысы өтті. Онда 1922 жылы орыс графикасына көшіруге қарсы болған бұқара халықтың наразылығын ескеріп, комитет төрағасы Н.Нариманов (С.Агамалыоглы) араб жазуын латынға ауыстыру туралы ұсыныс жасады. Ұзақ талқылаулардан кейін бұл ұсыныс қабыл алынып, Н.Нариманұлының төрағалығымен жаңа әліпбиге көшуге байланысты арнайы комитет құрылды. Комитет “Жаңа түрік әліпбиі” атты кітап шығарып, мектептерде осы кітаппен оқытуды ұсынды. 1924 жылы Әзербайжан үкіметі латын әліппесі негізінде құрылған жаңа әліпби шығару туралы декрет қабылдады.

Башқұрттар 1924 жылы жаңа әліпбиге көшу мәселесін көтеріп, Ташкентте өткен II пленумнан кейін Башқұрт үкіметі жаңа әліпби жобасын жасап, оны 1928 жылдың 7 мамырында бекітті. Жаңа латын әліпбиіне армяндар 1924-25 жылдан бастап көше бастады, 1926-27 жылдары бұл елде 30 шақты жаңа әліпби ұялары мен үйірмелері болып, оған 1460 адам мүше болса, 1928 жылы мүшелерінің саны 2800-ге дейін жетті.

Абхаз республикасы 1925 жылы профессор Н.Я. Маррдың әліпбиіне қабылдады. Түркімен КСР-да 1927 жылдың 7 сәуірінен бастап жаңа әліпби комитеті құрылып, 1928 жылы 3 қаңтарда Ташкентте өткен II пленумда Түркімен Республикасы Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен латын әліпбиі мемлекеттік алфавит ретінде жарияланды.

Түркімендер жаңа әліпбиге көшудің нақты мерзімін 1929 жылдың 5 қарашасына дейін аяқтауды белгіледі. 1926-27 жылдары Өзбекстанда латын әліпбиіне көшуге арналған 19 дайындық курс ашылды.

1923 жылдан бастап Қазақстанда да латын әрпіне негізделген жаңа әліпбиге көшу мәселесі көтеріле бастады. 1923-27 жылдар аралығында жаңа әліпбиді қолдаушылар мен бұрынғы әліпбиді жақтаушылар арасында тартыс, талас басталды. 1925 жылдан бастап жаппай латыншылардың “Жаңа әліпбишілер үйірмесі” немесе “Латыншылар үйірмесі” құрылды. 1925 жылы Н.Төреқұловтың “Жаңа әліпби туралы” атты кітабы басылып шықты. Қазақстанда латын әрпіне көшу мәселесін Нәзір Төреқұлов пен Мұхтар Мурзин көтерді. Олардың бұл бастамалары 1924 жылғы Қазақ білімпаздарының жиналысында үлкен айтыс-тартысқа түсті. Н.Төреқұловтың “Жаңа әліпби неге керек?” деген кітабы Мәскеуде жарық көрді.

1924 жылы Қазақ білімпаздарының съезінде Халел Досмұхамедұлы латын әрпін алуға қарсы болғанмен, латын әріптерінің жобасын жасауға қатысады. “Ақ жол” газетіне жариялаған “Қазақ тіліне латын әрпін алу мәселесі” деген мақаласында: “Өзіміздің осы күнгі әрпімізді бірден тастай салып, латын әрпін алуға қарсы пікірде болсақ та, айналамыздағы желіктің салқыны бізге де тиді. Қолданбасақ та латын әріптерін біз де тілімізге үйлестіріп көру керек. Топқа түсетін болсақ, біз де өзімізге лайық жобамен түсу керек. Пән ретінде қолдануға тағы керек”, – дейді. Ғалым латынның 14 әрпі (а, б, д, г, к, л, м, н, о, п, р, с, т, з) қазақ әрпіне сәйкес келетінін, сондықтан оны өзгеріссіз қабылдауды ұсынады. Ал н, ө, ш, қ, ч сияқты әріптердің латын тілінде жоқтығын айта келіп, оған лайықты шет тілдерде (неміс, ағылшын, поляк) қолданылып жүрген әріптерді жазуға болатынын көрсетеді. Мәселен, “ш” әрпін ағылшындарша “sh” деп жазуды ұсынады. Ол әріптерді латынша таңбалағанда, еуропалықтардан алысқа кептей, солардың қолданып жүрген таңбаларын қолдану қажеттігін де баса айтады.

...1928 жылдың қаңтар айында Ташкентте жаңа әліпби Бүкілодақтық Орталық комитетінің II пленумы болып, жаңа әліппе мәселесі бойынша істелген жұмыстардың есебі тыңдалды. II пленумнан кейін қалың бұқараның қалауымен Өзбекстан, Татарстан, Башқұртстан Республикалары жаңа әліпбидің алу туралы декрет қабылдады. Ендігі кезекте Қазақстан мен Қырым Республикалары латын әліпбиіне көшуі керек болды. Сол себепті жаңа әліпби комитеті қалың бұқара арасына үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін латыншылар қозғалысын ұйымдастыру мәселесін көтерді. 1928 жылдан бас-

тап Қазақстанда жаңа әліпби (латыншылар) қозғалысы өрістей бастады. Республиканың мерзімді басылымдарында қозғалыс барысы, латын әрпін насихаттау жұмысының барысы туралы хабарлар жарияланып тұрды.

...Қазақ латыншылары 1931 жылға дейін жаңа әліпбиге түпкілікті көшіп болатынын хабарлаған болатын. Бұл шараны іске асыруда басқа республикалар белсенділік танытып, газет-журналдарды латын әліпбиі негізінде шығарып, мектептері осы графиканы үйрете бастаған еді. III пленум “жаңа әліпби барлық жерде 1-2 жылда толық іске асын” деген қаулы шығарады. Жаңа Түрік Әліпбишілері Бүкілодақтық Орталық Комитеті мен Президиумының құрамына О.Жандосов сайланады. III пленумға О.Жандосов жаңа әліпби мәселесі бойынша Қазақстан тарапынан дайындалған резолюцияны ұсынды. Онда қазақ халқының жаңа әліпбиді қолдайтынын айта келіп, таяу арада жаңа әліпбиді енгізу шараларын қарқынды түрде дамыту қажеттігі туралы сөз болды. III пленум Жаңа Түрік Әліпбиінің (ЖТӘ) Орталық Атқару Комитетіне Қазақстандағы ЖӘК жұмысына материалдық қолдау көрсету қажеттігін ескертті.

...1929 жылдың 24 қаңтарында ҚАКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Е. Ерназаров пен осы комитеттің хатшысы А. Асылбековтің қол қоюымен Қазақ Орталық Атқару Комитетінің 6 шақырылымының IV сессиясының шығарған шешіміне сәйкес жаңа латын әліпбиі бекітілді. III пленумнан кейін қазақ латыншыларының конференциясы өткізілді. Онда 1929 жылдың аяғына дейін Қазақстанның 75 000 адамына жаңа әліпбимен хат танытып, 600 000-700 000 дана жаңа (латын) әліпбиін ел арасына тарату қажеттігі баса айтылды. 1929 жылдың 26 ақпанында жаңа қазақ әліпбиін енгізудегі Қазақ АКСР IV сессиясының шешімдерін уақытында орындау мәселесі қаралып, 1929 ж. 1 сәуірінен бастап бүкіл мекемелерге жаңа әліпбиді енгізу, осы мекемелердің қызметкерлеріне I маусымына дейін жаңа әліпбиді үйренуді міндеттеу және жаңа әліпбиді үйренуде оқу кітаптарын, қосымша құралдар шығару, жаңа әліпбиді үйрететін орындар (пункттер) ашу туралы қаулы қабылданды.

Жаңа түркі жазуының негізін ұзақ талқылау мен өңдеуден кейін 1929 жылдың 7 тамызында КСРО Орталық Атқару Комитетінің төралқасы мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі “Жаңа қазақ алфавитін енгізу туралы қаулы” қабылдады. 1929

жылдың 14 тамызда жаңа әліпбиді Халық ағарту комиссариаты қазақ мектептеріне латын әліпбиін толықтай енгізудің соңғы мерзімін 1930 жылдың 14 тамызына, яғни Қазақстанның 10 жылдық мерейтойына дейін аяқтауды белгіледі. Осы қаулы бойынша латын әліпбиінің енгізілу барысын тексеруге арналған комиссия құрылды.

Осы жылы жаңа түрік әліпбиінің Орталық Комитеті Одақтық Орталық Атқару комитеті жанындағы жаңа әліпбидің Бүкілодақтық орталық комитеті болып қайтадан құрылды. Бұл комитет 1940 жылдың соңына дейін жұмыс істеді. 1940 жылдың соңына қарай «Латындандырылған қазақ жазуын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» Заң қабылданды. КСРО түркі халықтарының жазуы ретінде орыс әліпбиінің (кириллица) енгізілуіне байланысты комитет таратылады.

Қ.Алдажұманов, Қ.Бурханов, С.Смағұлова, А.Құдайбергенова.

«Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы» (Алматы, 2007) жинағындағы мақаладан үзінді

12-дәріс. Латын графикасына негізделген қазақ жазуы

А.Байтұрсынұлының әліпбиін 1913ж. Стамбулда өткен кеңесте түрік, араб, иран жазуы үлгі етуге уағдаласып, қазақ жазуы ресми түрде 1924ж. бекіткенімен, әліпбиге берілген жоғары бағаға қарамастан түркі халықтарынан эзербайжан жазуы 1922ж. көшкеннен бастап басқа түркі жазулары да әр-сәрі күйде қалды.

Сөйтіп, 1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен түркітанушылардың съезінен кейін 6 наурызда қазақ жазуын латын графикасына көшіруді қолға алу тапсырылады.

1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен түркітанушылардың съезінде қаралған жазу мәселелері.

Қазақ тілінің түпкілікті жазуы болады деген төте жазуды латын жазуына ауыстыруға түрткі болған I-бүкілодақтық түркітанушылар құрылтайының жұмысы туралы айта кетудің

жөні бар. Өйткені съезд барша түркі халқының 600-ден астам зиялылары, К.Юдахин, Н.Ф.Яковлев, А.Н.Самойлович, В.В.Бартольд, Н.И.Ашмарин, Л.В.Щерба сынды Ресей ғалымдары, А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Н.Төреқұлов, Т.Шонанұлы, Б.Сүлейұлы тәрізді қазақ білімпаздары бас қосқан, түркі халықтарының тілі мен жазуын жаңа белеске көтерген аса ірі тарихи оқиға болып саналады.

Съезде емле, жазу мәселелері бойынша Л.В.Щерба, Н.Ф.Яковлев, Л.И. Жирков, Ғ.Шараф, А.Байтұрсынұлы, Н.Төреқұлов, Е.Омаровтар баяндама жасайды. Түркі тілдерінің ішінде латын жазуына көшуді бірінші болып әзірбайжандар көтергені белгілі. Оның себебін Н.Ф.Яковлев былай деп көрсетеді: мұнда қалалық әзірбайжан – 13% болса, халық сауаттылығы 1% ғана болды, бұл татар халқымен салыстырғанда 25% төмен. Ал қалалық татар халқы 4% еді. Сондай-ақ ғалым жазу дінмен терең байланыста, діні күшті халық жаңа жазуды алмауға тырысады деді. Бұл Е.Д.Поливановтың жазуын реформаламаған халық жаңа графикаға әуес келеді, оңай ауысады, ал жазуын жөндеп отырған тіл өзге графиканы құп көрмейді деген сөзімен үндесіп жатты.

Н.Ф.Яковлев, Л.И.Жирков сынды ғалымдар араб жазуы функциясының кемігендігін, жаңа тілдерді жаулап алу бағытынан тайғанын сондықтан жаңа прогресс, техника үшін латын жазуының қолайлылығын айтса, Л.В.Щерба әр халық өз тұрғысынан шешуі, жөн деп, бейтарап позиция ұстады. Араб жазуын жақтаушы Ғ.Шараф Н.Ф.Яковлев пен Л.И.Жирков латын графикасын дәріптегенмен, түпкі ойы басқа, олар орыс алфавиті де латын жазуынан кем емес деген мазмұндағы мақалаларын жариялап жүр дейді.

Жалпы, съезде шығып сөйлегендердің дені латын жазуының техникалық артықшылығы:

- қолдың ыңғайы,
 - көздің көруі,
 - техникалық жағы,
 - бас әріптің қызметі,
- араб жазуының кемшілігі:
- реформаланған араб әліпбиінің түпнұсқадан ауытқуы,
 - оңнан солға қарай жазылуы,
 - баспа қиындығы,
 - әріптердің танылмауы,
 - бас әріптің жоқтығы туралы сөз етеді.

Араб графикасын жақтағандарға (әсіресе, А.Байтұрсынұлына) психологиялық шабуыл жиі жасалады (отырғандар күліп, даурығып, кекетіп, тындамауға тырысады), латын графикасын жақтағандарды қолпаштап, ұзақ қол шапалақтап отырады.

А.Байтұрсынұлы төл жазудың жетілмей қалғанына басқа халықтың жауап беруі дұрыс емес, әр халық жазуының өз жолы мен деңгейі бар дейді. Орыс графикасын пайдаланып келе жатқан халықтардың латынға көшу себебіне күмәнмен қарайды.

Съезде А.Байтұрсынұлынан басқа сөз алған Ғ.Шараф, Г.Х.Алпаровтар әзірбайжан жазуы латын графикасының барлық таңбаларын пайдаланып отырған жоқ, бар-жоғы 47-56% -ын ғана қолданады, ол латын жазуы емес, өзгерген латын жазуы, бұл жазудың ғұмыры қысқа болады дейді. Дегенмен, дауыс беру нәтижесінде 101 дауыс латын графикасына, 7 дауыс араб графикасына, 9 дауыс қалыс қала отырып, латын жазуы қабылданады.

Құрылтай қарарында қабылданған емле ережелері. Латын графикасын қабылдайтын түркі тілдеріне ортақ емле ережелері де осы жиында қабылданды. Олар төмендегідей болды:

- орыс графикасының әріптерін алмау,
- бірдей дыбыстарға әріп алмау,
- диакритикалық таңба алмау,
- созылыңқы дауыссыздарды белгілемей,
- қосар әріп алмау,
- жіңішке дауыстыға таңба алмау,
- морфологиялық принципті *ярпақ-япрақ, торпақ-топрақ* деген сияқты сөздердің әдеби вариантын табу үшін пайдалану,
- дұрыс айту нормасын қалыптастыру,
- кірме сөздерді айтылуы бойынша игеру (орыстар буын жазуы бойынша игерген еді, енді айтылуы бойынша игереді),
- кірме сөздерді түпнұсқа тілдегі айтылуы бойынша алу (*волкан*, вулкан емес, *маскерад*),
- кірме сөздерді үндесім заңына бағындыру,
- кірме сөздер үшін әріп алмау (мысалы, орыс тілінде **ғ, һ, ө, ь** болмағандықтан *Heine – Гейне, Nygo – Гюго* болып жазылады),
- халықаралық сөздердің соңындағы дауыстыны қысқарту: *вакансия – ваканс, пианино – пианин, фортепиано – фортепиан*,
- кірме сөздерде **о** әрпі тұрса, [o] дыбысы етіп айту.

Алғашқы латын-қазақ әліпби жобалары. Сөйтіп, 1927-

1928жж. “Еңбекші қазақ”, “Лениншіл жас”, “Тілші” газеттерінде жаңа латын әліпбиінің жобасы, сол графикамен басылған тақырыптар жариялана бастайды. Ең алғаш жарияланған латын әліпбиінің жобасында 24 әріп, 1 дәйекше болды (яғни төте жазудың жүйесінен ажырамады). Олар: **a, b, c, d, e, h, g, j, i, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, u, v, y, z** және ‘ (Тілші, 17.09.27). Мұндағы **h** – <ғ>, **y** – <u>-<i> фонемаларын таңбалады. Кейінгі жоба (Лениншіл жас, 30.11.28) <ғ> – **q**, <ы>, <i> – **ъ** етіп берді. **Z** – таңбасы сызықсыз жазылып, дәйекше ^ – деген таңбасымен ауыстырылды.

1927 жылы (24.04) Мәскеуде өткен қазақстандық студенттердің жалпы жиналысында жасаған баяндамасында Н.Төрөқұлов жазуды ауыстыруға әлі ерте, оған он жыл керек дегенмен, латын жазуына көшу басы ашық мәселе болғаннан кейін, өзінің авторлығымен әліпби жобасын жасайды. Ол Е.Д.Поливанов еңбегінде “Аслаг’а” деп аталған.

Н.Төрөқұловтың әліпбиінде 28 әріп, бір дәйекше болды: **a** <a>, **e** <e>, **i** <ы>, <i>, **o** <o>, <ө>, **u** <ү>, <ү>, **p** <п>, **v** , **m** <m>, **f** <ф>, **w** <y>, **t** <t>, **p** <ғ>, **d** <d>, **s** <c>, **z** <z>, **c** <ш>, **j** <ж>, **n** <n>, **l** <l>, **r** <r>, **y** <й>, **k** <k>, **g** <г>, **q** <к>, **x** <x>, **h** <h>, **η** <n>, **э** <э>, ‘

Әліпбиде <ф>, <x>, <h>, <к>, <ғ>, <к>, <г> дыбыстарының әрпі бар. Ал <э> фонемасы басқа жұп дауыстылардан бөлек, латын графикасында жоқ таңбамен белгіленеді, яғни 1926ж. құрылтай қаулысына сәйкес емес **э, p, η** таңбаларын жасайды.

Н.Төрөқұловтан кейін **Х.Досмұхамедұлы** латын графикасын қолдамаса да, қызмет бабының ыңғайымен, саналы түрде жаңа әліпбиге көшуді ұсынып, латын әліпбиінің жобасын құрады. Бірақ науқан түрінде емес, қазір қолданып отырған әліпби мен емлені жетілдіріп, жаңа графикаға біртіндеп өтуді ойластырады. “Қолданбасақ та латын харіфтерін біз де тілімізге үйлестіріп көру керек. Тез арада, әсіресе әкімшілік әдіспен көшіру мәдениет ісі үшін залалды һәм саяси тұрғыдан да байыпты емес” дейді.

Х.Досмұхамедұлы әліпбиінде 14 әріп латын алфавитіне сәйкес алынады да, апостроф (') пен дәйекше ауыстырылады: **a, b, d, e, g, i, j, k, l, m, n, o, o, p, r, s, sh (u), t, u, y, z, к', h, ch (ш), tsh (ч), f, k, g', n'**. Әліпбиде <ч>, <ф>, <u>, <ш> сияқты орыс тілі дыбыстарына таңба арналған, <к>, <г>, <ң> фонемалары **к', g', n'** арқылы белгіленеді. Бірақ аталған әліпбиде апостроф жіңішкелікті екінші мәрте көрсететін кезі бар: 'k'өр

– көр, сондай-ақ басқа функцияда да (**n'<ң>**) жұмсалды. Шет тіл дыбыстарына қосар таңба алынды да, бұл I түркітанушылардың құрылтайында қабылданған қаулыға сәйкес келмеді.

Жалпы, латын жазуына көшу Орта Азия түркі халықтарында, әсіресе татар халқы мен қазақ даласында бірауыздан қолдау тапқан жоқ. Процесс өте баяу, жай өрбіді. Сондықтан 1928 жылы 18-23 желтоқсан аралығында Қазанда жаңа түркі әліпбиінің бүкілодақтық орталық комитетінің III пленумы шақырылады. Қазақстаннан Асфендияров, О.Жандосов, Нұрмақов, Т.Шонанұлы, Тоғжанов, Т.Рысқұлов сынды білімпаздар қатынасады. Пленумда көтерілген мәселелер негізінен латын әліпбиіне көшу баяулығы, әзірбайжан жазуы қабылданған әліпби негізінде өзге түркі халықтарының әліпбиін бірдейлестіру, жазу тарихындағы сол дәуірді мұрағат ретінде сақтау, бас әріп мәселесі, емле принципі, фонетикалық пен морфологиялық принципті қатар ұстау деген мәселелер төңірегінде болды. Н.Ф.Яковлев унификацияның графикалық, фонетикалық, орфографиялық түрлері болады. Негізгі бірлестіру фонетикалық болып табылады, ол әр таңбаның ортақ дыбыстық мағынасы бар болу деген сөз деді. О.Жандосов Қазақстан латын жазуына көшуді кешеуілдетіп отырса да, бірлестіру жағынан Әзірбайжаннан алда тұр, бірлестіру негізіне бір жазуды алу деген дұрыс емес, өйткенде әр халық өз жазуының дұрыстығын дәлелдейді. Толық унификация жасау мүмкін емес, дауыссыздарды да бірлестіру керек деді автор және Қазақстанда ескі арабшылардың күні таяды дегенді былай білдірді: “было время, когда казахский крестьянин по поводу любого вопроса, имеющего большое общественное значение, спрашивал, что скажут Букейханов и Байтурсинов. Это два толпа казахского прошлого, казахского национализма, смесь патриархальных предрассудков с буржуазно-националистическими представлениями”.

Сөйтіп, 1929 жылы қазақ жазуының араб әліпбиінен латын графикасына түпкілікті көшкенін хабарлайтын “Жаңа алфавит туралы қаулы” шықты. Мұндағы әліпбиде 29 әріп болады (3-кесте).

**3- кесте – 1929ж. латын графикасына
негізделген қазақ әліпбиі**

рет саны	әріп	фонема	рет саны	әріп	фонема
1	a	<a>	16	в	<б>
2	ь	<ы>	17	d	<д>
3	o	<o>	18	g	<г>
4	u	<ү>	19	ŋ	<ғ>
5	e	<e>	20	z	<з>
6	ə	<ә>	21	č	<ж>
7	i	<i>	22	h	<һ>
8	ө	<ө>	23	m	<м>
9	y	<ү>	24	n	<н>
10	p	<п>	25	ŋ	<ң>
11	t	<т>	26	v	<у>
12	k	<к>	27	l	<л>
13	q	<қ>	28	r	<р>
14	s	<с>	29	j	<й>
15	c	<ш>			

Әліпби сипаты. Әліпбиде қазақ тілінің өзіне тән 9 дауысты-сы мен 20 дауыссыз фонемасына әріп арналды. <қ>, <ғ>, <к>, <г> дыбыстарының жеке таңбасы болды. ь <ы> таңбасы орыс алфавитінен алынды, ŋ <ғ>, č <ж>, ŋ <ң> таңбалары болды және одағайларда ғана қолданылатын шығыс кірме сөздерінде жазылатын h <һ> дыбысының әрпі бар. Алфавитте бұдан басқа кірме сөздерде кездесетін әріп қатары болған жоқ.

Пысықтау сұрақтары

1. Латын графикасына өтудің тілдік және тілдік емес себептері қандай?
2. Жазуды ауыстыру қашан, қандай оқиғадан кейін басталды?
3. Латын әліпбиінің алғашқы жобаларына ортақ қандай ерекшеліктерді атап едіңіз?
4. Қазақ-латын әліпбиіндегі әріп саны қанша және графикалық ерекшеліктері қандай болды?
5. Баку конференциясында қабылданған әліпби мен емле талаптарынан қандай тұжырымды байқайсыз?

1-тапсырма.

Берілген сөздерді 1929 жылы қабылданған латын алфавиті бойынша жазыңыз:

Социалист, программа, химия, банк, холдинг, пресс-конференция, хат.

2-тапсырма.

Бос орындарды 1929 жылғы әліпбидегі тиісті әріптерді қою арқылы толтырыңыз:

P_jonis, qar_vlb, o_ьпçьq, qol_at, әlipbi_, ca_ьmpaz, dokt_r.

3-тапсырма

1929 жылғы латын әліпбиі бойынша берілген мәтіндегі қателерді табыңыз.

Сана теқьналoг - педагогтьн тьмkindigin кьуҗететин қural, бирақ ол тьғалимди алмастьра алмаидь. Кампьтер тьмkindиктери рьсььқологьја мен дьждактьjk турғьсьнан тaldаньр, керек кезинде педагогикальқ талaptарға саж қoldаньлуьв керек.

Bilim берьв cyjesиндегі қajта қuruvлардьн negizgi сувbektиси - тьғалим. Qazirги мектерке ьғартацььльқ izdenis қabileти дамьған, сана педагогьйкальқ теһنالогьжалардь cete мengerген, тamандьқ ьеберлиги қальптасқан тьғалимдер қacet.

Сана ақпараттьқ теқьналoгьjмен орьндalатьн қьзьмет өзинин кез келген нақть формасьнда тижимdireк орьндalадь, adam өркенijetti bola bastajдь.

4-тапсырма

1929ж әліпбимен жазылған термин сөздердің, төл сөздердің, күрделі сөздердің, қосымшалардың емлесіне талдау жасаңыз:

обылыс, бөлшебектік, Петірпауыл, нұрсент, не дәуір, әлде қашан, өктәбір, Галашөкін, партыйа, кәмійтет, апортұншылдық, айаусыз, қызғу, кірісуу, алды мен, ұрғу, қалқоз, бастырғу, жөнелтуу, аударғу, тийісті, кектір, жатғу, пәкті, жойғу, нойабір, үйел, піленум, тұғызғуу, піленум, деректібі, Қазағыстан, қаупы, жыйын, сыйпыр, сыйақты, ұклон, айаусыз, ағұс, Әуліе ата, «Нобйайажыйзын», өндіріс уушаскесі, кәмесер, бірігаділер, быйылғы, кәзір, айақталғу, оң

түстік, ауылиаруашылық, тәжірйбе стансалары, спатталды, егілуу, тийісті, небырал, әрйіне, аяқсытқандық, әкәдемйе, сесйе, қабар, үйін, каушық, тұуралы, жана басқа, Ленінгірат, бірігаді, респөблійке, қалық кәмесерлері, әртел, ауыл-пәсөлке, кәперетсе.

5-тапсырма

1930 жылғы газеттерден алынған төмендегі сөздердің орфограммаларын топтастырып, емлесіне сипаттама беріңіз:

qosuv - қосуу, qyzuv - қызуу, kirisuv - кірісуу, uruv - ұрғуу, vastyruv, bastырғуу, çoneltuuv - жөнелтуу, avdaruv - аударуу, aluv - алуу, orьndaluv-орындалуу, dajьndaluv-дайындалуу, siv - иғуу, çatuv - жатғуу, biluv – білуу, boluv - болғуу, otyruv - отырғуу, saluv – салғуу, bastaluv-басталуу, turqьzuv-тұғызғуу, çiberuv-жіберуу, uvlastьmaj – ұластырмай, oвььсь – обылысы, qazaqьstan – Қазағыстан, aьььqca – айырықша, ajausьz – аяусыз, maja - мая, uja - ұя, sьjaqtь - сияқты, çojuv - жоюу, qojuv - қоюу, ujat – ұят, partьja – партыйа, kәmijtet – кәмітет, tijisti – тийісті, әvlije – әулийе, bьььlqь – быйылғы, tәçirijbe – тәжірйбе, әsijin – әшійін, әrijne – әрйіне, çьjnav - жьыйнау

Оқуға арналған материалдар

Латын әліпбиін қабылдауға байланысты туындаған емледегі қиындықтар

Одақтың жаңа әліпби комитетінің III пленумында қатысқандар жаңа әліпбиді “Жұмысшы – қара шаруа әліпбиі” деп айту керек деп ұсыныс айтты. Латын әліпбиін енгізу шаралары іске асты. Мысалы, Ораз Жандосұлы “Жұмысшы қара шаруа әліпбиі” деген мақаласында мынандай міндеттерді көрсетеді:

1. Жаңа әліпбиге көшуді шындап қолдап, оны іске асыруды үкімет жолы мен міндет қылу сияқты тиісті үкімет шараларын тез қолдану керек;

2. араб әліпбиіне жұмсалатын бар қаражат бұлағын жаңа әліпбиді өркендетуге жұмсау керек;

3. жаңа әліпби мен көп етіп әліпби кітаптарын жана әрі арзан, әрі елге ұғымды кітаптар бастырып тарату керек.

4. Алдымен қала-қалада жаңа әліпби сауатсыздығын және ісін қолға алу керек.

5. Мәдениет майданында қатар түзеп, қаладан ауылға аттаныс жасау, сүйтіп жаңа әліпбиді мүлиендеген қара шаруа бұқарасы арасында тарату керек.

Одақтық жаңа әліпби кіндік комитеті құрылды. Кіндік комитетінің әр түрік республикасынан өкілдері болды. Кіндік комитетінің төрағасы Самат Ағамалыұлы болды.

1929 жылдың жаңа оқу жылынан бастап, Қазақстанның барлық оқу орындарында оқуды жаңа әліпбимен жүргізуге шешім қабылданды. 1929 жылдың 20 ақпанынан бастап “Еңбекші қазақ” газетінде “Уроки казахского языка для европейцев” деген атпен жаңа әліпби сабағы (80 сабақ) жүйелі түрде басылып тұрған. Сонымен қатар газет бетінде наурыз айынан бастап кей мақалалар латын графикасында беріле бастаған. Мысалы: Т.Шонанұлының “Шет сөздер імләсі жайында” т.б. мақалалар латын графикасымен жарық көрген.

Жаңа әліпбиге көшуге байланысты емле мәселесінде бірқатар таластар, қайшылықтар болды. 1929 жылғы 18 ақпанда “Еңбекші қазақ” газетінің бетінде Қазақстан Орталық жаңа әліпби комитетінің емле мәселесі туралы тіл білімпаздарына, оқушыларға, барлық жазушыларға ашық хаты жарияланады. Онда 1929 жылдың 20 наурызында Қазақстан оқу комиссияриаты шақыратын білімпаздар съезіне дейін емле мәселелері талқылануы керектігін ескерте келіп жан-жақты емлеге енген өзгерістерге оқушылардың пікірлерін сұрайды. Ондай өзгерістер:

1) ұзын “ұу”, “сұу”, “асыулар” бір түрде (UY) жазылып, (жіңішке естілгенде де) бір түрлі UY жазылсын;

2) бірнеше түбірден құралған бір мәнді сөз (*бас алқа, от арба, жел-бау, көзі қорақты, жол соқты, аты сұрау, қан сұрау, күн елту, әр кім, бір жола, еш деңе*) тұтас жазылсын;

3) “*Кенжеғұл*”, “*Аяғөз*”, “*кетпен*”, “*жоңқа*”, “*Бұрамбай*” сияқты бір мәнілі сөздердің ішіндегі дүдәмал дыбыс естілуінше жазылсын;

4) бір мәнілі сөз деп қандай сөздерді айтуға болады? Кей бір дыбыстары жоғалып, екі түбірден кірігіп қысқарған сөзді айтамыз ба? Сөйлем ішіндегі мәнісіне (сұрауына) қарап, бір мәнілі деп табу керек пе? Болмаса, басқа өлшеуіш бар ма?

5) тұтас сөздің ішіндегі “з”, “ж”, “ш”, “с” дыбыстары естілуінше емес, түбірінше жазылсын (*тас -тасша, таз- тазша, тәжж – тәжжша, ас – асша*);

6) түбірдің дыбысына жалғау, жұрнақтың дауыссыз дыбысы ықпал етпесін (*түн-түнгі* боп жазылсын, естілуінше *түңгі* боп жазылмасын);

7) **л, р, у, и** ден басталатын сөздерде (*қап, лосу, рабай, рұқсат, уақыт, іне*) **ы, у** дыбыстары сөз басында дүдәмал естілсе жазылмасын;

8) есімшені” “түн” жұрнағы (*баратүн, келетүн*) естілуінше “тін” боп жазылсын. “Үшін”, “үркер” сияқты сөздерде **ү, ө, і, е** жазылсын;

9) демеу жалғауының қосалқы қосымша сөздер (*ғой, гана, мен*) дыбыстары естілуінше, түбір сөздер сызықша мен айырылып жазылсын (*берді-ғой, рас-қой, шақ-қана, жүрсек-те, алды-ма, келіп-бе, адам-мен, еп-пен*);

10) сын есімді күшейтетін үстеу буындар (*қап-қара, оп-оңай*) естілуінше қосылып жазылсын;

11) *ау, ай* одағайлар сөзге тіркелгенде (*япырмау, жанымай*) бірге жазылсын, сөзден бұрын келгенде, бөлек жазылсын (*Ай, Асан*);

12) *еке (аға, еке)* жұрнағы өзге жұрнақтарша түбірге бірігіп жазылсын (*ағаеке*);

13) кейбір көмекші етістіктер (*бар, жүр, еді, ген еді*) етістікпен бірге иә сызықша мен айырылып жазылсын;

14) “сын”, “сық” боп қысқарып айтылатын *соң* сөзге келгенде бірге жазылсын (*барғансоң, онсын*).

Осыған байланысты “Еңбекші қазақ” газетінің бетінде ұсыныстар жасаған, айтысқан т.б. көптеген мақалалар жарық көреді. Мысалы: Байтұрсынұлы А. “Емле туралы” (1929, 27 наурыз); “Қазақстан мен Қазағыстан туралы”, Дулатұлы М. “Емле өзгерту жайында”, “Емле жайындағы пікірлер”; (Ақдәулетұлы Әбділда, Мұқанұлы Сәбит, Есенғали Манабайұлдарының пікірлері) (1929, 28 наурыз); Қайменұлы І. “Емлені түзету туралы” (1929, 10,19 наурыз); Мамытұлы “Емле, пән атаулары туралы” (1929, 19 наурыз); Марғұлланұлы Ә. “Жазу мәселесі” (1929, 16-17 тамыз); Аймауытұлы Ж. “Әліпби емлесіне түсінік” (1929, 18 ақпан); “uv,v,iv,yv” (1929, 9 наурыз); “Әдеби тіл мен емле” (1929, 12 мамыр), Аймауытұлы Ж. “Емле, әріп жайында”, “Емлені өзгертуге жоба”, “Тағы да емле туралы”, Аманжолов С. “Жаңа емленің кейбір дыбыстарын өзгерту, емле мен терминдерді дұрыстау туралы”, Омаров Е. “Айнымалы дыбыстардың жазылу мәселелері”, Уәлитов Ш. “Емлені өзгерту жайында”,

Шаймерденов Е. “У” мен “И”, Байтоғайұлы Б. “Қос сөздер туралы, Омаров Е. “Емле мәселесі”, Шонанов Т. “Шет сөздердің імләсі жайында” т.б. атауға болады.

Бас әріп мәселесі латын әліпбиіне көшкеннен кейін кейін талқыға түсті. Әсіресе бас әріпті алу-алмау мәселесі туралы газет бетінде біраз таластар болған. Бұл мәселеге әсіресе оқытушылар белсене үн қосқаны байқалады. Ондай мақалалардың қатарына: “Бас әріпті былай алайық” (1929, 26 қараша); “Бас әріп туралы айтыс” (1929, 2 желтоқсан); Ш.Тоқжігітов “Бас әріптің керегі жоқ” (1929, 2 желтоқсан); “Бас әріп керек” (1930, 4 ақпан); “Бас әріп керек не, жоқ па?” т.б. жатқызуға болады. Бұл мәселе латын графикасына көшуге байланысты туындағаны белгілі. Бүкілодақтық Орталық жаңа түркі әліпбиі комитетінің І пленумында бас әріпті жою не сақтау туралы мәселе қойылып, онда бас әріпті алмау туралы шешім қабылданады. Көп ұзамай бас әріпті кіргізу мерзімі жайында 1930 жылғы 2 маусым айында Қазақстан Орталық Атқару комитетінің қаулысы бойынша алынады (Еңбекші қазақ. 1930. 20 октябрь. №232). 1930 жылдың 11 сәуірінде Қазақстан Орталық атқару комитетінің “Бас әріпті алу туралы” қаулысы шығады. Онда 1931/32 оқу жылына арналған оқу құралдары бас әріппен басылсын, барлық мерзімді әдебиет 1931 жылдың бірінші қаңтарына шейін барлық оқушыларын бас әріптің түрі мен ережесімен таныстырып болсын да, сол күннен бастап бас әріпке көшсін, 1931 жылдың қаңтарынан бастап оқу құралдары бас әріппен басталсын т.б. қаулыларды қабылдайды.

О.Жұбаева, Қ.Күдерінова, Н.Әміржанова «Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы» (Алматы, 2007) жинағынан.

12-семинар. 1929 жылғы Қызылордада өткен ғылыми орфографиялық конференция материалдары

Сөйтіп, жаңа жазудың графикасы мен орфографиясы және емле принциптерін айқындау және қазақ тілі емле ережесін талқылау, қабылдау үшін 1929 жылы 2-4 маусым аралығында Қызылордада ғылыми орфографиялық конференция шақырылады. Конференцияға Е.Омаров, Юдахин, Т.Шонанұлы, Вундцетель, Байділдин, Қ.Кемеңгерұлы, Әлібаев, Байманов, Тоқтыбаев, Е.Д.Поливанов, Қ.Жұбанов қатынасады.

Қазақ орфографиясына қатысты бұл алғашқы ғылыми конференцияда мынадай негізгі мәселелер сөз болып, ұсыныстар айтылды.

Емле принципі туралы:

- Емле фонетикалық принципке негізделеді. Фонетикалық принцип былай түсіндіріледі: “Наш фонетический принцип – не принцип фонетической академической транскрипции. Мы понимаем под словом фонетическим принципом передачу без искажения смысла слова, звуков нашей речи”. Яғни фонетикалық принцип сөз мағынасын айыратын фонеманы ғана таңбалайды дегенге саяды. Және морфологиялық принцип те фонематикалық негізде түсіндірілді. “Но и там, где мы применяем морфологический принцип, под этот принцип подводим фонетическое объяснение, ибо по нашим наблюдениям нет такого пункта в нашем правописании и не должно быть такого места в нашем языке, которой возможно было бы объяснить фонетически” (Т.Шонанұлы).

- қазақ тілінде диалект болмағандықтан морфологиялық принциптің қажеті жоқ (Т.Шонанұлы, К.Юдахин, Е.Омаров); түбірді фонетикалық қосымшаны морфологиялық принциппен жазуды тіл табиғаты қалайды, бірақ морфологиялық жазуды 15-20 жылдан кейін енгізу (Е.Омаров);

- шет сөзін түпнұсқа принципімен жазып, өз тіліміздің дыбыстық құндағында (Н.Уәлиұлының термині) оқу (Е.Омаров);

- *құрлы, қой, қана* сөздерін морфологиялық принциппен жазу (Е.Омаров), (К.Кемеңгеров);

- **-шы** жұрнақтарын (*барсайшы*) түбірмен бірге жазу (К.Кемеңгеров);

- *ғана, гой, ма, көрі* шылауларын фонетикалық принциппен жазу (Е.Омаров);

- барлық түркі тілдерінде палатал үндесім жетекші, сондықтан емлеге осы үндесімді негіз ету (Т.Шонанұлы) деген пікірлер болды.

Ал **ерін үндестігі туралы** мынадай қарама-қарсы пікірлер айтылды (стенограммадағы сөйлеу стилі өзгертілген жоқ):

- ерін үндесімі бұдан 50-60 жыл бұрын күшті болса (В.В.Радлов), бүгінде құрып барады (Т.Шонанұлы, Әлібаев) // ерін үндесімі мүлде құрығаны ғылыми түрде дәлелденген жоқ, сондықтан ойласу керек (Юдахин); // еріндіктерді бірін-

ші буыннан артық жазбау // ерін үндесімінің күші қазақ тілінде II буынға дейін сақталуы тиіс және солай жазылуы қажет (К.Кемеңгерұлы).

- ерін үндестігін сақтау тиімсіз, бірақ шет сөздерді игергенде екінші буынға да жазу (Е.Омаров) // кірме сөздердің соңғы буынындағы еріндікті алдыңғы буынға шығарып жазу (*висмут-вүстит*) (Т.Шонанұлы).

Қысаң езуліктердің емлесі туралы:

- сөз аяғындағы **ы, і** езуліктері қосымша жалғағанда түсірілсе, түбірде де жазбау (Т.Шонанұлы);

- қысаң езуліктерді мүлде таңбаламау: *млқтқ* (Байділдин, Әлібаев; // қысандарды барлық позицияда таңбалап отыру (Е.Д.Поливанов).

Позициялық алмасуды таңбалау туралы:

- емледе ілгерінді ықпалды ғана белгілеу (Т.Шонанұлы);

- түбір мен қосымша аралығында **п-б, қ-ғ, к-г, п-у** өзгерісін белгілеу (Т.Шонанұлы);

- аталған позициядағы **н-м, н-ң** өзгерісін жазуда белгілемей (Т.Шонанұлы).

Бірге/бөлек таңбалауға байланысты:

- қосымшаларды бірге жазу, ал жартылай қосымшаларды бөлек жазу: “тілдің еркін дамуы үшін түбір мен жартылай қосымшаның бірге жазылмауын назарға алуымыз керек”;

- тілтұтынушы санасында бөлек сөз болып табылмайтын күрделі сөздерді бірге жазу (Т.Шонанұлы);

- бейүндес біріккен сөздерді дефиспен жазу (Алибаев);

Жеке әріптердің емлесіне қатысты:

- **ж, ш, й** дыбыстарының жіңішкеруі (*шәй, жәй, тийін*) тілде бар болса, оның емлесін айқындау (Т.Шонанұлы);

- **ш, ж, й** дыбыстарының аралығындағы [а]-[ә] дүдәмалдығын қосымшаның жуан жалғанатынына қарап, **а** ретінде таңбалау (Т.Шонанұлы); өйткені <ж>, <ш>, <й>-лардың жіңішкеруі диалектке байланысты болуы мүмкін (К. Юдахин);

- сөз аяғындағы <б>-ны таңбалау (*болыб, келіб, саб, қаб*).

- <к>-нің жіңішкеруі мен <қ>-ның жуандауын (*әкт, пыртақол*) жазуда белгілеу (Кемеңгеров);

- **h** әрпін әліпбиге алмау: *қаһарман* сияқты сөздерді *қаарман* деп жазу (К.Кемеңгеров, Тоқтыбаев).

Кірме сөздердің емлесі туралы:

- шет сөздерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына икем-

деп жазу, игеру тәсілдеріне қазан төңкерісіне дейінгі дыбыстық өзгерістерді алу (Т.Шонанұлы); шет сөздерді морфологиялық принцип арқылы игеру; өйткені кірме сөздердің “тасқыны” оларды өте аз уақытта табиғи түрде игеруге мүмкіндік бермейді (Қ.Кемеңгерұлы);

- шет сөздердегі <ц>-ны-[ш] етіп игеру, себебі *шіркеу-церковь* болып игерілген, <в>-ны дауысты аралығында [у], сөз басында [б], тұйық буында [п] етіп игеру, ер адам фамилиясының соңын [п], әйел адам фамилиясының соңын [ya] етіп жазу (Е.Омаров). “А это значит, что мы от иностранных слов берем основу, имеющую материальное значение, с подчинением всех морфологических и других наращений этой основы свойствам казьязыка” (Т.Шонанұлы);

- өзге тіл фамилиясын түпнұсқада жазу (К.Юдахин),

- өзге тіл фамилияларын икемдеп жазу (Е.Омаров);

- орыс тіліндегі <г>-ны ж әрпімен беру дұрыс емес (К.Юдахин);

- орыс тілінің айтылуын шет тіл сөздерінде сақтау (Юдахин);

- кірме сөздерді өзгертпей жазу, бұрынғы игеріліп жазылған сөздерді түпнұсқа тұрпатымен жазу (Байділдин).

- сөз басында **г, ғ, ч, у, й** әріптерін таңбаламау, кірме сөздерде не түсіріп жазу, не қатандатып беру (Е.Омаров);

- шет сөздерді қазақ тілінің фонетикалық заңына сәйкес игеру, мысалы, *космос-космыс, газ-газ, смола-спала* (Е.Омаров);

- жазуға дейінгі кірме сөздер мен жазу қалыптасқаннан кейінгі кірме сөздерді екі түрлі принциппен жазу, мысалы, *жазырапия*, бірақ *география, геология* (К.Юдахин);

- шет сөздерді орыс тілі арқылы алмау, *европа-европ* (европы)деп жазу (Е.Омаров);

- шет сөздері халық тілінде қалай игеріліп жатқанын зерттеу үшін материал жинау (К.Юдахин).

Сөйтіп, конференцияда көтерілген мәселелердің ішінде кірме сөздердің емлесі үлкен қиындық тудырды. Комиссия мүшелері ортақ пікірге келе алмай екіге бөлінді. Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Т.Шонанов бастаған топ терминдерді игеріп жазуды ұсынды, екінші топ (Қ.Жұбанов, Байділдин, Әлібаев) терминдерді орыс тілі емлесіне жақындатып жазуды жақтады.

Қабылданған емле ережелерінің ескертуінде мынадай өзгеріс болды: “Применяя фонетический и морфологические принципы

казахском языке в правописание иностранных слов, нужно избегать искажения основы иностранных слов, имеющее материальное значение без особой на то надобности” (Т.Шонанов). Бірақ Е.Омаров ережеге мынадай пункттің енуін қалайды: “для выяснения характерного применения вышеизложенных принципов к орфографии иностранных слов ориентироваться на европейские слова, непосредственно воспринятые живым народным языком с русским, а потом на слова перешедшие с арабского и персидского”. Комиссия мүшелерінің көбі бұл пікірді құптамайды.

Міне, конференцияда сөз болған мәселелер мен ұсыныстардың ұзын-ырғасы осындай.

Бұл ұсыныс-пікірлерден қазақ графикасы мен орфографиясының негізгі ережелерінің алғашқы нұсқасы сөз болып отырған емле конференциясында (1929ж) жасалғанын көреміз.

Конференция мына мәселелерді айқындап берді:

- қазақ жазуының негізгі ұстанымы (фонематикалық);

- халықаралық сөздердің қазақ тілі дыбыстық заңдылығына сай игеріліп, әліпбидегі әріп шегінде таңбалуы: атап айтқанда, <ф> → [п] / *panar*, <г> → [г’], [ғ] *ěaz, ěybirne*, еуропа жазуларындағы **ch** тіркесін, орыс жазуындағы <х>, араб тіліндегі <h> дыбысын **q, k** әрпімен таңбалау: *muqtar, tekniĳ’ke, kəkiĳe*, <ц> → с, <ч> → [ш], <щ> → [ш] дыбысы етіп игеру және таңбалау: *əpeser, cek, birkencik*; <й> → [ж], ю → [жұ], я → [жә], [же] етіп игеру және таңбалау: *ямбы – ĉatвь, яцѳик – ĉəйк, япония – ĉарон, еврей – ĉəbrej, юсуф – ĉyсіp*; <в> → [у] және [п] етіп игеру және таңбалау: *samavrъn, məskev, barcav, serdejip*;

- 2-буында ерін дауыстылары бар шет сөздерін еріндікті 1-буынға шығарып заңдастыру: *труба-turba, доктор-doktър*;

- этимологиясы күнгірт түбір мен қосымшаны фонетикалық принциппен (айтылуынша) жазу (*күңгеj, ĉоңқа*),

- шылау сөздерді қосымшалармен бірдей естілуінше таңбалау;

- түбір соңындағы қысаң езуліктерді қысаң буынды қосымша жалғанғанда түсіріп таңбалау (*murъn – турнь*);

- дауысты дыбыстардың дүдәмалдығын қосымша жалғау арқылы анықтау (*kitap – kitapqa*).

Қазақстанда латын жазуына біржола өту, сауаттану басқа түркі халықтарына қарағанда бәсең жүрді. Сондықтан жаңа алфавиттің бүкілодақтық орталық комитетінің IV пленумы

Оқуға арналған материал

Әліппеміз бұқарашыл болсын

Төр-аға. Сөз ж. Жұбанұлына беріледі.

Жұбанұлы. – Кенеттен ж. Е.Омарұлы туыс негізді емлеге бейімдік көңіл білдіргендей болды. Сондықтан мен емленің тек негізі жайынан ғана сөз қыламын.

Емленің бүге-шігесін мен талдап жатпаймын. Өйткені ол жағын Константин Кузмич Юдахин толық жанап өтті. Күн бұрын біз өзара ойласқан сөзімізді ол кісі айтқан соң, мен оның сөзіне басқа қосарым қалмады.

Бізге туыс негізді (морфология) емле керек пе, дыбыс негізді (фонетика) емле керек пе?

Меніңше, баяндамашы айтқандай, емле негізіне қожа сол тілдің жаратылыс заңы болуы керек. Тіліміздің жаратылысына қарасақ, емлеміз дыбыс негізді болу керек. Әрине, ол Шонаұлы баяндамасында айтқандай дыбыс негізді болу керек.

Бізге дыбыс жүйелі емле неге керектігін Қазақстанның бірінші білім съезінде ең толық түсіндірген адам Омар ұлы еді. Біз туыс жүйелі емле жасасақ та бәрі бір, оның өзі дыбыс жүйелі емлемізден онша басқа болып кетпес еді. Өйткені туыс жүйені сөз негізінде қолданар едік. Сөз негізі бізде өзгермейді де, дыбыс естілуіне сәйкес болады. Жалғауды бәрі бір туыс негізімен жаза алмас едік. Неге десеніз, жалғауды туыс жағынан әлі ешкім жете білмейді. Жалғауды туыс жүйесімен жазу үшін оның тарихын, бұрын қалай жазылып жүргенін, қысқасы алғашқы түрін білу керек. Жалғаудың қай түрі тұңғыш, қай түрі кенже екенін бұл күнгі тіл білімі біле алмайды. Мәселен «лар» көнерек пе, я «дар» ескірек пе, болмаса «тар» кәрі ме, оны дәлелдеу мүмкін емес.

Сондықтан профессор Шобан-заданың ұсынысын мен керісінше ұстау керек дер едім. Проф. Шобан-зада: «сөз-негіз дыбыс жүйесінше, жалғау туысынша жазылсын», десе, мен сөз негізі туысынша, жалғауы дыбыс жүйесінше жазылу керек дер едім. Сонда біздің емлеміз мінсіз, әрі жеңіл болады. Себебі сөз түбірі белгілі жолмен кейде болмаса, тіпті өзгермейді. Сондықтан біздің дыбыс емлеміз бен туыс емлеміздің арасында айырмашылық болмайды деймін. Қопармалы тілдерде бұл екі негізді емлелердің арасы жуықтаса алмайды. Сондықтан сөз

Алматыда өтті (1930 жылы 6 мамыр). Пленумға С.Асфендияров, Т.Шонаұлы, Қ.Жұбанов, Шәрібаев қатынасады. Пленум мүшелері Қазақстанның жаңа алфавитке салғырт көзқарасы азаймай отыр дейді (8-11 жасқа дейінгі балалардың 20% мектепке тартылған).

Ресей білімпаздарынан қатынасқан Н.Ф.Яковлев терминдерді бағындырып жазуда сақтыққа, тіпті онымен күресуге шақырды.

Пленумда бас әріп туралы С.Асфендияров қазақ жазуы бас әріпті алмайды, алса қызметін азайтып алады, жалпы бас әріп ағылшын, француз емлесінде де бірыңғай принципке сүйенбейді деді.

Р.Шор графемалардың психотехникасы жазу психологиясы Германия, Америкада жақсы зерттелген, сонда қазіргі жазу жолынан шығып тұрған таңбалар бас әріп, нүкте, үтірлер көзге бірден анық көретіні анықталған дейді.

Қ.Жұбанов пленумның мақсаты бір жазуды негіз етіп анықтау болмау керек, ешбір жазу басқа тілдің жазуымен ыңғайласа алмайды, әзірбайжандр **q, k** әріптерінің мағынасын өзгертіп жіберді деді. Және бір-біріне саяси, экономикалық, мәдени жақындығы бар тілдер бір унификация жасау керек, жаппай бірлестіру болмайтын іс деді.

А.Н.Самойлович қазақ жазуы <ш>-ны с-мен берді, себебі, с – унификацияланған әліпбиде <ч>-ны береді деді.

Пленум қаулысы Қазақстандағы сауаттылықты тағы 15%-ға көбейту, 1930 жылдың қазанында жаңа әліпбиге көшуді түбегейлі аяқтау, Қырғызстан, Қазақстан, Дағыстан жазуы бас әріпті қабылдау керектігін бекітеді.

Сөйтіп, қазақ тілінің дыбыстық негізінен шығарылған алғашқы емле ережесі 1929ж. латын графикасымен бірге қабылданды. Онда орфографияның негізгі ұстанымы анықталып, шеттілдік сөздер қазақ тілі төл сөздерінің жазылу принципіне сай таңбаланды. Қазіргі емлеміздегі негізгі орфограммалар сол 1929ж. емле ережелерінде айқындалды. Графика латын алфавитінің барлық әріптерін пайдаланды. Бірақ [ый], [ій], [үү], [уу] қосар дыбыстарының бір әріппен таңбалануы бұл графикада қабылданған жоқ.

тұлғасын бұзбау үшін туыс жүйелі емленің бізге онша керегі жоқ. Бұл жайында баяндамада айтылған.

Проф. Шобан-зада туыс жүйелі емлені жақтағанда көздейтіні – түрік тілдерін біріктіру болса керек. Бұл – жай қиял. Омар ұлы тіліміздің жазба тарихы ұзақ емес деді. Меніңше тіліміздің жазба өмірі, орыс тілімен салыстырғанда да, едәуір ұзақ: жазуымыз ұзақ өмір сүрген. Түріктерде VI-VIII ғасырда жазу болған. Славяндар (орыстардың аталары) X ғасырдан бастап жазулы болған. Орхон жазуын бұлай қоя тұрғанда да, бізге жеткен белгілерге қарағанда, түріктер IX-X ғасырда ойғыр жазуымен жазып біраз кітап қалдырған. Мәселен «Екі ханзада», «Езгілік және жауыздық» деген ертегі ойғыр әліппесімен жазылған. Тілшілер бұл ертегі IX ғасырда жазылған деп ұйғарады.

Сол ғасырдан бері мың жыл ұдайынан біз туыс негізді емле ұстап келеміз. Онан түрік тілдерінің арасы қанша жақындасты.

Жазу арасы жақындау үшін, ол жазу қалың бұқараға жеңіл болу керек.

Қалың бұқара қолына үкіметті ұстағанға шейін, жазу бұқарашыл бола алмады. ж. Е.Омарұлы айтқан сияқты жазу тек жоғарғы таптың ғана еншісі болды. Сондықтан ол жазу қалың бұқара арасына сіңе алмады. Қалың бұқара тілін біріктіре алмады. Мұнан былай, жазу бұқарашылданған соң, тілді біріктіруге болады. Бірақ тілдерді біріктіруге болмайды. Адам деген белсенді жануар, адам өз тұрмысын да, тілін де өзгерте алады. Бірақ жалғыз жазумен емес, түрлі шаруашылық-әлеуметтік шарттар арқылы өзгерте алады. Ол шарттар түрік тілдері түгіл барлық адам баласының тілдерін біріктіруі де мүмкін. Бірақ ол қашан боларын ешкім айта алмады. Ол ертерек. Әзір біз туыс жүйелі емлені алсақ, бізде де англичандікі және басқа елдердікі сияқты жазу болады.

Бізде «лар» деген жалғау -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер, болып жазылады. Ойғыр әліппесінде көптік жалғауы «а» арқылы -лар болып жазылған. Шағатай тілінде -лір () жазылған. Бері келе анатолы түркі мен татар тілінде де -лір () жазылған. Бірақ онымен татарлар да, анатолы түріктері де тіл тарамдануынан (диалекті) құтыла алмаған.

Сондықтан туыс жүйелі емлені алсақ та біз я жазуды, я тілдерді біріктіре алмаймыз. Мен де біріккеннен қашпаймын, бірақ өте сақтық керек.

Көптік жалғаудың қазақша төрт түрі бар. Біз оның бәрін

тастап жалғыз лар-ды ұстап қала алмаймыз, мұнан оқыту жұмысы ауырлайды, сауаттану жұмысы қиындайды. Сауаттану жұмысы тез жүру үшін жазу сөз естілуіне жақын болу керек. Әйпесе “ят” кезіндегі орыстар сияқты емле ережелерін жаттаймыз да отырамыз.

ж. Е.Омарұлы айтқан сияқты, бұл күнге шейін емле мәселесін тіл мамандары шешіп көрген жоқ. Емлені шешумен келе жатқан тұрмыстың өзі. Өнерлі елдің қайсысының болса да жазуын алып қараңдар. Ірі тіл мамандары болса да, ол мамандар емле мәселесіне аз жәрдем берген. Өйткені бұл күнге шейін тіл ілімі өмірмен байланыспай, таза ілім болып келген. Мұнан былай тіл ілімі жазудың іске асу жағына жәрдем бермеске амалы жоқ.

Арап жазуының негізі тарихи жазу. Ол араптардың надандығынан емес, арап тілінің қасиеттерінен болған. Арапта тіл ілімі өте шарыққа шыққан. ж. Шонан ұлының көңілі өте құлап кеткен дыбыс жайындағы тіл ілімінің тарауы әлі араптікін жөнді басып кете алған жоқ. Іріту, еліктіру заңы араптарға қашаннан белгілі болған. Біздің оқытушыларымыз ідғам, ықпа дегендерді жақсы біледі. Бірақ арап емлесін жасаған араптың бұл ғылымы емес, өзінің тілі, арап тілінің түбірі үш дауыссыз дыбыстан құралады да, дауысты дыбысқа өте кедей болады. Сондықтан емлесі туыс жүйеге сүйенген.

Енді профессор Вудцетельдің сөзіндегі дауыссыз дыбыс қатар келмейді дегенге тоқталам. Бірақ мұны сәл кейінге қалдырайын. Бірде ж. Байтұрсын ұлы газетте туыс жүйелі емлеге жуық пікір айтқан сияқты. Ол кісі -дар, -тар, -дер, -тер екі түрде -дар//-дер болып жазылсын деген. Бұл да “дар”-ды жалғаудың байырғы түрі, дұрыс түрі деген, -тар//-тер бұралқы түрі деген қиялдан туған пікір. Жалғаудың қай түрі үлкен, қай түрі кіші екенін әлі ешкім аша алған жоқ. Біздің алтай тілдері қатаң, ұяң дыбыстарын бұрын айырмаса керек. Мәселен ойғыр жазуында п мен б, к мен г айырылмаған.

Сондықтан ойғыр әліппесімен жазған түріктер қатаң дыбыстан ұяң дыбысты айыра алмаса керек. Көп зерттелген бір түрік тілінде бұл әлі бар. Мәселен шуаш тілінде қатаң мен ұяң дыбыстар айырылмады. Бітеу буында қатаң болған дыбыс, ашық буында ұяңға айналады. Мысалы ит (ат), ұда (атқа). Бері келе қатаң, ұяң дыбыстар жіктеледі. Оның бірі – ерте, бірі – кеш шықты деу дұрыс емес. Біздің емлемізде де екеуінің терезесі тең болуы керек.

Бізге туыс жүйелі емленің келмейтін тағы бір себебі – тілімізді зат есім, сын есім деп сөз мүшелеріне бөлу қиын. Архангельский жолдастың тіл құралын түзеген Кемеңгер ұлы жолдастар осылай депті. Біздің тіліміз жалғамалы (агглютинация) тіл, қопармалы күйге жетпеген тіл. Бұлай сатылауға англичан тілі қарсы болса да, англичан тілі қопармалылықтан жалғамалылыққа қайтса да, осы күнгі бір жаңа қисын қопармалы тілді жоғары қояды. Мен осы жаңа қисынды қолдаушыларданмын. Түрікшілдер де біздің тілімізде әлі дербес тұлғасы жоқ сөздер барын көрсетіп отыр. Бұған зат есімнен шыққан сын есімдер айғақ болып отыр. Олар мағнасы аяғындағы дыбысына қарай емес, сөйлемдегі орнына қарай білінеді. Сондықтан тіл құралымызды сөз жүйесі ғана емес, сөйлем жүйесіне де қоса құру керек екені байқалады. Тіліміз осындай сатыда тұрған соң емлені сөз жүйесіне құруға болмайды. Бізге ең қолайлысы дыбыс жүйесі.

Енді жолай бөлек-салаққа кідіре кетем. Мен баяндамашының кейбір жаңылысын түзегім келмейді де, баяндамашы тіл маманы болуында дау жоқ. Сөз басында дауыссыз дыбыстар қосарланбайды дегенді кеңітіп, буын ішінде дауыссыз қос дыбыс келмейді деу дұрыс. Бұл барлық түрік тілдерінің заңы. Тек дауысты үнді шұғыл болса ғана екі дауыссыз дыбыс қатар келеді. Басқа түріктер екі дауыссыз дыбысты қатар жазса, ол тек емледен. Бірақ “екі дауыссыз қатар келмеу – барлық мешелдеген тілдер белгісі” деу жаңылыс. Арап-жебیرهй тілдерінде үш дауыссыз қатар келеді. Бірақ соңғы кезде олар да асты-үсті қойып айырып жур, мысалы: зарыбун – ұру, зараба – ұрды, зарыба – ұрылды. Олардың дауысты әріптер жазып жүргенінің өзі дауыстыларды көп сезбегендігін көрсетеді. Н.Е.Вунцетель мұны жетілген тілдің белгісі қылып көрсетті. Әйтеуір мен солай түсініп қалдым. Түсінуім дұрыс болса, ол кісінің ойына қосылғым келмейді. Өйткені дауыстыға түрік тілдерінен бай тіл жоқ. Жаңада ғана өзбектер 18 дауысты дыбыс аламыз деп дауласқан. Олар түрік тілдері жетілген тілдер болады дейді. Бодуэн-де-Куртене де солай деген.

Мен қопармалы тіл, жалғамалы тілден жетіліңкіреген деген ойға қосылам. Бірақ жалғамалы тілдің дыбысқа бай екендігін мойындамасқа болмайды. Осы күнгі бір жаңа қисынның айтуынша әуелі қоспа дыбыстар шыққан. Сонан олар жіктелген. Ең соңынан дауыстылар шыққан. Сондықтан буында дауыссыздар қатарланып келуі ескінің мұрасы деп қарау керек.

Осымен сөзімді тоқтатам.

Құдайберген Жұбанов

Қызылордада шақырылған Бүкілодақтық ғылыми-орфографиялық конференциясының стенограммасынан үзінді

Пысықтау сұрақтары

1. Қызылорда конференциясында сөз болған мәселелердің қайсысы бүгінде шешімін тапқан?
2. Конференцияда қабылданған фонетикалық принцип ұғымын қалай түсіндірер едіңіз?
3. Термин сөздер қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сай игеріліп, 1929 жылғыдай жазылуын сақтап қалғанда не ұтар едік?

1-тапсырма

Төмендегі “Satsьjaldь Qazaqьstan” («Социалды Қазақстан») және “Lenincjл zas” («Лениншіл жас») газеттерінің 1932-1933 жж. сандарынан алынған кірме сөздердің емлесіне сипаттама беріңіз.

Kəmsamol, qalqoz, əpirel, bəlcebekter, kektir, birijgadijler, birijgədi, øktəbir, pürsent, təraktьr, sapqozdar, məstiriskoj, teqniьke, kəmesereti, otrəd, espan, samolət, ekipaz, Mexail, Grigori, Nikiforovic, Epremovic, komsomoləster.

2-тапсырма

Төмендегі “Satsьjaldь Qazaqьstan” («Социалды Қазақстан») және “Lenincjл zas” («Лениншіл жас») газеттерінің 1932-1933 жж. сандарынан алынған сөздердің емлесіне сипаттама беріңіз.

Birijgədi, teqniьke, зьjnav, partьja, Qalьj ulь, oqьjQa, sajasьj, satsьjaldь, əvliьje, бьjьlQь, зьmьjan, зьjankestikter, uьjalar, tuqьjat, nojabir.

Тест сұрақтары

1. 1929 ж. дейін қолданылған жазу?

- а) кирил жазуы
- в) төте жазу
- с) көне түркі жазуы
- д) латын жазуы
- е) жазу болмады

2. 1930 жылы Алматыда өткен бүкілодақтық орталық комитеттің IV пленумының қаулысы:

- а) латын графикасына көшу
- в) Қырғыстан, Қазақстан, Татарстан мемлекеттеріндегі сауаттылықты 1940 дейін 50%-ға дейін көтеру
- с) “қазақ әліппесі мен орфографиясын біраз өзгерту туралы” қаулы
- д) Қырғызстан, Қазақстан, Дағыстан жазуы бас әріпті қабылдау керектігі туралы
- е) орыс графикасына көшу туралы

3. 1929 жылғы латын алфавиті бойынша дұрыс жазылған сөзді көрсетіңіз:

- а) тазјна
- б) тазьјна
- с) мәзіјне
- д) мәзенке
- е) мәshine

4. Қазақ жазуының алғашқы ғылыми орфографиялық конференциясы қашан, қайда шақырылды?

- а) 1913 ж. Стамбулға
- в) 1926 ж. 26 ақпан Бакуге
- с) 1928 ж. 18 қазан Қазанға
- д) 1929 ж. 2 маусым Қызылордаға
- е) 1930 ж. 6 мамыр Алматы

5. 1929 жылы қабылданған алфавиттің емлесін өзгертуге байланысты алғашқы жоба кімге тиесілі?

- а) Қ. Жұбанов
- б) С. Аманжолов

- с) С. Жиенбаев
- д) А. Байтұрсынов
- е) Н. Төреқұлов

6. 1929 жылы қабылданған емле ережесі бойынша емле қандай принципке құрылған?

- а) лексикалық
- в) морфологиялық
- с) грамматикалық
- д) лексико-грамматикалық
- е) фонетикалық

7. 1929 жылы қабылданған ереже бойынша қазақ сөздеріндегі ерін үндестігі неше буынға дейін сақталу керек?

- а) 1
- в) 2
- с) 3
- д) 4
- е) 5

8. 1929 жылы қабылданған латын графикасындағы дауысты дыбыстар саны қанша?

- а) 11
- в) 6
- с) 9
- д) 12
- е) 13

13-дәріс. 1938 жылы емлеге енген өзгерістер

1933 жылдан бастап емлені өзгертуге байланысты ұсыныстар беріле бастайды. Алғашқы жобаны **Қ.Жұбанов** ұсынды. Ғалым ұсынған әліпбиде 24 әріп, бір дәйекші болды.

a <a>-<a'>, b -<b'>, c <ш>-<ш'>, k <k>, q <q>, l <л>-<л'>, r <p>-<p'>, s <c>-<c'>, m <м'>-<м>, d <д>-<д'>, n <н>-<н'>, t <t>-<t'>, e <je>-<e>, ң <ң>-<ң'>, u <uv>-<y>-<yv>, g <г>-<г'>, x <x>-<x'>, y <ү>-<ү'>, h <h>-<h'>, o <o>-<o'>, z <z>-<z'>, i <ыj>-<ij>, ь <i>-<ы>, p <п>-<п'>.

Қ.Жұбанов **f, h, x** әріптері кірме сөздерде ғана емес, Оңтүстік Қазақстан қазақтарының тілінде бар дыбыс және келешекте тілдің термин (1934) сөздермен баю мүмкіншілігін ескерсек, бұл әріптерден бас тарта алмаймыз және өзге түркі халықтарының әліпбиімен бірдейлестіру үшін бұл үш әріпті әліпбиге енгізу керек деді. *Pravda, avarie, vьmpel, fabrik, fakt* сөздерін **b, p** әріптерімен таңбалаудың қиындығын айтты.

Gireтарон, Meknijke, Qarkop, sabet сөздерінің әртүрлі орфограммаланып кеткенін жазды.

1936 жылы “**h** әрпі әліпбиде болғанмен, қазақ сөздерінде ұшырап жарымайды, тек одағайларда кездеседі” деп, әліпби құрамынан **ө, ә, j (й)** және **с** таңбаларын шығарып, **h** әрпін <г> фонемасына беруді ұсынады. Ал **j**-ді **i** дауысты дыбыс әрпімен, **v**-ны **u**-мен беруге болады дейді. Сөздің жіңішкелігіне дәйекшеден басқа **i, k, g** әріптері де қарақшы (маркер) бола алатынын көрсетеді.

Сонда Қ.Жұбановтың әліпби құрамынан алып тастауға болады деген таңбалары мыналар болды: **ө, ә, j, г, v**.

Және **ұу, үу, ый, ій** қосар таңбаларының орнына бір таңба алуды, дәйекше қызметін пайдалануды ұсынады.

Қазақ-латын графикасының кемшілігі деп, “сызылған” **ө**, “құйрықты” **з, ъ**, “аударылған” **е (ә)**, “созылған” **g (q)**, “белі сызылған” **z** таңбаларын атайды. Сөйтіп, “Таким образом вместо прежних 13 букв по значению и 17 букв по числу знаков остаются 7 букв, 7 знаков” дейді.

“*Сыз, сіз* дегенде **ы, і** әріптері сөз дыбысталуының ғана жуандығы мен жіңішкелігін көрсету үшін тұрған жоқ, ол бүтін буынның жуан-жіңішкелігін көрсетуге қойылған қарақшы”. “Жазуда буын сайын бір дыбыстың жуан-жіңішкелігін айырып таңбалағанда, әр буынның дауысты дыбысының ғана жуан жіңішкелігін айырып таңбалаймыз. Әрқайсысына екі әріп алып әурелемей-ақ, буын-буынның ғана жуандығын я жіңішкелігін айыртқандай бірақ белгі қоятын болсақ, әрпіміздің санын бүгіндегімізден де азайтып 26-ға түсіруге болар еді” деді А.Байтұрсынұлы жолымен (4-кесте).

Ал кірме сөздерді жазғанда орыс тіліндегі түбірін сақтап, қосымшаны қазақ тілде жалғауды, сондай-ақ туынды кірме сөздердің жұрнағын қазақ тілінде беруге болатынын ескертті (*федератировать-федерациялау*).

4 кесте – Қ.Жұбановтың латын жазуына енгізген өзгерісі

1929 ж. латын жазуы	Қ.Жұбанов ұсынысы	1929 ж. латын жазуы	Қ.Жұбанов ұсынысы
a <a>	a<a> <ә>	o <o>	o <o> <ө>
ə <ә>	-	ө <ө>	-
b 	b	p <p>	p <p>
c <ш>	c <ш>	r <p>	r<p>
z <ғ>	z <ғ>	s <c>	s <c>
d <d>	d<d>	t<t>	t <t>
e <e>	e <e>	u <ү>	y <ү> <ү>
g <г>	g <г>	y <ү>	-
-	f <ф>	z <з>	z <з>
i <i>	i <й><и>	v <в>	v <в>
h <h>	-	j <й>	i <i>
k <к>	к <к>	ь <ы>	ь <ы>
l <л>	L <л>	č <ж>	č <ж>
m <м>	m <м>	Uv	-
n <н>	n <н>	Yv	-
<н>	ŋ<н>	Bj	-
q <қ>	q <қ>	ly	-

Ғалымның 1929 жылғы әліпби мен емле ережелеріне айтқан сыны қазіргі қазақ емлесінде айтарлықтай дау тудыра қоймайтын сөздердің заңдастырылу тарихын көрсетеді.

Мысалы, Қ.Жұбанов орфография ережелері “термин сөздерді ғана емес, төл сөздердің де дұрыс жазылуына кедергі келтіріп келді”. “Өсіресе *асра, ру, көбрек, қойны, аулы, шаруа* сөздерінің бірде **ы**-мен, бірде **ы**-сыз жазылуына өзі жол берді” деді.

Сондай-ақ мына сөздердің бірнеше вариантта жазылуына мүмкіндік жасады дейді: *ғана / гәне / гәне, ішкім / ешкім, шиймай / шыймай / шызбай, кервіш / керпіш / кірпіш, бійбастақ / бейбастақ / бійбастақ / бейбастақ, жәнтік / жәндік, шынара / шинара / шін-ара / ішін-ара / ішінара*.

Сол сияқты күрделі біріккен сөздерді жазылуы да әртүрлі болды дейді: *жар-ғанат / жар қанат, қол-ғабыс / қол қабыс, жарымес / жәрмес, ійін ағаш / ійінәғаш, жаздыгүні / жаздыкүні / жаздыкүн / жаздыкүн, жазғы тұр / жазғытұрым / жазытұр / жазытұрым, баражатыр / баратыр / барат*.

1929 жылы емледе тек кірме сөздердің жазылуында алақұлалық бар, ал төл сөздердің емлесі мінсіз деген пікірлердің дұрыс еместігін осы мысалдардан да көруге болады дейді ғалым. Емле ережесінің аз болуы емленің жақсылығын емес, кемшілігін көрсетеді. Ал кірме сөздердің емлесі туралы қазақша жазушылар “шет тілдерден кіретін сөздердің емлесі қазақ тілінің фонетикасы мен морфологиясының осы күнгі заңдарынша болу керек деп, бір әуре болады. Аса бір керек жерлерде ғана болмаса, жаңа сөздердің түбірін бұзбай жазу керек” деп екі әуре болады дейді.

Сондай-ақ *гәрі/кері* шылауының *гәрі* вариантын кодификациялау керек. Өйткені ол үнемі шығыс жалғауынан кейін қолданылады деді ғалым.

1935 жылы *барма, келгесн, барғансн* деп бірге жазуды ұсынады да, енді бір мақаласында қосымша *ма, ме-* ні бірге, шылау *ма, ме* – ні бөлек жазуды ескертеді.

Сондай-ақ *да, де* – нің қосымша болғанда сөз түбірімен бірге, шылау болғанда бөлек жазылатынын айырады.

Ал *мен, бен* сөздерін шылау, қосымша екенін айыру қиындығынан бөлек жазуды жөн деп табады.

Қос сөздер дефиспен тек *аппақ, көкпеңбек* сөздерін бірге, ал *қолма-қол* сияқты қосар сөздердің алдыңғы екі сыңарын бірге жазуды ұсынады.

Сөйтіп, бүгінгі емле кодификациясының түпнегізі Қ.Жұбанов тұжырымдамаларынан шығады.

Әліпби мен емлені өзгертуге байланысты екінші ұсынысты **С.Аманжолов** айтты. Автор 1933 жылы “Социалистік Қазақстан” газетіне жариялаған мақаласында жаңа әліпби комитетінің түркі тілдері дыбыстық ерекшеліктерімен ескермей, әліпбиден **ә, ү, з, ө** әріптерін шығаруды ұсынуы, сондай-ақ <қ>-ны **к**-мен, <ғ>-ны **г**-мен беруді дұрыс емес дейді.

<ғ> дыбысын **х** әрпімен беруді ұсынады, қысандарды түсіріп жазуды қолдамайды.

Қосар дыбыс әріптерін бір әріппен беруді ұсынады. <ый>, <ій> дыбыс тіркесінде **ј** таңбасы дауыссыз <й> – ді де беретін болсын деген пікір айтады: *saj (сай), jaqj (яғни)*.

Ал [үу], [үү] тіркесіміне **в** таңбасын лайық көреді. Сонда *V- <у>, <үу>, <үү>* беретін болады дейді.

Терминдерді орыс тілі арқылы игеру керек, 1929 жылы емлені жасаған Т.Шонанұлы, Е.Омаровтардың алашордашылығын олардың шет сөздерді сол түпнұсқа тілінде алайық деген ниетінен көруге болады дейді.

С.Аманжолов 1929 жылы қабылданған әліпбидің мынадай кемшіліктерін көрсетті:

1) әліпбиде **х, ғ, в** таңбаларының болмады;

2) **и, у** таңбаларының жоқтығы, соның салдарынан *миссиципи, миссури* сияқты сөздердің *mijssijsijpij, mijssyuvrij* деп 6, 7 әріптің орнына, 13-9 әріпке дейін жазылу;

3) Фонетикалық принциптің ұсталынды;

4) Қазақ тілінің төл сөздерінде екінші-үшінші буындарда ерін дауыстылары жазылмағандықтан кірме сөздердің әртүрлі орфограммалануы (*кило-келі, динамо-динами, бюро-бюра*);

5) Сөз ішінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді деп, *зоология, биология, театр* сөздерінің *зоогыйа, быйалогыйа, тыйа-тыр* болып таңбаланды;

6) Қатаң-ұяң дыбыс тіркесімі болмайды, сондықтан жазылмайды делініп, *аптаномыйа, Бекполат, апсалұт* сияқты фонетикалық орфограммалар көбейді. С. Аманжолов: “Қазақ тілінің сингармонизм заңына бағынатындығы бұлай тұрсын, қазақтың ежелгі сөздерінің талайы дыбыс жүйелі принципке бағынбайтын еді. Мысалы: *tuz+сь, ag+сь, bas+сь, gel+bau, gьzmet+ker, gazdь+gun*” дейді.

Сөйтіп, емле ережелеріне мынадай өзгерістер ендірілетін болды дейді: емленің негізі – морфологиялық принцип, түбір морфологиялық, қосымша фонетикалық принциппен жазылады (*зитьсьдън*), түбірлері сақталған біріккен сөздер, кірікпей жазылады да, қосымшасы фонетикалық принциппен жазылады; кірме сөздер ішінара болмаса, морфологиялық принциппен түпнұсқа тұрпатын сақтап жазылады, қосымша фонетикалық принцип бойынша жалғанады, қазақ тіліне ауызша жолмен еніп, игерілген географиялық атаулар, ұғым атаулар қалыптанған түрінде жазылады: *ozbek, poibz, sjiez, nol, apus, yiel, yien*, екі немесе одан көп дауыссыз дыбысқа аяқталған кірме сөздерге қосымша жалғанғанда, соңғы дауыссыз түсіп қалады, қосымша сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: *Bekmuratqa, metaldьn*, кірме сөздердегі еріндік дауыстылар таңбасы соңғы буында да жазылады (*komsomol, kino*), кірме сөздердің аяғында *в, д, з* әріптері таңбаланады (*leningrat, aktip* емес); <ү> дыбысы *ы таңбасы арқылы*, <і> фонемасы *ј* әрпі арқылы таңбаланады: *vyi, tjil*; екі дауысты дыбыс таңбасы тіркесе береді (*zoologia, zuadbь*); әліпбиге **х, ғ, в** әріптері алынады; қосар **ый, ій, үу, үу** дыбыстары **і, и** таңбалары арқылы беріледі;

әліпбиде 32 әріп болады; кірме сөздерде айтылатын **ә, е, и** дыбыстарының орнына, сөз мағынасы бұзылмаса, **а** әрпі жазылады (*artel, organ, brigada*); екінші-үшінші буындарға дейін [ә] дыбысы сөздердің тек буынында **ә**-әрпін жазу: *kəmilara*; соңғы буындарда естілген **ө, ұ, ү** дыбыстарының орнына **е, ь, j** әрпін жазу: *kyrek, qulьn, bygjn*; түбір мен қосымша жігіндегі [n-θ], [к-з], [к-з] дыбыстарының алмасуы таңбаланады: *tabadь, kəgerdь, apadь*; сөз басындағы қысаң езуліктер мағынаға әсер етпеген жағдайда таңбаланбайды: *rai, lai, ckaf*. Бірақ *jnj, ьza, jri, ьdbs, jl, jz*; екі буын аралығындағы мағынаға әсер етпейтін қысаң езуліктер таңбаланбайды: *axmet, magna, saurьn, caprag, kəkek*; соңғы буындағы қысаң езуліктер түбір тұлғасында да, тәуелді жалғау тұлғасында да жазылмайды: *mylk-myлkjьm, xalg-xalgьm*; одағай сөздерде екі дауыссыз әрпі қатар жазыла береді: *garg-garg*; соңғы буындағы қысаң езулігі бар сөздерге тәуелдік жалғау жалғанғанда сөз аяғындағы қатаң ұяндап, қысаң езуліктер түсірілмейтін болса, түбірде де таңбаланады: *tyлjk-tyлigi, kərjk-kərjgj*; **i, u** әріптерінің жуан-жіңішкелігін түбір не қосымша ажыратып тұрады; жуан-жіңішке пары бар сөздердің жіңішкесін таңбалау: *ti-tji, tyu-tu*; кірме сөздердегі **ь** белгісін **ә, ө** әріптері арқылы беру: *albəт, vəlt*; **ю** әрпін **iu** әріп тіркесімен беру: *iubilei, soiuз*; барлық дауыссыз дыбыстардан соң келген **ю** әрпін **u** таңбасымен беру: *revolutsia, budcet*, бірақ *biuro, tiuk* деген сөздерді *iu*-мен жазу; кірме сөздердегі **я** әрпін **ia** тіркесі арқылы беру: *zimia, ispania, koreia, ideia, ialta*, ал дауыссыздан соң жіңішке естілсе, **ә** арқылы беру (*Alaska, mətа*); **л** әрпі **io** арқылы беріледі; **с** дыбысынан басқа дауыссыз дыбыстардан соң келген **ё** әрпі **ө** әрпімен беріледі: *aktəт, mantəт, katəт*, **ц** әрпі сөз басында және дауыссыз дыбыстан соң келсе **s**-мен беріледі: *sitat, aksia*. Ал сөз аяғында және дауысты дыбыстан соң келсе, **mc** арқылы беріледі: *protse*; **щ** әрпі сөз ішінде және дауысты дыбыстан соң қос **сс** әрпімен ал дауыссыз дыбыстан соң және сөз басы мен аяғында **c**-мен беріледі: *cedrin*.

С.Аманжолов ұсынған әліпби жобасында 32 әріп болады. Олар: а <a>, в , v <в>, g <г>, d <д>, e <е>, з <ж>, z <з>, i <й>, j <i>, к <к>, l <л>, m <м>, n <н>, o <о>, p <п>, r <р>, s <с>, t <т>, u <у>, f <ф>, x <х>, џ <ғ>, q <қ>, c <ш>, ə <ə>, h <h>, Һ <ң>, ө <ө>, ь <ү>, y <ү>, ь <ы>.

Ұсыныс-жобаға байланысты М. Балақаев **j** <i> таңбасы сөздің барлық буынында келгендіктен таңбалап, **ә, у, ө** әріптері сирек

жазылатындықтан жіңішкелік белгісін пайдаланайық деді, А. Ысқақов бұған жіңішкелік белгі орыс тілінде тек жіңішке дауыссыздарды белгілейді деп қарсылық білдірді.

Енді бір ұсыныс **С.Жиенбаевтікі**. Автор қысаң езуліктерді, мысалы, *сталин, склад, рғыз, қтын* деп жазу керек, себебі *рығыз, қытын* деген сөздерде де редукциялауды оқылатын қауіп жоқ екенін айтады.

Қазақ тілінің жалғамалы сипаты қосымша жалғағанда, копармалы тілге айналып кетпейді, *қргз (қырғыз)* дегенде түсіріп, *қрғызы* дегенде түбір тұрпатын өзгерту дұрыс емес дейді ғалым. Сондай-ақ автор дауыстылардың тек жуан түрін алуды **а, о, у** дыбыстарын сөз ішіндегі **i, ь, е** әріптеріне қарап оқуды, ал бір буынды жіңішке дауыстылы сөздерге дәйекше қоюды ұсынады.

Ғалымның есептеуінше, қазақ тілінде **ә**-мен-23, **ө**-мен-18, **ү**-мен 19 сөз басталады.

Сөйтіп, қазіргі қазақ жазуының емле негіздерін 1938 жылы Қ.Жұбанов, С.Аманжолов қалағанын көреміз.

1938 жылғы әліпби мен графикадағы өзгерістер. Ұсынылған бұл жобалар, әсіресе Қ.Жұбановтың дәйекше қызметін пайдаланған әліпбиі, 1934 жылы жоғары комитетте қолдау тапқандай болса да, 1938 жылы қабылданбай қалады.

Бірақ **uv (үу)** мен **uv (үү)** қосар әріп орнына бір ғана **u** жазылатын болды да, **u (ү)** әрпі **ь** таңбасымен ауыстырылды: *uvəгьt-uəгьt, uvьq- uьq, uvəde- uəde, kelyv-kelu, quvus-quьs*. Бұл әріптің емлесінде мынадай ескерту болды: **у** деген сөзді бір әріппен (**u**), *түү (tyv), суv (cyv)* сияқты сөздерді екі әріппен (*tu, su*) беру ыңғайсыз, әрі сөз мағынасын айыруға кедергі келтіретіндіктен (*ту* мен *түү* деген одағайды) қосар әріппен беріледі.

Сол сияқты **ьj (ый), ij (ий)** қосар дыбыстарының орнына бір ғана **i** таңбасы алынған соң, <i> фонемасы /j/ әрпімен таңаланатын болды, мысалы: *tjl (mil), zjl (zil)*. Бұл орфограмманың да *мый, сый* сөздерінде бұрынғы емле сақталатыны туралы ескерту болды.

1938 жылы “Қазақ әліппесі мен орфографиясын біраз өзгерту туралы” қаулыдан соң әліпбиге **f (ф), x (х), v (в)** әріптері енді.

<ы> – **ь**, <у>-**u**, <в>-**v**, <ү>- **ü**, <ү>-**u**, <ф>-**f**-мен берілді, **ю-iu, я-ia** тіркесімен таңаланатын болды. Әліпбиде **е, ц, ч, ш, ь, ь, э, ю, я** таңбалары болмады.

Қысаң езуліктердің таңбалары (**ь, j**) мазмұнға ие болып тұрса,

К проекту реформы казахского алфавита

жазылуы керек делінді. Бірақ бұл емле ала-құлалығын тудырды: *topъraq, pъcad, tъrek, kъlet, ъras, ъrai*. Сондай-ақ түбірдің соңғы буынында <ы>, <i> дыбыстары естілетін сөздерге тәуелдік жалғауы қосылғанда, қысаң езуліктер түсіп қалса, түбірде жазылмайды, ал түсірілмесе түбірде жазылуы керек делінді. Мысалы, *көрк*, себебі *көркім*; *көрік*, себебі, *көрігі* (ұстаның).

Пысықтау сұрақтары

1. Қ.Жұбанов ұсынған әліпбиде не себептен 24 әріп, бір дәйекші болды?
2. Кірме сөздерді таңбалауда Қ.Жұбановтың ұсынысы қандай болды?
3. 1938ж. әліпби мен емледе болған өзгерістердің себебі неде болды?
4. *uv* (ұу) мен *uv* (үү) косар әріп орнына бір ғана *u* жазу не себептен қабылданды?
5. С.Аманжоловтың қандай ұсыныстары қазіргі қазақ емлесінде сақталған?

1-тапсырма

1938 ж. әліпбиге түзету енгізгеннен кейінгі төмендегі емлеге сипаттама беріңіз.

Provinsia, pozitsia, Эспанia, artileria, aviatsia, armia, аiaOъ.

2-тапсырма

1938 ж. әліпбимен жазылған термин сөздердің, төл сөздердің, күрделі сөздердің, қосымшалардың емлесіне талдау жасаңыз:

Испания, Еспан ушаскесі, позитсия, артиллерия, оператсия, авиатсия, самолёт, килограммалық, танк экипажы, Григори, Механил, оқитын, Қыыр шығыс, лұқсат, Қалқ Комиссары, аброй, комсомолетс, дайарлайтын, кәзір, колхоз председателі.

Недостатки действующего казахского алфавита можно свести к следующим двум моментам.

1. Недостатки, присущие всей системе нового латинизированного алфавита, т.е. не только казахскому алфавиту, но и всем разновидностям унифицированной системы графики.

2. Недостатки, имеющие отношение только к использованию латинизированного алфавита в казахском языке.

К первого рода недостаткам относятся формы тех букв, которых не было в самом латинском алфавите и которые были введены из-за необходимости обозначать звуки, отсутствующие или не обозначающиеся особым знаком просто по традиции в европейских языках. Подобные новые буквы создавались либо путем заимствования из других алфавитов (например, заимствование буквы *ъ* из русского и *oj* из немецкого готического алфавита), либо путем изменения форм более близких по звуковому значению латинских букв, снабдив последние дополнительными штрихами (перечеркивание, прибавление хвостика, перевертывание, растягивание ширины, снятие поперечных черточек и т. д.). Так, на графической базе латинских букв образовались новые буквы-поллиативы: *ө* (перечеркнутая *o*); *с*, *п* (снабженные хвостиком *с*, *п*); *ә* (перевернутая *e*); *oj* (растянутая *g*); *z* (*z* со снятой поперечной черточкой).

Неудобства этих поллиативов заключается в том, что в силу графической несовершенности не только в скорописи, но и в печатном тексте [они] смешиваются между собой, становятся неразличимыми фигурами: *e*, *ә*, *ө*, *o* – с одной стороны, и буквы *с*, *oj*, *z* – с другой; при наличии буквы *j* фигура *oj* смешивается с сочетанием букв *o j* и т.д.

Эти неудобства настолько ощутимы, что наши издательства и редакции газет периодически терпят колоссальный убыток из-за потери бумаги при конфискации целых тиражей газет и учебников из-за наличия в тексте вызванных этими недостатками грубых искажений, часто превращающихся в нецензурные выражения.

В лучшем случае подобные искажения устраняются с помощью наклеек, что вызывает не только дополнительные расходы

и работы, но и задерживает поступление продукции печати к читателям.

Эти недостатки нового латинизированного алфавита уже давно замечались всеми, и в настоящее время (надо сказать с большим хвостистским запозданием) занимается этим вопросом сам ВЦК НА, но пока еще он не смог найти выхода из положения. Не будет, пожалуй, пророчеством, если скажем, что ВЦК НА не в состоянии будет разрешить этот вопрос пока не изживает нынешнюю свою замкнутость, кабинетный характер своей работы, пока будет по-прежнему оторван от практического культурного строительства мест и пока не возьмет курс на дифференцированное изучение условий каждой нацреспублики, чтобы выявить фактические возможности каждой в отдельности.

Эти недостатки, присущие всей системе унифицированного алфавита, вполне устранимы для казахской письменности, если только будут учтены звуковые особенности казахского языка. Буквы-поллиативы, представляющие наибольшие неудобства, и кое-какие из основных латинских свободно можно исключить из состава казахского алфавита, причем одни из них будут исключены как лишние, из-за ненужности, а другие могут быть заменены более удобными основными латинскими буквами, вошедшими в состав унифицированного алфавита.

О буквах для согласных звуков

Ни одна из существующих букв, [употребляемых] для [изображения] согласных звуков, не может быть исключена из алфавита: они необходимы и затруднений с ними в письме мало.

Живой казахский язык (в особенности Южного Казахстана) имеет еще три согласных звука, которые не включены в казахский алфавит. Это f, h и x (первые две – в международном употреблении, а последняя – в русском). Северные казахи (более татаризованные) звук x заменяют звуком q, но не заменяют, а просто игнорируют звуки f и h, существующие и в их живом языке. Перспектива развития казахского языка, тенденция обогащения этого языка терминами и словами, обозначающими технику и действия современной культуры, из иностранных языков (преимущественно из русского) не дадут возможности так просто их игнорировать. Из учета этого и необходимости унификации алфавита с остальными [алфавитами] турецких народностей следует ввести в [казахский] алфавит эти три согласные буквы: f, h и x.

Об апострофе в казахском письме

Апостроф сохранить как знак препинания без какого-либо буквенного значения и без придачи значения толкователя твердого или мягкого произношения звуков и слов. Апостроф – знак подчеркнутой паузы в середине одного и того же слова и ничего больше. Апостроф разделяет условное сочетание букв в одном слове: сокращенных названий от приставок и окончаний к ним.

Об иностранных словах в казахском языке

Необходимо установить три условия при введении в казахский язык иностранных слов и советизмов:

1) принимать без изменения первоначальные слова в русском варианте, а не производные от них слова;

2) при склонении и спряжении первоначальных слов употреблять только казахские окончания;

3) все производные слова от первоначальных слов производить согласно с законом казахского языка.

Примеры: федерация – federatsia, федерировать – federatsijalau; классификация – klassifikatsija, классифицировать – klassifikatsijalav; коммунизм – kommunist, коммунистический – kommunist; Коммунистический интернационал – Kommunist internatsional.

Кроме того, нельзя ограничивать введение международных терминов и советизмов. При этом следует совершенно игнорировать теоретизированные законы сингармонизма из расчета, что сингармонизм – не такая постоянная категория в казахском языке, что международные термины и советизмы одолеют эту преграду не хуже арабских слов: qudret, qьzmet, qasiet, qurtiet и т.д.

Құдайберген Жұбанов

26. VI. 1934 г.

“Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер”,
Алма-Ата, 1966, 242-244бб. алынды.

13-семинар. Қ.Жұбановтың әліпби, емле туралы тұжырымдамалары

Қазақ жазуының қалыптасу, даму жолдарының көшбасында тілдің жаңа жүйесінің бағыт-бағдарын айқындайтын екі мектеп тұрды. Оның бірі А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Т.Шонанұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамбетұлы ұстанымдары үйлескен сингармониялық жазу мектебі болса, екіншісі Қ.Жұбанов бастаған қазақ жазуы дамуының жаңа кезеңі өкілдерінің (С.Аманжолов, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев) қалыптандыру мектебі болды.

Қазіргі қазақ графикасы мен әліпбиіндегі әріп-дыбыс қатынасы, емле принциптері, кірме сөздердің орфографиясы, кірме сөздерге қосымша жалғану қағидалары алдыңғы мектептен өзгеше бағыт алды десек, ол негізінен Қ.Жұбанов көзқарастарының өміршеңдігі мен ұсынған пікірлерінің қолдау тауып кеткеніне байланысты. Сондықтан қазіргі қазақ жазуы туралы сөз ету үшін Қ.Жұбановтың әліпби, фонема, орфография туралы ойларына тоқталған жөн.

Фонема туралы. Ғалымның ауыздан шыққан дыбыстың саны жоқ, олардың ішінде тек мағынаға ие болатындары ғана фонетика объектісі дегенін автордың жалпы тіл біліміндегі фонема ұғымынан хабардарлығы немесе фонема ұғымын өздігінен пайымдап отырғаны деп білеміз. Мысалы: “*Баба* дегендегі <б> екі басқа, бір емес. Сондықтан бұл екеуінің физиологиясы да басқа. Біз көп <б>-ның бәрін де бір әріппен таңбалап, орта есепке келтіріп, бәрінің басын қосып, бір белгісін ғана алғанбыз” дейді ғалым.

Сондай-ақ автордың сөзайырымдық қасиеті жоқ **п-ф, қ-х** дыбыстарын **п, қ** фонемаларының дыбыстары деп қана танығанын (*Файзолла – Пайзолла*), “дыбысты түгел таңбалайтын әліпби ешбір елде жоқ” дегенін фонематикалық жазу түрінің теориясын меңгергені деп түсінеміз.

Қ.Жұбановтың “Оқымыстылар тіл дыбыстарын, сөз тұрпаттарын, сөйлем құрылысын бір-біріне қоспай, аулақ ұстайды. Өйткені бұлардың өзара қатынасын зерттесе, бұлардың өзі де мәңгілікті категория болмай, бір-біріне өтіп, ауысып отырғанын көрер еді, тілдің әрбір категориясының да өткіншілігін сипаттаған болар еді” деген сөзі құрылымдық тіл білімі зерттеулерінен кешенді тіл білімі зерттеу әдістеріне ауы-

сып отырған бүгінгі қазақ тіл білімінің жайына келеді. Соған қарап тіл білімінде фонетика, морфология, лексикология, синтаксис салаларының екшелініп зерттелінуін, өз зерттеу пәні мен әдістерін, нысанын ерте анықтауын, орфография, жазу тарихы сияқты кеш дамыған аралық ғылым саласына жете көңіл бөлінбеген себебін парықтауға болады. Өйткені жазу тарихы ең арғысы тарих пен ұлт, этнос, дін тарихымен бергісі каллиграфиямен байланысты болса, орфография фонетика, морфология, семасиология, синтаксис салаларындағы зерттеу нәтижелеріне сүйенеді. Ғалым структуралық тіл білімінің әр саласына қалам тартқанда оны міндетті түрде жазу мен практиканың қажеттілігіне байланыстырып отырады.

Емле принципі туралы. Қ.Жұбанов біздің орфография Т.Шонанұлы айтқан мағынадағыдай фонетикалық принципке құрылуы керек. Бізде морфологиялық принцип пен фонетикалық принцип арасында флективті тілдердегідей үлкен айырмашылық болмау керек, бір түбірдің бірнеше формасы болуы мүмкін емес, сондықтан қазақ орфографиясында түбір морфологиялық, қосымша фонетикалық принциппен жазылсын деген. Ғалым Е.Омаровтың кейінгі қазақ емлесі үшін ұсынған қосымшалардың ортақ формасын жазып, түркі халықтарының жазуларын унификациялап аламыз деген пікіріне абайлап қарау керек дейді, емлені тілдің сол кездегі қалпынан ғана шығаруды дұрыс санайды. Төңкеріске дейінгі қазақ тілінің нормасы мен кейінгі жаңа нормасын айыра білу керектігін ескерткен.

Қысаң езуліктердің емлесі туралы. Қысаң, езулік **ы, і** дыбыс таңбалары туралы “Жанғазыға хатында” (1936 ж.) автор орыс тілінен енген сөздердегі **ы, і**-лерді қысқарту жағын көп ойластырады. Сондай-ақ қазақ тілінің бір буынды төл сөздерінде **ы/і** таңбасын салып, екі буындыда түбірдегі қысаңды түсіріп жазуды ұсынады: *біл – блек, қыр – қрау, ыс – стау*. “Буын айыртуды есепке алма. Қандай емле болса да, соған қарай буын жігін таптыру методикасын шығаруға болады” деді.

Әліпби жобасы. Қазақ тілі фонемалар санын анықтауда **h** дыбысы одағайларда болғанмен, қазақ сөздерінде жоқ, ал одағайларда кездесетін дыбыстың неше бір саны бар, сондықтан бұл фоно-морф негізгі емес деп табады Қ.Жұбанов.

Сөйтіп, қазақ әліпбиінің дәйекше қызметі бар мынадай жобасын ұсынады:

1 Aa	<a>	11 Mm	<м>	22 Xx	<х>
2 Bb	<б>	12 Nn	<н>	23 Zz	<з>
3 Cc	<ш>	13 Hh	<н>	24 Ъъ	<ы>
4 Dd	<д>	14 Oo	<о>		
5 Ee	<е>	15 Pp	<п>		
6 Gg	<ж>	16 Qq	<к>		
7 Hh	<h>	17 Rr	<р>		
8 Ii	<и>	18 Ss	<с>		
9 Kk	<к>	19 Tt	<т>		
10 Ll	<л>	20 Ū	<ү>		
		21 Yy	<ү>		

Сөйтіп, сөз жіңішкелігі **е, к, г** әріптерімен, болмаса дәйекші арқылы белгіленетін етеді.

Сонда бұрынғы 13 таңба 7 таңбаға дейін қысқарған: **а** – <a>, <ә>; **о** – <o>, <ө>; **у** – <uv>, <uv>; **ь** – <ы>, <i>, **і** – <ij>, <ыj>; **е** – <e>, **и** – <ү>, <ү>.

Жеке әріп-фонемалар емлесі туралы. Жобадағы өзгеріс – қазіргі қазақ графикасының басты проблемасы – қосар әріп (**ұу, үу, ый, ий**) таңбаларының дара таңбаға ауыстырылуы болды. Қ.Жұбановтың көзі тірісінде қабылданбаған жоба 1956 ж. М.Балақаевтың ұсынуымен ірі ғалымдардың құп көрмегеніне қарамастан жүзеге асқаны белгілі.

Қ.Жұбанов құлаққа шалынғанның бәрі таңбаға ие болмайтынын парықтап, бір таңбамен мағына ажырататын екі фонеманы да беруге болатынын көрсеткен. Қ.Жұбановтың айтуынша, дауыссыз дыбыстар жеке бөліп айтуға келмейді. **Б** әрпін не **бы**, не **ыб, р** әрпін не **ыр**, не **ры** деп айтамыз. Қазақ тілін әлі дыбысшыл кезеңге түгел жетіп болмаған, буыншыл қасиеттерін түгелімен жойып бітірмеген тіл деп табады ғалым.

Сонымен қатар, Қ.Жұбановтың “буын жігін айыртуды есепке алма. Қандай жазуда да буын жігін таптыру методикасын шығартып алуға болады” деген сөзі буын ауызша тілдің бірлігі, тасымал жазба тілдің бірлігі екенін аңғарғанын білеміз. Оны буынның кірігуіне келтірген мысалдарынан байқауға болады: *атене, агеке, жақсат* деген сөздер – айтылу нормасына сай буынға бөлінгендер.

Автор дауысты дыбыс таңбаларын мағына айырудан бөтен, көбінде буынның жуан-жіңішкелігін көрсететін қарақшы деп таниды.

Бүгінгі қазақ орфографиясындағы бір қиындық екінші буындағы ә әрпінің жазылуы болса, Қ.Жұбанов оны: “Көп буынды түбірдің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың **а-ә** екені дұдамал болса, немесе дұдамал болмай-ақ, анық **ә** дыбысы болса да, қосымша жуан түбірге жалғанғандағыдай жуан айтылады да, а мен е, қ мен к, ғ мен г бір келетін қосымшаларда а, қ, ғ жазылады. Оңайлық үшін ондай түбірдің соңғы буынына да ә жазылмай, а жазылады: *кітапқа (кітапке емес)*” деп шешкен.

Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы жазуда лингвалды үндесім құбылысын таңбалау арқылы және ұяң дауыссыздарға артықшылық беру арқылы тілдің ерекшелігін айқындаса, Қ.Жұбанов тілдің қысаң емес, ашық сипатын, жіңішке емес жуан сипатын таңбалауды дұрыс көрді.

Бұл қағида қазақ жазуының бүгінгі проблемасына қатысты. Емле сөздігінің 1964ж. басылымы бұл қатарды Қ.Жұбановтың пікіріне сүйеніп, *күшала, дұдамал, ділда, күнә, кінә* сияқты сөздерді **а**-мен таңбалады. Кейін жазу практикасы мен сөздік арасында қайшылық туған соң, алдыңғысы ескеріліп, кейінгі басылымдары **ә**-мен қалыптандыра бастады. 2001ж. сөздік тек барыс жалғауын ғана жуан вариантта, басқа қосымшаларды жіңішке формада жалғауды ұсынды.

Кірме сөздер емлесі. Ғалымның кірме сөздердің емлесі жайлы айтқан пікірлері арнайы сөз қылуды қажет етеді. Өйткені бүгінгі таңда жаңа латын графикасына көшу қарсаңында немесе орыс графикасынан бас тартудың себебін іздеу барысында, жоғарыда ескерткендей, Қ.Жұбановтың қазақ тілінің даму бағыттарына тигізген ықпалы көрінеді.

Ғалым шеттілдік сөздерді орыс тіліндегі орфографиясымен қоса қабылдауды ұсынды, бұл ұсыныс қолдау тауып, қазірде біз екі түрлі алфавит, екі түрлі орфография пайдаланамыз: қазақ тілінің төл сөздерін таңбалайтын және шеттілдік сөздерді жазу орфографиясы. Жазылған сөз ішінде **ц, ш, ь, ь, ч** таңбалары кірме сөз екеніне маркер болып тұрады. *Директор* деп жазып, [директр] деп оқысақ, ол орыс орфоэпиялық нормасын да қабылдап отырмыз дегенді білдіреді. “Перспектива развития казахского языка, тенденция обогащения его терминами и словами, обозначающими технику и действия современной культуры, из иностранных языков не дадут возможности так просто их игнорировать ... следует ввести **f, h, x**. *Federatsija* → *Federatsijalav, klassifikatsija* → *klassifikatsijalav*” деп табады автор. Оның үстіне

h, x, ф-п дыбыстары бір фонеманың варианттары екенін біле тұрып, Оңтүстік қазақтарының тілінде **f, h, x** дауыссыздарының анық айтылатынын ескертеді.

Осы орайда терминдерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына бағындырып жазғаннан гөрі, түбірін цитаталық, қосымшасын фонетикалық принциппен жазғанды ұсыну Қ.Жұбанов тарапынан шыққанын айта кеткеніміз жөн. Бұл кірме сөздер қазақ тіліне сай орфограммалаудың қиындығынан, жазудағы ала-құлалыққа тосқауыл қоюды ойластырған ниетінен шықты дейміз.

Оқуға арналған материал

Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы

Тілдің ілгері басып өсуі үшін оның емлесі мен термин мәселесі дұрыс шешілмей болмайды. Болмайтын себебі сол: өркендеп алға барған тілдің түрлі тарауының бәрі де сол емле, терминологиямен сабақтасады да отырады. Тілдің әліппінен бастап, жоғары сатысына жеткенше ілім-техниканың не бар игілігін сөзбен айтып, ашып бере аларлық дәрежеге жетудің өзі де емле мен терминологиядан аулақ болмақ емес. Емле мен терминологияның қызметі сол қалың еңбекшінің қолын мәдениетке жеткізу болады да, ондай кезде емле мен терминологияның мәні әсіресе зор болады.

Сүйтіп, байтақ бұқараның білімге, мәдениетке қолын осы емле мен терминологияға жоламай жеткізуге болмайды. Кезінде ағылшынның емлесін сынап, Энгельс былай деген:

“Ағылшын емлесінің шатақтығы сондай, оқи білу деген ілуде біреудің ғана қолынан келетін бір қиын өнер де, ол өнерге жету үшін көп уақыт, көп еңбек сарп етіп оқу керек; солай болған соң жұмысшы табының надандықтан құтыла алмауы табиғи қалып болмақ. Жаза білу деген тек азғантай ғана адамның қолынан келеді, емлеге келтіріп жазуды көп оқыған адамдардың да көбі білмейді” (Маркс пен Энгельстің II томы, 403-беті).

Энгельстің бұл айтып отырғаны – Англия мен Американың үстем тілінің емлесі; буржуаз Англия мен Американың елінің билігі буржуазия табының қолында тұрған кезде буржуазия мәдениетінің маңдай алды Англия, Америка сықылды елдерде о сықылды шиеленіскен шатақ емленің сондай ілгері мәдениетпен

сиысуы жөн болса да, – еңбекші бұқараның ілгері басуы мүлде ақылға симайтын қалып болмақ.

Сондықтан, емленің жалпы ережесіне көнбей бөлек жайылатын оқшаулықтарды көбейтіп, тілдің шын қалпына жанаспайтын “академиялық” ережелерді аңдатып, емлені шатыстырып, қиындату дегенді ауызға алмайтын болуымыз керек. Сондықтан, кейбіреулердің ағылшын емлесін бетке ұстап, емленің қиындығы мәдениеттің көркеюіне бөгет болмайды, дегені де, А.Бөкейханұлының: – Жапония емлесіндей жаман емле жоқ, бірақ Жапония сол емлесімен-ақ өнер-мәдениетін Европа елінің деңгейіне жеткізді” (“Еңбекші қазақ”, 1924 ж.) дегені де қисынға келмейді.

Жапон жазуының негізі иероглиф (сөз басы бір таңба) бола тұрып, бірқатар сөздің буын-буынында таңбалайтын жолы бар; сондықтан оның жазуы Бөкейханұлы айтқандай, ең жаман жазу болмағанмен, шатағы көп, қиын жазу. Ол, ол ма, әр ұлтының әдеби тілі бір ғана тіл болса, Жапонияның әдеби тілінің өзі бірнеше де, әр қайсысының жазуы да әр түрлі, өздері біріне бірі жалғаса қиындай береді.

Бірақ емленің жеңіл болуы керек дегенді әр түрлі түсінуі мүмкін. Емленің ережесі, әйтеуір, аз бола берсе, әсіресе, ережеге келмейтін оқшау қалыптары, әйтеуір, аз бола берсе, емле сонда ғана жеңіл болады деп жору мүмкін.

Ереженің саны неғұрлым аз болса, оны үйреніп алудың да оңай болатыны рас. Ережеге келмейтін одағай қалыптар аз болса, онан емленің оңайлайтыны да рас. Бірақ ереженің саны да, ережеге келмейтін одағайдың саны да азая келе, өзінің тиісті шамасынан мүлде кеміп кетсе, онда ол сықылды “жеңілдік” жеңілдік болмақ емес.

Ереженің санының аз болуы, емлеге керек ережелердің ол санның ішіне түгел кірмей қалғандығынан болса, ережеге жатпайтын одағайлардың аздығы да, өзінің санымен аз болғандығынан емес, бірқатарының еленбей, ескерусіз қалғандығынан болса, олай болған күнде онан емле жеңілденбейді, қайта қиындай түседі, сол сықылды тым артып кетсе, тілдің емлесі жазуды бір ізден шығаратын емле болудан да қалады, емлеге келтіріп жазу деген мүлде болмайтын боп шығады.

Қазақ тілінің 1929-жылы бекіген емлесі нақ осындай күйде. Бір көруге оңай. Таза қазақша сөздің емлесіне арналған ережесінің саны 12-ақ, терминнің жазуына арналған ереженің

саны 18. Емле осы сықылды “жабайы” болған соң, дұрыс жаза білу оп-оңай болу керек еді, жұрттың бәрі де дұрыс жаза алатын болу керек еді. Бірақ, шынында олай емес: жұрттың бәрі де дұрыс жаза алмайтын болып отыр.

Кейбір сөздер, мәселен, тұрмыста ең көп айтылып, көп жазылатын сөздердің бірі – “коммунист” деген сөз 16 түрлі боп жазылады, сонда о сөздің ішіндегі әріптерінің саны да оған жетпейді. Оны біреулер “кәмөнес” деп жазады, біреулер “кәмунис” дейді, тағы біреулер “кәмунис” деп жазады, әркім өзінше жаза береді. Сонда оны солай, әр түрлі жазғандардың әрқайсысының өз жазғаны дұрыс екенін айтатын дәлелінің толықтығы да, дұрыстығы да тепе-тең түсіп, бірін-бірі бұзып кете алмайды. Бірақ сол 16 түрлі жазудың біреуін өзгесінен артық деп табарлық шын дәлел таба алмаймыз. Оны салыстырып санағанда, бірінен-бірін артық не кем деп айтарлық дұрыс критериямыз жоқ, емлемізге оған критерий боларлық ережеміз жоқ. Сондықтан, жаңағы сөздің 16 түрлі жазылғанының 16-сы да дұрыс болғаны секілді, 16-сы да дұрыс емес болып шығады. Міне, емле осы сықылды күйде болған соң, ешбір сөзді жұрыс жазуға болмайды.

“Коммунис” деген сөз қазақтың өз сөзі емес, оның жазуының тұрақты болмауы содан – деп дауласушылар да болар, бар да. Бірақ ол сөз орыстікі де емес, немістікі де емес, сүйте тұра ол орыстікі де, қазақтікі де, немістікі де, тіл-тілдің бәріне бірдей халықаралық сөз, оны, тегін қазып, латынша сөз деген қаншалық қисынды болса, қазақ тілінің өз сөзі деген де соншалық дұрыс болады (Бұл сөздің латыншасы – “Гоммунис”, жалпы, көпке ортақ деген мағынада). Қайта құл ұстап, теңдік, ортақтық дегенге мүлде жанаспаған баяғы Рим (латын) елінен көрі қазақ елінің бұл сөзді “менікі” деуге правосы анағұрлым артық.

Шынында, дұрыс жазу деген – қазақтың өз сөздерінің, “таза” қазақша сөздердің ғана правосы болып, емле сонымен ғана тұрып қалмау керек, қазақтың әдеби тілінде кездесетін сөздердің бәрі де дұрыс жазылып, әр қайсысының өзінің меншікті тұрақты таңбасы жазылған түрінен басқаша жазудың бәрі де қатә делінетін болу керек; бірақ ол үшін мына сөз “таза” қазақша, мынаның тегі жат деп, сөз-сөздің тегін қазып жатудың қажеті жоқ, тегі қайдан шықса да, бәрі бір, қазақ тіліне кірген сөздің бәрі де қазақтың өз сөзі деліну керек.

“Коммунист” деген сөз тіл-тілдің бәрінде де бар, бірақ оның түбі сол тілдердің ешқайсының да өзінікі емес; сүйтсе де оны

орыс та, неміс те “өз сөзім емес” деп қалай болса солай жаза бермей, тұрақты бір таңбамен ғана жазады.

Міне, қазақ тілінің емлесі де сол сықылды тұрақты болу керек. Жаңағы “коммунист” сияқты мындаған сөздің осы күнге шейін ешбіреуі дұрыс жазылмай келеді. Біреуінің де тұрақты таңбасы жоқ, осы күнгі емленің емле болып шығуы 1929-жыл еді, сонан бергі 6 жыл бойы жаңағыдай сөздердің ешбіреуі бір тұрақты түрге түсе алмастан келеді. Енді о сықылды сорақылықтан құтылу үшін ең алдымен сол сорақылықтың түп себебін тауып алу керек.

Әрине, ол себепті әр кім өзінше бүлдіріп жазумен келген “коммунист” деген сөздің өз бойында деуге болмайды. Оны жазушылардың надандығынан да көруге де болмайды, емленің: осылай жазу керек деп, қолға ұстатқан тұрақты жолы болмаған соң, жазушы емленің анархиясынан қайткенде де құтыла алмаған.

Сөйтіп, о сықылды сөздердің тұрақты таңбасының болмауына шын себеп – осы күнгі емленің өзі, бұл емленің бір ережесі: “шет тілдерден кіретін сөздердің – терминдердің емлесі қазақ тілінің фонетикасы мен морфологиясының осы күнгі заңдарынша болу керек,- дейді” (1929-жылғы емле конференциясының стеногр., 139-бет).

Бұл – “қазақ тілінің фонетикасының осы заңдарына” терминдердің емлесін бағындыра берудің түбі шиеленген шатақ болып кететін болған соң, соны келегейлеймін деп, оған: “аса бір керек жерлерде ғана болмаса, жат сөздердің түбірін бұзбай жазу керек...” – деп, бір эклектік бұлтарыс қосқан (сол стенограммның 140-беті).

Міне, терминдерді осы ережеге келтіріп жазу үшін, жазушы оны әуелі “қазақ” фонетикасының осы күнгі заңына бағындырамын деп бір әуре болады, “аса бір керек жерлерде ғана болмаса, терминдердің түбірін бұзбай жазамын”- деп, екі әуре болады. Сөзді мұндай ережеге келтіріп жазу үшін әр жазушы оны өзінше жазып, әр сөзді өз алдына қиыстыруға тиіс. Өйткені олардың әрқайсысында өз көзқарасы бар ғой. Сонда біреуі: “коммунист” деген сөзді “кәмөнес” деп жазғанда оны “керегінше ғана бұзып”, қазақ фонетикасының осы күнгі заңына бағындырдым – деп біледі, екінші біреу ол сөзді “кәмунес” деп жазғанда сол шартқа келтірдім деп түсінеді, тағы біреуі оны “кәмунис” деп жазғанда ережеге қисынады деп ойлайды. Ереже осының бәріне де өзі жол ашады.

Сонымен, емле әркімнің өзінше жазуын қойдырып, сөз-сөздің таңбасын айнымайтын тұрақты қылып шығарудың орнына, емле жасағанда бұл мақсат еленбегендіктен, жазуда тұрғылықты бір із болмай, қайта теріс “жазғыштыққа” бастап, анархия шығарып отыр.

Емлеміздің бұ сықылды жолсыздығы тек халықара терминдер ғана емес, қазақтың өз сөздеріне де тиіп отыр.

Жазуды сынар езу ультра-фонетик жолымен жазатын болған соң, естілуі әр жолы әр түрлі, кейде болып, кейде түсіп қалып отыратын көмескі дауыстылардың емлесі мүлде шатысып, былығып кетті. Мәселен, бір кісі бір жерде “асра”, “жамра”, “Ахмет”, “көбрек”, “ру”, “рет”, “Абралы” деп, бұ сықылды сөздердің дауысты “ы”, “і”-лерін жоғалтып айтатын болса, екінші бір жерде сол кісінің өзі-ақ сол сөздерді “асыра”, “жамыра”, “Абыралы”, “Ахымет”, “көбірек”, “ұруу”, “ірет”- деп те атайды. Соған қарап, емле о сықылды сөздерді қалай жазсаң да еркін дейді, ондай сөздердің жазуына тұрақты жол көрсетпейді, “ойын”, “қиын”, “ауылы”, “шаруа”, “алуа”-ларға ұсаған сөздердің айтылуы да, жазылуы да со сықылды: “қойны”, “қолы”, “шаруа”, “алуа” боп келе береді. Әркімнің өзінше айтатын сөздері болады, әр жерде әр түрлі айтылатын сөздер де толып жатыр; бір кісінің өзі “жұрттың бәрі де” әр жерде әр түрлі қып айтатын сөздер де аз емес; о сықылды сөздердің емлесінде еш тұрақ жоқ, оған қарағанда қазақ тілінің мүлде емлесі жоқ деп түсінуге болғандай. Мәселен, “жана” деген сөз “және”, “жәнә” болып та жазылады, “ішкім”, “ешкім”, “едәуір”, “әдәуір”, “недәуір”, “қарағын” – “қарқын”, “шимай” – “шымай” – “шыжбай”; “кербіш” – “керпіш” – “кірпіс”, “бибастық” – “бейбастақ” – “би бастық” – “бей бастақ” – “бей-бастық”; “жәнтік” – “жәндік”, “шыңара” – “шінара” – “шін-ара” – “ішін ара” – “ішінара”, “саржан” – “шажын”-дарға ұсап, әр жолы әр түрлі болып жазылатын сөздер толып жатыр.

1929-жылғы емленің шешпей қалдырған, осы күнге шейін де шешілмей келе жатқан бір мәселесі – түбірі басқа-басқа болғанмен, кірігіп бір мағыналы бір сөз болып кеткен құрамды сөздердің емлесі. Мұндай сөздердің жазуында еш тиянақ жоқ, оны біреулер қоспай, бөлек-бөлек жазады, тағы біреулер арасына сызықша қойып жазады, кейбіреулер қосып, бір сөзге ұсатып жазады. Мәселен, “жарқ қанат” – “жар қанат” – “жарғанат”, “қол ғабыс” – “қол қабыс” – “қолғабыс”, “жарым ес” – “жармес”, “иін ағаш” – “иін әғаш”, “аш көз” – “ашкөз” – “ашкөз”, “жаздың

күні” – “жазды күні” – “жазды күн” – “жаздыгүн”, “жазғы тұр” – “жазғы тұрым”, “бара жатыр” – “баражатыр” – “баратыр”-деп әркім өзінше жаза береді. Бұл сықылды мысалдардың ұшы қиыры жоқ. Осы күнгі емлені мақтап, қазақтың өз сөздеріне келгенде оның еш кемшілігі жоқ, кемеліне келіп, әбден жетіліп болған емле; аздаған кемшілігі болса, тек жат сөздердің жазылуы жағынан ғана болып отыр деп, қазақ тілінің емлесін көкке көтерушілердің мәселеге жете түсінбей, бетінен сапырып, балалық қылық көрсетіп жүргендігі осы мысалдардың өзінен-ақ аян болу керек. Тіл ғылымының емлеге керек бір қатар ірі мәселелерінің 1929-жылы шешілмей, шикі күйінде қалғандығы, 1929-жылғы емледен ол мәселелердің дұрыс шешіліп, тұрақты ереже болып орын ала алмай, елеусіз қалғандығы да осы келтірген мысалдардың өзінен-ақ байқалу керек.

Сөйтіп, осы күнгі емленің бір көрмеге жеп-жеңіл болып отырғаны тілдің емлеге керек мәселелерінің түгел тексеріліп, азғана ереже болып, қорып шыққанынан емес, сол мәселелердің көбінің тексерусіз ұмыт қалып, емледен белгілі ереже болып орын ала алмағандығынан.

Терминдердің емлесіне 1929-жылғы қаулы ойына келген бір аз ғана мәселелерді ереже қылып кіргізді де, ең керек ірі мәселелерді мүлде сөз қылмай ұмыт қалдырды.

Қазақтың өз сөздерінің жазуында да ол емленің кемшілігі аз емес екенін жаңа көрсетіп өттік. Міне, сондықтан, осы күнгі емленің ережесінің аз болуы – тілдің шын қалпын аз ережеге сыйғызып, түгел қорытып шығарғаннан емес, тек есіне түскен қалыптарын ғана ереже қылып шығарып, ең керектерін ұмытып кеткендігінен, елеусіз қалдырғанынан болған соң, емлеге кірген ережелердің бәрі жиылғанда да тілдің емлеге керек мәселелерінің бәрін түгелімен ішіне ала алмайтын болған соң, қазірде емле бір көрмеге оп-онай сияқтанғанмен, өзі шын емле бола алмай, жазуды мүлде шатастырып, анархия шығарып отыр. Шынында, емле жеңіл болу үшін ереженің саны да, ережеге көнбейтін одағай қалыптардың саны да құр аз болып шығу ғана шарт емес, тілде бар емлеге керек қалыптардың бәрінің түгел тексеріліп, ереже боп, қорып шығуы шарт. Міне, солай қорып шыққан ереже – өзі барынша аз болып, емлеге керек мәселелердің бәрін де ішіне алатын болса, емле сонда ғана шын емле болады.

Құдайберген Жұбанов.

Мақала Мемлекеттік терминкомның бюллетенінде”,
1935-ж., жарияланған.

**Принципы терминологии казахского литературного
языка, применяемые (рекомендуемые) Государственной
Терминологической комиссией.
(Одобрено съездом культурных работников)**

1. Термины, имеющие в практике литературных языков международно-единые обозначения без перевода на национальные языки, вроде: революция, совет, теория, практика, тенденция, медицина, хирургия, климат, абсолютный, конкретный и т.д., принимать в том же международно-едином обозначении, без перевода их на казахский язык.

2. Международные термины, которые в практике литературных языков переводятся на национальные языки, как то: производство, труд, деньги, корень, стебель, мышцы, деление, умножение и т.д., переводить на казахский язык. Если подлежащий переводу термин не имеет эквивалента в казахском языке, или же если казахский перевод делает его менее понятным (в иных случаях искажает смысл термина), то принимать соответствующее русское слово: сословие, состав, клетка, слет и т.д.

3. Термины, употребляющиеся в различных дисциплинах, но в одном и том же значении, или в значениях близких друг к другу, принимать в едином обозначении: форма – *форма* (в философии или физике), материя – *materija* (в философии и физике), корень – *tybir* (в математике, в ботанике, в лингвистике), морфология – *morfologija* (в ботанике и лингвистике), реакция – *reaksija* (в химии, биологии, политике), экскурсия – *ekskursija* (в области просвещения и в физиологии).

4. Термины, имеющие в различных случаях различное значение, вроде: мануфактура (в историко-экономическом и товароведческом значениях), продукт (продукт производства и продукт, как продовольствие), легенда (как фольклорный жанр и как аннотация) и т.д. принимать, как термин для одной дисциплины, а в остальных случаях переводить. Например, мануфактура – как этап экономического развития – термин (не переводится), но как вид товара – не термин (переводится).

5. Международные термины принимаются в той форме, в какой они пишутся в русской литературе. В том случае, если в казахском языке будут отсутствовать какие-либо звуки (для передачи этих терминов), таковые изображаются буквами в пределах казахского алфавита (форма – *форма*, химия – *qijmija*, революция – *tebolutsija*) и т.д.

6. Термины, переводимые на казахский язык (см.п.2), должны сохранять при переводе полное соответствие их научному значению. При переводе этих терминов следует точно учитывать грамматические особенности казахского языка, не прибегая к искусственным словообразованиям, делающим термины непонятными, как например: *berilis* – передача, *korpil* – многоугольник, *toqma* – текстиль, *təcirijbe* – практика и т.д.

7. Международные термины, выраженные в именной и отглагольно-именной формах, за исключением образований с казуативной формой, созданной при помощи формальных элементов: -изация, -ификация, -ация – (в словах механизация, электрификация, объективация), которые соответствуют казахским формам : *masijnalandyruv*, *elektirlendyruv*, *objektiptenuv*, принимать в том же виде.

Международные термины, как определения, образованные из прилагательных на -ский, -ный, в казахском образовании принимать усеченно, т.е. без -ский, -ный: популярная книга – *popular kitap*, абсолютная величина – *absolut sama*, буржуазная идеология – *burcuaz ijdeologija*, экстенсивное хозяйство – *ekstensijp carnasylq*, дифференциальное уравнение – *dijperensijal tengerme*.

Прилагательные же, оформленные суффиксом “-ский” с превращением звука “к” основы в “ч”, оставлять в существительном оформлении без всяких наращений: электрическая лампа – *elektir sam*, физическая география – *rijzijka sagarija* и т.д. Глагольные формы от существительных и прилагательных основ образовывать при помощи соответствующих казахских суффиксов: изолировать – *ijzolatsijalav*, механизировать – *masijnalandyruv* и т.д. Термины же, имеющие в русском языке лишь глагольные формы и не имеющие именных форм, или слишком отдаленные от именных значений, переводить сообразно с контекстом (игнорировать, регулировать, реагировать – последнее слишком отдаленно от именной формы “реакция”).

8. Вместе с терминами ввести в казахский язык ряд приставок, употребляющихся в международной терминологической практике, которые не могут быть заменены казахскими суффиксами, например “ист”, “изм” (суффиксы), “ре”, “син”, “де”, “анти”, “контр” (префиксы).

Большинство же других аффиксов, встречающихся в терминах, сохранять в казахском употреблении, но не выделять как

формальные элементы, а считать их органической частью основы.

9. Сокращенные формы терминов, присоединяемые к другим словам (авто, аэро, авиа и пр.), имеют в сочетании с казахскими словами: *apTOCOL, apToqатынас, ablacana* и т.д.

Термины: диктатура, революция, совет, теория, практика, контрреволюция, милитаризм и пр., употреблявшиеся в казахском языке только переведенными, принимать без перевода в интернациональной их форме.

10. Ввести в практику казахского словообразования сокращенные сложные слова, широко применяемые в современном русском языке со времени Октябрьской революции, считая такие образования вкладом, внесенным достижениями революции (политэкономия – *polijtekonomija*, райисполком – *avatkom* и т.п.).

Однако, при образовании подобных сокращений необходимо увязывать их с законами казахского литературного языка, используя на практике лишь те из образований, которые были приняты Государственной Терминологической Комиссией.

Құдайберген Жұбанов

Материал 1936 ж. жарық көрген Қазақ тілі терминологиялық сөздігінің алғысөзінен де басылған.

14-дәріс. Орыс графикасына негізделген қазақ жазуы

Қазақ жазуының 1940ж. латын графикасынан орыс графикасына көшуінің бірнеше себебі болды:

1) өзге идеология мен саясат ұстанған Түркия мемлекеті мен кеңестер одағындағы түркі халықтарының араласуына кедергі жасау;

2) араб және латын графикасына негізделген қазақ жазуының негізін қалаған қайраткерлердің (Т. Шонанұлы, Қ. Кеменгеров, Қ. Жұбанов, Е. Омаров, О. Жандосов, Н. Төреқұлов) “халық жауы” болып шығуы;

3) бір мемлекет (ССРО), ортақ астана (Мәскеу) астындағы халықтардың ортақ мемлекеттік жазуы болуы керектегі (орыс тілі мен жазуы);

4) термин сөздердің орыс тілі арқылы игерілуі;

5) жазу емлесіндегі ала-құлалық т.б.

1926ж. I түркітанушылардың съезінде де, 1929ж. емле конференциясында да қатынасқан орыс ғалымдары әр халық өз жазуын өз мүмкіндіктері тұрғысынан шешуі керек деп, бейтарап позиция ұстанғанмен, термин сөздерді орыс тілі арқылы игерген жөн (К. Юдахин), орыс жазуының да латын графикасынан кемістігі жоқ (Н. Ф. Яковлев, Жирков), фонетикалық принципке сақтықпен қарау керек (Л. В. Щерба) деген ішінара, іріткі ойлары, сондай-ақ қазақ оқымыстыларының да ортақ жазу – орыс жазуына көшкен дұрыс, терминдер орыс тілі нұсқасынша жазылу керек (С. Аманжолов) деген көзқарастары, сөйтіп, ақырында орыс графикасын қабылдауымызға себеп болды.

Әліпбиі мен графикасы. Бұл жазудың алғашқы әліпби жобасында (1939ж. 10-тамыз) 40 әріп болды, ал әліпби тәртібі төмендегідей: **а, ә, б, в, г, д, е, ж, з, и, й, і, к, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ұ, Ұ, ф, х, қ, г, ц, ч, ш, щ, ь, ы, ь, э, ю, я.**

Мұнда дауысты дыбыстар (**ә, ө, ұ, Ұ**) орыс әліпбиіндегі жуан дауыстылармен (**а, о, у**) **і-и, й** жіңішке дауыссыздармен, **ы** әрпі жуандық белгісімен қатар келген. Ал қазақ тіліндегі <қ>, <ғ> фонемаларының таңбасы **х**-әрпінен кейін орналасқан.

Ал графикасында мынадай ерекшеліктер болды: біріншіден, дауысты дыбыстардың таңбасы ретінде 14 әріп көрсетілді: **а, о, у, е, ы, и, ә, ө, і, ұ, Ұ, я, ю, э.**

Әліпбиде **ё** әрпі болмады, ол әріп кездескен сөз **ө**-мен белгіленді: *слёт – слөт; е, ө, ә, Ұ, і* әріптері сөзді жіңішкертетіндіктен, бұлар жазылған сөзде **ь**-белгісі қойылмады; **ы, і** әріптері сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда, **я** буын араларында жазылмайды делінді: *смағұл, рет, ахмет*; **я** әрпі сөз басында, дауысты дыбыстан соң, қатандық, жұмсақтық (**ь, і**) белгілерінен кейін жазылатын болды: *Яков, химия, аяғы, таяу, мия.*

Мына мәселелер ескерту ретінде берілді: орыс тілінен енген сөздерде дауыссыздан кейінгі **я** әрпі **э** әрпімен белгіленді (*Колэ, желэбов, транслэция*). **ю** әрпі түбір ішінде жазылады да (*қою, аю*), түбір мен жұрнақ ішінде **йу** тіркесі арқылы беріледі (*қойу, сойу*). Әліпбиде **н** әрпі болмағандықтан, оның қызметін **ә, а, х** таңбалары атқарды: *қаарман (қаһарман), гауэр (гауһар), аһ (ах)*. Қосар дауыссызға аяқталған сөзге қосымша жалғанғанда бір дауыссыз түсірілмеді: *класс/классқа*. Дыбыстық құрамы игерілген кірме сөздер айтылуынша жазылды: *газет, самауыр, қамыт, сиез, дога*. Араб-парсы тілінен енген сөздердің ортақ әдеби ва-

риантын орфографиялық сөздіктен қарап, жазу керек делінді, себебі сөз мағынасы дифференцияланып, жазуда айқындала бастады: *гаскер – войска, әскер – армеец, ғылым – мәлім*. Біріккен жалқы есімдер кіріктіріп те *Талдықорған, Қожакелді* кіріктірілмей де (*Амангелді, Қазанған*) жазылатыны көрсетілді.

Бір жылдан кейін **1940 ж. 30-тамызда** жаңа алфавит жөніндегі ғылыми конференция 41 таңбадан тұратын жаңа әліпби туралы жоба ұсынды. Мұнда **h** әрпі әліпбиге енгізілді және <ү> фонемасы **э** таңбасымен берілді (5-кесте).

1940 жылғы әліпби жобасын жетекшілік еткен **С. Аманжолов** жобаны талқылауда **э** әрпін қазақ тіліндегі **е** дыбысының орнына қолдануды, **ә** әрпін екінші буындарға да жаза беруді, **я** әрпін қолдануды азайтуды, мысалы, түбір мен жұрнақ позициясына жазбауды, **ы** әрпін тек орыс сөздерінде ғана жазып, қазақ тіліндегі <ы> үшін басқа таңба алуды ұсынған пікірлердің болғанын және оларға негізді дәлелдер бар екенін айтады. **я, ю** әріптерінен қызметі арқылы жазу үнемділігіне қол жеткіземіз дейді. Автор **ь** таңбасын қазақ тіліндегі жер-су атаулары адам есімдерінде қолдануды мақұл көреді.

Ш. Сарыбаев **к** әрпімен <қ>, <к>, **г** әрпімен <ғ>-<г> дыбыстарын белгілеп, іргелес келген дауыстының жуан-жіңішкелігіне орай <қ>, <ғ>, <к>, <г> екенін айыруды ұсынды. Сондай-ақ <қ> – **кь**, <ғ> – **кь** деп алайық деген де, тіпті <қ> – **к**, <ғ> – **г** деп алу жазу жылдамдығына кедергі, сондықтан **q, p** таңбасын қалдырайық деген де пікірлер болады.

А. Ысқақов **э** әрпінің мәнін **е** әрпі де бере алады, сондықтан әліпбиге **э**-нің қажеті жоқ деп табады.

М. Балақаев керісінше **э** әрпін сөздің бас буынында жазайық, сонда тек **ч, ц, ь** әріптері ғана орыс сөздерінде кездеседі де, қалған әріптер ортақ болады дейді. Және қысаң езуліктердің емле қиындығын азайту үшін *магна, рет* сияқты сөздердегідей анық естілмейтін позицияда **ы, і** әріптерін түсіріп, қалған позицияда тәуелдік жалғауы жалғанғанда да, түсірілмегені жөн деді. М. Балақаев сөз бірігіп жазылу үшін сөздің екі сыңары да атау тұлғада және олар изафеттің III түрі болмауы керек деді. Ал фразеологиялық тіркестердің барлық түрі бөлек жазылуы уәжді деп табады.

Сөйтіп, осындай талқылаулардан соң, жаңа әліпби 1940ж. 11-желтоқсанында түбегейлі бекиді. Әліпби тәртібіндегі қазақ тілінің төл дыбыстары жұмсалу жиілігіне сәйкес, **і, қ, ң, ғ, у, ө, ә,**

h болып реттеледі. Бірінші орыс алфавитінің әріптері, соңынан қазақ әріптері тіркеледі. Әріп атауы **вэ, бэ** деп, орыс алфавитіндегідей белгіленеді. Әліпбидің жоғарыдағыдай берілуі оның қосалқы қызметі (санау, инвентарлау) үшін қолайлы делінді. Графика мен сөйлеу екі басқа, бір-біріне сәйкес келмейді деген пікірлер де осы кезден шыға бастайды. Жазылған сөздегі әріп пен дыбыс арасында айырма қай кезде де болады, сондықтан 1940ж. емледе қабылданбай қалған **ый, ий** тіркестері орнына **и** жазу; түбір мен қосымша аралығына **ю, я** әріптерін салу (*кию, боя*), **я** әрпімен [йа], [йә], [ә], **ю** әрпімен [йу], [йүү], [ү] дыбыс тіркестерін беру сияқты пікірлер айтылады.

Алғашқы емле сөздігі. Осы әліпби жобасының негізінде 1941ж. С. Аманжолов, С. Баишев, Ғ. Бұзырбаев, С. Кеңесбаев, Н. Сауранбаевтардың ұжымдық авторлығымен алғашқы емле сөздігі жарық көреді. Онда мынадай өзгешеліктер болды: а) **ы, і** әріптері түсірілді: *жыйлыс, құрлыс, бұйрық, ұрлық, топрақ, жапрақ, көкрек, ә* жалқы есімдерде [йы] тіркесі үшін *и* (*Баир, Раис*), жалпы есімдерде *йы* жазылды: *айыл, кейін*, б) кірме сөздерде **я** әрпінің алдынан **и** (*пияла, пияз, зияи*), ал қазақ сөздерінде **ы** жазылады: *қыялы, сыяқты, тыянақты*, в) *йы, йй*-ға аяқталған сөзге көсемшенің **й** жұрнағы қосылса, **и** әрпі жазылды (*байыйды* емес, *баиды*).

Сөздікке а) жер-су аттары б) біріккен, қысқарған, кірме сөздер в) терминдер г) кісі есімдері д) жазылуы қиын сөздер кірді.

Қазіргі орфограммдан өзгеше мына сөздер біріктіріліп жазылды: *Алааяқ, алакөлеңке, антатқан, антұрған, асықжілік, ататек, атсалысу, атиаптырым, атышулы, атқора, ауажайылу, ауылиаруашылық, ахрет, ахуал, ашйшек, аяққим, аяқтұзақ, бақайқулық, бейнетхор, бейілауыз, белкүрек, белорақ, боссөз, бытра, бытраңқы, біркүні, бірнәрсе, бұрнагыкүн, дарқан, дастарқан, диқан, еміздік (еміздік емес), етбетінен (етпетінен), жалахор, жандік, жапрақ (жапырақ емес), жетіата, жыйлыс (жиналыс), жыйырма, кеңпейіл, күретамыр, көжеқатық, көзбайлау, махлұқ, магна, мұраб, мұқыят, мұғаллім, нахақ, суд (сот емес), тәбигат, тәбиғи, хажет, хата, хатер, хауіп, хиял, хиянат, хұдды, хұрмет, ішқим, қаблет, зібрат, ұйқтау, өкмет.*

Жалпы, 1938ж., 1939ж., 1940ж. ұсынылған әліпби жобаларында қосар [ц] дыбысын бір таңбамен беру ұсынылып, ол қолдау тапқанмен, **и** әрпінің емлесі айқындалып, шешіле қоймаған еді.

Мысалы, М.Балақаев 1940 ж. орфографияда тек 4 параграфта “что и пишется во всех словах как мягкий гласный, в других случаях (13 параграф) – буква **и** пишется для обозначения звуков **ий** (*йық, иса*), в третьих случаях, правда без специального пункта правил **и** употребляется для обозначения звуков [i] [й] (*ки, жи*)” делінгенін айтады. Сондықтан **и** әрпінің емлесін жүйелеуді ұсынады. Мысалы, жіңішке сингармотембрде бір әріппен (*ки*); жуан сингармотембрде екі таңбамен берілді (*қый*). Жалпы, Кирилл-қазақ әліпбиінің қабылдану, емле ережелерін жетілдіру тарихына барсақ, жазуды қазақ тілі табиғатының тұрғысынан (М. Балақаев) және орыс тілі табиғатына жақындатып, бағындырып жазу тұрғысынан ұсынатын (С. Аманжолов) екі бағыттың болғанын көреміз.

Емле мәселелері. М.Балақаев қазақ орфографиясының 40ж. қиындықтары ретінде мыналарды көрсетті: күрделі сөздер емлесі, **и, ы, і** әріптерінің емлесі, **қ-х** әріптерінің емлесі, **ә** әрпінің жазылуы, термин сөздердің қосымшалануы, жалпы есімдерінің жазылуы.

М.Балақаев біріккен сөзге бір зат, бір ұғымның мағынасын беретін сөз деп анықтама берілген соң *ауажайылу, басқатыру* сияқты тіркестердің де бірге жазылып кеткенін, ал *аяқ киім, темір жол* анықталғыш-анықтағыш қатынастағы сөз екенін айтады. Кісі аттарының фонетикалық принциппен жазылуы уәжді деп табады, сондай-ақ *жарыя – жәрия – жария, қайтып – кәйтiп* деген сөздердің әдеби вариантын анықтау емле сөздігінің құзырына тиеді дейді.

Ғалым **h** әрпін **х**-мен беруге, **к, ғ** фонемаларын **г, к** әріптерімен таңбалауға болады деген ұсыныс айтты. Ал **ог, уг, к**-ға аяқталған сөздерге жіңішке қосымша жалғауды (*полктік, педагогке*) екі сыңардан құралған біріккен сөздер жігіндегі **к/ғ, к/г** алмасуын таңбалауды ұсынады. Біріккен сөздердің емлесін орыс тіліндегі баламасының жазылуына қарап анықтаудың қателігін айтады. Және қазақ әліпби жүйесінің тәртібіне, оны қабылдаған үкімет қаулысына наразылығын білдіреді.

Ғылым академиясының Тіл, әдебиет институтында (1952 III) осы ұсыныстар талқыланған жиналыс қаулысы әліпбиден **h** әрпін алып тастауды, әліпби тәртібін өзгертуді, **ый, ій, ұу, үу** қосарын **и, у** таңбаларымен беруді қабылдайды. Бірақ С. Аманжолов керісінше, қазақ әліпбиін өзгерту “қазақ тілі дыбыстарына арналған әріптердің керексіз бар ма”, “алфавит сиқын

бұзып тұрғаны жоқ па”; “орыс әріптері толық қолданылып жүр ме” деген бағытта жүруі керек дейді. Автордың ойынша, **ә** әрпінің қызметін **я** әрпі де атқара алады (*Куляш, сіря, Жамия*); **к, г**-ге аяқталған термин сөздерге соңғы буынның жуандығына байланысты жуан қосымша жалғау, біріккен сөздерді кіріктіріп жазбау *аққөңіл, асырасілтеу* сияқты сөздерді бірге жазу уәжді. Сондай-ақ С. Аманжолов әліпби тәртібін өзгертуге қарсы болды. Ғалым әріп ретін өзгерту алфавиттің қосалқы – нөмірлеу – қызметіне кедергі болады деді. Және қосар дыбыстарды бір таңбамен беру морфологиялық принципке сай емес, сөздің айтылуы мен жазылуын алшақтады. **к, г**-ге біткен орыс сөздеріне жіңішке қосымша жалғау орыс тіліндегі сөздердің айтылуын бұзады деді. Осы екі бағыттың соңғысының ұсынысы ескеріліп **h** әрпі әліпбиде қалдырылсын деген пікір, бірінші буыннан басқа буынға **ә** әрпін жазбау, орыс тілінен енген сөздердің соңғы буынына қарап қосымша жалғау сияқты пікірлер тұрақтана бастайды.

Ал **э** таңбасын **ү** таңбасымен ауыстыру туралы ұсыныс 1951ж. 15 тамызында ресми түрде қабылданады (**э – ү**).

1957ж. Қазақ тілі негізгі емле ережелері қабылдағанға дейін қазақ жазуының тарихында бірнеше ұсыныс болған. Оның алдыңғысы 1939ж. әліпби жобасы, 1940ж. емле жобалары болса, соңғысы 1953ж. 28 ақпанда “Қазақстан мұғалімі” газетінде ұсыныс ретінде жарияланды. Әліпбиде 40 әріп рет санымен белгіленді, **ә** әрпі **е** таңбасынан кейін орналастырса да, әліпбидің рет санына алынбады. Ал **h** әрпі алфавитте болмады. Әліпбедегі әріп реті қазіргі әліпби тәртібімен бірдей. Ереженің 1953ж. нұсқасы мен қазіргі нұсқасының арасындағы өзгешеліктерге назар аударайық (6-кесте).

6-кесте – Ереженің 1953ж. нұсқасы мен қазіргі нұсқасының арасындағы өзгешеліктер

1953 ж. нұсқасы	2005 ж. нұсқасы
а, е, о әріптері сөздің барлық буынында жазылады	а, е, ы, і әріптері сөздің барлық буынында жазылады
ә, ө, ұ, ү әріптері <i>кінә, күмән, куә, мазмұн, мақұл</i> сөздерінде соңғы буындарда жазылады.	ә, ө, ұ, ү әріптері <i>кінә, күмән, куә, мазмұн, мақұл</i> сөздерінде соңғы буындарда жазылады.

ый тіркесі <i>тый, сый</i> сөздерінде жазылады, бұл сөздерге қосымша жалғанғанда жалаң и жазылады (<i>сылық, сиымды, тиылу</i>)	ый тіркесі <i>тый, сый</i> сөздері мен туынды сөздерде де жазылады (<i>сыйлық, сыйымды, тыйылу</i>).
я, ю әріптерінен бұрын ы, і әріптері жазылмайды, <i>тый, сый</i> сөздері тұйық рай тұлғасында <i>тыю, сыю</i> болып жазылады.	я, ю әріптерінен бұрын ы, і әріптері жазылмайды, <i>тый, сый</i> сөздері тұйық рай тұлғасында <i>тыю, сыю</i> болып жазылады.
<i>Халық, ауыл, әріп, ауыз</i> т.б. сөздеріне тәуелдік жалғауы жалғанғанда соңғы буында ы, і әріптері жазылмайды.	<i>Халық, ауыл, әріп, ауыз</i> т.б. сөздеріне тәуелдік жалғауы жалғанғанда соңғы буында ы, і әріптері жазылмайды.
Йы дыбысына біткен сөзге й жұрнағы жалғанғанда йи болып жазылады (<i>байиды</i>).	Йы дыбысына біткен сөзге й жұрнағы жалғанғанда йи болып жазылады (<i>байиды</i>).
Х әрпі <i>халы, хат, қахарман, гаухар, ухлеу</i> сөздерінде жазылады.	Х әрпі <i>халы, хат</i> т.б. сөздерде жазылады. <i>қахарман, гаухар, ухлеу</i> сөздері Һ әрпімен жазылады.
Алдыңғысы соңғысын анықтайтын екі зат есім бөлек жазылады.	Анықтаушы-анықталушы қатынастан ажырап, бір заттың атауы болып кеткен сөздер бірге жазылады (<i>асқасық, иіссабын</i>).
Екі сөзден біріккен кейбір кісі есімдері айтылуынша жазылады (<i>Жангазы</i>)	Екі сөзден біріккен кейбір кісі есімдері айтылуынша жазылады (<i>Жангазы</i>)
Пен, кер, кеш, нікі, паз, қор, хана, стан жұрнақтары түбірдің жуан-жіңішкелігіне қарамай осы тұрпатта жалғанады.	Мұндай ескерту жоқ.
К, г дыбыстарына аяқталған термин сөзге қосымша жіңішке жалғанады.	Бұл ереже 1983ж. емле өзгерісінде қабылданды.
Цифрмен жазылған реттік сан есімнен кейін дефис қойылады (<i>1952-жыл, 19-ғасыр</i>)	Мұндай пункт жоқ.

Бақылау сұрақтары:

1. Кирил-қазақ әліпбиінің алғашқы нұсқасы мен соңғы нұсқасының арасында қандай айырмашылық болды?
2. Алғашқы емле сөздігінде қазір сақталмаған орфограммалар қандай?
3. Әліпби мен емлеге қатысты қандай ұсыныстар болды?

1-тапсырма.

1941 жылғы емле сөздігінен алынған төмендегі орфограммалардың себебін түсіндіріңіз.

Алааяқ, алакөлеңке, ахрет, аяқкиім, боссөз, бытраңқы, жа-лахор, біркүні, жапрақ, жандік, жыйлыс, жыйырма, махлұқ, мұқыят, мағна, тәбиғат, хажет, хата, уйқтау, өкмет, қаблет, хұрмет, хауіп.

2-тапсырма.

«Кирил әліпбиінің қазақ тілі фонологиясына әсері» атты эссе жазыңыз.

Тест сұрақтары

1. Латын әліпбиінен орыс графикасына негізделген қазақ жазуына көшудегі негізгі себепті атаңыз?

- а) Орыс графикасының латын әліпбиінен тиімдірек болуы
- б) Латын әліпбиінде қазақтың төл дыбыстарының таңбаланбауы
- с) Латын әліпбиінің қателіктерінің көп болуы
- д) ССРО астындағы халықтардың ортақ мемлекеттік жазуы болуы керектігі

2. 1939ж. алғашқы әліпби жобасында неше әріп болды?

- а) 41
- б) 39
- с) 40
- д) 42

3. Кирил-қазақ емлесін жасауда тіл табиғатына жақын бағытты ұстанған ғалым?

- а) Ғ.Бұзырбаев
- б) С.Кенесбаев
- с) С.Аманжолов

d) М.Балақаев

4. С.Аманжолов «ә» әріпінің орнына қай әріпті қолданған дұрыс деп есептеді?

- a) е
- b) а
- с) я
- d) ы

5. Жаңа әліпби мен орфография ережелері қай басылымда жарияланды?

- a) «Жас Алаш»
- b) «Қазақ»
- с) «Қазақстан мұғалімі»
- d) «Айқап»

6. «э» әріпін қазақ тіліндегі «е» дыбысының орнына қолдануды, «ә» әріпін екінші буындарға да жаза беруді ұсынған ғалым?

- a) С.Аманжолов
- b) Т.Шонанұлы
- с) О.Жандосов
- d) Н.Төреқұлов

7. «h» әрпі әліпбиге қай жылы енгізілді?

- a) 1941ж 30-тамызда
- b) 1940ж 30-тамызда
- с) 1942ж 30-тамызда
- d) 1939ж 30-тамызда

14-семинар. Қазақ тілі емле ережелеріне қатысты ұсыныстар (1940-1960 жж.)

Семинар сұрақтары:

1. Емле ережелерінің жобасы неше жыл көпшілік талқылауында болды?
2. Қандай ұсыныстар ерекше деп ойлайсыз?
3. Орыс емлесіне ұқсатып жазайық деген пікірлер қандай себептен шықты деп ойлайсыз?

Бүгінде қазақ жазуы біршама тұрақтанған, қалыптанған, реформаланған дегенде оның ауыр жүгі қазақ тіл білімінің аға буынына батқанын сеземіз. Тұрақты емлесі жоқ жазу айналасы отыз жылдың ішінде 3 дүркін ауыстырылды (1912, 1929, 1940). Бірнеше рет емле ережелеріне реформа жасалды, алғашқы емле ережесі 1940ж. жобаланып, 1957 жылы 5 маусымда Жоғарғы Кеңестің қаулысымен бекітілуге дейін бүкіл филолог мамандар мен мектеп мұғалімдерінің, оқытушылардың, қалың көпшіліктің талқысына түсті. Баспасөз беттерінде пікірталастар ұйымдастырылды, жиналыстар шақырылды. Негізгі ережені барынша қалыптандырып, оның практикада сақталуына күш салынды.

Алайда бүгінде, қазақ жазуы түбегейлі латын графикасына бет бұрып отырған кезеңде, соған дайындық кезеңінде, ереженің олқы тұстарын қайта қарап, жетілдірер кезінде өткенге көз жіберіп, емле тарихындағы “еленбей” кеткен тұстарды екшеу, “қапыда жіберіп алған” жерлерімізді қайта жаңғырту міндетіміз. Себебі профессор Р.Сыздық айтқандай: “Екі көштің екеуі де көп дайындықсыз жедел жүрді. Соңғысына тіпті өрт алғандай кірістік. Егер күні бүгінге дейін емле айналасындағы дауымыз таусылмай келе жатса, екі жазудың екеуінің де ережелері бір емес, екі-үш реттен өңделген болса, сол өңдеулерден қалып қойған тұстарын қазір де байқап отырсақ, осылардың барлығы кезінде жаңа жазуларға түбегейлі дайындықсыз, ғылыми негіздерге сүйенген қағидаларға көп құлақ аспай кіріскеніміздің салдары, орыстың “авось” – ы сияқты, өзіміздің “көш жүре түзеледі” – ге салатын қазақы қимылымыздың салқыны”.

Сөйтіп, орыс графикасы негізіндегі қазақтың жаңа алфавиті мен орфографиясының жобасы СССР Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалының қазақ тілі секторы С.А.Аманжоловтың басшылығымен жасалды да, ғалым авторлығымен 1940ж. латын графикасымен емле ережелері жарық көрді. Емле ережесінің тақылауға ұсынылған ресми нұсқасы 1953ж. газет бетіне жарияланды. 1957ж. үкіметтің арнайы қаулысымен қабылданғанға дейін аталған жоба қалың жұртшылықтың талқысына түсті. Пікірталастар әсіресе “Қазақстан мұғалімі”, “Социалистік құрылыс” мерзімді баспасөздерінде үзбей басылып отырды. Мақалалар мен пікірталастардағы көзқарастарды саралай отырып, ережеден тыс қалуы уәжді мынадай ұсыныстар болғанын көреміз:

Бірінші, кірме сөздер емлесіне қатысты мына пікірлер **орыс жазуының ықпалынан шығып отырған** дейміз: орыс сөздерін жазуда цитаталық принципті түбегейлі қолдану, оның ішінде әсіресе сол тілдің қосымшасын түсіріп жазбау: *секунда* (*секунд* емес), *цитата* (*цитат* емес) т.б.; орыс тілі сөздеріне қазақ тілі қосымшаларын жалғауда **ы, і** әріптерінің дәнекерлігін орынсыз пайдаланбау: *фондқа, шрифтке, банкке*; бұрыннан дыбыстық жағынан игеріліп жазылған сөздерді, түпнұсқасына көшіріп жазу: *ящик* (*жәшік* емес), *батист* (*бәтес* емес), *ботинки* (*бәтеңке* емес), *русь* (*орыс* емес), суд, область; жіңішкелік белгісіне аяқталған сөзге тәуелдік жалғауының III жағын қосқанда, **ь**-белгісін түсірмей жазу: *рольі, контрольі*; қосар дауыссызбен аяқталған орыс сөздеріне қосымша жалғағанда бір әріпті түсірмей жазу: *классқа, конгресске*; орыс тілінен енген сөздің соңғы буыны жуан болса, жуан, жіңішке болса, жіңішке қосымша жалғау; **h** әрпі қолданылған кірме сөздерді белгілеу үшін **x** әрпін **x** арқылы жазу; *миуа, қиуа* сөздерін *миуа, қиуа* деп орфограммалау; күрделі сын есімдерді бірге таңбалау; *орыс* сөзін *русь* деп алу (Ә.Ермеков); *ойөріс, атүсті, атсалысты, аяққим, жемшөп* т.б. сөздерді бірге жазу (Ә.Ермеков); орыс тілінен енген сөздерді бірыңғай түпнұсқа принципімен жазу (А.Бісқақов).

Жеке дыбыс таңбаларынан пікірдің көбі **и әрпінің емлесіне қатысты** айтылған. 1956ж. Тіл және әдебиет институты әзірлеген орфографияның жаңа жобасын талқылауға шақырылған жиналыста М.Балақаевтың қосарлы **ый, ій** таңбаларының орнына **и** әрпін жазуды ұсынған пікіріне С.Аманжолов қарсы шығып, “Балақаевтың қазақ тіліне шабуыл жасауы” деп санаған.

И дыбысы *ки* дегенде бір әріппен, *қи* дегенде екі әріппен (*қый*) жазылды. Барлық позицияда да **и** әрпінің қабылдануына сол жылдары оқу-педагогика баспасының редакторы болып қызмет еткен Р.Сыздықованың сөйлеген сөзі үлкен себеп болды дейді, газет тілшілері. Сөйтіп, біресе **ый** (*қыйын*), біресе **и** (*иық, ғылми*), енді бірде екі варианты да қатар қолданылып жүрген (*қағида/қағыйда*) және жіңішке буында **и**-мен, жуан буында **ый**-мен берілген **и** әрпінің емлесі бір ізге түсіріле бастайды. Десек те, **йы, ій**-ге біткен сөздерге көсемшенің **й** жұрнағы қосылғанда, **йый** орнына бір ғана **и** таңбасын жазу: *ұйиды, байиды – ұиды, баиды, и*-ды қосар таңбасымен қалдыру сияқты екі жақты пікірлер болды.

Ы, і әріптерінің емлесі жайында мынадай ұсыныс жиі кездеседі: сөз басында, екі буынды сөздер аралығында, сөз аяғында таңбаланғанда, сөз мағынасы бұзылмаса, **ы** әрпін жазбау: *жапрақ, топрақ, шаңрақ, қоңрау*.

Ал **ә, ұ, ү** әріптері орфограммасына қатысты бұл әріптер тек бірінші буында жазылады дегеннен соң *сірә, күнә, бұлбұл* сөздерін ескертуге шығармай (Т.Жанұзақов, Ғ.Сұлтанғалиев, Б.Нұрғазина), **а**-түрінде заңдастыру; **а-ә, ұ-ы** әріптерінің орфограммасы күдікті болса, қосымша жалғап анықтау ұсынылды: *Кұлашқа, шайға, жайластыр*.

Аиы, кеңе, тұиы сөздерін екі **ш**-мен беру ұсынған; **я, ю** әрпін *миуа, қиуа, айуан* сөздерінде де қолдануды ұсынған пікірлер бар (Мұсабекова Ф., Сейтмұратов Б.).

Сондай-ақ, **х** әрпімен келетін сөздердің барлығын сөздіктер мен ережелерде арнайы көрсетуді (*құрмет-хұрмет, бұқара-бұхара* сөздерін жазуда да ала-құлалық көп) (Ш.Сарыбаев); және бұл таңбаны тек орыс тілінен енген сөздерде қолдануды ұсынатын, **h** әрпін әліпбиден шығару жағын қолдайтын пікірлер де болды. Ал *қазір, қайтіп, қадір* сияқты бейүндес сөздерді бірыңғай жуан жазу (Б.Нұрғазина); **к-г, қ-ғ, п-б** ұяңдау процесін кірме сөздерде де пайдалану: *принцип-принцибі, альманах-альманағы, цех-цегы* (Б.Нұржекеев) сияқты пікірлер көңіл аударарлық.

Бірге, бөлек жазу проблемасына бірнеше мақалалар арналған. Оның ішінде мынадай ұсыныстарды атауға болады: жаңа сөзді бірден біріктіріп жазу (Ғ.Мұсабаев), біріктіру амалын сөзайналым процесі ретінде қарау, сондықтан, *аққұман, ақсаусақ, желөкпе* сияқты сөздерді бірге жазу, бір ұғым емес, бір заттың атауы болатын сөздерді бірге жазу, күрделі сапалық сын есімдерді бірге жазу: *қараторы, аққұба*, біріккен сөзді айтылуы бойынша жазу, соңғы сыңары тәуелдік тұлғада тұрған барлық сөздерді бөлек жазу (А.Абдрахманов), айтылуы бірдей, мағынасы басқа сөздерді екі түрлі жазу: *ұр да жық – ұрдажық* т.б. (Ж.Жолаев), “жеке мағынасын сақтап тұрған сөздерді біріктіруге әуес болмау”, біріккен сөзді кіріктіріп жазу (С.Жиенбаев.).

Міне, 40-60жж. аралығында емлеге қатысты жарық көрген мақалалардағы пікірлер сипаты осындай болды.

Оқуға арналған материал

Біріккен сөзді қалай жазуымыз керек?

1957 жылы 5-июньде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы бекіткен «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері» бойынша Тіл білімі институты 1963 жылы үлкен орфографиялық сөздік шығарды. Бұл елеулі еңбек жұртшылық үшін сауаттылықтың құралы болғаны рас. Сол сөздік шыққаннан бері он жылдай уақыт өтті. Осы уақыт ішінде оның көптеген жақсы жақтарымені қатар, біраз кемшіліктері де байқалып қалды. Оны пайдаланушылар алдымен онда әдеби тілдің сөз байлықтары жеткілікті дәрежеде қамтылмағанын, біріккен және дублет сөздердің жазылуы ала-құ- ла екенін, кейбір сөздер тобына жалғанатын қосымшалардың шәлкестігін көп айтатын болды. Сөздікте байқалған осындай кемшіліктерді ескеріп, Тіл білімі институтының Тіл мәдениеті бөлімі оны толықтырып, қайта шығару жұмысын қолға алып отыр.

Осы тұста ерекше көңіл бөлінуге тиісті мәселенің бірі біріккен сөздердің жазылу жайы. Аталған сөздікте, басқа да баспасөзде біріккен сөздердің жазылуында тиянақ жоқ, шым-шытырық екені рас. Сондықтан, оқу орындарындағы шәкірттер, студенттер диктант жазғанда мұндай қателер есепке енбейтін болды. Өйткені, ол туралы бір мұғалімнің дұрыс дегенін, екіншісі бұрыс дейді. Оған әрқайсысының өздерінше «дәлелдері» болады, бірақ табан тірейтіндей, ережеге жүгіне алмайды. Бұл жайғада ғалымдар арасындағы пікір таласы да біріне бірі қарама-қарсы. Біреулер барлық біріккен сөзді біріктіріп жазуды жөн десе, біреулер оларды саралап барып біразын бірге, біразын бөлек жазуды, кейбіреулер бәрін де жаңаша; бөлек-бөлек жазуды құп көреді. Пікір алалығымен ұштасқан қиыр-шиыр жазу сөздіктерден, басқа да кітап, журнал, газеттерден арылмайақ қойды. Баспасөздегі ондай ала-құлалық жазу мәдениетіне кесірін тигізіп жүрген жоқ па? Сондықтан осы мәселе жөнінде баспасөзде пікір алысып, бір топтамға келу керек-ақ.

Әр нәрсенің пайда болу, даму, толығы арнасы болады ғой. Сөз де солай. Оның да молаю, жетілу қоры бар. Бір саулықтың егіз-егізден сегіз болатынындай, бір сөзден бірнеше жаңа сөз пайда болады. Соның бір елеулі тәсілінің бірі – екі сөзді қосақтап, не, біріктіріп бір сөз етіп айту. Сөз бен сөздің қосақталып, теңін та-

уып сөз тіркесінің құрамына енуі оның әрқайсысының ең басты грамматикалық қасиетінің бірі.

Атам заманда бірігіп, әбден тігісі жатық болып кеткен бүгін, биыл, сексен, тоқсан, білезік, ағайын деген тәрізді сөздердің о баста екі түбірден құ- ралғанын жұрттың бәрі біле бермейді. Оларға қарағанда жолбарыс, байшешек, қолғап, ашудас, белбеу сияқты сөздердің құрамы жер бетіне жақын жатқан кен байлығының белгілі қосындыларындай жұртқа белгілі, түсініктірек.

... Шатыс жайлар бұрынғы орфографиялық сөздікте көп кездеседі. Мысалы, ақ сөзінен кейін 87 сөз тіркесі берілген. Сол топтағы ақ айыл, ақ аю, ақ білек, ақ қараған... тәрізді сөздер бөлек жазылатындықтан ақборан, ақжарқын, ақжауын, ақжем, ақкөңіл, аққаптал, аққұйрық (шай), ақниет, ақсүйек (ойын), ақтаспа (шөп), ақтабан (шұбырынды) сияқты бірге жазылуға тиісті сөздер де бөлек жазылған. Осылайша әрбір біріккен сөздің жазу тағдырын оның бойындағы қасиетіне қарап шешпей, бөлек жазылуға тиісті басқа сөз тіркестерінің ырқына көндіріп жазуда ешбір ғылыми негіз жоқ.

Біріккен сөздерді бөлек жазғанда, оңайлық құғаннан басқа табатыңымыз бар ма? Табатыңымыз жоқ, зияны көп: біріккен сөздердің кез келгенін бөлек-бөлек жазу дегеніміз оларды сөздіктердің реестр қатарына енгізбеу деген сөз.

Біріккен сөздердің қалыптасуы олардың жасалу тарихымен байланысты болатындықтан, лексикалану жағынан жаңалары көнелері мен бірдей бола бермейді. Тіпті кейбір сөздер түйдегінің біріккен сөз немесе сөз тіркесі екенін айыру да қиын.

...Мысалы, темір жолшы, аудан аралық, ақ қайың, тоқ ішек, тоқпан жілік, бір тұтас, тіс қаққан, бас қамы, жел өкпе, қырғи қабақ сияқты фразалық тіркестерді де біріктіріп жазып қоя беретіндер бар.

Орфографияда пікір таласын тудырып жүрген осы мәселелерді бір ізге салу біздің парызымыз. Қалай да қайта басылып шығатын орфографиялық сөздікте осы күнге дейін тіл мәдениетінің дамуына кесірін тигізіп келген кемшіліктер енді жіберілмеуі керек.

Мәулен Балақаев. Соц. Қазақстан., 1972ж. 12 июнь

15-дәріс. Қазіргі қазақ жазуын латын графикасына ауыстыру мәселесі: ұсыныстар

Қазақ жазуының тарихында тағы бір маңызды белес тұр. Ол – графика ауыстыру науқаны. Науқан деп атауға тура келетін болса, расында да қазақ даласы үшін әліпби алмастыру әлеуметтік-саяси дәуірлердің ауысуына сай келетін немесе соны бекітетін, саяси экономикалық мәні бар, ұлт саясатының құрамдас бір бөлігі болып саналды. Бұған бүгінгі жазуымызға дейінгі дәуірлік әліпбилерімізге қарап көз жеткізуге болады. Бір қуанарлық жайт бұл мәселе бүгінде аяқасты, бір құрылтай мүшелерінің қатысуымен ғана шешіле салмай, көпшілік назарына ұсынылып, әлеуметтік мәселеге айналуында. Бір қуанарлығы – жаңа әліпби бір ай ішінде қабылданып, (мысалы, орыс графикасына көшу 1939 жылдың 20 желтоқсанынан 1940 жылдың 15 қаңтарына дейінгі аралықта орындалды), оны қолданбағандар үкімет әліпбиін аяққа басқандар деп, жауапқа тартылатын, оны бақылау прокуратураға тапсырылатын (Ижанов З. Әліпби туралы архив не дейді // ҚӘ 7.07.00.), болмаса араб жазуынан латын жазуына көшердегідей, бір дауыстың формалды артықшылығымен (Қазақстан оқу комиссары Н. Зәлиұлы орнына қағаз жүзінде латын жазуын қолдаған артық дауыс берілген) мәселені шеше салу науқанының келмеске кеткені (Қамзабекұлы Д. Қазақ зиялыларының әліпби айтысы // ҚӘ 14.12.01.).

Міне, сондықтан әліпби ауыстыру үстірт, асығыс саясаттың араласуымен науқан түрінде өткізіліп келуі ендігі жаңа жазу – латын графикасына көшуде мәселенің экстралингвистикалық та, лингвистикалық та шарттарын өзара үйлестіре отырып қарастыруды міндеттейді.

Латын әліпбиіне көшу жайлы алғашқы пікір акад. Ә.Қайдардың 1993 жылдың 24 қазанындағы “Ана тілі” газетінде жарияланған “Латын әліпбиінің болашағы зор” атты мақаласынан бастау алды. Ғалым қазақ жазуының жедел түрде орыс графикасына көшуінің мынадай себебін келтірді: “Түркия елінің ғалымы, профессор Тимур Қожаоғлу “Жаңа түсінік” газетіне (09.08.1991) былай деп жазады: “Кеңес үкіметі 1927 жылы КСРО-дағы бүкіл түркі халықтары қолданып келген араб жазуын латын алфавитімен ауыстырды. Бірақ Түркияда да 1928ж. латын алфавиті түрік жазуы болып қабылданғандықтан кеңес басшылары Анатолия түріктері мен Кеңес Одағындағы түркітілдес

халықтардың мәдени байланысының арта түсуінен қауіптеніп, 1939-1940жж. кейін оларға міндетті түрде кирилл алфавитінің бір-бірінен паркы бар алты түрін қабылдатқызды”. Сол себепті ғалым ендігі әліпби ауыстыру саясаттың араласуынсыз еркін таңдауда болатынын және ол “ұлтаралық, халықаралық, жалпы дүниежүзілік таралу деңгейі жоғары”, әрі “тілдік фактілерді” дәл таңбалаудың үлгісі ретінде ресми түрде халықаралық фонетикалық транскрипция болып қабылданған латын жазуы болу керектігін пайымдайды.

Әліпби ауыстыру туралы көзқарастар. Акад. Ә.Қайдардың бастамасы ғалымдар мен тілші қауым тарапынан қызу пікірталастың, идеялардың түрткісі болды.

Бұл тақырыпта 1990-2013жж. арасында мерзімді баспасөз беттерінде 100-ден аса мақала жарық көрді. Мамандықтары мен жас ерекшеліктері, қызметі әртүрлі мақала авторларының көзқарастары мен ой-пікірлері де алуан түрлі. Оларды шартты түрде мынадай көзқарастарға топтауға болады.

Латын графикасына көшуді жақтайтын бағыт, олардың негізгі дәйектері: – латын әліпбиін қабылдау – компьютерлендіру ағымына ілесу, халықаралық аренаға шығу, интернетті толыққанды пайдалану үшін;

электронды пошта, телеграф қызметін кеңінен қолдану үшін;

ортақ түркі жазуын қалыптастыру үшін;

қазақ тілінің тілдік табиғатын қайтару немесе сақтау үшін;

орыс тілінің фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, лексикалық деңгейдегі әсерінен құтылу үшін керек.

Латын графикасына көшуге қарсы бағыт.

Көне түркі жазуына қайта оралуды ұсынатын бағыт.

Қазіргі жазуды реформалауды жақтайтын бағыт.

Акад. Ә.Қайдар газет-журнал бетінде жарық көрген мақалалар тасқынын көріп, әліпби арқылы атағын шығарғысы келетіндердің де, әр қайсысы-ақ қазақ жазуының авторы болғысы келетіндердің ниетін сезініп, 1996 ж. саналы азаматтардың ұйымдастыруын, өзара бірігуін, президенттің ресми жарлығын сұраған (Қайдаров Ә. Қазаққа латын жазуы керек пе, жоқ па? // ЕҚ. 6.01.96) мақала жариялайды. “Бұл – түркі әлемі үшін ғасыр проблемасы. Бұл мәселе қай үкімет басшысының тұсында шешіледі? Програмистер мен лингвистер бір шешімге келу керек” дейді (Қайдар Ә. Жеті жыл жыр болған жазу жайында // ЕҚ. 16.06.00).

Негізінен, Ә. Қайдардың латын жазуына көшуді жақтаған ұсынысы түркі халықтарына ортақ әліпби, ортақ жазу жасау тілегінен туындаған еді. Сондықтан ғалым ұсынған қазақ-түрік әліпбиіндегі 34 таңбаның ішінде <дж>-j, c <ч>, f <ф>, v <в> әріптері бар. Алайда Ортақ Анкара жобасындағы 34 әріптің екеуін – әзірбайжан, онын – өзбек, сегізін – түркімен жаңа латын әліпбилерінде пайдаланбады. Сөйтіп, түркі халықтарының жаңа әліпбиінде 8-ден 20-ға дейін әріп айырмашылығы болды (Алтай М. Латын таңбалары. Қазақ әліпби нұсқаларына сын АТ. 15.08.02).

Бұл ортақ түркі әліпбиі жасау мүмкіндігінің төмендегенін көрсетті.

Латын графикасына өтуді жақтаушылардың пікірінде, әсіресе программист, экономист мамандардың пікірінде **латын жазуы дүниежүзілік аренаға шығу үшін**, халықтың компьютерлік сауатын арттыру үшін, техникалық прогреске ілесу үшін қажет деген көзқарас басым болды. Мысалы, Н.А. Айтқожин: “Ендігі жазу алдыңғы қатарлы технология, күрделі баспахана құрылғылары әртүрлі саладағы жоғарғы білікті мамандардың қатысуынсыз шешіле алмайды. Компьютердің стихиялы түрде таралып кетуі, ортақ стандарт шрифтін болмауы бұл мәселенің әлеуметтік-саяси мәні бар екенін байқатады, компьютердің басқыш-тетігі минутына 600-1000 таңбаға дейін салуға арналған, неге біз оны пайдаланбаймыз” деді. “Ни один из тюркоязычных алфавитов, основанных на кириллице не попал в перечень алфавитов, которое поддерживаются программным обеспечением современных компьютеров” деді тағы да автор (Айтхожин Н.А. Вопросы реформы казахского алфавита // Саясат. 1998. № 12).

Ал А. Мереке электронды пошта, пейджинг саласында қазақ әріптерінің жоқтығынан небір сорақы сөздер жазылады. Қазақ мәтіні үшін арнайы драйвер алып жүру керек. Интернетте Web-бет құру үшін, пейджермен хабарласуға, электронды сөздік, электронды тілмаш жасау үшін, сөзді автоматты түрде тасымалдау үшін, орфографиясын жасау үшін латын жазуы керек деді (Мереке А. Латиница объединит тюрков // Новое поколение 26.11.99).

А. Шәріпбаев қазақ әліпбиі компьютердің басқыш-тетігіндегі ағылшын әліпбиіне сәйкес болу керек, одан өзгертудің еш негізі жоқ; осы стандарт сақталынса ғана қазақ тілінің құрылымдық жүйесін саралауға, компьютерлік өңдеудің ыңғайлы жүйесін

жасауға кез келген графикадағы мәтінді оқып, оны басқа графикаға көшіруге болады деді. Сонда компьютерлендіру дегеніміз орфографиялық, терминологиялық, фразеологиялық сөздік жасау, қазақ тілінің грамматикасын автоматты түрде оқыта алатын және қазақ тілін басқа тілге және кері аудару алатын программа жасау болып табылады деді (Шәріпбаев А. Латынсыз, компьютерсіз көзіміз ашылмайды // ЕҚ. 27.12.00).

Енді бір топ әліпби ауыстырудың қажеттілігі **қазақ тілін орыс тілінің әсерінен қорғау**, тілдің табиғи дамуын күшейту, қазақ тілін сақтау үшін керек деді (Исхан Б. Латын ғарпіне көшу тілімізді сақтау үшін керек. // Қазақстан 27.09.2001. Итқұлов Қ. Лажы келсе, латынға көшсек // Заң 31.07.96.). Себебі жазуын қабылдаған тілдік ортада өмір сүрген тілге тіл деформациясына ұшырау қаупі күштірек болады. Графикасын алу арқылы сол тілдің фонемаларын өз тіліміздің дыбыс жүйесіне теліп, термин қатарын көбейтеміз деп, өзге тілдің лексикалық қабатын көшіріп алып, тіке аударма, калька жасау арқылы сол тілдің сөз тіркесін, синтаксисін, сөйлем, мәтін құрау синтаксисін көшіріп алу арқылы бірте-бірте тілдің табиғи даму жолынан ауытқуымыз мүмкін. Өйткені қазір кез келген сөз бен мәтінге дейінгі бірліктер орыс тілі мен қазақ тілінде қатар айтылып, жазылуы міндетті болды. Және кез келген мәтін алдымен орыс тілінде түзіліп, сосын барып қазақ тіліне аударылатыны дәстүрге айналды. Әрі қазір Қазақстанда 7,5 млн. қазақ (44,3%), 6 млн. орыс (35,3%) тұратынын (Исмағұлова А. История казахского языка. Алфавит. Поиск, 1998 №2. Серии Гум.) ескерсек, орыс тілінің әсері азая қоймайтынын байқаймыз.

Газет-журнал мақалаларының енді бір тобы **әліпби ауыстыруға қарсы**. Бұл бағыттың негізгі дәйектері мынаған саяды: 1) латынға көшу бір қадам кейін шегіну, өткенге қайта оралу (Есенов Қ. Барымен базар болған абзал; Сауытбеков С. Ескі жұрттан жұрқа жинамайық // Халық кеңесі 11.01.95). 2) Жаңа жазу экономикамызға нұқсан келтіреді, реформаға әуесқойлық қана (Садырбайұлы С. Реформаға әуесқойлық // ҚӘ. 23.06.2000. Қарақұлов М. Әліпби таңдайтын заман ба осы. 14.05.92. АТ. Әбіш Қ. Асықпа, сабырыңды сақта, қазақ. // ЖА. 25.10.94; Байтелесов, Ақтомпышқызы Ж. Әліпбимен алыса береміз бе // АТ. 2002 18/08. Оралбеков О. Қазақ үшін бұл ғасыр қаріпке таласумен басталып, қаріпке таласумен аяқтала ма? // ҚӘ. 1.12.00; Әбілқасымов Б. Тарих тағылымын ескерсек // Ақиқат. 1995. № 3,

69 б. Асанов Н. Латынға көшу – баянсыз тірлік // ЕҚ, 27.12.00.);

3) кириллицамен де интернетке шығуға болады; орыс графикасымен халықаралық коммуникация жасауға келмесе де, бұл графикамен алдыңғы қатарлы технология жетістіктерін пайдалана аламыз; Париждің әлемдік интернет ақпараты 2001ж. 56-етіп қазақ тілін интернетке енгізді (Қазақ тілі әлемдік интернетке жол тартты // АТ. 15.02.01); орыс әріптері тілімізді байытады (Оралбеков О. Қазақ үшін бұл ғасыр қаріпке таласумен басталып таласумен аяқтала ма // ҚӘ. 1.12.00; Нұржекеұлы Б. Жаңа жазуға көшу – барынды жоғалту // 5.12.00. ЕҚ; Баймұханбетов С. Неумомимая жажда реформ // Каз. правда 1999, 16/Х); латынға ауысу экономикалық, психологиялық проблема әкеледі, сондықтан үйренген осы **кирил жазуымызға реформа жасап**, қазақ тілінің дыбыс құрамын орыс әліпбиінің 31 әрпімен ғана былай беруге болады деген де пікір бар екенін айта кеткеніміз жөн: **ә- ае, һ – кх, жі – и,**

ү – уо, ғ – гх, ү – уе, л – йо, ө – л, н – нг, қ – кк, ь, ь – алып тастау (Прманов К. Звук и буква // Аргументы и факты. 2001 №25, №26);

4) жазу тұрақтылығы – рухани консерватизмді көрсетеді, жазуды өзгертпеу – мәдениетті елдің нышаны (Алдамжар Б. Парсылар латынды неге қабылдамады // Заң 13.03. 96.);

5) латын жазуын қабылдау тіл (орыс, қазақ, ағылшын) проблемасын тудырады. Ағылшын тілінің әсері күшейеді (Сұлтанмұратов Б. Қосылғыштардың орнын ауыстырғанмен қосынды өзгермейді // Қазақстан. 27.09.01).

Көне түркі графикасына ауысайық деген бағыт айналдырына шоғырланған пікірлер арасында проф. Ә.Жүнісбековтің ұсынған әліпбиі ерекше. Ғалым әліпбиінің жазу графикасы тік, көлбеу және қиғаш үш сызықтан ғана тұрады, ал жуан дауысты үшін бір қиғаш сызық, жіңішке дауысты үшін екі қиғаш сызық алынған. Әліпби негізі дауыссыздарға табан тірейді. “Тұрқы бөлек жазудың шәкірт санаға тіл шығарар және психологиялық әсері болады. Сөйтіп барып, баланың тілінде ана тілдің айтылу үлгісі қалыптасады, бір қалыптасып алған соң ол оңайлықпен бұзыла да қоймайды” дейді ғалым (Жүнісбек Ә. Төл жазусыз түгелдік болмас // АТ. 16.01.92).

Көне түркі графикасына көшуді сатылап жүзеге асыруды, ол үшін алдымен латын графикасына көшіп, келесі онжылдықта түркі жазуына түбегейлі өтуді көздейтін теориялық көзқарас та

болды (Жақыпов Ә. Біз бет түзер бағдаршам // АТ. 9.12.93). Және қазірден бастап көне түркі жазуына көшуді ұсынғандар бар (Сыпатайұлы С. Ата жазуымызды асқақтатайық // АТ. 9.12.93; Мектеп-тегі Аманқос. Ежелгі руна жазуы – мемлекеттің рәмізі // ҚӘ. 18.10.02).

Оқуға арналған материал

Жаңа әліпбиге көшіруге себеп болған түркіжайттар

Қазақ жазуын латын графикасына көшірудің қажеттілігі дау туғызбайтыны белгілі. Жоғарыда айтқанымыздай, латын қарпіне көшуге қатысты талқы өткен ғасырдың 90 жылдардан қазірге дейін толастаған емес. Бүгінгі күні бұл мәселе БАҚ құралдарында қызу пікірталас нысанына айналды. Латын әліппесін жақтайтындар мен оған қарсылардың әрқайсысының өз дәйектері бар. Қалай болғанмен де таразының латын қарпіне көшуді қолдайтындар жағы басым түсетіні айқын, себебі қарсы жақтың өзінде де көп пікір иелері бұл қазір орындалмаса да, болашақта жүзеге асырылатын шара деп мойындайтыны байқалды. Бұл мәселеге саяси бояуды қоюлатпау жөн болады. Ең алдымен қандай пікір иесі болмасын бұны мемлекеттік тілдің тағдыры үшін жасалған шара деп қабылдауы керек. Яғни **мәдени-әлеуметтік, лингвистикалық** жағы басым түсуі шарт.

Қазіргі кезде әліпби саясатымен байланысты қоғамдық пікір екіұдай болып, үмітшілдер жағы (апологеттері) латынға көшуді қызу қолдап жатса, күдікшілдер жағы (оппоненттері) күмән келтіріп, қарсы болып жатыр.

Үмітшілдердің уәжі:

Орыс әліпбиі (кирилл әліпбиі) ұлт тілдерін ассимиляциялау мақсатын көздеп, кезінде зорлықпен, күштеумен таңылған. Тоталитарлық қоғамның унитарлық саясатының салдарынан арылуымыз қажет деп, өзбектер де, әзербайжандар да, түрікпендер де, молдавандар да латынға көшті, ал қазақтар шешек шыққан үйдей шетте жалғыз қала бермек пе? Түркітілдестер бір әліпби кеңістігінде болғаны дұрыс (с а я с и ф а к т о р).

Ғылым да, білім де Батыста (Батыс деп отырғаны – Батыс Еуропа, Солтүстік Америка елдері), солардың озық технологиясын игергендер экономикалық жағдайларын түзей бастады. Әркениеттің кең өрісіндегі елдермен әліпбиіміз де бір кеңістікте

болуы қажет. Бәсекелеске қабілетті 50 елдің қатарынан орын алу жалпы ұлттық идеяға айналып отыр. Интернет жүйесіне кіріп, қазақ тілінің коммуникациялық, ақпарат тарату, алу ауқымы кеңейеді (с а я с и-э л е у м е т т і к ф а к т о р).

Қазіргі әліпбиде басы артық әріптер көп, емле ережелерін қайта қарау қажет, орыс тілінің жазу тәртібімен қазақ әліпбиінің кіндігі байланып қалған. Мұндай түйткілдерден жазу-сызуымызды арылту үшін латынға көшу қажет (л и н г в и с т и к а л ы қ ф а к т о р).

Күдікшілдердің уәжі:

Үшінші рет қаріп (шрифт) ауыстырудан не пайда? Жетпіс жыл бойғы рухани дүниемізден келер ұрпақ тағы да көз жазып қалып, аға буын жаңа жазуды үйрене алмай сауатсыз болып қалады (э л е у м е т т і к-п с и х о л о г и я л ы қ ф а к т о р).

Ел жағдайы шүкіршілік дегенмен, әліпби ауыстыру қыруар қаржыны қажет етеді (э к о н о м и к а л ы қ ф а к т о р).

Әліпби ауыстыру саясатын еліміздегі орыстілді отандастарымыз хош ала қоя ма? 8 мың шақырым шекаралас көршілеріміз де құптай қоймас, Ресейден теріс айналып, Батысқа бет түзеді деп түсінбей ме? (с а я с и ф а к т о р)

Әліпбиді өзгертпей-ақ, кем-кетіктерді ішінара жөндеуге болады (л и н г в и с т и к а л ы қ ф а к т о р).

Орыс жазуына жетпіс жыл бойы бауыр басып қалдық, исі сінді, сондықтан әліпби ауыстыру жұртшылыққа қиын тиеді (п с и х о л о г и я л ы қ ф а к т о р).

Әліпби ауыстырып, латынға көшпесе де, экономикасы көш ілгері Жапония, Оңтүстік Корея тәрізді елдер бар. Қытай тәрізді алып ел бұл мәселені жылы жауып қойды. Одақтас елдің санатында болған грузин, армян елдері әліпби ауыстырамыз деп басын ауыртып жатқан жоқ. Олай болса әліпби парадын **жасаудың не қажеті бар?** (э л е у м е т т і к-м ә д е н и ф а к т о р).

Сонымен, қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіруге себеп болатын төмендегідей бірнеше факторлар белгілі болды.

Мәдени-әлеуметтік: тіліміздің жазу тәжірибесінде бұрынсоңды кеткен кемшіліктерді жаңа әліпбиде қайталамау – тіл иелерінің жазу-сызу мәдениетін көтеруге, адамзат тарихындағы ерекше феномен, құндылық ретіндегі ұлттық тілдің бет-бедерін сақтап қалуға зор ықпалын тигізеді;

Лингвистикалық: әлемдік лингвистиканың әліпби теори-

ясында негізделген «әріп саны дыбыс санынан алшақ кетпейтін әліпби идеалды нұсқа» деген талапқа мүлде сәйкес келмейтін, басы артық әріптермен жасанды түрде күрделендірілген, қосамжар, яғни екі тілдің орфографиясына қызмет ететін әліпбиге түбегейлі реформа жасау арқылы тіліміздің дыбыстық жүйесін нақты белгілейтін, оның өзіндік табиғатын бейнелеп қана қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізетін жаңа жазу-сызу жүйесін ұсыну;

Экономикалық: әлемдік ақпараттар жүйесінде қазақ тілінің үлесін арттыру, қарқындап дамыған алдыңғы қатарлы елдермен бәсекелес бола алу үшін дүниежүзі бойынша кеңінен қолданылып, сапаның бір көрсеткішіне айналған графикаға көшу арқылы көштен қалмау;

Саяси: 70 жылдан астам үстемдік құрған тоталитарлық жүйенің құрсауынан жазу жүйесін құтқару, бодан елдің тоқырап қалған ұлттық санасын ояту; егемен мемлекеттің рәмізінің бірінен саналатын ұлттық жазу әліпбиін қалыптастыру;

Психологиялық: Кеңестік тоталитарлық жүйенің салтанат құрған кезеңінде бойға сіңіп қалған енжарлық, кез келген мәселеде бауырлас аға елдің құзырына жүгінуден бұзылған өзіндік сөйлеу, дыбыстау, жазу дәстүрін қалыптастыру үшін осы үрдіспен тығыз байланысып қалған «кирил жазуында шет сөздер өзгертілмеу керек» деген стереотиптен арылу;

Тарихи: түркітілді елдермен бауырластық қатынастарды жаңғырту мақсатында ортақ таңбалар жүйесін қолдану, XX ғасырдың басындағы латын графикасына негізделген жазу дәстүріне қайта оралу. Жаңа әліпби шетелдік отандастарымыздың ана тілінде шыққан баспа өнімдерін қиындықсыз оқи алатындай болуы керек. 42 әріпке негізделген жазуда 13 әріп бөтен тілдік таңбалар болғандықтан, біздің мектеп оқушылары да, қазақ тілін оқып-үйренушілер де, шетелдегі қандастарымыз да қиындық көріп жүр. Әлгіндей шетелдегі бауырластарымыздың кирилше шыққан ана тіліміздегі басылымдарды қаншама тырысып оқып үйренгісі келгенмен, оларды психологиялық шеттен таңбалар жүйесі қиындыққа душар ететіні белгілі.

Жаңа әліпбиге көшу латын графикасы негізіндегі жазуды қолданып отырған түркітілдес бауырластарымызбен әдеби, мәдени байланыстарымыздың нығаюына, дамуына ықпал етуге, қазақ тілінің мемлекетаралық қатынастағы қолданылу мүмкіндігіне жол ашуға, ұлттық жазудың елімізде ғана емес, халықаралық деңгейде беделін көтеруге оң әсерін тигізеді.

Педагогикалық: мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннің екі тілдің орфографиясын 42 әріптен тұратын қосамжар әліпби жүйесі негізінде меңгеріп шығуының қаншалықты ауырлығын ескеру;

Ақпараттық: қазіргі заманғы жаңа компьютерлік технологиялар талаптарынан шығатын ақпараттық сыйымдылығы мол, әрі таңбалық жүйесі қолайлы да ықшам әлемдік деңгейде әмбебаптандырылған әліпбиге көшу.

Н.Уәли «Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы» (Алматы, 2007.) жинағына жариялаған мақаласынан.

15-семинар. Жаңа қазақ-латын әліпбиінің жобасы мен графика мәселесі

Ойлану үшін берілген сұрақтар:

1. Жаңа қазақ жазуында төл әріптер мен кірме әріптердің арақатынасы қандай болу керек деп ойлайсыз?

2. Жаңа әліпбиде Байтұрсынұлы әліпбиінің құрамын сақтауға қаншалықты мүмкіндік бар деп ойлайсыз?

3. Қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарын таңбалауда әріп тіркесі мен әріп диакритикасын пайдаланудың қайсысы тиімді деп ойлайсыз?

Латын графикасын қандай сипатта алуға болады? Латын графикасын қабылдау қажеттілігін, ондағы әліпби құрамын көрсететін пікірлер баршылық. Қазақ тілінің дыбыс жүйесін латын графикасының 26 әрпімен қалай береміз деген сауалға біраз авторлар мынандай бағытта жауап берген.

Бірінші бағыт, басты бағыт – **латын әліпбиінің құрамынын шықпау**, 26 әріптің мүмкіндігін пайдалану, бұл экономикалық шығынды азайтып, халықаралық коммуникацияны жеделдетеді.

Жалпы, этрус әліпбиінің бір бұтағы болып табылатын латын жазуы – б.э.д. VIIғ. Пайда болып, б.з. I-Vғғ. Толық жетілген, басында 20 таңбасы бар, кейін б.э.д. Iғ. Грек сөздерін жазу үшін **у, z** әріптерімен толыққан, соңында тағы бір әріп қосып 23 таңбаға жеткен қазіргі латын жазуы тілдердің түпнұсқасы болған әліпби. Негізгі әліпби құрамы мынадай:

1. A [a]	9. I [и]	17. R [p]
2. B [б]	10. K [к]	18. S [c]
3. C [ц] [к]	11. L [л]	19. T [т]
4. D [д]	12. M [м]	20. V [в]
5. E [э]	13. N [н]	21. X [кс]
6. F [ф]	14. O [o]	22. Y [у]
7. G [г] жің	15. P [п]	23. Z [з]
8. H [г] жуан	16. Q [к]	

u және **w** әріптері жоқ.

Қазақ тілі дыбыстар жүйесін латын әліпбиінің таңбаларымен ғана беруді жақтайтын бағыт, сонымен, қазақ тіліне тән фонемалар үшін дыбыстық мәні жоқ, сирек қолданылатын бір ағылшын әрпін маркер ретінде алып, белгілеуді ұсынады. Мысалы, **ң, ш, ч, ғ** дыбыстарын **h** таңбасын қосақтап таңбалау : **nh** – <ң>, **sh** <ш>, **tsh** (**ч**), **gh** (**ғ**) (Қырықбай Н. Қазақ үшін әріп 26 латын әріпінен түзілген қазақ жаңа әліпнамасы // Ағайын 2001.№1 ; Қондыбаев С. Бір академиктің, бір мүдделі топтың айтқанымен тіл мәселесі шешілмейді // ЖА 25.01.01.) ; болмаса **j** – әрпін маркер етіп алу : **ja** <ә>, **je** <э>, **jo** <ө>, **je** <ш>, **je** <ғ>, **js** <ч>, **jk** <к>, **ji** <й>, **ju** <і>, **ju** <у>, **jn** <н>, (Мұңайтбасов Б. Күрделендіріп керегі жоқ // Түркістан 20.05.98 ; Мұңайтбас Б. Ақ жол деп атын қойдым әліпбидің // АТ. 02.07.98.) ; жіңішке дауыстылар үшін **e** таңбасын маркер түрінде қолдану : **ae** – <ә>, **oe** <ө>, **ue** <ү> (Уатай Ж. Латын әріптеріне негізделген қазақ әліпбиінің жобасы // Қазақ тілі мен әдебиеті 1996 №3 ; Заман –Қазақстан 15.12.95 ; Арыстанбеков Қ. Әлемге әйгіленудегі әмбебап әліпби // Алматы ақшамы. 27.07.94.). Тіпті жуан дауысқа бір белгі (**j**), жіңішке дауысқа бір белгі (**i**) жазуды ұсынған жобалар да бар, мысалы *kior* (көр), *kjol* (қол) (Токтарұлы Ө. Латын алфавитімен қазақшаны шағатайшаға жуықтатып түп мағынасында жүйелі жазу // Ізденіс 2001. №4-5. 75б.). Кейде тіпті нағыз ағылшын жазуының дәстүрін сақтап, бір **c** әрпі <к>, <с>, <ц> фонемаларын берсін, егер **c** таңбасымен **e, i, u** әріптері іргелес келсе, таңба **[ц]** болып оқылсын деген ұсыныстар болды (Молжігіт С. Латын графикасына көшу мәселесі // Қазақ тілі мен әдебиеті. 2000. №8. 3б.).

Авторлардың ойынша, ағылшын-латын стандартынан шығу қазіргі әліпбиімізде қала берумен барабар. Неміс жазуының өзі

XVIIIғ. Дейін қолданған **ae, oe, ie** графемаларын пайдалануда, өйткені қос нүктелі әріп “БЕЙСИККЕ” қайшы. Түркия, Венгрия, Балтық елдерінің жазуларының өзі қазір кез келген компьютерге жүрмейді дейді олар.

Сөйтіп, мұндай пікір айналасындағылар ағылшынның 24 әрпінің үстіне 10-11-ге дейін қосар әріп алуды ұсынады. Сонда, мысалы, әдемі сөзін жазу үшін 7 таңба тереміз: *jademju, әнім* деген сөзді жазу үшін төрт тетіктің орнына алты тетік басылады: *aeniet*. Сөздің жіңішке үндесімін екі рет көрсетеміз. Жазу үнемділігін сақтамаймыз, көзбен қармап оқуды қиындатамыз.

Бұған қарап отырып, **қазақ жазуы үшін ендігі жердегі кезеңдік қауіп саясат, тілдік саясат емес, ағылшын-латын стандарты, өркениеттің ғылыми техникасы, нарық пен экономика болатынына көзің жетеді.**

Келесі топ қазақ тіліне тән дыбыстар үшін **диакритикалық таңбаларды** ұсынады. Дауысты фонемаларға әріптердің үстіне, дауыссыз фонемаларға жол астына салуды ұсынады. Мысалы, ä (ә), ĩ (ы), ö (ө), ь (ү), ŷ (ұ), з (ч), р(ғ), s, (ш) s (щ) (Түндікбаев Ж. Латын-түрік жобасы // АТ. 7.09.00.). Сондай-ақ ů (ү), ĩ (і), к (к), р (г) (Қондыбаев ...); n(н), ŷ (й), s (ш), с (ч) (Жұрынов М. Академик М. Жұрыновтың ұсынысы // АТ. 3.08.00.); ş (ш), ñ (ң) (Латын әліпбиімен лебіз білдірсек // Қазақ елі 14.03.97.). a' (ә), c' (ч), g' (ғ), h' (һ), i' (и), n' (н), o' (ө), (Мереке А. Казахский язык на латинице? А почему бы и нет? При чем совсем скоро // Экспресс-К 5.11.99.), s' (ш), u' (ү), y' (й), g' (і) (Исаұлы А. Латын жазуына көшсек // Абай. 2000. №4); д (ә), ц (ө), î (ы), р (ғ), η (ң), s – (ш) (Жиенбай Ә. Еуропалық қазақтар қолданатын латын-қазақ алфавиті // АТ. 4.01.01.); ž (з), ñ (ң) (Мұхаметжанов М. Қазақ әліпбиінің жаңа жобасы туралы // Заман – Қазақстан. 7.06.96.), ñ (ң), ä (ә), ĩ (і), ö (ө), ŷ (ү) қосымша таңбалары септ-стандартқа сай келеді (Бапыш Ж. Қазақ әліппесі туралы // Жұлдыз. 1994. №2. 202б.); р (ғ), ĩ (ы), ĩ (і), ñ (ң), ö (ө), ş (ш), ь (ү) (Қайдар Ә. Жаңа қазақ әліпбиі // ЕҚ. 26.07.00.; Жунисбек А. Хусаинов К. Уали Н. Казахский алфавит на основе латинской графики // Известия АН РК. 2000. №1).

Қазақ тілінің үндесім құбылысы диакритикалы әріптерді қолдану қиындығынан “алып шығатын” тәрізді. Сондықтан бір топ мақала авторлары қазақ тілі дауыстылары үшін дәйекше алуды жөн көреді (Бөлеген Ә., Бөлеген Г., Төрехан Г., Алтай М. Жаңа әліпби қандай болу керек // Заман – Қазақстан. 9.08.96

және ЕҚ. 17.09.96.; Жүнісбек Ә. Ахаңның жолы бізге үлгі // ҚӘ. 29.11.02; Исламбек Т. Латиница или вязь? // Каз. Правда 31.07.92.; Исламбек Т. И все-таки будущее – за латиницей // Каз. Правда 27.08.93.; Сейтұлы О., Бегалыұлы С. Жаңа қазақ әліпбиі керек // АТ. 25.10.00.). Инициал позицияға қойылатын дәйекше сөздің бүтін жіңішке екенін білдіреді (*'jihaz – жейхаз, 'Ahmed – Әхмед, 'kinalamau – кінәләмәу*); ал аралас үндесімдегі сыңарлары бар сөздерді А. Байтұрсынұлының дефис қою арқылы жазуға болады немесе алдыңғы сыңардың лабиалдығына қарай не бүтіндей жіңішке, не бүтіндей жуан етіп кіріктіріп жіберуге болады дейді авторлар (Сейтұлы С, Бегалыұлы С.).

Егер бұл жоба электронды пошта, интернет арқылы халықаралық коммуникацияға шығу мүмкіндігін берсе, онда біріккен сөз емлесін дефис арқылы жазуға болады. Онда **а-ә** әріптерінің емлесіндегі қиындықтан да құтыламыз. Мысалы; *күнәга, күмәнданғандықтан, күмәнді, ләззат, ләззаттанған* деген тәрізді аралас буынды сөздерді бас позицияға дәйекше қою арқылы бірыңғай жіңішке жазып, бірыңғай жіңішке оқитын боламыз: *'күнәга [күнәга], 'kumandangandiktan [күмәндәңгәндіктән]*. Әрине, соңғы 5-6 буындағы қосымшалар жартылай жуан айтылады.

Осыған сәйкес әріп тіркесі, диакритикалық таңба және дәйекше арқылы жазылған сөздердің тұрпатын, жазу үнемділігін салыстырып көрейік (9-кесте).

9-кесте – Әріп тіркесі, диакритикалық таңба және дәйекше арқылы жазылған сөздердің жазу үнемділігін салыстыру

айтылуы	<i>k'ũмән</i>	<i>k'үwә</i>	<i>тсифр</i>	<i>әбд'үwәліі</i>
жазылуы	<i>күмән</i>	<i>Күә</i>	<i>цифр</i>	<i>әбдуәли</i>
әріп тіркесі	<i>kjũtjan</i>	<i>Kuewae</i>	<i>tsifr</i>	<i>aeblywaeliy</i>
диакритика	<i>ḳũṭn</i>	<i>Ḳũḍ</i>	<i>̣yifr</i>	<i>̣ḅḍụḍḷn</i>
дәйекше	<i>'kuman</i>	<i>'kua</i>	<i>cifr</i>	<i>'abduali</i>

Сонда ең үнемді жазу дәйекше арқылы жазу болып шығады. Сонымен, 1992-2013жж. Аралығында газет-журнал беттерінде жарық көрген әліпби мәселесіне арналған мақалаларды шолу жасап, топтай келе, латын әліпбиін қабылдау бағытындағы көзқарастардың ішінде, акад. Ә. Қайдардың сөзімен айтсақ,

қосымша сегіз әріптің қайсысын таңдау және орыс әріптерін аламыз ба, жоқ па (Қайдаров Ә. Егеменді елге ұлттық жазу қажет //ҒА Хабарлары 1992. №3. Тіл. Әд. Сериясы) деген сауал өзекті, шешуі қиын мәселе тудырып отырғанын көреміз.

Қазақ тілі дыбыстық жүйесінде 28 фонема: 9 дауысты (**а, ә, ы, і, о, ө, ұ, ү, е**), 19 дауыссыз (**т, д, н, п, б, м, с, ш, з, ж, л, ң, р, к, қ**) бар. Бұлардың 13-і (**а, б, д, е, і, м, н, о, р, г, с, т, з**) ағылшынлатын әліпби құрамына сәйкес келеді.

Ф, в, х, ч, ш, ц, һ дыбыстарына әріп арнала А?

Жалпы, әліпби ауыстыру мәселесі бір жағынан, жазудың тілге тигізетін әсері болғандықтан, орыс тілі билігінен қашу мақсатында көтерілгені белгілі. Ендеше қазақ тілі дыбыстық құрамына тән емес, бөгде тіл фонемаларын сол тілден ауысқан термин сөздерді жазу, яғни емленің цитаталық принципі үшін ғана әліпби құрамына алу дұрыс еместігі айқын. Алайда біз тілдің даму диалектісін естен шығармауымыз керек сияқты. Тілдің дыбыс жүйесінде **ф, һ, в** дыбыстары болмағанмен, *тапса – таһса, сепсе – сеһсе, абай – абай, ебедейсіз – ебедейсіз* сияқты сөздерді айтқанда *аһ ұрды, үһілеу* тәрізді одағайларды дыбыстағанда пайда болатын **п, б, к** фонемаларының [**п**], [**б**], [**һ**] – вариациялары, *Файзолла, Фазыл, Сайфолла* тәрізді кісі есімдеріндегі <**ф**> фонемасының саналы да, санасыз түрде де айтылуы тілдің дыбыстық құрамында өзгеріс, даму жүріп жатқанынан хабар береді. Тіл-тілдің дыбыс жүйесі өзгермейтін құбылыс емес. Кез келген тілдің дыбыс жүйесінде дыбыс реңктерінің дифференциациясы, көрші тілдің, кірме сөздердің әсерінен болған дыбыстық өзгерістер орын алады. Мысалы, орыс тіліндегі [а], [э] дыбыстарынан сөз басталмайтын заңдылықты шет тілден енген *анкета, аббат, абзац, атака, арба, ангел, эпоха, эра, этика, экзамен, эффект, этаж* сияқты сөздер бұзып келеді. Сондай-ақ, екі дауыстының қатар келуі де орыс тілі фонетикалық жүйесіне қайшы. Бірақ қазір орыс тіліндегі *поэт, ореол, аут, театр, вуаль, какао, радио, пунктуация* сөздерінде екі дауысты қатар таңбалана береді. Және **ге, ке, хе** дыбыс тіркесімдері де кірме сөздерде жазылып, айтыла береді: *кедр, герой, схема, агент, аскет*. Сондай-ақ, орыс тіліндегі [ф] әрпі тек кірме сөздерді таңбалау үшін қолданылады: *форум, факт, фонарь, софа, фильм, афера, форма, афоризм, эфир, профиль*. <һ> фонемасы бұрын *бог, благо* сөздерінің айтылымында болса, қазір кірме сөздерде қолданылады. XVIIғ. Дейін орыс графикасында

да, тілінде де **ч, ш, ц, х, э**, дыбыстары болмағанын, тек 1760ж. Кірме сөздерде айтылғаны үшін алынғанын ескерсек, кірме дыбыс проблемасы “ұлы орыс тілінің” өзін де шарпымай өтпегенін көреміз.

Қазіргі ақпараттар ағыны, жаңа технология тасқыны толастамайтын ғасырда тіл сөздердің жаңадан жасалуын күтіп отырмайды, өмірге енген денотат, реалий сол түпнұсқа тілдің номинативтерімен атауды қажет етеді, тіпті талап етеді. Бүгінде ғылыми-техникалық, әскери, қаржы, банк, спорт саласына қатысты лексика халықаралық (ортақ) сипат алуға ұмтылып отыр. Ғылыми-техникалық прогреске, өркениетке деген ұмтылыс тілде де бейнесін таппай қоймайды. Ендеше өзге тілдің терминдік атауын алуға тарихи прогрестің өзі итермелейді. Сондықтан бөтен тіл элементтерінен қашу көп жағдайда дұрыс бола бермейді.

Аталған мәселеге байланысты пікірлер екіге бөлінеді: бірі әліпбиге **в, ф, ц, ш, ч** дыбыстарына әріп арнамау бағытында. Олар латын жазуына көшудегі бірден-бір ұтатынымыз кезінде түпнұсқа принциппен жазу үшін орыс графикасынан алынған **я, ю, л, ф, в, х, ш, ч, ь, ъ, ц** әріптерінен арыламыз, әрі **у, и** әріптерінің дыбыстық құрамын нақты көрсететін боламыз дейді: *чанаев-сараер, цех-сех, вагон-bagon, факт-pakt* (Фадли Әли. Саяси тұрғыдан келейік // АТ. 14.05.92; Қондыбаев С. Қазақ жазуының жағдаяттары жөнінде // Маңғыстау газы. 4.08.92; М. Сапархан Ақыметтің ақ жолы адастырмайды // АТ. 7.09.00). Алайда **ф, в, һ** дыбыстарымен айтылатын қазақ тілінде кісі есімдері бар екенін дәйек етіп, тілде бар дыбысқа әріп те болғаны дұрыс дейтін пікірлер бар (Ғабдолкәрімов С. Жаңа қазақ әліпбиі қабылдансын-ақ // ЕҚ. 03.11.2000). Мұндағы негізгі уәж, тілдің даму деңгейін бағалау, қазіргі қазақ тілі айтылым үлгісіндегі өзгешеліктерді ескерту дегенге саяды.

Сөйтіп, авторлар орыс алфавитіне негізделген қазақ әліпбиін латын графикасына транслитерация жасайды: латын әліпбиінде бар әріптер өз мәнінде жұмсалады, ал <ч>, <ц>, <ш> дыбыстарына диграф, триграфтарды, диакритикалық әріптерді пайдалануды ұсынады, бір ғалымдыр ағылшын графикасының басы артық әріптерін пайдаланайық дейді. Мысалы, **Сс (ш), Нһ (ғ), f (ж), v (ы), х (й), у (ү), q (ө), х (ә)** (Жанболатов С. Латын әліпбиі негізіндегі жазуымыз жайындағы талдау // Ағайын, 2001. №1; Мырзабек С. Гәп әліпбиде емес оны пайдалана білуде // ЕҚ. 10.10.00.).

Біздің ойымызша, егер әліпби ауыстырудағы бір мақсат түпнұсқа принципімен алынған орыс алфавитінің әріптерін әліпби құрамынан алу болса және оларды латын әріптерімен беру мүмкіндігі болмаса немесе аз болса, қосар әріп, диакритикалық таңбалармен бейнелеудің қажеттілігі жоқ. Сондықтан **f**, **v**, **h** әріптерін өз қызметінде жұмсап, ал [x], [h] дыбыстарын **h** әрпімен, <ц>-**c**, <ч>-**ш**, <щ>-**шш** әріптерімен беру керек деп санаймыз. Өйткені қазіргі қазақ тілінің артикуляциялақ базасы босаң, жуысыңқы дауыссыздарды айтуға икемделді (*mence, aқша, абай*). Әрі тілдің болашақтағы дамуы ұяң, үнді дыбыстардың басымдығымен сипатталуы мүмкін. Сондықтан, мысалы, *qyqaiа* [қыйқайа], *qaqarman* [қақарман], *jiqaz* [жыйқаз], *uqlеw* [уклеу], *poto* [пото], *pilolog* [пыйлолог], *pilm* [пійлм] деп, <ф>, <в>, <h> дыбыстарын тұйық дыбыстағаннан босаң, жуысыңқы айту сөздің естілімін жағымды етеді деп ойлаймыз. Осыған орай, <ц>, <ч>, <щ> дыбыстарын босаң айту сөз мағынасына әсер етпейтіндіктен **s**, **c** әріптерімен таңбалау орынды көрінеді: *sirk, sement, sellofan, sentnter, sifr, carlston, cempion*.

Қазақ тілінің өзіне тән дыбыстары қалай таңбаланады?

Дауыстыларды диакритикамен: <ә> фонемасын **ä/ă** таңбаларының, <ө> фонемасын **ц/ѳ** әріптерінің бірімен, <ү> дыбысын **й**, <ү> дыбысын **ь** әрпімен, <ы> дыбысын **э**, <і> дыбысын **і** әрпімен беру немесе дәйекше арқылы белгілеуге болады.

Сонда қазақ тілі дауыстылары үшін (егер дәйекше қолданылмаса) латын жазуының мына таңбалары лайық: <а>-**a**, <ә>-**ä**, <ы> – **э**, <і> – **і**, <ү> – **й**, <ү> – **ь**, <о> – **o**, <ө> – **ц**, <е> – **e**.

Дауыссыздардан <қ> фонемасының бірнеше таңбасы ұсынылып жүр: **Qq, Kk, Ĭ ĭ** әріптері, ал <к> фонемасы үшін **Kk** және **Cc** таңбалары тең ұсынылып жүр. Егер бір инвариант фонеманың жазуда таңбаланатын варианттары өзара ұқсас әріппен берілуі керек деген әліпби теориясына салсақ, онда жуан дауыссызды <қ>-**к**, ал жіңішке дауыссызды <к>-**і** деп таңбалау дұрыстыққа әкеледі. Ал егер қабылданған әліпбиде сол дауысты беруге сәйкес келетін әріп таңбасы (мұнда, мысалы Qq – әрпі) болса, онда әліпби мүмкіндігін пайдалану дұрыс деп танылады. Біздің ойымызша, <қ> фонемасы үшін басы артық диакритикалық таңбадан гөрі, **q** әрпін қолдану тиімді. Ал <к> фонемасына **k** таңбасы бар, <ң> фонемасын **ŋ** әрпімен, <ш> өзге түркі әліпбилеріне сай **ş** әрпімен таңбалаймыз.

Енді бір пікір “орыс жазуындағы **я**, **ю** әріптері **a**, **y**

фонемаларының жіңішке варианттарын таңбалайды. Сондықтан қазақ жазуындағы бұл әріптер өз қызметінде тұрған жоқ, әрі сауат ашу ісінде, тасымал жасауда, буын жігін үйретуде қиындық тудыратын таңбалар болып отыр. Кейбір сөздердің жазылуын жаттап алуға тура келеді (*қояйын, аяйын*)” дегенге саяды. Бірақ **я**, **ю** әріптері қазақтың төл сөздерінің дыбысталуына кері әсерін тигізгені туралы мәлімет болған емес. Бастауыш сыныпта бұл әріптерді <й> мен <a>-ның, <й>-мен <y>-дың қосындысы деп оқытады (тек **и** мен **у**-дың дыбыс құрамын дұрыс бермейді). Дегенмен **я**, **ю**, **л** әріптерінің қос дыбыс мәнін беруі сөздің буын құрамын белгілеуге зиянын тигізіп келді десе де, жазу үнемділігі үшін едәуір жеңілдік еткенін мойындау керек. Ендігі жазуда, мысалы, *аю, сою, қию* сөздері *ajuw, sojuw, qajuw* деп, 2-3 әріпті, немесе компьютер тетігін артық басатын боламыз. Әйтпесе, *ру, су, аю, қию* сөздері екі, үш әріппен жазылса да *ұ-рұу, сұу, а-йұу, қы-йұу* деп, 4:3, 4:5 дыбыспен айтылып, екі буыннан құралады деп үйрету ауызша тіл мен жазба тілдің айырмашылығын көрсетер еді.

У, и қосар дыбыс таңбаларын қалай беруге болады?

Қазіргі графикамыздағы қосар дыбыс таңбасын беретін **y**, **u** таңбалары 30жж. проф. Қ. Жұбановтың ұсынуымен, кейін 1952ж. проф. М. Балақаевтің қолдауымен әліпбиге енгені белгілі. Қ. Жұбановтың “Қосар ма, дара ма?” деген мақаласында “**уу, үу, ұу, үу, у** әріптерімізбен таңбалап жүрген түрлі дыбыстардың бәрі де жалғыз **у** мен көрсететін жерлері болушы еді. ...Бұл үлкен шатақ еді. Осы шатақтан құтылмақ болғандағы қарманғаны әлгі қосар әріптер болады. Бірақ шатақтан құтқару орнына әлгі қосар әріптер одан әрі қосарлана, шатақты шиеленістіре түсті” деген жолдар бар. Қосар әріпті жақтаушыларға қарсы Қ.Жұбанов бірнеше дәлелдер келтіреді. Мысалы, егер қосар әріптің соңғысы дауыссыз, сондықтан одан кейін дауысты дыбыстар келеді дегенге *таулы, қойлы, шідерті, қайсы, анаусы* сөздерінде өзгеріп жалғанып тұр, **у, й** дыбыстары о бастан қосар, себебі *су – суғ, бу – буг, тий – тег, би – бег* болған дегенге бұл дәлел емес, себебі *сариг – сары, тірік – тірі, торық – торы* болып қосар дыбыстардың біреуі түсіп қалады екен деп қосар әріп іздеп отырған жоқпыз дейді. Ғалым өзі өмір сүрген кезеңдегі оқушы қатесінің көбі **ый, ій** әріптері болып отыр дейді (Бір қызығы екі дыбыстың орнына бір таңба жазатын қазіргі жазуымызда да осы әріптердің емлесі қиындық тудыратынын айтады ғалымдар).

Сөйтіп, ғалым төрт әріптің (**ұу, үу, ый, ій**) орнына екі әріп жазуды ұсынған еді. Бұл көзқарас қазақ тілі білімпаздарының біразының әсіресе, 1940ж. Жаңа әліпбиді түзуші проф. С. Аманжоловтың пікір қарсылығын тудырғанмен (Аманжолов С. Еміле ережесі мал емес // АТ. 2001, 18.VII) қазіргі графикамызға қабылданды.

2013 жылы үкімет қарауына ұсынылған негізгі 2 жобаның бірі проф. Ә.Жүнісбектің әліпбиінде **и, у** әріптерінің таңбасы болмаса, екінші жоба – проф. З.Базарбаеваның әліпбиінде бар.

Жазуды зерттеген алғашқы жылдарда біз де дара әріппен таңбалауды жөн көрдік. Себебі сауат ашу ісінде и, у әріптеріне қатысты қиындық жоқ. Сөз, буын бойындағы дауысты таңбалары арқылы дыбыстың жуан, жіңішке екені оңай айрылып келді. Қазақ тіліндегі кез келген дауыссыз дыбыс жеке айтылғанда **ы** дауыстысын қосып айтады (*бы, ны, ыл, жы...*). Бірақ жазғанда таңбаланбайды. Егер бұларды бір деңгейде қарасақ, **у/и** әріптері сияқты басқа да дауыссыздар таңбасы жеке таңбаланғанда (б, т, с...) қосар дыбысты, дауыстымен іргелес келгенде дауыссыз дыбысты береді.

Егер жазу көзбен көрінетін таңбаларды шартты түрде қолдану арқылы адамдар арасындағы коммуникацияның жүйесі болса, ортақ келіскен әріп жазылған сөзді ауызша тілге айналдыруға, дыбысталғанды таңбаға түсіруге кедергі келтірмесе және жазу экономиясына сай келсе (төрт әріптің орнына екі әріп жазсақ), онда екі дыбыстың орнына бір таңба салудың жазу теориясына кереғарлығы жоқ деп ойлайтынбыз. Сол себептен де 1929ж. жазуға түзету енгізілгенін мойындауымыз керек.

Т.А.Амирова алфавит графикалық символдардың (әріптердің) тізімі ретінде “код-делдал” техникалық аппарат болып табылады. Ол сөзді жазуға немесе керісінше аударып отырады деген. “При этом важно отметить следующую закономерность: чем больше множество единиц алфавита, тем меньше множество комбинаторных и позиционных правил в графемной системе и наоборот” деген.

Ә.Жүнісбек әліпбиіндегі **у** – латыншада [wai], бірнеше мағынасы бар, яғни [i] дыбысын беретін (*symbol, myster-құпия, symphony, any, ready, lady*), сөз басында [j] дыбысын беретін (*you, youth, yes*) – әріп қазақ сөздеріндегі дауыссыз, үнді <й> фонемасын береді.

Ал [ый], [ій] дыбыс тіркесін таңбалайтын «**ұзын и**», «**дауысты и**» деп әріп-фонема қатынасынан қате түсініліп жүрген и

таңбасы жаңа графика бойынша **қазақ сөздерінде жазылмайды**. Ал халықаралық терминдер мен ел аттары **i** әрпімен жазылады. Мысалы, *kino, institut, himie, tehnike, kibernetike, fizike, film*. Бұл фонология тұрғысынан жүйелі. Яғни *сый, тый* сөздерінде ғана жазылып келген орфограмма енді барлық и таңбаланатын тұстарда жазылатын болады. Мысалы: *сыйлық – сэулэқ, сиыр – сэуэр; ми – тэу, инелік – іупелік, қияр – қэуар, тиын – тэуэн*.

Алайда бұл арада тағы да нақты ойлану керек. 1929 жылы мен 1940 жылы алдыңғысы латын, кейінгісі орыс жазуын қабылдаған тұста қосып арқалаған жұмыс осы болғанын тарих ескертіп отыр. Жазу үнемділігі, қағаз үнемділігі, уақыт үнемділігі дегендер қай ғасырда да қажетті мәселелер.

Жарты дауысты дыбыс (А. Байтұрсынұлы, Тіл тағылымы, 179б.), **шалпа дауысты** (Қ.Жұбанов, Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, А., 2010. 59б.) деп ХХғ. басында анықталған <у> фонемасы А.Байтұрсынұлының «Сауат ашқышында» (1926ж.) бір ғана таңбамен беріледі: *тану, салу*.

Қазақ тілші ғалымдары және әліпби жобасын ұсынушы өзге де тұлғалар жаңа графикаға көшуде **у, и** әріптеріне қатысты 1929 жылғы графиканы қабылдағанда қазақ жазуын тілдің дыбысталуына жақындатамыз деп шешеді. Бірақ қазақ жазуы – фонологиялық жазу. Осы сипатын көпшілік фонетикалық жазу деп қабылдайды.

Сондықтан қалай жазылса, солай оқылу нормаға айналған бүгінгі қазақ жазба тілі мен ауызша тілінің арасындағы ажырағысыздықты жазба тіл арқылы реттемесе, енді бір 20 жылда қазақ тілі өзінің ұлттық орфоэпиялық ерекшелігінен айырылады дейді. Расында да солай. Қазіргі қазақ жастарының орфоэпиясында ерін үндестігі мүлде жоғалды деуге болады. Сөз тіркесіндегі ырғақтық топтарда, екі сөз жігіндегі ықпал да бірте-бірте көмескі тартуда. Сонда *күту – кьтъw, тіу – ми, жіуіw- жию* делініп, дыбыс тіркесі ажыратыла таңбаланса, қалай жазылса, солай оқып дағдалынған түйсік біртіндеп сөздің дұрыс айту нормасын меңгере бастайды дейді көпшілік пікір айтушылар.

Алайда жазба тілмен ауызша тілді жақындату мұнымен ғана шектелмейтінін ойласақ, шешілуі қиын мәселеге тап болатынымызды көруге болады. Мысалы, *ырақымет, ылақ, ырас* деп жазу сияқты.

Сондай-ақ тағы бір мынадай сұрақ туады. **У дыбысы ұу, үу болып тіркесе ме, әлде ыу, іу болып тіркесе ме?**

<у> фонемасы, проф. Ә.Жүнісбек анықтағандай, ерін-ерінді, тоғысыңқы, үнді дауыссыз өзге дауыссыздардан алдынан не соңынан [ұ] дыбысын қосып айтуымен ерекшеленеді (басқа дауыссыздар қысаң, жуан езулік [ы] дыбысын қосып айтады). Бір қызығы, ХХ ғасырдың басында – қазақ орфоэпиялық нормасына «сызат түспеген» дәуірде А.Байтұрсынұлы бұл позициядағы инвариант дыбысты <ы> деп тапқан. «Қазіргі тұжырымдардан, *алуб* десек, келіб демей, *келуб* десек, онда *алұ*, *барұ* деуге болады. Оның үстіне *алуды* – *алыс*, *баруды* – *барыс*, *келуді* – *келіс* деген сөздермен алмастыруға болады. Ендеше у-дың алдына **ұ, ү** әріптерін салудың еш қисыны жоқ” дейді ғалым.

Қазақ тіліндегі кез келген дауыссыздың алдынан не соңынан қысаң езулік қосылып айтылады. А.Байтұрсынұлының сөзімен айтсақ, «жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін қолданып келген қазақ» [5, 6] қысаң, жуан езіліктерді инвариант деп табады: [бы], [жы], [ыр], [қы]. Осы жүйе бойынша, [ый], [йы], [уы], [уы] болуы керек. Бірақ <й> фонемасы профессор Ә.Жүнісбектің айтылым, жасалым, естілім сипаты арқылы анықтаған айырым (дифференциалды) белгілері (тілшік, жуысыңқы, үнді, кейінді, езулік дауыссыз) қысаң езуліктермен дыбыстатады. Ал еріндік дауыссыз болып табылатын <у> еріндіктермен дыбыстатады. Сонда «исключение» у фонемасында ғана. Ендеше [ұу], [үу] таңбалануға тиіс емес, фонетикалық вариант болып табылады. Егер біз жаңа орфографияда <у> фонемасын дыбыс тіркесіне ажыратып жазсақ, онда *тауық*, *сауық*, *жауық*, *сеуіп*, *теуіп*, *кеуіп* сияқты сөздерде **ы** орнына **ұ, ү** жазу керек. Өйткені дыбыстың алды мен соңы бірдей позицияда. Мұнда дыбыс инварианты фонема емес, дыбыс варианты таңбаланған болып шығады. Бұл орфограммалар, әрине, қазақ сөзінің дұрыс айтылу нормасын сақтауға көмектеседі. Қазақ тілінің дыбыстық құрамы жаңа сауаттанатын баланың санасына дұрыс бекиді.

Қиын сұрақ. Егер латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиіне ауысарда осы орфограмманы таңдасақ, тіліміздегі ерін үндестігінің қаншалықты басыңқы сипатта болатынына келісіп алуымыз керек.

- *Қүю – қйүйіу, үю – ьуьу, сою – соййу, күю – кьуьу*, осындай транскрипциялық жазуды қабылдауға тілұстармандардың (профессор Н.Уәли термині) санасы қаншалықты дайын?

- Сөз аяғында, соңғы буында **ұ, ү** еріндіктері жазылмайды

деген ережені алып тастағанда үндесім турасында шекараны қалай айқындап аламыз?

Осы сауалдарды әбден ойланып шешкеніміз жөн. Әрине, біздер тілшілер қауымы жаңа графикада қазақ сөздерінде **у, и** әріптерінің дыбыстық құрамын ажыратып, ал халықаралық терминдерді, ел, халық атауларын жазуда «ұзын и», «ұзын у» әріптеріне **і** және **и** таңбасын алғанның негізі бар деп көреміз: *Ukraina, Belorus, ministir, universitet, institut*.

Сонымен, қазақ тілі дауыссыздар жүйесі латын графикасының мына таңбаларымен берілгені жөн деп ойлаймыз: **в (б), d (д), g (г), p (ғ), j (ж), k (к), q (қ), l (л), m (м), n (н), њ (ң), p (п), r (р), s (с), ş (ш), t (т), w (у), y (й)**.

Біздің ойымызша, компьютер мүмкіндігі дәйекше қолдануға жетсе, онда жаңа қазақ әліпбиі А.Байтұрсынұлының дәйекше арқылы жазудәстүрін қайта жаңғыртуы керек. Дәйекшені қолдану тек А.Байтұрсынұлының әліпбиінде емес, Х.Досмұхамедұлының (1925), Қ.Жұбановтың (1934), Н.Төрқұловтың (1925), Ж.Аймауытовтың, Ә.Жүнісбектің (2002) әліпбилерінде ұсынылды. Сонда **а-ә, ы-і, о-ө, ұ-ү, е** әріптері үшін латын әліпбиінің **а, у, о, е, ь** таңбалары алынады. <ғ>, <г>, <к>, <қ> дауыссыздарының фонемалық мәртебесі айқындалғанмен, төрт дыбысты екі әріппен беріп, жуан-жіңішкелігін дәйекше арқылы ажыртуға болады.

Дәйекше қолданылған жаңа әліпбиінде 27 әріп бар (11-кесте).

11 кесте – Дәйекшелі жаңа әліпби жобасы

№	әріп	фон	№	әріп	фон	№	әріп	Фон	№	әріп	фон
1	a	а-ә	8	p	ғ	15	m	м	22	t	т
2	b	б	9	h	h-x	16	n	н	23	v	в
3	ş	ш	10	i	ы-і	17	ŋ	ң	24	ŭ	ұ-ү
4	d	д	11	j	ж	18	o	о-ө	25	w	у
5	e	е	12	k	к	19	p	п	26	y	и-й
6	f	ф	13	q	қ	20	r	р	27	z	з
7	g	г	14	l	л	21	s	с			

Сөйтіп, “Тем более что с точки зрения теории письма латинский алфавит, в том виде, в каком он применяется в странах запада, не имеет никаких преимуществ по сравнению, скажем с арабским, греческим или русским алфавитами” деген И.Е.Гельбтің

сөзіне сәйкес латын графикасын тілдің дыбыстық құрамына қарай бейімдеп алуға болады деп ойлаймыз.

Оқуға арналған материал

Лингвистикалық және мәдени-әлеуметтік түрткіжайттардың басымдылығы

Елбасының Қазақстан Халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзіне байланысты еліміздің зиялы қауымы әлемдік өркениетінен аралас-құраластықты дамыту үшін латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиіне көшудің, дәлірек айтсақ, оған қайта оралудың қажеттілігін терең пайымдап отыр.

Латын графикасы қазақ тілі үшін мүлде бейтаныс жүйе емес, кеңестік тоталитарлық жүйе 1929 жылы қазақ халқының ғасырлар бойы қолданылып келген араб графикасы негізіндегі әліпбиінен айырды. XVIII –XIX ғасыр және XX ғасырдың басына дейін араб графикасы негізіндегі қазақ жазуымен мыңнан астам атпен кітап, ондаған атпен газет-журналдар шығарылған болатын. Әр үйде болмаса да, үлкен шаңырақта Құран Кәрім, я болмаса Мұхтасар, «Қиса-ұл ғибия» түтін сайын болмаса да үш үй, төрт-бес үйдің біріне «Алпамыс», «Ертарғын», «Қыз Жібек», «Зарқұм», «Сал-сал», «Бозжігіт» т.б. толып жатқан қисса дастандар қазақтардың қатерлі дүниесі саналатын академик-жазушы Ғабит Мүсіреповтің айтуынша қазақ мұндай кітаптардың біреуін XX ғасырдың басында бір қойға сатып алады екен. Өлгі кітаптардағы жазылған қисса дастандарды ауыл адамдары бір үйге жиналып тыңдап, тамашалайтын көрінеді. Мұның өзі қазақтың жылқықұмарлығын ғана емес, кітапқұмарлығын, жазу-сызуға ынтықтығын да көрсететін мінез болса керек.

Төте жазу деп аталатын ұлттық жазуымен қоштасып, латын графикасынегіздіәліпбиге«әлемдікреволюция»ұранынкөтерген саясаттың салдарынан қазақтың 1929 жылы латын әліпбиіне көшуімен байланысты әлгідей мәдени-рухани мұрасынан қол үзіп қалды. Сөйтіп, қазақ халқы сауатсыз, жазу-сызуы болмаған тек кирилше әліпбиімен сауат ашқан деген пікір қоғамдық санада орнығып, стереотипке айналды. Орыс тілінде білім алып жатқан қазіргі мектеп оқушылары, жоғары мектеп студенттері, араб жазуын былай қойғанның өзінде, қазақтар 1929-40 жж. латын әліпбиін қолданған дегенге таңырқай қарайды.

Латын графикасы негізіндегі әліпбиге халықтың енді ғана көзі үйреніп, қолы жаттығып келе жатқанда қазақ жазуы өктемшіл Орталықтың әмірімен кирилшеге көшірілді. Латын графикасы негізіндегі әліпби қазақ қоғамында он жылдай қызмет істеді.

Ұлтсыздандыру, дінсіздендіру идеологиясының зорлығымен Орталықтың дегенімен, 1940 жылы «бір күн бір түнде» кирилше жазуға көшкені мәлім.

Қазақ жазуы арабтан латынға, латыннан кирилшеге көшкенде де бәріне тоталитарлық тәртіпке негізделген саяси фактор күшті болды.

Біз бір есептен, латын графикасы негізіндегі бұрынғы әліпбиімізге, кейбір өзгерістермен қайта оралмақпыз. Ол кездегі жағдай мүлде басқа еді. Қазір қазақтардың әліпби таңдауы тәуелсіз Қазақстан жағдайында, өтпелі кезеңнің өткелектерінен өтіп, тұрақты даму жолына түскен жағдайда жүзеге асқалы отыр. Мұндай мәдени-әлеуметтік шаралардан пиғылы теріс саясатшылар «орыстан кету», «батысқа бодан болу» деп саяси астар іздеп әсіресаясиаланған факторды алға тықпаламақ болады. Ал жағдайдың өзі шын мәнінде лингвистикалық, **мәдени-әлеуметтік факторлардың** бірінші орынға тұрғанын көрсетіп отыр.

Жоғарыда біз азды-көпті мәдени-әлеуметтік факторға тоқталдық, ендігі сөз **лингвистикалық фактор** туралы. Қазіргі қолданылып отырған әліпбиімізде 42 әріп бар. Қазақ тілінің фонологиялық жүйесінде мағына ажырататын негізгі дыбыстардың саны 29 (9 дауысты, 19 дауыссыз) бола тура әліпбидегі әріптің санының 42 болуы ешбір лингвистикалық өлшемге сыймайды.

Әріптің саны негізгі дыбыстардың санынан екі есеге жуық асып кеткен. Бұл – әліпбидің оңтайлы, тиімді екенін көрсететін лингвистикалық критериймен мүлде үйлеспейді. Әліпбидің тиімділігін бағалаудың критерийі бойынша, әліпбидегі әріптердің саны негізгі дыбыстардан соншалықты алшақ кетпеуі керек, негізгі дыбыстармен тең түсіп жатса дұрыс, ал әріп саны негізгі дыбыстардан аздап кем болса, одан да жақсы болып есептеледі. Мысалы, А.Байтұрсынұлы әліпбиіндегі (төте жазу) әріптің саны негізгі дыбыстан кемірек. Орыс тілі әліпбиіндегі әріптің саны негізгі дыбыстардан аз, сол сияқты ағылшын, неміс т.б. елдердің әліпбиіндегі әріптің саны негізгі дыбыстардан әлдеқайда кем:

Орыс тілінде	негізгі дыбыстар 41	әріп саны 33
Ағылшын тілі	негізгі дыбыстар 45	әріп саны 26
Француз тілі	негізгі дыбыстар 35	әріп саны 26
Қазақ тілі	негізгі дыбыстар 28	әріп саны 42

Әліпбидегі әріптердің саны шамадан тыс көп болуы мектеп табалдырығын аттаған оқушыларымызға да оңай тимейді. Ана тілінің дыбыстарын бейнелейтін әріптерді мектепке келген балдырғандарымыз дыбысқа (уәжге) сүйеніп, тез үйреніп алады. Сөйтіп дыбыс пен әріптің байланысы оқушы санасында білімге айналады. Ал *ъ, ь, ъ, ъ, ...* тәрізді таңбаларды дыбыстық уәжі болмағандықтан, жаттап алуына тура келеді. Қазақ тілінің дыбыс жүйесіне қатыссыз әріптерді жаттап, миға салмақ түсіреді. Бұл – мәселенің лингвистикалық-психологиялық жағы. 42 әріппен байланысты бұл қайшылықты, әсіресе ұстаздар қауымы жақсы біледі. Бұл жайт, жоғарыда айтқанымыздай, кирилше әліпбидің түкке алғысыздығынан емес, я болмаса кирилшені әуелде тіліміздің жүйесіне сай етіп ұқсата алмаған тіл мамандарының да кемшілігі емес. Қазақ лингвистерінің кәсіби біліктілік деңгейі қай кезде де төмен болған жоқ. Әліпбидегі түйткілдің түп-тамыры тоталитарлық жүйенің Кеңестер одағындағы тілдерді, ұлттарды бірте-бірте ассимиляциялау саясатымен байланысты болды. Кеңестік кеңістікте халықтарды бір тілге көшіріп, Бабыл мұнарасын орнатып, көктегі коммунизмге қол жеткізбек болған идеологиялық қысымның салдарынан кирилше әліпбиіміз бұрмалауға түсті. Қазақ әліпбиіне енгізілген *в, ь, ъ, ъ, ъ, ъ ...* тәрізді әріптер алдымен халықаралық терминдерді, советизмдерді, онимдерді (жалқы есімдерді) орыс орфографиясымен жазу үшін енгізілген. Сонымен, қазақ әліпбиі таза ұлттық әліпби болмай қосамжар әліпби болды. Қазақ орфографиясы да сиям егіздері сияқты қосамжар орфография болып шықты. Қазақ мәтіндерінде қазақша жазылатын сөздер мен бөтен тілдің бөрікін киген сөздер аралас-құралас жүрді. Сөйтіп, советизмдерді, интернационализмдерді, онимдерді Орталық орыс орфографиясымен бұлжытпай жазу үшін *ч, щ, ю, я, ъ, ъ, ъ ...* тәрізді әріптерді енгізуге тіл мамандарын мәжбүрледі.

Шын мәнінде жазба коммуникация үшін 28 әріп те жеткілікті еді. Ал 13–14 әріп шеттілдік сөзді орыс орфографиясымен жазу үшін әліпби құрамына кіргізілді. Сөйтіп, емле жүйесі басқа

тілдің ережесіне кіріптар болып қалды. Әркениетті елдердің әліпбиіндегі әріптер әдетте өздеріндегі негізгі тілдік дыбыстарды (фонемаларды) таңбалайды, ал басқа тілдің сөзін жазу үшін арнайы әріп сайлап қоймайды. Әздерінің төл сөздеріндегі дыбыстарды белгілейтін әріппен шүршіттің сөзі болса да жаза береді.

Сонымен, қазақ әліпбиіндегі дыбыстардың бір бөлігі қазақ тілінің, екінші бөлігі орыс тілінің дыбыстарын белгілейтін құранды әліпби, қосамжар орфография болып шықты. Бұның салдарынан шеттілдік сөздерді дыбыстық жақтан игерудің тілдік механизмдері жұмыс істемей қалды. Тіл тегершіктерінің бірі жұмыс істемей қалса, бұл – дабыл қағатын жай. Орыс тілінен енген сөздер қазақ тілінің дыбыс жүйесімен жымдасып, жарасым табудың орнына алабөтен оқшауланып қалды. Бұрынғы кезде *плетен – белетен, купарос – көкбараз, вершок – бершек* деп орыс сөзін өз тілінің тәртібімен бауырына басты. Енді қазақ тілінің сөздік құрамында дыбыстық теге түспеген, өңделіп, игерілмеген өгей сөздердің үйірі көбейе берді, көбейе берді.

Қазақ жазуының ұлттық сипатынан ауытқып, басқа жаққа бет алып бара жатқанын айқынырақ елестету үшін газет, журнал, ғылыми кітап, оқулықтардың кез келген бірін алып, мәтіндегі сөздерді орфографиясына қарай топтастырып, таразылап көріңіз. Сол кезде таразының бір басына қазақ тілінің заңдылығымен, екінші басында бөгде тілдің тәртібімен жазылған алабөтен сөз үйірін байқайсыз. Жыл өткен сайын «импортталған» сөздердің саны еселеп көбейіп келеді. Мұның өзі қазақ тілінің ежелден келе жатқан дәстүрлі нормасының бұзылу қаупін күшейте түседі, ал дәстүрлі нормасынан айырылған тіл қанаты қайырылған құстай дәрменсіз болып, қоғамдық қызметін ойдағыдай атқара алмайды.

Бұл жерде мәселе қолдан қоюлатылып отырған жоқ. Әрине, кірме сөзге Қытай қорғанын салса да, тоқтату қиын. Оларды (кірме сөздерді) тілдің өз мүлкіне айналдырып, мағыналық жақтан ғана емес, дыбыстық тұрғыдан да игеруі қажет. Олай болмаған жағдайда орфоэпиялық ереже, дыбыстау нормасы да дәрменсіз күйге түседі. *Ұлттық университет, ұлттық академия, ұлттық әдебиет, ұлттық өнер, ұлттық тәрбие, ұлттық мемлекет, ұлттық қауіпсіздік* деген жиі айтылады. Әйткені бәрінің іргетасы – ұлттық тіл. Ал оның ұлттық сипатына қаяу түсіп, тіні ыдырап жататындай болса, ұлттығымызға сын емес пе?

Қайсыбіреулер «... республика, конституция, ламинат, капитал т.б. тәрізді сөздерді осылай, орыс орфографиясындағыдай жаза берейік, онда тұрған не бар» дейді. Сырт қарағанда, солай. Бірақ бұлар басқа тілдің дыбыстық коды, сондықтан тілімізге сіңбей, оқшау, жат дүниедей болып тұр. Орыс тілі кез келген шеттілдік сөзді өзінің дыбыс жүйесіне, жазу тәртібіне салып, сіңіріп, қорытып ала қояды. Орыс жазуының ұлттық сипаты күшті. Ал шеттілдік сөздерді өзіміздің дыбыстық жүйемен, өзіміздің жазба тіл жүйесімен тілімізге сіңіре алмасақ, игеріп ала алмасақ, ұлттығымыз қайсы? Алайда қоғамымыздың тұрақты дамуына экономикасының жақсаруына әсер ететін күшті факторлардың бірі ұлттық идея емес пе? Республика Президенті ұлттың дамуын тілдің дамуымен, ұлттың болашағын тілдің болашағымен байланысты қарау идеясын ұсынып отыр. Қазіргі жазу жүйесі ұлттық идеямен қабыса ма? Тілдің негізгі заңдылығымен үйлесім тапқан жазу ғана ұлттық болса керек. Мысалы, орыс жазуы әлемдегі ең озық жазу, өйткені онда орыс тілінің акценттік болмысы дұрыс бейнеленген. Ал қазақ тілінің заңдылығы бойынша төлтума сөздері бірыңғай жуан, я болмаса бірыңғай жіңішке әуезбен айтылады. Қазақ мәтіндеріндегі сөздер, төл сөз болса да, шеттілдік сөз болса да жуан//жіңішкелік үндесімге бағынуға тиіс. Сондықтан зиялы қауым өкілдері қазіргі жазуды (әліпбиді, емле ережелерін, орфографиясын) түбегейлі реформалау мәселесін қоғам алдына қойып отыр.

Енді бір сәт ана тіліміздегі сөздердің дыбыс құрамына зер салсақ, олардың көбіне бірыңғай жуан, я болмаса бірыңғай жіңішке сегменттік бірліктерден тұратыны байқалады. Ал проф. Ә.Жүнісбековтің концепциясы бойынша жуан/жіңішкелік сөздің ұзына бойына тән просодикалық бүтін болып табылады. Қалай десек те, сөз құрамындағы дыбыстардың өзара үндесіммен айтылуы – ерекше феномен. Мұндай үндесім сөзішілік деңгейде ғана емес, одан жоғары тұратын сөзаралық құрылымдардың құрамында да кездесетін фреквенталий екенін байқауға болады. Мысалы, 1) *ата-ана, әке-шеше, ауыл-аймақ, ата-баба, қыз-қырқын* т.б. деген қос сөздер өзара мағыналық үйлесіммен, әрі жуан үндесіммен айтылса, *әке-шеше, үлкен-кіші, көл-көсір* т.б. қос сөздердің едәуір түрі жіңішке үндесіммен айтылады; 2) *қып-қызыл, қап-қара, жіп-жіңішке* тәрізді күшейткіш буындар да жуан/жіңішкелік үндесіммен дыбысталады; 3) қазақ тіліндегі едәуір қосорамды фразеологиялық тіркестердің сыңарлары да

өзара мағыналық үйлесіммен, әрі дыбыстық үндесіммен айтылады: *күн десе көзі, ай десе аузы бар; ай дер ажа жоқ, қой дер қожжа жоқ; алып алты, жеп жеті болмайсың; ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс; алты аласы, бес бересі жоқ;* 4) едәуір мақал-мәтелдердің де құрамындағы сыңарлар да жуан/жіңішке әуезбен жұп құрайды: *атасы достың баласы дос; жақсысын айт, жаманын тақап қой; жақсы бала еліне бас болады, жаман бала еліне қас болады; арамдықты адалдық жеңеді, жамандықты амандық жеңеді; көрмеген көлде естімеген қаздың дауысы бар* т.б. тәрізді қосорамды мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздер де мағыналық үйлесіммен, дыбыстық үндесіммен сөзді әрлендіріп тұр. БАҚ мәтіндеріндегі тақырыптардың да аттары мағыналық үйлесіммен, дыбыстық үндесімімен тартымды болып тұрғаны байқалады: *бірлескен жобаның берері көп; иесі бардың игілігі бар; айбынды сардар арамызда екен* («Егемен Қазақстан»).

Сөзішіндегі дыбыстардың ғана емес, қос сөздердің, күшейткіш буынды сөздердің, фразеологизм, паремологизмдердің, газет тақырыптары мен айдарларының құрамындағы сөздер мағыналық үйлесіммен, дыбыстық үндесіммен айтылуы – таза лингвистикалық қана емес, сондай-ақ тілдік ұжымның когнитивтік санасында орын тепкен эстетикалық категория.

Тіліміздегі сөз әуезінің жуан//жіңішкелік оппозициясы бұрын тек тілдік факт делініп, кейініректе тілдік заңдылық және норма деп танылса, ендігі жерде бұл феноменді тілдік тұлғаның (жеке тілдік тұлғаның, тілдік ұжымның) когнитивтік санасында кодқа салынған эстетикалық ақпараттар жүйесі деп танылу қажет.

Сонымен жоғарыда біз шеттілдік сөздердің ондап-жүздеп кіріп жатқанын айттық. Егер ондай «импортталған» сөздер қазақтың дыбыс әуезімен жазылмайтын (айтылмайтын) болса, бөтен тілдің тәртібімен жазылса, оның салдары мен зардабы қиынға соғатыны қазірдің өзінде байқалып отыр. Олай дейтініміз жеке тілдік тұлғаның, тілдік ұжымның когнитивтік санасында сөздің жуан/жіңішке әуезі арқылы орныққан эстетикалық таным бірте-бірте көмескі тартады. Болашақ ұрпақтың тілдік санасынан фразеологизм, мақал-мәтел, көркем мәтіндегі сөздердің әуезді үндесімі бірте-бірте жоғала бастайды. Ұлттық тіліміздің ата-бабадан келе жатқан сыры мен сипатын жоғалтып аламыз ба деген үлкен қауіп бар. Ол бүгінгі әліпбиімізбен байланысты-ау демеуге әддіміз жоқ.

Әрине, латынға көшпей-ақ қолда бар әліпбидің артығын

алып, кемтігін толтырып та қазіргі жазу-сызуымыздың бет-бағдарын ұлттық сипатқа қарай бұруға болар еді. Күдікшілердің бұлай деуінде қисын жоқ емес. Ұйткені қалауын тапса, қазіргі бауыр басқан кирилшемен-ақ шеттілдік ауыс-түйістерді *өперәтір* (оператор), *кілінійке* (клиника), *іреснубілійке* (республика) деп үндесім тәртібіне бағындыруға да болар еді-ау.

Әрине, әуел бастан-ақ осындай бағытпен жүргенде, бәлкім, мемлекетіміз қазіргі кезде әліпби саясатымен бас ауыртпауы да мүмкін еді. Бірақ бүгінгі кезде «импортталған» сөздерді өзге тілдің тәртібімен жазу санаға әбден сіңісті болып, стереотипке айналды. Оны икемдеп, иіп әкеліп, тіліміздің үндесімімен үйлестіретін кез артта қалды. Қазіргі сыңаржақ қостілділік жағдаятында бұндай мүмкіндіктің ауылы тым алыстап кетті. Бір кездері «Ана тілі» апталығы *үніберсіітет, іністіітот* тәрізді бірер сөздердің жазылуын үндестікпен үйлестірмек болған еді, мұндай жаңалықты жұртшылық хош алмады. «Баяғыдағы қостілділік жоқ кездегі «оқымаған» ата-әжелеріміздің сөзіне ұқсайды» деген психологиялық кедергіге тап болды. Осы тәрізді психологиялық фактормен байланысты тағы бір қиындық – мемлекеттік тілді үйренуге бет алған орыстілді отандастырымыз *хлорды – қылор, холестеринді – кәлестеріін, кластерді – кіләстер* деп жазу керек дегенге илана қоймасы кәдік. Бұл тұста да **психологиялық үлкен бөгетті** еңсеру қиынның қиыны.

Бір кездегі саясатпен бұрмаланған бұрынғыны қайта қаузап қалыпқа келтірейік деген күдікшілердің уәжінен гөрі болашаққа қарай қадам басайық дейтін үмітшілдердің дәлелін дұрыс көреміз.

Әлгіндей сөздердің жазылуын басқа «бейтаныс» кодқа салып жазсақ, реципиенттің қабылдауы басқаша болады: *өперәтір* (оператор), *інфберсіітет, кіләстер* (кластер) т.б. Сөйтіп, санадағы стереотипті, психологиялық бөгетті айналып өтеміз. Сондықтан жазудағы бет-бағдарымызды түзеудің жолы – латын әліпбиіне көшу.

Н.Уәли «Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы» (Алматы, 2007.) жинағына жариялаған мақаласынан.

Тапсырма. Төмендегі мәтін бойынша жаңа латын графикасының қолайлы және қолайсыз жақтарына талдау жасаңыз:

Elbası Nursultan Nazarbaevtiñ qarttar künine arnalğan quttıqtaw sözi:

Qurmetti otandastar!

Sizderdi BUU Bas assambleyası qarttar küni dep jarıyalağan, bügingi meyirim men izgilik merekesimen şın jürekten quttıqtaymın. Aldıñğı buwın ağa-apalarımızğa, eren eñbek ülgisin körsetip ketken ardagerlerimizge osı bir qayırımdılıq pen danalıq körinisi ispetti jarqın merekeleriñiz quttı bolsın deymiz. Sizder keyingi urpaqtı izgilik pen meyirbandılıqqa, otanımızğa adal qızmet etuge, aynaladağı adamdarıñ ömirge, qoğamğa degen oñ közqarasın qalıptasturuwğa üyretip kelesizder. Egemen elimizdiñ jarqın bolaşağına senimmen qarawdı, jaqsı künderdi eseli eñbegimizben jaqındatuwdı biz sizderden üyrenip kelemiz.

Bügin biz qarttarımızğa qurmet körsetip, quttıqtawmen birge, ardagerlerimizge jan-jaqtı qoldaw men istiq iqilasqa tolı alğıs sezimin bildiremiz, yaғny olar özderine degen şınayı qamqorlıqtı seziniwi qajet. Qazaq halqınıñ ulttıq mentaliyetiniñ jarqın belgisi qaşanda ülkenge- qurmet, kişige - izet körsetiw desek, bul iygi дәstür layım jalğasın taba bersin.

Жаңа әліпбиге қатысты төмендегі сауалнама сұрақтарына жауап беріңіз:

1. Қазақ тілін латын графикасына көшіруді қолдайсыз ба?

- А) қолдаймын
- Ә) қолдамаймын
- Б) өз пікірім бар _____

2. Латын әліпбиіне қай жылы көшкен дұрыс деп ойлайсыз?

- А) 2014 жылдан бастап
- Ә) 12 жылдан кейін 2025 жылы
- Б) 20 жылдан кейін
- В) өз пікірім бар _____

3. Латын әліпбиіне көшу процесі қандай болғанын қалайсыз?

А) латын әліпбиімен қатар кирилл әліпбиі 5 жыл қатар жүруі тиіс

Ә) оқу ісі де, БАҚ –та жаппай латын әліпбиіне түгел көшуі керек

Б) БАҚ латынға түгел көшу керек, оқу ісінде латын және кирилл әліпбилері 2 жыл қатар жүруі тиіс

В) өз пікірім бар _____

4. Жаңа әлібиде Ққ әрпі қалай таңбаланғаны дұрыс деп ойлайсыз?

А) Qq (qazaq)

Ә) Ыı (ıazaı)

Б) Ққ (qazaq)

В) Kh (khazakh)

Д) өз пікірім бар _____

5. Жаңа әлібиде ң әрпі қалай таңбаланғаны дұрыс деп ойлайсыз?

А) ң (teŋge)

Ә) ń (teńge)

Б) ӧ (teǵge)

В) ng (tengge)

Д) өз пікірім бар _____

6. Жаңа әлібиде Ыы әрпі қалай таңбаланғаны дұрыс деп ойлайсыз?

А) Ыı (ıdı)

Ә) Ыı (ıdı)

Б) Iı (ıdı)

В) Yy (Ydys)

Д) өз пікірім бар _____

7. Жаңа әлібиде Әә әрпі қалай таңбаланғаны дұрыс деп ойлайсыз?

А) Әә (Әlem)

Ә) Ää (Дlem)

Б) Ââ (Âlem)

В) Ââ (Âlem)

Д) Ae ae (Жlem)

Е) өз пікірім бар _____

8. Жаңа әлібиде Өө әрпі қалай таңбаланғаны дұрыс деп ойлайсыз?

А) Өө (Өnek)

Ә) Цц (Цnek)

Б) Ôô (Ônek)

В) Öö (Önek)

Д) Oe oe (Oenek)

Е) өз пікірім бар _____

9. Дауыссыз Уу дыбысын қалай таңбалар едіңіз?

А) Ww (tawəq)

Ә) Uu (tauəq)

Б) Ўў (taўəq)

В) өз пікірім бар _____

10. Жаңа әлібиде Шш әрпі қалай таңбаланғаны дұрыс деп ойлайсыз?

А) Şş (Şana)

Ә) Ъь (Ъana)

Б) Sh(Shana)

В) өз пікірім бар _____

11. Жаңа әлібиде Жж әрпі қалай таңбаланғаны дұрыс деп ойлайсыз?

А) Ĵĵ (Ĵol)

Ә) Zz (Zol)

Б) Jj (Jol)

В) Zh zh (Zhol)

Д) өз пікірім бар _____

12. Жаңа әлібиде й әрпі қалай таңбаланғаны дұрыс деп ойлайсыз?

А) j (baj)

Ә) i (bai)

Д) y (bay)

13. Орыс сөздеріндегі *Ии* дыбысын қалай таңбалар едіңіз?

- А) Ii (Institut)
- Ә) Îî (Înstîtitut)
- Б) Уу (Уnstytut)

14. *Су, тау* сөздерін латын әліпбиінде қалай жазар едіңіз?

- А) su, tau
- Ә) suw, taw
- Б) өз пікірім бар _____

15. *Жи, Жай* сөздерін латын әліпбиінде қалай жазар едіңіз?

- А) hi, hai
- Ә) hij, haj
- Б) jiy, jay

16. *Қиын, суық* сөздерін латын әліпбиінде қалай жазар едіңіз?

- А) qîэн, suэқ
- Ә) qijэн, suwэқ
- Б) qiуэн, suwэқ

17. *Аю, ою* сөздерін латын әліпбиінде қалай жазар едіңіз?

- А) аju, оju
- Ә) аjuw, оjuw
- Б) ауuw, оуuw

18. *Қоян, қияр, қиян*, сөздерін латын әліпбиінде қалай жазар едіңіз?

- А) qэjaг, qэjaп
- Ә) qiaг, qiaп
- Б) qэуaг, qэуaп

19. Латын әліпбиіне көшіруде кірме, термин сөздерді қазақша игеріп жазу керек пе?

- А) ия, кірме, термин сөздерді түгел қазақша игеріп жазу керек
- Ә) кірме жалпыхалықтық сөздерді игеріп жазып, термин сөздерді өзгертпей өз нұсқасында жазу керек

Б) кірме, термин сөздерді игермей, түпнұсқасында жазу керек

В) өз пікірім бар _____

Төмендегі термин сөздердің жаңа орфограммаларына сипаттама жасаңыз:

- янтарь* – *yantar*
- эмаль* – *emal*
- экстремал* – *ekstremal / ekstremäl*
- экспериментал* – *eksperimental / eksperymentäl*
- экзистенциалды* – *ekzistensialdý / ekzystemenyeldi*
- циркуль* – *sirkul/ syrkul*
- цоколь* – *sokol*
- роял* – *royal*
- рыцарь* – *rýsar*
- слесарь* – *slesar/slesär*
- спектакль* – *spektakl/spektäkl*
- стильдік* – *stildik/ styldik*
- спираль* – *spiral/spyräl*
- табель* – *tabel/töbel*
- туннель* – *tunel*
- тушь* – *tyu*
- вертикал* – *vertykal, vertiyköl*
- вестибюль* – *vestibul, vestiybul*
- гавань* – *gövön*
- галтель* – *göltel*
- горизонтал* – *gorizontal, goriyzontal*
- госпиталь* – *gospital, gospiytal*
- джоуль* (өлш. бірл.) – *djowl*
- диагональ* – *diagonal, diyagonal*
- дифференциал* – *differentzial*
- гриль* – *gril, griyl*
- дизель* – *diyzel, dyzel*
- дирижабль* – *dirijöbl, diyriyjöbil*
- женьшень* – *jenюен*
- карамель* – *köramel, karamel*
- кафель* – *köfel, kafel*
- кегель* – *kegl*
- кинофестиваль* – *kinofestival, kynofestyvöl*

ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

Жазу теориясы, жазба тіл, әліпби, емле ұғымдары бойынша:

Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: фил. ғыл. канд. ... қолж. Алматы, 1993.–162 б.

Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. Алматы: Ғылым, 1988. – 113 б.

Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. А., 2001.

Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. А., 2009.

Базарбаева З. Қазақ тілі: интонология, фонология. А., 2008.

Джусупов М. Сингармонический звуковой строй в сопоставлении с несингармоническим. Автореф. дисс. докт. фил. наук. Алматы, 1992-37 с. 9 Соссюр Фердинанд де. Труды по языкознанию. М.: Прогресс, 1977-693 с.

Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. I, II М., 1963.-388 с.

Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку. М., 1957.- 189 с.

Маслов Ю.С. Введение в языкознание, М., 1987.- 272 с.

Трубецкой Н.С. Основы фонологии. М.: Иностр. Лит., 1960.–372 с.

Лурья А.Р. Письмо и речь. Нейролингвистическая исследования. М., 2002. – 342 с.

Щерба Л.В. Теория русского письма. Л.: Наука, 1983. –134 с.

Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. Л., 1974 – 426 с.

Кузьмина С.М. Теория русской орфографии. М.: Наука, 1981. – 264 с.

Зиндер Л.В. Очерк общей теории письма. Л.: Наука, 1987. –111 с.

Жак Деррида. О грамматологии. М., 2000-511 с.

Амирова Т.А. Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка. М, 1985.–283 с.

Амирова Т.А. Общелингвистические основания графемики: автореф. ... докт. фил. наук., 1981.-47 с.

Вахек Й. К проблеме письменного языка // Пражский лингвистический кружок. М.: Прогресс, 1967. –557 с.

Амирова Т.А. К истории и теории графемики. М.: Наука, 1977.–190 с.

Амиров Р. Особенности синтаксиса казахской разговорной речи.

Алма-Ата, 1972. –180 с.

Баданбекқызы З. Қазақ тіліндегі фонемалардың дыбыс қорлары: фил. ғыл. канд. ... автореф. Алматы, 2001.–103 б.

Күдерина Қ. Қазақ жазуының териялық негіздері. А., 2010.-377б.

Күдерина Қ. Бірге, бөлек жазылатын сөздердің орфограммасы және оларды кодификациялаудың негіздері: фил. ғыл. канд. ... автореф. Алматы, 2000.–146 б.;

Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы А., 2004.

Жазу тарихы бойынша:

Истрин В.А. Развитие письма. М.: АН СССР, 1961. -394 с.

Дирингер Д. Алфавит. М.: Изд. инс. лит., 1963. -655 с.

Гельб И.Е. Опыт изучения письма. М., 1982.- 185 с.

Истрин В.А. Возникновение и развитие письма М.:Наука, 1965.-596 с.

Фридрих И. История письма. М.: Наука, 1979. – 463 с.

Лоукотка Ч. Развитие письма. М, 1950.–319 с.

Көне түркі жазуы бойынша:

Аманжолов А. Көне түркі жазуы // Қазақ тілі энциклопедиясы. Алматы, 1998.–509 б.

Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, Мектеп, 1986.-180 б.

Айдаров Г. Язык памятника Кюль-тегину. Алматы: Ғылым, 1993.-280 с.

Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алмат: Санат, 1994.-168 б.

Аманжолов А. Графика таласских, енисейских и орхонских надписей // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1973, 3-шығыуы.

Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л.: Наука, 1970.–204 с.

Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М-Л, 1951.-451 с.

Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. Алматы: Қазақ университеті, 1992.–192 б.

Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуы: алфавит жүйесі және фонологиясы. Ф.ғ.д.дәр. алу жаз. дисс. Алматы, 2008.

Кобешавидзе И.Н. К характеристике графики и фонемного состава языка орхон-енисейских надписей // Советская тюркология. 1972, №2.

Фридрих И. Дешифровка забытых письменностей и языков, М., 2003.-208 с. Тайны древних письмен. Проблемы дешифровки. М., Прогресс, 1976.-590 с.

Левин Г. Орфографические особенности текстов рунических памятников древнетюркской письменности // Түркология. Түркістан. 2005. №1.

Гузев В.Г. К вопросу о слоговом характере тюркского рунического письма // Вопросы языкознания. 1994. №5.

Қайдар Ә. Көне түркі жазба ескерткіштері кімге ортақ, кімге тән? // Көне түркі өркениеті: жазба ескерткіштері. Алматы, 2001.-128 б.

Макаев Э.А. Язык древнейших рунических надписей. М., 2002. –156 с

Күдерінова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. Алматы, 2010. – 269б.

Араб графикасына негізделген қазақ жазуы бойынша:

Сыздыкова Р. Язык Жами ат-тауарих Жалаири. Алматы, 1989.-248 с.

Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы: Ғылым, 1971. –272 б.

Әбілқасымов Б. Қазақ баспасөзі мен әдеби тілі тарихы бойынша зерттеулер. А., 2011.

Мамырбекова Г. Қазақ тілі дауыстылар жүйесінің XVIII-XIX ғ. араб жазулы ескерткіштерде таңбалану ерекшеліктері // Тілтаным. 2001. №3.

Әліппе айтысы. Қарағанды, 1990. –106 б.

Мамырбекова Г. XVIII-XIX ғғ. араб жазулы қазақ жазбаларының графикалық-орфографиялық ерекшеліктері: фил. ғыл. канд. ... автореф. Алматы, 2006.–130 б.

Күдерінова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. Алматы, 2010. – 269б.

19 ғ. кирил әліпбиін қолдану тәжірибесі бойынша:

Григорьев А.А. О передаче звуков киргизского языка буквами русской азбуки // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер.

Алматы, 1993, 232 б.

Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизских наречий. Казань, 1861. –199 с.

Әбілқасымов Б. Қазақ жазбасында орыс графикасының қолданылу тарихынан // Известия АН Каз ССР. Сер. фил. 1977. №4.

Алтынсарин И. Киргизская хрестоматия. Изд. 2. Оренбург, 1906-160 с.

Малбақов М. Қазақ сөздіктері. Алматы: Ана тілі, 1995.–112 б.

Күдерінова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. Алматы, 2010. – 269б.

А. Байтұрсынұлының төте жазуы бойынша:

Уәлиев Н. Қазақ әліпбиі мен орфографиясының фонологиялық негіздері Алматы, 1993. дисс. қолжазб.

Досмұхамедұлы Х. Қазақ қырғыз тілініңдегі сингармонизм заңы. Таңдамалы. Алматы: Ана тілі, 1998.-384 б.

Яковлев Н.Ф. Математическая формула построения алфавита // Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии, М.:Наука, 1970. – 575 с.

Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992. –414 б.

Джусупов М. Фонемография А.Байтұрсынова и фонология сингармонизма, Ташкент, 1995.–176 с.

Байтұрсынұлы А. Жазу мәселесі // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1993. –232 б.

Байтұрсынұлы А. Қазақша сөз жазушылар диққатына сөз жазушыға // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1993. –232 б.

Мусин Ф. Жазу мәселесі // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1993 –232 б.

Сералин М. Емле мәселесі // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1993. –232 б.

Жияшев Ш. Бірге қозғалайық мәселесі // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1993. –232 б.

Сұлтанғазин Д. Қазақ сөзін қалайша жазу турасы // Қазақ тілі туралы революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1993. –232 б.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. Алматы. 2005.–144 б.

Мектептегі А. Қазақ жазуының қасиеті мен қасіреті // Қазақ елі. 1995.20.10.

Жұбаева О. Қ.Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары: фил.ғыл.канд.дисс. Алматы, 2002-171 б.

Сухотин А.М., Юдахин К.К. О сокращении некоторых букв в ряде тюркских алфавитов // Из истории отечественной фонологии. М.: Наука, 1970-575 с.

Новая казак-киргизская (Байтурсыновская) орфография. Спорные вопросы Киргизской графики и орфографии. Проф. Е.Д.Поливанов. Санкт-Петербург, 1924.- 8 с.

Байтұрсынұлы А. Емле туралы // ҚР БжҒМ ҒА Хабарлары. 2000, №3.

Күдерина К. Қазақ жазуының теориялық негіздері. Алматы, 2010. – 269б.

1929ж. латын графикасына негізделген қазақ жазуы бойынша:

Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағылымы Алматы, 2012ж.

Күдерина К. Қазақ жазуының теориялық негіздері. Алматы, 2010. – 269б.

1929 ж. 2-4/VI емле-ғылыми конференцияның стенографиялық есебі. Қызылорда, 1930. – 134 б.

Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.

Резолюция I тюркологического съезда о новом латинированном алфавите // Культурное строительство в Казахстане (1918-1933), Алматы, 1965.- 564 с.

I Всесоюзный тюркологический съезд 26/II-5/III-1926. Баку, 1926. –426 с.

Из резолюции общего собрания студентов-казахстанцев г. Москвы по докладу о латинизации казахского алфавита // Культурное строительство в Казахстане. Алма-Ата, 1965-564 с.

Поливанов Е.Д. Проекты латинизации турецких письменностей СССР. К тюркологическому съезду II-1926, Ташкент, 1926-16 с.

Стенографический отчет третьего пленума всесоюзного центрального комитета нового тюркского алфавита заседавшего в Казани, от 18-23/XII-1928. Казань, 1928.–227 с.

Стенографический отчет научно-орфографической комиссии составленной 2-4.06. 1929 г. научно-методическим советом НКП и ЦКИКА. Кызылорда, 1930.–482с.

Стенографический отчет IV пленума ВЦКН алфавита пр. в Алматы, ВЦКНА, 1931.– 261 с.

Аманжолұлы С. Жаңа әліппенің кейбір дыбыстарын өзгерту, емле мен терминді дұрыстау туралы // Социалистік Қазақстан. 23.08. 1933.

Жиенбайұлы С. Әліппе мен емленің кейбір мәселелері туралы// Социалистік Қазақстан. 6.04. 1935.

Әліппе мен емледегі жаңалықтар жобасы// Социалистік Қазақстан. 14.06.1934.

Академик Н.Сауранбаевтың еңбектері. I том. Алматы, 2000.-400 б.

Қазақ тілі әліппесінің жаңа емлесінің ережелері // Лениншіл жас 10. 07. 1939.

Хасанова С. Көне түркі және араб-латын жазбалары. Алматы, Респ. басп., 1994– 288 б.

Кирил графикасына негізделген қазақ жазуы бойынша:

Уәлиев Н. Қазақ әліпбиі мен орфографиясының фонологиялық негіздері Алматы, 1993. дисс. қолжазб.

Күдерина К. Қазақ жазуының теориялық негіздері. Алматы, 2010. – 269б.

Аманжолов С. Орыс графикасына негізделген қазақтың жаңа алфавиті мен орфографиясы. Алматы, 1940.–30 б.

Балақаев М. Жаңа әліппе мен емле проектісі туралы // Социалистік Қазақстан. 24. 08. 1939.

Ысқақов А. Жаңа әліппе проект жайындағы кейбір пікірлер жөнінде // Социалистік Қазақстан 3. 08. 1940.

Балақаев М. Орфографияға енетін өзгерістер // Социалистік Қазақстан 5. 10. 1940.

Балақаев М. Біріккен сөздердің емлесі туралы // Социалистік Қазақстан 5. 01. 1940.

Кеңесбаев С. Қазақ тілінің орыс графикасына негізделген жаңа алфавиті мен орфографиясы туралы // Лениншіл жас 31.12. 1940.

Балақаев М. й, й, я, ю әріптерінің қолданылуы // Социалистік Қазақстан. 16. 01. 1941.

Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1941.-123 б. (Құрастырушылар: Аманжолов С., Байшев С., Бұзырбаев Ғ., Кеңесбаев С., Сауранбаев Н.)

Балақаев М. Емледегі кейбір кемшіліктер туралы // Социалистік Қазақстан. 8. 08. 1945.

Балақаев М. Вопросы казахской графики и орфографии // Вестник

АН КазССР. №12. 1951.

Баскаков Н. А. Дискуссия в Казахстане о литературном языке, графике и орфографии // Вопросы языкознания. М., 1952. №4.

Аманжолов С. Қазақ алфавиті мен орфографиясының кейбір мәселелері жөнінде // Социалистік Қазақстан 30. 03. 1957.

Барманқұлов К. ы, і емлесі жайында // Қазақстан мұғалімі. 9. 05. 1953.

Орфография ережелері туралы // Қазақстан мұғалімі. 4. 04. 1953

Аманжолов С. Қазақ тілінің кейбір мәселелері // Социалистік Қазақстан. 13.12.1949.; Жолаев Н. Қазақ тілінің емлесін жақсарту жөнінде кейбір пікірлер // Социалистік Қазақстан. 10. 01. 1950.

Қазақ алфавиті э әрпінің таңбасын өзгерту туралы // Социалистік Қазақстан. 24. 07. 1951.

Балақаев М. Орфографияға енетін өзгерістер // Соц.Қаз. 05.10.1940.

Балақаев М. Вопросы казахской графики и орфографии // Вестник АН КазССР. №2. 1951.

ҚОРЫТЫНДЫ БІЛІМДІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Жазудың маңызы мен бүгінгі күн тұрғысынан қызметі.
2. Жазба тілмен тілдік жүйе арасындағы қатынас. Жазудың негізгі категориялары.
3. Әліпби және әліпбидегі әріп пен фонема қатынасы.
4. Көне түркі жазуының әліпбиі, графикасы, орфографиялық ерекшеліктері, кейбір дыбыстардың таңбалану жүйесі.
5. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының ерекшеліктері, жәдид және қадим жазуының өзара айырмашылықтары.
6. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының әліпбиі мен емле ережесі.
7. Орыс графикасына негізделген қазақ жазуының әліпбиі мен емле ережесі.
8. А.Байтұрсынұлының емле ұстанымы, орфограммалау тәсілдері.
9. Қ.Жұбановтың әліпби, емле туралы тұжырымдамалары.
10. Қазақ емлесіндегі ерін үндестігінің таңбаланбау уәждері.
11. Қазіргі қазақ графикасындағы әріп-фонема-дыбыс қатынасы.
12. Қазақ орфографиясы негізгі ережелері

13. Қазіргі қазақ орфографиясы негізгі принципі.
14. Жазу тілдің жазба жүйесі ме, әлде жазба формасы ма;
15. Жазба тілмен ауызша тілдің өзіне тән ерекшеліктері.
17. Жазба тілмен ауызша тілдің өзара кодталу сатылары.
18. Үндесім заңы мен жазу теориясының қатысы.
19. Жазудың жалпы даму тарихына шолу.
20. Орыс графикасына негізделген қазақ әліпбиінің жобалары (XIXғ.).
21. Төте жазудың графика-орфографиялық ерекшеліктері.
22. Қазақ жазба тілі мен ауызша тілінің айырмашылықтары.
23. 1929-1940жж. Латын графикасымен жазылған мәтіндердің орфографиялық ерекшеліктері.
24. Жазу мен ойлаудың арақатынасы.
25. Қазіргі қазақ әліпбиінің құрамы. Әріп аттары. Әріп реті. Қазақ тіліне тән дыбыстарды таңбалайтын әріптердің тұрпаты мен орналасу реті. Бір фонемаға бір әріп сәйкесетін таңбалар, екі дыбыс тіркесін беретін әріптер, үш дыбыс тіркесін беретін әріптер, кірме сөздерді таңбалау үшін алынған әріптер, дәстүрлі жазу үшін алынған әріптер.
26. Қазақ ауызша тілінің негізгі дыбыстық заңы. Тіл үндестігі. Ерін үндестігі. Тіл үндестігінің дауысты дыбыс әрпі арқылы берілуі. Тіл үндестігінің дауыссыз дыбыс әрпі арқылы берілуі. Тіл үндестігінің дәйекше арқылы берілуі. Артықшылықтары мен олқылықтары. Қазіргі қазақ жазуындағы үндесімнің буын шегінде таңбалану уәждері.
27. Қазақ тіл біліміндегі жазба тіл, тіл формасы, жазба дәстүр ұғымдарының сипаты.
28. Қазақ графикасын ауыстыру мәселесі: ұсыныстар, жоба.
29. Жаңа қазақ әліпбиінің жобалары.
30. Латын графикасына негізделген жаңа әліпбидің негізгі жобасының тілдік және тілдік емес негіздері.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Араб графикалы қазақ жазуының XIX ғасырдың аяғындағы жетілдірілген түрі қайсы?
 - a) қадим
 - b) жадид
 - c) төте
 - d) болған жоқ

2. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар жүйесі араб жазуында (XIXғ.) неше таңбамен берілді?

- a) 9 таңбамен
- b) 3 таңбамен
- c) 5 таңбамен
- d) 12 таңбамен

3. Араб графикалы қазақ жазуында қай әріптер шеттен енген сөздерді таңбалады?

- a) ә, х, һ
- b) в, щ, э
- c) я, ю, ь
- d) х, ф, ч

4. Қазақ тіліндегі <п> фонемасы араб жазуында қандай әріптермен берілді?

- a) парсы әліпбиіндегі п әріпі
- b) араб әліпбиіндегі п әріпі
- c) әріп таңбасы болған жоқ
- d) әріп тіркесімен берілді

5. Араб графикалы қазақ жазуында ч әрпі қалай орфограммаланған?

- a) қатаңмен іргелес келгенде де, дауысты, үндімен іргелес келгенде де таңбалана берген.
- b) ч – дыбыс ретінде де, әріп ретінде де болмаған
- c) барлық позицияда ш әрпімен берілген
- d) дыбысталған, бірақ жазылмаған.

6. Араб графикалы қазақ жазуындағы емлемен жазылған сөзді көрсетіңіз:

- a) барыб, келіб, болыс, мүйіз, тұрғын, ұзынлық, үстінен.
- b) барұб, келүб, болұс, мүйүз, тұрғұн, ұзұнлұқ, үстүнен.
- c) барып, келіп, болис, мүйиз, тұрғин, ұзинлиқ, үстинен.
- d) барып, келіп, болыс, мүйіз, тұрғын, ұзынлық, үстінен.

7. Ильминскийдің кирил графикасымен жасаған қазақ әліпбиіндегі дауысты фонемалардың таңбасын көрсетіңіз

- a) де, йе; ые, ое, уе,
- b) д, й; ы, і; ц; у, я,

c) а, е, ө, ү, ұ, ә, і

d) Ильминский өз әліпбиінде қазақ дыбыстарына әріп арнамаған.

8. А.Байтұрсынұлы әліпбиінің ең басты ерекшелігін көрсетіңіз.

9. 1929 жылғы бекітілген әліпби құрамын көрсет және оны сипаттап беріңіз.

10. 1938 жылы қазақ жазуы қандай таңбалармен толықты?

- a) ч, ц, э
- b) ф, в, х
- c) ь, ь, ю
- d) в, ф, х

11. Мынадай орфограммалар қай жазуда болды: кәміјтет (кәмійтет), тьј (мый) кyресуу (күресуу) кyсејтуv (күшейтүү), таратув (таратүү).

- a) 1929-1938жж. латын жазуында
- b) 1938-1940жж. латын жазуында
- c) 1940-1957 жж. кирил жазуында
- d) болған жоқ

12. Латын графикасына негізделген қазақ жазуындағы кемшіліктерді атап көрсетіңіз.

13. Кирил графикасына негізделген қазақ жазуының алғашқы әліпби жобасы қай жылы жасалды?

- a) 1940ж.
- b) 1941ж.
- c) 1952ж
- d) 1939ж.

14. Кирил графикасына негізделген қазақ жазуының графика-орфографиялық ерекшеліктерін санамалап жазыңыз.

15. Қазақ тіліндегі сөздердің бірге жазылуының формалды және семантикалық белгілері; құрастыруыштар, аффик-

сөйд құрастыруыштар, стандарт құрастыруыштар туралы мысалдарымен түсіндіріп жазыңыз.

16. Араб графикасына негізделген қазақ жазуындағы дауысты фонемалар қалай топтастырылып, таңбаланды?

- a) фонемалардың ашық, қысаң, дифтонг белгілеріне қарап топтастырылды
- b) фонемалардың ашық, қысаң белгілеріне қарап топтастырылды
- c) фонемалардың ашық, қысаң, еріндік белгілеріне қарап топтастырылды
- d) фонемалардың жуан, жіңішке белгілеріне қарап топтастырылды

17. қн, қр, жлм, қрн, яғни ы, і әріптерін “жазбағанда оқуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажет жоқ” деген пікірді айтқан кім?

- a) А.Байтұрсынұлы
- b) Қ.Жұбанов
- c) М.Балақаев
- d) Т.Шонанұлы

18. 1940ж. емлемен жазылған қатарды көрсетіңіз.

- a) асықжілік, ататек, атышулы, атқора, ауажайылу, ауылшаруашылық, бақайқұлық, бейпілауыз, боссөз, біркүні, бірнәрсе, жетіата
- b) асық жілік, ата тек, аты шулы, ат қора, ауа жайылу, ауыл шаруашылық, бақай құлық, бейпіл ауыз, бос сөз, бір күні, бір нәрсе, жеті ата
- c) асық жілік, ата-тек, аты шулы, ат қора, ауа жайылу, ауыл- шаруашылық, бақай-құлық, бейпіл ауыз, бос сөз, бір күні, бір-нәрсе, жеті ата
- d) асық жілік, ататек, аты шулы, атқора, ауа жайылу, ауылшаруашылық, бақай құлық, бейпіл ауыз, боссөз, бір күні, бірнәрсе, жетіата

19. 1940ж. емлемен жазылған қатарды көрсетіңіз.

- a) мұғалім, табиғат, табиғи, хажет, хата, хатер, хауіп, хиял, хиянат, хұдды, хұрмет
- b) мұғалім, табиғат, табиғи, қажет, қата, қатер, хауіп,

хиял, хиянат, хұдды, хұрмет

c) мұғалім, тәбйғат, тәбйғий, хажет, хата, хатер, хаууіп, хыйял, хыйанат, хұды, хұрмет

d) мұғалім, табиғат, табиғи, қажет, қате, қатер, қауіп, қиял, қиянат, құдды, құрмет

20. ы, і әріптеріне қатысты бір буындыда жазып, екі буындыға жазбауды ұсынған ғалым кім, мысалы: біл – блек, қыр – қрау, ыс- стау.

- a) А.Байтұрсынұлы
- b) Қ.Жұбанов
- c) Ильминский
- d) Ы.Алтынсарин

21. Ш. Сарыбаев қ, к әріптеріне байланысты қандай орфограмма ұсынды?

- a) къ, гь арқылы белгілеуді ұсынды.
- b) 4 дыбысты к, г 2 әріппен белгілеп, іргелес дауыстының жуан-жіңішкелігіне орай <қ>, <ғ>, <к>, <г> екенін айыруды ұсынды.
- c) қ, ғ әріптерімен жазуды ұсынды.
- d) бұл туралы пікірі болған жоқ.

22. 1940 жылы қабылданған қазақ әліпби тәртібінде қазақ тілінің төл дыбыстары қалай берілді?

- a) Орыс әліпбиінің соңына тіркеліп, жұмсалы жиілігіне сәйкес, і, қ, н, ғ, у, ө, ә, һ болып орналастырылды
- b) Берілген жоқ.
- c) Қазіргі әліпбидегі тәртіппен берілді.
- d) Орыс әліпбиінің соңына тіркеліп, жуан-жіңішкелігіне сәйкес қ, н, ғ, у, ө, ә, һ, і болып орналастырылды

23. 1940 жылғы орфографияда и әрпі я әрпімен қатар келгенде қалай жазылды?

- a) кірме сөздерде я әрпінің алдынан и (пияла, пияз, зияш), ал қазақ сөздерінде ы жазылды: қыялы, сыяқты, тиянақты.
- b) барлық жағдайда и жазылды.
- c) барлық жағдайда йа, йә болып жазылды.
- d) кірме сөздерде я әрпінің алдынан ы (пыяла, пыяз, зыяш), ал қазақ сөздерінде и жазылды: қиялы, сияқты, тиянақты.

24. 1940ж. емле ережесіне сай жазылған қатарды көрсетіңіз.

- a) *бытра, бытраңқы, жапрақ, жыйлыс, магна*
- b) *бытыра, бытыраңқы, жапырақ, жыйылыс, мағына*
- c) *бтра, бтраңқы, жапұрақ, жйліс, мағұна*
- d) *бытра, бытраңқы, жапрақ, жиылыс, магна*

25. э таңбасы ұ таңбасына ресми түрде ауыстырылған жылды көрсетіңіз.

- a) 1951ж. 15 тамызында
- b) 1940. 15 тамызында
- c) 1941ж. 15 тамызында
- d) 1957ж. 15 тамызында

26. Ұластыруыштар дегеніміз не?

- a) Біріккен сөз сыңарларының бірге жазылуына түрткі болатын, тіркес соңына жалғанатын жұрнақтар.
- b) Біріккен сөз сыңарларының бірге жазылуына түрткі болатын, тіркес соңына жалғанатын қосымша.
- c) Аффиксoidтар
- d) Біріккен сөз сыңарларының бірге жазылуына түрткі болатын, тіркес соңына қосылатын көмекші сөздер.

27. Мына біріккен сөздердің бірге жазылу себебін дено-тат-коннотат теориясы бойынша көрсетіңіз.

Келісап, өнеркәсіп, баспасөз, ақсаусақ

28. Аффиксoid қатарды көрсет.

- a) *гүл, шөп, жапырақ, тікен, тамыр, хат*
- b) *тану, құмар, жай, хана, аралық, жанды*
- c) *қор, кой, паз, кер, пан*
- d) *-лық, -ар, -лар, -ым, -ма*

29. Орыс графикасына негізделген қазақ жазуының 1940 ж. емлесіне сипаттама беріңіз.

30. қн, қр, қрн, жлм, жлтр, қаны, жаны, малы, пшақ деген орфограммалар қай жазуда болды?

- a) төте жазуда

- b) жаид жазуында
- c) 1929ж латын жазуында.
- d) тек ұсыныс ретінде болмаса, ешқандай жазуда болған жоқ.

31. Қызымет, ыру, ірет, ылас, ақірет деген орфограммалар қай жазуда болды?

- a) төте жазуда
- b) 1938ж. реформадан кейін.
- c) 1940ж. орыс жазуын қабылдағанда.
- d) 1963ж. емле сөздігінен кейін.

32. н әрпі қай жылғы жазуда одағайларда ғана жазылды?

- a) төте жазуда
- b) 1929ж латын жазуында
- c) қазіргі қазақ жазуында
- d) ондай ереже болған емес.

33. жыйлыс, құрлыс, бұйрық, ұрлық, топрақ, жапрақ, көкрек, ұйқтау, өкмет, қаблет, гібрат деген орфограммалар қай жазуда болды?

- a) 1940ж. жазуда
- b) қадим жазуында
- c) 1953ж. ережеде
- d) 1929ж. латын жазуында

34. алааяқ, алакөлеңке, антатқан, антұрған, асықжілік, ататек, атсалысу, атиаптырым, атышулы, атқора, ауа-жайылу, ауылиаруашылық деген орфограммалар қай жазуда болды?

- a) 1940ж. емле сөзінде
- b) қадим жазуында
- c) 1953ж. ережеде
- d) 1929ж. латын жазуында

35. 1929ж. латын жазуының ережелері қай қаладағы конференцияда қабылданды?

- a) Баку
- b) Қызылорда.

- c) Орынбор.
- d) Алматы

36. Қазақ тілі орфографиялық сөздіктерінің шыққан жылдары мен жетілу ерекшеліктері туралы айтыңыз.

37. Көне түркі жазуының артықшылықтары қандай болды және әліпбидің кемшін тұстары қайсы?

38. Араб жазуының қазақ жазба тілі үшін қандай маңызы болды? Араб жазуымен жазылған қандай ескерткіштерді білесіз?

39. Төте жазудың қазақтың ұлттық жазуы деп аталатын ерекшелігіне өз ойыңыздан пайымдау жазыңыз.

40. *гана/гәне/гәне, ішкім/ешкім, шіймай/шыймай, шызбай, кервіш /керпіш/кірпіш, бійбастақ/бейбастақ/бійбастақ/бейбастақ, жәнтік/жәндік, шынара/шінара/шін-ара/шін-ара /шінара* деген орфограммалар қай жазуда болды?

- a) 1938ж.
- b) төте жазуда.
- c) 1929ж. латын жазуында
- d) қазіргі жазуда.

41. терминдік мәнге ие болып қалыптасқан атаулар, *аралық, тану, құмар* сыңарымен және *ағаш, бақа, балық, бүлдірген, гүл, жапырақ, жеміс, жидек, қат, құрай, томар, шешек* сынды ортақ денотативтермен келетін сөздердің жазылуы қай емле сөздігінде тұрақталды ?

- a) 2000ж.
- b) 1978ж.
- c) 2007ж.
- d) 1988ж.

42. Тұтынушы санасында бөлек сөз болып табылмайтын күрделі сөздерді бірге жазу керек деген қағижат ең алғаш қай жылы айтылды, және кім айтты?

- a) Т.Шонанұлы
- b) Қ.Жұбанов

- c) А.Байтұрсынұлы
- d) Е.Омаров.

43. Жалпы жазу типтерін көрсет.

44. Идеографиялық жазу қазір қай елдің жазуында басым?

45. Фонемографиялық жазуға қазіргі қай әліпби түрлері жатады?

46. Төте жазуды силлабографиялық жазуға жатқызуға бола ма?

47. Морфемографиялық жазу дегеніміз не?

48. Бейүндес буынды сөздерге 5 мысал келтіріңіз және оның транскрипциясын жазыңыз.

49. 1940ж. орыс графикасына негізделген қазақ әліпбиінің алғашқы жобасын жаз, және қазіргі әліпбиден қандай айырмашылығы болғанын көрсетіңіз.

50. Дұрыс жазылған қатарды көрсетіңіз.

- a) күман, күна, іңга, кіна, шүба.
- b) күмән, күнә, іңгә, кінә, шүбә.
- c) күмөн, күнө, іңге, кінө, шүбе.
- d) күман, күне, іңге, кінө, шүбө

51. Бірге жазуға мүмкіндік беретін құрастыруыш сыңарларды көрсетіңіз.

- a) *аралық, тану, қап, хана, басы, құмар, тану.*
- b) *қой, той, үй, қора*
- c) *ата, ене, әке, хан, би.*
- d) *сұлу, жігіт, ару, сарбаз.*

52. Дұрыс жазылған қатарды көрсетіңіз:

А) қазына, нақұрыс, хазірет, қатынас,меңіреу, саңырау, құрылыс, қазымыр, мақұлық, саңылау, құбыжық,самұрық, жауырын, қайырыл, мәжіліс, ғылыми, жапырақ, шаңырақ, мәлімет, қабылан, мейірім, құдірет, ежірей, түкірік, айырым, қабілет, абырой, төңірек, қайырым, қоңырау, тағылым, сұмырай, мәміле, құбылыс, тақырып, сүмірей, кекірік, құбыла, топырақ, айырыл, жымырай, әзірейіл, бекіре, қазымыр, аңызақ, еңіре, ақырет, қымыран, мағына, дәрігер, қорытынды, әділет, ақырын, атырап, жамыра, жебірейіл, жұдырық, запыран,

кекілік, көкірек, қойылым, қаңыра, қапырық, құмыра, тоқыра.

В) қазна, нақрұс, хазрет, қатнас, меңреу, саңрау, құрлыс, қазмыр, мақлық, саңлау, құбжық, самрық, жаурын, қайрыл, мәжліс, ғылми, жаңрақ, шаңрақ, мәлмет, қаблан, мейрім, құдрет, ежрей, түкрік, айрым, қаблет, аброй, төңрек, қайрым, қоңрау, тағлым, сұмрай, мәмле, құблыс, тақрып, сүмрей, кекрік, құбла, топрақ, айрыл, жымрай, әзрейіл, бекре, қазмыр, аңзақ, еңре, ақрет, қымран, магна, дәргер, қортынды, әдет, ақрын, атран, жамра, жебрейіл, жұдрық, запран, кеклік, көкрек, қойлым, қаңра, қапырық, құмра, тоқра.

53. Суретжазу, ұғымжазу деген атаулар қай терминге сәйкес келеді?

- a) силабография, фонемография
- b) пиктография, логография
- c) морфография, лексемография
- d) ешқандай терминге сәйкес емес.

54. Қазақтың ұлттық жазуы деп қай жазуды айта аламыз?

- a) төте жазуды
- b) 1938ж. реформадан кейінгі қазақ жазуын.
- c) 1940ж. орыс жазуын қабылдағаннан кейінгі жазуды.
- d) қазіргі жазуды.

55. алааяқ, алакөлеңке, антатқан, антұрған, асықжілік, ататек, атсалысу, атиаптырым, атышулы, атқора, ауа-жайылу, ауылиаруашылық деген орфограммалар қай жазуда болды?

- a) 1940ж. емле сөзінде
- b) қадим жазуында
- c) 1953ж. ережеде
- d) 1929ж. латын жазуында

56. 1925ж. араб графикасына негізделген төте жазудың ережелері қай қаладағы конференцияда қабылданды?

- a) Баку
- b) Қызылорда.
- c) Орынбор.

d) Алматы

57. Қазақ тілі негізгі емле ережесінің бекітілген жылы.

- a) 1940.
- b) 1953.
- c) 1929.
- d) 1983.

58. Көне түркі жазуында таңбасы көп дыбыс қайсы?

- a) п, т
- b) б, р
- c) қ, к
- d) ғ, г.

59. Көне түркі жазуындағы бір таңбалы дауыссыз дыбыстардың таңбасы мен транскрипциясын көрсетіңіз.

60. Төте жазудың қазақтың ұлттық жазуы деп аталатын ерекшелігіне өз ойыңнан пайымдау жазыңыз.

61. 1929ж. латын графикасына негізделген жазудың әліпбиін көрсетіңіз, неше фонема неше әріппен таңбаланды?

62. терминдік мәнге ие болып қалыптасқан атаулар, аралық, тану, құмар сыңарымен және ағаш, бақа, балық, бүлдірген, гүл, жапырақ, жеміс, жидек, қат, құрай, томар, шешек сынды ортақ денотативтермен келетін сөздердің жазылуы қай емле сөздігінде тұрақталды ?

- a) 2000ж.
- b) 1978ж.
- c) 2007ж.
- d) 1988ж.

63. Мына сөздердің дұрыс жазылу нормасын көрсетіңіз.

- a) рахмет, дархан
- b) рақмет, дарқан
- c) рахімет, дарқан
- d) раһмет, дарһан
- e) рақымет, дарыхан

64. Мына сөздердің дұрыс жазылу нормасын көрсетіңіз.

- a) құдірет, қабілет, қагілез
- b) құдырет, қабылет, қағылез

- с) құдрет, қаблет, қаглез
- д) құдірет, қабылет, қагілез
- е) құдұрет, қабілет, қағулез

65. 1929ж. емле ережесі бойынша мына терминдердің жазылу нормасын көрсетіңіз.

техника, коммунист, комбайн, партия, трактор

66. 1938ж. емлеге енген өзгерістер қайсы?

- а) әліпбиге f, v, x әріптері енді.
- б) әліпбиге w, q, g әріптері енді.
- с)) әліпбиге I, u, t әріптері енді.
- д) ешқандай өзгеріс енген жоқ.

67. 1933ж латын жазулы емлеге Қ.Жұбанов қандай өзгеріс енгізуді қолайлы деп тапты?

- а) термин сөздерді жазу үшін әріп енгізуді.
- б) төте жазудағы дәйекшені пайдаланып, әріп санын қысқартып жазуды.
- с) ерін үндестігін таңбалауды.
- д) ә әрпін үшінші буынға да жазуды.

68. Бірге жазылатын қатарды көрсетіңіз

- а) ауданаралық, мектепаралық, топбасы
- б) екі қабатты, көп бөлмелі, екі бөлмелі
- с) жуынатын бөлме, кең бөлме
- д) пластик терезе, үлкен үй, киіз үй

68. Қай сөздердің орфограммасы 2000ж. емле сөздігінде өзгертіліп, 2007ж. емле сөздігінде қалпына келтірілді?

- а) көк тияз,қырық қабат
- с) бал қаймақ, таң қурай, сүт сірне
- б) қыркүйек, шекара, көгөніс
- с) тамақ, қауын, бұрыш.

69. Екінші буында жазылуы дүдәмал әріптің емлесін тексеру үшін қандай тәсіл қолдануға болады?

- а) қосымша жалғау арқылы.
- б) дауыстап айтып көру арқылы.
- с) басқа түбірлес сөздердің жазылуына қарау.
- д) әдіс жоқ.

70. Әлемдегі алғаш пайда болған жеті түрін және мерзімін көрсетіңіз.

- 71. Суретжазу дегеніміз не?
- 72. Дыбысжазу дегеніміз не?
- 73. Буынжазу дегеніміз не?
- 74. Сөзжазу дегеніміз не?

75. Екінші буында еріндік дауыстылар айтылатын және жазылатын сөздерге 4 мысал келтіріңіз, және олардың қосыша жалғанған формасының транскрипциясын жазыңыз.

76. Төте жазудың әліпбиін жазыңыз. Және осы графикамен аты-жөніңді жазыңыз.

77. Әріп, дыбыс, фонема, графема терминдеріне анықтама беріңіз.

78. Жазу мен ауызша тілдің арасында қандай айырма бар, сипаттап, мысалмен өз ойыңды жазыңыз.

79. Көне түркі жазуындағы дауысты дыбыстардың таңбасын жаз, неше фонема неше әріп екенін көрсетіңіз.

80. Көне түркі жазуындағы бір фонемаға бір әріп сәйкесетін таңбалар нешеу және олар қандай?

81. Көне түркі жазуы үндестік заңын қай дыбыстардың таңбасын көбейту арқылы шешкен?

82. Жуан және жіңішке дауыссыздардың таңбасын жазыңыз.

83. Көне түркі жазуында дауысты дыбыстардың емлесінде қандай ерекшелік бар?

84. Дыбыстардың инвариант, вариант, вариациясы дегеніміз не?

85. Әліпби, графика, орфография деген терминдердің мағынасы қандай?

86. Жалпы жазу типтерін көрсетіңіз.

87. Идеографиялық жазу дегеніміз не?

88. Фонемографиялық жазу дегеніміз не?

89. Силлабографиялық жазу дегеніміз не?

90. Морфемографиялық жазу дегеніміз не?

91. Суретжазу, ұғымжазу деген атаулар қай терминге сәкес келеді?

- а) силабография, фонемография

- b) пиктография, логография
- c) морфография, лексемография
- d) ешқандай терминге сәйкес емес.

92. Көне түркі жазуындағы бір таңбалы дауыссыз дыбыстардың таңбасы мен транскрипциясын көрсетіңіз.

93. Сөзжазу дегеніміз не?

94. Инвариант, вариант, вариация терминдеріне анықтама беріңіз.

95. Қазақ тілінде қанша фонема, қанша әріп бар?

96. Логограмма қай жазу типінің бірлігі?

97. Консонантты жазу дегеніміз не?

98. Алғашқы жазу қай өлкеде пайда болды?

99. Жазудың типтері нешеу?

100. Суретжазу, ойжазу, буынжазу, дыбысжазу терминдеріне сәйкес келетін халықаралық терминдерді келтіріңіз.

101. Қазақстан жерінен табылған пиктографиялық жазулардың өлкелерін көрсетіңіз.

102. Алғашқы ойжазу үлгілері қай өлкелерде табылды?

103. Қытай логограммасының сақталу себептері қандай?

104. Алғашқы вокалды жазу қай әліпби түрінде?

105. Жазудың қызметін атаңыз.

106. Жазу бірліктерінің ішіндегі семиограф пен прагмографқа түсініктеме беріңіз.

ГЛОССАРИЙ

Графема – жазарманның санасында болатын, фонеманы таңбалайтын, әріптің абстракті бейнесі.

Фонема – тілтұтынушының санасында болатын, әріп арқылы, әріптің жазу түрлері арқылы таңбаланатын, дыбыс арқылы айтылатын дыбыстық тілдің абстракті бірлігі.

Жазба тіл – жазылатын және оқылатын әліпбидегі таңбалар арқылы жарыққа шығатын өзіндік жүйесі мен құрылымы бар, тілдің қатынас формасы.

Ауызша тіл – дыбысталатын және естілетін, өзіндік жүйесі мен құрылымы бар, тілдің қатынас формасы.

Позиция – шеп – дыбыстардың сөйлеу барысында келетін орны.

Басқы, ортаңғы, аяққы позиция – сөздің басында, ортасында және аяғында келетін дыбыстардың айтылатын орны.

Әлді позиция – дыбыстың фонетикалық қоршауға тәуелсіз болатын шебі.

Әлсіз позиция – дыбыстың фонетикалық қоршауға тәуелді болатын шебі.

Тілдік жүйе – кез келген тілдің фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, лексикалық деңгейлері арқылы жарыққа шығатын нормаланған инвариант жүйе.

Инвариант дыбыс (өздік реңк) – фонема, яғни дыбыс арқылы айтылатын, әріп арқылы жазылатын, тілдің парадигмалық жүйесіндегі дыбыстың негізгі реңкі.

Вариант дыбыс (өзгелік реңк) – айтылу кезінде тілдегі басқа фонемаға ұқсап кететін, дыбыстың уақытша түрленімі.

Вариация (бөгде реңк) – айтылу кезінде тілде жоқ, бөгде тілдің дыбысына ұқсап кететін, дыбыстың уақытша түрленімі.

Дыбыс қоры – бір фонеманың өздік, өзгелік, бөгде реңктерінің жиынтығы

Сөз (речь) – тілдің қолданыстағы қалпы

Жазудың негізгі категориялары – жазу теориясының негізгі ұғымдары: әліпби, графика және орфография

Әліпби – белгілі бір жазба тілдегі әріптердің реттелген жиынтығы.

Көне түркі жазуы – V-VIII ғғ. түркі халықтарының руна таңбаларынан тұратын төл жазуы.

Араб графикасына негізделген қазақ жазуы – X-XIX ғғ.

қазақ даласында қолданылған, қазақ жазба тіліне қызмет еткен араб алфавитін пайдаланған қазақ жазуы.

Жәдид жазуы – дауысты дыбыстар арақаттар арқылы емес, таңба арқылы берілген, араб әліпбиіндегі басы артық таңбалар аз қолданылған, демократиялана бастаған қазақ жазба тіліне қызмет еткен араб графикалық қазақ жазуының кейінгі жүйесі.

Қадим жазуы – дауысты дыбыстардың таңбаланбауымен ерекшеленетін араб графикасына негізделген қазақ жазуы.

Латын графикасына негізделген қазақ жазуы – 1929-1940жж. қазақ жазба тілінде қолданылған 29 әріптен тұрған, 1938 ж. өзгертуге ұшыраған латын-қазақ жазуы.

Орыс графикасына негізделген қазақ жазуы – 1940ж. қазірге дейін қолданылатын 42 әріптен тұратын, құрамында цитаталық принциппен жазу үшін алынған орыс алфавиті әріптері мен араб сөздерінде кездесетін дыбысты беретін таңбалары бар жазу.

Емле ұстанымы – кез келген жазба тілдің орфографиясында ұстанатын негізгі принциптері.

Орфограмма – жазу тұрпатының негізгісі.

Ерін үндестігі – сөздің бірыңғай еріндік дыбыстармен айтылуы

Қазақ орфографиясының негізгі ережелері – 1957ж. қабылданған емле ережелерінің жиынтығы

Орфографияның негізгі принципі – сөздердің дұрыс жазылуын жүйелейтін емледегі басты сүйенім, ұстаным.

Үндесім заңы – сөйлегендегі дыбыстардың бірыңғай тіл не ерін үндесімімен айтылуы

Босаралықсыз таңбалану – құрама сөз сыңарлары мағыналарының көмескіленіп, бір бүтін сөзге айналғанын білдіретін емледегі дыбыстық емес таңба, бірге жазылу.

Босаралықпен таңбалану – құрама сөз сыңарлары мағыналарының дербестігін, бүтін сөзге айналмағанын білдіретін емледегі дыбыстық емес таңба, бөлек жазылу.

Қазақ тілі орфографиялық сөздіктері – 1941, 1948, 1963, 1978, 1988, 2001, 2005, 2007, 2013жж жарық көрген емле сөздіктері

Жазу экономиясы – жазудағы таңбаларды үнемдеу құбылысы.

Дыбыстық емес графикалық белгілер – босаралықпен және босаралықсыз, сондай-ақ қосаралықпен жазу.

Бірге жазылатын сөздердің формалды белгілері – сөздердің

бірге жазылатынын білдіретін ұластыруыш қосымшалар мен құрастыруыш сыңарлар.

Ұластыруыштар – күрделі сөз сыңарларын ұластырып, біріктіретін қосымшалар.

Аффиксойдтар – жартылай сөз, жартылай жұрнақ қызметіндегі тұлғалар.

Құрастыруыштар – күрделі сөз құрамында үнемі қайталана келе жалпы мағынаға көшкен тірек компонент.

Қосаралықпен жазылу – қос сөз сыңарларының арасына дефис қойылып жазылуы.

Бас әріп – сөздің жалқы есім екенін, сөйлемнің басталғанын білдіретін, сөзге символдық мағына үстейтін үлкен әріп.

Кіші әріп – сөздің жалпы есім екенін білдіретін әріп.

Дыбыстық жазынан толық игерілген кірме сөз – қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сай «сындырылып», айтылуына қарай жазылған сөз.

Жартылай игерілген кірме сөздер – қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сай жартылай игерілген кірме сөздер.

Бейүндес буынды сөздер – жартылай жуан, жартылай жіңішке айтылған сөз.

Төте жазу – А.Байтұрсынұлының араб әліпбиіне реформа жасаған 24 әріптен тұратын, дәйекше қызметіне жүгінетін әліпбиі.

Халықаралық терминдер – бірнеше халықаралық тілдерде бірдей айтылатын сөздер.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Қазақстан жеріндегі сурет жазулар: тұрпат және мазмұн меже.
2. Таңбалы тастағы суретжазу: түрлері, мазмұны.
3. Қазақ руларының ентанбасы: формасы мен мазмұны.
4. Көне түркі жазулары табылған өлкелер (фотосессия)
5. Төте жазу әліпбиін құрастыру процесі. Әріп графикасының таңдалу уәждері.
6. Қазақ жазба тілі мен ауызша тілінің айырмашылықтары: фонетикалық ерекшелік.
7. Бас әріппен жазылатын сөздердің типтері мен түрлері. Бас әріппен жазылатын сөздердің орфограммасын қалыптандыру тәсілдері.
8. Қазіргі кирил әліпбиі негізінде жасалған қазақ жазуына реформа жасау мүмкіндіктері, қиындығы, жолдары, әліпби жобалары.
9. Төте жазудағы дәйекше, қазіргі графикада пайдалану мүмкіндігі
10. Қазіргі емле сөздігі: жазылуы қиындық тудыратын сөздер, орфограммалау тәсілдері.
11. Көне түркі жазуын үйренудің әдістемесі.
12. Жазу мен дін. Араб (ислам), латын (католик), кирил (христиан) жазуларының қызметі.
13. Қазіргі өзбек жазуы: кемшіліктер мен артықшылықтар
14. Қазіргі әзербайжан жазуы: кемшіліктер мен артықшылықтар
15. Қазақ жазуын латын графикасына көшірудегі проблемалар



ҚОСЫМША

Тас бетіне б.з.б. VIII-VII ғғ. дәуірінде қашалған таңбалар мен нышандар (Д.Дарж, Э.Новоградова. Петроглифы Монголии. УБ., 1975. –127-130, 141, 147-149, 167-169, 175-179, 188-192, 224-229 беттер).






Қ. Сартқожаұлы «Байырғы түрік жазуы: алфавит жүйесі және фонологиясы» докторлық дисс. қолжазбасынан алынды. 2008.

Ежелгі сақ (скиф) Бұғытастардағы елтаңбалар мен тайпа таңбалары

<p>Б.з.б. VIII-V ғасырлар аралығы Елтаңба (герб).</p> <p>В.В. Волков Оленные камни Монголии. УБ., 1981. С.157, 159, 192, 215, 217, 234, 239, 240.</p>	
<p>Тайпа және тайпалық одақ таңбалар</p>	

Қ. Сартқожаұлы «Байырғы түрік жазуы: алфавит жүйесі және фонологиясы» докторлық дисс. қолж., алынды. 2008.

Түрік қағанаттарының дәуіріндегі елтаңбалар (belgy) мен тайпа таңбалары (tuğraх)

<p>1</p>	<p>Тайхар чулуу (Тайхар жаргасы) а) елтаңбалары ә) тайпа таңбалары</p>	
<p>2</p>	<p>Шивээт-Улаан (Қарауыл Қызыл) а) елтаңбалары ә) тайпа таңбалары</p>	
<p>3</p>	<p>Говь-угтал (Дундговь аймағы) а) елтаңбалар ә) тайпа таңбалары</p>	
<p>4</p>	<p>Онгин ұстыны елтаңбалар</p>	